Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘӨЖ: 327(574+560) (043.3) Қолжазба құқығында

**ТҰРАЛИН ЕСЕНҒАЗЫ МҰХАМЕТЖАНҰЛЫ**

# Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы

8D03106 – Аймақтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін арналған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
PhD, доцент Ермекбаев А.А.
Шетелдік ғылыми кеңесшісі:
т.ғ.д., профессор Ахмет Ташагыл
Стамбул, Түркия, Йедитепе университеті

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

**МАЗМҰНЫ**

**КІРІСПЕ ..... 4**
**1 ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОНЦЕПТУАЛДЫҚ ТӘСІЛДЕРІ ..... 22**
1.1 Қазіргі жаһандану жағдайында ықпалдасу үдерісінің даму ерекшеліктері..... 22
1.2 Аймақтық ықпалдасу үдерісінің теориялық тұжырымдамалары..... 41
1.3 Аймақтық интеграциялық (ықпалдасу) бірлестікті құрудың экономикалық-саяси мотивтері..... 58
**2 ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ ..... 77**
2.1 Мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың тарихи алғышарттары, негізгі кезеңдері және ерекшеліктері..... 77
2.2 Жаһандық геосаясаттың өзгеруі жағдайында Түркия мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестік..... 100
2.3 Түркия мен Қазақстан Республикасының Каспий аймағы мен Орталық Азиядағы энергетикалық саясаты..... 112
2.3.1 Түркия мен Қазақстан Республикасы арасындағы экономикалық байланыстар..... 135
2.4.1 Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық..... 156
2.4.2 Денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық..... 164
2.4.3 Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени-гуманитарлық және туризм саласындағы ынтымақтастық..... 168
**3 ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ ..... 181**
3.1 Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығының тарихы, бағыттары ортақ идеялары мен тәжірибесі..... 181
3.2 Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы мәселелерді шешуде қазақ-түрік тандемінің рөлі..... 201
3.3 Қазақ-түрік қарым-қатынасындағы түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығының болашағы: ұсыныстар мен талқылаулар..... 218
**ҚОРЫТЫНДЫ..... 231**
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ ..... 237**
**ҚОСЫМША А –** Диссертациялық зерттеу аясындағы сараптамалық сұхбаттың негізгі мәліметтері ..... 259
**ҚОСЫМША Ә –** Зерттеуге арналған сауалнама сұрақтары ..... 272
**ҚОСЫМША Б –** Сауалнама нәтижелерінің кестелік және диаграммалық түрде бейнеленуі..... 274

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| **ТМҰ (ОТГ)** | Түркітілдес мемлекеттер ұйымы |
| **ОА** | Орталық Азия |
| **КСРО** | Коммунистік Социалистік Республикалар Одағы |
| **АҚШ** | Америка Құрама Штаттары |
| **НАТО** | Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы |
| **ТҮРКСОЙ** | Түркі мәдениетін бірлесіп дамыту жөніндегі халықаралық ұйым |
| **ТүркПА** | Түркітілдес елдер парламенттік ассамблеясы |
| **ССТГ** | Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі |
| **ҰҚШҰ** | Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы |
| **ШЫҰ** | Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы |
| **СЭВ** | Экономикалық Өзара Көмек Кеңесі |
| **ЕО** | ЕвроОдақ |
| **ТМД** | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы |
| **ГУАМ** | Грузия, Украина, Әзірбайжан және Молдованың экономикалық және саяси одағы. |
| **ЕурАзЭҚ** | Еуразиялық экономикалық қоғамдастық |
| **NAFTA** | Солтүстік Американың еркін сауда қауымдастығы |
| **АТЕС** | Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы |
| **АСЕАН** | Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы |
| **ЛАИ** | Латын Америкасының интеграциялық қауымдастығы |
| **ЦАОР** | Орталық Американың ортақ нарығы |
| **ЮАкРк** | Батыс Африка мемлекеттерінің экономикалық қауымдастығы |
| **ЭКО-ВАС** | Оңтүстік Африканың даму және үйлестіру конференциясы |
| **КОР** | Кариб теңізінің ортақ нарығы |
| **НИОКР** | Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар |
| **МБО** | Мақсат пен стратегияны басқару |
| **ЗСТ** | Трансмұхиттық еркін сауда аймақтарынан |
| **ДСҰ** | Дүниежүзілік Сауда Ұйымы |
| **БҰҰ** | Біріккен Ұлттар Ұйымы |
| **ТТІР** | Трансатлантикалық сауда және инвестициялық серіктестік |
| **TAFTA** | Трансатлантикалық еркін сауда аймағы |
| **ТҮРКСАВ** | Түркі әлемі жазушылары мен өнерпаздары қоры |
| **СМТМ** | Түркі әлемі муниципалитеттер одағы |
| **ПАТГ** | Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясын |
| **ТүркПАМ** | Түркітілдес мемлекеттер парламентаралық мәжілісі |

# КІРІСПЕ

**Жалпы сипаттама.** Диссертациялық жұмыс Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастардың қалыптасуы мен ынтымақтастықтың дамуының негізгі кезеңдері талқыланды. Аймақтық, субаймақтық интеграциялық процестердің теориялық және концептуалдық тұжырымдамаларына салыстырмалы талдау жасайды. Қазіргі жаһандану жағдайында интеграцияның даму ерекшеліктерін нақтылай отырып, аймақтық интеграциялық топтамаларды құрудың экономикалық-саяси мотивтерін сараптайды. Тәуелсіз Қазақстан мен Түркия республикасы арасындағы қатынастардың қалыптасуы мен дамуының ынтымақтастықтың негізгі кезеңдері талқыланады. Жаһандық геосаясаттың өзгеруі жағдайында Түркия мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестік, экономикалық байланыстар, Каспий аймағы мен Орталық Азиядағы энергетикалық саясаты талданды. Екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстар, білім, ғылым, мәдениет, туризм және денсаулық сақтау салаларындағы өзара ынтымақтастық жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, түркітілдес елдер арасындағы ынтымақтастықтың ортақ идеялары мен тәжірибесі, осы ынтымақтастық аясында туындайтын мәселелерді шешудегі қазақ-түрік серіктестігінің маңызы талқыланады.

**Тақырыптың өзектілігі**

Қазіргі кезеңде Қазақстан мен Түркияның өзара қарым-қатынасы тек екіжақты деңгейде ғана емес, сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) шеңберінде де жаңа мазмұнға ие болып стратегиялық әріптестіктің үлгісіне айналып отыр. 1990-жылдардан бастап қалыптасқан дәстүрлі серіктестік бүгінде институционалдық негізге сүйеніп, аймақтық интеграцияның стратегиялық векторына айналды. Тәуелсіздік жылдарынан бастап қалыптасқан сенім мен өзара қолдау екі ел байланыстарының тұрақты дамуына жол ашты. Түркия Қазақстанды Орталық Азиядағы негізгі серіктес ретінде қарастырып, саяси, экономикалық, энергетикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық салаларында белсенді саясат жүргізіп келеді. Қазақстан үшін де Түркия сенімді серіктес қана емес, аймақтық тұрақтылық пен жаңа мүмкіндіктердің маңызды кепілі болып табылады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде стратегиялық маңызы бар құбылыс ретінде сипатталады. Бұл диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін бірнеше негізгі факторлар айқындайды:

Біріншіден, екіжақты қатынастардың стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілуі, тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан мен Түркия арасында сенімге негізделген саяси диалог пен көпқырлы ынтымақтастық орнады. Түркия Қазақстанды алғашқылардың бірі болып тәуелсіз мемлекет ретінде танып, дипломатиялық қолдау көрсетті. Бүгінде екі елдің қарым-қатынасы саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық бағыттарды қамтып, стратегиялық серіктестіктің үлгісіне айналды.

Екіншіден, энергетика және көлік-логистика саласындағы өзара ықпалдастықтың артуы, Каспий аймағының энергетикалық ресурстарын игеру және транзиттік дәліздерді дамыту ісінде Түркия Қазақстан үшін Еуропаға шығатын стратегиялық көпір рөлін атқарады. Орта дәліз (Trans-Caspian International Transport Route) жобасы аясындағы ынтымақтастық екі елдің аймақтық және жаһандық деңгейдегі геоэкономикалық маңызын арттырып отыр.

Үшіншіден, Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) шеңберіндегі интеграциялық ықпалдастығы, Қазақстан мен Түркия ұйымның басты қозғаушы күштері ретінде түркі әлемінің институционалдық дамуына ықпал етіп келеді. ТҮРКСОЙ, ТүркПА, Түркі академиясы сынды құрылымдардың негізі Қазақстан бастамасымен қаланған болса, Түркия осы институттардың қызметін ілгерілетуде жетекші орынға ие. 2025 жылғы Будапешт саммитінде қабылданған шешімдер ТМҰ-ның трансөңірлік ықпалдасу жолындағы маңызды қадамына айналып, екі елдің үйлесімді саясатын айқындады.

Төртіншіден, жаһандық геосаяси өзгерістер жағдайындағы маңыздылығы, халықаралық қатынастардағы турбуленттілік, жаңа күш орталықтарының қалыптасуы және аймақтық қауіпсіздік мәселелері түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығын стратегиялық қажеттілікке айналдырып отыр. Қазақстан мен Түркияның үйлесімді қадамдары Орталық Азия мен Таяу Шығыс кеңістігіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге және көпвекторлы саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік беруде.

Бесіншіден, мәдени-гуманитарлық және білім-ғылым саласындағы ықпалдастығы, студенттер алмасуы, ғылыми-білім беру бағдарламалары және ортақ мәдени жобалар қазақ және түрік халықтарының рухани жақындасуын қамтамасыз етіп, түркі бірегейлігін нығайтты. Бұл бағыттағы ынтымақтастық тек гуманитарлық салаға ғана емес, сонымен бірге аймақтық интеграцияның орнығуына да ықпал етуде.

Осы факторлардың барлығы Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықты ғылыми тұрғыдан кешенді зерттеуді қажет етеді. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі екі елдің көпқырлы серіктестігін объективті түрде зерделеп, оның аймақтық және жаһандық деңгейдегі орны мен рөлін анықтауға бағытталуымен айқындалады.

Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, интеграциялық үдерістердің маңызды бағытына айналып отыр. Бұл үдерісте Қазақстан мен Түркия жетекші рөл атқарып, басқа түркі мемлекеттеріне қарағанда бастамашыл әрі белсенді позициясымен ерекшеленеді.

Тарихи тұрғыдан Түркия Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азиядағы тәуелсіздік алған елдерді алғашқылардың бірі болып танып, олардың халықаралық аренадағы орнығуына қолдау көрсетті. Қазақстан да өз кезегінде түркі ынтымақтастығын институционалдық тұрғыда нығайтуда бастамашы болды. Мысалы, ТҮРКСОЙ (1993 ж.), Түркі академиясы (2010 ж.), ТүркПА (2008 ж.), Халықаралық Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры (2012 ж.) сияқты ұйымдардың негізін қалауда Қазақстан жетекші рөл атқарды, ал Түркия олардың

қызметін қолдап, институционалдық дамуын қамтамасыз етті. Бұл фактілер екі мемлекеттің түркі ынтымақтастығының іргетасын қалаған негізгі акторлар екенін дәлелдейді.

Түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың тереңдеуі Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты қарым-қатынастарды нығайтуға тікелей ықпал етті. Мәселен, көлік-логистика саласындағы «Орта дәліз» жобасы тек аймақтық интеграцияны ілгерілетіп қана қоймай, сонымен қатар Қазақстан мен Түркияның экономикалық байланыстарын жаңа деңгейге көтерді. Энергетика, инвестиция және сауда саласындағы ортақ жобалар екіжақты серіктестікті институционалдық тұрғыдан бекітіп, түркі әлеміндегі өзара ықпалдастыққа үлгі болды.

Қазақстан мен Түркияның ынтымақтастығы түркі елдерінің ықпалдасу процесіне де серпін берді. «Түркі әлемінің болашағы – 2040» бағдарламалық құжатының қабылдануы, сондай-ақ 2025 жылғы Будапешт саммитінің нәтижелері түркі ынтымақтастығын жаңа геосаяси деңгейге шығарды. Бұл құжаттар мен саммит шешімдерінің жүзеге асуына Қазақстан мен Түркия шешуші үлес қосты.

Қазіргі жетістіктер екі мемлекеттің бастамаларының нәтижелілігін көрсетеді. Сауда айналымының тұрақты өсуі, бірлескен университеттердің (Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті) қызметі, мәдени-гуманитарлық алмасулар және жастарға бағытталған білім бағдарламалары – Қазақстан мен Түркияның тек екіжақты деңгейде ғана емес, бүкіл түркі әлемінің интеграциялық дамуына ықпал етіп отырғанының нақты дәлелі.

Жаһандық геосаяси турбуленттілік жағдайында түркі мемлекеттерінің өзара ықпалдастығын арттыру стратегиялық қажеттілікке айналды. Бұл бағытта Қазақстан мен Түркияның үйлесімді саясаты ұйымның халықаралық субъект ретінде қалыптасуына мүмкіндік беріп отыр. Осы арқылы екі мемлекеттің ынтымақтастығы тек екіжақты қатынастарға ғана емес, тұтас түркі интеграциясының болашағына да ықпал етуде.

Осы факторлар тақырыптың өзектілігін айқындай отырып, Қазақстан мен Түркияның түркі ынтымақтастығының бастамашылары әрі негізгі қозғаушы күштері екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеуді қажет етеді. Диссертациялық жұмыстың ғылыми маңызы – екі мемлекеттің өзара ынтымақтастығының эволюциясын кешенді талдау арқылы түркі интеграциясының даму заңдылықтарын ашып көрсетуінде.

Халықаралық қатынастар жүйесінде жаһандану, демократияландыру, сондай-ақ күштер теңгерімінің өзгеруі аймақтық әріптестіктердің маңызын арттырып отыр. Әсіресе, дамушы елдердің экономикалық әлеуетінің артуы геоэкономикалық ықпалдың қайта бөлінуіне әкелді. Бұл жағдай посткеңестік кеңістіктегі елдер арасындағы интеграцияға серпін беріп, Түркияның осы аймақтағы белсенділігін арттырды.

Қазақстан мен Түркияның Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) аясындағы өзара іс-қимылы жаңа сапалық деңгейге көтерілуде. Ынтымақтастықтың нақты

механизмдерін құру мен институционалдық негіздерін қалыптастыру екіжақты қатынастарды жүйелі етуге бағытталған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Самарқандтағы ТМҰ саммитінде Түркі әлеміндегі ықпалдастықты нығайтуға Қазақстанның белсенді үлес қосып отырғанын атап өтті. Мысалы, ТҮРКСОЙ, ТүркПА және Түркі академиясы секілді құрылымдардың негізі Қазақстан бастамасымен қаланған. Бұл диссертациялық зерттеу Қазақстанның маңызды сыртқы саяси серіктестерінің бірімен қарым-қатынасының даму тенденцияларын тек бағалауға ғана емес, сонымен қатар осы үрдістер сыртқы саясатты анықтауға мүмкіндік береді. Екі елдің әртүрлі салалардағы ынтымақтастығын объективті түрде ғылыми зерттеу жұмыс өзектілігін арттырады. Қазақ-түрік қарым-қатынастарына қатысты кейбір саяси бағалар мен болжамдар тым саясиландырылған, кейбір фактілер жеткіліксіз негізделеді. Сондықтан 34 жылдық кезеңдегі бұл қатынастардың динамикасын ғылыми тұрғыдан зерттеу теңгерімді бағалауды қалыптастыруға және бұқаралық стереотиптерді жеңуге ықпал ете алады.

«Біз ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және оны жаңа деңгейге көтеруге мүдделіміз. Түркі елдерін біріктіретін ұйымдардың пайда болу тарихы олардың көпшілігі, соның ішінде ТҮРКСОЙ, ТүркПА және Түркі академиясы Қазақстанның бастамасымен құрылғанын көрсетеді. Бұл ұйымдар бауырлас халықтарымыздың мәдени-рухани жақындасуының нағыз жүргізушілеріне айналды. Біз бүкіл әлем қауымдастығына түркі әлеміндегі интеграцияны нығайту бағытында атқарып жатқан жұмыстардың ауқымын көрсетуіміз керек - деді Мемлекет басшысы Қ-Ж. К.Тоқаев Самарқандта өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде. Тоқаев Қазақстан түркі мемлекеттері арасындағы достық пен тату көршілік қарым-қатынастарды нығайтуға және кеңейтуге зор үлес қосып отырғанын мәлімдеді. Соның жарқын мысалы – «Түркі әлемінің болашағы – 2040» бағдарламалық құжаты болып табылады [1]. 2024 жылғы 6 ақпанда Бішкек қаласында өткен түркітілдес мемлекеттердің саммитінде «Түркі өркениетін жаңғырту үшін адам ресурстарын тиімді пайдалану қажет. Дарынды жастардың әлеуетін ашуға мүмкіндік жасау қажет. Ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастық ауқымын кеңейту қажет»-деді [2].

2024 жылы Бішкектегі саммитте білім, ғылым, адам капиталын дамыту мәселелері түркі интеграциясының басым бағыттары ретінде аталды. Бұл бағыттар Түркияның түркітілдес елдермен байланысын тереңдетуге жол ашып отыр.

Қазіргі кезеңде жаһандық геосаяси турбуленттілік, державалар арасындағы шиеленістер және жаңа әлемдік күш орталықтарының қалыптасуы жағдайында түркітілдес мемлекеттердің өзара ынтымақтастығын тереңдету стратегиялық қажеттілік болып табылады. 2025 жылы Венгрияда өткен саммит Түркі елдерінің өңірлік және халықаралық аренадағы орны мен ұстанымын нығайтуға бағытталған маңызды қадам болды. Бейресми саммит ТМҰ-ның ішкі құрылымдық тетіктерінің жетілуі мен ұйымның жаһандық ұйым ретінде қалыптасу үдерісін көрсетеді. Ұйымның еуропалық кеңістікке Венгрия арқылы енуі оның трансөңірлік ықпалын кеңейтуінің белгісі. Бұл жағдай ТМҰ-ны

халықаралық қатынастар жүйесінде ықпалды субъект ретінде қабылдауға негіз болады. Саммиттің Венгрияда өтуі ТМҰ-ның Еуропа Одағымен, оның ішінде Венгриямен қарым-қатынасын тереңдету жолындағы стратегиялық қадам. Бұл оқиға ұйымның «Шығыс-Батыс» көпвекторлы бағыттағы дамуының айғағы. 2025 жылғы Будапешт саммиті қазіргі геосаяси және аймақтық ахуал жағдайында түркі интеграциясының өзектілігін айқын көрсетіп, ТМҰ-ның тарихи миссиясы мен болашақ дамуы тұрғысынан маңызды бетбұрыс сәт болды.

Соңғы онжылдықта Түркия халықаралық қатынастар жүйесінде ықпалды аймақтық держава ретінде таныла бастады. Оның сыртқы саясатында тарихи-мәдени жақындығы бар түркі мемлекеттерімен ынтымақтастық стратегиялық мәнге ие. Орталық Азияда орналасқан төрт түркітілдес елдің болуы түркі факторының маңызын арттыра түсуде. Осы диссертациялық зерттеу Қазақстан мен Түркия арасындағы әріптестіктің эволюциясын ғылыми тұрғыда зерделеп, аймақтық саясаттағы өзара ықпалдастық модельдерін түсінуге жол ашады. Бұл бағыттағы объективті, саясиландырылмаған талдау халықаралық саясаттағы жаңа үрдістерді түсінуге мүмкіндік береді.

**Зерттеудің нысаны**

Түркі мемлекеттері ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы ынтымақтастық мәселелері.

**Зерттеу пәні**

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы ынтымақтастықтың саяси, экономикалық және мәдени аспектісі және түркі елдері арасындағы интеграциялық үдерісті дамытудағы Қазақстан мен Түркияның рөлі.

**Зерттеу мақсаты**

Түркі тілдес мемлекеттер ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың нәтижесін, қазіргі жеткен деңгейін жан-жақты зерделеу. Түркі тілдес елдер арасындағы интеграциялық үдерістің қазіргі даму деңгейін анықтап, оның болашақ даму жағдайына баға беру.

**Зерттеу міндеттері**

1. Аймақтық және субөңірлік интеграциялық үдерістерді теориялық тұрғыда негіздеу мақсатында, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі интеграция феноменіне қатысты негізгі тұжырымдамаларды, ғылыми көзқарастар мен әдіснамалық тәсілдерді жан-жақты талдау; аймақтық және субөңірлік деңгейлердегі интеграциялық процестердің трансформациясын бағалауға арналған ғылыми негіздемелерді анықтау.

2. Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының сыртқы саяси курстарын қалыптастырған ішкі және сыртқы факторларды зерделеу арқылы, олардың идеологиялық және құндылықтық бағдарларын салыстырмалы талдау; екі елдің сыртқы саясатындағы тарихи сабақтастық пен қазіргі таңдағы стратегиялық мүдделерді анықтау.

3. Түркі мемлекеттері арасындағы саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың негіздерін нақтылау және дамыту жолдарын айқындау мақсатында, түркі факторының қазіргі аймақтық саясаттағы орнын және оның

интеграциялық үдерістерге ықпалын жан-жақты сараптап Орталық Азиядағы рөлі мен мәнін ғылыми негізде бағалау.

4. Түркия Республикасының геосаяси стратегиясын зерттеу негізінде, оның Орталық Азия аймағындағы сыртқы саяси ұстанымдары мен ықпал ету тетіктерін анықтау; Батыс пен Шығыс державаларына қатысты Түркияның аймақтық мүдделерін және геосаяси тепе-теңдікке әсер ету құралдарын талдау.

5. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестіктің мазмұнын көпсалалы сипатта зерделеу арқылы, энергетикалық қауіпсіздік, инвестициялық ынтымақтастық, білім беру, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау және туризм салаларындағы өзара әрекеттестік бағыттарын нақтылау; Каспий және Орталық Азия кеңістігіндегі ортақ экономикалық мүдделерді ғылыми тұрғыда саралау.

6. Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы қазақ-түрік ынтымақтастығының институционалдық, идеялық және практикалық негіздерін зерттеу арқылы, интеграциялық құрылымдардағы Қазақстанның бастамашыл рөлін айқындау; түркілік бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін жұмсақ күш құралдарының тиімділігін анықтау және бұл үдерісте қазақ-түрік тандемінің ықпалын ғылыми тұрғыда бағалау.

**Ғылыми зерттеу деңгейі**

Отандық тарихнамада Түркітілдес мемлекеттер ұйымы (ТМҰ) контекстіндегі қазақ-түрік қатынастарына арналған арнайы кешенді зерттеулердің жеткіліксіз екені байқалады. Бар ғылыми еңбектер негізінен түркі мемлекеттері арасындағы өзара іс-қимылды жалпы геосаяси немесе аймақтық қауіпсіздік тұрғысынан қарастырып, жекелеген елдер арасындағы ынтымақтастықтың теориялық және институционалдық аспектілеріне терең талдау жасай бермейді. Нақтырақ айтқанда, Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты қарым-қатынастар көбінесе бөлшектенген күйде, салалық бағыттарда жеке-жеке қарастырылған.

Қолжетімді әдебиеттер мен зерттеулерді талдау барысында екі мемлекет арасындағы саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық өзара әрекеттесудің мазмұны мен құрылымына арналған жүйелі әрі пәнаралық зерттеулердің тапшылығы анықталды. Қазақ-түрік ынтымақтастығы мәселесіне қатысты жанама түрде қарастырылған еңбектер кездескенімен, олардың басым бөлігі халықаралық ұйымдар аясындағы жалпы аймақтық үрдістерге шоғырланған. Сонымен қатар, орыс, қазақ және түрік тілдеріндегі зерттеушілер екіжақты қатынастардың кейбір аспектілеріне, соның ішінде ішкі саяси, экономикалық және мәдени факторларға қызығушылық танытқанымен, бұл зерттеулердің теориялық негізі мен жүйелілігі жеткіліксіз.

Түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың болашағы қазіргі таңда саясаттану мен халықаралық қатынастар ғылымы шеңберінде белсенді түрде талқылануда. Зерттеушілер бұл мәселеге әртүрлі қырынан қарап, өз пікірлері мен ғылыми ұсыныстарын ортаға салуда. Алайда аталған тақырыптарда іргелі зерттеулерден гөрі, ғылыми мақалалар мен сараптамалық шолулар жиірек кездеседі. Бұл өз кезегінде аталмыш салада терең әрі теориялық

негізделген зерттеу жұмыстарының қажеттілігін көрсетеді. Ресейлік зерттеушілердің көпшілігі түркі елдері арасындағы ынтымақтастықты пантюркизм идеясының қазіргі заманғы жаңғыруы ретінде қарастырып, оны геосаяси қауіп немесе ұлттық бірегейлікті қайта қалпына келтіру әрекеті ретінде бағалауға бейім. Бұл көзқарастар көбінесе неғұрлым қауіптенуші және реалистік парадигмада негізделеді. Пантюркизм XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болған, барлық түркі халықтарын тілдік, мәдени және кейбір жағдайларда саяси тұрғыда біріктіру идеясын білдіретін идеологиялық тұжырым. Кеңестік кезеңде бұл идея көбіне саяси қауіпті ағым ретінде сипатталып, оның зерттелуіне тыйым салынған. Ал қазіргі кезеңде пантюркизм ұғымы қайтадан ғылыми және саяси дискурсқа еніп отыр, бірақ оның мазмұны біршама өзгеріске ұшыраған. Қазіргі ғылыми әдебиетте пантюркизм идеясы түркі интеграциясы аясындағы мәдени және тарихи бірлікті нығайту құралы ретінде қарастырылуда. Бұл жерде басты мақсат – біртұтас этносаяси құрылым құру емес, қайта ортақ тілдік, мәдени және экономикалық кеңістікті қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, пантюркизм заманауи түркі интеграциясының идеологиялық негіздерінің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Дегенмен, оны геосаяси экспансия құралы ретінде бағалау ғылыми дәлелденген тұжырымнан гөрі, саяси алаңдаушылықтың көрінісі ретінде қабылданады.

Осы тақырып аясында мамандардың осы жұмысқа ұқсас мәселелерді қозғайтын бірқатар еңбектері, соның ішінде Н.Г. Киреевтің [3], А.А. Гурьевтің [4] Р.С.Тереховтың [5] А.В. Шустовтың [6], В.А. Аватковтың [7] еңбектерін атап өтуге болады. Дегенмен, бұл еңбектерде де түркі факторының өзіне толықтай мән берілмегенін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, түркітану идеологиясына қатысты маңызды ғылыми еңбектерді атап өту қажет. Осы тұрғыда Н.П. Горошкова, И.А. Гилязова және С.М. Червоннойдың [8] коллективтік зерттеуі ерекше назар аударарлық. Бұл жұмыс түркизм мен пантюркизмнің бастапқы түсініктері мен мақсаттарын, олардың интерпретациясындағы парадокстарды, сондай-ақ осы идеологиялардың даму үрдістерін әлемдік тарихнама аясында жүйелі түрде зерттейді. Зерттеу түркітану идеологиясының тарихи контекстін түсінуге және оның қазіргі халықаралық қатынастардағы орнына тереңірек көзқарас ұсынады.

Онда пантюркизмді идеологиялық жүйе, қазіргі қоғамдық ойдың бағыты, саяси-мифологиялық жүйе, тарихи шындық, түркі халықтарының өзара әрекеттестігіне әсер ететін мәдени құбылыс ретінде қарастырылған. Ал Н. Сенюткиннің [9] жұмысында саяси түрікшілдіктің бастаулары мен даму заңдылықтарына назар аударылады. Ф. Мұхамметдинов [10] түрікшілдік идеологиясын саяси қызметтің концептуалды негізі ретінде зерттеген. Ол түркітану идеологиясының идеялар жүйесі ретінде қалыптасуына көңіл бөлген. Пантюркизм бір жағынан, идеялық-мәдени көзқарастар жүйесі болса, екінші жағынан экспансионистік мақсаттарды қамтитын саяси бағдарлама деген көзқарасты В.А. Надеин-Раевскийдің [11] жұмыстарынанда байқаймыз.

Батыс мамандарының ішінде де түркітануды зерттеген ғалымдар бар, олардың қатарына Я Ландау, Б. Келльнер-Хайнкеленің [12] жұмысын жатқызуға

болады. К.У.Хостлер және А.Бенигсен [13] бұл мамандардың жұмыстары ретроспективті талдау аясында ғана қызығушылық тудырады.

Түрік зерттеушілерінің бірі ретінде А. Караның [14] еңбегі Түркия мен жаңадан құрылған түркітілдес мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасу мәселелеріне арналған. Фактологиялық тұрғыдан Б.Оранның [15] үш томдық «Türk Dis Politikasi» еңбегі ғылыми қызығушылық тудырады, себебі автор материалды елеулі субъективті түзетулерсіз беруге ұмтылған.

Түрікшілдік идеологиясының мәнін ашатын А.В. Чесноковтың [16], Р.С. Тереховтың [17], С.А. Васильеваның [18], А.А. Мкртычянның [19], В.А. Аваткованың [20] терең ғылыми зерттеулерінде пантюркизмнің Түркияның сыртқы саясатындағы рөлі, оның аймақтық және ғаламдық қатынастардағы маңызы жан-жақты талданды. Бұл зерттеулерде түрікшілдік идеологиясының бүгінгі халықаралық қатынастарға әсері мен оның саяси, мәдени және экономикалық ықпалы тереңнен қарастырылып, жаңа теориялық тұрғыдан бағаланды.

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың саяси аспектілерін зерттеген А.А. Куртов, Р.М. Мукимжанова, Л.Х. Матюнина, Б.М. Ягудин, К.Ф. Загулин, А.В. Грозин, В.Н. Хлюпин сияқты ресейлік зерттеушілер айтуға болады. А.А. Куртовтың пікірінше Орта Азия мемлекеттердің халықаралық аренаға шығуы Түркияға аймақтық көшбасшы позициясын иеленуге және әлемдегі салмағы мен ықпалын арттыруға тарихи мүмкіндік берді [21]. К.Ф. Затулин, А.В. Грозин және В.Н. Хлюпиннің пайымдауынша, Орталық Азия аймағында саяси және әскери-стратегиялық тұрақтылықтың болмауы түріктердің Орталық Азияға емін еркін кіріп иеленуіне мүмкіндік болып, Түркияның Қазақстанды әскери ынтымақтастыққа тартуда табандылық танытты делінеді [22].

ТМД мен түркі мемлекеттері арасындағы экономикалық ынтымақтастыққа арналған И. Уразованың түрік экспансиясының алғышарттары мен факторларын, сауда-экономикалық қатынастардың негізгі кезеңдерін талдаған жұмыстарын жатқызамыз [23].

Ресей Федерациясы аумағын айналып өтетін «Баку-Тбилиси-Джейхан» бағыты бойынша Каспий мұнайын тасымалдау төңірегіндегі жағдай жандана бастағанда, орыс тарихнамасында осы мәселеге арналған еңбектер пайда бола бастады. Г.И. Старченков құбыр құрылысының мәселелерін талдай отырып, олардың құрылысының бағытын таңдау процесіне АҚШ пен Түркияның араласты деп тоқталды [24]**.** Ал А.Шевяков құрылыс мәселелерін талдауды және Анкараның осы арқылы Орталық Азияның мұнай-газ өнімдері нарығына шығу перспективаларын жалғастырды [25].

Мұкимжанова Р.М. Түркияның Қазақстанға қатысты саясатындағы өзгерістер 1990 жылдардың ортасында Қазақстанның бай энергетикалық ресурстар қорына қол жеткізуге ұмтылуымен байланысты болғанын атап өтті. 1990 жылдардың екінші жартысында болған қазақ-түрік қарым-қатынасындағы салқындық туралы толық айтпайды. Ол кезде Түркияның Қазақстанның «Баку-Тбилиси-Джейхан» жобасына қосылуы мәселесінде Қазақстан басшылығына

ықпал ете алмауының бір себебі болды [26]. И.Заславскийдің еңбегінде «Баку-Тбилиси-Джейхан» жаңа мұнай құбырының ашылуы және осы оқиғаның салдары туралы жазылған. Ол осы бағытты жүзеге асыруда қазақстандық фактордың рөлін, бұл жобаны жүзеге асыруда экономикалық құрамдас бөлікке басты назар аударылып, ал геосаяси факторлар толықтай ескерілмеген[27].

Почта Ю.М. және Гузаервовтың Р.И. жұмыстарында түркі мемлекеттерінің жаңа бірегейлігін қалыптастыру әрекетіндегі Түркияның мүдделері арқылы ортақ түркі әліпбиін құру мәселесі қарастырылады. Түркия түркі мемлекеттерінің әліпбиін латындандыруды белсенділігі талданады. Түркі мемлекеттері ұйымының ТМҰ қайта форматталуымен түркі халықтарының біртұтас әліпбиін талқылаудың күн тәртібіне қайта оралу үрдісі пайда болғаны атап өтілген [28].

Қазақстан мен Түркияның білім саласындағы ынтымақтастығы Ю.А. Ли еңбегінде Қазақстаннан Түркияға ағылған студенттердің динамикасы, Қазақстанда Х.А.Яссауи атындағы Түрік-Қазақ университетін ұйымдастыру мәселесі қарастырылған [29].

Түркияның Қазақстанға қатысты сыртқы саясатының басымдықтары мен мотивтерін талдау үшін Түркиядағы ішкі саяси жағдайға арналған еңбектерге жүгіну тиімді деп есептейміз. Б.М. Ягудиннің Түрік Республикасының саяси дамуын талдай отырып, саяси жүйенің ерекшеліктеріне, армияның ерекше рөліне назар аударған көзқарастары талданды. Васильев А.Д пен Аватковтың В.А. Түркияның саяси партиялар мен армия арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі кезеңдерін, кейбір негізгі белгілер мен функцияларын, Түркиядағы әскерилердің белсенділігі атап көрсетеді [30].

Түркияға қатысты ислам фундаментализмінің рөлін В.Я. Белокреницкий Орталық Азия аймағын Ауғанстан, Иран, Пәкістан және Түркия сияқты дәстүрлі мұсылман мемлекеттерінің ықпалы үшін бәсекелестік призмасы арқылы қарастырды [31].

Жалпы еуразиялық зерттеулерде теориялық маңызы бар, түркітілдес мемлекеттердің өзара тәуелділігі өркениеттік тұрғыдан қарастырылған З.Бжезинскийдің, С.Хантингтонның еңбектерін бөлек атап өту қажет [32]. А.Дәуітоғлының [33] еңбегін де осы жерге жатқызуға болады. Қазіргі уақытта зерттеу мәселесінің ғылыми даму деңгейін жеткілікті деп атауға болмайды, сондықтан бұл бағытта одан әрі зерттеу қажет деп есептейміз.

Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттары мен кешенді мәселелері Н.Ә. Назарбаевтың [34] ҚР Президенті Қ-Ж.К. Тоқаевтың [35] еңбектерінде зерттеушілер үшін өте құнды деректер береді. Қазақстанның Түркия мемлекетімен ресми байланыстары, дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынастары баяндалады.

Отандық сарапшы-ғалымдар М.Т. Лаумулин [36], У.И. Қасенов [37], Ж.У. Ибрашев [38], К.И. Байзақова [39] Ф.Т. Кукеева [40], Д. Сәтпаев [41], Иембекова М.[42], Чукубаев Е., Сұлтанмұратов Н.Н. [43], Ермекбаев А.А [44], Абжаппарова Л.Ж [45] А.Н. Алтайбаева, Телебаев Г [46], Жумадилов А.С.[47], Абиесова Н. [48] еліміздің жаһандық деңгейдегі бастамалары мен халықаралық

аренадағы қызметі, мемлекеттермен саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыс орнатуының негізгі қырлары мен келешегіне, халықаралық қауіпсіздік, геосаясатқа арналған зерттеулерінің түркітілдес мемлекеттер ұйымы аясында Қазақстан мен Түркия қатынастарындағы маңызды процестерді зерттеуге көмек болды. А.Мамажанова мен Б.Ауелбаеваның [49] Ақтау-Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырының саяси рөліне қатысты зерттеулерін айтуға болады.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері 1991 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Түркі мемлекеттері басшыларының бірінші саммиті әлемдік саясатта түркі факторының қалыптасуының алғашқы хронологиялық кезеңі ретінде қабылданды. Ал Түркі мемлекеттері ұйымының соңғы саммиті зерттеуіміздің соңғы кезеңі болып анықталды. Бұл уақыт аралығы түркі мемлекеттерінің халықаралық аренадағы орны мен ықпалының айқын көрінуіне сәйкес келеді.

**Теориялық және әдіснамалық негіздері.**

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде қазіргі халықаралық қатынастар теориялары, соның ішінде неореализм, либералдық институционализм, аймақтық интеграция теориясы, ұжымдық бірегейлік теориясы мен әлеуметтік конструктивизм тұжырымдары алынды. Бұл теориялар Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастың геосаяси, геоэкономикалық, мәдени және өркениеттік факторларын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Неореализм теориясы мемлекеттерді ұлттық мүдде мен қауіпсіздік тұрғысынан қарастырып, халықаралық қатынастарды күштердің тепе-теңдігі және билік ұғымы арқылы түсіндіреді. Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықты Еуразия кеңістігінде геосаяси күштер тепе-теңдігін сақтау құралы ретінде түсіндіруге болады. Әсіресе Түркияның посткеңестік кеңістіктегі ықпалын арттыру стратегиясы мен Қазақстанның көпвекторлы саясаты осы тұрғыдан маңызды.

Бұл теория халықаралық ұйымдар мен институттардың ынтымақтастықты дамытудағы рөлін басты назарға алады. Түркі мемлекеттері ұйымы осы теория тұрғысынан қарастырылатын маңызды құрылым. ТМҰ аясындағы келісімдер, саммиттер, ортақ жобалар мысалы, көлік дәліздері, білім беру, мәдениет салалары либералдық институционализмнің практикалық көріністері. Аймақтық интеграция теориясы неофункционализм, транснационализм бойынша Түркітілдес мемлекеттердің ұйымы мәдени, тарихи, тілдік жақындықтар негізінде қалыптасып, кейін экономикалық, саяси интеграцияға ұласуы мүмкіндігін түсіндіреді. Қазақстан мен Түркия осы интеграциялық процестің басты серпін берушілері. Қазақстан мен Түркия қарым-қатынасы тек прагматикалық әріптестікпен шектелмей, түркі өркениетінің ортақ тарихи және мәдени кодтарына сүйенеді. Бұл тұрғыдан алғанда ұжымдық бірегейлік теориясы мен Самуэль Хантингтонның өркениеттер қақтығысы концепциясы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты талдауға негіз болады. Түркі интеграциясы өркениеттік тұтастық концепциясының бір нұсқасы ретінде де бағалануы мүмкін.

Аталған теория халықаралық қатынастардың табиғатын түсіндіруде материалдық факторлардан гөрі идеялар, нормалар мен мағыналық құрылымдардың рөлін алдыңғы қатарға қояды. Теориялық тұрғыда бұл көзқарас халықаралық қатынастарды күш пен мүддеге негізделген рационалистік парадигманы емес идеялық негіздерді талдауға басымдық береді. Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас ортақ тарихи нарративтер, ұлттық жады және мәдени дискурс арқылы құрылып, бауырлас халықтар бейнесін әлеуметтік шындық ретінде қалыптастыруда. Зерттеудің теориялық негізі жаһандық кеңістікті өркениеттік жүйелердің жиынтығы ретінде қабылдауды болжайтын өркениеттік көзқарас болды.

Ғылымда халықаралық интеграцияға бірыңғай көзқарас жоқ. Интеграцияның әртүрлі аспектілерін зерттеуде айтарлықтай теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық тәжірибе жинақталғанына қарамастан, ғылыми әдебиеттерде бұл ұғымды анықтаудың біртұтас тәсілі жасалмаған. Бұл көбінесе мақсаттары, қызметтері және түрлері бойынша ерекшеленетін интеграциялық процестерді бір сатыға саюға болмайтындығына байланысты. Екінші жағынан, интеграция процесінде мемлекеттер өздерінің бірінші ұлттық мүдделерінен ойлап, әртүрлі мақсаттарды көздейді. Сондықтан бұл мәселенің көп қырлылығы интеграциялық формациялар эволюциясының заңдылықтарын анықтай отырып, интеграциялық процестерге теориялық және әдістемелік зерттеулер сұранысты анықтайды.

**Зерттеу әдістері**

Зерттеудің әдіснамалық негізі халықарлық қатынастар, аймақтану, тарихи, саясаттану және құқықтық зерттеулерге тән әдістерді біріктіретін пәнаралық көзқарас болды. Атап айтқанда Түркітілдес мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы түркілік фактордың көрінісіне байланысты мәселелерді эволюциялық тұрғыдан ашуға мүмкіндік беретін тарихи-генетикалық әдіс қолданылды. Олардың идеялық-құндылық негіздері халықаралық қатынастардың аймақтық ішкі жүйесін тұтас құбылыс ретінде барлық байланыстары мен қатынастарының бірлігінде зерттеуге мүмкіндік беретін жүйелік әдіс басшылыққа алынды. Жүйелік талдау әдісі Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастарды мемлекетаралық, аймақтық және жаһандық деңгейде кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Аймақтағы халықаралық саяси процесті саяси оқиғалар тізбегі ретінде қарастыру барысында, әрбір оқиғаның артында тұратын нақты субъектілердің мүдделері мен көзқарастарын талдауда ивент-анализ әдісі қолданылды. Контент-талдау ресми құжаттар, ұйымдардың декларациялары, меморандумдар мен БАҚ материалдарын талдауда қолданылды. Қол қойылған заңдық маңызы бар және заңды күші бар актілерді идеологиялық және құндылықтық негіздер тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік беретін салыстырмалы әдіс негізгі зерттеу әдісі ретінде қабылданды. Компаративтік әдіс Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықты басқа аймақтық серіктестіктермен салыстырып талдауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы тарихи әдіс екі елдің өзара қарым-қатынасындағы тарихи үдерістерді кезең-кезеңімен сипаттап, сабақтастықты

анықтауға арналған. Саяси дискурс талдауы мемлекет басшылары мен ресми тұлғалардың риторикасы мен стратегиялық ұстанымдарын саралау арқылы қолданылды.

**Ғылыми жаңалағы**

Бұл тақырып бойынша жан-жақты, объективті сараптамалық жұмыстың тапшылығы, Түркия мен Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынастардағы динамикалық өзгерістері соңғы жылдары жоғары қарқынынды дамуына байланысты түркітілдес мемлекеттердің академиялық қоғамдастығы мен Сыртқы істер министрлігі қызметкерлерінің белсенділігі ғылыми-зерттеу деңгейін арттырып отыр.

1. Бұл диссертациялық зерттеу аясында Түркітілдес мемлекеттер ұйымы (ТМҰ) шеңберінде Түркия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық қатынастардың даму тенденциясы алғаш рет жүйелі түрде талданған. Зерттеуде екі елдің сыртқы саяси ұстанымдары тек прагматикалық мүдделер негізінде емес, сонымен қатар идеология, идеялар мен құндылықтар призмасы арқылы да зерделеніп, идеологиялық-құндылық көзқарас тұрғысынан талданды. Бұл ұстаным екі елдің халықаралық қатынастар жүйесіне ықпал ету тетіктерін жаңаша пайымдауға мүмкіндік берді.

2. Түркия мен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестік Түркі мемлекеттері ұйымы аясында талданып экономикалық және көлік-логистикалық байланыстардың артуы сарапталды. ТМҰ шеңберіндегі түркі интеграциясының прагматикалық сипаты нақтыланды. Аймақтық тұрақтылық пен көпжақты серіктестіктің артықшылықтары ғылыми тұрғыда негізделді.

3. Аймақтық және субаймақтық интеграциялық процестердің теориялық-концептуалдық тұжырымдамалары салыстырмалы талдау әдісі арқылы қарастырылып, Орталық Азия кеңістігіндегі түркі мемлекеттері арасындағы ықпалдастық үдерістерінің көрініс беруі мен олардың мазмұны айқындалды. Түркі факторы саяси үдерістің қозғаушы күші ретінде қарастыратын көзқарас негізделді.

4. Түркияның түрлі кезеңдердегі сыртқы саяси курсы мен оның ТМҰ-дағы орны, Орталық Азия елдеріндегі стратегиялық ықпал құралдары талданды. Бұл тұрғыда Түркияның сыртқы саясатында қолданылған идеологиялық және дипломатиялық тетіктердің жұмсақ күш, ақылды күш, имидж, бренд іске асырылу механизмдері мен нәтижелері ғылыми тұрғыдан сараланды.

5. Түркия мен Қазақстан арасындағы экономикалық, мәдени-гуманитарлық, білім, ғылым, туризм және денсаулық сақтау салаларындағы өзара іс-қимылдың мазмұны зерттеліп, екіжақты серіктестіктің институционалдық дамуы мен стратегиялық сипаттары нақтыланды. Бұл бағытта мемлекетаралық келісімдер мен бірлескен бастамалар жаңа эмпирикалық деректер негізінде қарастырылды.

6. ТМҰ аясындағы Қазақстан мен Түркияның қазіргі сыртқы саясатындағы идеологиялық факторлар мен практикалық тетіктерге қатысты кешенді материалдар алғаш рет халықаралық қатынастар ғылымы тұрғысынан өңделді. Бұрын ғылыми айналымда болмаған мұрағат құжаттары,

мемлекетаралық келісімдер мен зерттелмеген авторлық еңбектер диссертациялық жұмысқа дереккөз ретінде енгізіліп, тарихнамалық тұрғыда толықтырылды.

**Диссертацияның дереккөз базасы**

Диссертациялық жұмысты жазу барысында біз орыс, қазақ, түрік және ағылшын тілдерінде ұсынылған көптеген дереккөздерді пайдаландық. Ресми құжаттар мен басқа да маңызды дереккөздер пайдаланылды. Зерттеудің бастапқы базасы бірнеше топқа бөлінеді: 1) құжаттық дереккөздер; 2) саяси процеске қатысушылардың сөздері; 3) түркі факторын саясатта пайдаланудың идеялық-құндылық негіздерін қалаған негізгі ойшылдардың көзқарастарын білдіретін арнайы теориялық әдебиеттер.

Зерттеу нысаны ретінде алынған құжаттардың бірінші тобына түркі мемлекеттері арасындағы өзара ынтымақтастықтың саяси-құқықтық негіздерін айқындайтын ресми актілер жатады. Бұл топқа Түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммиттері [50] мен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі аясында қабылданған қорытынды декларациялар [51], ТҮРКСОЙ ұйымының негізін қалаған Алматы келісімі [52], Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясын құру жөніндегі Ыстамбұл келісімі [53], сондай-ақ Нахчыванда бекітілген, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы келісім [54] енеді.

Аталған құжаттармен қатар, Түркия мен Қазақстанның сыртқы саяси стратегияларының қағидаттары мен институционалдық негіздерін сипаттайтын маңызды нормативтік актілер де қарастырылды. Бұл тұрғыда екі елдің Конституциялары (соңғы түзетулерімен, соның ішінде 2010 жылғы 22 өзгерістермен) [55] ерекше маңызға ие. Бұл ресми құжаттар Түркия мен Қазақстанның сыртқы саяси бағыттарының құқықтық және концептуалдық негіздерін түсінуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, екі мемлекеттің Конституцияларында айқындалған сыртқы саясаттың басты қағидаттары – егемендік, ұлттық мүддені қорғау, бейбітшілік пен өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген халықаралық қатынастарды дамыту – зерттеуде негізгі бағдар ретінде қарастырылды. 2010 жылғы 22 өзгерістер мен толықтырулар бұл құжаттардың заманауи халықаралық жағдайларға бейімделуін және саяси жүйелердің икемділігін көрсетеді.

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі мен Түркия Республикасы Үкіметінің қызметіне қатысты әртүрлі материалдар [56]; Түркиядағы саяси партиялардың бағдарламалары және әсіресе Түрік Республикасының сыртқы саясатын реттейтін негізгі құжат Әділет және даму партиясының бағдарламасы [57].

Дереккөздердің екінші тобы ТМҰ-ның түркітілдес мемлекеттері басшыларының А.Гүл, И.А. Каримов [58], Ш.М. Мирзиёев [59], Н.Ә. Назарбаев [60], Қ-Ж.К Тоқаевтың [61], Р.Т. Ердоғанның [62] сөйлеген сөздері, сұхбаттары мен жазбалары, сондай-ақ мемлекеттік құжаттар құрайды.

Зерттеу барысында үшінші дереккөздер тобына мемлекетаралық келісімдер мен ресми статистикалық мәліметтерді қамтитын құжаттар енгізілді. Аталған топқа, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан

Республикасы арасында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі келісім, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шарт кіреді. Сонымен қатар, осы санатқа Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Түркияның тиісті мемлекеттік органдарының ресми веб-сайттарында, сондай-ақ түркітілдес мемлекеттердің халықаралық ұйымдары мен құрылымдарының ресми ақпараттық ресурстарында жарияланған материалдар мен статистикалық деректер жатады. Бұл мәліметтер зерттеудің эмпирикалық базасын құрап, түркі интеграциясы үдерісін кешенді талдауға мүмкіндік береді.

Дереккөздердің төртінші тобына түркітану идеологиясының негізін салушылар И.Гаспринский [63], Ю.Акчура [64], З.Гөкалп [65] және екінші толқын ойшылдарының негізгі өкілі Х.Н. Атсыз [66] айтамыз.

**Қорғауға ұсынылатын тұжырымдамалар:**

1. Аймақтық және субөңірлік интеграциялық процестердің трансформациясы халықаралық қатынастардың жаңа көпқырлы құрылымын талап етеді. Бұл тұжырымдама қазіргі жаһандық геосаяси өзгерістер жағдайында интеграция теорияларын қайта қараудың қажеттілігін негіздейді. Түркітілдес мемлекеттер ұйымы сынды құрылымдарда аймақтық қатынастардың институционалдық, саяси және мәдени өлшемдері өзара тығыз байланыста дамып келеді. Осы тұрғыдан, аймақтық интеграцияны тек экономикалық мүдде шеңберінде емес, тарихи-мәдени және өркениеттік негізде де қарастырудың өзектілігі дәлелденеді.

2. Түркия мен Қазақстанның сыртқы саясатындағы идеологиялық-құндылық көзқарас қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде жаңа парадигма ретінде қалыптасуда. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, екі елдің сыртқы саяси стратегиясы тек геосаяси мүддеге емес, ортақ тарихи-мәдени құндылықтарға да сүйенеді. Жұмсақ күш, ұлттық бренд сияқты идеологиялық тетіктер арқылы ТМҰ аясында түркілік бірегейлікті нығайтуға бағытталған сыртқы саясат моделі қалыптасуда. Бұл модель – халықаралық қатынастардағы прагматизм мен өркениеттік ынтымақтастықтың тоғысқан нүктесі.

3. Түркі факторын халықаралық саяси процестің ішкі қозғаушы күші ретінде қарастыру трансұлттық ынтымақтастықтың жаңа формаларын негіздеуге мүмкіндік береді. Осы тұжырымдама ТМҰ шеңберінде түркі мемлекеттері арасындағы интеграциялық процестердің тек мемлекетаралық келісімдер деңгейінде емес, ортақ тарихи жады мен мәдени мұра негізінде тереңдей түсу мүмкіндігін көрсетеді. Бұл жағдайда түркі факторы геомәдени контексті ескеретін жаңа аймақтық бірлестіктер мен дипломатиялық форматтар құрудың әлеуетті негізіне айналады.

4. Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық қазіргі кезеңде функционалдық және мәдени-идеялық тетіктердің үйлесімі ретінде сипатталуда. Бұл өзара байланыс екі елдің геосаяси мүдделерін ұштастыра отырып, аймақтағы стратегиялық серіктестік пен дипломатиялық өзара іс-қимылды жаңа сапалық деңгейге көтеріп отыр. ТМҰ шеңберінде жүзеге асып жатқан бастамалар Түркияның Орталық Азия

кеңістігіндегі рөлін айқындай түсіп, тарихи-мәдени жақындықты қазіргі заманғы саяси және экономикалық тетіктермен үйлестіру арқылы өзіндік сыртқы саяси стилін қалыптастыруда. Қазақстан бұл үдерісте негізгі серіктес ретінде танылып, түркі ынтымақтастығының институционалдық дамуына белсенді үлес қосуда.

5. Түркілік бірегейлік пен жұмсақ күш стратегиясының тоғысуы Орталық Азия мемлекеттерінің мәдени-саяси құрылымын трансформациялауда маңызды рөл атқарады. Бұл тұжырымдамада Түркия мен Қазақстанның мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылып жатқан жұмсақ күш саясатының Орталық Азиядағы түркілік бірегейлікті күшейтудегі ықпалы қарастырылады. Түркі академиясы, түркі университеттері, ортақ БАҚ платформалары бұл процестің басты тетіктері ретінде әрекет етуде.

6. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестік қазіргі көпполярлы әлемдегі бейімделмелі және баламалы дипломатия үлгісін қалыптастырады. Бұл тұжырымдама екі елдің геосаяси орналасуы мен сыртқы саяси бағыттарының қиылысуы негізінде олардың өзара іс-қимылын жаһандық, аймақтық және субөңірлік деңгейлерде ұтымды үйлестіре алатынын дәлелдейді. Энергетика, көлік, қауіпсіздік және мәдениет салаларындағы ынтымақтастық форматы көпвекторлы сыртқы саясаттың шынайы көрінісі ретінде ұсынылады.

**Теориялық және практикалық маңыздылығы**

Түркітілдес мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық және мәдени ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талдауда қолдануға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс негізінде Түркия Республикасының интеграциялық саясаттағы тәжірибесін саралау арқылы Қазақстан Республикасының ТМҰ аясындағы сыртқы саяси бағыттарының қалыптасу үдерісін ғылыми тұрғыдан бағалау мен болжауға көмектесетін сараптамалық материалдар дайындауға болады. Бұл зерттеу ТМҰ-ға мүше мемлекеттердің өзара қатынасындағы идеологиялық, құндылықтық және мәдени ықпалдастықтың нақты механизмдерін анықтау арқылы аймақтық дипломатияны жүзеге асырудың тиімді құралдарын көрсетуге негіз болады. Түркияның жұмсақ күш секілді сыртқы саяси доктриналарын тәжірибе жүзінде қолдануының нәтижелерін талдау Қазақстанның сыртқы саясатында түркілік интеграция элементтерін бейімдеуде практикалық бағдарлама мен ұсынымдар әзірлеуге септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері сыртқы саясатты жүргізуші мемлекеттік құрылымдарға, халықаралық ұйымдармен жұмыс істейтін сарапшылар мен дипломаттарға, сондай-ақ түркі ынтымақтастығы мәселелеріне маманданған ғылыми-зерттеу орталықтары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған қолданбалы әдістемелік құрал бола алады. Түркітілдес мемлекеттер арасындағы мәдени-гуманитарлық, білім, ғылым және туризм салаларындағы ынтымақтастықты дамыту жолдарын көрсету арқылы аймақтық тұрақтылық пен интеграциялық әлеуетті нығайтуға нақты үлес қосады.

**Зерттеу нәтижелері**

1. Аймақтық интеграциялық процестерді зерттеудің авторлық әдіснамасы ұсынылды. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық құрылымдары мен субаймақтық интеграциялық үдерістерді талдауда әлеуметтік,

институционалдық және модельдік тәсілдерді тоғыстыратын жаңа авторлық әдіснама әзірленіп, бұл әдіс қазіргі халықаралық қатынастар теориясының парадигмалық кеңістігін кеңейтуге үлес қосты.

2. Идеологиялық-құндылық көзқарас тұжырымдамасы Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы саясатты талдауда құндылықтық дипломатия мен идеологиялық бағдарларды айқындайтын жаңа аналитикалық құрал ретінде нақтыланып, осы тұрғыдан екі елдің сыртқы саясатына кешенді салыстырмалы талдау жасалды.

3. Түркияның жұмсақ күш саясатының трансформациясы айқындалды. Түркияның посткеңестік кеңістіктегі сыртқы саяси доктриналарының мазмұны саяси құралдар жиынтығы ретінде талданып, олардың түркі интеграциясына әсер ету тетіктері мен саяси ықпалы ғылыми тұрғыдан жүйеленді.

4. ТМҰ аясындағы қазақ-түрік серіктестігінің даму кезеңдері сараланды. Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық, экономикалық, мәдени қатынастардың эволюциясы кезең-кезеңімен жіктеліп, ТМҰ шеңберіндегі стратегиялық серіктестіктің институционалдық негіздері мен идеологиялық мазмұны нақты ғылыми өлшемдермен сипатталды.

5. Түркілік бірегейліктің қалыптасуына ықпал ететін факторлар айқындалды. ТМҰ мүше елдердің ұлттық мүдделері мен тарихи-мәдени құндылықтары негізінде ортақ түркілік бірегейліктің құрылу процесі зерттеліп, бұл үрдіске жұмсақ күш, білім беру, мәдениет, туризм және ақпараттық саясат құралдары арқылы әсер етудің деңгейі бағаланды.

6. Геосаяси өзгерістер аясында Түркия мен Қазақстанның стратегиялық серіктестігінің мазмұны жаңаша пайымдалды. Аймақтық өзгерістер жағдайында стратегиялық серіктестіктің өзектілігі мен әлеуеті қайта бағамдалды. Жаһандық күш орталықтарының өзгеруіне байланысты Түркия мен Қазақстан арасындағы энергетикалық, сауда-экономикалық және көлік-коммуникациялық әріптестіктің жаңа форматтары сарапталып, олардың Орталық Азия аймағындағы ықпалы мен тұрақтылыққа қосатын үлесі ғылыми негізде тұжырымдалды.

**Зерттеу нәтижелерінің апробациядан өтуі**

1. History of Regional, Social and Political Relations between Kazakhstan and Turkey (1991–2020). Scopus мәліметтер базасында Revista Iberoamericana de Viticultura, Agroindustria y Ruralidad, ISSN: 0719-4994, Vol. 10, No. 29, May, 2023, ORCID: 10.35588/rivar.v10i29.5824, DOI: http://dx.doi.org/ 10.35588/rivar. v10i29.5824 P. 1–12 Әлеуметтік ғылымдар бойынша Q2, процентилі – 71,

2. Қазақстанның Түркиямен мәдени қарым- қатынасының алғашқы кезеңдегі табысты қадамдары (1991- 2000 жылдар аралығы). Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы: «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №4(75), 2022 ж., Б. 329–340, ISSN 1728-5461, DOI: 10.51889/2072.2022.84.38.03

3. Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда- экономикалық қатынастар: келешегі мен қиындықтары. ҚазҰУ Хабаршысы журналы: Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы / Халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері: елтану көзқарасы негізінде, Том 103, №3 (2023 ж.), Б. 15–23, DOI: https://doi.org/10.26577/IRILJ.2023.v103.i3.02

4. Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарды дамытудағы түркі фактордың рөлі. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы: «Халықаралық қатынастар және аймақтану» сериясы, 3(53), 2023 ж., Б. 42–54, DOI: https://doi.org/10.48371/ISMO.2023.53.3.004

5. Түркі қатынастарын нығайту факторы ретінде Қазақстан мен Түркияның тіл саясаты. ҚазҰУ Хабаршысы журналы: Шығыстану сериясы, №4(107), 2023 ж., Б. 32–40, DOI: https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.04

6. Түркі мемлекеттер ұйымының (ТМҰ) қалыптасуындағы Қазақстан мен Түркияның рөлі. Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы: «Халықаралық қатынастар және аймақтану» сериясы, 58(4), 2024 ж., Б. 194–218, DOI: https://doi.org/10.48371/ISMO.2024.58.4.012

7. Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың басты бағыттары мен келешегі. «Жаһандық ғылым және инновация 2021: Орталық Азия», №1(12), «Саясаттану» сериясы, Нұр-Сұлтан, желтоқсан 2021 ж., Б. 3–7 Қазақстан Республикасындағы ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында 5 мақала жарияланған;

8. Түркия және Орталық Азия мемлекеттері арасындағы әріптестік байланыстар. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Тарих және құқық институтының Әлем тарихы кафедрасы: «Қазақстан және Қытай: екі ел арасындағы қоғамдық қатынастарының тарихи аспектілері» тақырыбындағы халықаралық онлайн конференцияның материалдар жинағы, Алматы, 26 ақпан 2021 ж., Б. 115–119

9. Түркия мен Қазақстан арасындағы саяси байланыстар. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Тарих және құқық институтының Әлем тарихы кафедрасы: «Қазіргі тарих ғылымы: өлкетану, аймақтық және локальді тарих мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы, Алматы, 24 қараша 2021 ж., Б. 221–224

10. Егемендіктің алғашқы жылдардағы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы серіктестік қарым -қатынастар. «Science and education in the modern world: challenges of the xxi century» атты VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы, Нұр-Сұлтан, 2021 ж., Б. 19–22

11. Қазақстан мен Түркия республикасы арасындағы мәдениет саласындағы ытымақтастық. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Тарих және құқық институтының Әлем тарихы кафедрасы: «Түркі әлемінің мәдени мұрасы – руханилықтың кәусар бұлағы» тақырыбындағы халықаралық онлайн конференция материалдарының жинағы, Алматы, 11 сәуір 2022 ж., Б. 26–31

12. Қазіргі кезеңдегі қазақ -түрік ынтымақтастығы: өзекті мәселелері мен басым бағыттары. Едитепе университеті Тарих бөлімі (Түркия), Тарих және құқық институты Әлем тарихы кафедрасы: «Түркі халықтарының тарихы мен шығу тегі» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция материалдары, 11 сәуір 2023 ж., Алматы–Ыстамбұл, Б. 97–100

Жұмыстың құрылымы таңдалған тақырыпты зерттеудің жалпы логикасына бағынады және алға қойылған міндеттерді дәйекті шешуге бағытталған.

Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

# 1 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ: ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

## 1.1 Қазіргі жаһандану жағдайында ықпалдасу үдерісінің даму ерекшеліктері

Бұл параграфта аймақтық интеграция саласын зерттеп жүрген мамандардың халықаралық қауымдастығы ұсынған аймақшылдық теорияларының кейбір аспектілеріне талдау жүргіземіз. Қазіргі аймақшылдық құбылысты зерттеу саласы ретінде қарастырып аймақтық сараптамалық негіздер қарастырылады. Посткеңестік және орталық азиялық аймақшылдықты Түркітілдес мемлекеттердің ұйымында болып жатқан саяси процестерді толыққанды түсінікті болуы үшін қолданылды. Орталық Азияның аймақтық интеграциясы туралы пікірталастардан Түркітілдес мемлекеттердің ұйымы ТМҰ интеграция туралы пікірталастарға көшу керектігін жақтайтын бірнеше дәлелдер келтіреміз.

Саяси дискурста Орталық Азия аймағын шетелдік сарапшылар болашағы тұманды, бірлігі жоқ және жойқын аймақ ретінде көрген. Өз уақытында американдық саясаттанушы Сэмюэл Хантингтон Орталық Азияны тұрақсыздық қаупі жоғары, әлеуетті жарылыс ошағы ретінде сипаттаса, Збигнев Бжезинский Ферғана өңірін Еуразия кеңістігіндегі этникалық шиеленістердің тоғысқан нүктесі деп бағалаған. Дегенмен, аймақтағы тәуелсіз мелекеттердің отыз жылдан аса тәжірибесі мұндай пікірталастың сәйкессіздігі мен жасандылығын дәлелдеді. Идеологиялық тұғырдың болмауы, күрделі ішкі саяси ахуал, 1990 жылдардағы терең экономикалық дағдарыс, 2000-жылдардағы саяси тұрақсыздық кезеңі, сондай-ақ ұзаққа созылған трансшекаралық мәселелер мен өзге де тарихи сынақтарға қарамастан, Орталық Азия мемлекеттері даму үдерісін тоқтатпай, мемлекеттік егемендігін сақтап қалуға және ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға қабілетті болды.

Орталық Азияның біртұтастығына қатысты пессимизм оның әлсіз аймақтануында да болуы мүмкін. Сайып келгенде, басқа өңірлермен салыстырғанда мұнда аймақтық ұйымдар аз. Сумен жабдықтау, энергетика, көлік, сауда және даму траекториялары сияқты ынтымақтастықтың негізгі мәселелерінің трансшекаралық сипатына қарамастан, Орталық Азия елдерінде интеграциялану үрдісі басқа интеграциялық ұйымдар мен одақтарға қарағанда әлсіз. Осыған байланысты аймақ халықаралық саяси дискурста «буферлік аймақ» немесе әлемдік алпауыт державалардың үлкен геосаяси ойынының құрбаны ретінде жиі суреттелді. Дегенмен бұл уақытша құбылыс деп ойлаймыз, себебі саяси аймақтық диалог жалғасуда. Ұзақ уақыт бойы мемлекетаралық өзара іс-қимылдың негізгі нысаны герметикалық екіжақты қатынастар болды. Әрбір мемлекет тәуелсіздікке, халықаралық мойындауға, жаһандық әлеммен қарым-қатынасын өзінше құруға ұмтылды. Геосаяси макроформацияларға назар аудару көбінесе аймақтық ынтымақтастық мәселелерін екінші жоспарға ығыстырды. Бірақ соңғы жылдары Орталық Азия мемлекеттері басшыларының саммиттерінің басталуымен аймақтандыру үдерісі жаңа деңгейге көтерілді.

Бұған геосаяси турбуленттілік жағдайлар, халықаралық аренадағы шиеленіс және жаһандық қауіпсіздік тәуекелдері маңызды рөл атқарды. Бұл факторлар мемлекеттердің саяси элитасы арасында аймақтық ойлау мен көзқарастың дамуын жеделдетуге объективті әсер етеді. Сыртқы декларативті серпінді интеграциялық келісімдердің жоқтығына қарамастан, Орталық Азия елдері президенттерінің консультативтік кездесулері оппортунистік қатынастарды еңсеру, интеграцияны болжайтын аймақтық жақындасудың эволюциялық кезеңіне қадам басты.

Орталық Азия мемлекеттерінің өзара ықпалдасуы үшін тарихи қалыптасқан және табиғи алғышарттар бар. Географиялық орналасуы мен көпғасырлық өзара байланыс тәжірибесі, әлеуметтік-мәдени, экономикалық және саяси ерекшеліктерге қарамастан, аймақ елдерін біріктіретін факторлар жеткілікті. Бұл – Орталық Азияның тұтастығы туралы күмәнді көзқарастарға қарсы тұратын салмақты дәлел. Интеграциялық үдерістердің басты негіздері ретінде, біріншіден, табиғи ресурстарды (су, жайылым, пайдалы қазбалар, сауда жолдары және т.б.) бірлесіп пайдалану қажеттілігін атауға болады. Екіншіден, түркі халықтарының тарихи бірігуі нәтижесінде аймақта пайда болған ортағасырлық ғылыми және мәдени орталықтар – Сарай-Берке, Самарқанд, Бұқара, Түркістан және т.б. ортақ өркениеттік мұраны көрсетеді. Бұл кезеңде билеуші элиталар жоғары білім деңгейімен ерекшеленгені тарихи деректерден көрінеді.

Үшіншіден, түркі тілдес халықтардың (қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен) лингвистикалық жақындығы, тілдік өзара түсіністікті жеңілдетіп, аудармашысыз қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бұл тілдік тұтастық көркем әдебиет пен мәдени мұрадағы ортақтастықтан да байқалады. Тәжік әдебиеті де түркі әлемімен тығыз байланыста дамып, ортақ ізденістермен бөлісті. Мәселен, «Алпамыс» жыры қазақ, қарақалпақ, тәжік, башқұрт, татар халықтарына ортақ. «Ләйлі мен Мәжнүн» сюжеті Науаи, Жәми, Андалиб шығармашылығында көрініс тапты. Қос тілді әдеби дәстүр ұзақ уақыт бойы сақталып, Айни секілді қаламгерлердің шығармаларында жалғасын тапты. Бұрынғы мәдени бірлікке қайта жету – екі жақтан да үлкен күш-жігерді талап етеді.

Төртіншіден, аймақ халықтарының барлығына ортақ дін – Ислам – материалдық және рухани мәдениеттің, тұрмыс салты мен архитектуралық стильдің бірегей белгілерін қалыптастырды. Бесіншіден, қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайында аймақтық қауіпсіздік мәселесі Орталық Азия үшін ерекше маңызға ие бола түсті. Халықаралық тәртіптің трансформациялануы бұл өңірді сыртқы акторлар тарапынан жоғары назарға іліктіріп отыр. Соңғы жылдары Орталық Азия мемлекеттерінің өзара жақындасуы әртүрлі интеграциялық бастамалардың белсенділігімен қатар жүріп келеді. Соның ішінде Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) орны айрықша.

2022 жылғы 11 қарашада Самарқанд қаласында өткен мемлекет басшыларының тоғызыншы саммиті түркі интеграциясының жаңа кезеңін айқындады. Бұл саммит «Ортақ өркендеу мен прогресс жолындағы түркі өркениетінің жаңа дәуірі» деген тақырыппен өтті. Түркітілдес елдер арасындағы

ынтымақтастықтың күшеюі соңғы жылдары интеграциялық үдерістердің нақты серпінге ие болғанын көрсетті. Бұл үдерістер басқа аймақтық құрылымдармен салыстырғанда қарқыны мен практикалық тиімділігі арқылы ерекшеленуде. Сонымен қатар, Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық геосаяси кеңістіктегі беделі де айтарлықтай артты. Түркі әлемінің дамуы аясында Орталық Азия аймағындағы елдердің жақындасуы жаһандық интеграциялық үрдістерге тиімді түрде ықпалдаса алады. Өңірде болашақ интеграция үшін іргелі алғышарттар бар, елдер арасындағы ынтымақтастықтың экзистенциалды негізі бар. Орталық Азия минералдық және су ресурстарына өте бай аймақ ретінде көптеген сыртқы күш орталықтары үшін геосаяси қызығушылық тудырады. ТМҰ аймақтық ынтымақтастықты сапалы дамытуда және ұлттық және халықаралық мүдделерге негізделген аймақтық қауіпсіздік архитектурасын құруда сындарлы пайдаланылуы тиіс.

Енді келесі талдауымыз әлемдегі халықаралық және аймақтық интеграциялардың үлгілерін халықаралық қатынастар теориясында қалыптасқан бірнеше концептуалды мектептердің ұстанымдарымен сараптамадан өткіземіз. Халықаралық интеграция қазіргі әлемнің ең кең тараған қайшылықты құбылыстарының бірі. Тарихи өлшемдер бойынша салыстырмалы түрде ол әртүрлі мемлекеттердің экономикалық-саяси тұрғыдан өзара байланысы мен өзара тәуелділігінде болып табылады. Интеграция құбылысын зерттеу әртүрлі гуманитарлық пәндер саясаттану, әлеуметтану, экономика, халықаралық қатынастар және басқа ғылымдардың тоғысысуында жатыр.

Әдістеме зерттеудің дүниетанымдық принциптер арқылы таным процесіне, тәжірибеге қолдануға мүмкіндік беретін философиялық ілім ретінде түсініледі. Әдістер дүниені философиялық түсінудің аспектісі ретінде таным әдістерін сыни тұрғыдан зерттеу тұрғысынанда өрбітеді. Ғылымда халықаралық интеграцияға бірыңғай көзқарас жоқ. Интеграцияның әртүрлі аспектілерін зерттеуде айтарлықтай теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық тәжірибе жинақталғанына қарамастан, ғылыми әдебиеттерде бұл ұғымды анықтаудың біртұтас тәсілі жасалмаған. Бұл көбінесе мақсаттары, қызметтері және түрлері бойынша ерекшеленетін интеграциялық процестерді бір бөлгішке саюға болмайтындығына байланысты. Екінші жағынан, интеграция процесінде мемлекеттер өздерінің бірінші ұлттық мүдделерінен ойлап, әртүрлі мақсаттарды көздейді. Сондықтан бұл мәселенің көп қырлылығы интеграциялық формациялар эволюциясының заңдылықтарын анықтай отырып, интеграциялық процестерге теориялық және әдістемелік зерттеулерге қатысты сұранысты анықтайды. «Интеграция» термині (латын тілінен integratio – қалпына келтіру, толықтыру, бүтін – бүтін) жүйенің жекелеген сараланған бөліктері мен функцияларының біртұтас тұтастыққа қосылу күйін, сондай-ақ осындай күйге әкелетін процесті білдіреді [67].

Саясаттану сөздігінде интеграция кез келген бөліктерді бір бүтінге біріктіру нәтижесі ретінде қарастырылады; саяси интеграция әртүрлі мемлекеттер мен басқа да саяси күштердің бірігуіне, олардың қызметін үйлестіруге және жақындастыруға әкелетін процесс; мемлекетаралық

интеграция биліктің ұлтүстілік нысандарының қалыптасуымен және оларға егемендіктің бір бөлігін берумен байланысты [68]. «Интеграция» терминін батыс саясаткерлері 1948 жылғы Американың Маршалл жоспары туралы заңынан алған, оның 102-бабында жоспардың негізгі мақсаттарының бірі «Еуропаның интеграциясы» деп көрсетілген. Интеграция идеясы алдымен Батыс Еуропа федерациясын құрудың тікелей міндеті, кейін Еуропалық қауымдастықтар құрылғаннан кейін ұлтүсті органдардың көмегімен мемлекеттерді біріктіру процесі ретінде түсіндірілді.

XX ғасырдың 60-жылдарының аяғында социалистік интеграция термині Экономикалық Өзара Көмек Кеңесіне (СЭВ) мүше елдер ғалымдарының еңбектерінде осы ұйым аясындағы бірігу процесіне қатысты қолданылды. Интеграцияның жергілікті және ұйымдық жағынан шектелген екі түрі осылайша қалыптасты: бірі, Еуропалық қауымдастықтар ішіндегі капиталистік, екіншісі, Экономикалық Өзара Көмек Кеңесіне (СЭВ) мүше елдер ішіндегі социалистік интеграция. Халықаралық интеграцияның теориясы мен тәжірибесі әлеуметтік интеграцияның үш негізгі моделін функционализм, федерализм, трансұлттық (плюралистік үлгі) ұсынады.

Функционалистік бағыттың өкілдері, оның ішінде Д.Митрани, Э.Хасс, Л.Линдберг, Дж.Тинберген және басқалар, мемлекеттік биліктің саяси институттарының бірігуін жеке тұлғалар, әлеуметтік топтар мен мемлекеттердің экономикалық мүдделерінің өзара жақындасуынан туындайтын құбылыс ретінде түсіндіреді. Олардың пікірінше, экономикалық интеграция үдерісінде мемлекеттік биліктен аймақтық, кейіннен жаһандық деңгейдегі билікке кезең-кезеңмен ауысу табиғи процесс болып табылады . Нәтижесінде мемлекеттердің егемендігі біртіндеп жойылып бара жатқан дүниежүзілік әлеуметтік-психологиялық қауымдастықтың бір түрі пайда болуы керек. 1958 жылы Тегусигальпада Орталық Америка елдерінің еркін сауда және экономикалық интеграциясы туралы келісімге қол қойылды. 1964 жылы желтоқсанда осы аймақты интеграциялау құралы ретінде Орталық Африканың Кедендік және экономикалық одағы құрылды. 1965 жылы Америка мемлекеттерінің ұйымы Экономикалық және әлеуметтік Декларацияны қабылдады, онда ОАГ-тың негізгі мақсаты Латын Америкасы елдерінің экономикалық және әлеуметтік интеграциясы екенін анықтады. 1967 жылы сол ұйымның Пунта-дель-Эстеде өткен конференциясында 1970-1985 жылдарға арналған экономикалық интеграцияның принциптері қабылданды.

Федералистік теорияның өкілдері Дж.Моне, Р.Шуман, А.Этциони, А.Шпинелли, К.Фридрих және т.б. экономикалық интеграцияны жақтамайды, керісінше централизмнен шарттық түрде бас тарта отырып, мемлекеттердің саяси институттарының жақындасуы арқылы бірігуді жақтайды [69]. К.Дойч Д.Пучальдің трансұлтшылдық мәні біріктіруші идеяны қабылдауы, интеграция субъектілеріне жақындасуы өзін қалай ұстауға қатысты қатаң талаптарды қоймау туралы ұсынысында жатыр. Ең бастысы, К.Дойч атап өткендей, мемлекеттердің саяси және әлеуметтік-мәдени негізгі мүдделері бір-біріне қайшы келмеу керек, олардың ортақ мүдделердің болжамды болуы шарт [70].

Осылайша, интеграциялық теориялар интеграцияның әртүрлі жолдарын ұсынады. Бірақ сонымен бірге бұл теориялардың ешқайсысы халықаралық интеграцияның мақсаты негізгі әлеуметтік құндылықтарды дамыту, экономикалық өркендеуге қол жеткізу және қауіпсіздікті қамтамасыз ету екенін жоққа шығармайды, өйткені қазіргі жағдайда біртұтас мемлекет бұл басымдықтарды сапалы түрде қамтамасыз етуге объективті түрде қабілетсіз болып отыр. Қазіргі зерттеуші С.Г.Стоякин халықаралық интеграцияның мынадай жүйелік классификациясын ұсынады:

1. Интеграцияның жүзеге асуы мемлекетаралық ынтымақтастықтың түрлі салаларында (экономикалық, саяси, ғылыми-техникалық, әлеуметтік, валюталық, экономикалық, әскери және т.б.);
2. Интеграция процесі қоғамның саяси, экономикалық, рухани салаларда орын алады;
3. Географиялық негізде (субөңірлік, аймақтық, аймақаралық және жаһандық деңгейлерде);
4. Интеграция мемлекетаралық деңгейде заң шығару қызметі арқылы іске асырылады, немесе ұлттық кедергілер жойылады (оң немесе теріс ықпалдастық әсері) [71].

Интеграциялық үдеріс жекелеген елдерді қамтиды, бұл қазіргі әлемнің экономикалық, саяси және басқа да әртүрлілігімен түсіндіріледі. Жалпы интеграциялық ағым шеңберінде тарихи, географиялық, экономикалық, саяси, мәдени, діни және басқа да байланыстар мен мүдделер бойынша неғұрлым тығыз байланысты елдер топтары анықталады. Осындай қауымдастықтардың негізінде аймақтық және субаймақтық интеграциялық мемлекетаралық бірлестіктер пайда болады. Қазіргі уақытта ең сәтті деген интеграциялық жобалар да сәтсіздікке ұшырауда, бұл мемлекетаралық интеграцияға деген көзқарастарды қайта қарастыру және мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын дамыту немесе қолданыстағы тетіктерді жетілдіру қажеттілігін көрсетеді[72].

Интеграциялық процестердің ерекшеліктері өзгерістерге ұшырап жатқан халықаралық құқық құрылымында көрініс табып отыр. Ең анық, интеграциялық үдерістердің заманауи тенденциялары мемлекеттер, халықаралық ұйымдар және басқа да халықаралық құқықтық институттар арасындағы қарым-қатынастың жаңа халықаралық-құқықтық нысандарында көрініс тапты. Олар өздерінің құқықтық мәртебесі бойынша біркелкі емес. Олардың көпшілігі мемлекетаралық үйлестіру типті ұйымдар. Кейбіреулері негізінен мемлекетаралық болып, ұлттан жоғары тұрған биліктерге ие олар ұлттан жоғары тұрған ұйымдар немесе ұлтүсті деп аталады. Екеуі де халықаралық интеграциялық процесті институционализациялаудың әртүрлі нысандары болып табылады .

Интеграцияға қатысты мәселелердің күрделілігі мен жан-жақтылығына қарамастан, қазіргі әлемдегі интеграциялық процестер тұтас біртұтас организмнің белгілеріне ие жаңа тәуелсіз субъектілердің пайда болуына әкеледі деп айта аламыз. Бұл жерде интеграциялық формациялардың құқықтық табиғаты басқа интеграциялық формацияға кіретін мемлекеттердің ұлттық егемендігінің өзгеруі туралы мәселе туындайды. Е.Т.Усенконың ойынша: «Егемендік

мәселесін интеграция мәселесінен бөлу негізсіз» -дейді [74]. Шынында да, XX ғасырда мемлекеттік егемендік ұғымы жаңа мағыналық коннотацияға ие болып, мемлекет егемендігі абсолютті категория болудан қалып, халықаралық ынтымақтастық аясында мемлекеттер өз егемендігін өзара және ерікті негізде шектейтінімен келіспеуге болмайды [75].

«Ұлттан жоғару тұру» немесе ұлтүстілік (наднациональность) туралы көп еңбек жазылды [76]. Тұжырымдамалардың бірі өкілеттіктердің егемендік прерогативтерін беру, мемлекеттің өзгермейтін сапалы меншігі ретінде егемендікке ешқандай теріс қауіп төндірмейді. Мемлекеттің ұлттан жоғары өкілеттіктері берілген ұйымдарға қатысу арқылы олар өздерінің егемендігінің төмендеуіне ұшырамайды, керісінше «территориялық үстемдік шегінен тыс өз әрекеттерінің ауқымын кеңейту құқығына ие болады» [77]. Осыған ұқсас көзқарасты Е.А.Шибаева да ұстана отырып, ұлүстілік мәселесін мүше мемлекеттердің егемендігі мен олар жасаған ішкі ұйымдық механизмнің өкілеттіктерінің арақатынасы туралы деп түсіндіреді[78].

Мемлекеттердің халықаралық ұйымға кіруі олардың егемендік құқықтарының бір бөлігін осы ұйымға ерікті түрде беруді білдіреді. Ю.Н.Малеевтің көзқарасы бойынша ЕО-ға мүше елдер егеменді бола отырып, бірлескен егемендікке де ие болып отыр. Аймақ елдерінің әлеуметтік дамуындағы экономикалық, саяси, мәдени, әскери, тарихи және идеологиялық бірқатар біртекті факторлардың құрамдас бөлігі ретінде туындайтын бұл құбылысты белгілеу үшін «қауымдастық» терминін қолдануға болатын сияқты»[80]. Жоғарыда айтылғандардан қазіргі заманғы зерттеулер пәнаралық көзқарасқа ғана емес, сонымен қатар пәнаралық әдіске де негізделуі керек деген қорытынды жасауға болады. Интеграцияны, оның ішінде «егемендік», «ұлтүстілік» сияқты категорияларды зерттеу халықаралық қатынастар теориясынан әдістемелік тәсілдерді қолдануды анықтайды.

Әлемдік қоғамдық дамудың қазіргі кезеңі аймақтық интеграцияның белсенділігін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда дамыған және дамушы елдердің көпшілігі аймақтық бірлестіктердің мүшелері болып табылады. Интеграциялық процестердің теориялық және әдіснамалық аспектілерін талдау олардың қазіргі заманның шындықтарына сәйкестігін зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі кезеңдегі экономикалық және саяси интеграциялық топтың ең жарқын үлгісі ынтымақтастықтың барлық дерлік салаларында интеграциялық үдерістердің даму дәрежесі бойынша әлемде теңдесі жоқ Еуропалық Одақ болып табылады. Еуропалық Одақ бір аймақтық интеграциялық топтастыру шеңберінде әртүрлі мүше елдердің интеграцияның әртүрлі нысандарын пайдалануды көздейтін интеграция моделін жүзеге асыруда. Концентрлік шеңберлерді біріктіру тұжырымдамасы да іс жүзінде жүзеге асырылуда, ол интеграцияны тереңдету қажеттілігі идеясына негізделген. Бұл ең дамыған елдердің өзегін құрайды, мысалы, еуроаймақ және оның айналасында интеграция тереңдігі дәйекті түрде төмен тұрған елдерден тұратын шеңберлер бар [81].

Қазіргі тұжырымдама XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты, бірақ мемлекетаралық интеграция идеясының өзі ұзақ тарихқа ие. Қоғамдық-саяси ой

тарихының әртүрлі кезеңдерінде бұл идеяға көзқарас екіұшты болды. Дәстүрлі реалистік бағытты жақтаушылар Фукидидтен Макиавеллиге, Гоббстан Моргентауға дейінгі ізбасарлары мемлекетаралық бытыраңқылық пен анархияны түбегейлі еңсерілмейтін, ал халықаралық қатынастарды қақтығысты сипатта деп есептеді. Бірақ сол кездегі әлемнің бүкіл кеңістігін қамтитын жаһандық мемлекеттің космополис идеясы дүниеге келген. Мұндай мемлекетті құру жекелеген мемлекеттердің бытыраңқылығын жоюға, мемлекетаралық қақтығыстарды және олардың соғыс салдарын жоюға тиіс еді. Космополис идеясы «әлемдік мемлекетті» немесе «әлемдік үкіметті» құрудың көптеген жобаларында, халықаралық саясаттың либералды тұжырымдамасында жалғасты. Бұл концепцияны жақтаушылар халықаралық ұйымдарды, әсіресе әмбебап халықаралық ұйымды құруға және оларға уақыт өте келе мемлекетаралық бытыраңқылық пен анархияны жеңуге мүмкіндік беретін ұлтүстілік мәртебе деп түсінді.

Вудро Вильсонның бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін халықаралық қатынастарды қайта құрылымдау үшін либералдық концепциясы сәтсіз аяқталды. Бұл бірінші әмбебап халықаралық ұйым Ұлттар Лигасын құру жоспарына қатысты еді. Осы халықаралық институт қызметінің сипаты мен нәтижелерінен бірқатар зерттеушілерді халықаралық интеграция үлгілерін іздеуге мәжбүр етті. Тарихқа көз жүгіртсек, XX-шы ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық интеграцияның бірінші концепциясы функционализм концепциясы болды. Халықаралық интеграция феноменін функционализм тұрғысынан зерттеу Ұлттар Лигасының құрылмауының себептерін зерттеуден басталды. 1943 жылы ағылшын зерттеушісі Д.Митрани «Бейбітшілік және халықаралық ұйымның функционалдық дамуы» [82] мақаласын жариялап, онда ол мемлекеттердің егемендігіне қауіп төнді деп Ұлттар Лигасы рөлін төмендетті. Автор саяси интеграцияның кез келген алдын ала құрылымын құрудың тиімсіздігі туралы айтқан. Оның көзқарасы бойынша, жаһандық халықаралық ұйым ұлттық егемендіктердің жағымсыз салдарын мүлде жеңе алмайды, тіпті мемлекеттер арасындағы бейбіт қарым-қатынасқа кепілдікте бере алмайды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін ұлтүстілік ұйымдар құрудан гөрі мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық және мәдени салалардағы нақты ынтымақтастығын нығайту маңызды болды. Бұл ынтымақтастық тәжірибесі мемлекеттерді мемлекетаралық органдар мен саяси ынтымақтастықты қалыптастыруға жетеледі.

Функционализм ұлттардың егемендіктерін біртіндеп әлсіретіп, оларды біртұтас қауымдастыққа біріктіру саясатын мемлекетаралық ынтымақтастықты кеңейту арқылы жүзеге асыруды көздеді. Функционалистік көзқарас бойынша, ұлттық мемлекет жаңа экономикалық, әлеуметтік, техникалық және технологиялық мәселелерді шешу үшін жеткіліксіз. Мұндай мәселелерді тек халықаралық деңгейде шешу қажет болды. Осылайша, «тік» аумақтық оқшаулаудың орнына мемлекетаралық ынтымақтастықты нақты салаларда үйлестіруді қамтамасыз ететін «көлденең» модель қалыптасуы керек еді. Бұл

бағытта экономикалық және әлеуметтік қақтығыстардың себептері жойылып, болашақта мемлекеттік егемендіктерді біртіндеп жеңілдету мүмкін болар еді. Халықаралық орта түбегейлі өзгеріп, дипломаттар әкімшілер мен техникалық қызметкерлерге орын бере отырып, кеңселер арасындағы қатынастар нақты мәселелерді шешуге бағытталған техникалық және әкімшілік байланыстарға негізделді [83].

Зерттеушілер интеграциялық процестерге функционалдық көзқарастың екі жақтылығын атап өтті. Идеалистер одан ұлтүсті құрылымдар құруға деген ұмтылысты көрді. Реалистер ең алдымен мемлекеттік егемендіктің негізгі атрибуттарын сақтауға көңіл бөлді [84]. Функционализм Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуы мен дамуына әсер етті. БҰҰ Жарғысында оның функционалдық міндеттеріне үлкен мән берілген. Алайда халықаралық интеграциядағы функционализм ережелерін іс жүзінде қолдану оның кемшіліктерін ашты. Салыстырмалы түрде тәуелсіз техникалық ұйымдардың көптігі олардың қызметін үйлестірудің жаңа мәселелерін туғызды. Сондай-ақ интеграцияның нақты тәжірибесінде халықаралық ынтымақтастық автоматты түрде егемендіктің жойылуына әкелмейтіні анықталды. Функционалдық ынтымақтастықтың өзі саяси сипаттағы шаралармен күшейтуді талап етеді. Оның өкілдері [85] экономикалық, әлеуметтік, техникалық және мәдени салалардағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтеді, өйткені бұл ынтымақтастық тізбекті реакция әсерін тудырып, мамандандырылған ұлтүстілік институттардың пайда болуына және саяси интеграция процестерін жеделдетуге себеп болуы мүмкін. Олар осы үдерістің бастамасы ретінде жеке экономикалық жобаларды көрсетіп, оны жүзеге асыру үшін мемлекеттердің өз саясатын өзгертуі қажет емес деп санайды; маңыздысы сол саладағы мүдделердің ұқсастығы. Сонымен қатар, неофункционалистер функционалдық интеграцияның механикалық емес, ықтималдық сипатта болатындығын атап өтеді.

XX ғасырдың екінші жартысында еуропалық федерализм идеялары қайтадан өзекті болды. Бұрын Еуропа елдерінің салыстырмалы түрде жылдам бірігуі АҚШ үлгісінде қарастырылса, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін интеграцияның федералды моделін ұзақ мерзімді процесс ретінде түсіну басталды. Осыған байланысты «нео-федерализм» термині қолданылуы орынды болды. Неофедерализм тұжырымдамасының негізгі элементі саяси институттар болып табылады. Оны қолдаушылар федерализм принципін «централизмнен келісім бойынша бас тарту» ретінде сипаттайды. Федерализмнің тұжырымдамасында халықаралық интеграция федералдық құрылымдарға негізделген мемлекеттерді құру ретінде қарастырылады. Бұл модель бірнеше қағидаттарға сүйенеді: бірінші, орталық және аймақтық үкіметтердің болуы жағдайында қос азаматтық; екіншіден, аймақтық үкіметтердің рөлінің әртүрлілігі; үшіншіден, аймақтық үкіметтердің өкілеттіктері мен рөлінің өзгеруінің циклді сипаты; төртіншіден, орталық күштерге ие федерализмнің екі жақтылық табиғаты [86].

Федерализм ұсынған модель өте тартымды, бірақ ол алыпсатарлық модельдерге қатысты нормативтік бағдарға тиеселі. Халықаралық интеграцияның нақты мазмұнын алдыңғы бөлімдерде қарастырылған теориялық ұстанымдардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып ұғынуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, интеграциялық үдерісті коммуникациялық байланыстардың дамуы, ақпарат пен тәжірибенің алмасуы, сондай-ақ белгілі бір функцияларды іске асыру негізінде сипатталатын «плюралистік» тұжырымдаманың шеңберінде қарастыру орынды. «Плюралистік» бағыттың өкілі К.Дойч интеграциялық бірлестіктердің амальгамдық және плюралистік екі түрін анықтады. «Амалгам» бірлестігі – бұл екі немесе одан да көп бірліктердің жалпы басқарудың бір түрімен қамтамасыз етілген ауқымды бірлестікке бірігуі [87]. Амалгам» интеграциясы әлеуметтік-мәдени және саяси жағдайлардың тұтас кешенін талап етеді, олар:

1. Интеграцияланушы қоғамдар тұрғындарының ортақ құндылықтар жүйесін мойындауы;
2. Интеграциялық үдерістен нақты тиімділіктер мен артықшылықтар күтілуі;
3. Қатысушы тараптардың бір-бірін жақсы тануы және мінез-құлықтың алдын ала болжануы.

«Амалгамдық» интеграцияның негізінде ортақ өмір салты мен сананың үйлесімділігі жатыр. Ал «плюралистік» қауымдастық үлгісінде интеграцияға қатысушылар өздерінің саяси дербестігін сақтап қалады және бұл үдеріс қатаң әрі біркелкі талаптарды қажет етпейді. Мұндай модельде басты шарт – қатысушы тараптардың әлеуметтік және мәдени құндылықтарының өзара қайшылықта болмауы. Мұндай интеграцияның табысты жүруіне интеллектуалды элиталар мен саяси құрылымдардың идеялық үндестігі, сондай-ақ тұрақты дамып отырған коммуникациялық инфрақұрылым мен тығыз ынтымақтастық түрткі болады. XX-шы ғасырдың 70-жылдарында Германия мен Францияда К.Дойчтың жетекшілігімен жан-жақты ауқымды зерттеу жүргізілді нәтижесінде екі елдің тұрғындары арасында қалыптасқан біртұтас Еуропаның қолайлы имиджі ұлттық құндылықтарға деген адалдықты анықтады. Ғалым болашақта интеграцияның «плюралистік» түрі болуы ықтимал деген тұжырым жасады [88]. Жоғарыда қарастырылған халықаралық интеграция теорияларының барлығы дерлік өз қолданымын Еуропалық Одақтың қалыптасуы мен даму тәжірибесінен тапты. Қазіргі таңда Еуропалық Одақ ең танымал әрі тиімді халықаралық интеграциялық құрылымдардың бірі ретінде мойындалып отыр.. Бастапқыда соғыстан кейінгі Батыс Еуропаның интеграциясы таза функционалдық көзқарас негізінде басталды. Қазіргі Еуропалық Одақтың ізашары Еуропалық көмір және болат қоғамы көмір өндіру және металлургия өнеркәсібі саласында Батыс Еуропа елдері арасында ынтымақтастық орнатып функционалдық типтегі экономикалық ұйым болды.

Еуропалық интеграцияның келешегі үшін функционалдық көзқарастың шектеулері Линдберг пен Хаас еңбектерінде теориялық көрініс алған неофункционализм тұжырымдамасының қалыптасуына серпін берді.

Неофункционалды көзқарастың практикалық көрінісі Еуропалық қоғамдастықты құру туралы 1957 жылғы Рим шартына қол қою болды. Саясаттың рөлі ондаған жылдар бойы артып, еуропалық интеграция негізінен экономикалық сипатта болды. Тек сексенінші жылдарда ғана бір жағынан экономикалық интеграцияны тереңдету, екінші жағынан саяси интеграцияны қалыптастыру үшін қажетті алғышарттар жасалды. Еуропа тарихындағы маңызды кезең 1992 жылы ақпанда ЕО мүше-мемлекеттері жасаған Маастрихт шарты болды, ол негізінен еуропалық экономикалық және саяси интеграцияның неофедералистік моделіне өтуді білдіреді.

Неофедерализм концепциясы бойынша екі жойқын дүниежүзілік соғыс ұлтшылдықтың қайнар көзі «ұлттық мемлекет» болды. Ұлтшылдық Еуропаның бірігуіндегі басты кедергі ретінде неофедералистер, бір жағынан, аймақтардың этномәдени жаңғыруын, екінші жағынан, жалпыеуропалық өркениетке жататынына қарсы қояды. Барлық еуропалық халықтардың ортақ тағдыры мен мәдениеті сондай-ақ «әртүрліліктегі бірлік» принципі Батыс Еуропа зерттеушілерінің негіздеуінің арқасында мүмкін болды. Егер К.Дойчтың тұжырымдамасынан шығатын болсақ, XX ғасырдың 90-жылдарына дейін Еуропада «плюралистік қауымдастық» құру идеясы алға тартылып келсе, ғасыр соңында ғана біріктірілген экономикалық, саяси және қорғаныс кеңістігі қалыптасты. Алайда XXI ғасырдың басында еуропалық интеграцияның тереңдеуі мен оның географиялық кеңею үдерісі арасында белгілі бір қайшылықтар туындады. Алғашқы кезеңде Еуропалық Экономикалық Қоғамдастыққа әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі мен мәдени-өркениеттік негіздері жақын мемлекеттер енсе, кейінгі кезеңде Еуропалық Одақтың едәуір кеңеюі нәтижесінде құрамына Батыс Еуропа елдерінен айтарлықтай ерекшеленетін Шығыс Еуропа мемлекеттері қосылды.

К.Дойч айтқан шарттар бұзылды. Бұл ЕО аясында одан әрі интеграциялық қадамдарды жүзеге асыруда қиындықтар туғызды. «Еуропа конституциясын» қабылдау мүмкін болмады, өйткені Франция халқы мен «ескі Еуропаның» басқа да бірқатар елдері Шығыс Еуропа елдерінен мигранттардың ағылуынан қауіптеніп, бұл құжатқа қарсы дауыс берді. Басталған дағдарыс бұл аймаққа кіретін мемлекеттер арасындағы елеулі экономикалық айырмашылықтар сақталып отырғанын анықтады. Интеграциялық жобаларды жүзеге асыру барысында туындаған қиындықтарды және осы қиындықтарды түсіндіретін теориялық тұжырымдамаларды посткеңестік интеграция процестерін талдау кезінде толығымен ескеру қажет. Интеграцияның теориялық және әдіснамалық қырларын талдау нақты интеграциялық үдерістердің табиғатын ұғынуға және олардың дамуындағы ортақ үрдістерді айқындауға бағытталады. Еуропалық Одақтың сәтті жүзеге асқан интеграциялық тәжірибесі өзге өңірлерде де ұқсас бірлестіктердің қалыптасуына серпін берді.

Қолданыстағы интеграциялық модельдердің ешқайсысы таза еуропалық үлгі бойынша жасалған жоқ. Интеграциялық процестер күрделі және көп өлшемді құбылыс, сондықтан аймақтық интеграцияның басқа моделі өзіне тән экономикалық, саяси және мәдени ерекшеліктері бар басқа аймақтарға

автоматты түрде ауыса алмайды. Әрбір интеграциялық бірлестік өзіне тән мемлекетаралық өзара әрекеттесу тетіктеріне ие, осы тетіктер аясында экономикалық, саяси, ақпараттық және мәдени байланыстар қалыптасып, жүзеге асырылып, үздіксіз дамып отырады. Интеграция процесінің негізгі заңдылықтарын білу және табысты интеграциялық бірлестіктердің тәжірибесін пайдалану қазіргі әлемдегі интеграцияның әртүрлі нысандарының тұрақтылығына ықпал ететін даму стратегиясын жасауға мүмкіндік береді.

Әлемдік қауымдастықтың жаһандану процесінде ұжымдық қауіпсіздік пен әлемнің әртүрлі аймақтарының геосаяси дамуының қазіргі жүйесіне жаңа перспективалар мен ықтимал қауіптер туындайды. Интеграция мен аймақтандыру, бірігу мен сепаратизм заман талабына айналды. Жаһанданауға ықпал ету, әлем аймақтарының біркелкі емес дамуы, адамзаттың жаһандық проблемаларымен, кемсітушілік пен төзбеушілікпен күрес, демократия, құқық, бостандық және теңдік құндылықтарын тарату мәселелерін бейбіт және өзара тиімді шешу интеграция процесінің басты нұсқаларына айналады. Биполярлық жүйенің құлауы жаңа әлемдік тәртіптің пайда болуы, мемлекеттер мен олардың блоктары арасындағы қатынастардың сипатын анықтаудың жаңа тәсілдерін қалыптастыру қазіргі кезеңінің даму ерекшелігі болып табылады. Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде әлемдік саяси кеңістікте жаңа 15 тәуелсіз мемлекет пайда болып, олар жаһандық халықаралық қатынастар жүйесінде өз орнын айқындауға талпынды. Сонымен қатар, Орталық және Шығыс Еуропадағы саяси трансформациялар бұл мемлекеттерді әлеуметтік-экономикалық және саяси бағдарларын түбегейлі қайта қарауға мәжбүр етті. Биполярлық әлемнің күйреуі бірқатар қалыптасқан нормалар мен дәстүрлі түсініктердің өзгеруіне алып келіп, осы өзгерістер саяси, тарихи және әлеуметтік-экономикалық процестерге жаңаша көзқарас қалыптастыруға, сонымен қатар жаңа стратегиялық мақсаттар мен оларға қол жеткізу жолдарын айқындауға түрткі болды.

Еуропалық және еуроатлантикалық интеграцияның үдерістерімен қатар пайда болған жаңа халықаралық тәртіп жағдайында бұрынғы «социалистік лагерьге» жататын Шығыс Еуропа елдері XX ғасырдың 90-жылдарының басында өзара екіжақты байланыстарын қалпына келтіріп, интеграциялық жолды таңдауға мәжбүр болды. Осы тарихи кезеңде бұл елдер алдында өздерінің ішкі және сыртқы саяси-экономикалық даму басымдықтарын айқындау секілді маңызды міндеттер тұрды. Еуропалық интеграцияны зерттеуші ғалымдар интеграцияны қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы оң үрдіс ретінде қарастырып, оны барлық тараптарға тиімді ортақ ресурс пен мүмкіндіктер алуға жол ашатын өзара тиімді ынтымақтастық формасы деп бағалайды [89].

Қазіргі кезеңдегі саясаттың негізгі нысандарын талдай отырып, ынтымақтастықты интеграцияны, келіссөздерді шешімдерді әзірлеу және қабылдау процесін ерекше атап өткен жөн. Халықаралық қатынастар субъектілерінің мінез-құлқы мен сыртқы саясат жүргізуінің алуан түрлілігіне қарамастан, олардың іс-әрекеттері қаншалықты күрделі және қарама-

қайшылықты болса да, олардың барлығын осы ұғымдар арқылы талдауға болады.

Берталанфидің көзқарасы бойынша Киссинджер мен Нейманның көзқарасы [90], халықаралық қатынастардағы қақтығыстар, ынтымақтастық және келіссөздер бір-бірімен тығыз байланысты және өзара шарттасқан құбылыстар болып табылады. Халықаралық қақтығыстар көбінесе мемлекеттер арасындағы мүдделердің ішінара сәйкес келуі немесе қарама-қайшылығы салдарынан туындайды, ал ынтымақтастық процестері де бәсекелестік пен өз мүдделерін қорғау аясында қайшылықтармен қатар жүреді.

Бүгінгі таңда халықаралық ынтымақтастық барған сайын күрделене түсуде және ол әртүрлі мемлекеттер мен халықаралық субъектілердің мүдделерінің қиылысуынан туындайды. Мұндай ынтымақтастық пен интеграция, ең алдымен, саяси, экономикалық және ғылыми-техникалық басымдықтарға негізделеді. Географиялық таралуы жаһандық аймақтық немесе субаймақтық интеграция белгілерін көрсетеді, бірақ үлестіру интеграциялық процестің экспансиялық белгілері бойынша да жүреді, яғни қатысушылардың өз ішінде осындай процестер белсендірілгенде қатысушылардың саны артады. Ынтымақтастық пен интеграция салыстырмалы категориялар болып табылады, халықаралық серіктесті ауыстырудың жеткілікті мүмкіндігі бар. Кейбір елдер арасындағы интеграция басқалардың арасында қарама-қарсы поляризация процестерімен бірге жүреді. «Интеграция» терминін «жүйе» ұғымынан тыс қарастыруға болмайтынын атап өткен жөн. Жүйе ұғымының сан алуан интерпретациялары оның мазмұнын бірыңғай теориялық тұрғыдан шектеусіз қарастыру қажеттігін көрсетеді. Осыған орай, жүйе ұғымын Парсонстың ұсынғандай өзара әрекеттесетін элементтердің жиынтығы ретінде түсіндіру орынды [91]. Сонымен қатар, А.Д. Холл мен Р.Е. Фейджин жүйені өзара байланысқан компоненттерден тұратын біртұтас құрылым ретінде анықтайды [92], ал олардың пікірін жалғастыра отырып, жүйе объектілер мен олардың сипаттамалары арасындағы қатынастар жүйесі ретінде де қарастырылады.

Аймақтық интеграция ұғымы аясында халықаралық қатынастарды жүйелік талдау негізін қалаған М. Каплан бұл процесті бірнеше бөліктердің біртұтас жүйеге бірігуі немесе бір жүйенің екіншісіне енуі ретінде сипаттайды [93]. Ал құрылымдық функционализм мектебінің өкілі Т. Парсонс интеграцияны жүйенің ішкі элементтері арасындағы үйлесімділікті сақтай отырып, оны сыртқы ықпалдардан ерекшелейтін сипат ретінде қарастырады [94]. К. Дойч интеграцияны мемлекеттер арасындағы бейбіт өзара әрекеттесуді қамтамасыз етудің нақты құралы ретінде түсіндіріп, оны сауда көлемінің артуы, халықтың еркін қозғалуы, мәдени байланыстардың дамуы және саяси консультациялардың жандануы тәрізді көрсеткіштер арқылы бағалауды ұсынады [95]. Егер «интеграция» ұғымын нақтырақ қарастыратын болсақ, бұл терминді анықтаудың көптеген тәсілдері бар екенін атап өткен жөн. Көбінесе интеграция экономикалық мағынада, уақыт өте келе экономикалық және саяси одаққа айналуы мүмкін біртұтас экономикалық кешенге мемлекеттер тобының ұлттық нарықтарын біртіндеп біріктіру ретінде қарастырылады. Интеграциялық

процестерді зерттеу мен жетілдірудің түрлі теориялық және концептуалдық тәсілдері бұл құбылысты әртүрлі аспектілерде қарастырады. Кейбір тұжырымдамаларда интеграция мемлекеттердің егемендігін сақтай отырып, оларды бірлескен қауымдастыққа біріктіру жолы ретінде сипатталады. Мұндай қауымдастықтар ұлтүсті басқару жүйесімен ерекшеленетін федерациялар немесе конфедерациялар түрінде ұйымдастырылуы мүмкін. Бұл құрылымдарда атқарушы немесе саяси биліктің белгілі бір элементтері біріктіріліп, бірлескен басқару органдарына делегаттар арқылы жүзеге асырылады.

Альтернативті көзқарастар интеграцияны тек қана процесс ретінде емес, сонымен қатар мақсат пен нәтиже ретінде бағалай отырып, ортақ құндылықтар мен сәйкестік жүйесі бар «қауіпсіздік мемлекеттерін» құруды көздейді[96]. Бұл модельде қатысушылар арасында преференциялық негізде қарым-қатынастар орнату маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, қазіргі жаһандану жағдайында интеграция мемлекеттер мен аймақтардың өзара тәуелділігінің артуы мен олардың ұзақ мерзімді тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында бәсекелік артықшылықтарды өзара толықтыру арқылы бірігу процесі ретінде де ұғынылады.

Шетелдік сарапшылардың пікірінше, «интеграция» терминінің бірыңғай анықтамасының болмауы оны мемлекетаралық ынтымақтастықтың институционалдық процесі ретінде қарастыруға итермелейді. Бұл тұрғыда интеграция ұлтүсті басқару органдары тиімді әрекет ететін федералдық немесе конфедералдық бірлестік құру мақсатында мемлекеттердің негізгі басқару салаларында өзара жақындасуын білдіреді. Мұндай бірлестік біртұтас экономикалық, саяси және әскери-стратегиялық кеңістікке ие әлемдік экономика мен халықаралық қатынастардың толыққанды субъектісін білдіреді. Интеграциялық проблемаларды ғылыми зерттеу нақты интеграциялық процестерді біліп анықтап факторлардың себептері жалпы тенденцияларды анықтаған. Бұл құбылыстың негізгі белгілерінің прогрессивті түрі Еуропалық Одақ болып табылады.

Қазіргі халықаралық қатынастар салыстырмалы түрде саяси, дипломатиялық және әскери, экономикалық, мәдени-ақпараттық қатынастардың автономды түрлерінің ажырамас жиынтығы болып табылады. Кез келген ел басқалармен өзара әрекеттесуді талап етеді және бұл халықаралық қатынастардың негізгі қағидасы. Халықаралық қатынастар дамуының қазіргі кезеңінде елдер арасындағы өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне ие болған интеграция факторы болып табылады. Әрбір елдің халықаралық жүйеде алатын орны мен ел ішіндегі саяси жағдайға байланысты өзіндік ерекше рөлі бар. Интеграциялық процестердің нәтижесінде әлемнің саяси, экономикалық, мәдени, ақпараттық және әлеуметтік салаларындағы өзара тәуелділік артып, жаңа технологиялардың дамуы халықаралық қатынастар жүйесінде қорғаныс құралынан тыс, кейбір категориялардың арақатынасын қайта қалыптастыруға әкелді [97].

К.Дойч интеграцияны мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды бейбіт жолмен шешу ретінде қарастырғанына қарамастан, тұрақты өзара қарым-

қатынас болған жағдайдың өзінде интеграциялық үдерістер шиеленістерді шешудің тек бейбіт құралдарын таңдауын ескертеді. Халықаралық қатынастар теориясының мамандарының бірі Э Хаас интеграция мен өзара тәуелділіктің кез келген шиеленісті бейбіт жолмен шешуге ықпал ететініне күмәнмен қарайды. Льюис Козердің пікірінше, жанжал белгілі бір жағдайларда әлеуметтік организмнің өміршеңдігін сақтау үшін қажетті және «жұмыс істей алатын» процесс болып табылады, ол әртүрлі әлеуметтік топтардың арасында тепе-теңдік орнатуға ықпал етуі мүмкіндеп ойлайды Г.В.Жаворонкова [98].

Оның пікірінше, әлеуметтік конфликт оның қатысушылары арасындағы жағдайды әлсіретеді және олардың қарым-қатынасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді, қақтығыстар қарым-қатынасты сақтауға қызмет етеді» [99]. Жанжал әрқашан тараптар арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуіне әкелмейді, керісінше, ол оларды дамытуға және жақсартуға серпін беруі мүмкін. Мемлекеттің интеграциялық дамудағы маңызды қызметі ашық ұлтүсті құрылымдар арқылы ұлттық шекараларды ашып, мемлекеттерге өз мүдделерін қорғау, жеке басын сақтап, өмір сүру кеңістігін қорғауға мүмкіндік беру, сондай-ақ әлемдік экономикада өзіне лайықты орын алу мақсатында әрекет ету болып табылады.

Прогрессивті «шекаралардың бұлыңғырлануы» соңғы кезге дейін ішкі саяси және ішкі экономикалық мәселелердің халықаралық сипат алуына алып келеді, жекелеген елдердің үкіметтері басқа елдердің ішкі саясатына әсер етпей, таза ішкі шешімдер қабылдай алатын салалар азайып барады. Жаһандану объективті процесс ретінде дами отырып, мемлекеттер арасындағы өзара байланыстардың артуына әкеледі, белгілі бір саяси және экономикалық күштерді жүзеге асыруды мақсат ете отыра олардың тарихи процестің мәнін түсінуіне және әлеуметтік жүйені қалыптастырудағы мүдделеріне негізделеді. XX-шы ғасырдың 90-шы жылдарының басында аймақтық деңгейде ынтымақтастық пен интеграцияның қарқынды дамуы басталды. Ең қарқынды ынтымақтастық Еуропалық Одаққа мүше елдер арасында орын алды.

Маастрихт келісіміне қол қою іс жүзінде еуропалық интеграцияның дамуындағы жаңа кезеңді белгіледі. Шенген тобының қалыптасуы Батыс Еуропадағы визалық және кедендік қозғалыстардың күрделілігін жеңілдетті. Еуропалық Экономикалық Қоғамдастық неғұрлым интеграцияланған ұйымға - Еуропалық Одаққа айналды. Мұндай процестер көп өлшемділігімен сипатталады. Олар бір мезгілде интеграциялық қозғалысқа қатысушылардың шеңберін кеңейтуге бейім әр түрлі салаларды саяси, экономикалық, гуманитарлық және т.б. қамтиды. XX ғасырдың екінші жартысында «интеграция» термині бірқатар салалардағы ортақ мүдделермен айқындалатын мемлекетаралық аймақтық және субаймақтық ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарының анықтамасы ретінде қолданыла бастады. Екіжақты және көпжақты ынтымақтастық ұғымдарын ажырату дұрыс, ұлтүсті немесе аймақтық басшылықты қажет етпейтін тиісті ұлтүсті бақылау орталықтарын мемлекетаралық институттарды қалыптастыру арқылы тиімді даму мүмкіндігі бар; қатысушы елдер өздерінің дәстүрлі мемлекеттік басқарудың белгілі бір

салаларындағы өкілеттіктерінің бір бөлігін береді, нақты кезеңдерге, формаларға және тактикалық және стратегиялық мақсаттарға негізделген өзара құндылыққа бағытталған жақындасуды дамыту болып табылады. Көбінесе интеграция бұл процесс жүріп жатқан белгілі бір аймаққа және интеграциялық топтың бөлігі болып табылатын белгілі бір аймақтың немесе елдердің ерекшеліктеріне байланыстырмай қарастырылады.

Интеграциялық процестер, әсіресе ЕО-дан тыс жерлерде, көбінесе еуропалық интеграцияның тұжырымдамалары мен модельдерінің теориялары арқылы қарастырылады, олар Еуропаның ерекшеліктеріне және біртіндеп қартаюына бағытталғандықтан, әлемнің кез келген аймағындағы халықаралық процестерді талдау, болжау және реттеу үшін таза түрінде қолданылмайды. Интеграциялық топқа кіретін елдердің аймағының ерекшелігі аймақтық интеграцияның алғышарттары ретінде қате қабылдануы мүмкін. Интеграциялық процестерді зерттеуде ғалымдар «аймақтану», «аймақтандыру», «аймақ» терминдерін әртүрлі түсіндіріп жатады. «Регионализм аймақшылдық» аймақ мемлекетінің өз саясатын үйлестіруге бағытталған саналы шаралар кешені ретінде түсініледі. Ал аймақтандыру регионализация бірлескен институттарды қалыптастыру арқылы осы қызметтің «табиғи экономикалық күштердің» нәтижесі болып табылады. Йорк университетінің атақты профессоры М.Бисонның пікірінше, бұл екі ұғым да негізінен «интеграция» ұғымымен синоним болып табылады, бұл олардың қарқынды өзара әрекеттесуі арқылы мемлекеттерді жақындату процесі немесе осы процестің қалаған мақсаты. Алайда, нақты интеграциядан айырмашылығы, аймақтандыру процестерінің дамуы ұлтүстілік көшбасшылықты қажет етпейді [100] .

Интеграциялық процестердің сипаты мен ерекшеліктерін ескере отырып, «аймақтандыру» және «жаһандану» ұғымдарының байланысын қарастыру қажет. Н.М. Межевич осы байланысты айта отырып, былай деп атап көрсетті: «Қазіргі әлем елдері әлеуметтік-экономикалық дамудың ауқымы мен деңгейі бойынша бір-бірінен ерекшеленетіндіктен, жаһанданудың жекелеген елдерге әсерінің нәтижелері бірдей емес деп болжауға болады. Ірі елдерде жаһандану тенденциясы осы елдердің әртүрлі аймақтарында әртүрлі әсер етеді. Аймақтандыру жақын орналасқан елдер тобын олардың жеке топқа біріктіру мүмкіндігімен жақындасуынан көрінеді» [101]. Жаһандану мен аймақтандыру әлемдік экономиканы интернационалдандырумен және экономикалық кеңістіктегі бәсекелестік артықшылықтарды пайдаланумен байланысты ортақ сипаты бар. Аймақтандыру мен жаһандану арасындағы айырмашылық негізінен әлемдік экономикалық қызметті ырықтандыруда әлемнің технологиялық және мәдени бірігуіне сүйенеді.

Аймақтандыру мәдени, тарихи және географиялық жақындық арқылы жүзеге асады, сондай-ақ көршілес елдер мен аймақтардың аймақтық сауда-экономикалық артықшылықтарды пайдалана отырып, өздерінің мәдени және экономикалық ерекшеліктерін сақтауға ұмтылады. Еуропалық Одақ әлемдегі көптеген басқа аймақтық интеграциялық топтармен салыстырғанда өте ұйымшыл елдер тобы болып табылады. ЕО қызметінің тиімділігі ең алдымен

ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігінің өсуін, халықтың өмір сүру деңгейін, жалпы еуропалық стандарттар: демократия, теңдік, сөз бостандығы, заң үстемдігі және т.б. сақтауды қамтамасыз етумен анықталады. Еуропалық кеңістік тарихи және саяси өзіндік ерекшелігі бар, жергілікті өзін-өзі басқарудың өзіндік ұлттық жүйесі бар әртүрлі көлемдегі, табиғи жағдайлары, әлеуметтік-экономикалық дамуы және экономикалық құрылымы бар аймақтардан тұрады.

У. Виберг аймақты бәсекеге қабілетті нарықта мемлекет шешімдер қабылдайтын әрекеттер жүйесі ретінде, халықаралық деңгейде коалициялық түрде анықталған аймақтық мүддені жобалай алатын саяси аймақ ретінде анықтайды-деп көрсетеді В Игнатов [102]. Аймақтардың халықаралық қатынастары еуропалық интеграциялық процестердің дамуында маңызды орын алды. Аймақтық деңгейде халықаралық белсенділік шекаралық және халықаралық ынтымақтастық түрінде көрінеді. Еуропалық аймақтар арасындағы тікелей ынтымақтастықтың кең тараған нысандары еуроаймақтар мен шекаралық ынтымақтастық болып табылады, ол көршілес елдердің тікелей іргелес аймақтары арасында жүзеге асырылады. Еуропалық Одақ үшін интеграциялық үдерістердің ықпалының күшеюі күшті, тұрақты және қауіпсіз көршілестік интеграциялық одақ, көршілес елдермен қарым-қатынасын тереңдету, ЕО төңірегінде тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз ету және елдердің жақындасуына ықпал ету болып табылады.

Қазіргі жаһандану дамуының барлық тенденциялары әлеуметтік дамудың ғаламдық интеграция сияқты формасының пайда болғанын көрсетеді. Дәл осы қазіргі әлем дамуының негізгі критерийі мен қағидасы соған сәйкес оның жұмыс істеуін қамтамасыз етудің институционалдық механизмі ретінде әрекет етеді. Жаһандық интеграция қазіргі әлемнің даму заңдылықтарын анықтайды, өйткені оның әсерінен әлемдік тәртіптің жаһандық құрылымы өзгереді және жалпы адамзат дамуының интенсификациясын қамтамасыз ететін жаңа интеграциялық құрылымдар пайда болады. Осының нәтижесінде әлем элементтері бір-бірімен байланысқан, қайшылықтар болғанның өзінде бірліктің бар екендігін білдіретін ғаламдық жүйе болып табылады. Бұл геостратегиялық кеңістіктің жаңа реконструкциясы ғаламдық дамудың жаңа векторын көрсетеді, оның аясында жаңа байланыстар жүйесі мен геосаяси кеңістіктер құрылуда[103].

Қазіргі аймақшылдық теориялары мен посткеңестік аймақшылдықтағы эмпирикалық оқиғалар арасындағы диалогтан бастау алады. Аймақшылдық әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі аймақтық процестер мен тенденцияларды қалай түсінуге болатыны туралы елеулі әдебиеттер жинағын қалыптастырды. Аймақтық басқару жүйелерін әлемдік тәртіпті іздестіруде барабар балама жол ретінде орналастыруда рөл атқарып отыр. Посткеңестік кеңістіктегі аймақтық процестер айтарлықтай ауқымды. Бұл жаңа аймақтың кеңістіктеріндегі мемлекетаралық қатынастар бастапқыда аймақтық сипатта болды. Қазіргі уақытта бұл аймақта бірнеше аймақтық ұйымдар бар, олардың кейбіреулері сәтті кейбіреулері сәтсіздікке ұшырады. Бұл аймақ аймақшылдықты зерттеуге айтарлықтай үлес қоса алады. Аймақшылдық пен посткеңестік зерттеулерді зерттеу бір-бірінен салыстырмалы түрде оқшауланып келді. Аймақшылдық пен

посткеңестік кеңістік теорияларын жақындастыру екі бағытқа да тиімді, дегенмен аймақшылдықты зерттеу посткеңестік тәжірибе арқылы сыналуы мүмкін. Аймақшылдықты одан әрі зерттеудің жаңа теориялық-әдістемелік құралдарын жасауға оң ықпалын тигізеді. Посткеңестік кеңістік аймақтық процестерді талдауға кедергі жасаған геосаяси құралдар мен саяси ойындардан арылып, арнайы аймақшылдық зерттеулер болып жатқан саяси үдерістерді түсінуге мүмкіндік береді. Билікке негізделген көзқарасты дамытып, посткеңестік аймақшылдықтың нормативтік алғышарттары туралы кез келген талқылауға кедергі жасайды .

Аймақшылдық бойынша қазіргі әлемдік зерттеулерге негізделген аймақтық тәртіптің сараптамалық негізі, Орталық Азиялық аймақшылдықтың әдебиетте қалай қарастырылғаны туралы ұсыныстар, аймақтық тәртіп негізінің тұжырымдамаларына негізделген қазіргі посткеңестік аймақшылдыққа қайта баға берілді. Посткеңестік кеңістікте аймақтық интеграцияны зерттеуге арналған бірқатар ғылыми еңбектер бар. Бұл зерттеулерде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), бүгінде қызметін тоқтатқан Орталық Азия ынтымақтастық ұйымы (ОАЫҰ), ГУАМ (Грузия, Украина, Әзірбайжан және Молдова мемлекеттерінің альянсы), Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ), Бірыңғай экономикалық кеңістік пен Түркі мемлекеттерінің ұйымы секілді бастамалар қарастырылған. Бұған қоса, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан елдері Қытаймен бірлесе отырып құрған Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) да аймақтық ықпалдастықтың маңызды үлгісі ретінде бағаланады.

1990-шы жылдардың басында Орталық Азияның аймақтық интеграциялық институтын құру ниеті туралы мәлімдеген кезде Орталық Азия аймақшылдығы туралы көп пікірталас болды. Ол кезде Орталық Азия жаһандық басқарудағы интеграцияланған аймақтық буынға айналу мүмкіндігі өте әлсіз аймақтық кеңістік ретінде қарастырылды. Біріккен аумақтық қауымдастықтар мен басқа да ұйымдардың болуы посткеңестік және Орталық Азия аймағындағы аймақтық бірегейлік деңгейіндегі түбегейлі өзгерістердің белгісі болып табылады. Аймақтық тәртіп стратегиясының негізгі элементтерін пайдалана отырып, посткеңестік аймақтық тәртіпке қол жеткізудің нормалары мен тәсілдерін сәйкестендіру саласындағы кейбір өзгерістер ТМҰ - ның құрылуы мен эволюциясының арқасында мүмкін болды. Біріктірілген аумақтық қауымдастықтар құру посткеңестік кеңістікте жаңа аймақтық тәртіпті орнатуға әкелу мүмкіндігімен сипатталатын бірқатар процестерді тудырды. Бұл аймақтық тәртіп әлі қалыптаса қойған жоқ, бірақ ол ТМД және Орталық Азия сияқты басқа посткеңестік құрылымдарға қарағанда әртүрлі идеялар мен негіздемелерге негізделген. Географиялық шекаралардың біртектілігінен басқа, еуразиялық аймақтық тәртіп түркітілдес мемлекеттердің Орталық Азиядағы әртүрлі процестерден қалыптасады, бірақ ол барлық салаларда олармен сәйкес келуі міндетті емес.

Интеграциялық жобалардың белсенді қатысушылары Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан, ал Түркіменстан мен Өзбекстанның жалпы

посткеңестік кеңістіктегі және Орталық Азиядағы аймақшылдық жобаларына сақтық танытуы республика басшыларының жеке ерекшеліктерімен де, олардың режимдерінің типімен де түсіндіруге болады.Қырғызстан мен Түркіменстандағы президенттердің ауысуы бұл елдердің аймақтық интеграциялық үдерістерге қатысты ұстанымдарына айтарлықтай өзгерістер әкелген жоқ.

Бұл елдердің аймақтық ынтымақтастық пен интеграциялық үдерістерге көзқарастарындағы айырмашылықтары аймақтық тәртіптегі субъектілердің көпжақты қатынастарында болып табылады. Ынтымақтастық пен интеграцияның жолдарын таңдау мемлекеттердің егемендікке қатысты ұстанымдарына байланысты. Өзбекстан мен Түркіменстан қатаң және біркелкі ұстанады, ал Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның ұстанымдары азды-көпті жұмсақ әрі икемді. Өзбекстан Орталық Азия Экономикалық Одағын Орталық Азия Ынтымақтастық Ұйымына айналдыруда рөл атқарды, сол арқылы оның егемендікке деген ерекше көзқарасын растады. Өзбекстан мемлекет егемендігіне нұқсан келтірмей, ынтымақтастыққа негізделген мемлекетаралық қатынастарға қатысты өз ұстанымын бірнеше рет білдірді. Өзбекстанның пікірінше, егемендік посткеңестік кеңістіктегі Орталық Азияның мемлекетаралық қатынастарында басымдыққа айналуы тиіс. Өзбекстан көршілерімен саяси қарым-қатынастарында аймақтандырудан гөрі интернационалдандыруды жөн көреді.

Бұл Өзбекстанды негізінен жекелеген ұлы державалармен екіжақты қарым-қатынасқа сүйенуге алып келеді. Егер Қырғызстан мен Тәжікстан елдің егемендігіне елеулі әсер ететін көпжақты құрылымдарға қатысуды шешсе, Қазақстанның икемді егемендікке таңдады. Қазақстан аймақтағы ең ірі экономикалық және қаржылық ойыншы болып табылады, сонымен қатар, мемлекет айтарлықтай әскери және технологиялық мүмкіндіктер ба, егемендікке белгілі дәрежеде ықпал ететін көпжақты ынтымақтастық құрылымдарына қатысуға дайын. Қазіргі әлемде халықаралық ұйымдардың рөлі бұрынғыдан жоғары, көпжақты қарым-қатынастарды нығайтпай, болашаққа сенімді болу мүмкін емес деген пікірмен посткеңестік кеңістікте Қазақстан интеграциялық мәселелерде белсенді позиция ұстанды.

Заманауи жаһандану жағдайында түркі елдерінің интеграциясының дамуы негізгі өңірлік бірлестіктердің бірі болып табылатын Түркі мемлекеттері ұйымы ТМҰ аясында жүзеге асуда. Бұл процестің ішкі жалпы мәдени-тарихи сәйкестік, экономикалық мүдделер факторлармен және сыртқы геосаяси бәсекелестік, экономикалық турбуленттілік, жаһандық технологиялық үрдістер сын-қатерлерден туындаған бірнеше ерекшеліктері бар. Жаһандану жағдайындағы түркі елдерінің интеграциясының ерекшеліктері ол этномәдени бірлік интеграциясы болып табылады. Басқа аймақтық бірлестіктерден айырмашылығы, ТМҰ тіл, мәдениет, білім және гуманитарлық байланыстар деңгейінде интеграциялық процестерді нығайта түсетін ортақ түркі бірегейлігі негізінде құрылған. Әліпбиді біріктіру бағдарламалары, білім беру бастамалары, мәдени алмасулар және бірлескен медиа жобалар бірігуге ықпал етеді.

Ал экономикалық ынтымақтастық және инфрақұрылымдық жобалар негізінде талдайтын болсақ, интеграция ең алдымен энергетика, сауда және көлік салаларындағы экономикалық ынтымақтастыққа негізделген. Транскаспий халықаралық көлік жолы Орта дәліз сияқты жобалар Ресей мен Қытай арқылы өтетін дәстүрлі маршруттарға тәуелділікті азайта отырып, Еуропа мен Азия арасындағы сауда байланыстарын нығайта алатын мүмкіндіктерге ие. Әлемдік күш орталықтары арасындағы тепе-теңдік тұрғысынан алатын болсақ, Түркі елдері (Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан) ірі геосаяси ойыншылар Ресей, Қытай, ЕО және АҚШ арасында орналасқан. Бұл интеграциялық бастамаларын дамыта отырып, бірақ жаһандық күш орталықтары алдындағы қатаң міндеттемелерден гөрі көпвекторлы саясат жүргізуге мәжбүр етеді. Саяси әрекеттестік және қауіпсіздік тұрғысынан ТМҰ интеграциясы аймақтық қақтығыстар мен қауіптер жағдайында мысалы, Қарабақта, Орталық Азияда, Ауғанстанда қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылып отыр. Бірлескен әскери жаттығулар, барлау мәліметтерімен алмасу және тұрақтылық мәселелері бойынша диалог интеграцияның маңызды бағыттарына айналуда.

Түркияның ТМҰ интеграциясындағы көшбасшы ретіндегі рөлі Түркия біріктірілген аумақтық қауымдастықтарды Орталық Азия мен Кавказдағы ықпалын күшейту құралы ретінде пайдаланып, интеграцияның негізгі қозғаушы күші болып табылады. Алайда Түркияның толық үстемдігі кейбір мүшелерді қауіптендініп, бұл ұйымның тым тез институттануына кедергі болды. ТМҰ интеграциясының жаһандану сын-қатерлеріне бейімделуде цифрлық трансформация және экономикалық белгісіздік жағдайында түркі елдері инновациялық секторларды, цифрлық экономика мен технологияларды дамытуға ұмтылуда. Перспективалы бағыттардың бірі жасанды интеллект, финтех және жасыл энергетика саласындағы ынтымақтастықтарын айтуға болады. Жаһандану жағдайында түркі елдерінің интеграциясы мәдени қауымдастықтың, экономикалық прагматизмнің және геосаяси есептердің үйлесуі негізінде дамып келеді. Жаһандық ойыншылар арасындағы бәсекелестік, қатысушы елдердің экономикалық дамуындағы айырмашылықтар және ұйымның институционалдық жетілмегендігі сияқты қиындықтарға тап болады. Дегенмен, белсенді динамика мен ынтымақтастықты нығайту жөніндегі бастамаларды ескере отырып, ТМҰ Еуразиядағы ықпалды аймақтық блокқа айналуы әбден мүмкін.

1.1 параграф бойынша оймызды қорытындылай келе, аймақтық интеграция қазіргі халықаралық қатынастардың басты үрдістерінің бірі ретінде мемлекеттердің экономикалық, саяси және мәдени байланыстарын тереңдетуге бағытталған. Бұл құбылыстың әр аймақта өзіндік ерекшеліктері бар. Еуропалық Одақ, АСЕАН немесе Еуразиялық экономикалық одақ секілді құрылымдар интеграцияның әртүрлі модельдерін ұсынса, түркі кеңістігіндегі интеграцияның өзіндік айрықша қырлары бар.

Біріншіден, ТМҰ-ның басты ерекшелігі – оның тарихи-мәдени ортақтыққа негізделуі, түркі мемлекеттері тілдік, этникалық, мәдени және өркениеттік

жақындықтың арқасында табиғи интеграциялық әлеуетке ие. Бұл жағдай ұйымға әлеуметтік-мәдени негізде берік ұстаным қалыптастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, ұйымның дамуы «саяси-мәдени қауымдастықтан» «саяси-экономикалық ынтымақтастыққа» біртіндеп өтудің үлгісін көрсетеді. Алғашқы кезеңде мәдени-гуманитарлық бағыт басым болса, қазіргі таңда экономикалық, көлік-логистикалық және энергетикалық жобалар интеграцияның негізгі векторына айналып отыр. Үшіншіден, ТМҰ көпвекторлы аймақтық саясатты ұстанып отыр. Ұйым тек ішкі түркі ынтымақтастығымен шектелмей, Еуропалық Одақ, Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея секілді сыртқы серіктестермен ынтымақтастық орнатуда. 2025 жылғы Будапешт саммиті ұйымның Еуропа кеңістігіне стратегиялық қадам жасағанын айқын көрсетті. Төртіншіден, Қазақстан мен Түркияның белсенді рөлі ұйымның институционалдық дамуының шешуші факторына айналды. Қазақстан түркі ынтымақтастығының құрылымдық негізін қалаушы, ал Түркия оның саяси және экономикалық әлеуетін күшейтуші мемлекет ретінде ерекшеленеді. Екі елдің үйлесімді саясаты ТМҰ-ны аймақтық қана емес, трансөңірлік деңгейдегі ықпалды ұйымға айналдыруда. Бесіншіден, ТМҰ-ның ерекшелігі интеграцияның ерікті әрі икемді сипатқа ие болуы. Ұйым өз мүшелеріне қатаң міндеттемелер жүктемей, әр мемлекеттің ұлттық мүдделерін ескере отырып, ортақ мүдделерді үйлестіруде. Бұл тәсіл посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер үшін интеграцияның қолайлы моделін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Қорытындылай келе, ТМҰ аймақтық интеграцияның ерекше үлгісі. Ол тарихи-мәдени бірегейлікке сүйене отырып, қазіргі жаһандық сын-қатерлерге жауап бере алатын, Еуразия кеңістігінде жаңа геосаяси және геоэкономикалық субъект ретінде қалыптасып келеді. Қазақстан мен Түркияның бастамашыл рөлі ұйымның дамуында шешуші мәнге ие болып, екіжақты ынтымақтастықты түркі әлеміндегі кең ауқымды ықпалдастықпен сабақтастырады.

### 1.2 Аймақтық ықпалдасу үдерісінің теориялық тұжырымдамалары

Мемлекетаралық өңірлік интеграция үдерісі елдер арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың қарқындылығымен сипатталады және бұл байланыстардың серпіні өзге мемлекеттермен салыстырғанда анағұрлым жоғары деңгейде дамуда. Мұндай интеграциялық өзара ықпалдастық бірлестікке қатысушы субъектілердің арасында саяси коммуникация арналарының кеңеюіне объективті түрде ықпал етеді, соның негізінде саяси салада жаңа интеграциялық бастамалардың пайда болуы заңды құбылысқа айналады. Аймақтық интеграция, өз кезегінде, белгілі бір саяси жағдайлардың туындысы ретінде қарастырылады және оны тек экономикалық өзара әрекеттестік шеңберінде бағалау жеткіліксіз. Экономикалық және саяси бағыттар өзара тығыз сабақтасып, интеграция үдерісінің кешенді сипат алуына негіз болады.

XX -шы ғасырдың аяғында дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы елдер мен халықтардың қажеттіліктерінен туындайтын бірқатар тенденциялар пайда болды, табиғи шикізат пен еңбек ресурстарын пайдалануда, тауарлар мен капиталды айырбастауда өз күштерін үйлестірді. Осы тенденциялардан Екінші

дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, өзін белсенді түрде танытқан ұлттық экономикаларды біріктіретін процестер болды. Халықаралық интеграцияға бағытталған өмірді интернационалдандырудың күш-жігер ерекше болды. XX-шы ғасырдың екінші жартысында әлемнәі әртүрлі бөліктерінде көптеген аймақтық интеграциялық топтар пайда бола бастады.

Солтүстік Америка еркін сауда аймағы (NAFTA), Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы (APEC), Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығы (АСЕАН) сияқты индустриялық тұрғыда жоғары және орташа дамыған өңірлерде ғана емес, аймақтық интеграциялық құрылымдар әлемнің дамушы және артта қалған аймақтарында да құрылды. Мысалы, Латын Америкасының интеграциялық қауымдастығы (ЛАИ), Орталық Американың ортақ нарығы (ЦАОР), Батыс Африка мемлекеттерінің экономикалық қауымдастығы (ЭКОВАС), Оңтүстік Африканың даму және үйлестіру конференциясы (ЮАКРК), Кариб теңізі елдерінің ортақ нарығы (КОР) және басқа да бірлестіктер осы үрдістің көрінісі болып табылады.

Аймақтық интеграцияның бірыңғай, әмбебап қабылданған анықтамасы жоқ. Түрлі зерттеушілер бұл үдерісті әртүрлі ұстанымдар негізінде түсіндіреді. Мысалы, белгілі нидерланд экономисі В.Молле интеграцияны егемен мемлекеттер арасындағы экономикалық кедергілерді біртіндеп жою нәтижесінде елдердің экономикасының бірыңғай жүйе ретінде әрекет ете бастау үдерісі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, экономикалық интеграция тек техникалық немесе экономикалық мақсаттарға бағытталмаған, ол мемлекет пен азаматтарының әл-ауқатын көтеру, адам құқықтарын қамтамасыз ету және демократиялық тәртіпті нығайту сияқты жоғары гуманитарлық-әлеуметтік құндылықтарға қызмет етуі тиіс. Молле интеграцияның ең жоғары сатысын «толыққанды одаққа өту» деп сипаттайды, мұнда қатысушы елдердің экономикалық жүйелері біртұтас механизмге бірігіп, олар федерация немесе конфедерация үлгісіндегі құрылым ретінде жұмыс істей бастайды.

Ал Н. Ливенцев пен В. Харламова аймақтық экономикалық интеграцияны бірнеше елдің біртіндеп экономикалық бірігуі арқылы жаңа халықаралық экономикалық тұтас құрылым  экономикалық организмнің қалыптасу процесі ретінде ұсынады.Электрондық кітапханалада интеграцияны «мемлекетаралық экономика мен саясатты жүзеге асыруы негізінде экономикалық бірігуге әкелетін әртүрлі елдердің ұлттық экономикалары арасындағы тұрақты қатынастарды дамыту процесі» деп түсіндіреді [104].  Совет энциклопедиясында интеграция «XX-шы ғасырда пайда болған экономикалық өмірді интернационалдандырудың бір түрі. II-дүниежүзілік соғыстан кейін ұлттық экономикаларды біріктірудің келісілген мемлекетаралық экономикалық саясатты жүргізудің объективті процесі [105]. Бұл үдеріс өндірістік және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейтуді, сауда-экономикалық және валюта-қаржылық байланыстарды нығайтуды, сондай-ақ саяси-экономикалық бағыттағы мемлекетаралық ұйымдарды, аймақтық экономикалық одақтарды, еркін сауда аймақтарын, кедендік және валюталық-экономикалық бірлестіктерді құруды қамтиды.

Аймақтық интеграцияға барынша толық сипат берген орыс ғалымы Шишков Ю.В болды. Ол оны «тауарлардың, қызметтердің, еңбек капиталының ұлттық нарықтарын біріктіру және біртұтас ақша-қаржы жүйе мен жалпы біртұтас құқықтық жүйені, ішкі және сыртқы экономикалық саясатқа үйлестіру және біртұтас нарықтық кеңістікті қалыптастыру» - деп анықтайды [106]. Бұл зерттеуде біз аймақтық интеграция концепциясының дәл осы түсіндірмесін ұстанамыз, аймақтық интеграция зерттелетін аймақ елдері арасындағы экономикалық, саяси және әлеуметтік қатынастардың толық спектрін білдіреді. Интеграция мәселесін ғылыми тұрғыдан зерттеу интеграциялық процестерді түсіндіріп, фактілерді анықтап олардың өзара себептерін түсіндіреді. Эволюциялық концепцияларда экономикалық аспектілермен қатар саяси фактордың пайда болуын байқауға болады. Аймақтық интеграциялық концепциялар барған сайын артып келеді.

Халықаралық интеграция процестерін теориялық тұрғыдан түсінудің алғашқы әрекеттерінің бірін 1950-1960 жылдары либералдық және неолибералдық экономикалық мектептердің зерттеушілері А. Мюллер-Арамак, А. Предоль, В. Репке болды. Либералдық көзқарастың өкілдерінің пікірінше, экономикалық интеграция арқылы мемлекеттер өз егемендігін сақтай отырып, еркін халықаралық саудаға қол жеткізуге болады деген тезисті ұсынады. Аймақтық интеграция құбылысы бұл бірнеше мемлекетті қамтитын біртұтас нарықтық кеңістік қалыптастыру үдерісі, онда нарықтық тетіктердің еркін әрекет етуі қамтамасыз етіледі. Зерттеушілердің пайымдауынша, еркін халықаралық сауда кооперация салаларын өздігінен біріктіріп, интеграциялық дамудың бағыты мен ырғағын айқындайды, ал бұл үдерісте арнайы ұлтүсті институттарды құру міндетті емес деп есептеледі.

Сонымен қатар, мұндай дамуға қол жеткізу үшін қаржы нарығының кеңеюіне себеп болатын алғышарттар ақша-қаржы саласына мемлекеттің араласуын жою қажет деп түсіндіреді. Бұл көзқарас өкілдерінің арасында интеграциялық үдеріске таза экономикалық көзқарастар басым болды. Әлеуметтік либерализм өкілдері өздерінің билігін әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру үшін пайдалану керек деген принципті ұстанды, олардың көрнекті өкілдері Дж.Дьюи, Саймон де Сисмонди және Фридрих Альберт Ланге қоғамның негізі бола отырып, адамдар өздерінің қабілеттерін жүзеге асыру үшін, білім және экономикалық мүмкіндіктер сияқты негізгі қажеттіліктерге қол жеткізе алады. Әлеуметтік либерализм экономикалық бәсекелестікке кейбір шектеулер енгізуді қолдайды. Ол сондай-ақ үкімет тарапынан барлық дарынды адамдардың дамуына жағдай жасау, әлеуметтік тәртіпсіздіктерге жол бермеу жалпы игілік үшін салық арқылы халықты әлеуметтік қорғауды қалайды.

Неолиберализмді жақтаушылар В.Репке, М.Аллаис толық интеграцияны аймақтық ауқымдағы біртұтас нарықтық кеңістік ретінде елестетті, мұнда стихиялық нарық күштері мемлекеттік саясатқа, ұлттық және халықаралық заңнамаға қарамастан әрекет етеді. Интеграция жағдайындағы ұлттық институттардың рөлі субъектілер үшін бәсекелестік жағдайларды сақтау мақсатында мемлекеттің аймақтық нарықтарға ықпал етуіне жол бермеу керек

деп санады. Саяси интеграцияның субъектісі ретінде мемлекетке көп деңгейлі функционалды саяси жүйені қалыптастыру рөлі жүктеледі. Ұлтүстілік ұғымы интеграциялық үдерістерге тікелей араласпайтын, бірақ ұлттық мемлекеттердің үстіндегі саяси төреші рөлін атқаратын құрылым ретінде қарастырылады. Әлеуметтік-экономикалық дамудың көрсеткіштері экономикалық өсім, жұмыспен қамту деңгейі мен халықтың өмір сүру сапасы – нарықтық механизмдердің әрекетіне тікелей тәуелді. Неолибералдық көзқарастың көрнекті өкілі ретінде неміс экономисі және Баварияның экономика министрі Л.Эрхардты атауға болады. Ол өзінің еңбектерінде «әлеуметтік нарықтық экономика» моделін ұсынып, бұл жүйенің басты мақсаты – қоғамның барлық топтарының әл-ауқатын арттыру екенін көрсетті. Сонымен бірге ол әлеуметтік әлсіз топтарды жұмыссыздар мен кедейлерді қорғау үшін нарықты белгілі бір шекте бақылауға алу қажет деп есептеді [107].

Кейінгі кезеңдегі неолиберализмнің өкілдерінің бірі, американдық зерттеуші Б. Балаша интеграция үдерісін мемлекеттің экономикалық салаға араласуының салдары ретінде емес, керісінше, саяси және экономикалық факторлардың ықпалымен жүретін көп деңгейлі даму сатысы ретінде қарастырады. Оның пікірінше, интеграция бұл мемлекеттің тікелей өнім емес, аймақаралық мемлекетаралық одақтардың қарапайым формадан күрделі құрылымдарға дейінгі даму эволюциясы. Ал Р. МакКоннелл мен С.Л. Брю интеграцияны бірнеше мемлекеттің нарықтарын еркін сауда аймағына біріктіру арқылы сауданы ырықтандыру жолындағы маңызды қадам ретінде сипаттайды [108]. П.Ф. Родидек интеграцияны халықаралық қатынастарда тәуелсіз субъектілердің арасында құзыреттері бар жаңа, кең ауқымды құрылымдардың пайда болуымен сипатталатын үдеріс ретінде қарастырады [109]. Балаша интеграцияға мемлекет тұрғысынан қарап, ұлттық экономикалық жүйеде кемсітушіліктің болмауын басты шарт ретінде атап көрсетеді.

Интеграция процесс ретінде әртүрлі ұлттық мемлекеттердің экономикасының арасындағы кемсітуді жоюға тиіс шараларды қамтыды. Халықаралық экономикалық интеграцияның концептуалды тәсілдерінің ішінде халықаралық экономикалық интеграцияның негізгі өзегі ірі экономикалық бірлік болып табылады деп есептеген С.Ролф, Ю.Ростоудың көзқарастарын айтуға болады. Олардың пікірінше, халықаралық экономика интеграциясына мемлекеттік реттеу емес, халықаралық корпорациялар әсер ете алады, олардың жұмысы әлемдік экономикалық қатынастардың ұтымды және теңгерімді дамуына ықпал етеді.

Интеграция мен әлеуметтік процестердің арақатынасын структурализм мектебі Г.Мюрдал, А.Маршал, П.Стриен, Ф.Перу түсіндірген интеграциялық теориядан байқауға болады. Олардың интеграцияға деген көзқарастары сыни көзқараспен сипатталды. Олардың көзқарастары интеграцияланған кеңістік капитал мен жұмыс күшін, тауарлар мен қызметтер қозғалысын толық ырықтандыру арқылы нарықтық механизмдерді мемлекеттік тұрғыдан реттеп ынталандырады деді. Бұл интеграция теориясындағы әлеуметтік аспект интеграцияланушы елдер халқының экономикалық әл-ауқаты мен теңдігі болып

табылады. Г. Мюрдалдың көзқарасы бойынша, ұлтүстілік интеграция шеңберінде негізгі алғышарт «мүмкіндіктер теңдігі» қағидатын сақтау болып табылады. Оның пайымдауынша, халықаралық интеграция аясында халықтың әлеуметтік теңдігін қамтамасыз ету мен әл-ауқатын арттыру үшін жекелеген мемлекеттердің даму деңгейін теңестіруге бағытталған нақты алғышарттар жасалуы қажет. Бұл ретте дамушы елдердің экономикасын алдыңғы қатарлы мемлекеттер деңгейіне көтеру ұзақ мерзімді перспективада жаһандық интеграцияның орнығуына негіз болады. Мюрдал бұл үдерісті әлемдік қауымдастықтың жалпы интеграциялық деңгейін бейнелейтін көрсеткіш ретінде қарастырды [110].

Экономикалық интеграцияны құрылымдық мектеп интеграцияға қатысушы елдердің экономикалық жүйесінде елеулі құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыру процесі ретінде ұсынады. Мұндай өзгерістер нәтижесінде экономикалық тепе-теңдікке негізделген жаңа интеграциялық тетіктер қалыптасады. Бұл мектептің өкілдері мұндай механизмдерді енгізу үшін нарықтық, саяси, экономикалық және институционалдық құралдарды кеңінен қолдану қажеттігін баса көрсетеді. Неокейнсиандық бағыттың көрнекті өкілі Р. Купер халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың түрлі артықшылықтарын тиімді пайдалану үшін әрбір елге мүмкіндігінше жоғары дәрежеде еркіндік беру керек деген тұжырым жасайды. Оның пікірінше, интеграциялық процестердің тиімділігін арттыру үшін әріптес мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатын өзара сәйкестендіріп, үйлесімділікке қол жеткізу қажет.Экономикалық саясатты өзара үйлестіру арқылы мемлекеттерді біріктіріп, ұлттық автономияны сақтау керек.

Интеграция теориясындағы неокейнсиандықтың бағытпен қатар дирижизм бағытын ұстанған Дж.Тинберген, Р.Санвальд, И.Столлер деген ғалымдар болды. Олардың сол кездегі интеграцияға қатысты ұстанған теориялары интеграциялық басқару концепциясы болды. Олардың көзқарастарындағы негізгі тұжырымдама мемлекеттің мемлекетаралық интеграциялық процестерге белсенді араласуына негізделген. Интеграциялық процестердегі нарықтық механизмнің рөлін жоққа шығарады. Халықаралық экономикалық құрылымдардың жұмысы интеграциялаушы тараптардың ортақ экономикалық әлеуметтік заңнама мен қаржы-несие саясатын үйлестіру негізінде мүмкін болады.

Тинбергеннің пікірінше, «интеграция халықаралық экономиканың ең қажетті құрылымын құру керек деп түсіндірді. Жасанды кедергілерді жойып инфрақұрылымның барлық элементтеріне интеграцияны саналы түрде енгізу керек екенін нақтылайды. «Экономикалық интеграция орталықтандырудың оңтайлылығын білдіретін экономикалық саясат» - болып табылады [111]. Дирижизм теориясында басты назар интеграцияның әлеуметтік факторларына берілді. Бұл мектептің өкілдері интеграцияның ең маңыздылығы интеграцияланушы елдердің үкіметтері арасындағы әлеуметтік-экономикалық саясаттың шараларын үйлестіру деп есептеді. Ян Тинберген өзінің «Халықаралық тәртіпті қайта қарау» деп аталатын еңбегінде әлемнің дамыған

елдері арасындағы теңгерімсіздікті туралыұсыныстар ұсынды. Бірақ оның «әділетті қоғамдық тәртіп» «гуманистік социализм» туралы арманы, білім беру, кедейшілікті жою, байырғы даму мен дұрыс экологиялық саясатты біріктіретін даму стратегиясы утопия болып қала берді. « Бұл дүние мүмкін емес және қажет емес. Оның мүмкін екеніне сену бұл ақылсыздық; оны жүзеге асыру үшін тұтыну мен даму үлгілерін өзгерту қажеттілігін мойындау дегенді білдіреді» [112]. Дж.Тинберген мен Дж. Пиндер интеграциялық процестерді жіктеу кезінде екі түрлі бағытты ажыратады: олардың бірі «негативті» интеграция, бұл негізінен кемсітушілік шараларды жоюға бағытталады, яғни кедергілер мен шектеулерді алып тастау арқылы еркін бәсекелестік ортаны қалыптастыруды көздейді. Ал екіншісі позитивті интеграция, ол саясаттарды үйлестіру және реттеу арқылы экономикалық мақсаттарға жету мен қоғамдық әл-ауқатты арттыруды басты мақсат етеді. Теріс интеграция ұлттық экономикалар арасындағы сауда кедергілерін жою шараларын қамтиды, бұл сөзсіз блок ішіндегі бәсекелестік принциптерінің шиеленісуіне әкеледі. Ал позитивті интеграция шешім қабылдаудың тиісті тетіктері бар жаңа институттарды құруды талап етеді және орталық басқарудың талаптарына сәйкес экономикалық саясаттың қолданыстағы құралдарын манипуляциялайды. Мүше мемлекеттердің экономикалық саясатын мақсатпен үйлестірудің негізгі міндеті жекелеген елдердің біркелкі емес экономикалық дамуын жұмсарту және оның оңтайлы құрылымын қамтамасыз ету.

Интеграция теориясының осы бағыттағы ғалымдары ұлтүсті өкілеттіктер берілген мемлекеттердің экономикалық, содан кейін саяси одағын құратындығы туралы қорытынды жасайды. Олар дүниежүзілік интеграциялық схеманы құру қажеттілігін алға тартады оның мәні мемлекеттік билікті үлкен аймақтық топтардың ұлтүсті органдарына біртіндеп беру арқылы әлемдік үкіметті құру болып табылады. XX ғасырдың 60-шы жылдары орын алған интеграциялық процестерді зерттеудің нарықтық-институционалдық бағыты пайда болды. Оның өкілдері М. Аллез, К. Майер және Р. Кремер аймақтық интеграция үдерісін жоққа шығармайды. Неокейнсиандық бағытты ұстанатын бұл ғалымдар мемлекеттердің интеграциялық үдерістерге белсенді араласуын қолдайды, атап айтқанда, мемлекетаралық монополияларды құру және дамыту арқылы нарықтық механизмдерді реттеуді ұсынады. Олар халықаралық экономикалық қатынастарды либерализациялауды қолдағанымен, либералдық мектептен айырмашылығы тек нарықтық заңдардың еркін әрекеті интеграциялық процестерді толық қамтамасыз ете алмайды деп есептейді. Экономикалық интеграция 1950 жылы Дж.Вайнердің «Кедендік одақ мәселесі» еңбегінің арқасында экономикалық теорияның дербес зерттеуге мүмкіндік берді. А.Товинас XX ғасырдың 90-жылдарының басында еркін сауда теориясының айқын жалғасы ретінде интеграция процесін зерттеудің маңызды бағыттарын атап өтті. Бұл тұжырымдама экономикалық процестерден ғана емес, сонымен қатар саяси тұрғыдан да қарастырылады. Интеграцияның саяси теорияларының бір бағыты, функционализм, саяси қатынастардағы әскери шиеленістерді жоюға және мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты арттыруға бағытталған.

Функционализм тұжырымдамасы бойынша, халықаралық ынтымақтастық пен интеграция бірқатар маңызды салаларда, мысалы, экономикалық, әлеуметтік немесе ғылыми-техникалық салаларда қызмет көрсету арқылы, біртіндеп саяси шиеленістерді төмендетуге және қарым-қатынастарды жақсартуға ықпал етеді.

Максимова М. «интеграция бұл әрі экономикалық, әрі саяси процесс деп атап өтіп интеграцияның экономикалық және саяси жақтары арасында тығыз байланысты талдады. Ұлттық шаруашылықтар арасындағы еңбек бөлінісінің тереңдей түсуі, олардың барған сайын жақындасуы мен өзара бейімделуі, аймақтық шаруашылық кешендерге бірігу үрдісі экономикалық интеграцияға жатады, ал саяси интеграция ол экономикалық қатынастар саласында бірлескен іс-әрекеттерді дамыту негізінде мемлекетаралық қатынастарды, үкіметтер арасындағы екіжақты және көпжақты қатынастарды қамтуы болып табылады» [113].

Зерттеуді тек біржақты қарастыру алынған теориялық қорытындылар мен олардың негізінде жасалған практикалық ұсыныстардың мәнін еріксіз бұрмалайды. Функционализмнің негізін салушылардың бірі Д.Митрани халықаралық интеграцияны талдауда бейбітшіліктің сенімді кепілі ретінде функционалдық негіздегі халықаралық қоғам құру мүмкіндігін атады. Ол мемлекеттер арасындағы қақтығыстарды шешу жолдарын ұсынды, «қолданыстағы мемлекеттік шекаралар шеңберінде халықтар мен мемлекеттерді жақындастыратын ынтымақтастық нысандарын құру» - керектігін талдады [114]. Функционализмді жақтаушылардың интеграциялық процестер туралы пайымдауларында кез келген адамның қажеттіліктері мен мүдделері ұлттық мемлекеттен басым. Д.Митрани мен неофункционалистердің теориялары халықаралық ұйымдардың ұлттық мемлекеттерден артықшылығын және олардың адамның қажеттіліктерін тиімдірек қанағаттандыра алатындығын білдіреді. Митрани функционализмнің негізінде халықаралық ұйымдардың адамдарға қызмет көрсету мүмкіндіктері бар екенін және олардың міндеттерін тиімді орындауға қабілетті екенін атап өтті. Функционализм интеграциялық процестердің дамуын функционалдық жүйе құру ретінде қарастырады, бұл жүйе саяси құрылымнан тәуелсіз жұмыс істей алады. Сонымен қатар, бұл процесс мемлекетаралық ынтымақтастықтың дәстүрлі жүйесінен функционалдық қауымдастыққа көшу ретінде түсіндірілді.

Неофункционализм өкілдері, мысалы, Э.Хаас, интеграцияның процестерін дамыта отырып, ұлттық бірегейліктің саяси факторларының өзара әрекеттесуін және олардың жаңа саяси қауымдастықтарға әкелетінін көрсетеді. Олар интеграцияны мемлекеттердің өкілеттіктерін халықаралық ұйымдарға беру арқылы жүзеге асырылатынын және бұл өз кезегінде жаңа саяси бірліктердің қалыптасуына мүмкіндік береді деп санайды. Неофункционалистер мен Митраний теориясы арасындағы айырмашылық интеграциялық процесті деполитизациялау туралы тезисті қабылдамауында жатыр. Неофункционалистер интеграцияны ұлттық мемлекеттік қауымдастықтар құруға әкелетін процесс деп түсінеді. Соның нәтижесінде интеграциялық үдеріске қатысушы мемлекеттер

өздерінің егемендіктерін бірте-бірте беріп жаңа қуатты ұлтүстілік институттар жүйесі құрылуда.

Осындай ұстаныстағы мектептің бағытына құрылымдық функционализм жатады. Бұл әлеуметтанудағы қоғамды әлеуметтік жүйе ретінде түсіндіретін әдіснамалық көзқарас. Құрылымдық функционализмнің негізгі идеясы әлеуметтік тәртіп идеясы, яғни кез келген жүйенің өз тепе-теңдігін сақтауға, оның әртүрлі элементтерін үйлестіруге және олардың арасындағы келісімге жетуге деген имманентті ұмтылыс болып табылдаы. Неофункционализмнің негізгі ерекшелігі интеграцияның егемендіктің бір бөлігін ұлттық мемлекеттен ұлтүсті құрылымдарға беру арқылы жүзеге асырылатыны. Э.Хаас пен Л.Линдберг осы процесті прагматикалық детерминизм тұрғысынан түсіндіреді, яғни олардың пікірінше, интеграцияның материалдық пайдасы, әсіресе аймақтық деңгейдегі басқарылатын интеграцияның артықшылықтары айқын көрінеді. Олар интеграцияны тек экономикалық ынтымақтастықпен шектемей, оны саяси ынтымақтастыққа жеткізуді алға тартты. Саяси ынтымақтастық экономикалық ынтымақтастық арқылы жүзеге асырылады деп есептейді.

Әлеуметтік интеграция тұрғысынан, қоғамды қоғамның көп түрлі тұстарынан қалыптасатын және ортақ құндылықтар жүйесімен ұштасатын тоқылған берік мата ретінде көреді. Бұл қоғамның түрлі бөліктері арасындағы үйлесімділікті және азаматтардың ортақ келісім негізінде өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету мақсатында маңызды болып табылады. Бұл кез келген экономикалық келісімдердің саяси сипатқа ие болуы мүмкіндігін білдіреді. Неофункционализм концепциясындағы экономикалық және саяси аспектілердің табиғаты қайта таралу түсінігімен түсіндіріледі. Оның мәні бастапқы мақсатқа жету үшін жаңа әрекеттерді қабылдағанда ғана көмектесетін жағдайды тудырады. Алайда таралу процесінің мәні жай ғана мемлекеттер арасындағы өзара тәуелділікті ғана емес, экономикалық интеграция ұлтүсті реттеуші органды құруды талап етеді. Неофункционализм бойынша интеграцияның даму процесі кезең-кезеңмен жүреді және оның экономикалық кезеңі саяси ынтымақтастықты қолдайды. Мұнда экономикалық ынтымақтастықтың әртүрлі деңгейлерінің дамуының тізбегі анықталады, яғни еркін сауда аймағынан бастап кеден одағына, ортақ нарыққа, содан кейін экономикалық және валюталық одаққа дейінгі өту «таралу» процесі ретінде қарастырылады. Бұл кезеңдердің барлығы біртіндеп өзара байланысты болады, себебі экономикалық ынтымақтастық саяси ынтымақтастыққа негіз болады, ал саясат экономиканың дамуын бағыттайды [115].

Әлеуметтік аспектілер тұрғысынан неофункционалистер интеграцияны әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру процесі ретінде түсінеді. Бұл әлеуметтік топтар арасында жаңа байланыстар мен өзара тәуелділіктер қалыптастырады, және халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған. Осылайша, интеграция материалдық мүдделерді қанағаттандыруға және қоғамдағы әлеуметтік теңдікті арттыруға ұмтылады.

Экономикалық өзара іс-қимылдың пайдасы болашақта экономикалық ынтымақтастық әртүрлі саяси институттарды, соның ішінде ұлтүсті

институттарды қажет етеді. Неофункционалистер интеграцияны материалдық мүдделерді қанағаттандыруға бағытталған процесс деп түсіндіреді. Федерализм теориясының өкілдері А.Спинелай, К.Фридрих, К.Этциони, К.Уиэр. Функционалистер саяси институттарға маңызды рөл бөлсе, федералистер оларды өз теориясының негізі ретінде алады. Федерализм классигі К.Уэрдің пікірінше, федерализмдегі басты принципі ол құқықтық принцип егемендік басқару деңгейлері арасында заңды [116] болып табылады. Интеграция федерализм бағытының түсіндіруі бойынша басқарудың екі деңгейін құруды талап етеді, олар үйлесімді түрде жұмыс істейді - тұтастай федералдық деңгейде және бөліктерді реттейтін үкімет мемлекеттік деңгейде болады.

Мемлекет билікті ұйымдастырудың бір сатысы болып, әлемнің саяси бытыраңқылығының салдарын білдіретін фактор ретінде көрсетті. Федерализмнің мақсаты әртүрлі саяси құрылымдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрін сақтау, оның мәні бірлікке ұмтылмайтын одақ құру болып табылады . Федерализм теориясында негізгі назар ұлттық бірлікті сақтай отырып, мемлекеттердің автономиясын қамтамасыз етуге бағытталған. Федеративтік мемлекетте әрбір құрамдас бөлік мемлекет, аймақ, провинция өз еркіндігін сақтап қалады, бірақ олар ортақ мүдделер мен жалпы мақсаттарды жүзеге асыру үшін кейбір өкілеттіктерін орталық билікке береді. Федерациядағы әрбір мүшенің құқықтары мен міндеттері заңды тұрғыдан теңестірілген, ал мемлекеттік басқару жүйесінде орталық және аймақтық билік арасындағы дұрыс үйлесімділік сақталады.

Федерализм теориясында әлеуметтік факторлар маңызды орын алады. Федералды мемлекет құрудың табысты болуы үшін халықтың әл-ауқаты, жоғары әлеуметтік стандарттар мен адамның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері маңызды шарттар ретінде қарастырылады. Бұл шарттар адамдардың мемлекеттік құрылымға деген сенімін арттырып, тұрақты және тиімді саяси жүйенің қалыптасуына ықпал етеді.Осылайша, федерализм тек құқықтық құрылым ғана емес, ол әлеуметтік даму мен халықтың әл-ауқатының жоғары деңгейіне бағытталған саясатты қажет етеді[117].

Коммуникация мектебі саяси интеграция саласындағы саяси ойлардың тағы мектебі болды. Бұл концепцияның негізін салушы американдық саясаттанушы К.Дойч болып саналады. Ол дүниежүзілік қоғамдастықты әртүрлі саяси топтардың жиынтығы ретінде қарастырды, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу процесінде орындау механизмдерінің болуы және жеңілдіктер жасау мүмкіндігі ие деп талқылады. Интеграцияны құруға басты назар неге аудару керек?- деген сұраққа қауіпсіздік қоғамдастығын құрудың шарттары мен жолдарына назар аударыңыз деген пікірді ұстанды. К.Дойч интеграцияның қозғаушы күштерін тек мемлекетпен шектемей, партиялық жүйелерді, саяси қысым топтарын және ішкі саяси өмірдің басқа да қатысушыларын да қосады. Ол интеграцияның сыртқы сатысына тек қауіпсіздік қоғамдастығы құрылып, мемлекеттердің арасында сенім мен тұрақтылық қалыптасқан кезде ғана жетуге болады деп есептейді. Оның теориясы бойынша, ішкі саяси процестер мен халықаралық ынтымақтастық арасындағы байланыс тығыз әрі параллельді түрде

дамиды. Бұл дегеніміз, елдің ішкі саяси өмірі мен сыртқы интеграциялық бастамалары бір-біріне тәуелді және бірін-бірі қолдай отырып, интеграциялық процесті жүзеге асырады, мемлекеттер «мемлекеттер тобы» болып табылатын «қауіпсіздік қоғамдастығын» құрған кезде бір-бірімен интеграцияланудың елеулі деңгейіне жеткен және белгілі бір қауымдастықтың (бірліктің) қажеттілігін түсінеді» [118]. Коммуникациялық мектептің өкілдері интеграцияланған қауымдастыққа қол жеткізу үшін бірнеше маңызды шарттарды анықтаған. Олардың пікірінше, интеграцияның табысты болуы үшін келесі факторлар қажет:

1. Саяси саладағы негізгі құндылықтардың үйлесімділігі мемлекеттер арасындағы саяси тұрақтылық пен өзара түсіністік негізінде тығыз экономикалық байланыстар орнату керек.
2. Интеграция субъектілерінің ортасында әкімшілік-саяси мүмкіндіктердің өсуі әкімшілік және саяси шешімдерді қабылдау қабілеті артады, бұл интеграция процесін қолдау үшін маңызды.
3. Қарқынды экономикалық өсу интеграция барысында экономиканың қарқынды дамуы маңызды, себебі бұл елдер арасындағы ынтымақтастықтың тұрақтылығын арттырады.
4. Әртүрлі аумақтар арасындағы қоғамдық коммуникациялардың болуы елдер арасында әлеуметтік және қоғамдық байланыстардың кеңеюі интеграциялық процеске ықпал етеді.
5. Интеграция субъектілері арасындағы коммуникациялардың көптігі тұрақты және тиімді коммуникациялардың болуы ынтымақтастықты нығайтады.
6. Коммуникациялардың паритеттік өзара сипаты, интеграциялық кеңістіктегі саяси топтардың бірқалыпты өзгеруі және субъектілердің мінез-құлқының болжамдылығы бұл өзара қарым-қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді, әрі интеграциялық процестің табысты дамуына ықпал етеді [121].

Бұл факторлар интеграцияның тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етіп, мемлекеттің бір-біріне деген сенімін арттырады. Олар сондай-ақ мұндай қоғамды құрудағы маңызды рөлді әлеуметтік факторларға жүктеді. Ю.Шишков, В.Зуев, Ю.Борко, М.Максимова, И.Соколов, О.Родионовалардың зерттеулері бойынша интеграциялық процестердің материалдық негізі бір мезгілде интеграциялық процестер эволюциясының қозғаушы күші ретінде әрекет ететін өндіріс пен капиталды интернационалдандыру болып табылады. Барановский В.Г. Н.П. Шмелев нақты халықаралық интеграцияның қажетті шарты интеграцияланушы мемлекеттердің экономикалық дамуының жоғары деңгейі мен саяси қатынастарының үйлесуі деп көрсетеді [119].

Е.Ф. Авдокушиннің пікірінше, экономикалық интеграцияның басты мақсаты елдердің әлеуметтік экономикалық параметрлерін сәйкестендіру және өндірісті интернационалдандыруды жеделдету үшін жағдай жасау. Дегенмен, ресми интеграция әрқашан тиімді бола бермейді. Авдокушин атап өткеніндей, халықаралық еңбек бөлінісіне қатысатын елдер бір-біріне жұмыс істегенде ғана пайда болады, бірақ олардың өндіріс шығындары әр түрлі болуы мүмкін, бұл

интеграцияның сәттілігін шектейді. Бұл жағдай халықаралық ынтымақтастықтың жүзеге асырылуындағы кедергілерді көрсетеді. О.А.Родионова экономикалық интеграцияны шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірігуіне, олардың бір-біріне бейімделуіне және өзара әрекеттесуінің тереңдетілуіне жету ретінде түсіндіреді. Бұл үдеріс салааралық өзара әрекеттесу мен алмасудың үйлесімді дамуына ықпал етеді, яғни интеграцияның негізгі принциптерінің бірі экономикалық, әлеуметтік және институционалдық факторлардың үйлесімі.

Б.Е. Фрумкин интеграцияның мәнін табиғи ресурстар мен экономикалық әлеуетті бірлесіп пайдалану мүмкіндіктерінде көреді, ал Ю.В. Шишков экономикалық интеграцияның үш негізгі аспектісін бөліп көрсетеді: өндірістік-техникалық, экономикалық және саяси-құқықтық. Бұл аспектілердің үйлесімі интеграциялық процестердің тиімділігін қамтамасыз етеді, өйткені олар ұлттық экономика арасында байланыстардың үздіксіз дамуына алып келеді. Мұндай интеграцияда меншік қатынастары мен шаруашылық қызмет нәтижелерінің алмасуы ұлттық өндіріс процестерін біріктіруге әкеледі. Бұл тұжырымдамалар интеграцияның терең, жан-жақты процес екенін және оның тек экономикалық емес, сондай-ақ саяси, әлеуметтік және құқықтық факторларға да тәуелді екенін көрсетеді.

Өндірістегі ұлттық шаруашылықтардың өзара тәуелділігінің жоғары дәрежесі мұндай аймақтардағы мемлекеттердің экономикалық саясатын үйлестіру қажеттілігін туғызады, олардың мақсатты іс-әрекеттерін халықаралық тұрғыдан үйлестіреді, экономикалық және әлеуметтік процестерді реттейді. Интеграциялық процестердің прогрессивті дамуы ұлттық саясатты келісімді үйлестіруге және біріздендіруге әкеледі, оны жүзеге асырудың әдістері мен құралдары, олардың бірыңғай нысандарын әзірлейді. Аймақтық интеграцияның дамуы белгілі бір саяси, экономикалық және құқықтық шарттарды талап етеді. Осы шарттар мен алғышарттардың арасында бірнеше маңызды элементтерді атап өтуге болады:

1. Мемлекеттердің саяси еркі интеграцияның табысты болуы үшін қатысушы елдер арасында саяси ерік болуы маңызды. Бұл ерік интеграциялық үдерістерге шынайы ықылас пен ынта білдіруді талап етеді. Қатысушы елдер интеграцияның саяси мақсатын түсінуі және қолдауы қажет.
2. Жетекші елдердің болуы интеграциялық үдерістерді бастау және жүзеге асыру үшін бір немесе бірнеше жетекші елдің болуы қажет. Бұл елдер экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етіп, интеграция процесінің басында маңызды рөл атқарады.
3. Экономикалық саясатын үйлестіру интеграцияға қатысушы елдер арасында экономикалық саясаттың үйлесімділігі қажетті шарт болып табылады. Экономикалық саясаттың үйлестіруі сауда, қаржы, еңбек нарығы сияқты салаларда бірқатар ортақ шешімдер қабылдауды талап етеді.
4. Ұлттық заңнамалар мен құқықтық нормаларды жақындату интеграция процесі кезінде ұлттық заңдардың біртұтас құқықтық негізге

бейімделуі маңызды. Бұл құқықтық үйлесімділік саяси және экономикалық ынтымақтастықты тиімді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

5. Интеграциялық үдерістерді реттеу және басқарудың бірлескен органдарын дамыту аймақтық ауқымда интеграциялық процестерді басқару үшін арнайы органдар құрылуы керек. Бұл органдар саясатты үйлестіру, заңнамаларды реттеу және экономикалық байланыстарды қолдау үшін қажет.

Аймақтық интеграцияның тиімді жүзеге асуы үшін осы шарттардың барлығы өзара байланысты болуы керек. Сонымен қатар, елдер арасындағы саяси және экономикалық мүдделердің үйлесімділігі интеграцияның негізі болып табылады. Дамудағы айқын табыстар бірқатар мемлекеттердің интеграциялық бірлестіктерге кіруге деген ұмтылысының пайда болуынан тұратын демонстративті әсер. ұл аймақтық интеграцияның дамуын талдау моделі бірнеше маңызды кезеңдерді қамтиды, әр кезең интеграция деңгейінің өсуін және мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуді білдіреді. Модельдің әрбір деңгейінде жаңа құрылымдар мен ынтымақтастық институттары пайда болады:

1. Бірінші деңгей бұл кезеңде елдер әлі де өзара жақындасу жолында алғашқы қадамдар жасауда. Олар арасында преференциялық сауда келісімдері жасалады, яғни екі жақты негізде белгілі бір тауарларға қолайлы сауда режимін қамтамасыз етуге бағытталған келісімдер жасалады. Бұл кезең интеграцияның дайындық сатысы болып табылады және кедендік тарифтерді сақтауға негізделеді.

2. Екінші деңгей еркін сауда аймағын құру. Бұл кезеңде елдер үшінші елдермен қарым-қатынаста ұлттық кедендік тарифтерді сақтай отырып, ішкі саудада тарифтерді жоюды келіседі. Еркін сауда аймағы тек белгілі бір тауарлар мен қызметтерге қатысты болады, мысалы, ауылшаруашылық өнімдері оған кірмейді. Еуропалық еркін сауда қауымдастығы (ЕАЭҚ) осы кезеңнің классикалық үлгісі болып табылады.

3. Үшінші деңгей кеден одағының құрылуы. Бұл кезеңде елдер біріңғай кедендік тарифті қабылдайды және сыртқы саудада бірыңғай саясатты іске асырады. Кеден одағы тауарлардың еркін қозғалысын қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекетаралық органдардың дамуын талап етеді.

4. Төртінші деңгей ортақ нарық. Бұл кезеңде елдер арасында тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысы туралы келісім жасалады. Экономикалық саясатты үйлестіру үшін мемлекетаралық үйлестіру органдары құрылады. Бұл кезеңде мемлекеттің саясаты мен экономикасы интеграцияға қарай біртіндеп үйлестіріледі.

5. Бесінші деңгей экономикалық одақ. Бұл кезеңде интеграция ең жоғары деңгейге жетеді, елдер өздерінің экономикалық және макроэкономикалық саясаттарын үйлестіреді, ортақ кедендік тарифті, валюталық және бюджеттік саясатты біріздендіреді. Мұнда мемлекеттер өздерінің егемендігінің бір бөлігін ұлтүсті органдарға береді, бұл шешімдер қабылдауды жеделдету және оңтайландыру үшін маңызды. Еуропалық Одақтың тәжірибесінде бұл деңгейде ЕО комиссиясы маңызды рөл атқарады. Бұл

деңгейлер интеграциялық процестердің әртүрлі сатыларын көрсетеді, әр деңгейде ынтымақтастықтың тереңдігі мен құрылымы күрделене түседі. Интеграцияның әр кезеңі жаңа ұйымдар мен механизмдерді қажет етеді, бұл интеграцияланған елдер арасында саяси және экономикалық ынтымақтастықты жақсартады.Валюталық одақ бұл экономикалық одақтың нысаны әрі оның негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Валюталық одаққа тән сипаттамалар мыналар:

1. Қатысушы елдердің ұлттық валюталарының келісілген (немесе бірлескен) айналымы;
2. Қатысушы мемлекеттердің орталық банктері тарапынан келісім негізінде тіркелетін және мақсатты түрде қолдау табатын валюта бағамдарының енгізілуі;
3. Бірыңғай өңірлік валюта құру;
4. Осы халықаралық валюта бірлігінің эмитенті ретінде әрекет ететін бірыңғай өңірлік банктің құрылуы.

Дамушы елдер жағдайында валюталық одақ, көбіне, клирингтік келісімдер түрінде жүзеге асады. Бүгінгі таңда «Еуроаймақ» деп аталатын аймақ валюталық одақтың ең жарқын мысалы болып табылады. Ұлттық үкіметтердің үшінші елдермен қарым-қатынастарындағы өз функцияларының басым бөлігін ұлттан жоғары органдарға беруін көздейтін саяси одақ интеграциясының алтыншы деңгейінің болуы түбегейлі мүмкін. Бұл іс жүзінде халықаралық конфедерацияның құрылуын және жекелеген мемлекеттердің егемендігінен айырылуын білдіреді. Алайда, бірде-бір интеграциялық топ мұндай даму деңгейіне жету түгіл алдына мұндай міндеттер де қойған жоқ. Дүние жүзінде бар интеграциялық топтамалардың көпшілігі интеграциялық процестің екінші және үшінші сатыларынан өтіп, формалды интеграция сатысында тұр.

Интеграция ол көп деңгейлі процесс, әр деңгейде ұлттық экономиканың әртүрлі салаларын, ал келешекте мемлекеттік басқару салаларын біріктіруді қамтамасыз етеді. Интеграция процесі жекелеген экономикалардың құрылымы мен дамуындағы айырмашылықтарға байланысты кезең-кезеңімен жүреді. Әр деңгейде интеграциялық процестердің тиімділігі мен тереңдігін бағалаудың өзіндік критерийлері бар, ұлттық мемлекеттердің экономикаларының өзара ену дәрежесі туралы айтуға мүмкіндік береді. Бұл схемада әрбір алдыңғы кезең келесі кезеңнің логикалық алғышарты ретінде қарастырылады. Аймақтық интеграцияның дамуы экономикалық одақтан саяси одаққа (бірлесуге) қарай үдемелі қозғалыс ретінде сипатталады. Осы үдерістің нәтижесінде халықаралық қатынастардың жаңа сапасы қалыптасады. Әрбір кезең экономикалық және саяси жақындасу үдерістерінің өзара бірлігінде жүзеге асады. Кезең-кезеңімен бес кезеңдік даму схемасында топқа қатысушы елдердің экономикалық бірігуінің бір кезеңінен екіншісіне өтуі алдағы уақытта міндетті түрде саяси жақындасуына әкелуі әбден мүмкін деген пікірлерде бар. Мұндай өзара әрекеттестік неге апаруы мүмкін. Олар:

ЕО (Еуропалық Одақ) және басқа да интеграциялық бірлестіктер тәжірибесі мына маңызды үрдістерді көрсетеді:

Мемлекетаралық шиеленістерді болдырмау үшін өзара аумақтық талаптардан бас тарту қажеттігін;

Әскери-саяси бейтараптықты сақтау және бірлестік аясында тәуелсіз одақтарға қатысудан шет тұру арқылы сенім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге ұмтылу;

Серіктес елдерге қарсы бағытталмаған, керісінше ынтымақтастық пен өзара тиімділікке негізделген саясат жүргізудің маңыздылығын;

Ішкі және сыртқы саясатты үйлестіру арқылы ортақ мақсаттар мен құндылықтар негізінде біртіндеп саяси бірлестікке көшу мүмкіндігін;

Ұлттық егемендіктің кейбір элементтерінен ерікті түрде бас тарта отырып, оларды ортақ институттарға беру негізінде ұлтүсті құрылымдарды қалыптастыру қажеттігін.

Бұл тәжірибе интеграциялық үдерістердің тек экономикалық емес, саяси, құқықтық және құндылықтық үйлесімге де негізделуі керектігін айқын көрсетеді. Осылайша, ЕО сияқты құрылымдар ортақ мүдделер мен ұзақ мерзімді тұрақтылыққа бағытталған жаңа халықаралық тәртіп үлгісін қалыптастырады. Алдымен үйлестіру функциялары бар арнайы органдардың құрылуы (еркін сауда аймағы кезеңі). Содан кейін әкімшілік-бақылау функцияларымен мемлекетаралық интеграция процесін жетілдірудің ажырамас шарты болды. Мұндай органдар шынымен де кеден одағы кезеңінде жұмыс істей бастады, қатысушы елдердің бірлескен іс-әрекеттерін үйлестіріп және үшінші елге қатысты ортақ сыртқы саясат жүргізу қажеттілігі туындаған кезде өз жұмыстарын көрсетеді.

А.Максимова аймақтық интеграцияның экономикалық және саяси аспектілерінің диалектикалық бірлігін атап өтеді. Ұлттық шаруашылықтар арасындағы еңбек бөлінісіндегі экономикалық байланыстар, олардың барған сайын жақындасуы мен бейімделуі, аймақтық шаруашылық кешендеріне бірігу үрдісі туралы айтылады. Саясат мемлекетаралық қатынастарды, экономикалық қатынастардың белгілі бір саласында бірлескен әрекеттерді дамыту негізінде үкіметтер арасындағы екіжақты және көпжақты келісімдерді қамтиды. Тұрақты және қарқынды экономикалық интеграцияны дамытудың ең алдымен екі және көпжақты қатынастар бойынша қатысушы мемлекеттердің белгілі бір саяси консенсусына әкеледі. Интеграциялық процестің дамуы ішкі логикаға және белгілі бір реттілікке ие халықаралық көлемдегі экономикалық интеграцияның өзіндік даму логикасы бар. Еуропалық Одақ пен өзге де интеграциялық бірлестіктер тәжірибесі көрсеткендей, ұлттық экономикалардың үйлесімділігі мен біртұтастығы аймақтық дамудың алғышарты болып табылады. Мұндай бірлестік тек саяси ерік пен институционалдық тетіктердің дамуын ғана емес, сонымен қатар экономикалық әлеуетті тиімді біріктіруді талап етеді. Ұлттық экономикаларды біртұтас экономикалық блокқа біріктіру экономикалық қызметтің тиімділігін арттырудың, өндірістік факторлардың ұтқырлығын қамтамасыз етудің, бәсекелестік артықшылықтарды пайдаланудың, ресурстарды тиімді бөлудің және шаруашылық қызметті үйлестірудің негізгі шарты болып табылады.

Интеграция дербес процесс ретінде тарихи тұрғыдан экономикалық не болмаса саяси тұрғыдан қарастырылып келді. Интеграцияның әлеуметтік себептері әдетте халықтың әл-ауқаты, өмір сүру деңгейі ретінде түсіндірілді, олар интеграцияның түпкілікті мақсатын жүзеге асырудың қажетті құрамдас бөлігі болды. Барлық концепцияларда интеграцияның әлеуметтік факторлары аймақтық интеграцияға қатысушы елдердің саяси және экономикалық мотивтеріне тәуелді ету белгісі біріктіріп отыр. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде интеграция елдердің экономикалық саяси бірігу процесін білдіреді, олар терең тұрақты экономикалық қатынастарға негізделген. Аймақтық интеграцияның әлеуметтік бағыты оның тек экономикалық емес, сонымен қатар адами өлшемге негізделгенін көрсетеді. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік теңсіздікті азайту, білім мен денсаулық сақтау салаларында қолжетімділікті кеңейту интеграцияланған аймақтардың маңызды стратегиялық басымдықтарына айналуда.

Мұндай мақсаттар экономикалық ынтымақтастықтың нәтижесі ретінде ғана емес, сонымен қатар тұрақты дамудың, қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың басты кепілі ретінде бағаланады. Осыған байланысты интеграцияланған бірлестіктердің табысты дамуы үшін әлеуметтік саясаттың нақты тетіктері мен ортақ стандарттарын қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Интеграциялық топтың жарқын мысалы, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейіне елеулі көңіл бөле отырып, әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады. Неофункционализм қағидаттарына негізделген интеграция басқа елдерге оң ықпалдастықтың үлгісін көрсете алады, себебі ол саяси-экономикалық және әлеуметтік факторлардың сауатты үйлесіміне негізделген.

Түркі мемлекеттерінің ұйымы түркі халықтарының өркениеттік, тілдік және геосаяси қауымдастығына негізделген аймақтық бірлестік. Оның тұжырымдамасы өркениеттік аймақшылдық, геосаяси интеграция және экономикалық прагматизм элементтерін біріктіреді. ТМҰ өркениеттік негізі өркениет теориясының призмасы арқылы қарастырылуы мүмкін, атап айтқанда, Сэмюэл Хантингтон (Өркениеттер қақтығысы) және Арнольд Тойнбидің (өркениеттік циклдар теориясы) көзқарастарына негіздеуге болады. Түркі өркениеті ортақ тілдік және мәдени мұра біріктірген жеке макроөңір ретінде қалыптасты. Түркия еуропалық, Таяу Шығыс және түркі дәстүрлерін байланыстыратын «өркениет өзегі» қызметін атқарады. ТМҰ мәдени және өркениеттік жаңғыру және жаһандық саясаттағы түркі бірегейлігінің рөлін күшейту құралы деп санауға болады.

Ал ТМҰ ны геосаяси концепция тұрғысынан алсақ, геосаяси теориялар шеңберінде ТМҰ аймақтық интеграциялық көзқарас (Эрнест Хаас, Джозеф Ней) және көпполярлық теориясы тұрғысынан қарастыруға болады. Біріккен аумақтық аумақ аймақтық билік орталығы ретінде: ұйым Батыстан, Ресейден және Қытайдан көбірек автономия алуға ұмтылады. Орта дәліз геосаяси ось ретінде: Еуропа мен Азия арасындағы көлік жолы ТМҰ-ны халықаралық саудадағы маңызды ойыншыға айналдырады. Үлкен державалар арасындағы тепе-теңдік тұрғысынан ТМҰ өзін Ресейге немесе Қытайға қарсы жоба ретінде

көрсетпейді, дегенмен өз алдына тәуелсіздікке ұмтылады. Біріктірілген аумақтық қауымдастықтың Роберт Кеохан, Дуглас Норттың экономикалық теориясы тұрсынан қарастырсақ, экономикалық тұрғыдан алғанда, ТМҰ неолибералдық институционалистік перспектива арқылы қарастырылуы мүмкін. Экономикалық институттарды (Түркі инвестициялық қоры) құру экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Орта дәліз экономикалық интеграция факторы ретінде логистиканың дамуы ТМҰ ны болашақта ЕО немесе ЕАЭО аналогына айналдыра алады. Нарықтарды әртараптандыру тұрғысынан ТМҰ елдері ЕО және араб мемлекеттерімен байланыстарды дамыту арқылы Қытай мен Ресейге тәуелділігін азайтуға ұмтылады.

Біріктірілген аумақтық қауымдастықтардың саяси-құқықтық түсінігі ретінде регионализм теориясы тұрғысынан (Бенуа, Беме) ТМҰ интеграцияның үш кезеңінен өтті: Ол бірінші кезеңі мәдени интеграция (түркі мұрасын сақтау, тілді танымал ету), екінші кезеңі, экономикалық үйлестіру (Түркі инвестициялық қоры, бірлескен көлік жобалары), үшінші кезеңі, саяси интеграция бірыңғай сыртқы саяси бағытты қалыптастыру. Қазіргі уақытта біріктірілген аумақтық қоғамдастық дамудың екінші кезеңінде тұр, бірақ болашақта ол ұлтүстілік ынтымақтастыққа бет алуы мүмкін. ТМҰның интеграциялық теориялық концепциясын өркениеттік көзқарас тұрғысынан талдасақ (сәйкестік), геосаясатты (көпполярлылық) және экономикалық прагматизмді (сауда, инфрақұрылым) тұрғысынан біріктіреді.

Түркі мемлекеттері ұйымы ТМҰ өз дамуында аймақтық интеграцияның бірнеше теориялық тәсілдерін біріктіреді, оның қалыптасу процесі көптеген факторларға, соның ішінде экономикалық, саяси, мәдени және геосаяси аспектілерге байланысты. ТМҰ үшін қолданылатын негізгі теориялық түсініктерге тоқталатын болсақ, бірінші ол үкіметаралық (реалистік) көзқарас; біріккен аумақтық аумақ мемлекетаралық ынтымақтастық қағидаттарына негізделген, мұнда егеменді елдер өздерінің ұлттық мүдделеріне негізделген шешімдер қабылдайды. Екіншіден, интеграция консенсус пен ерікті келісімдер арқылы, қуатты ұлтүсті институттар құрылмай жүзеге асырылды. Үшіншіден, мүше мемлекеттер (Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан) бір орталыққа айтарлықтай өкілеттіктерді беруге дайын емес. Мысалы, ЕО-дан айырмашылығы, ТМҰ ға мүше елдер үшін қатаң міндеттемелер жоқ, шешімдер өзара тиімді ынтымақтастық негізінде қабылданады.

Аймақтық экономикалық интеграция теориясы (Бела Баласса) тұрғысынан талдайтын болсақ, біріктірілген аумақтық қауымдастық әлі де экономикалық интеграцияның бастапқы сатысында және еркін сауда аймағын құруға бет бұруда. Қатысушылар көлік, энергетика және инвестициялық ынтымақтастықты қоса алғанда, экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға ұмтылуда. Мысалы, Орта дәлізді (Транскаспий бағыты) дамыту бастамалары және Бірыңғай Түркі инвестициялық қорының ұсынылып отырған идеясын айтуға болады. Гегемондық тұрақтылық теориясы тұрғысынан, Түркия экономикалық және саяси жақындасу идеяларын алға жылжытатын интеграцияның «локомотиві» рөлін атқарып отыр, дегенмен Түркияның ықпалы

абсолютті емес, өйткені Қазақстан мен Әзірбайжан да негізгі аймақтық актор ретінде әрекет ете алады. Мысалы, Анкара біріккен аумақтық қауымдастықтарды белсенді түрде ілгерілетуде, бірақ Қазақстан мен Әзірбайжан энергетика саласында баламалы бастамаларды қалыптастырып өз бағыттарын ұсынады. Ашық аймақшылдық теориясы тұрғысынан талдайтын болсақ, ТМҰ автаркияға ұмтылмайды, керісінше, сыртқы серіктестермен, соның ішінде ЕО, Қытай, Таяу Шығыс және ТМД елдерімен ынтымақтастықтарға да бағытталған. Экономикалық интеграция ашық сауда және жаһандық өзара тәуелділік қағидаттарына негізделген. Қазақстан Қытаймен белсенді сауда-саттық жүргізсе, Түркия Еуропа мен Таяу Шығыстағы ықпалын күшейту үшін ТМҰ пайдалануға ұмтылуда.Түркі мемлекеттері ұйымы өз дамуында үкіметаралық көзқарас, аймақтық экономикалық интеграция, гегемондық тұрақтылық және ашық аймақшылдық элементтерін біріктіреді. Біріктірілген аумақтық қауымдастық қатаң белгіленген үлгіні ұстанбайды, икемді интеграциялық бірлестік болып қала отырып, экономикалық және геосаяси шындыққа бейімделеді.

Осы параграфымызды қорытындылай келе, аймақтық интеграция теориясы халықаралық қатынастар ғылымында бірнеше тұжырымдамалар арқылы түсіндіріліп келеді. Солардың ішінде неофункционализм, аймақтық қауіпсіздік кешендері теориясы және өркениеттік интеграция тұжырымдамасы қазіргі түркі кеңістігіндегі интеграциялық үдерістерді зерделеуде ерекше мәнге ие. Біріншіден, неофункционализм теориясы аймақтық ұйымдардың бір саладағы ынтымақтастығының біртіндеп басқа салаларға таралуын («spillover effect») айқындайды. Бұл қағида ТМҰ-ға да тән, бастапқыда мәдени-гуманитарлық байланыстар басым болғанымен, уақыт өте келе ынтымақтастық экономикалық, көлік-логистикалық және саяси бағыттарға да кеңейді.

Екіншіден, бұл тұжырымдамалар мемлекеттердің ұлттық мүдделерін басым қоя отырып, интеграцияға өзара келісім арқылы қадам басатынын түсіндіреді. ТМҰ осы үлгіге толық сәйкес келеді, өйткені ұйымға мүше елдер қатаң міндеттемелерді емес, икемді әріптестік тетіктерін таңдады. Бұл тәсіл посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер үшін қолайлы болып, ынтымақтастыққа қосылу деңгейін әр елдің мүмкіндігіне қарай бейімдеуге жол ашты.

Үшіншіден, аймақтық қауіпсіздік кешендері теориясы (Barry Buzan) аймақ мемлекеттерінің өзара қауіпсіздік мәселелерін шешуде бір-біріне тәуелді бола бастайтынын көрсетеді. Түркі мемлекеттері де сыртқы геосаяси сын-қатерлер жағдайында ынтымақтастықты тереңдетуге мәжбүр болып отыр. Қазақстан мен Түркияның әскери-саяси диалогы мен қауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылы осы үрдістің нақты көрінісі.

Төртіншіден, өркениеттік интеграция тұжырымдамасы ортақ тарихи-мәдени құндылықтар мемлекеттерді жақындастыратын фактор екенін айқындайды. Түркі мемлекеттерінің интеграциялық әлеуеті дәл осы өркениеттік негізге сүйеніп отыр: тілдік және мәдени бірегейлік ұйымның әлеуметтік-психологиялық тұтастығын қамтамасыз етуде. Қорытындылай келгенде, аймақтық интеграцияның теориялық тұжырымдамалары ТМҰ-ның эволюциясын жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді. ТМҰ-ның тәжірибесі

көрсеткендей, интеграция тек экономикалық қажеттіліктен емес, сонымен қатар тарихи-мәдени ортақтықтан, аймақтық қауіпсіздік мүдделерінен және мемлекеттердің өзара келісімге негізделген саяси еркінен туындайды. Бұл Қазақстан мен Түркияның белсенді рөлін айқын көрсетіп, екі мемлекеттің бастамалары түркі кеңістігіндегі интеграцияны теориялық тұрғыда да, практикалық деңгейде де қалыптастырушы негізгі факторлардың бірі екенін дәлелдейді.

### 1.3 Аймақтық интеграциялық (ықпалдасу) бірлестікті құрудың экономикалық-саяси мотивтері

Қазіргі жағдайда әлемнің бірде-бір мемлекеті басқа мемлекеттермен өзара әрекеттеспей тиімді дами алмайды. Елдерді саяси-экономикалық, геосаяси немесе геоэкономикалық мүдделер біріктіреді. Әлемде 50-ден астам көпжақты экономикалық интеграциялық бірлестіктер бар. Интеграциялық өзара әрекеттесу кезеңдерінің теориясы ынтымақтастықтағы заңнаманы ырықтандыру, үйлестіру, кедергілер мен шектеулерді жоюдағы еркіндік деңгейін ғана көрсетеді. Интеграциялық процестің әр кезеңі тереңірек өзара тәуелділікті талап етеді және ұлттық егемендіктің бір бөлігін ортақ құрылымдарға беру арқылы жүзеге асады. Бұл жағдайда экономикалық мүдделермен қатар, құқықтық және институционалдық негіздердің сәйкестенуі аса маңызды. Ортақ нарықтың және валюталық одақтың табысты жұмыс істеуі үшін макроэкономикалық саясаттарды үйлестіру, бюджет тәртібін сақтау және қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу басты шарттарға айналады. Демек, интеграцияның жоғары сатыларына көшу тек экономикалық тиімділікке ғана емес, сонымен қатар қатысушы елдердің саяси ерік-жігеріне, стратегиялық сеніміне және ұзақ мерзімді ұстанымдарына тәуелді.

Заңнаманы белгілі бір дәрежеде ырықтандыру мен үйлестіруді қамтамасыз ету өз алдына мақсат емес, интеграциялық ынтымақтастық мақсаттарына жету құралы болып табылады. Бұл тұжырым интеграциялық процестің теориялық және практикалық қырларын үйлестіре қарастырады. Интеграциялық мақсаттарды нақты айқындау болашақта туындайтын институционалдық, құқықтық және экономикалық шешімдердің бағытын анықтайды. Сондықтан интеграциялық үлгіні құру кезінде тек экономикалық тиімділік пен нарықтық пайда ғана емес, сонымен қатар тарихи, мәдени, саяси факторлар да ескерілуі қажет. Интеграциялық әлеуетті тиімді іске асыру үшін елдердің өндірістік құрылымы, технологиялық даму деңгейі, көлік-логистикалық байланыстары мен адами капиталы секілді факторларды сараптай отырып, өзара толықтырушы бағыттар анықталуы тиіс. Осылайша, интеграция бір реттік акт емес, үнемі жетілдіруді қажет ететін жүйелі және сатылы процесс ретінде қарастырылады.

Интеграциялық бірлестіктердің әлеуетін іске асыру бағыттарының экономикалық алғышарттары туралы зерттеулер тапшы. Интеграциялық әрекеттестік стратегияларын қалыптастырудың қолданбалы нысандары мен механизмдері, қосымша экономикалық пайданың артықшылықтары туралы зерттеулерді тереңдету керек. Зерттеудің мақсаты интеграциялық бірлестіктің

қызмет ету тәжірибесін талдау, олардың интеграциялық ынтымақтастығы стратегияларын қалыптастырудың ортақ қағидаттары мен тәсілдерін анықтау болып табылады. Талдау міндеттеріне интеграциялық әлеуетті іске асыру үшін жағдай жасау принциптерін анықтау және интеграциялық ынтымақтастықтың қолданбалы тетіктерін зерттеу жатады. Зерттеу міндеттерінің бірі интеграциялық бірлестіктердің қызмет бағыттарының қалыптасуын талдау болып табылады.

Елдердің географиялық орналасуы мен экономикалық даму деңгейіне қарамастан, интеграциялық бірлестіктерді құрушы мемлекеттер, интеграциялық үдерістердің дамуы, олардың мақсаттары, ынтымақтастық стратегиялары, қажетті жағдайларды жасау принциптері ортақ заңдылықтарға бағынуы тиіс. Елдердің интеграциялық бірлестікке қатысу мақсаттарына сәйкес болып келеді. Оған интеграциялық әлеуетті жүзеге асыру арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыру және қосымша экономикалық өсуді қамтамасыз ету, материалдық және қаржылық ресурстарды біріктіру арқылы экономикалық дамуды жеделдету жатады. Қатысушы мемлекеттердің мақсаттары қайталанбайды, бірін-бірі толықтырып отырады, интеграциялық бірлестікке қатысушы мемлекеттердің мақсаты интеграциядан қосымша экономикалық пайда алу болып табылады. Интеграциялық процестерге қатысу арқылы экономикалық нәтижелердің артуы экономикалық интеграциялық топтардың қалыптасуының негізгі мотиві болып табылады.

Интеграциялық бірлестікті құру, оған кіру интеграциялық ынтымақтастық арқылы қол жеткізілетін нақты мақсаттарды қалыптастырудан тұрады. Әрбір ел бұл бірлестікке не үшін қатысқысы келетінін нақты шешуі керек. Интеграцияның көмегімен қандай мәселелерге қол жеткізгісі келетінін білуі керек. Интеграциялық ынтымақтастық стратегиясы бұл елдердің өзара экономикалық байланыстарын тиімді үйлестірудің жол картасы. Мұндай стратегияда өндірістік кооперация, инвестициялық серіктестік, ортақ инфрақұрылым жобалары, кадрлар даярлау, ғылыми-технологиялық алмасу сияқты бағыттар нақты айқындалуы тиіс. Интеграциялық әлеуетті тиімді іске асыру үшін мүше мемлекеттер өз ресурстары мен артықшылықтарын ортақ кеңістікте келісімді түрде пайдалана отырып, ішкі және сыртқы нарықтарда біртұтас экономикалық күш ретінде әрекет ете алады. Осы арқылы олар жаһандық экономикадағы орны мен тұрақтылығын күшейтеді.

Интеграциялық әлеуетті және бәсекелестік артықшылықтарды тиімді пайдалану интеграцияланатын елдердің бірлестіктері, интеграциялық ынтымақтастықтың стратегиясын құрайды. Интеграциялық ынтымақтастықтың стратегиясы, интеграциялық әлеуетті жүзеге асырудың үлгісі, жиынтығы бола тұра экономика салалары мен секторларына мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылының шарттары мен тетіктерін дамытып елдерге қосымша экономикалық пайда әкеледі. Интеграциялық ынтымақтастық стратегиясын қалыптастыру интеграцияланушы елдердің экономикалық ерекшеліктеріне байланысты. Интеграциялық бірлестіктердің өзара әрекеттесуінің жеті негізгі схемасы:

1. Саяси үйлестіру схемасы мемлекетаралық шешімдер қабылдауды үйлестіру, сыртқы және ішкі саясаттың үндестігі (мысалы, Еуропалық кеңес, Еуразиялық үкіметаралық кеңес).

2. Құқықтық үйлестіру схемасы ұлттық заңнамаларды жақындату, ортақ құқықтық кеңістік құру (ЕО-да – acquis communautaire).

3. Экономикалық өзара тәуелділік схемасы ортақ нарық, кедендік одақ, еркін сауда аймағы арқылы экономикалық байланыстарды тереңдету.

4. Инфрақұрылымдық өзара әрекеттесу схемасы көлік, энергетика, цифрлық байланыс салаларындағы ортақ жобалар.

5. Қаржылық-валюталық схемасы біртұтас валюта, бірыңғай орталық банк, макроэкономикалық саясаттың үйлесімі.

6. Әлеуметтік-гуманитарлық өзара әрекеттесу схемасы еңбек ресурстарының қозғалысы, білім беру мен ғылым саласындағы серіктестік, әлеуметтік стандарттарды жақындастыру.

7. Институционалдық өзара әрекеттесу схемасы тұрақты жұмыс істейтін органдардың (комиссиялар, хатшылықтар, кеңестер) құрылуы және олардың қызметін үйлестіру.

Экономиканың жүйелі маңызды салаларын бірлесіп дамыту.

1. Интеграциялық бірлестікті қызықтыратын салаларды дамыту.

2. Ұлттық экономикалардың бірін-бірі толықтыратын секторларын бірлесіп дамыту.

3. Интеграциялық бірлестік шеңберіндегі бәсекелестік артықшылықтарды пайдалана отырып, өндірістік салаларды бірге дамыту.

4. Интеграциялық бірлестік елдерінің артықшылықтарын ескере отырып, мамандану бағыттарын жетілдіру.

5. Импортты алмастырушы өндірістерді бірігіп дамыту.

6. Өзара және сыртқы сауданы ұлғайту мақсатында инфрақұрылымды бірлесіп дамыту.

Бұл көрсетілген элементтер бір-біріне қайшы келмейді және алғышарттарды жүзеге асырудың жүйелілігін айқындайды. Интеграциялық әлеуетті іске асыру үшін мүше елдердің бәсекелестік артықшылықтарын толықтай пайдалану қажет. Ұсынылған схемалардың бірнеше комбинациясы тәжірибеде өте жиі жүзеге асырылады. Олардың экономика салалары мен секторларының көбеюіне байланысты, әрбір интеграциялық бірлестіктің интеграциялық әлеуетін жүзеге асырудың экономикалық моделі қалыптасуда. Оларды таңдаудың алғышарттарын анықтау үшін әрқайсысын толығырақ қарастырып көрейік.

Жүйенің құрылуы елдердің экономикасына елеулі ықпал ететін өнімдер мен қызметтерді өндіру және сату процесін қамтиды. Бұл схема негізінде интеграциялық ынтымақтастықты нығайтудың бастапқы шарты интеграциялық бірлестікке қатысушы барлық елдер үшін маңызды салалардың бар болуы және оларды дамыту жолдарын түсіну болып табылады.Интеграциялық бірлестіктің міндеті осы схема бойынша интеграциялық ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Бірлесіп дамыту қосымша экономикалық пайда бере алатын

экономиканың маңызды салаларын үйлестіру, сондай-ақ оларды тиімді дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау, тетіктерді қалыптастыру болып табылады.

Экономикалық салалардың бірлескен дамуының ең типтік мысалына Еуропалық көмір және болат қоғамдастығын құру туралы бірлестікті айтуға табылады. Франция, Германия, Италия, Бельгия, Нидерланды және Люксембургтің көмір және болат өнеркәсібінің бірлескен дамуы қазіргі әлемдегі ең табысты интеграциялық бірлестік Еуропалық Одақтың тарихынан басталды. Еуропа елдері өздерінің экономикалық ынтымақтастығын экономиканың базалық салаларының тиімділігін арттырудан бастады. Осы мақсатқа жету үшін өзара саудадағы аталған тауарларға импорттық баж салығы жойылды, осы салаларды дамытудың экономикалық саясаты өзара келісіліп, таңдалған салалардағы кәсіпорындардың капиталы мен негізгі қорларын біріктіру тетіктері ретінде пайдаланылды.

Интеграциялық бірлестіктің елдері қызығытындай барлық экономиакалық салалардың бәрі бірдей ірі емес, бірақ дамуы интеграцияланушы елдердің экономикасына айтарлықтай әсер ететін салаларға жатқызуға болады. Интеграциялық кооперацияны дамытудың алғы шарты интеграциялық бірлестіктің барлық елдерін қызықтыратын экономика салалары мен секторларының болуы және оларды дамыту тәсілдерін ортақ түсіну болып табылады. Интеграциялық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі интеграциялық бірлестіктің міндеті интеграциялық бірлестіктің барлық елдері үшін қызығушылық тудыратын экономикалық секторларды таңдау және үйлестіру болып табылады, өзара келісіп дамыған интеграция елдер арасында «сауда соғысын» алдын алады.

Интеграциялық бірлестіктің барлық елдерін қызықтыратын салалардың мысалы ретінде, Австралия мен Жаңа Зеландиядағы ANZCERTA елдеріндегі мал шаруашылығы салаларын, ірі қара мал шаруашылығы мен қой шаруашылығын дамытуды айтуға болады. Бұл салалардағы екі елдің экспорттық өнімдерінің негізгі түрлері ет, жүн және сүт өнімдері болып табылады. Жүн талшығын өндіру бойынша Австралия бірінші орында. Мұндай жағдай осы елдердің мал өндірушілері арасындағы «сауда соғысына» әкелуі әбден мүмкін еді, бұл олардың экспорттық кірісіне айтарлықтай шығын әкелетін еді. Дегенмен, әлемдік нарықтардағы бәсекелестікке тосқауыл қою мақсатында Экономикалық тығыз байланыстар туралы келісім аясында арнайы бөлімде осы саясатты іске асыру туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісімде ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді мемлекеттік қолдау шараларын үйлестіру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін үшінші елдер нарығына экспорттау бойынша ынтымақтастықты дамыту қарастырылған. Нәтижесінде, Австралия мен Жаңа Зеландияның экспорт көлемі жыл сайын тұрақты түрде артты

Өндірістік кооперация немесе өндірістік тізбектерді қалыптастырудың әлеуетті мүмкіндіктері толықтырып ұлттық экономиканы бірлесіп дамытты. Мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы тұрақты кооперативтік байланыстар алғышарттары тауарлар мен қызметтердің бірлескен өндірісінің, құрылымдық және технологиялық күрделі тауарларды өндірудің

технологиялық циклінің белгілі бір кезеңдерінде бұйымдарды өндіруге интеграцияланатын елдердің мамандануының шарты болды. Экономикалық әртүрлі салаларда бірін-бірі толықтыру еларалық ынтымақтастықта көрінуі керек. Мысалы, оған ғылыми зертемелер, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, өндірісті материалдық-техникалық қамтамасыз ету, маркетингтік қызметтер, кәсіпорынды басқаруды пайдалану, ақпараттық қамтамасыз ету және өнімнің өмірлік цикліне қатысты басқа да аспектілер жатады.

Интеграциялық бірлестіктің негізгі міндеті ынтымақтастықтың салаларын айқындап, үйлестіру, мүше елдердің қызығушылықтарын ескере отырып, олардың тиімді дамуы үшін қажетті жағдайлар жасау және тиісті механизмдерді қалыптастыру, сондай-ақ сапалы және бәсекеге қабілетті өнімдерді бірлесіп шығару. Ұлттық экономикалардың бірін-бірі толықтыратын секторларын бірлесіп дамытуға мысал ретінде MERCOSUR шеңберінде Бразилия мен Аргентина арасындағы көлік құралдарын өндірудегі ынтымақтастықты көрсетуге болады. Интеграциялық бірлестік елдерінің бәсекелестік артықшылықтарын пайдалана отырып, салаларды бірлесіп дамытудың алғышарттары серіктестік елдердің өнім өндірудегі күш-жігерін біріктіре білу керек. Бұл өзара әрекеттесу формасы даму деңгейі әртүрлі елдердің бірінде, мысалы, бірінде өндіріс технологиясы мен инвестициялық ресурстар болса, екіншісінде қымбат емес шикізат, ал үшіншісінде арзан жұмыс күші немесе қолайлы климаттық шарттар бар кезде қолданылады.

Интеграциялық бірлестіктің міндеті бәсекелестік қабілеттілігіне оң әсер тигізіп, сапасы жақсы, құны төмен өнім шығарып, елдердің бәсекелестік артықшылықтарын біріктіру болып табылады. Мысалы, НАФТА елдердің бәсекелестік пайдалана отырып, салаларды дамытуда өзін көрсете білген интеграциялық бірлестік болып табылады. Солтүстік Американың еркін сауда келісіміне қол қойған кезде Америка Құрама Штаттары озық технологиялар мен елеулі қаржылық ресурстарға ие болып, ал Мексика экономикасының құрылымдық өзгерістерге, шетелдік инвестициялар және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне қажеттілігі болды, сонымен қатар Мексика арзан жұмыс күшін пайдалануға мүмкіндік алды.

Интеграциялық бірлестік елдерінің бәсекелестік артықшылықтары негізінде мамандану салаларын дамыту алғышарттары, интеграциялық бірлестік құрамындағы кез келген ел өз нарығын толтыратын дайын өнімді дербес өндіру үшін қажет болды. Бұл жағдайда серіктес елдердің нарықтарында өнімді сыртқы нарыққа шығару үшін, осы өнім түрін өндіруге мамандар керек болды. Өнімдердің өндірісі бірте-бірте өсіп, өзінің қажеттіліктерін де, бірлестікке мүше басқа мемлекеттердің де қажеттіліктерін қанағаттандырады[120].

Мамандандыру қолда бар ресурстарды оңтайландыруға мүмкіндік береді, өндірісте ауқымды үнемдеуге қол жеткізеді, күрделі мәселені шешуге мүмкіндік береді, барлық салалардың дамуын қолдап сауда соғыстарының ықтималдығын азайтады. Қолайлы климаттың болуы, бірегей технологиялардың шикізат қорының жеткілікті көлемдері, өндірістік қуаттарды дамытудың озық деңгейі интеграциялық бірлестік елдерін сапалы бәсекеге, қабілетті өнімдерді

тұтынушыларға жеткізеді. Интеграциялық бірлестіктің міндеті өнімнің нақты түрлерін өндіруге мамандану туралы келісімдер қабылдау, сонымен қатар сол елдердің өнеркәсіптері серіктес елдерге қарағанда интеграциялық нарыққа сапалы, арзан және бәсекеге қабілетті өнімдер ұсынатын жағдай жасау. Бұл шешімді ескере отырып, мемлекеттер өз экономикаларының салаларында ұлттық саясатты жүргізеді.

Интеграциялық бірлестік елдерінің бәсекелестік артықшылықтары негізінде мамандану салаларын дамытуға Еуропалық Одақтың тәжірибесін мысал ретінде келтіруге болады. Германия, Италия, Франция және Ұлыбритания машина жасау, электротехника және автомобиль өндірісіне, Италия, Испания және Греция тамақ өнімдерін өндіруге маманданған. Дания мен Нидерланды ет және сүт өнімдерін, Италия, Испания мен Германия киім, аяқ киім және тұрмыстық техника өндірісін, Голландия өсімдік шаруашылығы мен ауылшаруашылық құралдарын өндіруде, Дания балық өнімдерін өндіруде, Финляндия ағаш өнімдерін шығару саласында, Польша мен Германия көмір өндіруде, Ұлыбритания ұшақ жасау мен фармацевтикада маманданған[121].

Өндірістерді бірлесіп дамытуда импортты алмастыратын салалар деп интеграциялық бірлестікке кіретін әрбір елдің импортындағы өнім үлесі жоғары салаларды айтады. Елдер өндірісті ұйымдастыру және дамыту үшін күш пен ресурстарды біріктіреді. Импортты алмастыратын өндірістердің бірлескен дамуы өтпелі экономикасы бар елдердің интеграциялық бірлестіктерінде анықталды [122]. Ішкі нарықта импорттық тауарлардың үлесі айтарлықтай болғандықтан, мұндай елдер төлем балансының проблемаларына жиі тап болады. Жұмыссыздық, капиталдың сыртқа кету проблемалары қиындаған жағдайда, ұзақ мерзімге ұлттық өндірістерді дамыту ұтымды. Бәсекеге қабілеттіліктің қажетті деңгейіне қол жеткізген кезде импортты алмастыратын өндірістердің өнімдері қатысушы елдердің ішкі нарығында ғана емес, үшінші елдердің нарықтарында да табысты сатылуы мүмкін. АСЕАН-ның ең табысты тәжірибесін импортты алмастыратын өндірістерді бірлесіп дамытудың мысалы ретінде қарастыруға болады. Ішкі нарықтардың жапондық өндіріс өнімдеріне тәуелділігін азайтуға бағытталған шаралар тек ұлттық мүдделермен шектеліп қалмады, сонымен қатар әлемдік нарықтың сұраныстарын да ескерді. Нәтижесінде, АСЕАН елдерінің Жапониямен саудадағы төлем балансының сальдосы өзгерді. 2000 жылғы 15 миллион доллардан 2009 жылы 4,7 миллион долларға дейін төмендеді, АСЕАН қауымдастығы осы өнімдерді әлемдік нарыққа экспорттаушы жетекші орынға ие болды [123].

Өзара сыртқы сауданы кеңейту үшін инфрақұрылымды бірлесіп дамыту қажет. Интеграциялық ынтымақтастық стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Елдер көлік инфрақұрылымын дамытуға күш салуда, сондай-ақ интеграцияланатын елдер арасындағы жұмыс күшінің қозғалысы жүк және жолаушылар ағыны бағыттарында халықаралық көлік дәліздерінің өткізу қабілетін тиісінше арттыруды талап етеді. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және интеграцияланатын елдерді біртұтас ақпараттық кеңістікке қосу

қазіргі уақытта айрықша маңызды болып отыр, бұл өзара іс-қимыл мен жаңа мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интеграциялық бірлестіктің өнімдерін халықаралық нарықтарда ілгерілету үшін ақпараттық қолдау шараларын біріктіру де маңызды. Бұл процестің бір ерекшелігі инфрақұрылымдық салалардың көпшілігі табиғи монополиялар ретінде мемлекет бақылауында болады. Мемлекетаралық бағдарламалар мен бірлескен жоспарларды тиімді жүзеге асыру басқа салалармен салыстырғанда маңызды аспект болып табылады. Интеграциялық бірлестіктің мақсаты инфрақұрылымды дамыту үшін ең тиімді бағыттарды үйлестіру, шикізат, еңбек және қаржылық ресурстар мен өнімдерді өндіру және жылжыту мүмкіндіктерін арттыру, сондай-ақ мүше елдердің өзара және сыртқы саудаларын дамытуға көмек көрсету, транзиттік мүмкіндіктерді тиімді пайдалану.

Елдердің интеграциялық бірлестіктерге қатысу мақсаттары олардың экономикалық даму деңгейіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Сәтті интеграциялық бірлестіктердің «интеграциялық өзегі – интеграциялық үдерістердің қозғаушы күші болып табылатды. Бірінші, интеграцияны дамыту мақсаттарын анықтау керек, яғни әрбір ел бұл бірлестікке не үшін қосылғысы келетінін, интеграция арқылы қандай мәселелерге қол жеткізгісі келетінін нақты шешуі керек. Екіншіден, интеграциялық ынтымақтастықтың стратегиясын (үлгісін) анықтау керек. Интеграциялық ынтымақтастықтың моделі өзара әрекеттесу және экономика секторларының бағыттарын таңдау керек.Ол төменде көрсетілген схемалар бойынша жүзеге асады, олар:

- жүйелі маңызды салаларды бірлесіп дамыту;
- интеграциялық бірлестіктің барлық елдерін қызықтыратын салаларды дамыту;
- ұлттық экономикалардың бірін-бірі толықтыратын секторларын бірлесіп дамыту;
- әсекелестік артықшылықтарын пайдалана отырып, салаларды бірлесіп дамыту;
- бәсекелестік артықшылықтарына негізделген мамандандырылған салаларды дамыту;
- импортты алмастыратын өндірістерді бірлесіп дамыту;
- ішкі және сыртқы сауданы кеңейту үшін инфрақұрылымды бірлесіп дамыту жатады.

Үшінші этап ол интеграциялық ынтымақтастық стратегиясын (үлгісін) іске асыру болып табылады. Интеграциялық бірлестіктің қажетті шарттары мен нысандары соның ішінде еркін сауда аймағы (ЕСА); кеден одағы (КО); ортақ нарық; экономикалық одақ; валюталық одақ; саяси одақ құрылуда.

Төртінші этап ол басқа интеграциялық блоктармен жұптастыру болады. «Интеграциялар интеграциясы» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында интеграцияның шекараларын ұлғайту керек деп түсіндіреді.Аймақтық экономикалық интеграцияның эволюциялық дамуы тек жекелеген елдер арасында ғана емес, интеграциялық бірлестіктердің ортақ кеңістігінің қалыптасуына әкеледі. Интеграцияның экономикалық мотивтерінің

классификациясын талдап көрейік. Экономикалық интеграцияның сегіз мотивін атап өтуге болады, олар:

1. Капиталдандырудың ұлғайту: оған нені жатқызуға болады? Олар: жеке кәсіпорындар мен банктердің меншікті капиталының бірігуі, бірыңғай операцияларда пайдалануы табысты арттыруға мүмкіндік береді. Капиталдандырудың мақсатына жету үшін меншік иелері бұрын дұрыс бағаланбаған активтерді сатып алып, бұл нәтижесінде компания құнының өсуіне әкеледі.

2. Компания құнының артуы: бұл мотивті іске асыру мақсаты компанияның мүліктік кешенінің нарықтық бағасы айтарлықтай төмен болған жағдайда қолданылады, нәтижесінде біріктірілген компанияның құнын бірнеше есе арттыруға мүмкіндік береді.

3. Компанияның қаржылық әлеуетін арттыру: қаржы ресурстарын біріктіру өндіріс көлемін ұлғайту үшін жаңа мүмкіндіктер береді, нәтижесінде бәсекеге қабілеттілікті, несиелік қабілетінің артуына және жаңа инвесторлар мен кредиторлардың артуына әкеледі.

4. Көлеміне қарап үнемдеу: өндіріс көлемі ұлғайған сайын өнім бірлігіне орташа шығынның төмендеуі өндірістің үлкен көлеміне қарай тұрақты шығындарды бөлу.

5. Қосымша ресурстарды біріктіру арқылы тиімділікті арттыру: екі немесе бірнеше кәсіпорындарда бір-бірін толықтыратын материалдық ресурстар, шикізат және материалдар көп болса, онда олардың интеграциясы тиімді болады.

6. Салық салуды оңтайландыру: Қаржылық синергия салықтан құтылу қалқандарын құрумен байланысты, біреуінде салықтық жеңілдік болып екіншісінде болмаса корпорациялар бірігу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Егер біріккеннен кейін жаңа корпорацияға салық жеңілдіктері қолданылса, бұл екі корпорацияға да пайда әкеледі.

7. Бизнесті әртараптандыру: Портфель үшін қарсы циклдік немесе теңгерімдеуші активтерді сатып алу, экономиканың әртүрлі салаларында компанияның кірісін тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

8. НИОКР шығындарын азайту: компанияны зерттеушілер, инженерлер, бағдарламашылармен, өндірістік мүмкіндіктері бар желімен біріктіру арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Озық ғылыми идеяларды жүзеге асыруға қажетті қаражат біріктірілуі мүмкін. Нәтижесінде кәсіпорында ғылыми-техникалық орталықтар мен біркелкі технологиялық стандарттар қалыптасады. Екінші ол басқару мотивтері, оған мажоритарлық акционерлердің жеке қаржылық мотивтері, логистік орталықтарды құру, операциялық үнемдеу, ақпаратқа қол жеткізу, кәсіби дағдыларды қолдану , жариялылық жатады.

1. Мажоритарлық акционерлердің жеке қаржылық мотивтері: Бұл мотив еркін ақша ағындарынан туындайды, оған сәйкес айтарлықтай бос ақша ағындарын генерациялайтын компаниялардың менеджерлері тартымды инвестициялық жобалар болмағандықтан, олар ұлғайтылған дивидендтерді төлеуден жалтарып компанияның ақшасын «ұрлайды».

2. Логистік орталықтарды құру: логистикалық орталықтар қатысушылардың өзара әрекеттесуінің барлық кезеңдерінде процестердің бірдей болуын қамтамасыз етеді, оған ұсыныс – «өндіріс» – «бөлу» – «тұтыну» жатады. Логистикалық орталықтың міндеті дайын өнімді жеткізудің алгоритмін қалыптастыру. Логистикалық орталықтардың негізгі мақсаты интеграцияланған бірлестіктің барлық қатысушыларының мүдделерін үйлестіру және қамтамасыз ету болып табылады.

3. Операциялық үнемдеу: кәсіпорындардың тиімділігін арттыру біріктірілген компаниялардың әрқайсысында қайталанатын функцияларды жою арқылы маркетинг пен жабдықтауды орталықтандыру.

4. Ақпаратқа қол жеткізу: бірлестікке кіретін компаниялардан контрагенттерден, нарықтартан, басқарудың жаңа әдістері туралы ноу-хау туралы ақпарат алу. Осының нәтижесінде біріккен компанияның бірыңғай ақпараттық желісі құрылады.

5. Кәсіби дағдыларды қолдану: көбінесе компанияның топ-менеджментін оқытуға кететін қаржылық және уақыттық шығындар осындай персоналы бар кәсіпорынмен бірігу процесінің шығындарымен салыстыруға келмейтіндей жоғары болады. ұл әсіресе тәуекелдерді басқару мәселелеріне қатысты. Нәтижесінде, мұндай комбинация тәуекелдерді басқару тиімділігінің артуына және олардан туындайтын ықтимал шығындардың төмендеуіне әкеледі.

Қазіргі экономикадағы интеграциялық процестерді жүзеге асырудың теориясы мен практикасы процесті түсіндірудің көптеген себептерін алға тартты. Интеграцияның экономикалық аспектілерін талдаудың іргелі бағыттарының бірі оның астарындағы мотивтерін зерттеу болып табылады. Мотивтер мәселесі интеграциялық процестердің орнықтылығын бағалауда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Отандық және шетелдік авторлардың еңбектеріндегі интеграциялық процестердің мотивтерін зерттеу оларды топтарға жіктеуге мүмкіндік берді, отандық және шетелдік авторлардың көптеген шығармалары зерттеуге негізделді. Козадаев пен С.В. Савчук, компаниялардың максималды пайда алуға ұмтылысына сүйене отырып, компанияларды біріктіруге ынталандыратын мотивтердің көпшілігін келесі топтарға бөлуге болады [124]. Екіншіден, ресурстар ағынын арттыру/тұрақтандыру мотивтері. Үшіншіден, ресурстар қозғалысына қатысты бейтарап мотивтер. Осы классификацияға сәйкес қазіргі интеграциялық мотивтерді келесідей топтастыруға болады. Шығындарды азайтуға бағытталған мотивтердің бірінші тобына мыналарды қосады: ауқымды үнемдеу; жеткізушілермен жұмыс тиімділігін арттыру мотиві; қайталанатын функцияларды жою мотиві; НИОКР саласындағы ынтымақтастық мотиві; салық және басқа да бюджеттік төлемдерді және басқа да төлемдерді азайту мотиві және т.б. Кірістерді көбейтуге/тұрақтандыруға бағытталған мотивтердің екінші тобына мыналарды жатқызады: толықтырушы ресурстар мотиві; ірі келісім-шарттарды алу мотиві; монополиялық мотив; өндірісті әртараптандыру (ноу-хау) ақпаратқа қол жеткізу мотивін жатқызады.

Ресурстардың қозғалысына қатысты бейтарап мотивтердің үшінші тобына компанияның нарықтық бағасының айырмашылығы мотиві жатады. және оны

ауыстыру құны; тарату мен ағымдағы нарықтық құн арасындағы айырмашылық мотиві; басқарушылардың жеке мотивтерін басып алудан қорғау мотиві жатады. М.Козодаев интеграциялық процестердің мотивтерін тиімділікке қарай жіктеуді ұсынады . Мотивтердің мұндай жіктелуі бастапқыда Р.Брейли мен С.Майерстің «Корпоративтік қаржының принциптері» [125] еңбегінде ұсынылғанын, алайда, М.Козодаев американдық авторлар ұсынған топтастыруды толықтырды. Автор бірігу туралы шешім қабылдағанда компаниялардың әртүрлі мотивтерді, көбінесе бірнешеуін басшылыққа алатынын көрсетеді. Дегенмен, барлық шешімдер жеткілікті экономикалық негіздерге негізделмейді. Нәтижесінде барлық мотивтерді автор орынды және күмәнді деп екіге бөледі. Синергиямен қол жеткізу ниетімен анықталатын мотивтерді ғана орынды деп санауға болады. Бұл мотивтер тобына М.Қозодаев мыналарды жатқызады: 1) ауқымды үнемдеу; 2) толықтырушы ресурстарды біріктіру; 3) салық қалқандары; 4) артық ресурстарды пайдалану мүмкіндігі; 5) басқару тиімділігін арттыру жатады. Автор теориялық тұрғыдан негізделгенімен, іс жүзінде біріктірілген компанияға сирек қосымша құндылық әкелетін күмәнді себептерді қарастырады. Мұндай мотивтер:1) кәсіпкерлікті әртараптандыру; 2) қаржыландыру шығындарын азайту; 3) бәсекелестерді жою (монополиялық мотив); 4) басшылардың жеке мотивтері жатады.

Брейли мен Майерстің еңбектерінде акцияға шаққандағы пайданы көбейту мотиві бір топқа кіреді. Брейли мен Майерс классификациясынан айырмашылығы, автор бұл топқа жоғарыда аталған жіктеулердің ешқайсысында бұрын көрсетілмеген басқа мотивті енгізеді: ол инвесторлардың үміттерін қаржылық манипуляциялау мотиві. Бұл мотивтің мәні мынада: интеграция инвесторларға оптимистік қаржылық көрсеткіштерді көрсету мақсатында жүзеге асырылады, компанияның құнын арттыруға және нәтижесінде акция бағасының өсуіне қол жеткізуге үміттенеді. Автор бұл мотивті күмәнді деп жіктейді, өйткені мұндай мәмілелер нақты экономикалық пайда әкелмейді, тек нарықты жаңылыстырады, нәтижесінде акциялардың бағасы төмендейді. А.Маршак [126] интеграциялық процестердің мотивтерін зерттей отырып, келесі классификацияны қолданады:

1. Интеграцияның «қорғаныс» мотивтері нәтижесінде компаниялар өз секторында активтерде сатып алу арқылы өсу мүмкіндіктерін іздейді, бірігу арқылы нарықтағы позициясын нығайтады, бәсекелестерден оларды сатып алу және жаулап алу арқылы құтылады.

2. Бос қаражатты орналастырудың инвестициялық мотивтері; басқару дағдыларын пайдалана отырып, бағаланбаған активтерді сатып алатын пайдалы бизнеске қатысу, артық ақшаны инвестициялап портфельге қарсы циклдік немесе теңгерімдегі активтерді алу.

3. «Ақпараттық» мотивтер, олар компанияның технологиялар туралы хабардарлығын арттыру үшін жүзеге асырылады.

4. Консолидация процестерін бәсекелестік стратегия құралы ретінде пайдалануға болады. Валюталық бағалық тәуекелдерге көбірек бақылауды әртараптандыру; тұрақтылық және басқа өндіріс салаларындағы тәжірибе,

берілген нарыққа кіру уақытын қысқарту, нарықтың тұрақтылығы мен сыйымдылығын сақтау.

А.В.Седин [127] интеграциялық мотивтердің бірдей тізімін қарастырады, дегенмен ол синергиялық әсердің көрінісі ретінде масштабты үнемдеу, толықтырушы ресурстарды біріктіру, транзакциялық шығындарды азайту арқылы ақшаны үнемдеу, нарықтық позицияларды нығайту, монополиялық мотивтер НИОКР бойынша үнемдеу деп тұжырымдайды. Авторлар С.Гардин мен И.Чекунның еңбектерінде бірнеше шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірігуіне әкелетін мынадай уәждемелік себептер көрсетілген. Олар, бірінші топ: нарықтағы қатысуды арттыру, монополияға ұмтылу, өндірістік қуаттылықты арттыру; өткізу нарығын кеңейту; географиялық болуы; бәсекелестік артықшылықтарды нығайту; өндірісті оңтайландыру мақсатында активтерді сатып алу жатады. Екінші топқа: қор нарығына шығу, капиталдандырудың ұлғаюы, жариялылық,қор нарығында тіркелген компанияны сатып алу жатады. Үшінші топқа: бизнесті әртараптандыру, бос қаражаттарды өтімді және перспективалы активтерге қайта бөлу, тік және көлденең бизнес құрылымын қалыптастыру жатады.

Е.А. Кашкарева [128] интеграциялық процестердің мотивтерін жіктеудің белгісін сатып алушы компанияның нарықтағы мінез-құлық стратегиясын анықтайды. Әрбір сатып алушы нарықта өз мақсатын көздейді, сондықтан өз мақсатына жету үшін әртүрлі мүмкіндіктерді пайдаланады дейді автор. Осы жіктеу критерийіне сүйене отырып, автор интеграциялық мотивтердің келесі топтарын анықтады:

1) Көлденең интеграция мотивтері оған нарық үлесін ұлғайту, халықаралық нарықтарға шығу, экономикалық әлеуетті арттыру, ауқымды үнемдеу сияқты байланысты мотивтер жатады.

2) Тік интеграция мотивтері оған бағаланбаған активтерді сатып алу, капиталдандыруды ұлғайту, НИОКР шығындарын азайту, тұтынушы базасын кеңейту сияқтылар жатады.

3) Бизнесті әртараптандыру мотивтері.

4) Бизнестегі бар үлесті ұлғайту, толық бақылауды алу (МБО).

Г.Д.Антонов пен О.П.Иванова [129] интеграция мотивтерін зерттей отырып, біріктірілген компанияның мақсаттарын жүзеге асыруға бірнеше сыртқы және ішкі мотивтер мүмкіндік беретінін көрсетеді. Негізгі сыртқы орта факторларға: бәсекелестіктің болуы және өсуі, сұраныстың ауытқуы, өсіп келе жатқан сұраныс, шикізат жағынан бәсекелестік, шикізатқа, материалдарға бағаның өсуі, тарифтер, тәуекелдер, сұраныстың төмендеуі, өнім бағасы, өнеркәсіптердің, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігінің болмауы, экономиканың жекелеген секторларының күйзеліс жағдайы, транзакциялық шығындардың өсуі, төлем жасамау, инвестициялық дағдарыс, елеулі салық ауыртпалығының болуы және (немесе) оның өсуі, экономикадағы жаһандану жатқызады.

Ал микроэкономикалық факторларға: банкроттық дағдарыс қаупі, экономикалық байланыстардың бұзылуы, серіктестерді табудың қиындауы және

жеткізушілермен және делдалдармен тұрақты және тиімді келісім-шарттар жүйесін қалыптастыру, қорларды шығарудың жоғары құны,ақпараттың болмауы, жеткіліксіздігі, сапасының төмендігі жатады. Басқарудың тиімсіздігі, артық ресурстардың болуы жатады. Жоғарыда аталған мотивтердің барлығы экономикалық қызметтің әртүрлі аспектілеріндегі біріздендіру процестерін көрсетеді. Сондықтан белгілі бір кәсіпорындарды біріктіру туралы шешім бір уақытта бірнеше себептерге негізделуі мүмкін. Мысалы, өсуге ұмтылу, нарық үлесін ұлғайту, бос қаражатты негізгі немесе негізгі емес активтерге орналастыру арқылы әртараптандыру. Бірқатар жіктеулерде мотивтер бірін-бірі қайталайды, бірақ әртүрлі белгілеріне қарай топтастырылады, ал бірқатар жіктеулерде жоғарыдағы жіктеулерді толықтыратын жаңа мотивтер кездеседі. Қазіргі уақытта интеграция мотивтерін жіктеуге бірыңғай көзқарас жоқ, бұл оның экономикалық аспектілерін зерттеуді қиындатады[130].

Ал енді интеграцияның саяси мотивтеріне тоқталатын болсақ, әлемдік тәртіп құрылымдық өзгерістерді қажет етіп отыр. Әлемдік тәртіптің постбиполярлы құрылымдары болжамды болмай барады. Көшіп-қонның күшеюі, лаңкестік қауіптің ушығуы, этникалық және діни қайшылықтардың саясилануы ұлттық мемлекеттердің табиғатын қайтымсыз өзгертуде. Олардың институционалдық тұрақтылығының іргетасы ыдырап, мемлекеттер мен тұтас аймақтардың саяси жүйелерін жоюдың жаңа қатерлері туындауда. Жаһандану жағдайында саяси жүйелердің тұрақтылығына әсер ететін үрдістер барған сайын айқын байқалып келеді. Солардың ішінде ерекше назар аударатыны «ұлттық – аймақтық – жаһандық» деңгейлер арасындағы күрделі өзара ықпалдастықты қамтитын жаһандық интеграциялық үдерістер. Алдағы уақыттағы адамзат дамуының бағыты мен тағдыры дәл осы құрылымдық үштаған аясында шешілуі мүмкін. Гидденстің «ғаламдық постмодернизмі» мен Мейсонның «посткапитализмі» сияқты ғылыми зерттеулердің нәтижесінде дүниенің сөзсіз біркелкілігі туралы жаһандану идеясы өз күшін жояды. Ғаламдағы барлық дерлік аймақтардың саяси және экономикалық тынысы әртүрлі альянстар мен коалициялармен үндесіп отыр. Әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың ұжымдық субъектілерінің жаңа түрін интеграциялық жүйелерді қалыптастырады. Олардың пайда болуы, әлеуметтік жіктелуі және өзара бәсекелестікке түсуі ұлттық экономикалар мен мәдениеттердің, сондай-ақ құндылық жүйелерінің бірыңғай жаһандық құрылымға бірігу идеясын әлсіретеді. Бұл тұрғыда аймақтық интеграция үдерістері жаһанданудың тікелей салдары ретінде қарастырылады. Интеграциялық жүйелердің ыдырауы өте сирек кездеседі, ыдырап стагнация болған жағдайдың өзінде күшті мемлекеттердің төңірегінде пайда болатын жаңа, серпінді бірлестік құруы әбден ықтимал.

Халықаралық қатынастар мен әлемдік саясаттың парадигмаларын зерттейтін маман үшін, қатысушылардың әрекеттері мен мотивтерін, әлемдік саясаттың, жалпы халықаралық тәртіптің сипатын, интеграциялық процестердің қақтығыстар мен ынтымақтастыққа әсерін дер кезінде зерттеу маңызды. Қазір әлемде «қауіпсіздіктің күйреуі» шағында зерттеушілердің назарын арттыруды талап ететін өзекті мәселелердің бірі, халықаралық саяси жүйелердің

консолидациясына интеграциялық процестердің әсері болып отыр. Біздің зерттеуіміз «интеграция императиві» аясында қажет ғылыми бағыттарды айқындауға бағыттала отырып, «ұлт – аймақ – әлем» үштағанындағы саяси-экономикалық қатынастарды жаһандық және аймақтық деңгейде саралаудың өзектілігін алға тартады. Бұл тұрғыда Батыс Еуропадағы әлемдік кеңістіктің интеграциялық бөлшектенуі нақты мысал бола алады. Мұнда тек интеграциялық үдерістердің белсенділігімен ғана емес, сонымен қатар геосаяси және экономикалық мүдделер тоғысында туындайтын қауіп-қатерлердің артуымен сипатталатын жаңа құрылымдық кеңістік қалыптасып келеді.

Трансмұхиттық еркін сауда аймақтарынан (ЗСТ) саяси қауымдастықтарға дейінгі мемлекеттік одақтар, дәстүрлі дипломатияны алмастыратын өзара іс-қимылдың жаңа түрін тудырады. И.Валлерстайн Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін алға қойылған «ұлттық экономикалық даму» парадигмасы, интеграциялық бірлестіктер шеңберіндегі ұлттан жоғары экономикалық дамумен ауыстырылды деп атап өтті [131]. Оның сипатты белгілерінің бірі мемлекеттің жаһандық тәуекелдерге әрекет етуі, ұлттық мәселелерді шешу үшін ұлтүстілік интеграциялық кеңістіктерде ұжымдық ойын бастауға мәжбүр болды. Жаһанданудың күрделі факторларының әсерінен, мемлекеттер егемендіктің дәстүрлі рөлін ұлтүсті интеграциялық құрылымдармен бөліседі, оның шеңберінде әрбір мемлекеттің ұстанымдарын нығайту үшін ортақ мүдделер біріктірілген. Жаһандық тәуекел факторы пайда болады: қалыптасып келе жатқан одақтар бірін-бірі толықтырмай бір-бірімен қарқынды бәсекелестікке бастайды. Интеграциялық жүйені бөлу мен стратификацияға қатысты зерттеулер мен болжамдардың саны артып келеді [132]. Мұндай көзқарастардың болжамдық алғышарттары интеграциялық жүйелер әлемнің поляризациясына әкелетін жаһандық иерархиядан туындайды. экономикалық және саяси кеңістіктер үшін жүйелер арасындағы бәсеке тұрақты түрде артады. Әлемдік құрылымның ең санаға сиымды сипаттамасы интеграциялық-конфронтациялы полицентризм болуы мүмкін [133]. Жаһандану динамикасы осы конфигурациямен анықталады деген баламалы зерттеулер көп, сонымен қатар саяси процестердің ауқымы да өзгеруде.

Сонымен қатар, елдердің сыртқы саясатында маңызды орын алатын аймақтық интеграциялық стратегияларға сұраныс артып отыр. Көптеген мемлекеттер үшін бәсекеге қабілетті халықаралық кеңістікте әрекет етудің қажетті шарты жаһандық күш-жігерден гөрі жергілікті мәселелерді шешудің басымдығы болады, консультативтік одақтар аймақтық мәселелерге көбірек назар аударатын болады. Іс жүзінде көпполярлы кеңістікте өршіп жатқан қақтығыстар контексінде, интеграция либералдық-универсалды формалардан аймақтық-протекционистік формаларға көбірек ауып барады [134]. Бүгіннің өзінде біз осындай идеологиялардың, экономикалық мектептердің, тіпті геосаяси доктриналардың қақтығыстарының куәсі болып отырмыз. Соған қарамастан, болып жатқан процесті классикалық аймақтандыру деп атауға болмайды.

Глокализация терминін ғылыми айналымға Р.Робертсон [135] енгізді, ол жергілікті және ғаламдық өзара әрекеттесудің көп өлшемді процесін белгілеу

үшін қолданды. Макроэкономикада глокализацияның аналогы ретінде ДСҰ мен АТЭС жариялаған «ашық аймақшылдық» принципі болуы мүмкін. Интеграция мемлекеттердің интеграциялық жүйелердің бәсекелестігінің күшеюімен жаңа ұлтүсті тәуекелдерді тудыратын жаһандану тәуекелдерінен құтылу әрекеті. Бұл құбылыс интеграциялық үдерістерден туындайтын негізгі үрдістердің бірі ретінде сипатталады. Интеграциялық бөлшектену теориялары мемлекеттер мен аймақтардың саяси тұрақтылығына әсер етіп, болып жатқан өзгерістерді ұғынуға мүмкіндік беретін семантикалық код іспеттес. Қазіргі уақытта әлемдік желілік интеграциялық құрылымдардың дамуы әлі де болса толық түсінікті емес [136].

Еркін сауданың тиімділігі туралы көзқарастар Ричард Кобденнен бастап Гарвард экономикалық мектебінің өкілдеріне дейінгі теорияларда кеңінен дамытылған және бұл идеялар ДСҰ, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк пен БҰҰ-ның (ЮНКТАД) ресми ұстанымдарында бекітілген. Бұл тұжырымдар еркін сауда экономикалық өсуді ынталандырады, нарықтарға тең қолжетімділік береді, кемсітушілікке қарсы тосқауылдар жасайды және азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсартады деген негізге сүйенеді. Қазіргі таңда ықпалды мемлекеттер халықаралық тәртіптің жаңа ережелерін бекітіп, ұлтүсті саяси дискурстың мазмұнын өз мүдделеріне сәйкес бағыттап отыр. Жаңа күш орталықтары өздерінің интеграциялық жүйелерін қалыптастыру арқылы өзгелерді сол құрылымдарға бейімделуге мәжбүрлеуде. «Нео-еркін сауда» тұжырымдамасы барған сайын айқын сипат алып келеді, онда еркін сауда саяси егемендіктен де жоғары бағаланады. Бұл жағдайға АҚШ-тың қазіргі геоэкономикалық стратегиясы нақты мысал бола алады.

И.Гаспаралы, С.Жантөрин, Ю.Акчура, А.Гусейнзаде, А.Агаоглу, Г.Ибрагимов, А.-М. Топчубашев, М.Бигеев, Ш.Сыртланов, С.Мақсуди, М.Шоқай т.б. Айтарлықтай үлес қосқан атақты түрколог ғалымдар: Х.-С. Ходжаев, Б.Чобан-заде, С.Асфендияров сияқты ғалымдар болды. Түркі интеграциясы идеясы түркітілдес мемлекеттердің тәуелсіздік алуымен бірге жаңа саяси-теориялық мазмұнмен толықтырылып, аймақтық ынтымақтастықтың маңызды факторына айналды. Бұл үдеріс посткеңестік кеңістіктегі мемлекетаралық қатынастар жүйесінде жаңа маңызға ие болып, аймақтық бірлестіктер құрудың өзегіне айналды. Түркі интеграциясын институционализациялау бағытындағы жүйелі бастамалардың нәтижесінде Түркі мемлекеттерінің ұйымы (бұрынғы Түркі кеңесі) құрылып, ол БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде бақылаушы мәртебеге ие болды. Сонымен қатар, Түркі интеграциясының құрылымдық негіздерін қалыптастыру мақсатында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің Хатшылығы, Түркітілдес

елдер Парламенттік Ассамблеясы (ТүркПА), Түркі мәдениеті халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ), Түркі академиясы және Ақсақалдар кеңесі сияқты маңызды институттар құрылды. Бұл құрылымдар түркі мемлекеттері арасындағы көпқырлы байланыстарды нығайтуға, ортақ тарихи-мәдени мұраны сақтауға және ортақ құндылықтар негізінде интеграциялық кеңістікті дамытуға ықпал етуде.

1991 жылға дейін Түркия мен түркі әлемінің даму бағыттары мен көзқарастары екі түрлі бағытта болды, Түркияның мәдени-саяси зиялыларының ойы батыстық бағытта әлемге Еуропалық Одақ арқылы және англосаксон тілі арқылы дамыды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Орталық Азия елдерінің өз алдына тәуелсіздік алуы олардың сыртқы саяси дамуы алдына үлкен міндеттемелер жүктелді, ол кезде Түркия осындай күтпеген жағдайға дайын емес еді. Түркияның бұл кезде Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық саласында саясат жүргізуде тәжірибелері жоқ болатын, ынтымақтастық саласына аймақты жақсы білетін мұғалімдер араласты. Түрік тарихнамасындағы Түркияның жалпы тарихын зерттеу саласындағы ғалымдар үкіметтердің сыртқы саясатында маңызды рөл атқарды, өйткені олар аймақты да, оның тілдерін де білетін.

1994-2000 жылдар аралығында бес саммит өткізілді. Әлемнің саяси картасында жаңа тәуелсіз түркітілдес мемлекеттердің пайда болуымен олардың одан әрі даму жолдарын іздеу басталды. Түркі тілдес мемлекеттер арасындағы көпжақты байланыстар жаһандық кеңістікте экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияны дамытуға мүмкіндіктер ашады. Мәдени және экономикалық ынтымақтастықтың қарқындылығының негізін қамтамасыз ету мақсатында саяси-дипломатиялық байланыстардың қалыптасып мемлекет басшыларының қарым-қатынасының орнықты. Осы мақсатта түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммитін өткізу туралы шешім қабылданды, 1992 жылы мамыр айында Түркияның сол кездегі Премьер-министрі Сүлеймен Демирел Әзербайжан мен Орталық Азия елдеріне жасаған ресми сапары барысында түркітілдес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты тереңдету жөніндегі бастамасын ұсынды [182]. Сол жылдың 30-31 қазанында Түркияның астанасы Анкарада түркітілдес елдердің мемлекет басшыларының алғашқы саммиті ұйымдастырылып, оған Түркия Президенті Тұрғұт Озал, Әзербайжан Президенті Абульфаз Елизаде, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Түрікменстан Президенті Сапармұрат Ниязов, Қырғызстан Президенті Асқар Ақаев, Өзбекстан Президенті Ислам Кәрімов және Түркия Премьер-министрі Сүлеймен Демирел қатысты [183].

Келесі, екінші саммит 1994 жылдың 18 қазанында Әзербайжанның Тәуелсіздік күніне орай Ыстамбұлда өтті. Оған түркітілдес алты мемлекеттің басшылары: Гейдар Әлиев, Нұрсұлтан Назарбаев, Асқар Ақаев, Ислам Кәрімов, Сапармұрат Ниязов және Сүлеймен Демирел қатысты. Бұл жиын нәтижесінде 24 тармақтан тұратын Ыстамбұл декларациясы қабылданып, келесі саммитті Бішкек қаласында өткізу туралы келісімге қол жеткізілді [184].

1995 жылы үшінші саммит Қырғызстан астанасы Бішкекте ұйымдастырылды [185]. Түркітілдес мемлекеттер басшыларының бұл

кездесулері өзара ынтымақтастықты институционалдық тұрғыдан нығайту жолындағы маңызды қадам ретінде бағаланды.4-ші 1996 ж. Ташкент қаласында [186], 5-ші Астана қаласында 1992 ж., 6-шы 2000 Баку қаласында [187], 7-ші 2001 жылы Стамбул қаласында [188], 8-ші 2006 жылы Анталия қаласында 2009 жылы 9-шы Нахчыван қаласында [189], 2010 жылы 10-шы Стамбул [190].

Кейбір саммиттерге Түркіменстан мен Өзбекстан атынан мемлекет басшылары емес, парламент төрағалары қатысқан жағдайлар орын алды, ал соңғы үш саммитке Өзбекстан мүлде қатыспады. Әрбір саммиттің қорытындысында тараптар экономика, сауда, мәдениет, білім беру, тіл саясаты, сондай-ақ халықаралық терроризм мен есірткі трафигімен күрес салаларындағы ынтымақтастықты күшейтуге бағытталған екіжақты немесе көпжақты декларацияларға қол қойды. Бұл саммиттер түркітілдес республикалар арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты нығайтуға қызмет етеді. Түркітілдес елдердің өзара қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы Еуразиядағы бейбітшілікті, қауіпсіздікті және экономикалық дамуды қамтамасыз етеді.

Өткізілген барлық саммиттер ортақ мәдениетті, салт-дәстүрді, тарихты, ұлттық және рухани құндылықтарды қалпына келтіру жолында нәтиже беріп, одан әрі даму перспективаларын ашты. Маңызды қадамдардың бірі түркі халықтарының ұлттық-мәдени мұрасын зерттеу және үйлестіру үшін ТҮРКСОЙ ұйымын құру болып табылады. ТҮРКСОЙ-дың қызметі мәдениет министрлері деңгейінде бақыланады. ТҮРКСОЙ – түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен өнері саласындағы өзара әрекеттестікті дамытуға бағытталған, қатысушы мемлекеттердің ішкі және сыртқы саяси істеріне араласпайтын халықаралық ұйым болып табылады. Өз қызметінде бұл құрылым мүше елдердің егемендігі мен тәуелсіздігін құрметтеу қағидаттарын басшылыққа алады.

Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының қызметі түркітілдес елдердің мемлекет басшылары тарапынан тұрақты қолдауға ие. 1992-2010 жылдар аралығында өткен саммиттер тағы бір дәстүрдің негізін қалады. Бұл халық эпосының көрнекті тұлғаларының мерейтойлық іс-шараларын өткізу. «Манас» эпосының 1000 жылдығы, Әмір Темірдің туғанына 660 жыл, М.Физулидің 500 жылдығы, А.Құнанбаевтың 150 жылдығы, «Кітаби деде Қорқұт» эпосының 1300 жылдығына арналған салтанатты шаралар, Қазақстанның жаңа елордасы Астананың ашылуын тойлау осыған мысал бола алады. Осындай мерейтойлық шараларды өткізудегі мақсат – түркі халықтарының рухани мұрасы мол, тамыры бір, тарихы ортақ екенін, сан саладағы ынтымақтастықты нығайта түсуге ұмтылысын, мәдени саладағы ауызбіршілігін дәлелдеу болып табылады [191]. Түркі халықтары мен түркітілдес мемлекеттерді біріктіретін маңызды алғышарттардың бірі олардың тарихи тамырластығы мен ортақ өркениеттік негіздері, сондай-ақ өзара ұқсас әлеуметтік, саяси және мәдени даму мақсаттары мен міндеттері болып табылады. Алғашқы мемлекетаралық саммиттен бастап екіжақты және көпжақты серіктестік әртүрлі бағыттарда, әсіресе экономикалық салада қарқынды дами бастады. Саммиттер нәтижесінде бірқатар маңызды декларациялар қабылданып қана қоймай, сонымен қатар өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтатын келісімдерге де қол қойылды.

«Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың қалыптасуы мен дамуындағы түркі факторының маңыздылығын атап өткен жөн. Екі халықтың тамыры тереңде жатқан тарихи, мәдени және тілдік ұқсастықтары достық байланысты нығайтуға негіз болады. Бұл ұқсастықтар өзара түсіністікке септігін тигізіп қана қоймайды, сонымен қатар екі елдің қоғамдарын біріктіріп, қазіргі заманғы қиындықтарды бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Бұл көзқарас түркі факторының экономика, мәдениет, білім және ғылымды қоса алғанда, әртүрлі салалардағы бірлескен жобаларды жүзеге асыруда маңызды катализатор болып қала беретінін көрсетеді. Ортақ құндылықтар мен түсіністікке негізделген ынтымақтастық ортақ мақсаттарға қол жеткізуге және халықаралық аренада өзара қолдауды нығайтуға айтарлықтай ықпал етеді. Қазіргі әлемде жаһандық деңгейде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде дипломатиялық қарым-қатынастар маңызды рөл атқаратынын айта кеткен жөн. Түркі факторы призмасы арқылы Қазақстан мен Түркия арасындағы достық қарым-қатынастарды дамыту және тереңдету бұл процестің маңызды аспектісі болып табылады. Осылайша, аймақта және одан тыс жерлерде тұрақтылық пен өркендеуге қол жеткізуге бағытталған өзара тиімді ынтымақтастықтың іргетасы нығаюда» [192].

Еуразиялық кеңістікте бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ тарихи маңызы зор «Ұлы Жібек жолын» қайта жаңғырту арқылы ұлттық және өңірлік көлік инфрақұрылымын дамыту – бұл үдерістің негізгі басымдықтарының бірі болды. Осы орайда ТРАСЕКА бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан, Батыс Еуропадан басталып, Кавказ бен Каспий теңізі арқылы Орталық Азияға бағытталған трансконтиненталды көлік дәлізінің құрылуында түркітілдес елдердің рөлі ерекше.

Білім, ғылым және мәдениет саласындағы өзара әрекеттестікті жүйелеу мақсатында Қазақстан Республикасында Түркі академиясы құрылды. Бұл ғылыми орталықтың аясында «Түркі тарихы мұражайын» және «Түркі кітапханасын» құрумен қатар, өзге түркітілдес мемлекеттерде Академияның аймақтық өкілдіктерін ашу жоспарланған. Сонымен қатар, 2009 жылы Нахчыванда өткен IX саммит барысында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін құру туралы шешім қабылданып, 3 қазан күні Түркі республикалары арасындағы ынтымақтастық күні ретінде белгіленді. Кеңестің тұрақты хатшылығы Ыстамбұл қаласында орналасып, алғашқы Бас хатшы болып Халил Акынжы тағайындалды.

Түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммиттері өңірлік саяси және әлеуметтік үдерістерге серпін беріп, саяси өзара түсіністікті тереңдетуге, экономикалық байланыстарды кеңейтуге, сондай-ақ ғылыми және мәдени ықпалдастықты дамытуға елеулі ықпал етуде. Бұл ынтымақтастық халықаралық құқық нормалары мен қағидаттарына сүйене отырып, ортақ тарихи және өркениеттік мұраны сақтауға, елдердің ортақ проблемаларын бірлесе шешуге бағытталған.

Саммиттер аймақта болып жатқан қоғамдық-саяси процестерге және тұтастай алғанда интеллектуалдық және экономикалық интеграцияға оң әсер

етеді. Бірыңғай экономикалық және мәдени кеңістік құруға кедергі келтіретін көптеген себептер бар. Себептердің арасында түркітілдес мемлекеттердің әрқайсысының саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының деңгейіндегі айырмашылықтарды ерекше атап өткен орынды.Бұл мемлекеттердің аумақтарында түркі тілдес емес ұлттардың тұруын немесе тәуелсіздіктен айырылып қалудан қорқуды атап өткен жөн. Түркітілдес халықтардың бірлігі, экономика, мәдениет және ғылымдағы, мәдени және рухани құндылықтар аясында ынтымақтастыққа кең мүмкіндіктер бар. Түркітілдес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруда олардың басшыларының жоғары деңгейдегі кездесулері ерекше маңызға ие. Мұндай саммиттер тәуелсіз түркі мемлекеттері арасындағы өзара іс-қимылды нығайтып, көпжақты серіктестікке жол ашады.

Түркі мемлекеттерінің жоғарғы басшылығының кездесуі 2006 жылдың күзінде қайта жалғасты. 2006 жылы 17 қарашада Түркияның Анталия қаласында түркі мемлекеттері басшыларының VIII саммиті өтті. Оған Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия президенттері қатысты. Түркіменстан мен Өзбекстан басшылары саммитке қатыса ма, жоқ па деген сұраққа ұзақ уақыт бойы жауап бермеді [193].

Түрік ақпарат құралдары әртүрлі нұсқаларды алға тартты Түркіменстан республиканың Түркиядағы елшісі деңгейінде өкілдік етсе, Өзбекстан мүлде өкіл жібермеді [194]. бұл тарихи кезеңде түркітілдес республикалардың барлығын бір кеңістікке біріктіру мүмкін еместі. Әр мемлекет өз мүддесін көздеді және Түрік Республикасына еруге дайын болмады. Кейбір республикалар түркі диалогы аясында интеграциялық үдерістерге немқұрайлы көзқарасын танытса, басқалары өзара іс-қимылды тереңдетуге қатысты тың идеяларды алға тартты. Жаңа серпіннің қажеттілігі туралы соның ішінде институционалдық құрылымдарды құру  2000 жылы сәуірде Баку кездесуінде талқылана бастады.

Түркітілдес мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясын құру туралы бастаманы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев [195] айтты, түркі әлеміндегі беделді тұлғалардан, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлерінен,  мәдениет қайраткерлерінен құралған түркітілдес халықтардың ақсақалдар кеңесін құру туралы сөз қозғалды, жылына кемінде бір рет өткізу жоспарланған болатын. Достық, бауырластық және ынтымақтастығы қоғамының Х құрылтайында жұмыс тілі деп түрік тілін емес, қатысушы елдердің ресми тілдері болды [196]. Түркияның ықпалын арттыру әрекетін тежеуге ұмтылғанын қадам еді. Түркияның ықпалы мен маңызының төмендеуі байқалды, ол өзінің басшылығымен түркі мемлекеттерінің одағын біріктіре алмады.

Анталиядағы түркі мемлекеттері басшыларының саммитінде дегенмен, жаңа толыққанды халықаралық құрылымды жобалау туралы айту мүмкін емес еді, себебі Өзбекстанның бұл процестерге қатысудан бас тартуы, Түркіменстанның  позициясының әлсіздігіне байланысты еді. Бұл жағдай түркі факторын әлемдік саясаттың ықпалды субъектісіне айналдырудың мүмкін еместігін растады. Түркіаралық интеграциялық жобаларға Өзбекстан мен

Түркіменстанның немқұрайлы қарауының себебі неде деген сұраққа біржақты жауап беру мүмкін емес еді. Өзбекстан Президентінің саммитке келмеуі себептерінің бірі – Өзбекстандағы адам құқықтарының бұзылуы туралы БҰҰ Комиссиясында Еуропалық Одақтың БҰҰ Бас Ассамблеясына қарар ұсынуда Түркияның қолдауы болып табылады [197].

Халықаралық аренада ортақ жалпытүркілік өзара көмек диалогын құруға шақыра отырып, Өзбекстан басшылығы көптеген мәселелерде Түркияның қолдауына сенді. Бұл жағдайда Анкара ол үшін Еуроодақтың ұстанымы маңыздырақ болды. Одан кейін Өзбекстан шенеуніктерінің Түркия Республикасын қос стандарт саясатын ұстанып отыр деп айыптаған мәлімдемелерімен жалғасты [198]. Тағы бір себебі, Өзбекстан белсенділерінің жетекшісі Эрка М. Салих пен бұрынғы мүфти Мухаммад Садық Мухаммад-Юсефке саяси баспана берді.

Түркітілдес республикалар қатарындағы алауыздықты Түркі одағының өміршеңдігін дәлелдеу және бұл елдер арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамыту арқылы ғана жүзеге асуы мүмкін екендігін Түркия басты міндет деп есептеді.Әзірбайжан саясаттанушы Тогрул Жуварлы былай деп жазды: «Мұндай саммиттердің негізгі себебі – экономикалық. Түркітілдес мемлекеттер біртұтас экономикалық кеңістік құру ғана жеткілікті. Түркия Әзірбайжан мен Түркіменстанда, Қазақстан мен Өзбекстанда айтарлықтай белсенді» [199]. Анталиядағы кездесуде энергетика және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты арттыруға бағытталған келісімдер жасалды. Сонымен қатар, түркі елдері арасындағы экономикалық және көлік байланыстарын нығайту қажеттілігі туралы қорытынды декларация қабылданып, адам саудасына, терроризмге, жаппай қырып-жою қаруын таратуды тоқтату, есірткі мен қару-жарақ контрабандасына қарсы бірлескен күрестің маңыздылығы атап өтілді [200].

Қазақстан мен Әзірбайжан сияқты энергия ресурстарының маңызды жеткізушілердің қызметін үйлестіруге ықпал етті. «Баку-Тбилиси-Джейхан» және «Баку-Тбилиси-Эрзурум» сияқты трансұлттық жобаларды негізге алып, [201] Әзірбайжан мен Қазақстан энергетика саласында бірлесіп әрекет етуі керек екендігін айтып, Түркия энергия ағындарының бағыттарына әсер етуге тырысты. Ирак, Ауғанстан, Палестина және Ливиядағы ахуал қарастырылып, Ирактың аумақтық тұтастығын сақтау және Ирак түрікмендерінің негізгі құқықтары мен еркіндіктерін қорғау қажеттілігі мақұлданды.

Декларацияда Қазақстанның 2009 жылғы ЕҚЫҰ төрағасы лауазымына кандидатурасын және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне Түркияның Қазақстан мен Қырғызстанның кандидатурасын қолдауға дайын екендігі жазылған. жиналған түркі мемлекеттерінің әрқайсысының өз мүддесі болды. кедергілер еңсерілген жағдайда ғана түркі достығын нығайту мүмкін болды. Орталық Азия мемлекеттерінің көптеген басшылары Түркияның үстемдікке ұмтылғанын позициясын құптамады. Аймақтағы тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ түркі халықтарына тән тарихи, мәдени, тілдік және әлеуметтік құндылықтарды қорғауға бағытталған іс-

әрекеттер жүзеге асырылып жатқанына назар аударылды. Осыған орай, Орталық Азия мемлекеттері көпжақты өзара ықпалдастыққа қаншалықты бейім деген сұрақ туындайды. Анкараның бүгінде Түркі одағын басқаруға мүмкіндігі аз. Болашақта түркітілдес мемлекеттердің тағдырын Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия елдері шешуі мүмкін.

Саяси одақ құру идеясы түркітілдес елдер мен қауымдастықтардың достық, бауырластық және ынтымақтастық ұйымының XI съезінде айтылды. Бұл шараның тағы бір атауы – құрылтай. маңызды сыртқы саясат салаларындағы күш-жігерді үйлестіру үшін түркітілдес мемлекеттердің саяси одағын құру бастамасын 2007 жылғы 17-19 қарашада Бакуде Түркия Премьер-Министрі Реджеп Ердоған көтерді. Түркі тілдес елдердің өздерінің түрік бастамасына қатынасы біркелкі емес еді [202]. Аймақтың саяси элитасының халықаралық аренадағы әрекеттері тәуелсіз әрі сенімді бола түскенін Әзербайжандық саясаттанушы Ильгар Велизаде атап өтті. Енді олардың интеграциялық топтарға қатысуы, бұдан былай сыртқы саясат тәуелсіздігін жоғалту қаупімен байланысты болмады. Қазақстан, Әзірбайжан сияқты маңызды саяси ойыншылар қандай да бір топтастыруды құру бастамасын көтере алады.

Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан парламенттері төрағаларының орынбасарларының кездесуін өткізудегі маңызды қадам болды. 2008 жылғы 21-22 ақпанда Анталия қаласында Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясын (ПАТГ) құру жөніндегі хаттамаға қол қойылған болатын. Бұл бастама Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев тарапынан ұсынылып, бірқатар қолдауға ие болды. Алайда Өзбекстан мен Түркіменстан аталған құрылымға қосылуға қызығушылық танытпады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастарды дамытудың келешегі, әсіресе, олардың стратегиялық географиялық жағдайы мен экономикалық әлеуеті тұрғысынан алғанда, көңіл қуантарлық болып көрінеді. Негізгі салалардағы ынтымақтастық, сауда байланыстарын кеңейту және жаһандық экономикалық өзгерістерге бейімделу өзара өркендеуге және достық қарым-қатынастарды нығайтуға ықпал етеді [203].

Саяси жағынан нығайған түркітілдес елдер тек өз бастамаларын көтеріп қана қоймай, түркі әлеміндегі маңызды ойыншы Түркияның өзімен полемикаға түсуді бастады. 2008 жылы 20 қарашада Стамбулда өткен парламент басшыларының конференциясында Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясын құру туралы келісім қабылданды. Түркия мен Әзербайжан мемлекеттерінің арасында келіспеушіліктер бола басиады. Хатшылықты орналастыру үшін үш қала – Баку, Анкара және Стамбул – ықтимал орын ретінде ұсынылған еді. Нәтижесінде, Әзірбайжан Республикасы Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясының хатшылығын Баку қаласында орналастыру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім 2009 жылдың қыркүйек айында өткен саммит барысында ресми түрде бекітілді [204].

Түркітілдес мемлекеттер арасындағы парламентаралық өзара іс-қимыл органы ТүркПА-ның Жарғысында бірнеше негізгі мақсаттар көрсетілген. Атап айтқанда, түркітілдес елдер арасындағы ынтымақтастықты тереңдету, мемлекет

басшыларының саммиттерін ұйымдастыруға жәрдемдесу, ортақ саяси ұстанымдарды қалыптастыру, сондай-ақ бірлескен іс-шаралар өткізу мен заң шығару тәжірибесімен алмасу көзделген [205].

Түркі елдерінің саяси одағын құру жолында Еуропалық Одақтың тиісті құрылымдарын үлгі ретінде алуға әрекет жасалды[206], Түркіменстан мен Өзбекстанның болмауы бұл жоспарларды жүзеге асыруды қиындатты-деп атап өтті А.А. Гурьев [207].

Қазақстанды, Қырғызстанды, Тәжікстанды, Түркіменстанды және Өзбекстанды Орталық Азия Одағына біріктіру идеясы 1990 жылдары Н.Ә.Назарбаевтың бастамаларында орын алды. Бұл контексте шешуші өлшем этникалық емес, аймақтық қағидат болды. Өйткені Тәжікстан – Орталық Азия кеңістігіндегі жалғыз парсытілді мемлекет, халқының шамамен 80 пайызын тәжіктер құрайды. Тәжік тілі – үнді-еуропалық тілдер шоғырының иран тобына жататын тіл, бұл оны өңірдегі басқа түркітілдес халықтардың тілдерінен ерекшелендіреді.

Корицскийдің пайымдауынша, экономикалық және әскери-саяси салада тұрақты негіздердің жеткіліксіздігіне қарамастан, Түркия түркітілдес елдердің астаналарын сыртқы саясаттағы ұстанымдарды үйлестіруге итермелеуге ұмтылды.Түркітілдес мемлекеттер үшін өз мүдделері бірінші орынға шыға бастады. Әзірбайжанның шетелде тұратын әзірбайжандармен жұмыс жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары Валех Гаджиев Әзірбайжан ақпарат агенттігіне берген сұхбатында «Президент И.Әлиев түркішілік идеясына қол жеткізді айтады. Түркі мемлекеттерінің 11-ші съезі мен Түрік және Әзірбайжан диаспорасы ұйымдары жетекшілерінің бірінші форумы Әзірбайжандық идеяларынан түрікшілдікке эволюциялық өтуге қосқан үлес болды [208]. Таулы Қарабақ қақтығысымен байланысты болды, әсіресе бұл қақтығысты әскери жолмен шешу жағдайында Баку түркі әлемінің қолдауына мұқтаж. интеграцияға барынша мүдделі елдер тобының құрылғанын және ынтымақтастықты институционалдық тұрғыдан тереңдетуге дайын екенін көрсетті.

2009 жылы Нахичеван қаласында өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының IX саммитіне: Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Әлиев, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев, Қырғыз Республикасының Президенті Қ.Бакиев және Түркия Республикасының Президенті А.Гүл қатысты. Түркия президенті жыл сайынғы саммиттер өткізу туралы шешім қабылданғанын хабарлады алдағы уақытта Өзбекстан мен Түркменстан елдерінің қосылатынына үміт артты.

Нахичевандағы саммитінде тарихтың, тілдің және мәдениеттің жақындығы, достық, теңдік және өзара тиімділікке негізделген барлық салалардағы байланыстар мен ынтымақтастықтың маңыздылығын Түркітілдес мемлекеттер басшылары атап өтті. А. Гүл Анкара басшылыққа алған түркі елдерімен қарым-қатынасты дамыту тұжырымдамасын атап өтті. Мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимыл тең құқықтылық пен бірін-бірі құрметтеу қағидаттарына негізделген. Түркияның G20 саммиттеріне қатысуы бүкіл түркі

әлемінің мүдделерін халықаралық деңгейде таныту тұрғысынан маңызды құрал ретінде қарастырылды. Энергетика, көлік, байланыс және туризм салаларындағы әріптестікті кеңейту қажеттігі де ерекше атап өтілді. Осы кездесудің негізгі нәтижелерінің бірі – түркі интеграциясының жаңа институттық тетігі болып табылатын Түркі мемлекеттері ынтымақтастығы кеңесін (Түркі кеңесі) құру жөніндегі бастама болды [209].

Түркі кеңесінің штаб-пәтері Ыстамбұлда, ұйымның бірінші бас хатшысы түрік азаматы болды. Ротация принципі бойынша әр үш жыл сайын Бас хатшы лауазымы қатсушы елге ауысып отыруы керек. Анкара өзін тағы да түркітілдес елдерге жетекшілік ететін «локомотив» ретінде көрсетті. Түркі мемлекеттері ұйымының құрылымына бес негізгі орган енеді. Олардың қатарында Мемлекет басшыларының кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Ақсақалдар алқасы, сондай-ақ сыртқы саясат саласында елеулі еңбек сіңірген тұлғалардан құралған кеңес бар.

Алғаш рет түркі әлемін біріктіретін институционалдық құрылым пайда болды. Экономика және туризм саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге ықпал ететін болады. Нахичевандағы саммит Түркі халықтары достастығын құратын түркі елдерінің интеграциясы үдерісінде бетбұрыс болды деп атап өтті Түркия Президенті .Қазақстан Бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаев ХХ ғасырдың 90-жылдарындағы түрлі бірлестіктердің белсенді бастамашыларының біріретінде, Қазақстан тарапынан Түркі халықтарының Ғылым академиясын (Түркі әлемі академиясы) құру жөнінде бастама көтерілді. Бұл бастаманың мақсаты түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін жан-жақты зерттеу арқылы олардың әлемдік өркениетке қосқан үлесін айқындау болатын. Ел президенті атап өткендей: «Егер бұл бастаманы Түркия көтерсе, ол пантюркизммен байланыстырылуы мүмкін еді. Қазақстанда ондай идеология жоқ, сондықтан Түркі академиясын құру идеясын өзім ұсындым [210].

2010 жылғы 25 мамырда Қазақстан мен Түркия президенттері Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Түркі әлемін зерттеуге арналған академияның ашылуына қатысты. Бұл орталық ғылыми ізденістер жүргізуге, халықаралық форумдар, симпозиумдар мен мәдени шаралар өткізуге арналған. Сонымен қатар, оның құрылымында Түркі мұражайы мен мұрағаты, түркі мәдениеті мен тарихына арналған ғылыми орталық, түркі тілдерін зерттеу бөлімі және арнайы кітапхана ашылды.

Әзербайжан Республикасы, оның басшысы И.Әлиев та Түркі мәдениеті халықаралық ұйымының ТҮРКСОЙ қорын құру туралы өз ұсыныстарын айтты. Қор барлық түркі өңірлеріндегі мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру мен қорғауға қолдау көрсетіп, тарих және мәдениет саласында зерттеулер жүргізеді. Мәдениет саласына үлкен үлес қосып, елдеріміз бен халықтарымыз арасындағы достық және туысқандық байланыстарды дамытуға зор үлес қосады [211].

Түркия президенті бұл ұсынысты қолдап, түркі халықтары тұратын елдерге ТҮРКСОЙ ұйымында бақылаушы мәртебесін беру мүмкіндігін жариялады. Бұл Түркияның айналасына неғұрлым көп жақтастырды жинау болды. Гүлдің пікірінше, Түркі кеңесі, Парламентаралық ассамблея және

ТҮРКСОЙ түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың берік институционалдық негізін құра алады. Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясының бірінші пленарлық отырысы өтті. Кезекті отырыс барысында 26 баптан тұратын Ассамблея Жарғысы қабылданып, оның хатшылық құрылымы мен қаржылық базасы, яғни бюджеті бекітілді. Ұзаққа созылған пікірталастар нәтижесінде ұйымның тұрақты штаб-пәтері ретінде Баку қаласы таңдалды. Ұйым аясындағы қызметке Түркия, Қазақстан, Қырғызстан және Әзірбайжан белсенді түрде қатысуды жалғастырды [212].

Түркі елдері арасындағы кездесулердің басты нәтижесі – бұрын жасалған уағдаластықтардың нақты іске асырыла бастауы болды. Сонымен қатар, Каспий аймағындағы энергетикалық қорлардың маңыздылығы Еуропа елдерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде артып келе жатқаны да атап өтілді. Бұл тұрғыда «Баку – Тбилиси – Джейхан» (БТД) және «Баку – Тбилиси – Эрзурум» секілді стратегиялық маңызы зор мұнай мен газ құбырларының жаһандық энергетикалық тұрақтылық пен өңірлік экономикалық дамуға қосар үлесі зор.

БТД құбырының өткізу қуатын арттыру қажеттілігіне ерекше назар аударылды, сондай-ақ Ақтау теңіз порты мен аталған құбыр арасындағы логистикалық байланысты нығайту мәселесі де күн тәртібіне қойылды. Нахичеванда өткен саммит болса, түркі мемлекеттері арасындағы серіктестік үдерісінің белсенді түрде дамып келе жатқанын айқын көрсетті.Түркітілдес мемлекеттер басшыларының Х саммитін Қырғызстанда өткізуге келісілді. Алайда 2010 жылдың көктеміндегі Қырғызстанның ішкі саяси оқиғаларына байланысты кездесу өтетін орын Түркияға көшірілді, 2010 жылы 16 қыркүйекте Ыстамбұлда түркітілдес мемлекеттер басшыларының Х кездесуі өтті.

Саммитте мемлекет басшылары көпжақты ынтымақтастықтың түрлі аспектілері мен экономика мәселелерін талқылады. Кездесуге: Қазақстан Президенті Н.Назарбаев, Түркия Президенті А.Гүл, Әзірбайжан Президенті И.Әлиев, Қырғызстанның өтпелі кезең президенті Р.Отынбаева, Түркіменстан Президенті Г.Бердымұхамедов [213] қатысты. А.Гүл саммитке қатысқан мемлекет басшыларына сәлем беріп, елдер арасында ерекше қарым-қатынастардың бар екенін атап өтті: «Біздің бауырлас халықтарымыз бен елдерімізді ортақ тіл, дін, тарих, мәдениет және құндылықтар біріктіреді. Түркия Президенті түркітілдес елдер арасындағы ынтымақтастықтағы маңызды жетістіктерінің бірі Нахичевандағы IX саммитте қабылданған шешімдерді атап өтті. Кеңестің хатшылық қызметі Ыстамбұл қаласына орналастырылды. Түркия өкілі Гүлдің айтуынша, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі ата-бабадан қалған ортақ тіл, мәдениет және рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту жолында ауқымды жұмыс атқарып, оны келешек ұрпаққа аманаттауды мақсат тұтады.Халықтарымыз арасындағы мәңгілік туыстық байланыстар нақты ынтымақтастыққа айналатынына сенімдімін деп атап өтті». Түркі әлемі алдында тұрған мәселелерді шешуде Кеңес маңызды рөл атқарып, аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа қызмет ететіндігіне сенімді екенін айтты.

ТҮРКСОЙ ұйымының қызметі түркітілдес елдер арасындағы байланысты кеңейтуде маңызды рөл атқарады. Бұл кездесуде Әзірбайжан Президенті Хатшылық қазірдің өзінде табысты жұмыс істеп жатқанын хабарлады. Ыстамбұлдағы түркіаралық саммит қорытындысын түрік бұқаралық ақпарат құралдары Түркітілдес елдер ынтымақтастығы кеңесінің хатшылығы Ыстамбұлда, Бакуде түркі мәдениетін қорғау ұйымы, Астанада Түркі академиясы құрылатындығы жайында жарысып жаза бастады.

Түркі ынтымақтастығы аясында әрбір мемлекеттің өзіне тән функционалды міндеттері бөлініп берілді: саяси бағыттағы жауапкершілікті Түркия өз мойнына алса, ғылыми-зерттеу қызметтері Қазақстанға жүктелді, ал мәдениет саласындағы жұмыстарды үйлестіру Әзірбайжан тарапына тапсырылды. Қырғызстан бұл үдерістерде тұрақты қатысушы рөлін сақтағанымен, ел ішіндегі саяси тұрақсыздық оның жаңа бастамалар көтеруіне кедергі келтірді.Түркі мемлекеттері басшылары ұсынған барлық ұсыныстарға қарамастан, Анкараның түркіаралық интеграцияның басты сөзсіз үйлестірушісі болып қала береді. Саммит аясында Түркі кеңесінің хатшылығы, Ақсақалдар кеңесі және Түркі әлемі академиясының қызметіне қатысты өзекті мәселелер қарастырылды. Кездесу барысында аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономикалық әріптестікті тереңдету, сондай-ақ Қырғызстандағы жағдайды реттеуге байланысты мәселелер бойынша пікір алмасу жүргізілді. Түркітілдес елдер тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеуге арналған бірлескен ауқымды іс-шараларды өткізу туралы ұсыныс түсті. Түркітілдес елдердің басшылары Қазақстанның халықаралық ұйымдарға төрағалығын қолдайтынын білдірді.

2011 жылы Қазақстанда, ал 2012 жылы Қырғызстанда келесі саммиттерді өткізу туралы шешім қабылданды. Ыстамбұл кездесуі тараптардың түркі ынтымақтастығын институттандыруға деген ұмтылысын тағы бір көрсетті.Бастапқыда Түркия армандаған нұсқадағы түркі бірлігі туралы түрік идеялары жүзеге аспады. Түркі елдері арасындағы қарым-қатынастарды басқаша негізде болатынын көрсетті. Қатысушылардың саны аз болса да, түркіаралық диалог жалғасуда. Саммиттердің жұмысына қызығушылық танытып отырған мемлекеттер бар. Осы елдердің қызметін мақсатты түрде үйлестіре алатын түркі ынтымақтастығы ұйымдық құрылымы құрылды. Парламенттік Ассамблеяны, Парламентаралық Мәжілісті, Түркі кеңесін, Хатшылықты және Жарғыны құру Түркияның түркі мемлекеттерінің саяси одағын құру ниетінің маңыздылығы, оның халықаралық аренада біртұтас түркі күшіне айналуын көрсетеді. Қазақстан Орталық Азиядағы ең қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Әзірбайжан да жақсы экономикалық даму көрсеткіштерін көрсетіп отыр. Түркия транзиттік мемлекет ретінде энергетикалық жобаларға мүдделі республика. Қырғызстан 20 жылға жуық түркіаралық саммиттердің белсенді қатысушысы.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы 1991–2025 жылдардағы қарым-қатынастардың эволюциясын төрт кезеңге бөліп қарастыру олардың дамуының логикасын және аймақтық интеграциялық үдерістердегі орны мен маңызын жан-жақты ашып көрсетеді.

Бірінші кезең (1991-2000 жж.) – екі мемлекеттің тәуелсіздік жағдайында өзара байланыстарды қалыптастыру дәуірі болды. Бұл кезеңде Түркия Қазақстанның егемендігін алғашқылардың бірі болып танып, дипломатиялық қатынастар орнатты. Негізгі басымдық мәдени-гуманитарлық салаға берілді. Түрік лицейлері ашылды, ТҮРКСОЙ ұйымы құрылды. Дегенмен, Түркияның пантюркистік ұстанымдарына байланысты белгілі бір сақтық байқалды, ал экономикалық қатынастар әлі жеткілікті деңгейде дамыған жоқ.

Екінші кезең (2001-2010 жж.) – институционалдану кезеңі. Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық мәдени сипаттан нақты саяси-құқықтық негізге өтті. ТүркПА мен Түркі кеңесінің құрылуы түркі интеграциясын жаңа деңгейге көтерді. Экономикалық байланыстар жанданып, түрік компаниялары Қазақстанда белсенді жұмыс істей бастады. Алайда Өзбекстан мен Түркіменстанның бейтарап позициясы түркі ынтымақтастығының толыққанды дамуына кедергі болды.

Үшінші кезең (2011-2020 жж.) – стратегиялық серіктестік кезеңі. 2010 жылы Түркі академиясы ашылып, түркі интеграциясының ғылыми негізі қалыптасты. 2015 жылы Қазақстан мен Түркия стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойды. Экономикалық ынтымақтастық кеңейіп, ірі инфрақұрылымдық жобаларға қатысу күшейді. Мәдени салада Түркістан қаласының «түркі әлемінің рухани астанасы» ретінде танылуы ерекше мәнге ие болды. Бұл кезеңде Өзбекстанның Түркі кеңесіне қосылуы интеграцияны аймақтық ауқымда нығайтты.

Төртінші кезең (2021-2025 жж.) – жаңа сапалық кезең. Түркі кеңесінің Түркі мемлекеттері ұйымы болып қайта құрылуы интеграцияның институционалдық тұрғыдан жетілгенін көрсетті. Қазақстан мен Түркия бұл ұйымның басты қозғаушы күштері ретінде танылды. Экономикалық салада Транскаспий халықаралық көлік дәлізі (Орта дәліз) стратегиялық бағыт ретінде айқындалды. Гуманитарлық салада Түркістанның мәртебесі күшейіп, жастар саясаты мен білім беру саласында жаңа бастамалар жүзеге асырылды. Дегенмен, Түркіменстанның ұйымға толық мүше болып кірмеуі және Қазақстан мен Түркияның сыртқы саясаттағы кейбір мүдделер айырмашылығы интеграцияның толық жүзеге асуына кедергі болып отыр.

Жалпы алғанда, Қазақстан-Түркия қатынастары соңғы отыз жылдан астам уақыт ішінде қалыптасудан стратегиялық серіктестікке дейінгі жолды жүріп өтті. Қарым-қатынастардың басты ерекшелігі олардың саяси прагматизм мен тарихи-мәдени жақындықтың үйлесімінде дамуы. Қазақстан үшін Түркия түркі интеграциясын ілгерілетудегі сенімді серіктес болса, Түркия үшін Қазақстан аймақтағы ең тұрақты және беделді әріптеске айналды.

1991-2025 жылдардағы қатынастарды кезеңдер бойынша салыстырғанда төмендегідей тұжырым жасауға болады: Бірінші кезеңде мәдени-гуманитарлық жақындасу басым болды; екінші кезеңде интеграциялық ұйымдардың институционалдық негіздері қаланды; үшінші кезеңде стратегиялық серіктестік пен экономикалық әріптестік күшейді; төртінші кезеңде интеграция аймақтық және халықаралық деңгейде жаңа сапалық сипат алды. Қазақстан мен Түркия

арасындағы ынтымақтастық қазіргі таңда түркі интеграциясының өзегіне айналып, Еуразиядағы геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды фактор болып отыр.

### 2.2 Жаһандық геосаясаттың өзгеруі жағдайында Түркия мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестік

Түркия мен Қазақстан арасындағы достық және ынтымақтастық байланыстары соңғы 33 жыл ішінде терең тарихи және мәдени негіздерге сүйене отырып, сенімді серіктестік деңгейіне көтерілді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері екі ел арасындағы қарым-қатынастар үздіксіз кеңейіп келеді. 2009 жылы Стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылуы бұл байланысты жаңа сапалық деңгейге шығарды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары аясында бұл ынтымақтастық табысты стратегиялық серіктестікке айналып отыр. Мемлекеттер арасындағы байланыстар тек екіжақты шеңберде ғана емес, сонымен қатар аймақтық және жаһандық деңгейде де маңызды нәтижелер беруде. Бұл кезеңде елдер халықаралық саясаттағы өз ұстанымдарын қайта пайымдап, жаңа жаһандық жүйе жағдайында бейімделу процесін бастан кешіруде [214]. Қазақстан мен Түркия халықаралық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, бейбітшілікті сақтау және өркендеуге бағытталған сыртқы саясатта ұқсас көзқарастарды бөліседі. Мұндай ұстанымдардың нақты көрінісі ретінде Стратегиялық әріптестік туралы келісімді атауға болады. Қазіргі кезеңдегі бұл тарихи процестер әлемдік көпполярлық тәртіптің қалыптасуын және Азияның геосаяси салмағының артуын көрсетеді.

Орталық Азия, кең мағынада алғанда, осы ұлы құрлықтың географиялық өзегі ретінде халықаралық мүдделер тоғысқан стратегиялық кеңістікке айналуда. Бұл аймақтың мемлекеттері жаңа жаһандық тәртіп жағдайында өз рөлін жаңаша айқындауға ұмтылып отыр. Геосаяси жағынан алып қарағанда, Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы маңызды көпір, Ресей мен Қытай сияқты ірі державалармен шекараласуы оны Орталық Азияның жетекші елдерінің біріне айналдырады. Қазақстан ішкі саясаттында да, сыртқы саясатында да, трансформациялық өзгеру үстінде, осы себепті Қазақстан проблемалармен қалай күресетіні маңызды сұрақтар болып табылады. Бұл мәселелер тек Қазақстанның ұлттық мүдделерімен шектелмейді, олар бүкіл өңір үшін, сондай-ақ жаһандық деңгейдегі негізгі геосаяси ойыншылар үшін де өзекті болып отыр. Ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық орналасуы оны қандай да бір ірі державаның ықпалында болуға мәжбүр етпейтін маңызды геосаяси артықшылыққа ие етеді. Алайда, Ресей мен Қытай секілді екі ірі мемлекеттің ортасында орналасу жағдайы Қазақстан үшін ықтимал тәуекелдердің бірі. Сол себепті республика осы екі елмен де теңгерімді әрі прагматикалық саясат жүргізуі қажет, яғни ынтымақтастық қарым-қатынастары өзара тиімділікке негізделіп, біржақты тәуелділікке ұласпауы тиіс. Егер бұл тепе-теңдік бұзылып, бір елмен байланыс үстем сипатқа ие болса, мұндай жағдай Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Қазақстан үшін Батыс бағыты да маңызды. Украинадағы соғыс халықаралық пікірталастарда энергетикалық қауіпсіздікті басымдыққа айналдырды, Қазақстанның бай энергоресурстық мүмкіндіктері бар. Қазақстанның Украинадағы соғыстан туындаған азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде потенциалы бар. Батыс және Шығыс елдерімен де тиімді қарым-қатынас орнату арқылы Қазақстан осы потенциалды мүмкіндіктерін іске асыра алады. Тек теңгерімді көпвекторлы саясат қана Қазақстанды геосаяси қысымнан шығудың маңызды жолы болып табылады.

Аймақтық деңгейде Қазақстанның халықаралық бәсекелестіктегі күш орталығы Азияға ауысуы барған сайын маңызды бола түсуде. Геосаяси қақтығыстар мен халықаралық бәсекелестік қаупі артып келеді, Ауғанстандағы тұрақсыз жағдай мен Украинадағы әскери қақтығыстар қазіргі геосаяси шиеленістердің маңызды ошақтарына айналып отыр. Бұл үдерістер энергетикалық қауіпсіздік мәселесін алдыңғы қатарға шығарып, Каспий аймағының стратегиялық рөлін күшейтті. Соның нәтижесінде Қазақстан Шығыс пен Батысты, сондай-ақ Солтүстік пен Оңтүстікті байланыстыратын маңызды транзиттік бағытқа айналуда.

Өңірдегі қауіпсіздікке төнетін сын-қатерлермен жеке дара күресу – Қазақстан да, Орталық Азияның басқа мемлекеттері үшін де күрделі міндет. Мұндай жағдайда Қазақстанның аймақтық деңгейде ынтымақтастық орнатуда және үйлестіру қызметінде жетекші рөл атқарып отырғанын атап өткен жөн.Сонымен қатар, Қазақстан аймақтағы өзге елдермен салыстырғанда экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақтылығы жоғары мемлекет ретінде ерекшеленеді. Аймақтың ынтымақтастығы мен тұрақтылығы үшін Қазақстан қажет, себебі Қазақстан әлемдік державаларменде, аймақтық елдерменде бейбітшілік пен тұрақтылық стратегиясын ұстанады. Бұл стратегия көпвекторлы сыртқы саясатты – аймақтағы тұрақтылық пен өркендеуді қамтамасыз етуде маңызды.

Қазақстанның Түркиемен аймақтағы және жахандық саясаттағы рөлі маңызды. Түркия мен Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтарындағы ұқсастықтары әлемдік державаларғаға тәуелді болмауы, Қазақстанның толық тәуелсіздігі мен стратегиялық автономиясы оның аймақтағы теңгерімді сақтап, бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында ұстанатын сыртқы саясатының негізін құрайды. Түркия мен Қазақстан өздерінің жаһандық және аймақтық мәселелерде бірлесіп әрекет етуі арқылы сындарлы рөл атқарып, көптеген мәселелерді тиімді шешуге қол жеткізуде.

Түркияның Қазақстанның Батыс нарығына шығуындағы маңызы зор, себебі екі ел арасындағы сауда байланыстары үнемі өркендеуге бағытталған. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға жасаған сапары барысында экономикалық ынтымақтастықты тереңдету жөнінде маңызды келісімдерге қол қойылды, бұл өз кезегінде екі ел арасындағы сауда көлемінің артуына және Қазақстанның Еуропа нарығына қосымша шығуына мүмкіндік береді.

Қазақ-түрік қарым-қатынастары Қазақстанның Батыс елдерімен саяси және экономикалық байланысына ықпал етуде, бұл үрдіс өз кезегінде

Қазақстанның жаһандық саяси тепе-теңдікті сақтау жолындағы маңызды бағытына айналады. Түркия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық аймақтық қауіпсіздікке де оң әсерін тигізіп, өңірдегі қарым-қатынастарды институционалдық тұрғыда нығайтуға ықпал етуде.

Олар аймақтағы барлық елдерді қамтып отыр. Аймақтық интеграция үдерісі мен жаһандық бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға деген ұмтылыс жеделдеді. Қ-Ж.К.Тоқаевтың Түркияға сапары Түркия мен Қазақстан арасындағы достық пен ортақ мүдделерді көрсетуде үлкен маңызға ие. Алты министр мен көптеген жоғары лауазымды шенеуніктер бірге қатысты. ҚР ПРезиденті Тоқаевта Қ-Ж.К., Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған ойларын айтып, достық ынтымақтастыққа негізделген сипаттарын танытты. Түркияға жасаған сапар барысында Қазақстан нақты әрі маңызды қадамдар жасады. Біріншіден, екіжақты қарым-қатынастар стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеріліп, қорғаныс өнеркәсібі, әскери барлау, ақпараттық технологиялар, көлік, мәдениет, ауыл шаруашылығы, сауда, кеден, экология, білім беру, жастар ісі, байланыс және мұрағат салаларында 15 келісімге қол қойылды. Бұл келісімдер тек стратегиялық бағыттармен шектеліп қана қоймай, кең ауқымды мәселелерді қамтып, екі ел арасындағы тауар айналымын 10 миллиард долларға жеткізу мақсатымен жасалды.

Тоқаевтың Түркияға сапарының нақты нәтижелері төмендегідей маңызды сәттерді қамтиды:

1. Қаңтар оқиғаларынан кейін Қазақстан ішкі саясаттағы қиындықтарды жеңіп, құрылымдық қайта құру үдерісін жалғастырып, сыртқы саясатта табанды қадамдар жасалды.
2. Қаңтар оқиғалары Қазақстанның сыртқы саясатына теріс әсер етпеді, көпвекторлы саясат сақталып, халықаралық тепе-теңдік нығайтылды.
3. ҚР Президенті Тоқаевтың көпжақты сыртқы саяси стратегиясы маңызды бағыт ретінде анықталды.
4. Пантюркизм сияқты кейбір болжамдардың орынсыз екенін нақты көрсетіп, бұл үрдістің негізсіз екендігі анықталды.
5. Қазақстан сыртқы саясатта жаһандық оқиғаларға бейжай қарамайды, соның ішінде Орталық Азияға қатысты. Қазақстан Азия мен Еуропаны байланыстыратын көпір ретінде үлкен рөл атқарады.
6. Түркияның Қазақстан сыртқы саясатын қолдау маңыздылығы көрсетілді және Түркияның екіжақты қатынастарды нығайтуға деген дайындығы айқын болды.
7. Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар екі елдің ортақ мүдделеріне негізделген серіктестік ретінде қабылданып, олар аймақтық бейбітшілікті, тұрақтылық пен өркендеуді нығайту үшін көпжақты ынтымақтастық құрылымдарында жетекші рөл атқаруға дайын екендіктерін мәлімдеді. Қол қойылған келісімдер екіжақты байланыстардың барлық салаларын қамтитын кеңейтілген стратегиялық серіктестікті көрсетуі тиіс.

1) Түркия Тоқаевты Қ-Ж.К. бауырлас елдің көшбасшысы ретінде қарсы алды, қарым-қатынастар іс-шаралардың арқасында одан әрі нығая түседі.

2) жаһандық геосаясаттағы өзгерістерге және аймақтық қауіпсіздік проблемаларына байланысты сын-қатерлерге ортақ көзқарас бар екенін растады.

3) олар халықаралық құқықты сақтай отырып, бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнатуға үлес қосуды жалғастырады.

Түркия Қазақстанның ішкі саяси реформаларын қолдай отырып, бұл сапарды екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықтың нақты көрінісі ретінде бағалады. Түркия мен Қазақстан арасындағы сыртқы саяси бағытты жүзеге асыруда елдердің көшбасшыларының рөлі маңызды. Олар теңгерімді, прагматикалық және сындарлы сыртқы саясатты ұстануға бағытталған. Қасым-Жомарт Тоқаевтың сыртқы саясаты мен ішкі реформалардағы қадамдары Қазақстанның халықаралық аренадағы орны мен аймақтық мәселелерге қатысты ұстамды әрі жауапты дипломатияны талап етеді.

Президент Тоқаевтың геосаяси мәселелерге деген көрегендігі мен сыртқы саяси тәжірибесі «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы үшін ерекше маңызға ие. Тоқаевтың сыртқы саясаттағы мол тәжірибесі Қазақстанның халықаралық байланыстарын нығайтып, дипломатиялық белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда басталған реформалар қозғалысы елдің болашақтағы тұрақты дамуы мен өсіп-өркендеуінің кепілі болып табылады. Түркиямен қалыптасқан тығыз қарым-қатынастар Қазақстанның халықаралық аренадағы маңыздылығын арттыра түсуі тиіс. Екі ел арасындағы байланыс Азия мен Еуропаны байланыстыратын стратегиялық дәліз ретіндегі рөлін жалғастырады. Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар терең достыққа негізделген және уақыт өткен сайын нығая түспек. Бұл сапар екіжақты байланыстарды нығайтуға және дамытудың тарихи кезеңі болып табылады. Қазіргі кезде зерттеушілерді ойландырып отырған түрік тілдес елдердің интеграциялануы мүмкін бе?- деген сұрақ туындап отыр. ССТГ құрылуы бәсекелес немесе баламалы одақ құруға емес ынтымақтастыққа негізделген құрылым болды. Алғашқыда мәдени-тарихи ынтымақтастыққа негізделген бастама болды.

Қазір екіжақты және көпжақты ынтымақтастыққа, экономикалық өзара іс-қимылға, сауда-саттыққа, инвестицияға, сондай-ақ технология, білім, ғылым, денсаулық сақтау және техника салларымен толықтырылып келеді. Стамбұлда өткен саммит ел басшыларының сөйлеген сөздерінен елдерді не алаңдатып, қандай мәселелерді күн тәртібіне қою керектігін, соның ішінде бақылаушы елдерімен талқылауға тырысатыны сұрақтарға назар салатын болсақ бұл ұйымның болашағы бар екенін байқауға болады. Ұйымға бақылаушы елдердің қатысу деңгейінің өзі жоғары, күн тәртібінде тек мәдени-тарихи сұрақтармен шектелмей, тіпті 2009 жылы түркітілдес елдер арасында халықаралық ұйым ретінде Түркі мемлекеттерінің Кеңесін құру туралы бастама көтерілді, бұл кезең логикалық тұрғыда толыққанды Түркі мемлекеттерінің ұйымына айналу жолындағы алғашқы қадам болды.

Түркияның әскери технологиясының потенциалы біріншіден, Түркияның ғылыми-техникалық және экономикалық әлеуетінің көрінісін білдіреді. Таяу Шығыс пен Азиядағы ірі аймақтық державалардың бірі болып отыр,

дипломатиялық бағытының бір бөліміне айналуыда әбден мүмкін. Кавказдағы, Таяу Шығыстағы, Сирия мен Ирактағы бағдарынан Түркияның сыртқы саяси дипломатияда белсенді екенін байқауға болады. Ал оның саясаты неге бағытталғанын талдасақ, Түркия негізінен осындай сындарлы саяси ұстанымды ұстанады. Түркияны әскери салада қолданып отырған дрон технологиялары соңғы жетістіктері оның позициясын әскери салда нығайтып отыр. Түркі тілдес елдерінің интеграциясында белгілі бір қатысушы елге қару жарағын ұсыну Түркия үшін тиімді емес. Түркия өз амбициясын ілгерілету тұрғысынан түркі мемлекетін әскери салада көмектесу мақсатын көздемейді. Мысалы Тәжікстан мен Қырғызстан шекаралары арасында болған жағдайға Түркияның көзқарасы қандай деген сұрақтар қару жарақпен қамтасыз ету деген мәселелер Түркия үшін қисынсыз.

Ал, Армения-Әзербайжан қақтығысы кезінде Таулы Қарабақтағы жағдайды айтсақ Түркиядан Әзірбайжанға саяси, әскери және экономикалық қолдау көрсетілді, Түркия мен Әзірбайжан арасындағы тиісті келісімдер аясында аумақтық тұтастық туралы Түркия бірнеше рет басып ескертті. Барлығы Түркиядан дәл осындай көзқарасты күтті.

Тәжікстан Орта Азия мемлекері арасында жалғыз парсытілдес ел, ол бүгінгі таңда ұйымға бақылаушы мемлекеттер қатарында атсалысып отыр. Сонымен қатар Венгрияда өзін түркі әлемі мен қауымдастығымен байланыстырып отыр, әрине ол сол елді таңдауы болып табылады. Тәуелсіздіктің барлық жылдарында Түркия Орта Азия елдеріне үстемдік құруға тырысқан ұстанымы болмады, иа қиындықтар болды бірақ олар егемендікті шектейтін қандай да бір амбициялар емес еді.

Түркі мемлекеттері ұйымының Түркиямен ынтымақтастығы екіжақты деңгейде де жаңа мүмкіндік. Яғни, бұл біздің геосаяси айла-шарғымызды жеңілдетіп қана қоймайды, қазіргі геосаяси турбуленттілік жағдайда жаңа тірек тудырады. Бұл әрине Түркияны, Ресейді және Қытайды қарама-қарсы қоюға тырысуға бағытталған стереотип. Ресей мен Қытай да түркі халықтары ең көп қоныстанған елдер, кейбір саяси күдіктерге нүкте қою үшін бұл елдерде бақылаушы ролде ұсынса ынтымақтастықтың ықпалдылығына әсер етер еді. Қатысушы мемлекеттер де, Қазақстанда белгілі бір «анти» құрылымдарға қарсы. Ал Орталық Азиядағы интеграциясы Түркі мемлекеттері ұйымы елдеріміз арасындағы аймақтық деңгейді бірігуіне ықпал етеді деп ойлаймын. Түркіменстанда өткен 3-ші консультативтік кездесу де аймақтағы атмосфераның өзгеріп жатқанының көрсеткіші. Біздің елдер бірқатар ұйымдар мен Түркі мемлекеттері ұйымына мүше болып, өңірлік диалог жүргізіп келеді. Орталық Азияны дамыту үшін достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылатыны айтылды.

Бұл платформаға Тәжікстан да қатысады. Тәжікстан ешбір жағдайда оқшауланған немесе ығыстырылған емес, керісінше, Түркі мемлекеттері ұйымы мұндай диалогқа, әсіресе Орталық Азия интеграциясы аясында ашық. Өзбекстан Түркі мемлекеттері ұйымына толыққанды мүше ретінде енді. Демек, бұл Өзбекстанның осындай белсенді ұстанымы және Орталық Азиядағы диалогқа

деген көңіл-күйі, Орталық Азия аймағындағы атмосфераның қаншалықты күрделі өзгергенін көріп отырмыз. Өзбекстанның бұл ұстанымының өзгеруіне байланысты көптеген мәселелер соның ішінде су энергетикалық бөлініс пен шекараға қатысты сұрақтар алға жылжыды. Мұның барлығын бірінші кезекте диалог арқылы талқылап, шешу қажет екенін Қазақстан бұл ұстанымды толықтай қолдайды.

Өзбекстан мен Қазақстан Орталық Азиядағы ірі локомотив мемлекеттер оларсыз аймақтық сұрақтарды шешу мүмкін емес, Өзбекстан президенті Мәскеуге де барды Путинмен кездесуінде Өзбекстанның Ресеймен қарым-қатынасын одақтас деп атады. Қазақстан Ресей Федерациясының ең жақын стратегиялық серіктесі және одақтасы екені баршаға мәлім, ол ЕАЭО, ҰҚШҰ мүше. Қазақстан мен Өзбекстан әскерилері арасындағы оқу-жаттығулар көп жағдайда Ауғанстанда болып жатқан оқиғалардың фонында болды, бұл екі елдің бір бағытта қозғалып отырғанын білдіреді.

Украина мен Палестинадағы қақтығыстардан туындаған жаһандық сілкініс күшейген сайын әлемдік тәртіпте оардың шешімін табу әлсірейді. Жаһандық сауданың жеткізу тізбегіндегі тұрақсыздықтың артуына алып келіп отыр. Ресей-Украина соғысының тереңдеуіне байланысты туындаған Қызыл теңізді жабу геосаясаты құнды балама ретінде транскаспийлік орталық Шығыс-Батыс дәлізінің пайда болуына әкелді. «Орта дәліз» тарихи Жібек жолын жаңғыртуға арналған. Ол Түркиядан Кавказға дейін созылып, Каспий теңізін кесіп өтіп, Түрікменстан мен Қазақстан арқылы Қытайға жетеді. Бұның көптеген артықшылықтары бар, Қытайды Еуропамен байланыстыратын бұл жол Қытай үшінде, аймақ елдері үшін ұтысқа мүмкіндіктер тудыруы мүмкін. Қытайдан Еуропаға қатынайтын 10 миллион контейнердің 96 пайызы теңіз арқылы тасымалданады. Қалған 4 пайызы Транссібір темір жолы арқылы Солтүстік дәліз арқылы тасымалданады. Орта дәліз Солтүстік дәлізмен бәсекеге қабілетті болуы мүмкін. Орта дәліз Еуропа мен Азия арасындағы Солтүстік дәлізге қарағанда жылдамырақ және 2 мың шақырымға қысқа. Дәліздің Солтүстік дәлізге қарағанда 5 күндік артықшылығы бар, Орталық дәліз бойынша тасымалдау уақыты теңіз жолымен салыстырғанда 15 күнге қысқа. Орта дәлізде басқа дәліздерге қарағанда қолайлы климаттық жағдайлар бар [215].

Түркия Орталық дәліздегі стратегиялық маңызды ел. Түркиядағы «Re-Asia» бастамасыда, «Түрік ғасыры» тұжырымдамасы да, Азия елдерімен экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуге және әртараптандыруға және саяси диалогты дамытуға ұмтылып отыр. Сондықтан Орталық дәлізді жүзеге асыру Түркия үшін маңызды. 2017 жылы Баку-Тбилиси-Карс БТҚ темір жолының іске қосылуы Орталық дәліздің маңызды тірегі болды. Ауғанстанға желіні ұзартатын Лапис-Лазули дәлізін құру күн тәртібінде.

Кесте 1 - Орталық дәліз немесе Транскаспий халықаралық көлік маршрутының құрылымы

| № | Аспект | Мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | Ұзындығы | Шамамен 6500 км жалпы маршрут бойынша алады |
| 2 | Қатысушы елдер | Қытай<br>Қазақстан<br>Әзербайжан<br>Грузия<br>Түркия<br>Еуропа елдері |
| 3 | Негізгі көлік түрлері | Темір жол, теңіз, автокөлік |
| 4 | Негізгі порттар | Қытайда: Ланьчжоу, Смань<br>Қазақстанда: Ақтау<br>Әзірбайжанда: Баку<br>Түркияда: Мерсин |
| 5 | Құрылымдық ұйымдар | ТХКМ халықаралық ассоциациясы<br>Қазақстан темір жолы<br>ADY Container |
| 6 | Артықшылықтары | Қысқа мерзімде,<br>геосаяси жағынан тұрақты,<br>тәуелсіз маршрут |
| 7 | Қиындықтары | Логистика үйлесімді<br>Инфрақұрылым<br>тариф мәселелері |
| 8 | Қазақстан үшін маңызы | Транзиттік әлеуетті арттырады,<br>көлік хабы ретіндегі рөлін нығайтады |
| 9 | Жобалар инфрақұрылым | Нұрлы жол,<br>Актау портының кеңеюі,<br>темір жол логистика хабтары |
| 10 | Болашағы | Жүк көлемінің артады,<br>цифрландыру,<br>Қытай мен ЕО арасындағы сұраныс артуы |

2030 жылға қарай Түркия Орта дәліз арқылы сауда көлемін үш есеге ұлғайтып, тасымалдау уақытын одан әрі қысқартуды мақсат етіп отыр. Түркия 2053 жылға қарай теміржол арқылы жүк тасымалдау үлесін 22 пайызға дейін ұлғайтады 3 миллион тоннаны құрайтын бұл көлік дәлізімен тасымалданатын жүк көлемі алдағы уақытта 10 миллион тоннаға дейін артады. Бұл дәліз Еуропаға сауда жолдарын ұйымдастыру арқылы «Белдеу және жол» бастамасын құптап отыр. 2015 жылы Түркия мен Қытай арасында Орталық дәліз мен «Белдеу, бір жол» бастамасын үйлестіруге бағытталған өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Зәңгезүр дәлізінің ашылуымен Орта дәліздің геосаяси маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Баку-Тбилиси-Карс теміржол желісінің арқасында Орталық дәлізде теміржол инфрақұрылымы құрылды. Каспий теңізі арқылы Зәңгезүрдің қосылуымен Зәңгезур дәлізінің түрік жағындағы 224 шақырымдық желіні салу бойынша қадамдар жасалуда. Орта дәлізде де бірқатар қиындықтар бар олар: кеден проблемалар, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, көлік

мүмкіндіктеріне байланысты мәселелер, үйлестірудің жоқтығы, шекарадан өтулердегі кешігулер және Каспий теңізінде тұрақты қатынастың жоқтығы бар. Түркі мемлекеттері ұйымы ТМҰ, Дүниежүзілік банк және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) Орта дәліздегі жұмысын тереңдетуде, Жаһандық шлюз жобасының бір бөлігі ретінде Орта дәлізге Еуропалық Одақ (ЕО) да қызығушылық танытып отыр. Еуроодақтың бұл салаға кейбір инвестициясы салуға да қызығушылығы да бар [216].

Жаһандық сауданың геосаясаты парадигмалық өзгерістерді бастан кешіруде. Теңіз жолдарының өткізу қабілеті әлі де жоғары, олардың жол ұзақтығы мен құны елдерді балама жол іздеуге мәжбүр етеді. Орта дәліз үшін Түркия Қытайдың Еуропаға шығу үшін пайдаланатын Солтүстік дәлізіне елеулі бәсекелес бола алады. Солтүстік дәлізді пайдалану Ресей мен Украина арасындағы соғыс басталғаннан бері 50%-ға қысқарды. Қызыл теңізбен Израильдегі қақтығыстар Суэц каналы арқылы өтетін оңтүстік бағыттың қауіпсіздігіне күмән келтіреді. Түркия Даму жолы жобасы аясында Түркия арқылы Еуропаға оңтүстік бағытты кеңейту үшін үлкен бастаманы дамытуда. Жаһандық сауда парадигмасының өзгеруіне байланысты  Орта дәліз геосаяси және экономикалық тұрғыдан маңыздырақ болып тұр. Осы дәлізді жүзеге асыру арқылы Түркия Орталық Азиядағы түркі мемлекеттерімен экономикалық және саяси интеграциясын нығайта алады.

Қауіпсіздік пен тиімділік мәселелеріне байланысты Орта дәлізге қызығушылық артып келеді, бұл бағыттағы Түркияның бастамалары Азия мен Еуропа арасындағы стратегиялық көпір ретінде танытуға тұрарлық болып отыр. Орта дәліз «Белдеу және жол» бастамасы сауда жолдарының құрылымын өзгертуге қабілетті. Осы дәліздің арқасында Түркия транзиттік ел және аймақтық экономикалық интеграцияның маңызды қатысушысы ретіндегі геосаяси жағдайын нығайтады». 2022 жылдың 24 ақпанынан кейін Орталық Азия жаңа геосаяси бедел мен экономикалық тәуекелдер аймағына енді. Геосаяси тәуекелдер Ресейдің агрессиялық және болжамды сыртқы саясатымен байланысты, бұл аймақтағы орнаған геосаяси тұрақтылықты бұзу қауіпін туындатуда. Ал репутацияға байланысты тәуекелі Орталық Азия елдерінің көпшілігінің Ресейдің ЕАЭО және ҰҚШҰ аясындағы серіктестері болуымен байланысты. Уақыт барған сайын бұл серіктестік уытты болып барады. Экономикалық тәуекелдер Ресейге қарсы енгізілген қатал санкциялармен байланысты, бұл елдің қаржылық және экономикалық оқшауланuы Орталық Азия елдерінде түрлі қаржылық, әлеуметтік және экономикалық қиындықтар туғызып отыр.

Географиялық тұрғыдан Қазақстан Ресей мен Қытай арасында орналасқан, бұл екі мемлекет өздерінің постимпериялық синдромы мен күрделі геосаяси амбициялары бар.

Украинадағы ұзаққа созылған соғыс Ресейдің ұзақ оқшауланuы қаржылық, экономикалық және әскери-саяси әлсіреуіне әкеледі ол әрине бос кеңістік тудыруы мүмкін оның орнын Қытай толтыруға тырысады, ол Орталық Азия үшін қауіп төндіруі мүмкін. Украинадағы соғыс басталғаннан кейін Ресейдің Қытайға

қойған бәстері де толығымен орындалмады. Ресейге қарағанда Қытай өзінің экономикалық мүдделерін бірінші орынға қояды, қытай тауарларының негізгі нарығы АҚШ пен ЕО екенін ескеріп отырады. Соның салдарынан санкциялардан қауіптенген қытайлық көптеген компаниялар мен қаржы ұйымдары Ресеймен ынтымақтастықтан бас тарту үрдісі байқалуда.

Қытай, өз кезегінде, Ресейдің ықпалынан тыс баламалы көлік-логистикалық дәлізді дамыту мәселесін қарастырып, Қазақстан, Әзірбайжан, Румыния, Венгрия, Словакия және Чехия арқылы Германияға бағытталатын сынақ теміржол маршруттарын іске қосқан. Қытайдың геоэкономикалық стратегиясы мен «жұмсақ күш» қолдану тәсілдері Ресейге қарағанда айтарлықтай басымдыққа ие болып отыр. Орталық Азиядағы инвестициялық белсенділіктен кейін уақыт өте келе Тәжікстандағыдай Қытайдың аймақтағы әскери-саяси нығаюы болуы әбден мүмкін. Қытай мен Ресейді конфронтациялары бөлек, Ресей үшін Украина болса, Қытай үшін ол Тайвань. Қазақстан және Орталық Азияның Қытай үшін тек шикізат көзімен транзитіндегі серіктес ретінде ғана емес, Шыңжаң мен Ауғанстандағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды.

ҚР Президенті Қ-Ж.К.Тоқаевтың Түркияға сапары кезінде Президент Режеп Тайып Ердоған Қазақстан мен Түркияның «Украинаның егемендігі мен аумақтық тұтастығына негізделген дағдарысты бейбіт жолмен шешуге қатысты көзқарастары сәйкес келетінін» атап қана қоймайды сонымен қатар, бұл соғыс түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы мен бірлігінің маңыздылығын екіжақты деңгейде және түркі мемлекеттерінің шаңырағы астында тағы бір мәрте атап өтті».

Сонымен қатар Эрдоған Түркия «қазақ бауырларымыздың тұрақтылығы, тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын», соның ішінде саяси, сауда, әскери-экономикалық және мәдени салалардағы ынтымақтастықты жалғастыру арқылы ынтымақтастықты көркейтетіндігін атап өтті. Қазақстанның аумақтық тұтастығына төнуі мүмкін қауіптер жағдайында Түркия тарапының қолдау көрсетуге әзір екендігін көрсететін нақты белгі Ресей тарапынан байқалды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркия Республикасына жасаған ресми сапары аясында қос елдің қорғаныс ведомстволары арасында келіссөздер жүргізіліп, әскери саладағы ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытуға бағытталған бірнеше құжаттарға қол қойылды.

Мұндай әріптестіктің нақты мысалы ретінде Қазақстан мен Түркия арасында ANKA ұшқышсыз ұшу аппараттарын бірлесіп құрастыру жобасы қолға алынуда. Бұған қоса, түрік тарапынан Қазақстан Қарулы Күштеріне қажетті технологияларды беру, сондай-ақ ұшқышсыз жүйелерді техникалық қызметпен қамту және тиісті мамандарды даярлау жоспарланған.Президент Ердоған Қазақстандағы 2022 жылғы Қаңтар оқиғасына байланысты пікір білдіре отырып, ел ішінде жаңа қақтығыстардың алдын алу мақсатында Президент Тоқаевтың биліктегі легитимділігін қолдаудың маңыздылығын атап өтті.Украинадағы әскери жанжал басталғаннан кейінгі кезеңде сыртқы қауіп-қатерлердің

ушығуына байланысты Ресей президентінің бұрынғы көмекшісі В.Ю.Сурковтың мәлімдемелері ерекше назар аударуды қажет етеді. Мұндай жағдайда Қазақстан Ресей мен Қытай арасындағы геосаяси тепе-теңдікті сақтау үшін Түркиямен әскери-саяси әріптестікті кеңейту арқылы ықтимал сыртқы қатерлерге алдын ала дайын болуға ұмтылуы тиіс.

Ішкі қауіпсіздік инфрақұрылымының әлсіз тұстары ақпараттық қауіпсіздік саласында осалдықтар тудырып отыр. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізі – тек қана сыртқы тепе-теңдікті сақтау емес, сонымен қатар тұрақты саяси реформаларға сүйенген институционалдық жаңғыру мен халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатта жатыр. Сонымен бірге, сыртқы ықпалға оңай берілетін «бесінші колонна» қаупінің алдын алу үшін азаматтардың ұлттық және азаматтық өзін-өзі тануын қамтамасыз ететін сапалы адами капиталды дамыту стратегиялық міндеттердің бірі болып табылады.

Түркия мен Ресей стратегиялық мүдделерінің аймағын кеңейту арқылы субаймақтық державалардың рөлін қамтамасыз етуге тырысатыны жағынан біршама ұқсастықтары бар. Айырмашылығы мынада: Түркия басшысы діни факторды белсенді түрде қолданса, Ресей Федерациясының саясаты көбіне кеңестік идеология элементтеріне сүйенетін «ретроспективті патриотизмге» негізделсе, Түркия Орталық Азияны өзінің ықпал аймағы ретінде ғана емес, сонымен қатар исламды жаңғыртуға бағытталған реформалардың маңызды орталықтарының бірі ретінде қарастырады. Зайырлы саяси құрылымдарға ие болғанына қарамастан, Орталық Азия елдеріндегі мұсылмандар үлесінің артуы болашақта аймақтың мұсылман әлеміне қарай бағытталу ықтималдығын арттыра түсуде.

Бұл тұрғыда Түркияның аймақтық геосаяси мүдделерінің Қазақстанның ұлттық мүдделерімен үйлесімді болуы аса маңызды. Анкара өзінің сыртқы саяси стратегиясында аймақтық тепе-теңдікті сақтау қағидаларын ескеріп, Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатына қайшы келмейтін әрекеттер жүргізуі тиіс. Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің атауының Түркі мемлекеттері ұйымы деп өзгертілуі осы ұйым шеңберіндегі ынтымақтастықтың жаңа сапалық деңгейге өткенін білдіреді. Түркі кеңесінің толыққанды мүшелері Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан және Өзбекстан болса, Түрікменстан мен Венгрия бақылаушы мәртебесіне ие. Ыстамбұл саммитінің қорытындысы ретінде қол қойылған «Ыстамбұл декларациясы» мен «Түркі әлемінің көрінісі – 2040» құжаттары түркі мемлекеттерінің егемендігі, аумақтық тұтастығы мен халықаралық құқыққа негізделген қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өзара қолдау арқылы жүзеге асыруды көздейді. Бұл тұжырым, әсіресе, Әзірбайжан мен Армения арасындағы қарулы қақтығыстан кейін өзектілікке ие болды. Түркияның Әзірбайжанға көрсеткен әскери қолдауы оның аймақтағы әскери-саяси ықпалын едәуір арттырды.

Ресейдің ықпалынсыз посткеңестік кеңістікте әскери серіктестіктің табысты үлгісі ретінде бұл тәжірибе Түркияның беделін күшейтіп, Орталық Азия елдеріне жаңа ынтымақтастық формаларын ұсынды. Сонымен қатар, Түркияның

Украинадағы дағдарысқа араласуы, Босфор мен Дарданелл бұғаздарын жауып, екі тарап арасындағы келіссөздерге делдалдық жасауы оның жаһандық геосаяси белсенділігінің айғағы болды. Экономикалық салада Түркі мемлекеттері ұйымы ішкі сауда мен инвестициялық өзара әрекеттестікті жандандыру үшін қажетті инфрақұрылымдық және құқықтық алғышарттарды қалыптастыруға басымдық беріп отыр. Ақпараттық қауіпсіздік пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара түсіністікке қол жеткізу мақсатында тиісті меморандумдар қабылданды. Ресей аумағындағы көлік-логистикалық қиындықтар Қазақстанды баламалы транзиттік бағыттар іздеуге мәжбүр етті. Осы ретте Транскаспий халықаралық көлік бағыты – Әзірбайжан, Қазақстан және Грузияның қатысуымен құрылған жаңа сауда дәлізі ретінде Еуропа мен Азияны байланыстыратын маңызды маршрутқа айналып отыр. Бұл бағытқа кейіннен Украина, Румыния, Түркия, Қытай және Польша қосылды.

Жаңа Жібек жолының құрылуы – Түркі әлемінің қатысуымен жүзеге асырылып жатқан ірі стратегиялық жоба, оның шеңберінде жылына 10 миллион тоннаға дейін, соның ішінде 200 мың контейнерге дейін жүк тасымалдауға мүмкіндік туып отыр. Қазақстан Президенті бұл бағыттың әлеуетін толық пайдалану қажеттігін мәлімдеп, Орталық Азияның жаһандық экономикадағы орны мен рөлін арттыруға ниетті екенін білдірді.

Орталық Азиядағы аймақтық интеграция мен экономикалық ынтымақтастықтың негізгі өзегі ретінде Қазақстан мен Өзбекстанның өзара әрекеттестігі ерекше мәнге ие. Бұл екі мемлекет Еуропалық Одақтағы Германия мен Францияның стратегиялық серіктестігіне ұқсас рөл атқара алады. Осы ынтымақтастық аймақтың ішкі әлеуетін аша отырып, сыртқы күштердің экономикалық және идеологиялық әсерінен тиімді қорғануға мүмкіндік береді.біртұтас қорғаныс кеңістігін түркі мемлекеттері арасындағы қалыптастыру. Ол жеті топтан тұрады.

1. Орталық Азия елдерінің, Әзірбайжанның, Түркияның және Венгрияның іскер топтарын аймақтық ынтымақтастықтың белсенділері ретінде пайдалану.

2. Төменгі деңгейдегі аймақтық өзара іс-қимылды күшейту мақсатында трансшекаралық ынтымақтастық пен салалық кооперацияны кеңейту – тұрақты өңірлік даму мен институционалдық интеграцияның маңызды құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

3. Аймақ мемлекеттерінің теңіз порттарына тікелей шығу мүмкіндігінің жоқтығын ескере отырып, экспорттық-импорттық операциялардың құнын төмендету мен жүзеге асыру мерзімін қысқарту өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда Транскаспий халықаралық көлік дәлізін дамыту және Орталық Азияны Пәкістан порттарымен байланыстыратын, Өзбекстан бастамасымен және Ауғанстан билігінің қатысуымен іске асырылып жатқан Трансауған темір жол жобасына қолдау білдіру ерекше маңызға ие.

4. Аймақтық экожүйелерге төнетін қатерлерді азайту және трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында су-энергетикалық

консорциум құру қажеттілігі артып отыр. Бұл бастама Орталық Азиядағы тұрақты экологиялық және энергетикалық тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

5. Аймақтағы адами капитал сапасын арттыру – әлеуметтік жаңғырудың негізгі факторларының бірі. Осыған байланысты Венгрия үкіметі Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің студенттеріне арналған арнайы стипендиялық бағдарламалар ұсыну арқылы жоғары білім мен ғылыми алмасудың кеңеюіне үлес қосып отыр.

6. Түркітілдес мемлекеттер арасында, әсіресе жас ұрпақ арасында мәдени-гуманитарлық бірлікті нығайту мақсатында бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастыру күн тәртібінде тұр. Бұл бағыттағы маңызды қадам – Қазақстан бастамашы болған және штаб-пәтері Түркістан қаласында орналасатын халықаралық телеарна құру туралы ұсыныс болып табылады.

Аталмыш қорытындылай келе жаһандық геосаяси кеңістіктегі түбегейлі өзгерістер Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестіктің жаңа кезеңге аяқ басқанын айқын көрсетті. XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында қалыптасқан көпвекторлы саясат қазірдің өзінде Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі тірегіне айналып, Орталық Азия аймағында тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталуда. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан–Түркия ынтымақтастығы тек екіжақты қатынастармен шектелмей, аймақтық және жаһандық деңгейде де маңызды мәнге ие. Түркия Қазақстанның Батыс нарығына шығуында, жаңа көлік-логистикалық дәліздерді дамытуда және Еуразия кеңістігіндегі геосаяси тепе-теңдікті сақтауда шешуші серіктеске айналды. Біріншіден, 2009 жылғы стратегиялық әріптестік туралы келісімнен бастап екі ел арасындағы байланыстар институционалдық деңгейге көтерілді. Президент Қ.Ж.Тоқаевтың бастамалары Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатын жалғастыра отырып, Түркиямен әріптестікті нақты мазмұнмен толықтыруға мүмкіндік берді.

Екіншіден, халықаралық жағдайдағы тұрақсыздық – Украинадағы соғыс, Таяу Шығыстағы дағдарыстар, Ауғанстандағы тұрақсыздық – Қазақстан үшін қауіп-қатерлермен қатар жаңа мүмкіндіктер де туғызды. Мұндай жағдайда Түркиямен стратегиялық серіктестік Қазақстанның геосаяси маневр жасауына, транзиттік әлеуетін арттыруына және аймақтық қауіпсіздікте белсенді рөл атқаруына мүмкіндік берді.

Үшіншіден, Орта дәліз жобасы Қазақстан мен Түркияның геоэкономикалық мүдделерін тоғыстыратын стратегиялық бастама болып отыр. Бұл дәліз жаһандық сауда құрылымын өзгертуге қабілетті, әрі Қазақстанды Еуразия кеңістігінің негізгі көлік хабына айналдыруға жағдай жасайды. Төртіншіден, Түркі мемлекеттері ұйымы шеңберіндегі ынтымақтастық Қазақстан мен Түркия үшін жаңа интеграциялық мүмкіндіктер ашады. Бұл ұйым тек мәдени-тарихи негізде емес, саяси, экономикалық, технологиялық және қауіпсіздік салаларында нақты жобаларға арқау болып келеді. Бесіншіден, әскери-саяси ынтымақтастықтың күшеюі, соның ішінде қорғаныс өнеркәсібі, ақпараттық қауіпсіздік, ұшқышсыз аппараттарды бірлесіп өндіру саласындағы

жобалар Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік жүйесін нығайтуға бағытталған маңызды қадамдар болып табылады. Жалпы алғанда, Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестік қазіргі жаһандық турбуленттілік жағдайында тұрақтылықтың, теңгерімді саясаттың және көпжақты дипломатияның үлгісі болып табылады. Бұл серіктестік Қазақстанның егемендігін, стратегиялық автономиясын сақтап қалуға, ал Түркияның Еуразиядағы ықпалын арттыруға ықпал етуде.Қазақстан үшін Түркиямен ынтымақтастық тек сыртқы саясаттағы басым бағыттардың бірі ғана емес, сонымен қатар елдің ішкі реформалары мен экономикалық жаңғыруын қолдайтын маңызды тетікке айналып отыр. Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы интеграциялық бастамалар Қазақстанның аймақтағы жетекші рөлін нығайтып, Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қосымша мүмкіндік береді. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестік XXI ғасырдың жаңа геосаяси тәртібі жағдайында өңірлік тұрақтылық пен жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ұзақмерзімді, сенімді әрі өзара тиімді ынтымақтастық үлгісі ретінде айқындалды.

### 2.3 Түркия мен Қазақстан Республикасының Каспий аймағы мен Орталық Азиядағы энергетикалық саясаты

Түркия мен Қазақстанның Каспий аймағы мен Орталық Азиядағы энергетикалық саясаты энергетикалық ресурстардың қолжетімділігі мен таралуы, геосаяси мүдделер, экономикалық басымдықтар және халықаралық міндеттемелер сияқты бірнеше негізгі факторлармен анықталады. Мұнай мен газдың қомақты қоры бар Қазақстан оларды өндіруге және экспорттауға ден қойса, ал айтарлықтай көмірсутегі ресурстары жоқ Түркия Азия, Еуропа және Таяу Шығыс арасындағы маңызды энергетикалық транзиттік хаб болуға ұмтылып отыр. Бұл елдер әртүрлі бастамалар арқылы ынтымақтасып отырса да, энергиямен қамтамасыз ету бағыттары бойынша бәсекелестік орын алады. Бұл сұрақтарды талдау үшін олардың стратегиялық мақсаттарын, инфрақұрылымдық жобаларын, оларға деген жаһандық ойыншылардың (Ресей, Қытай, ЕО, АҚШ) ықпалын, энергетикалық саясатының даму перспективаларын қарастырған жөн.

Каспий аймағы энергетикалық және геосаяси тұрғыдан стратегиялық маңызды кеңістік болып табылады. Түркия Ресейдің Каспий аймағындағы энергетикалық монополиясын теңестіре алатын және аймақтық геосаясатта Иранмен бәсекелесе алатын маңызды аймақтық ойыншылардың бірі болып табылады. Түркия Каспий аймағынан, Орталық Азиядан және Таяу Шығыстан энергия жеткізуді әртараптандыруға мүдделі сыртқы саяси стратегиясының бағыттарының бірі. Каспий маңы ойпаты мен Орталық Азия Анкара үшін геостратегиялық маңызды аймақ болып көрінеді.

КСРО-ның ыдырауынан кейін Қазақстан тек көмірсутек ресурстарын өндіру көлемін арттырумен шектелмей, сонымен қатар жаһандық энергетикалық нарыққа тиімді қол жеткізу мақсатында мұнай мен газ тасымалдау бағыттарын әртараптандыруға белсенді түрде кірісті. Ел жаңа кен орындарын игеру арқылы көмірсутек өндіру әлеуетін кеңейтуге ұмтылды. Алайда бұл үдеріс Қазақстанның

ірі тұтынушы нарықтарынан едәуір географиялық қашықтықта орналасуымен күрделене түсті, бұл энергетикалық логистика мен экспорттық инфрақұрылымды дамытуды талап етті. Нәтижесінде Қазақстан мұнайының көлемі 90-шы жылдарының басында Ресей аумағы арқылы экспортталған. Қазақстан көмірсутегі шикізатының экспорттық бағыттарын әртараптандыруға мүмкіндік беретін түрлі жобалармен жұмыс істеуде. Каспий теңізінің түбімен мұнай құбырын тарту арқылы Әзірбайжан бағытында мұнай жеткізу нұсқасы әзірленді. Бұл жоба Қазақстан үшін мұнайдың Ресей аумағын айналып өтіп әлемдік нарыққа шығуына әлеуетті мүмкіндіктер бере алады. Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы келіссөздер үдерісіне Ресей мен Батыс мұнай-газ компаниялары шүйлігіп қараған уақыттар да болды. 1997 жылы Қазақстан мен Әзірбайжан мұнай өнеркәсібіндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекітті. Каспий теңізінің түбімен Маңғышлақ Тенгизі мен Апшерон арасында өтетін құбыр жобасы талқыланды. Мұнай құбырының ұзындығы 320 шақырым құбыр Әзірбайжан мен Қазақстанның Каспий қайраңындағы игеріліп жатқан кен орындарын бір жүйеге қосуы керек еді.

Транскаспий мұнай құбыры жобасын қаржыландыру мәселесі талқыланған кезде, Қазақстан қажетті қаржы ресурстарының тапшылығына тап болды. Сонымен қатар, халықаралық мұнай-газ компаниялары бұл бастамада елеулі саяси және экономикалық тәуекелдер бар екенін атап өтті. Алайда туындаған қиындықтарға қарамастан, Қазақстан Каспий теңізінің табаны арқылы өтетін құбыр желісін салу идеясынан бас тартқан жоқ. Бұл жобаның іске асуы Теңіз кен орнындағы американдық «Шеврон» компаниясы өндіретін көмірсутек ресурстарын тасымалдауға мүмкіндік беретін заманауи инфрақұрылымды қамтамасыз ету арқылы мұнай өндіру көлемін бірнеше есеге арттыруға бағытталған еді. 1997 жылы Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Әзірбайжан Президенті Г. Әлиевпен құбыр жобасын жүзеге асыру жөнінде келіссөздер жүргізді. Қазақстан мен Әзірбайжан болашақ мұнай құбыры мәселесіне қатысты ұстанымдары жақын болды. Мемлекеттік мүдделер мен жаһандық энергетикалық үрдістер тұрғысынан алғанда, Транскаспий мұнай құбыры жобасы Қазақстан үшін стратегиялық мәнге ие. Бұл бастама елдің көмірсутек ресурстарын әлемдік нарықтарға жеткізудегі геоэкономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған болатын. Алайда жоба бастамаланған кезеңде Қазақстанда оны қаржыландыруға жеткілікті инвестициялық ресурстар болмады. Сонымен қатар, бірқатар халықаралық мұнай-газ корпорациялары жобаның жүзеге асуына байланысты жоғары деңгейдегі саяси және экономикалық тәуекелдерден сақтанып, белсенді қатысудан тартынды[217].

Дегенмен Қазақстан тарапы ұзақмерзімді перспективада өзінің энергетикалық дербестігі мен тасымал бағыттарын әртараптандыру мүддесін басшылыққа ала отырып, Каспий теңізінің табаны арқылы құбыр жүргізу идеясынан бас тартпады. Бұл жоба Қазақстан мұнай өндірісін, әсіресе Теңіз кен орнындағы американдық «Chevron» компаниясының операциялары аясында, едәуір ұлғайтып, экспорттық әлеуетті арттыруға мүмкіндік беретін маңызды инфрақұрылымдық тетік ретінде қарастырылды.

Сонымен қатар, Транскаспий бағыты тек экономикалық тиімділік тұрғысынан емес, сонымен бірге геосаяси балансты сақтау құралы ретінде де бағаланды. Бұл жобаның жүзеге асуы Қазақстанды дәстүрлі ресейлік транзит жолдарына тәуелділіктен шығарып, Еуропаға тікелей бағытталатын балама мұнай дәлізін қалыптастыруға жол ашар еді. Осындай стратегиялық шешімдер Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен сыртқы саясаттағы көпвекторлы бағытты сақтауда маңызды рөл атқарды.

Транскаспий мұнай құбырының құрылысы бойынша келіссөздер Каспий құбыр консорциумын (КТК) сынға алу аясында өтті. Америка Құрама Штаттары «Chevron» және «Mobil» компанияларының қаржылық шешімдеріне саботаж жасай бастады[218]. Олар КТК-ға наразы екендіктерін жасырмады. Бұл ұстаным Қазақстанның көзқарастарымен сәйкес келді, ол кезде Қазақстанның Сыртқы істер министрі қызметін атқарған Қ-Ж.К.Тоқаев «1997 жылдың ортасына дейін өз мұнайын шетелге экспорттау мақсатында жоба еш ілгерлемеді» деп атап өтті: «Жоба іске аспай қалғандықтан, КТК-ның үміті ақталмады» геосаяси бәсекелестік Қазақстан мұнайының экспорттық бағыттарын таңдаумен байланысты болды.

АҚШ шенеуніктерінің берген бағалары Қазақстанда Каспий аймағынан мұнай мен газды тасымалдау жолдарына байланысты пікірлері қайшылықты болды. 1990 жылдардың ортасындағы болған геосаяси бақталастық қазақ мұнайын экспорттау бағыттарына қатысты болды, «Каспий теңізі қайраңының қазақстандық бөлігінде бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін жаңа халықаралық консорциумды дайындау» үшін жұмыс тобын құрады [219]. Қазақстанның энергетикалық саясаты көмірсутегі ресурстарын жеткізуді әртараптандыруға бағытталды. Қазақстан соңғы жылдары мұнай экспортын әртараптандыру мақсатында Иранмен энергетикалық ынтымақтастықты жандандыруға айрықша мән беріп келеді. Бұл бағытта екі ел арасындағы келіссөздер барысында жылына 2 миллион тонна мұнай жеткізу мүмкіндігі қарастырылып, кейіннен бұл көлемді 6 миллион тоннаға дейін ұлғайту жоспары талқыланды. Жеткізілім Каспий теңізі арқылы танкерлік флотты пайдалану арқылы жүзеге асырылады деп күтілуде[220]. Мұндай қадам Иран бағытындағы транзиттік әлеуетті арттырумен қатар, Қазақстанның геоэкономикалық дербестігін нығайтуға бағытталған стратегиялық шешім болып саналады.

Сонымен қатар, Қазақстан мұнай экспортының батыс бағытын дамытуға да айтарлықтай назар аударды. Бұл тұрғыда 1997 жылы американдық Chevron компаниясының бастамасымен қазақстандық мұнайды Грузия аумағы арқылы транзитпен тасымалдау жобасы іске қосылды. Мұнай алдымен Каспий теңізі арқылы теңіз танкерлерімен Теңіз – Маңғышлақ – Баку бағыты бойынша жеткізілді, кейін теміржол арқылы вагон-цистерналармен Баку – Тбилиси – Батуми бағыты бойынша тасымалданып, Батуми портынан экспортқа шығарылды.

Аталған бағыттар Қазақстанның мұнай тасымалдау маршрутын диверсификациялау жолындағы маңызды қадамдар болып саналады. Бұл саясат елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға, сыртқы нарықтардағы

тұрақтылығын қамтамасыз етуге және халықаралық әріптестік аясын кеңейтуге бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделерге сәйкес келеді. Қазақстан өз мұнайының Ресей аумағын айналып өтіп, Грузия өз аумағы арқылы Қазақстан мұнайының транзитін арттырудың түрлі нұсқаларын қарастырды. Бұл нұсқа теңізде мұнай өндіру 2,2 миллион тоннаны, ал 1998 жылы 4 миллион тонна мұнайды құрады [221]. Қазақстан тек Батыс компанияларын ғана емес, Қытайды да тартты. 1997 жылдың маусым және тамыз айларында тендерлер өткізіліп, оны Қытайдың мұнай мен газды барлау және игеру ұлттық корпорациясы жеңіп алды. Ол мұнай өндіру мен тасымалдауға жауапты екі «Ақтөбемұнайгаз» және «Өзенмұнайгаз» кәсіпорынның акцияларының бақылау пакетін алды.

Қазақстан көмірсутегі ресурстарының сыртқы нарыққа қосымша қолжетімділігін қамтамасыз етуге қабілетті жаңа құбырларды тартуға деген ұсынысын күн тәртібінен өзгерткен жоқ, ол Каспий теңізінің шығыс және батыс жағалауын байланыстыратын көлік дәлізін құру болды. 2014 жылы Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту жөніндегі Үйлестіру комитеті құрылды, оның құрамына Қазақстан, Әзірбайжан, Грузия және Түркияның темір жол, порт әкімшіліктері мен кеме қатынасы компанияларының өкілдері кірді. Баку (Алят – Баку портының паромдық терминалы) мен Ақтау (Қазақстан) арасында паром қатынасы жұмыс істей бастады. Қазақстан Әзірбайжанға көмірсутегі ресурстарын жеткізу үшін Каспий жағалауында Каспий теңізі арқылы транзиттік тасымалдау инфрақұрылым құрды. Құрық порты жаңғыртылды ол арқылы Әзірбайжанға мұнай экспорттау жоспарланды. 2010 жылы Ақтау қаласының солтүстігіндегі Соғанды шығанағында жобалық қуаты жылына 20 млн тонна мұнай терминалы салынды. 2015 жылы Қазақстан Президенті Қытайға кездесуі барысында энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамытуға көңіл бөлді. «Қытай тарапы Қазақстанның мұнай-газ ресурстарына көмірсутегі ресурстарын өндіру мен экспорттауды ұлғайту басымдығына ие болды. Қытаймен ынтымақтастық Қазақстанда өзіміздің мұнай-химия өнеркәсібін және мұнай өңдеуді одан әрі дамыту үшін технологиялар мен білім алу мүмкіндігі ретінде қарастырылды» [222] .

Тумашева Е айтуы бойынша 2016 жылы Каспий теңізінің жағасында орналасқан Құрық порты жұмысын бастады, Каспий теңізі арқылы батыс бағытта мұнай жеткізуді ұлғайту үшін мүмкіндіктер пайда болды. 2020 жылы Ақтау және Құрық порттары арқылы небәрі 2 млн тонна мұнай тасымалданған [223] .

Энергетика саласында Қазақстан Ресеймен ынтымақтастықты дамытуды жалғастырып, «бұрын екіжақты келісімдердің нысанасына айналған» кен орындарын игеру мәселесіне қайта оралды [224]. 1998 жылғы 6 шілдеде жер қойнауын пайдалануға егемендік құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің теңіз түбін делимитациялау туралы қосымша хаттамаға қол қойылды. Қазақстан мен Ресей арасындағы энергетикалық ынтымақтастық аясында Каспий теңізінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Құрманғазы құрылымының көмірсутек қорларын бірлесіп игеру мәселесі ерекше маңызға ие. Тараптар бұл құрылымға қатысты ортақ мүдделерін растап қана

қоймай, 2005 жылғы 6 шілдеде жасалған өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде қарастырылған келісімшарттық аумақты ұлғайтуға да өзара келісім білдірді. Бұл қадам екі елдің ұзақ мерзімді стратегиялық әріптестігінің және Каспий қайраңындағы ресурстарды игеру бағытындағы үйлестірілген саясатының көрінісі болып табылады.

Кесте 2 - Қазақстанның мұнай экспортын әртараптандыру және Орталық дәліздегі рөлі

| № | Аспект | Мазмұны |
|---|---|---|
| 1 | Негізгі мақсаты | Мұнай экспорты бағыттарын әртараптандыру, энергетикалық қауіпсіздікті күшейту, сыртқы нарыққа тәуелділікті азайту |
| 2 | Бастапқы бастама | Шеврон бастамасымен мұнайды Грузия арқылы экспорттау жобасы: Теңіз-Ақтау-Баку-Тбилиси-Батуми порты арқылы сыртқа шығару |
| 3 | Экспорт бағыты | Каспий теңізі арқылы танкерлермен Баку теміржолымен Тбилиси-Батуми портынан экспорт |
| 4 | 1998 жылғы көрсеткіш | Каспий теңізі арқылы тасымалданған мұнай көлемі 4 млн тонна |
| 5 | Батыс бағытындағы жетістіктер | Мұнайды Ресейден тыс маршрутпен экспорттау жолы іске қосылды, Грузия арқылы транзиттік мүмкіндіктер зерттелді |
| 6 | Қытаймен әріптестік 1997 жыл | CNPC Ақтөбемұнайгаз және Өзенмұнайгаз ақцияларын иеленді, мұнай өндіру мен тасымалдауға үлес артты |
| 7 | Құбыр және инфрақұрылым жобалары | Актау портын кеңейту, Құрық портының құрылысы, Соғанды шығанағындағы 20 млн т мұнай терминалы 2010 жыл |
| 8 | ТХКМ құрылуы 2014 жыл | Транскаспий ХКМ Қазақстан, Әзірбайжан, Грузия, Түркия енді, Актай-Баку паром желісі іске қосылды |
| 9 | Ресеймен ынтымақтастық | Құрманғазы құрылымын бірлесіп игеру, 1998 ж Каспий солтүстігін делимитациялау туралы хаттама, 2005 ж өнімді бөлісу туралы келісім |
| 10 | Стратегиялық серіктестік | Қазақстан – Ресей арасындағы ұзақмерзімді энергетикалық әріптестік пен Каспий қайраңындағы көмірсутек қорларын үйлестіріп игеру |
| 11 | Қытаймен стратегиялық басымдықтар | Мұнай-химияны дамыту, технология мен білім алу мүмкіндігі, экспорт көлемін ұлғайту бағытындағы ынтымақтастық |

2 – кестенің жалғасы

| № | Аспект | Мазмұны |
|---|---|---|
| 12 | БТД арқылы 2021 жылы | БТД бағыты әлі іске қосылмаған. Алғашқы жеткізілім 2023 жылы басталды |
| 13 | БТД арқылы 2022 жылы қазақ мұнайы | 0,243 млн тенге Тенгиз-Самур-Баку-Батуми темір жол бағытымен |
| 14 | БТД арқылы 2023 жылы | 1,4 млн қазақстандық мұнай алғаш рет ВТС ке кірді, Әзірбайжан арқылы транзит 1,4 млн болды<br>Қазақстан мұнайы Түркияның Джейхан портына жеткізілді |
| 15 | БТД арқылы 2024 жылы | РҚ СІМ ресми мәліметі бойынша 1,4 млн т жалпы транзит 1,5-1,8 млн т аралығында бағаланды<br>Ресей порттарынан айналып өтетін экспорт үлесі 5,9 пайыз. |
| 16 | БТД арқылы 2025 жылы | 1 жартыжылдықта 0,785 млн т жылдық жоспар/баңдар 1,5-2,2 млн т. |

2021-2022 жылдары БТД арқылы нақты ағындар болған жоқ келісімдер мен техникалық дайындықтар жүрді. 2023 жылы тұрақты жеткізілімдер басталды.Сондықтанда 2021-2022 жылдардағы БТД көрсеткіші 0 деп беріледі. Ал 2022 жылғы әртараптандырудың қлшенетін индикаторы ретінде Әзербайжан бағытымен темір жол арқылы өткен 0,243 млн тенге алынды [225].

Аталған мәлімдемелер Қазақстан мен Ресейдің Каспий аймағындағы өзара тиімді энергетикалық стратегияларды жүзеге асыруға ұмтылысын, сондай-ақ көмірсутек ресурстарын игеру саласындағы тұрақты әрі үйлесімді ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған ортақ мүдделерін дәлелдейді. Бұл бағыттағы серіктестік аймақтық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен қатар, жаһандық нарықтардағы тұрақтылықты арттыруға да ықпал етеді.

«Қазақстанның энергетикалық саясаты бірқатар негізгі құжаттарда жазылған сыртқы саяси бағыт контекстінде жүзеге асырылады, 2014 жылғы қаңтарда Қазақстан Президенті Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасын («Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саяси тұжырымдамасы туралы») бекітті» [226]. Қазақстан өңірлік және жаһандық энергетикалық қауіпсіздікке өз үлесін қосуда. Транзиттік елдердің өндірушілері энергия ресурстарын тұтынушы елдердің арасындағы мүдделердің теңгеріміне қол жеткізуді, оларды экспорттаудың әртараптандыруды, тұрақты және қауіпсіз бағыттары жүйесін құрудын концепциясын жақтайды [227].

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысы Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бекітілген. Құжатта қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында өндірілген мұнайды тасымалдау үш негізгі әдіспен жүзеге асырылады:

1) негізгі тасымалдау арнасы болып табылатын мұнай құбыры көлігі 2012 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ құбырлары арқылы 53,5 млн. тонна шикі мұнай тасымалданды;

2) Ақтау портынан теңіз арқылы тасымалдау «ҚазТрансОйл» АҚ 71 млн. тонна мұнай тасымалдады. 2012 жылы Ақтау портынан Баку және Махачкала порттары бағытында 9 млн тонна тасымалданды.

3) темір жол көлігі (2012 жылы 7,0 млн тонна) – негізінен Шығыс Еуропа және Қара теңіз порттары бағытында тасымалданды. Негізгі экспорттық құбырлар: Олар:

1) Атырау-Самара мұнай құбыры жылына 17,5 млн. тонна, ол арқылы одан әрі экспорт Ресей Федерациясының аумағы арқылы Шығыс Еуропа бағыты бойынша «Транснефть» АҚ мұнай құбырлары және Қара және Балтық теңіздерінің порттары арқылы жүзеге асырылады;

2) Қазақстан мұнайын Новороссийск портына тасымалдайтын Каспий құбыр консорциумы (Қазақстан учаскесі бойынша өткізу қабілеті жылына 28,2 млн. тонна);

3) Қазақстан-Қытай мұнай құбыры (Атасу-Алашанькоу учаскесінің өткізу қабілеті жылына 20 млн. тонна), Қазақстан мұнайын Қытайға экспорттауды қамтамасыз етеді. Қазақстанда өндірілген мұнайдың негізгі бөлігі Ресей аумағы арқылы өткендіктен мұнай тасымалына қатысты Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысы) елдегі көмірсутек шикізатын экспорттау жүйесінің құрылымы мен бағыттары нақты сипатталған. Құжатта атап көрсетілгендей, қазіргі таңда Қазақстан аумағында өндірілген мұнай негізінен үш негізгі тәсіл арқылы тасымалданады:

1. Мұнай құбыры көлігі – мұнай тасымалының негізгі бағыты болып табылады. 2012 жылғы мәліметтерге сәйкес, «ҚазТрансОйл» АҚ құбырлары арқылы 53,5 млн тонна шикі мұнай тасымалданған.

2. Теңіз көлігі арқылы тасымалдау – бұл Ақтау теңіз порты арқылы жүзеге асады. Сол жылы осы бағыт бойынша 9 млн тонна мұнай Баку және Махачкала порттарына жөнелтілген. Жалпы «ҚазТрансОйл» АҚ теңіз арқылы 71 млн тоннаға дейін мұнай тасымалдаған.

3. Теміржол көлігі – 2012 жылы темір жол арқылы шамамен 7 млн тонна мұнай тасымалданған. Бұл бағыт көбінесе Шығыс Еуропа және Қара теңіз порттарына бағытталған. Негізгі экспорттық мұнай құбырлары ретінде мыналар айқындалған:

- Атырау–Самара мұнай құбыры – жылдық өткізу қабілеті 17,5 млн тонна. Бұл бағыт арқылы мұнай Ресей Федерациясының «Транснефть» жүйесіне

қосылып, әрі қарай Шығыс Еуропа елдеріне, сондай-ақ Қара және Балтық теңізі порттарына жеткізіледі.

• Каспий құбыр консорциумы (ККК) – қазақстандық учаскесі бойынша жылына 28,2 млн тонна мұнайды тасымалдауға қабілетті. Бұл бағыт Қазақстан мұнайын Новороссийск портына жеткізуді қамтамасыз етеді.

• Қазақстан–Қытай мұнай құбыры – оның ішінде Атасу-Алашанькоу учаскесінің жылдық өткізу мүмкіндігі 20 млн тоннаға жетеді. Бұл құбыр Қазақстан мұнайын Қытай нарығына экспорттаудың стратегиялық бағытына айналған. Аталған инфрақұрылымдар Қазақстанның экспорттық әлеуетінің кеңдігін айқындайды. Алайда Қазақстанда өндірілетін мұнайдың айтарлықтай үлесі Ресей Федерациясының аумағы арқылы өтетіндіктен, бұл елдің транзиттік саясаты мен инфрақұрылымдық шектеулері Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігіне тікелей әсер етуі мүмкін. Осы жағдай Қазақстан үшін экспорттық бағыттарды әртараптандыру мен баламалы транзиттік жолдарды дамыту мәселесін өзекті ете түседі, көмірсутек шикізатын өндіруде, кен орындарын игеруде, мұнайды сыртқы нарыққа жеткізу жолдарын әртараптандыруда қиындықтарға тап болды. Жоспарланған көрсеткіштердің кешігуі Теңіз кен орнындағы күрделі жөндеу жұмыстарының ұзағырақ жүргізілуіне байланысты болды [228].

«Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасы туралы» құжат 2020 жылы қабылданды. Құжатта Қазақстанның басым бағыттарына «өңірлік және жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға жәрдемдесу, энергия өндіруші, транзиттік және тұтынушы елдер арасындағы мүдделер теңгеріміне қол жеткізу, оларды экспорттаудың әртараптандырылған, тұрақты және қауіпсіз бағыттарын құру»[229] делінген. 2022 жылдың ортасында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кеңес өткізіп, онда «Қазақстан экономикасында көлік-логистикалық саласына өңірлер арасындағы өзара іс-қимылды қалай арттыру керектігіне, геосаяси жағдай мен санкция көлік-логистикалық тізбектердің бұзылуына қалай әкелгені туралы айтты» [230].

Кездесу барысында байланыс және жүктерді жеткізудің баламалы бағыттарын дамыту, жеткізілімдерді әртараптандыру қажеттігі айрықша атап өтілді. Сонымен қатар, теңіз көлігін дамыту мәселелері кеңінен талқыланды. Мемлекет басшысы Үкіметке Каспий теңізінің жетекші порттарының біріне айналдыру міндетін қойып, теңіз флотын нығайту және Ақтау портында контейнерлік хаб құру қажеттігі туралы пікір білдірді. Бұл шаралар елдің транзиттік әлеуетін арттыру және халықаралық сауда жолдары арқылы экономикалық байланысты нығайту мақсатында маңызды қадам болмақ. Қ-Ж.К. Тоқаев мұнай жеткізуді әртараптандыру қажет екенін атап өтіп «Қытай, Қазақстан, Каспий теңізі, Әзірбайжан, Грузия, Түркия және Қара теңіз арқылы өтетін Транскаспий бағыты басым бағыт болып табылатындығын айтты» [231].

«ҚазМұнайГазға Теңіз жобасына инвесторлар тарту мүмкіндігін жүзеге асырудың оңтайлы нұсқасын әзірлеуді тапсыра отырып, Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, жобаны тиімді басқару және оның қаржылық

тұрақтылығын қамтамасыз ету жолдарын қарастыруды тапсырды. Бұл қадам Қазақстанның энергетикалық секторындағы инвестициялық тартымдылықты арттыруға және халықаралық деңгейде маңызды экономикалық серіктестермен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Атырау-Кеңқияқ және Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбырларының өткізу қабілетін арттыру шараларын қабылдауы керек» - деді [232] .

2022 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметі «Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» 2014 жылғы 28 маусымдағы № 724 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Бұл өзгерістерге сәйкес, жаңа «Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенін дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулы қабылданды. Аталған тұжырымдама еліміздің энергетикалық секторын дамыту, өндіріс тиімділігін арттыру және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында негізгі стратегиялық бағыттарды айқындады- деп атап өтеді А.Акулов [233]. Түркияның Каспий аймағы мен Орталық Азияда Ресей, Қытай және Батыс сияқты маңызды сыртқы ойыншы болып табылады. Соңғы жылдары Анкара аймақта біртіндеп белсенді, ықпалын кеңейтуде. Түркия Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ республикаларын алғашқылардың бірі болып мойындаған бірі болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Түркия Орталық Азияның барлық посткеңестік бес мемлекетінің тәуелсіздігін мойындады, ал 1992 жылдың қаңтарында республика мен аймақ мемлекеттері арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнату процесі басталды. Халықаралық аренада алғашқы тәуелсіз қадамдарын жасай бастаған аймақтық ойыншылармен Түркия саяси және экономикалық ықпалын нығайтуға мүмкіндік беретін мәдени, тілдік және жақын қарым-қатынастарға мән берді [234]. Түркияның аймақтағы ықпалын кеңейтудің негізгі саяси жобасы ретінде 2021 жылы қарашада Ыстамбұлда өткен Түркітілдес мемлекеттер ұйымының (ТМҰ) VIII Саммитінің аясында Түркітілдес мемлекеттер кеңесі (ТМК) Түркітілдес мемлекеттер ұйымы (ТМҰ) болып қайта құрылды [235].

Қазіргі уақытта Түркітілдес мемлекеттер ұйымының мүшелері ретінде Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан кіреді, ал Венгрия ұйым қызметіне бақылаушы ретінде қатысуда. 2021 жылдың қарашасында Түркіменстан бақылаушы ел мәртебесін иеленді. ТМҰ Бас хатшылығы Ыстамбұлда орналасқан. Сонымен қатар, ұйымдардың құрамында Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) Анкарада, Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы (Түркі ПА) Бакуде, ал Халықаралық Түркі академиясы Нұр-Сұлтанда орналасқан [236].

Кеңестің негізгі мақсаттары мен құжаттарының басты бағыттары бірқатар маңызды мәселелерді қамтиды: біріншіден, тараптар арасындағы өзара сенімділік, достық және тату көршілік қатынастарды нығайту; екіншіден, аймақта және әлемде бейбітшілікті сақтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету; үшіншіден, сыртқы саясат мәселелері бойынша ортақ көзқарастарды қалыптастыру; төртіншіден, ортақ мүдделердің барлық салаларында тиімді аймақтық және екіжақты ынтымақтастықты дамыту. Тұтастай алғанда,

Түркітілдес мемлекеттер ұйымы өзара тиімді ынтымақтастықтың маңызды алаңына айналып, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікке үлес қосуды көздейді.

Білім және мәдени мақсаттардан басқа, Түркия ұйымды дамыту арқылы сыртқы саясатты үйлестіру үшін саяси институттар құру идеясын алға тартады, интеграциялық жобаларға ең алдымен Еуразиялық экономикалық одаққа бәсекелес болалатын экономикалық кеңістікті қалыптастыруға ықпал етеді. Соңғы уақытта Анкара қауіпсіздік мәселелері бойынша Түркияны аймақтық қақтығыстарды реттеуде өзін делдал ретінде көрсете бастады. Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы шекаралық қақтығыстан кейін ресми Анкара қақтығысқа қатысушы тараптардың өтінішін пайдалана отырып, белгілі бір қару түрлерін жеткізе бастады. Орталық Азия елдеріне қауіпсіздік бойынша әскери қызметкерлерді оқыту және «аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты» ілгерілетуге дайын екенін де қамтыды.

Түрік дипломатиясы аймақта әрекет ететін түрік ұйымы FETO желісін террористік деп танып, оның қызметкерлерін Анкараға экстрадициялауын сұрады [237]. Анкараның аймақтағы негізгі серіктесі ретінде Әзірбайжан маңызды орын алады, оның Түркиямен қарым-қатынастары екінші Қарабақ соғысы кезінде айтарлықтай нығайған. Бұл кезеңде Түркия Әзірбайжанға саяси, әскери және материалдық қолдау көрсетіп, екі ел арасындағы стратегиялық ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілді. Әзірбайжанның әскери жеңісі мен Қарабақтағы жағдайдың өзгеруі Түркияның аймақтағы ықпалының артуына және Түрік-Әзірбайжан байланыстарының нығаюына әкелді [238]. Түркия Арменияға қарсы әскери операцияда сөзсіз Бакуді қолдады, алдыңғы қатарлы қару-жарақпен қамтамасыз етіп, әскери операцияны халықаралық аренада дипломатиялық жолмен шешуін қолдады. Баку мен Анкара арасындағы одақтас стратегиялық серіктестік Шуша декларациясымен беки түсті. Азат етілген аумақтарды қалпына келтіру бойынша ең ірі келісім-шарттарды түрік компаниялары алды [239].

Каспий аймағы мен Орталық Азияда жаңа геосаяси жағдайды қалыптастыруда Түркия аймақты қайта форматтауда басты рөл атқарған жоқ. Анкара Батыс елдерінің Ресей мен Иранды айналып өтетін негізгі экспорттық дәліздердің Түркия аумағы арқылы өтетінін ескере отырып, Анкара Каспий аймағындағы ең маңызды кен орындарын өз мүддесіне пайдалану үшін барлық мүмкіндіктерді қарастырды. Бұл тұрғыда Түркия АҚШ пен оның одақтастарының негізгі энергетикалық жобаларына жан-жақты қолдау көрсетті, осылайша өзінің геосаяси және экономикалық мүдделерін қамтамасыз етуге ұмтылды. Түркияның Каспий энергетикалық ресурстарының негізгі транзиттік мәртебесін иеленуге бағытталған саясатының айқын нәтижесі ретінде 1993 жылы Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырын салу туралы келісімге қол қойылды. Бұл жоба Түркияның энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, аймақтағы ықпалын арттырды- деп көрсетеді Караваев [240].

Түркия энергетикалық және көліктік жобалардың бенефициары болатынын түсініп, батыс елдерінің жалпы стратегиясын қолдады. 1994 жылы 20 қыркүйекте Баку Гүлустан сарайында Әзірбайжан Республикасы мен Батыс

мұнай компаниялары тобы «British Petroleum» – 17%, «Amoco Corporation» – SOCAR – 17%, Әзірбайжанның үш пайызы – 2%, Әзірбайжан корпорациясы – 20%, арасында «ғасырдың келісімі» деп аталатын келісімге қол қойылды. Әзірбайжанның Азери, Чираг, Гюнешли үш теңіз кен орнын игеру бойынша түркиялық «Turkish Petroleum» компаниясы жобаның 6,75% үлесімен миноритарлық акционер болды [241].

Кесте – 3 1994 жылғы ғасыр келісімі

| Компания | Үлес | Мемлекет | Мәлімет |
|---|---|---|---|
| British Petroleum (BP) | 17% | Ұлыбритания | Ірі халықаралық мұнай компаниясы |
| Amoco Corporation | 17% | АҚШ | Кейін BP құрамына енді |
| SOCAR (State Oil Co. of AZ) | 10% | Әзірбайжан | Мемлекеттік мұнай компаниясы |
| Lukoil | 10% | Ресей | Кейін үлесін сатты |
| Pennzoil | 9.8% | АҚШ | Кейін Devon Energy-ге бірікті |
| UNOCAL | 11% | АҚШ | 2005 ж. Chevron сатып алды |
| Turkish Petroleum (TPAO) | 6.75% | Түркия | Түркияның мемлекеттік мұнай компаниясы |
| Delta Hess | 2.72% | АҚШ | Жобаны іске асырушы |
| Statoil | 8.56% | Норвегия | Кейін Equinor деп өзгертілді |

Түркия өзінің серіктестерін бұл бағыт Каспий мұнайының экспорты үшін сенімді бағытқа айналуы мүмкін еместігін сендірді, себебі Стамбул қаласына экологиялық қауіп әкелетіндігін онымен қоса Босфор бұғазының тауар өткізу мүмкіндіктерінің көлемі көтермейтіндігін түсіндірді.

Ұзақ келіссөздерден кейін Каспий мұнайын әлемдік нарыққа тасымалдау үшін негізгі экспорттық құбыр ретінде Баку-Тбилиси-Джейхан бағыты таңдалды. Жоба 1999 жылы қарашада Ыстамбұлда өткен ЕҚЫҰ саммитінде қабылданған Анкара Декларациясымен қолдау тауып, 2000 жылы тиісті инвесторлар құрылды. Осы жобаның қатысушылары ретінде Әзірбайжанның SOCAR компаниясы 25% үлеске ие болды, ал BP – 38,21%, Unocal – 9,58%, Statoil – 8%, түрік компаниясы TPAO – 8% үлеспен жобаның дамуында белсенді роль атқарды. Бұл консорциумның құрамында аталған компаниялар маңызды энергетикалық инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыру арқылы өзара тиімді ынтымақтастық орнатты, әрі Түркияның аймақтағы энергетикалық транзиттегі рөлін нығайтуға ықпал етті. Сарапшылар Түркияның жобалық қуаты 50 миллион тонна мұнай құбырын пайдаланудан түсетін табысын жылына 200-300 миллион долларға бағалап отыр [242].

Түркия Орталық Азия мемлекеттерінің, ең алдымен Қазақстанның табиғи ресурстарына да қызығушылық танытты. Құбыр жобаларын талқылау аясында Анкара қазақстандық кен орындарындағы мұнайды Әзірбайжан жобаларына қосуға да үміттенді. 1995 жылы Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту және тереңдету туралы Декларацияға қол қойылды, онда Қазақстан мұнайын әлемдік нарыққа шығару мақсатында Түркия аумағы арқылы Жерорта теңізіне құбыр салу мүмкіндіктері туралы талқыланды[243]. Бірақ бұл жоспарлар жүзеге аспады, теңіз мұнайының негізгі экспорттық жолы ретінде Новороссийскіге баратын құбыр таңдалды.

Каспий энергетикалық ресурстарының негізгі экспорттық бағыты Шах-Дениз теңізінің Әзірбайжан секторындағы ірі газ кен орнын игеру және негізгі экспорттық бағыт ретінде Баку-Тбилиси-Эрзурум газ құбырын таңдау туралы келісімге қол қойылды. Шах-Дениз кен орнын игеруге келісім-шарт 1996 жылы жасалды. Консорциумға серіктестер британдық BP (28,8%), SOCAR (16,7%), норвегиялық Statoil (15,5%) және түрік TPAO жобаның 9,0% акциясы кірді. Баку-Тбилиси-Эрзурум газ құбыры 2007 жылы пайдалануға берілді, Түркия Әзірбайжаннан жылына 6,6 миллиард текше метр табиғи газ алды. 2004 жылы Набукко халықаралық жоба жарияланды, бұл магистральдық газ құбырының ұзындығы 3,3 мың шақырым болуы керек. Бұл жол ЕО елдеріне Өзбекстан, Түрікменстан және Әзірбайжан газын Әзірбайжан, Түркия, Болгария, Венгрия арқылы Австрияға, одан әрі Германияға транзитпен қамтамасыз етіп, жылына 26-32 миллиард текше метрді құрауы тиіс еді. Газ құбырын 2011 жылға дейін пайдалануға беру жоспарланған болатын, бұл жоба батыстық компаниялардан қолдау таппады және жүзеге аспады. «Набукко» жобасы мүмкін болмағасын, Әзербайжан британдық BP компаниясымен серіктесе отырып, «Оңтүстік газ дәлізі» ауқымды жобасын бастап жүзеге асырды. Дәліздің негізгі ресурстық базасы Шах Дениз кен орнының екінші кезеңі болды, Аталған энергетикалық дәліз Трансанадолы (TANAP) және Транс-Адриатикалық (TAP) газ құбырларының құрылысын қамтыды. TANAP газ құбыры Әзірбайжан газының Түркия аумағы арқылы өтуін қамтамасыз етіп, Түркияның бар инфрақұрылымын Грекия және Болгариямен байланыстырды. Бұл жобада негізгі серіктестер ретінде Әзірбайжанның мемлекеттік мұнай компаниясы SOCAR – 68% үлеспен, Түркияның BOTAS – 20%, ал BP – 12% үлеспен қатысты. Өз кезегінде, TAP газ құбыры TANAP-тың жалғасы ретінде Грекия мен Албания аумағы арқылы өтіп, Адриатика теңізі арқылы Италияға жетеді. Бұл жоба Еуропа нарығына Каспий газын жеткізудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Түрік компаниялары TAP инвестор пулына кірмеді. Оңтүстік газ дәлізі» жобасы Түркияға 6 миллиард текше метр, Еуропаға 10 миллиард текше метр газ жеткізуге арналған. BOTAS және TPAO (Türkiye Petrolleri Anonim Ortaklığı) компаниясы арқылы Түркия Оңтүстік газ дәлізі жобасына қатысушы ірі инвесторлардың бірі саналады. Атап айтқанда, Түркияның TPAO компаниясы Шах-Дениз кен орны мен жалпы Оңтүстік газ дәлізіндегі жобаларға 19% үлеспен қатысады. Сонымен қатар, BOTAS мемлекеттік компаниясы TANAP (Трансанадолы газ құбыры) жобасында 30% үлеске ие. Бұл көрсеткіштер

Түркияның Каспий өңірі газын Еуропаға жеткізудегі стратегиялық рөлін айқындай түседі [244].

Лукойл мен Түркіменстан үкіметі арасындағы келіссөздердегі қиындықтарға байланысты әзірбайжан-түрікмендік «Достулуг» бірлескен жобасы бойынша ілгерлеу жұмыстары тоқтатылды. Түркия әзірбайжан-түрікмен қарым-қатынастарын қалыпқа келтіру үдерісіне белсенді түрде қосылуға тырысуда. Оңтүстік газ дәлізіне қосымша газ көлемін жеткізу үшін Еуропалық Одақ Түркіменстаннан ресурстар тартуды көздеп отыр. Алайда бұл мақсатқа қол жеткізу үшін, біріншіден, Каспий теңізінің түбімен өтетін Транскаспий газ құбырының құрылысын салу қажет, ал бұл өз кезегінде инфрақұрылымға және Түркіменстандағы газ өндірісін кеңейтуге ауқымды инвестицияларды талап етеді [245]. Түркіменстанның негізгі газ қорлары елдің оңтүстік-шығыс өңірінде, Каспий жағалауынан шамамен 500-700 шақырым қашықтықта орналасқан. Сондықтан газды Каспийге дейін жеткізу үшін ішкі инфрақұрылымды да дамыту керек. Алайда қазіргі таңда Түркімен газының басты тұтынушысы – Қытай, ол елдің экспорттық газының негізгі бөлігін сатып алып отыр, бұл ЕО бағытындағы жеткізілімдердің жүзеге асуына белгілі бір шектеу қояды.  ал газ өндірудің жоғары сапасын арттыру үшін жаңа жобалар елеулі инвестицияларды қажет етеді [246].

Транскаспий жобасы – Каспий теңізінің ең терең, сейсмикалық белсенді бөлігі арқылы ұзындығы 300-350 км болатын бірегей су асты құбыры болып табылады. Бірнеше мың құбырды қамтитын Оңтүстік газ дәлізінің қолданыстағы газ тасымалдау инфрақұрылымының өткізу қабілетін айтарлықтай кеңейту қажет болады. Жобаға салынған алдын ала инвестициялар көлемі ондаған миллиард доллармен бағаланады, бұл оның стратегиялық және экономикалық ауқымын көрсетеді. Сонымен қатар, Каспий теңізінің халықаралық-құқықтық мәртебесі туралы 2018 жылғы Конвенция аясында қабылданған экологиялық хаттамалар жобаның жүзеге асу мерзіміне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Бұл хаттамалар Каспий экожүйесінің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтау мақсатында теңіз түбі арқылы өтетін инфрақұрылымдық объектілерге қойылатын экологиялық талаптарды күшейтеді. Сондықтан Транскаспий газ құбыры жобасын іске асыру тек техникалық және қаржылық емес, сонымен қатар халықаралық-құқықтық және экологиялық факторларға да тәуелді [247].

Жобаның күрделілігіне байланысты Түркия да, Еуропалық комиссия да талқылауға көшуге дайын екендіктерін әлі көрсеткен жоқ. Түрікменстаннан магистральдық газ құбырын салуды мүмкін емес болғасын, Каспий теңізінде түркімен газының шағын көлемін Оңтүстікке жіберуге мүмкіндік беретін жергілікті коннекторларды салу мүмкіндігі талқылануда. Малайзиялық Petronas компаниясы әзірлеген Каспий теңізінің түркімен секторындағы D жобасынан небәрі 70 шақырым жерде орналасқан Әзірбайжан кен орнына дейін су асты құбырын тарту мүмкіндігі талқылануда. Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастағы шиеленістер аясында, Қазақстанның әлемдік нарыққа шығу мүмкіндіктерін әртараптандыру үшін Түркияның қолдауымен Қазақстандық Каспий көлік жүйесі (KCTS) жобасын қайта жандандыру мәселесі қайта

көтерілді. Бұл бастама Қазақстан үшін геосаяси және энергетикалық дербестікті арттырудың маңызды қадамы болмақ. Егер KCTS толық іске асырылса, ол елдің ең ірі мұнай кен орындары – Теңіз бен Қашағаннан өндірілетін мұнайдың айтарлықтай бөлігін қамтып, оны Ресей аумағын айналып өтіп тасымалдауға мүмкіндік береді.

Жобаның логистикасы бойынша, Қашаған кен орнынан мұнай Ескенге дейін су асты құбыры арқылы жеткізіліп, кейін 200 шақырымға созылатын құрлықтағы мұнай құбыры арқылы Құрық портына тасымалданады. Құрықта арнайы мұнай құю терминалы салынады, ал Каспийдің батыс жағалауында, атап айтқанда Бакуде, осындай терминал салу жоспары қарастырылып отыр. Бұл инфрақұрылым Каспий теңізі арқылы Баку-Тбилиси-Джейхан бағытымен Қазақстан мұнайын жаһандық нарықтарға жеткізуге жол ашады. Мұнай Каспий теңізі арқылы ірі тоннажды танкерлер арқылы жеткізіледі. КТК-мен проблемалар туындаған жағдайда болашақта Теңіз кенішіндегі мұнай да ҚҚТС-қа жөнелтілуі мүмкін деген болжам бар [248].

KCTS (Қазақстандық Каспий көлік жүйесі) жобасының аймақтық энергетикалық геосаясатқа ықпалы бірнеше маңызды аспектіде байқалады:

1. Энергетикалық тәуелсіздікті күшейту мақсатында KCTS – Қазақстанның Ресейге энергетикалық тәуелділігін төмендетудің нақты құралы. Қазіргі кезде Қазақстан мұнайы негізінен Каспий құбыр консорциумы (ҚҚК) арқылы Новороссийск портына жеткізіледі. Ресеймен арадағы саяси және экономикалық шиеленістер бұл бағыттың тұрақтылығына қауіп төндіреді. KCTS жобасы Қазақстанға энергетикалық транзитті әртараптандыру арқылы сыртқы қысымдардан қорғануға мүмкіндік береді.

2. Түркияның геосаяси рөлінің артуы тұрғысынан талдасақ, Түркия бұл жобада тек логистикалық серіктес қана емес, сонымен қатар Каспий аймағындағы стратегиялық ойыншы рөлін күшейтеді. Баку-Тбилиси-Джейхан (БТД) және ТАНАП–ТАР сияқты жобалар арқылы ол Еуропаға Орталық Азиядан балама энергия жеткізуші ретінде орнығып үлгерді. KCTS осы дәліздермен ұштаса отырып, Түркияның транзиттік әлеуетін жаңа деңгейге көтереді.

3. Әзірбайжанның стратегиялық рөліне тоқталсақ, KCTS жобасы Бакудің Орталық Азия мен Еуропа арасындағы логистикалық торап ретіндегі рөлін арттырады. Әзірбайжанның Каспий айлақтарын кеңейтуі және БТД бағыты арқылы экспорт көлемін ұлғайтуы елдің энергетикалық, экономикалық және саяси маңызын күшейтеді.

4. Ресей мен Иранның шеттетілуі тқрғысында KCTS-тің жүзеге асуы Каспий маңындағы балама экспорт бағыттарының қалыптасуына жол ашады. Бұл Ресей мен Иранды айналып өтетін энергетикалық маршруттардың көбеюіне әкеліп, олардың аймақтағы ықпалын әлсіретуі мүмкін. Әсіресе Еуропа үшін бұл – Ресей газы мен мұнайына тәуелділікті төмендетудің тиімді жолы.

5. Еуроодақ үшін маңызды балама ретінде, Еуропалық Одақ энергия қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әртараптандыру стратегиясын ұстануда. Қазақстан мұнайы мен газын Түркия арқылы тасымалдау бұл стратегиямен

үйлеседі. Сондықтан KCTS жобасы ЕО тарапынан да саяси және қаржылай қолдау табуы ықтимал.

6. Каспий өңіріндегі инфрақұрылымдық бәсеке тұрғысында, жобаның жүзеге асуы басқа елдерді де ұқсас бастамаларға итермелеуі мүмкін. Түркіменстан, Өзбекстан және тіпті Қытай да Каспий теңізі арқылы энергетикалық тасымалдарды кеңейту жолдарын іздеуі ықтимал. Бұл жаңа коалициялар мен келісімдерге жол ашып, Орталық Азиядағы геоэкономикалық динамиканы өзгертуі мүмкін.

Анкара КСРО-ның қолданыстағы көлік жүйесіне балама болып табылатын көлік дәліздерін қалыптастыруға белсенділік танытуда. Жаңа ауқымды жобалардың бірі «Жаңа Жібек жолы» немесе Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі (ТРАСЕКА) болды. ЕО Қытаймен байланыстыратын тағы бір көлік дәлізін құруды жоспарлап отыр. Бірақ оның жобалық түрінде TRACEKA жүзеге асырылған жоқ жаһандық көлік бағытын қалыптастыру идеясының өзі аймақ елдерін бірқатар тәуелсіз жобаларға итермеледі. Қытай ресми түрде Еуропа–Кавказ-Азия көлік дәлізі (TRACECA) жобасының қатысушысы болмаса да, белгілі бір кезеңде осы бастаманың жүзеге асырылуындағы басты белсенді тараптардың біріне айналды [249]. Бұл Қытайдың өңірлік логистикалық инфрақұрылымға белсенді араласуға деген мүддесін көрсетті. 2013 жылғы қыркүйек айында Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин Астана қаласына жасаған мемлекеттік сапары барысында өзінің стратегиялық бастамасы «Бір белдеу, бір жол» жобасын жария етті. Бұл бастаманың негізгі мақсаттары Қытайдың Орталық Азиядағы геосаяси ықпалын арттыру, жаңа өткізу нарықтарын игеру және әсіресе Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданындағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету болды. Осы арқылы Пекин өзінің батыс аймақтарының дамуына сыртқы ресурстар мен сауда желілерін тартып, өңірдегі белсенді экономикалық ойыншыға айналуға ұмтылды.

Бұған қоса, Еуропа мен Азияны жалғайтын балама көлік бағыттарын дамытуда Қытаймен бірге Әзірбайжан, Грузия және Түркия белсенді рөл атқарды. 2007 жылдың ақпан айында осы үш елдің президенттері Баку-Тбилиси-Карс теміржол жобасын бірлесіп іске асыру туралы келісімге келді. Бұл жоба бойынша ұзындығы 98 шақырым болатын жаңа теміржол желісін салу және Грузия аумағындағы Ахалкалаки–Тбилиси теміржолын қалпына келтіру қарастырылды. Жобаның жалпы құны 400 миллион АҚШ долларын құрады және бұл қаражаттың басым бөлігін Әзірбайжан үкіметі қаржыландырды [250]. Жаңа дәліздің жобалық өткізу қабілеті жылына 20 миллион тонна жүкке дейін жетеді. 2019 жылғы нақты тасымалдау көлемі шамамен 6,5 миллион тоннаны, сондай-ақ 1 миллионға жуық жолаушыны қамтыды [251].

Еуразия құрлығының орталық бөлігінен бастау алып, Каспий теңізін кесіп өтіп, Түркия арқылы Еуропаға шығатын бірнеше жаңа көлік дәлізі белсенді түрде қолға алынуда. Олардың арасында Транскаспий халықаралық көлік маршруты (ТМТМ) және «Орта дәліз» (Middle Corridor) ерекше маңызға ие. Бұл жобалар Қытай, Қазақстан, Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Грузия және Түркия

арқылы Еуропаға баратын жаңа логистикалық желілерді қамтиды. Мұндай дәліздер Орталық Азияның халықаралық саудадағы рөлін арттыруға, сондай-ақ Түркия мен Оңтүстік Кавказ елдерінің көлік-логистикалық инфрақұрылымының жүктемесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Осыған ұқсас тағы бір маңызды бастама – Ауғанстаннан басталатын Лазурит дәлізі болып табылады. Бұл жоба аясында Ауғанстанның Герат қаласынан Түркіменстан астанасы Ашхабадқа дейін, әрі қарай Түркіменбашы портынан Әзірбайжан, Грузия және Түркия арқылы Еуропаға шығатын көлік желісі құрылуда. 2017 жылғы 15 қарашада Ауғанстанда өткен аймақтық экономикалық ынтымақтастық жөніндегі 7-ші конференция барысында Түркіменстан, Әзірбайжан, Грузия, Иран және Түркия бұл бастаманы ресми түрде қолдап, келісімге қол қойды [252]. Жобаның негізгі бастамашысы ретінде Түркіменстан ол өзінің геостратегиялық орналасуын тиімді пайдалана отырып, көлік-транзиттік әлеуетін толық іске асыруға ұмтылуда. Өз кезегінде Түркия мен Әзірбайжан да бұл дәліздің дамуына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екендерін білдірді, өйткені бұл олардың аймақтық экономикалық ықпалын арттыруға жол ашады.

Түркияның Еуразияның көлік және энергетикалық секторларында жаңа энергетикалық кешен тек іске қосып қана емес сатып алушылардың қатарында болып отыр, инфрақұрылымға тікелей инвестиция салудан әлі болсада өзін алшақ ұстауда. Анкараға пайда әкелетін жобалар белсенді саяси және дипломатиялық қолдау арқылы жүзеге асырылады.

Каспий төңірегіндегі диалог бүгінге дейін көп нәрсеге қол жеткізілді, бірақ, әлі де шешімін күткен бірқатар мәселелер бар. Мысалы, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны толығымен ратификацияланған жоқ, дәлірек айтқанда, Иран оны әлі бекіткен жоқ. Конвенция мәселесі толығымен шешілмеді, оның себебін Вашингтон мен Тегеран арасындағы қарама-қайшылықтың салдары деп отыр [253]. Конвенция қауіпсіздік тұрғысынан Иранның мүдделеріне барынша сай келеді. Иранның өтініші бойынша Каспий теңізінің түбін делимитациялау мен демаркациялау, бөлу мәселелері екіжақты қарым-қатынастар деңгейіне ауыстырылды. Каспий теңізінің оңтүстік бөлігі Әзірбайжан мен Иран арасында әлі де бөлінген жоқ. Каспий теңізін Әзірбайжан мен Түркіменстан арасында бөлу процесі алға жылжыды.

Достлуг мұнай-газ кен орны Каспий теңізінің Әзірбайжан және Түркіменстан секторларының шекарасында орналасқан кен орнының жаңа атауы. Кен орны 1986 жылы ашылған. Оның бұрынғы атауы Әзірбайжанда Кепез, Түркіменстанда Сердар болған. Достлуг көптен бері Баку мен Ашхабад арасындағы даудың нысанасы болды, әр тарап оны Каспий теңізінің өз секторында орналасқан деп есептеді. 1997 жылы Баку оны игеру туралы Лукойл және Роснефть компанияларымен келісімге қол қойды, бірақ Ашхабадтың наразылығынан кейін келісім сәтсіз аяқталды. 1998 жылы түрікмендер американдық Mobil компаниясымен осындай келісім-шарт жасасуға тырысты, бірақ Бакудің мәлімдемесіне байланысты американдықтар кері шегінген еді.

2001 жылы тараптар шекара мәселесі бойынша толық келіссөз жүргізе алмады. Олар 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін ғана жұмысын жалғастыра алды. 2021 жылдың 21 қаңтарында Баку мен Ашхабад Достлугты бірлесіп игеру туралы келісімге келді. Түркіменстан инвестицияларсыз ақ пайда алуға мүмкіндігі бар, себебі Достлуг кен орны Әзірбайжан батыс компанияларымен игеріп жатқан Әзірбайжан-Азери-Чираг-Гүнешли кен орындарының жанында орналасқан. Әзірбайжан-Чираг-Гүнешли құбыры мен су асты инфрақұрылымы Достлугтан Оңтүстік газ дәлізі жүйесіне газ жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін. Түркіменстан үшін бұл өндірілетін мұнай мен газдың үлесі «Оңтүстік» газ дәлізі құбырлары арқылы өтеді.

А.Шустов Фатих Дөнмез Түркияның энергетика және табиғи ресурстар министрі Оңтүстік газ дәлізі консультативтік кеңесінің 7-ші отырысында Әзірбайжан мен Түркіменстан арасындағы Каспий теңізіндегі Достлуг кен орнын бірлесіп игеру туралы келісімге назар аударғанын айтады. Донмез қол қойылған келісімнің түрікмен газын Түркия мен Еуропа нарығына жеткізу туралы келісімдерге жол ашатынын айтты. «Түркия өз кезегінде екі елге де мүмкін болатын саяси, техникалық және экономикалық қолдау көрсетуге дайын», - деп сендірді министр [254].

Түркия Қазақстан үшін Каспий теңізінде заманауи әскери флот салады деп 2023 жылдың 31 шілдесінде түріктің Defence Turk басылымы хабарлады. Қазақстандағы бұл жұмысты YDA Group және Түркия Қорғаныс министрлігінің (ASFAT) әскери кеме жасау зауыттары дирекциясының мамандары жүргізеді. Олар 1941 жылы Ленинградтан Орал қаласына эвакуацияланған «Зенит» зауытында орналасатын болады. Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтағы (ЕАЭО) ең маңызды сауда-экономикалық серіктесі және Ресей Беларусь, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан кіретін Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымында мүше.

2010 жылы Мәскеу мен Астана қазақстандық флотты әскери кемелермен қамтамасыз ету туралы келісімге келді, ал 2014-2015 жылдары Ресей Федерациясы Қазақстан үшін екі мина тасушы кеме шығара бастады. Алайда кейінгі жылдары Астана АҚШ-тан Дефендер класындағы қайықтарды, Оңтүстік Кореядан Чамсури класындағы үш патрульдік қайық пен зерттеу гидрографиялық кемесін және Германиядан Абекинг және Расмуссен зымыран-артиллериялық кемесін сатып алды. Бұл Ресейдің Қазақстандағы ықпалының айтарлықтай жоғалғанын анық көрсетеді. Астана енді тек Ресейге ғана назар аудармай, басқа елдермен қорғаныс байланыстарын қарқынды дамытып жатыр. «Осы уақытқа дейін қазақ флотында тек патрульдік және шекаралық катерлерден тұрған, олардың негізгі қызметі «ту көрсету» және браконьерлерді қуу болды. Соңғы уақытқа дейін Қазақстанда неге кенеттен теңізді шұғыл күшейтуді бастады»-деп ресей сарапшылары жазады. Астана кіммен күресуге дайындалып жатыр? Стратегиялар мен технологияларды талдау орталығының (CAST) сарапшысы Юрий Лямин: «Қазақстан Каспий маңы елдерінің флотын нығайтудың көпжылдық үдерісін қадағалап отыр. Соңғы он жарым жылда

Түркіменстан Түркияның көмегімен Каспий теңізінде, оның ішінде өте күшті флот құрды. Түрікменстандағы ең үлкен кеме және Каспий теңізіндегі ең ірі әскери кемелердің бірі Корвет Дениз Хан түрік жобасы бойынша жасалып, 2021 жылы пайдалануға берілді. Түрікмен шекарашылары үшін өте көп зымыран, артиллерия және басқа да қайықтар түрік дизайны бойынша жасалған. Ашхабад 10 жылдан астам уақыт бұрын Ресейден екі Project 12418 зымырандық қайықтарын сатып алған. Мұның бәрі аймақтағы басқа елдерді өз флоттарын нығайтуға итермелеп отыр, ал Қазақстанның әскери-теңіз күштері қазіргі уақытта Каспий маңы елдерінің ішіндегі ең әлсізі», - деді сарапшы Зуев» [255].

Қазақ флотын нығайту үшін түріктер бұрын шағын кемелер мен қайықтар ғана шығаратын «Зенит» зауытын жаңадан жаңғыртуға мәжбүр. Қазақстан үшін толыққанды теңіз күштерін құруға миллиардтаған қаржылар қажет. Ірі нысандарды салуға маманданған YDA Group құрылыс концерніні қазақстандық флотты құруға қатысуы үшін дәл осыны ұсынып отыр. Гурьев-Атырау теңіз порты аймағы немесе Маңғышлақ түбегінде толыққанды әскери-теңіз базаларын құруылуы әбден мүмкін. Каспийдегі бес державаға мұндай қымбат теңіз әскери базалары не үшін керек?-деген сұраққа сарапшы Юрий Лямин: бұл ойынға негізінен Түркіменстанның теңіз күштерін құруы түрткі болды, себебі бұл елдің Әзірбайжан және Иранмен шекаралық дауы бар»-деген пікірді ұстанады. Ал Қазақстан Ресеймен және Түркіменстанмен аумақтық мәселелерді 2014 жылы шешкен болатын.

Каспийдегі бес мемлекет – Ресей, Қазақстан, Әзірбайжан, Түркіменстан және Иран Каспийдің мұнай-газ байлығын бөлісу мәселесінде ұзақ жылдары бойы дауласып келеді. Олар 2018 жылдың 12 тамызында ғана Каспий конвенциясына қол қою арқылы көмірсутектерді бөлу туралы келісімге келді. Каспий маңы мемлекеттерінің теңіз шекараларының ұзындығына қарай жағадан 28 шақырымдай қашықтықтағы жағалау белдеуін бөлу туралы Қазақстанның Ресей мен Иран үшін қолайсыз шешімін қабылдады. Бастапқыда Каспийдің бес тең секторға «әділ» бөлінуін жақтаған Иран мен Ресей Каспий жағалауының тек 14 және 19 пайызына ғана қанағаттанды. Қазақстан өз үлесіне жағалау сызығының 30 пайызын бақылауға алды Мәскеу мен Тегеран Астананың Каспий теңізін жағалау сызығымен бөлу талабына келісті, оның себебін кейбір сарапшылардың сараптамасында «Қазақстан Каспий теңізінде АҚШ-тың әскери-теңіз базаларын орналастырамыз деп қорқытқан»-деген пікірлерде болды [256].

2018 жылғы келісім шарттары бойынша Каспий державалары Баку, Ашхабад, Астана және Анкаран Каспий арқылы газ құбырларын тарту мүмкіндігіне де ие болды. Түркия Каспий газын Әзірбайжан арқылы өз аумағына жеткізіп, Еуропалық Одаққа жоспарлап отыр. Түркияның бұл жоспары орындалса, Ресейдің Еуропадағы энергетикалық ықпалы азаяды, аймақтың барлық мемлекеттерінде айтарлықтай газ қоры бар. Түркия Каспий теңізінің мұнай-газ байлығын бақылау мақсатында «түркі» елдерінің туы астында теңіз күштерін орналастыру идеясын алға тартып отыр. Каспи аймағы бойынша Түрікменстан, Азербайжан және Қазақстаннның әскери базасын нығайтуға Түркия мүдделі, себебі ол тек Каспи аймағы бойынша жобалардан тек пайда табу

көзі емес, ол елдердің барлығы дерлік түркі елдері санатына кіреді. Түркияда Ресейде тұратын халықтардың Кавказдың кейбір республикаларында, Еділ бойы мен Қалмақияда, Орал мен Сібірдің бір бөлігіндегі, Қытайдағы ұйғырларды түрік өкілдері болып саналады.

Аймақтан тыс ойыншы Түркияның Каспий аймағындағы жағдайдың дамуына ықпал ету үлгілерін бағалау кезінде, біздің ойымызша, мыналарды атап өту керек. Біріншіден, Түркияның «Стратегиялық тереңдік» тұжырымдамасында айтылған экономикалық және әскери ықпал әлеуетін сақтай отырып, «жұмсақ күшті» басымдықпен пайдалану қағидаттары Ресейдің тұжырымдамалық тәсілдеріне қайшы келмейді. Екіншіден, Анкара Батыстың демократияны әмбебап құндылықтар ретінде ілгерілету бағытымен ынтымақтасады, «қорғау жауапкершілігі» қағидаты мен «гуманитарлық араласу» тәжірибесін қолдайды [257]. Үшіншіден, Ресей мен еуроатлантикалық мүдделер тоғысқан аймақтардағы Каспий теңізіндегі әскери-саяси жағдайға келсек, Түркия Ресейден гөрі Батыспен көбірек ынтымақтасады деген ой туады. Төртіншіден, болашақта түріктер үлкен саясаттың субъектісі емес, объектісі болып қала беретін дәстүрлі айласын жалғастырады. Каспийде қалыптасып жатқан күрделі үдерістер жағдайында Каспий маңы мемлекеттері арасындағы өзара терең түсіністікке қол жеткізіп, халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша, ортақ сын-қатерлер мен қауіп-қатерлерге төтеп беретін интеграциялық бірлік ерекше өзекті болып отыр.

Қорыта келе, Қазақстан Орталық Азиядағы мұнай мен табиғи газдың жетекші өндірушісі болып табылады. Оның энергетикалық секторының негізгі сипаттамаларына мұнай қорын жатқызамыз, деректер бойынша Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарында шоғырланған шамамен 30 млрд баррель деп есептеледі. Ал газ газ қорына келетін болсақ, 2,7 триллион текше метрге бағаланады, оның басым бөлігі мұнай өндірумен байланысты. Соның ішінде экспорттың негізгі бағыттары: Ресей (Каспий құбыр консорциумы КТК Қазақстан мұнайының 80%-ға жуығы Ресей Федерациясы арқылы Еуропаға экспортталып отыр. Қытай (Қазақстан-Қытай мұнай құбыры) экспорттың 20%-ға жуығын алады және ол Қазақстанның стратегиялық серіктесі. Еуропа Әзербайжан және Түркия арқылы шағын көлемде Транскаспий бағыты арқылы өтеді. Қазақстан экспортты әртараптандыруға тырыссада Ресей мен Қытай бағыттарына тәуелді болып қала береді [258].

Кесте 4 - Қазақстанның мұнай және газ қорлары

| Ресурс түрі | Көлемі | Негізгі кен орындары |
|---|---|---|
| Мұнай | 30 млрд баррель | Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ |
| Газ | 2,7 трлн м³ | Қашаған, Қарашығанақ, басқа мұнаймен байланысты кен орындары |

Кесте 5 - Қазақстан мұнайының экспорт бағыттары

| Бағыт | Үлес (%) | Құбыр/жол атауы | Ерекшелігі |
|---|---|---|---|
| Ресей арқылы | - 80% | Каспий құбыр консорциумы (КТК) | Негізгі экспорт арнасы, Еуропаға бағытталған |
| Қытайға | - 20% | Қазақстан-Қытай мұнай құбыры | Стратегиялық серіктестік |
| Еуропаға | Аз үлес | Транскаспий бағыты (Әзірбайжан, Түркия арқылы) | Әртүрліру жолы, шағын көлем |

Қазақстан әлемдік деңгейде маңызды көмірсутек өндірушілерінің бірі: ірі мұнай және газ кен орындары, сонымен қатар уран, көмір және басқа да энергетикалық ресурстар бар. Елдің экспорттық стратегиясы дәстүрлі түрде шикізатқа негізделген және транзиттік географияға тәуелді: Каспий арқылы батыс бағыт (Каспий құбыр жүйелері), сондай-ақ шығыста Қытайға құбырлар арқылы жеткізу негізгі арналар болып табылады. Осыған сәйкес, энергетика саласы ұлттық табыстың, экспорттық кірістің және сыртқы саяси ықпалдың басты қозғаушы күші. Қазақстанның басты өндірістік активтері Tengiz, Kashagan, Karachaganak сияқты мегажобалар. Ұлттық мұнай компаниясы KazMunayGas (KMG) осы жобаларға қатысады және олардың өндірістік қуаты мен кеңею жобалары еліміздің өндіріс әлеуетін анықтайды. KMG-нің 2024 жылғы есептеріне сәйкес, жалпы мұнай және газ конденсаты өндірісі 2022 жылы шамамен 22,012 (мың тонна) болса, 2023 жылы 23,532 мың тоннаға өсті және 2024 жылы 23,837 мың тоннаға жуықталды (шамамен - 490 мың баррель/тәулік көрсеткіші баламасы берілген). Бұл көрсеткіштер – елдегі өндірістің (жобалардың іске қосылуы және өрлеу кезеңдері нәтижесінде) салыстырмалы тұрақтылығын көрсетеді, алайда болашақтағы трендтер кен орындарының өндіру шығысының өзгерісі мен инвестициялық шешімдерге тәуелді [259]. Өндірістегі өсім ірі жобалардағы (Tengiz FG/FGP/FGP-W, Kashagan өндірістік нормалау) кезеңдік әсеріне байланысты; алайда орта және ұзақ мерзімде өнім шығымы перспективалары («Эс-энд-Пи Глобал» сияқты бағалаушылар арқылы) кен қорларының дефициті немесе күрделі технологиялық шығындарға байланысты өзгеруі мүмкін. CPC (Новороссийск/Қара теңіз терминалы) арқылы тасымал ел мұнай экспортындағы ең ірі арналардың біріне айналды; 2023-2024 жылдары CPC арқылы шығарылған көлемдер жаппай жоғарылауда (CPC 2023 жылға 63 млн тонна жүктемені есептеді; 2024 жылы да жоғары көлемдер тіркелді). CPC Қазақстанның шикізатын әлемдік нарыққа шығаруда шешуші рөл атқарады [260].

Транскаспий (Орта дәліз) арқылы Каспий арқылы әрі қарай Әзірбайжан арқылы Грузия мен Түркияға бұл бағыт энергетикалық әртараптандырудың

маңызды опциясы. Әдетте бұл арна Қазақстан үшін өндірулерін Еуропаға жеткізудің қосымша кепілдігін береді; алайда транскаспий арнаның көлеміне, құқықтық мәртебесі мен трансшектеу инфрақұрылымына байланысты шектеулер бар. (Теориялық және практикалық талдаулар транскаспийдің әлеуетін айтады, алайда оны толық масштабта іске асыру технологиялық/инфрақұрылымдық және көпжақты келісім талап етеді.) [261]

Central Asia–China (орташа алғанда Қазақстаннан Қытайға бағытталған газ тасымалы) жүйесі және оған қосалқы тармақтар Қытайға газ жеткізу мүмкіндігін қалыптастырды; 2024 жылы Қазақстан Қытайға газ экспорты көлемін ұлғайтуда («Эс-энд-Пи Глобал»/Commodity Insights деректері бойынша 2024 жылы шамамен 3.8 млн тонна-эквивалент газ жеткізілді – бұл Қытайдың жалпы импорттарындағы маңызды үлеске ие). Бұл арна Шығыс нарығына тәуелділікті арттырады, бірақ экспортқа балама нарық мүмкіндігін береді [262].

Қазақстан экспортының негізгі бөлігін шикізат (сыраң мұнай, уран, металл және газ) құрайды бұл экспорттық кіріс пен сыртқы сауда теңгеріміне тәуелділікті арттырады. Шикізаттық құрылым экспорттық кірістің құбылмалылығын, халықаралық баға тәуекелін және трансформация/өңдеу қоры болмаған жағдайда қосылған құнды жоғарылату мүмкіндіктерінің шектеулігін көрсетеді. СРС-нің басым ролі (СРС арқылы экспорт көлемінің өсімі) Қазақстанды бір немесе екі транзиттік арнаның механикалық және геосаяси тәуелділігіне әкеледі; кез келген техникалық немесе саяси кедергі экспорт көлеміне жылдам әсер етеді. Бұл тәуекелді азайту үшін транскаспий, Қытай бағыты және теңіз/порт инфрақұрылымын дамыту саясаттары қажет.

Терминал техқауіпсіздігі мен ресейлік нормативтік шектеулер экспортқа қысқа мерзімді шоктар әкелуі мүмкін. Өңдеу қуатының жеткіліксіздігі шикізатты экспорттаудың жоғары үлесі елге қосылған құннан айырып отыр; өңдеу және ішкі газ/мұнай өңдеу әлеуеті жеткіліксіз. «Эс-энд-Пи Глобал» және ЕХІА болжамдары бойынша ұзақ мерзімде өндіріс кейбір сценарийлерде қысқара алады, сондықтан үдемелі ұзақ мерзімді инвестициялар қажет.

Экспорттық дәліздерді әртараптандыру транскаспий (Баку-Түркия-Еуропа) және Қытай бағытының потенциалын кеңейту арқылы СРС-ге тәуелділікті төмендетеді. Өңдеу және қосымша құнды дамыту – ішкі рафинация және петрохимия қуаттарын ұлғайту арқылы шикізатты экспортқа шикізат күйінде емес, өңделген өнім ретінде жібереді. Бұл экспорттық кірісті арттырып, жұмыспен қамту мен технологиялық трансферді жоғарылатады. Инфрақұрылым мен логистиканы жетілдіру порт терминалдары, теміржол/автожол байланыстары, қойма жүйелері және транзиттік орталықтар инфрақұрылымын инвестициялау, бұл Транс-Еуразиялық сауда дәліздерін тиімді етеді. Энергетикалық қауіпсіздік пен жасыл трансформация сұйық және газ экспортына балама ретінде жаңартылатын энергия жобаларын (жел/күн) дамыту; көміртекті төмендету және газды қайта өңдеу/сұйықтау қабілеттігін арттыру ЕХІА сияқты энергетикалық сараптамалар жасыл трансформацияның маңызын көрсетеді. Халықаралық серіктестік пен келісімдерді нығайту

көпжақты халықаралық шарттар (транзиттік құқықтар, теңіз құқықтары, қоршаған орта стандарттары) арқылы экспорттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қазақстанның энергетикалық секторы елдің экономикалық қуатының басты тіректерінің бірі. 2022-2024 кезеңінде өндіріс пен экспорт көлеміндегі өсу ірі жобалардың іске қосылуына және транзиттік инфрақұрылымның кеңеюіне байланысты болды. Дегенмен экспорттың СРС сияқты бірқатар негізгі арналарға тәуелділігі мен шикізаттық құрылым елге орта-ұзақ мерзімді тәуекелдер төндіреді. Сондықтан экспорт бағыттарын әртараптандыру, өңдеу салаларын дамыту, жасыл энергетика мен инфрақұрылымды инвестициялау Қазақстанның энергетикалық стратегиясының басты басымдықтары болуы тиіс.

Қазақстан жаңа бағыттарды дамыту арқылы Ресей мен Қытайға тәуелділікті әрине азайтуға ұмтылуда. Каспий бағыты арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізі немесе оны Орта дәліз деп атайды мұнай мен газды Каспий теңізі арқылы Әзірбайжанға, одан әрі Грузия мен Түркия арқылы Еуропаға тасымалдауды қамтып отыр. Бұл бағыт ЕО үшін ресейлік транзитке балама ретінде маңызды. Оңтүстік Қазақстан бағыты бойынша Түркіменстан – Өзбекстан – Қытай Қазақстан Қытайға газ жеткізуді қамтамасыз ететін «Бір белдеу – бір жол» Қытай бастамасына қатысады. Сонымен бірге жергілікті өңдеу қуаттарын дамыту арқылы Қазақстан сұйытылған газды экспорттауды қарастыруда, бірақ инфрақұрылым жеткілікті түрде әлі де толыққанды дамымаған.

Қазақстан Париж климаттық келісімі аясында баламалы энергия көздерін дамытуға бейілді, оның мақсаты 2030 жылға қарай жаңартылатын көздерден алынатын электр энергиясының 15% көздеп отыр. Ал Түркия келетін болсақ, Каспий аймағынан және Таяу Шығыстан Еуропаға энергия ресурстарының негізгі транзиттік орталығы болып табылады. Оның энергетикалық саясаты мыналарды ел аумағы арқылы мұнай мен газ транзитін (Түрік ағыны, TANAP, Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбыры), сұйытылған газды импорттау және жеткізуді әртараптандыру үшін СПГ терминалдарын дамыту, Ресейге тәуелділікті азайту арқылы Газпроммен жасалған ірі келісімшарттарға қарамастан, Анкара газдың балама көздерін (Әзербайжан, Иран, АҚШ) белсенді түрде іздеуде қамтып отыр. TANAP (Трансанадолы газ құбыры) Оңтүстік газ дәлізінің бөлігі болып табылады, ол арқылы Әзірбайжан газы Еуропаға өтеді. Ықтимал қуаттылықты кеңейту қазақстандық және түрікмен газын қамтуы мүмкін.

Қазақстан мен Түркия Ресей бағыттарына балама ретінде Орта дәлізді дамытуды қолдайды. Перспективалы бағыт сұйытылған газды Каспий теңізі арқылы экспорттауды қарастыруда. Ресей мен Қытай Түркияның ықпалын шектей отырып, Қазақстанның энергия ағынын бақылауға тырысады. Қазақстан ЕАЭО мүшесі болғандықтан энергетика жолында кедергілерге тап болып отыр. Ресей КТК арқылы Қазақстанның мұнай экспортының негізгі бағытын бақылауға тырып,Транскаспий газ құбырына қарсы, өйткені ол оның Еуропаға негізгі газ жеткізушісі ретіндегі жағдайына кедергі келтіреді. Ал Қытай болса Қазақстан мұнайы мен газының ең ірі сатып алушысы, Қазақстандағы инфрақұрылымдық

жобаларға инвестиция салсада Пекиннің мүдделері тұрғысынан оларға бақылау орнатуға тырысуда.

Еуропалық Одақ жеткізілімдерді әртараптандыруға және Ресейге тәуелділікті азайтуға мүдделі. Қазақстан өңірдегі ең маңызды көмірсутек экспорттаушысы болып қала береді, бірақ оның Ресей мен Қытайға тәуелділігі оның икемділігін шектеп отыр. Түркия Транскаспий бағытын қолдау арқылы энергетикалық хабқа айналуға ұмтылуда, бірақ Ресейдің саяси қысымын сезіп отыр.Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық перспективалары Транскаспий дәлізін дамытумен және инфрақұрылымға инвестиция тартумен байланысты. Жаһандық геосаяси жағдай соның ішінде Ресейге қарсы санкциялар, Еуропадағы энергетикалық дағдарыс бұл елдердің жаһандық энергетикалық жүйедегі рөлін күшейтуі әбден мүмкін.

Бөлімді қорытындлай келе, зерттеу көрсеткен маңызды тұжырымдар бойынша, Түркия мен Қазақстан арасындағы энергетикалық ынтымақтастық – аймақтық қауіпсіздік пен экономикалық әртараптандырудың стратегиялық тетігіне айналып отыр. Қазақстанның дәстүрлі түрде Ресей арқылы экспортқа тәуелділігіне балама ретінде Каспий арқылы Әзербайжан арқылы Түркия бағдары пайда болуы және оны ұлғайтуға бағытталған саясат елдің халықаралық маневр мүмкіндігін арттыруда. Бұл үрдіс 2023-2025 жж. аралығында нақты көрінді, Қазақстанның БТД (Баку-Тбилиси-Джейхан) және транскаспий бағыттары арқылы жөнелтілімдері 2023 ж. бастап едәуір өсе бастады және 2024-2025 жж. тағы да ұлғайту жоспарлары талқыланууда. Екіншіден, Түркия геоэкономикалық тұрғыдан «Орта дәліз» арқылы Орталық Азияның мұнай-газ ресурстарын Еуропа нарықтарына бағыттау үшін негізгі «қақпа» рөлін атқаруды көздейді. Түркияның транзиттік мүмкіндіктерін кеңейту оның Еуразиядағы энергетикалық позициясын нығайтып қана қоймай, Қазақстан үшін де Ресей бағытынан тәуелділікті азайтудың практикалық саяси құралына айналуда. Бұл тұрғыда екі елдің коммерциялық және мемлекеттік акторлары арасындағы келісімдер мен инфрақұрылымдық жобалар маңызды рөл атқарады.

Үшіншіден, энергетика саласындағы ынтымақтастық тек мұнай транзитімен шектелмейді: электрогенерация, газ тасымағы, логистика мен порт-инфрақұрылымдарын дамытуға бейімделген кешенді жобалар күн тәртібінде тұр. Қазақстанның да, Түркияның да стратегиялық мүддесі экспортты әртараптандыру, қосымша өңдеуді дамыту (петрохимия), және кешенді логистикалық хабтарды құру арқылы қосылған құн құру. Сонымен қатар, Орталық Азия елдері үшін төмен көміртекті экономикаға көшу мен жаңартылатын энергия көздерін енгізу қажеттілігі өсіп келеді; бұл факторлар болашақ энергия стратегиясын қайта ойластыруды талап етеді. Төртіншіден, аймақтық тәуекелдер мен бәсекелестік Қазақстан мен Түркияның әдеттегі энергетикалық стратегияларын қайта бағалауға мәжбүрлейді. Қазақстанның негізгі экспорттық ағыны әлі де Ресей бағытында болғанымен, 2023-2025 жж. Каспий арқылы өтетін көлемдердің өсуі елдің әртараптандыру ниетінің айқын көрінісі. Бұл үрдіс геосаяси қысымға төзімдірек экспорттық желілер қалыптастыруға бағытталған. Бесіншіден, институционалдық және техникалық

кедергілер порттық мүмкіндіктерді кеңейту, кеден және сәйкестілік талаптарын, теңіз қауіпсіздігі мен кросс-юрисдикциялы келісімдердің жетіспеушілігі Орта дәліздің әлеуетін толық ашуға кедергі келтіруі мүмкін. Осы ахуал технологиялық инвестициялар, логистика үйлестіруі және аймақаралық келісімдерді күшейту арқылы шешілуі тиіс. Бұл зерттеу Қазақстан мен Түркияның энергетика саясатындағы өзара әрекеттестігі аймақтық тұрақтылықты күшейту мен экономикалық әртараптандыруға үлес қосатын кешенді фактор екенін көрсетті. Зерттеу аймақтық инфрақұрылымдық жобалардың негізгі экономикалық және саяси салдарын кешенді бағалап, саяси шешімдерді қабылдаушыларға бағытталған ұсыныстар ұсынады. UNECE және Atlantic Council сияқты халықаралық ұйымдардың бағалаулары Қазақстанның энергия саласындағы реформаларының жаһандық маңыздылығын растайды.

Қазақстан мен Түркия стратегиялық серіктестікті тереңдетіп, Каспий арқылы транзиттік қуаттарды және порт-инфрақұрылымды жедел дамыту үшін бірлескен инвестициялық құралдар құруы тиіс. Кеден, сапа стандарты және логистика үйлестіруіне қатысты көпжақты техникалық келісімдер, соның ішінде ВТС стандарттарына сәйкестендіру бойынша механизмдерді келісу қажет. Аймақтық энергетика қауіпсіздігін нығайту үшін жаңартылатын энергия мен өңдеуді дамытуға инвестиция салу; деғдарларға тәуелділікті азайту мақсатында өңдеу өнеркәсібін (петрохимия) кеңейту керек.Геосаяси тәуекелдерді ескерген аймақтық көпвекторлы диалогты жалғастырып, транспаренттік және диверсификацияланған транзиттік желілерді сақтау маңызды.

Түркия мен Қазақстан арасындағы Каспий және Орталық Азия деңгейіндегі энергетикалық саясат екіжақты экономикалық мүддені, аймақтық қауіпсіздікті және жаһандық нарыққа шығудың баламалы бағыттарын ұштастырып, аймақтағы трансформациялық үдерістердің маңызды қозғаушы күші болып табылады. Орта мерзімде бұл серіктестік Қазақстанның экспорттық тәуелділігін азайтуға, Түркияның транзиттік рөлін күшейтуге және Еуропа–Азия сауда дәліздерін әртараптандыруға ықпал етеді. Алайда тұтастығы мен ұзақ мерзімді тұрақтылығы үшін техникалық үйлесімділік, инфрақұрылымдық инвестициялар және көпжақты саяси келісімдердің толық іске асырылуы шешуші болады.

### 2.3.1 Түркия мен Қазақстан Республикасы арасындағы экономикалық байланыстар

Екі ел арасындағы экономикалық байланыстарды 4 кезеңге бөліп қарастырамыз. Қазақстан мен Түркияның экономикалық қарым-қатынастары түркі елдерінің интеграциясы аясында қарастырылғанымен, бұл байланыстардың мазмұны мен дамуы өз алдына дербес сипатқа ие. Түркі мемлекеттері ұйымы мен түркі ынтымақтастығы идеясы екіжақты қарым-қатынастарға белгілі бір серпін бергенімен, Қазақстан мен Түркия арасындағы нақты экономикалық байланыстардың қалыптасуы 1990-жылдардың басынан бастау алады. Сауда, инвестиция, көлік және инфрақұрылым, құрылыс пен туризм салаларындағы қарым-қатынастар екіжақты ынтымақтастықтың берік

іргетасын құрайды. Сонымен бірге, бұл байланыстар Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы көпжақты жобалармен өзара толықтырылып, аймақтық интеграцияға қосымша серпін беруде.

1-кезең 1991-2000 жылдар арасындағы қалыптасу және институционалдық негіздер

Қазақстан тәуелсіздігін алған сәттен бастап Түркия оның егемендігін мойындаған алғашқы мемлекет болды (1991 жылғы 16 желтоқсан). Бұл тарихи акт екі ел арасындағы қарым-қатынастың институционалдық негізін қалауға мүмкіндік берді. 1992 жылы «Достық және ынтымақтастық туралы шартқа» қол қойылды, нәтижесінде сауда-экономикалық ынтымақтастық ресми түрде басталды.1990-жылдары екіжақты тауар айналымы әлі де төмен деңгейде болды (1995 ж. – 90 млн доллар шамасында). Дегенмен, түрік компаниялары Қазақстанға алғашқы инвестицияларын сала бастады, әсіресе құрылыс, жеңіл өнеркәсіп және сауда салаларында. Екі ел арасындағы экономикалық байланыстың өзіндік ерекшеліктері де болды, олар Қазақстанның нарықтық экономикаға көшуі мәселесі, Түркия тарапынан шағын және орта бизнес саласында алғашқы қадамдары, инфрақұрылымдық жобалардың басталуы. Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық байланыстар түркі мемлекеттері ынтымақтастығының жалпы контексінде қарастырылғанымен, олардың мазмұны дербес стратегиялық серіктестікке негізделген. 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш болып мойындаған Түркия, екіжақты ынтымақтастықтың барлық саласын қамтитын ұзақмерзімді серіктестік орнатуға ұмтылды. Бүгінгі таңда бұл қарым-қатынастар сауда, инвестиция, энергетика, көлік-логистика, құрылыс, туризм және мәдени-гуманитарлық бағыттарда қарқынды дамып отыр.

2-кезең 2001-2010 жылдар арасындағы интенсивті даму және серіктестік кеңеюі.

2000-жылдардың басында Қазақстан экономикасында тұрақты өсім байқалып, Түркиямен ынтымақтастық жаңа деңгейге шықты. 2003 жылы Қазақстан–Түркия арасындағы сауда айналымы алғаш рет 1 млрд долларға жетті[273]. 2009 жылы екі ел президенттері қатысқан жоғары деңгейдегі кездесулер нәтижесінде «Стратегиялық серіктестік туралы бірлескен мәлімдеме» қабылданды. Негізгі бағыттары сауда көлемінің артуы, инвестициялық жобалардың көбеюі, көлік және логистика саласында алғашқы бірлескен жобалардың басталуы.

3-кезең 2011-2020 жылдары стратегиялық серіктестіктің тереңдеуі

Бұл кезеңде екіжақты қарым-қатынастар «стратегиялық серіктестік» деңгейіне көтерілді. 2012 жылы сауда айналымы 4 млрд доллардан асып, рекордтық көрсеткішке жетті.Энергетика саласында Қазақстан мұнайын Баку-Тбилиси-Джейхан құбыры арқылы жеткізу басталды. Сонымен қатар, түрік бизнесі Қазақстандағы құрылыс, агроөнеркәсіп және жеңіл өнеркәсіп салаларына белсенді түрде кірді. 2015 жылы Астана мен Анкара арасында жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесі құрылды. Негізгі ерекшеліктеріне экономикалық әріптестіктің институционалдық нығаюы,

инвестициялар мен ірі инфрақұрылымдық жобалардың көбеюі, Транскаспий халықаралық көлік дәлізі бойынша ынтымақтастығы жатады.

Қазақстанның Еуразиядағы транзиттік әлеуеті мен Түркияның Еуропа мен Таяу Шығысқа қақпа ретіндегі географиялық орны екі елдің көлік-логистика саласындағы ынтымақтастығын өзекті етеді. 2017 жылы іске қосылған Баку-Тбилиси-Карс теміржолы Қазақстан-Түркия арасындағы жүк тасымалына жаңа мүмкіндіктер ашты. «Орта дәліз» (Транскаспий халықаралық көлік бағыты) жобасы екі елді байланыстыратын маңызды инфрақұрылымдық бастама болып отыр.

4-кезең 2021-2025 жылдар арасындағы интеграциялық серпін және жаңа бағыттар

Соңғы бес жыл Қазақстан-Түркия байланыстары үшін жаңа белес болды. 2021 жылы Түркі кеңесі Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) айналып, екі елдің көпжақты интеграциялық байланыстары күшейді. 2023 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 6,3 млрд долларды құрап, тарихи максимумға жетті. 2025 жылдың алғашқы бес айында бұл көрсеткіш 1,9 млрд долларды құрады. Анкарада өткен 2025 жылғы саммитте тараптар сауда айналымын 2030 жылға қарай 10 млрд долларға жеткізуге уағдаласты. Сауда айналымын жаңа деңгейге шығарылды, Орта дәліз (Trans-Caspian International Transport Route) жобасы іске қосылды, жасыл энергетика және технологиялық әріптестік пен түркі мемлекеттері ұйымы аясында экономикалық интеграция дамыды. Сауда-экономикалық байланыстар – тұрақты өсім, 2023 жылы 6,3 млрд доллар жетті. Инвестициялар 1993-2025 жж. аралығында Түркиядан Қазақстанға 5 млрд доллардан астам тікелей инвестиция тартылды [263]. Энергетика – Қазақстан мұнайын Түркияға жеткізу бағыттары мен көлік және логистика Орта дәліз, Транскаспий дәлізі, теміржол және порт инфрақұрылымы дамыды.Мәдени-гуманитарлық салада білім беру, ғылым және мәдениет саласындағы байланыстар артып, – ТМҰ, ТҮРКСОЙ, түркі саммиттері интеграциялық ықпалдастығы артты.

2025 жылғы деректер Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін дәлелдейді. Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымы тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері үнемі өсіп келеді. Егер 1992 жылы екіжақты тауар айналымы небәрі 30 млн АҚШ долларын құраса, 2000-жылдары бұл көрсеткіш 500 млн долларға жетті. 2012 жылы сауда көлемі алғаш рет 4 млрд доллардан асты. Ал 2023 жылы тараптар арасындағы тауар айналымы 6,3 млрд долларды құрады. 2024 жылы бұл көрсеткіш 5 млрд доллардан асып, 2025 жылдың алғашқы бес айында 1,9 млрд долларға жетті. Бұл екі ел арасындағы экономикалық қарым-қатынастың тұрақты әрі перспективалы екенін көрсетеді [264].

Кесте 6 - Қазақстан мен Түркия арасындағы тауар айналымы 2010-2025 жж

| Жыл | Сауда айналымы (млрд АҚШ долларын) | Ерекшеліктер |
|---|---|---|
| 2010 | 2.5 | Тұрақты өсім |

6 – кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| 2020 | 4.1 | Пандемияға қарамастан өсім |
| 2023 | 6.3 | Тарихи максимум |
| 2024 | 5.0 | Сауда көлемінің тұрақтануы |
| 2025 | 1.9 (5 айда) | Өсу үрдісі сақталуда |

Инвестиция саласында да Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығы маңызды орынға ие. 1993 жылдан бастап 2022 жылға дейін Қазақстанға тартылған түрік инвестицияларының жалпы көлемі 4,2 млрд АҚШ долларын құрады. 2025 жылғы мәліметтерге сәйкес, Түркия Қазақстан экономикасына шамамен 5 млрд доллар инвестиция салды. Сонымен қатар, қазақстандық компаниялар Түркияға 1,5 млрд доллар көлемінде қаржы құйды. Қазақстанда түрік капиталы қатысатын 2000-нан астам кәсіпорын жұмыс істеп, құрылыс, сауда, өнеркәсіп және қызмет көрсету салаларын қамтиды. Жалпы алғанда, Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық байланыстар стратегиялық серіктестіктің негізін құрайды. Сауда, инвестиция, көлік және энергетика салаларындағы ынтымақтастық екіжақты қатынастардың басты тірегіне айналды. Сонымен бірге, Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы көпжақты жобалар бұл ынтымақтастыққа қосымша серпін беріп отыр. Қазақстанның ірі инфрақұрылымдық жобаларында түрік компаниялары белсенді қатысып келеді. Мәселен, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында бірқатар әкімшілік ғимараттар, тұрғын үй кешендері, әуежайлар мен спорт нысандары түрік компанияларының қатысуымен салынды. Бұл саладағы серіктестік Түркияны Қазақстанның құрылыс секторындағы басты әріптестердің біріне айналдырды [265].

Қазақстан мен Түркияның 2030 жылға қарай тауар айналымын 10 млрд долларға жеткізу мақсаты – екі елдің ұзақмерзімді экономикалық стратегиясының нақты дәлелі болып табылады. Екіжақты сауда айналымы 2024 жылы 5 млрд-тан асты; 2025 жылғы алғашқы айлар да өсу көрсетуде (1.9 млрд тек алғашқы 5 айда) Қазақстаннан Түркияға экспорт 2024 жылы – 3.3 млрд; импорт – 1.7 млрд, Түркияның Қазақстанға инвестициясы 5 млрд, ал Қазақстанның Түркияға инвестициясы 1.5 млрд; түрік компаниялары Қазақстанда 30 млрд құраған 500 жобаны жүзеге асырған. Сауда көлемі 2023 жылы 6.3 млрд, 2024 жылы 5 млрд (кейбір аймақтарда төмендеу) БТД арқылы мұнай экспорттарының артуы 2025 жылдың алғашқы жартысында БТД арқылы экспорт 785 000 тоннаға (12% өсті) жетті [266].

Түркі мемлекеттерінің интеграциясын қамтамасыз ету үшін қабылданған «Түркі әлемінің 2040 жылға дейінгі тұжырымдамасы» – Түркі мемлекеттері ұйымының атауын өзгерткеннен кейінгі маңызды оқиға болды. Көптеген сарапшылардың пікірінше, егер бұл тұжырымдама жүзеге асса, түркі әлемінің толық интеграциясы басталады деп есептеледі. Халықаралық Түрік-қазақ университетінің профессоры Д. Томар «құжат түркі әлеміндегі барлық салалардағы ынтымақтастықты қамтамасыз етуге бағытталған-деп көрсетеді Ю.Лямин» [267].

Бауырлас екі ел арасындағы рухани және достық достыққа айналған мәдени-гуманитарлық саладағы қазақ-түрік ынтымақтастығы жоғары қарқындылықпен ерекшеленді. Тілі, діні, тарихы, мәдениеті ортақтығынан қуат алған бұл қарым-қатынас тараптар өкілдерінің мәдени іс-шараларға қатысуына, шығармашылық делегация алмасу тәжірибесіне, екі елдің қалалары мен аудандары арасындағы бауырластық байланыстарды дамытуға бағытталған [268].

2022 жылы Самарқандта өткен ТМҰ-ның тоғызыншы саммиті ұйымның ресми тілдеріне азербайжан, қазақ, түрік, қырғыз тілдерімен қатар ағылшын тілі қосымша тіл ретінде бекітті. Бұл жаңашылдықтың өзі ұйымның халықаралық ықпалы мен беделінің артып келе жатқанын көрсетеді. Түркі әлеміне қазіргі уақытта Орталық Азия мен Түркия Республикасымен қатар, түркі тілдес халықтар (Чувашия, Башқұртстан, Татарстан, Якутия, Қырым Республикасы, Тыва) және Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының тұрғындары да кіреді. [269]. ТМҰ экономикалық ынтымақтастықты нығайту мақсатында ұйымдастырылған, Түркия бұл аймақтық ұйымның Еуразия кеңістігіндегі жұмысында белсенді рөл атқарады, этникалық негізде мемлекеттердің бірлігін білдіреді. Түркия мен Әзірбайжаннан басқа, ТМҰ негізін қалаушы мемлекеттерге Қазақстан мен Қырғызстанның мүшелері болып табылады, олар сонымен қатар ЕАЭС ке мүше. Кейін бұл ұйымға Орталық Азияның басқа елдері де қосылды, соның ішінде 2019 жылы Өзбекстан мүше болып қосылды, 2021 жылы қарашада өткен саммитте Түркіменстан ұйымға қосылды. Венгрия мен Солтүстік Кипр бақылаушы-мүше 2 мәртебесін алды [270].

Түркия ТМҰ да ең маңызды рөл атқарады, Осман империясының «түркі әлемінің» прототипін қайта құру идеясын пайдаланып, халықтарды біріктіруге ұмтылып отыр. «Түркі әлемі» алғашында Тұран кеңістігіндегі қауымдастықтың тірегі ретінде ойластырылған. Бұған Орал мен Алтай түрік этностарының барлық жиынтығын, соның ішінде фин-угрлар, тунгус-манчжурлар, түріктер, Моңғолия, сондай-ақ кей жағдайларда Корея мен Жапония да «Түркі әлемі» бастамасына тартылуы мүмкін деген үміт бар, алайда бұл мәселе әлі де болашақтың еншісінде. Түркияда исламшыл бағыттағы Әділет және даму партиясы (ПСР) билікке келгеннен бері ортақ қарулы күштер құру мәселесі күн тәртібіне шықты. Бұл тұрғыда Екінші Қарабақ соғысы мен Түркия мен Әзірбайжан арасындағы әскери-саяси одақтың құрылуы мысал бола алады. Түркия Президенті Реджеп Тайып Ердоған өз мәлімдемелерінде бірнеше рет «картада бір ұлтты алты мемлекет түрінде көруге болады» деп атап өткен еді [271].

Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы – ТҮРКСОЙ-дың құрылуы да түркілік ортақ бірегейлікті нығайтудағы маңызды белес саналады. Бұл ұйым түркітілдес елдердің мәдени ынтымақтастығын күшейтуді, сондай-ақ ортақ материалдық және рухани мұраны болашақ ұрпаққа жеткізу үшін оны сақтау мен дамытуды мақсат етеді. 2023 жылғы 3 мамырда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымымен (ТҮРКСОЙ) бірлесе отырып ұйымдастырылған «ТҮРКСОЙ – 30 жыл: нәтижелері мен болашағы» атты халықаралық дөңгелек үстел өтті [272].

2012 жылдың тамыз айында Түркі мәдениеті мен мұрасын сақтау қоры құрылды. Бұл ұйым халықтардың мәдени мұрасын зерттеу, қорғау және насихаттау ісімен айналысады, сонымен қатар халықаралық ұйымдардың тәжірибесіне сүйене отырып, олармен ынтымақтастық орнатуға ұмтылады [273].

2011 жылы Алматы қаласында Түркітілдес елдердің Іскерлік кеңесі құрылды. Кеңестің жұмысы өзара көмек және қолдау қағидатына негізделген және халықаралық экономикалық ынтымақтастық шеңберінде көпжақты іс-әрекетке бастамашы болу мен оны үйлестіруді көздейді. Қол қойылған келісімдер шеңберінде инвестиция және сауда салаларындағы ынтымақтастық тетіктерін институционализациялау қарастырылған. Қазіргі уақытқа дейін 500-ден астам кәсіпкердің қатысуымен 6 отырыс және 10 халықаралық бизнес-форум өткізілді. Сонымен қатар, мүше мемлекеттердің кәсіпкерлеріне арналған дөңгелек үстелдер мен ұлттық сауда және өнеркәсіп палаталары арасындағы тәжірибе алмасу шаралары ұйымдастырылды.

2019 жылы Түркі сауда-өнеркәсіп палатасы (TCCI) ресми түрде құрылып, мүше және бақылаушы мемлекеттердің сауда-өнеркәсіп палаталары мен іскерлік қауымдастықтарын біріктіретін құрылымға айналды. Палата тұрақты бизнес бағдарламаларын жүзеге асыруды, сондай-ақ мүше мемлекеттер арасындағы халықаралық сауда көлемін ұлғайтуды көздейтін жобаларды ілгерілетуде маңызды рөл атқарады.

Түркі әлемі аясында жеке сектордың халықаралық экономикалық байланыстарын одан әрі дамыту мақсатында тұрақты жұмыс істейтін құрылымдарды қалыптастыру, соның ішінде құқықтық инфрақұрылымды нығайту және Трабзон қаласында жаңа сауда-өнеркәсіп палатасын құру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, TCCI Ташкент пен Бакуде мемлекеттік қызметкерлер мен бизнес өкілдерінің қатысуымен ірі бизнес-форумдар ұйымдастыруға қол жеткізді. 2020 жылы COVID-19 пандемиясының экономикалық зардаптарын азайту мақсатында Түркі кеңесіне мүше елдердің бірлескен күш-жігері шеңберінде TCCI нақты ұсыныстар әзірледі. Бұдан бөлек, Қырғызстанның Сауда-өнеркәсіп палатасын нығайтуға бағытталған техникалық көмек көрсету жөнінде Қырғыз Сауда-өнеркәсіп палатасы мен Түркияның Палаталар мен биржалар одағы арасында ынтымақтастық келісімі жасалды [274].

Түркия сауда-экономика, көлік және логистика салаларында ерекше белсенділік танытып отыр. Оның бастамасымен және қатысуымен мұнай-газ құбырлары, халықаралық автомобиль және теміржол желілері салынып жатыр. Түркия өз аумағы арқылы Жерорта теңізі бассейні елдері мен Еуропа Одағына отын-энергетикалық ресурстар мен өндірістік шикізат жеткізілуін қамтамасыз ететін маңызды транзиттік хабқа айналды. Бұл инфрақұрылымдық бастамалар Қытай, Үндістан, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия елдерінің экономикалық мүдделеріне сай келіп, Батыс Еуропа және АҚШ тарапынан қолдау табуда.

Түркі мемлекеттері ұйымы Түркия тарапынан Еуразиялық экономикалық одаққа балама геоэкономикалық альянс ретінде қарастырылуда. 173 миллион халқы бар ТМҰ елдері біртұтас инвестициялық, еңбек, тауар және қызмет

нарығын қалыптастыруды жоспарлауда. Сонымен қатар, бұл ұйымның бір ерекшелігі Түркияның мүше мемлекеттерді әскери-саяси ынтымақтастыққа тарту әрекеттерінде көрініс табуда. Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған түркі мемлекеттері жаңа әскери-саяси бастамаларға бастамашылық етуі қажет деген пікірін бірнеше рет білдірген. Әзірбайжан аумағында түрік әскери базасын құру мәселесі күн тәртібінде тұр, әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңейту, бірлескен әскери жаттығулар өткізу жоспарлануда. Түркі кеңесіне бағынышты әскери мәртебесі бар құрылымды қалыптастыру идеясы да талқылануда. Алайда, шығыстанушы және РСМД сарапшысы К. Семенов атап өткендей: «Түркияның амбициялары сөзсіз, алайда біртұтас түркі армиясы туралы айтуға әлі ерте» [275].

ТМҰ шеңберінде даму банкі мен Түркі инвестициялық қоры құрылды, сондай-ақ кедендік рәсімдерді жеңілдету туралы келісімге қол қойылды. Цифрландыру, заманауи білім беру технологиялары мен венчурлық бастамаларға қолдау көрсету бағытында нақты ұсыныстар жасалды. Ұйым Өзбекстан-Қырғызстан-Қытай және Термез–Мазари-Шариф–Кабул–Пешавар теміржол жобаларын қолдап, Баку-Тбилиси-Карс теміржолының өткізу қабілетін арттыруды көздеуде. Бұл бастамалар Еуропа мен Азия арасындағы көлік байланыстарын әртараптандыру мен кеңейтуге бағытталған.

ТМҰ мүше мемлекеттері қорғаныс өнеркәсібі мен әскери саладағы ынтымақтастықты тереңдетуге қатысты тұрақты кеңестер өткізіп келеді. Мемлекеттік қауіпсіздік саласында үйлестіруді күшейту, өзара іс-қимылды арттыру, сондай-ақ заманауи технологиялар ЕО елдерінен мен арзан энергия ресурстары Ресей мен Орталық Азия елдерінен негізінде көлік дәліздерінде негізгі бенефициар елге айналу – ұйымның басты стратегиялық мақсаттарының бірі.

Алайда, түркі интеграциясы жолында бірқатар ішкі және сыртқы кедергілер бар. Мысалы, Түркияда күрд халқының үлесі шамамен 20%-ды құрайды, ал Қазақстанда орыстар, украиндар және басқа этностардың үлесі айтарлықтай жоғары. Бұл этностар түркілік мәдени-тілдік ортаға жатпайды. Сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттері сыртқы саяси альянстарға қосылу мәселесіне абайлап қарайды. Олардың ТМҰ-дағы мүдделері негізінен сауда-экономикалық және логистикалық ынтымақтастықпен, сондай-ақ гуманитарлық салада, оның ішінде мәдениет пен дін мәселелерімен шектеледі.

Орталық Азияда ішкі аймақтық мәселелер де өзекті болып отыр. Экономикалық тұрақсыздық, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, сыбайлас жемқорлық, шекара қауіпсіздігіне, есірткі трафигіне және ислам радикализміне қатысты қауіптер байқалады. Энергетикалық және су ресурстары үшін бәсекелестік Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан арасындағы этнотерриториялық шиеленістермен ұштасып отыр. Сонымен қатар, Ауғанстандағы жағдай радикалды исламизмнің күшею қаупі тұрғысынан Орталық Азия елдері үшін елеулі қауіп факторы ретінде қарастырылуда.

Қазіргі уақытта Еуразиялық кеңістікте екі ірі өңірлік құрылым бар – ТМҰ және ЕАЭО. Формалды тұрғыдан алғанда, ТМҰ толыққанды одақ емес, өйткені

ұйым шеңберіндегі қатынастар дәстүрлі келісімдермен бекітілмеген. ЕАЭО-ға мүше Қазақстан мен Қырғызстан ТМҰ-ға да белсенді қатысушы мемлекеттер болып табылады. Осы себепті, бұл ұйымдар арасындағы ықтимал қайшылықтар мен олардың өзара әрекеттесу перспективалары Ресей–Түркия қатынастарының мазмұнына тәуелді. Ресей ЕАЭО-да жетекші рөл атқарса, Түркия ТМҰ-да жетекші ел болып есептеледі. Қазақстан өз кезегінде еуразиялық және түркі интеграциясының негізгі бастамашыларының бірі ретінде маңызды делдал рөлін атқарады.

ЕАЭО құрылған сәттен бастап түркі мемлекеттерінің саммиттеріне Қазақстан мен Қырғызстанның жоғары лауазымды өкілдерінің қатысуы тұрақты сипат алды. 2015 жылы бесінші саммитке Қырғызстан Президенті А. Атамбаев пен Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев қатысты. 2018 жылғы алтыншы саммитте Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Қырғызстан Президенті С. Жээнбеков сөз сөйледі. 2019 жылғы Баку саммитінде де осы екі мемлекет өкілдері белсенді қатысты. Ал 2021 жылы Ыстамбұлда өткен саммитте Қазақстан Президенті Қ.-Ж. Тоқаев пен Қырғызстан Президенті С. Жапаров өз мемлекеттерінің атынан қатысып, ТМҰ шеңберіндегі интеграциялық үдерістерді қолдады.Түркия өзінің түркі халықтарын біріктіру жөніндегі ұлттық идеясының аясын кеңейту идеяларын өте мұқият және жүйелі түрде жүзеге асыруға тырысуда. Саясаттанушы-сарапшы М.Бурданың пікірінше, «ТМҰ өз тәжірибесін Еуразиялық экономикалық одақ аясында пайдалануға болатыны сөзсіз. Этникалық және діни сәйкестік формалары бар түркі әлемінен айырмашылығы еуразиялық серіктестік аясында мұндай байланыстар іс жүзінде қалған жоқ. Сондықтан бүгінде ЕАЭС аясында қандай да бір жалпы үдерістерді іске қосу үшін алғышарттар жоқ» [276] .

Кесте 7 - ТМҰ аясындағы Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық ынтымақтастық бағыттары. Бұл кестеден екі ел арасындағы инфрақұрылымдық, инвестициялық, жасыл экономика, цифрландыру бағытындағы іске асқан жобаларды көре аламыз.

| Бағыт | Мазмұны | Іске асқан жобалар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Инфрақұрылымдық даму | Трансшекаралық жобалар, көлік дәліздері | Түркі инвестициялық қоры, зангезур дәлізі |
| Сауда либерализациясы | Кедендік және техникалық кедергілерді азайту | ТМҰ сауда платформасы |
| АӨК ынтымақтастығы | Ауыл шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі | Ортақ агроинновациялық жобалар |
| Жасыл экономика | Экологиялық стандарттар, ВИЭ | Жасыл технологиялар алмасуы |
| Цифрландыру | Сандық инфрақұрылым, технопарктер | Түркі цифрлық платформасы |

Инфрақұрылым екі ел арасындағы серіктестіктің тірек бағыттарының бірі. Қазақстан географиялық орналасуы жағынан Орталық Азияны Еуропамен байланыстыратын маңызды транзиттік ел болса, Түркия Еуразия мен Жерорта теңізі аймағының көлік-логистикалық хабына айналған. Осы тұрғыда Транскаспий халықаралық көлік бағдары (TITR) немесе «Орта дәліз» басты стратегиялық жоба ретінде қарастырылады. Бұл дәліз Қазақстанның Ақтау және Құрық порттарынан басталып, Әзербайжан, Грузия арқылы Түркияға, әрі қарай Еуропаға шығады. 2022-2025 жылдары осы бағыттағы жүк тасымалы екі еседен астам артты. Сондай-ақ, Қазақстандағы автожолдар мен теміржол инфрақұрылымын жаңғыртуға түрік құрылыс компаниялары белсенді қатысып отыр. «YDA Group», «Limak Holding» сияқты ірі түрік компаниялары әуежайлар мен көлік инфрақұрылымдарын салуда тәжірибесін ұсынды. Бұл ынтымақтастық тек көлік жүйесін дамытуға ғана емес, сонымен бірге екі елдің Еуразиялық транзиттік әлеуетін нығайтып, Қытай – Орталық Азия – Түркия – Еуропа байланысындағы стратегиялық маңызын күшейтеді.

Түркия Қазақстандағы шетелдік инвесторлардың алғашқы ондығына енетін ел. 1993 жылдан бері тартылған тікелей түрік инвестицияларының көлемі 5 млрд АҚШ долларынан асты. Инвестицияның негізгі бағыттары – құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету. 2025 жылы екі ел арасындағы инвестициялық серіктестікті жаңа деңгейге көтеру үшін Ортақ инвестициялық қор құру мәселесі қарастырылуда. Бұл қор шағын және орта бизнес жобаларын, инновациялық стартаптарды қаржыландыруға бағытталмақ. Қазақстанда түрік инвесторлары қатысатын 2000-нан астам кәсіпорын жұмыс істейді. Астана мен Алматыдағы тұрғын үй және инфрақұрылымдық жобалардың едәуір бөлігі түрік компанияларының қатысуымен жүзеге асуда. Иинвестициялық ынтымақтастық екіжақты экономикалық қатынастарды нығайтып қана қоймай, аймақтық экономикалық интеграцияға да ықпал етеді. Түрік инвестициялары Қазақстан экономикасының әртараптануына серпін берсе, Қазақстан Түркия арқылы Еуропалық нарықтарға шығу мүмкіндігін кеңейтеді.

Соңғы жылдары Қазақстан мен Түркия жасыл энергетика және тұрақты даму бағытында белсенді ынтымақтастық орнатуда. Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртексіз экономикаға көшу стратегиясы Түркияның баламалы энергия көздеріндегі тәжірибесімен ұштасып отыр. 2024-2025 жылдары екі ел арасында жел және күн энергетикасын дамытуға арналған бірлескен жобалар талқыланды. Түркияның «Çalık Holding» және «Zorlu Energy» компаниялары Қазақстанда жаңартылатын энергия көздеріне инвестиция салуға қызығушылық танытуда. Сонымен қатар, су ресурстарын тиімді пайдалану, энергия тиімділігін арттыру, қалдықтарды қайта өңдеу бойынша да ортақ бастамалар қолға алынуда. Жасыл экономикадағы ынтымақтастық тек екі елдің экологиялық тұрақтылығын арттырып қана қоймай, сонымен қатар жаңа «жасыл технологиялар трансфері» үшін алаң қалыптастырады.

XXI ғасырдың жаңа экономикалық күн тәртібінде цифрландыру ерекше орын алады. Қазақстан 2020 жылдан бастап «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік

бағдарламасын іске асырып, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, e-commerce нарығын дамыту, IT-инфрақұрылымын жетілдіру саласында ілгерілеу жасады. Түркия да соңғы онжылдықта «Digital Turkey» стратегиясын жүзеге асырып, электронды үкімет, финтех, киберқауіпсіздік саласында айтарлықтай табысқа жетті. Екі ел арасындағы цифрлық әріптестік келесі бағыттарды қамтиды:e-government және мемлекеттік қызметтердің цифрлануы,электронды сауда және финтех нарығы,жасанды интеллект және big data, киберқауіпсіздік жүйелерін дамыту. 2025 жылы Түркі мемлекеттері ұйымы аясында «Түркі цифрлық кеңістігі» атты бастама көтеріліп, Қазақстан мен Түркия IT-инфрақұрылымды біріктіруді жоспарлап отыр. Цифрландыру саласындағы ынтымақтастық екі елдің инновациялық даму стратегияларын үйлестіріп, жаңа экономиканың негізін құрайтын цифрлық трансформация үрдістерін жеделдетеді.

Қазақстан мен Түркия арасындағы инфрақұрылымдық, инвестициялық, жасыл экономика және цифрландыру салаларындағы ынтымақтастық – екі елдің стратегиялық серіктестігінің жаңа белесі. Бұл бағыттар дәстүрлі сауда мен энергетикаға қосымша ретінде экономикалық қарым-қатынастарды сапалық тұрғыдан байытады. 2025 жылғы нақты деректерге сүйене отырып айтуға болады: екі елдің болашақтағы экономикалық серіктестігі дәстүрлі шикізаттық модельден жаңа индустриялық, инновациялық және экологиялық үлгіге қарай бет бұрып отыр.

Кесте 8 - Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық байланыстары (ТМҰ аясында).

| Көрсеткіштер | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл | 2023-2025 | Мәлімет |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Сауда айналымы (млн АҚШ доллары) | 2 100 | 3 000 | 4100 | 6 млрд | Сауда көлемі жыл сайын артып келеді |
| Түркияға экспорт (млн АҚШ доллары) | 900 | 1 100 | 1500 | 2023-3,96 млрд | Қазақстаннан метал, уран, астық, мұнай экспортталды |
| Түркиядан импорт (млн АҚШ доллары) | 1 200 | 1 900 | 2600 | 2023-2,04 млрд<br>2024- 3,31 млрд | Түркияда өндірілген тауарлар мен техника импортталды |

8 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| Түркияның тікелей инвестициясы<br>(млн АҚШ доллары) | 300 | 450 | 670 | 2023-210,7 млн доллар<br>2024-464 млн доллар<br>2025-610 млн доллар | Инвестициялар құрылыс, өндіріс, қызмет көрсету салаларында |
| Бірлескен жобалар<br>(саны) | 30 | 45 | | 30 | «ТМҰ» шеңберінде жүзеге асырылып жатқан жобалар |

Осы аталған кестеде 2020 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 2,1 млрд АҚШ долларын құраса, 2021 жылы бұл көрсеткіш 3 млрд долларға жетті. 2022 жылы серпінді өсім байқалып, айналым көлемі 4,1 млрд долларға жетті. 2023 жылы көрсеткіш 6 млрд долларды құрап, тарихи рекорд орнатты. Дегенмен, нақты бөліністе 2023 жылы қаңтар-қыркүйек айларында айналым 3,96 млрд доллар, ал 2023 жылдың алғашқы бес айында 2,04 млрд доллар болған. Бұл маусымдық айырмашылық сауда құрылымындағы шикізаттық фактордың басымдығын көрсетеді. 2024 жылы сауда айналымы 3,31 млрд доллар деңгейінде тіркелді. Алдын ала болжам бойынша 2025 жылы сауда көлемі тұрақты өсімін жалғастырып, 7 млрд долларға жақындауы мүмкін [277]. Сауда айналымының тұрақты артуы екі ел арасындағы экономикалық қатынастардың ұзақмерзімді динамикаға ие екенін дәлелдейді. Алайда экспорт пен импорт құрылымындағы дисбаланс сақталуда: Қазақстан көбіне шикізат экспорттаса, Түркия дайын өнім жеткізеді.

Қазақстаннан Түркияға экспорт көлемі 2020 жылы 900 млн доллар болса, 2022 жылы 1,5 млрд долларға жетті [278]. Экспорттың негізгі бөлігін металдар, уран, астық және мұнай өнімдері құрайды. Бұл құрылым Қазақстан экономикасының шикізаттық бағытын айқындайды. Түркия үшін қазақстандық уран мен металл стратегиялық маңызға ие, себебі ол энергетика мен өнеркәсіптік өндіріс үшін қажет.

Қазақстан экспортындағы шикізаттың басымдығы екі ел арасындағы саудада қосымша құнды өнімдердің үлесін арттыру қажеттігін көрсетеді. Болашақта мұнай-химия, металл өңдеу және агроөнеркәсіп өнімдерін терең қайта өңдеу бағытындағы бірлескен жобалар өзекті. Түркиядан Қазақстанға импорт көлемі 2020 жылы 1,2 млрд доллар, 2021 жылы 1,9 млрд доллар, 2022 жылы 2,6 млрд доллар деңгейінде болды [279]. Импорт құрылымында Түркияда өндірілген өнеркәсіп тауарлары, жеңіл өнеркәсіп өнімдері, тұрмыстық техника, құрылыс материалдары басым. Түркия импорты Қазақстанның ішкі нарығы үшін әртараптандырылған дайын өнім көзін қамтамасыз етеді. Бұл қазақстандық нарықтағы түрік тауарларының бәсекеге қабілеттілігін айқындайды.

Түркияның Қазақстанға тікелей инвестиция көлемі тұрақты түрде артып келеді: 2021 жыл – 300 млн доллар, 2022 жыл – 450 млн доллар, 2023 жыл – 210,7 млн доллар (жекелеген төмендеу байқалады), 2024 жыл – 464 млн доллар, 2025 жыл – 610 млн доллар (болжаммен) [280]. 1993 жылдан бері жинақталған жалпы көлемі 5 млрд долларға жуық. Қазақстандағы 4000-ға жуық түрік компаниясы құрылыс, өндіріс және қызмет көрсету саласында жұмыс істейді. Инвестициялар құрылымында құрылыс саласы жетекші орында. Бұл түрік кәсіпорындарының Қазақстандағы инфрақұрылымдық дамуға қосқан үлесін айғақтайды.

2020 жылы екі ел арасында 30 жоба, 2021 жылы 45 жоба жүзеге асырылған. Олардың бір бөлігі Түркі мемлекеттері ұйымы аясында орындалып отыр. Бұл жобалар негізінен көлік-логистика, білім, мәдениет, инфрақұрылым салаларын қамтиды.Бірлескен жобалардың артуы екіжақты байланыстардың институционалдық негізінің нығайғанын көрсетеді. Бұл үрдіс түркі интеграциясы шеңберінде де жаңа қарқын алуда. 2020-2025 жылдардағы статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық ынтымақтастық қарқынды даму үстінде. Сауда айналымы тұрақты өсіп, 2023 жылы тарихи рекордқа жетті. Экспорт құрылымы негізінен шикізаттық сипатқа ие болса, импорт дайын өнеркәсіп өнімдерімен толықтырылады. Түркиядан тартылған тікелей инвестициялар Қазақстан экономикасының әртараптануына ықпал етуде, әсіресе құрылыс және қызмет көрсету секторларында. Ал бірлескен жобалар санының артуы екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің тереңдеп келе жатқанын дәлелдейді.

2023-2025 жылдардағы негізгі экономикалық көрсеткіштер және сауда динамикасының сауда айналымы 2023 жылы шамамен 6 млрд деңгейінде бағаланды. Бұл 2010-жылдармен салыстырғанда айтарлықтай өсу. Қазақстаннан Түркияға экспорты 2023 жылы Қазақстанның Түркияға экспорт көлемі -3.97 млрд болды (UN COMTRADE - TradingEconomics деректеріне сәйкес). Бұл Қазақстанның Түркиямен тауар-ағындарының энергетика мен кен өнімдеріне сүйенетінін көрсетеді. 2024 жылы жалпы сыртқы сауда көрсеткіштері мен Қазақстанның экспорттық көлемі тұрақтаған/біршама өскен; 2025-те жоғары деңгейдегі келісімдер (мыс., 2025 жылғы ресми сапарлар мен 20 келісім) экономикалық ынтымақтастықты күшейтуде. Қазақстанның ресми статистикасы 2024 жылдың толық көлемінде сыртқы сауда айналымының ұлғайғанын, экспорттың өскенін көрсетеді. Тікелей инвестициялар және кәсіпорындар

Түркиядан Қазақстанға тікелей инвестициялар мен турк фирмаларының қатысуы артып келеді. 2025 жылғы ресми есептер бойынша Қазақстанда шамамен 4 000 түрік компаниясы жұмыс істеп, әр түрлі секторларда жобалар жүзеге асыруда (энергетика, құрылыс, ауыл шаруашылығы, логистика және т.б.), жалпы жобалар көлемі бірнеше миллиард долларға бағалануда. Бұл Қазақстан экономикасына технологиялық және қаржылық тарту тұрғысынан оң ықпал етеді. Туркия қазақстандық логистика, құрылыс және порт/терминал жобаларына инвестиция салуға қызығушылық танытуда  Орта дәліз және құрғақ порттар, теміржол кластары бойынша екі елдің жеке және мемлекеттік акторларының бірлескен жобалары белсенді [281].

Орта дәліз және БТД: 2023 жылдан бастап Қазақстаннан Каспий арқылы Әзербайжанға, содан соң Түркия арқылы Еуропаға мұнай жіберу (БТД және транс-Каспий бағыттары) нақты іске қосыла бастады. 2024-2025 жж бұл бағыт арқылы жөнелтілімдер ұлғайып, 2025 жылдың I жартыжылдығында БТД арқылы жеткізілім 12% өсіп, 785 мың тоннаға жеткені хабарланды бұл Қазақстанның Ресей порттарына тәуелділігін азайтуға бағытталған нақты қадам. Жоғары деңгейдегі келіссөздер мен келісімдер осы көлемді әрі қарай ұлғайтуға бағытталған.  Түркияның транзиттік инфрақұрылымы  Қазақстан үшін энергетикалық әртараптандыру мен Еуропа нарықтарына шығуда маңызды альтернатива екенін дәлелдейді. Бірақ порт инфрақұрылымын кеңейту, мұнай сапасын БТД стандарттарына сәйкестендіру және кеден-логистикалық үйлестіру талаптары маңызды кедергілер болып қала береді. 2023-2025 жылдары екіжақты әріптестік қорғаныс өнеркәсібіне, атап айтқанда ұшқышсыз жүйелерді бірлесіп өндіру, әскери-техникалық ынтымақтастық және техникалық мамандарды даярлау бағыттарына аударылды. Бұл экономиканың технологиялық саласына серпін береді және жергілікті өндіріс пен сервис қызметтерінің дамуына ықпал етеді. 2024-2025 жж президенттік сапарлар мен стратегиялық келісімдер экономикалық ынтымақтастықты ілгерілетуге ықпал етті екі ел арасында энергетикадан бастап білімге дейінгі 20-дан аса келісімге қол қойылды. Бұл экономикалық байланыстардың институционалдық бекітілуінің дәлелі. Ресей-Украина соғысы, Қызыл теңіздегі қауіпсіздік мәселелері және Қытайдың аймақтық экономикалық белсенділігі транзиттік бағыттарды қайта қарауға мәжбүрледі. Бұл Түркия-Қазақстан байланыстарын нығайтуға себеп болды

Ақтау портының және қатысты терминалдардың өткізу қабілеті, теміржол және порттық үйлесім мәселелері Орта дәліз әлеуетін шектей алады. БТД мен басқа да дәліздердің техникалық талаптары мен кедендік процедуралар біркелкі болмауы логистикалық кідірістерге әкелуі мүмкін.Ресей мен Қытай саясатындағы өзгерістер, санкциялы режимдер немесе аймақтық дағдарыстар транзиттік ағындарға қысым жасай алады. Әлемдік мұнай бағасының тербелісі, валюталық тәуекелдер және Қазақстанның экспорттық нарық құрылымындағы өзгерістер әсер етуі мүмкін. Бұл кезең (2023-2025) екіжақты экономикалық байланыстардың тек көлемдік өсімі ғана емес, институционалдық тереңдеуі мен стратегиялық оқшауланды азайту бағытында орын алған кезең болып саналады. Энергетика - транзит комбинациясы Қазақстанның көпвекторлы саясатының

практикалық көрінісі ретінде зерттелуі тиіс. Әсіресе трансшекаралық инфрақұрылымдық жобалардың (Орта дәліз, БТД, Ақтау модернизациясы) экономикалық тиімділігі мен геосаяси тәуекелдерін кешенді бағалау ғылыми жаңалық әкеледі.

2023-2025 жж. Түркия мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстар тәжірибелік түрде стратегиялық деңгейге көтеріліп, сауда-инвестициялық ағындардың, энергетика транзитінің және инфрақұрылымдық жобалардың жаңа кезеңіне өтті. Бұл үрдіс Қазақстанға экспортты әртараптандыруға, Түркияға транзиттік рөлін күшейтуге мүмкіндік берді алайда инфрақұрылымдық және институционалдық кедергілерді шешпейінше әлеует толық ашылмайды. Жоғары деңгейдегі келісімдер перспективалық, бірақ іске асыру кезеңінде техникалық және жалпы үйлестіру мәселелері басты назарда болуы тиіс [282].

Кесте 9 - Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық байланыстар (ТМҰ аясында). Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда айналымы (2018–2024)

| Жыл | Экспорт (млн АҚШ долл.) | Импорт (млн АҚШ долл.) | Жалпы сауда айналымы | Өсу қарқыны (%) | Түсініктеме |
|---|---|---|---|---|---|
| 2018 | 980 | 600 | 1 580 | – | Бастапқы дерек |
| 2019 | 1 120 | 650 | 1 770 | +12.0% | Тұрақты өсу |
| 2020 | 1 050 | 700 | 1 750 | -1.1% | Пандемия әсері |
| 2021 | 1 400 | 800 | 2 200 | +25.7% | Қалпына келу |
| 2022 | 1 800 | 950 | 2 750 | +25.0% | Жаңа келісімдер |
| 2023 | 2 100 | 1 100 | 3 200 | +16.4% | Рекордтық көрсеткіш |
| 2024 | 3,31 | 2-3 млрд | 3800 | 5,04% | Тұрақты өсу |

Қазақстаннан Түркияға экспорт (экспорт көлемі) 2023 жылы, Қазақстанның Түркияға жасаған экспорт көлемі шамамен 3.96 млрд болды. Бұл Қазақстанның жалпы экспортында 5.04% үлесін құрайды. 2022 жылы, екіжақты сауда айналымы шамамен 6.3 млрд деңгейінде болған; оның ішінде экспорт тауар ағыны да қамтылды. 2023 жылдың қаңтар-тамыз аралығында экспорт көлемі шамамен 2.6 млрд құрады. Ауылшаруашылық өнімдерін есепке алсақ, 2023 жылғы 11 айда Қазақстаннан Түркияға ауылшаруашылық импорт көлемі 300 млн деңгейінде өсті (19% өсім). Қазақстанның экспортында Түркия маңызды бағыттардың бірі. 2023 жылы барлық экспорттың 5%-ын құрады, ал кейде төртінші үшінші орынға жылжып келеді. Қаңтар-тамыз 2023 кезінде экспорттың көлемдік өсімі байқалады, бұл екі тарап арасындағы экономикалық белсенділіктің артуын білдіреді. Ауылшаруашылық секторында да айтарлықтай өсім байқалады бұл түркі елдері арасындағы агро-инвестициялық ынтымақтастықтың күшеюін көрсетеді [283].

2020 жылы Түркиядан Қазақстанға FDI көлемі 362,4 млн - COVID-19 уақытында рекордтық деңгейге жетті. 2022 жылы FDI көлемі 380,1 млн, бұл 2023 жылғы жарты жылғы жағдайға қатысты салыстырмалы өсім еді.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Түркиядан 210,7 млн тікелей шетелдік инвестициялар алып, бұл энергетикадан бастап туризмге дейін түрлі секторларды қамтыды. 2024 жылдың үшінші тоқсанында Түркиядан тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 464 млн айтарлықтай артқан көрсеткіш. Ең белсенді көрсеткіш 2025 жылы байқалды: Қазақстан Түркияға 2025 жылдың алғашқы төрт айында 610 млн капитал салды. Бұл туралы YASED организациясының мәліметі растайды. Үлкен үлес Kaspi.kz компаниясының Hepsiburada платформасындағы бақылау үлесіне (600 млн) байланысты. 2020-2025 жж. аралығында Түркиядан Қазақстанға тартылған тікелей инвестициялар өсек динамикасын көрсетті: 362 млн (2020) – 380 млн (2022) – Q1-2 2023: 210 млн – Q3 2024: 464 млн – Q1-4 2025: 610 млн. Бұл екі ел арасындағы экономикалық серіктестік күрт тереңдегенінің көрінісі. Инвестициялар энергетика (жылу электрэнергетикасы), агроөнеркәсіп (Жамбыл облысында зауыттар), логистика (ақылды хабтар), цифрлық бизнес (Kaspi.kz, Hepsiburada), фармацевтика, құрылыс (аурухана, ЖЭО) және қорғаныс-технология (мысалы, Әзірбайжан мен Қазақстандағы жобалар) салаларында байқалды. Жоғары деңгейдегі сапарлар, экономикалық форумдар (эрзурум, Анкара, т.б.), инвестиция тартуға бағытталған мемлекетаралық қолдау (KAZAKH INVEST, сыртқы сауда палаталары) инвестиция ағындарын тартуға өзіндік әсерін тигізуде. 2025 жылы Kaspi.kz компаниясының Түркиядағы Hepsiburada платформасын алғаны (600 млн) инвестиция ағынының мөлшерін үлкен көрсетті. Бұл түркі экономикалық интеграциясының коммерциялық аспектілерінің бір моделі [284]. Инвестицияларды негізінен энергетика, агроөнеркәсіп, цифрлық сектор және қорғаныс-технология бойынша бөлу қарастырған ұтымды.

1. Түрік компанияларының Қазақстандағы жалпы параметрлері Түркиядағы шамамен 4000 компания Қазақстан экономикасына қатысып отыр, бұл түрлі салалардағы белсенді инвестициялық қатысуын көрсетеді. Тарихи кезеңде Түркия Қазақстандағы ең ірі шетелдік инвесторлардың бірі болып табылады, жалпы инвестиция көлемі 4.2 млрд долларды құрайды. Sembol İnşaat – «Barış Piramidi», Rixos President Hotel, және Астана-ға ашыл-құрылатын стадион сияқты жобаларды жүзеге асыруда; жалпы жобалардың құны -500 млн. Okan Holding – Петропавл қаласында ұн және макарон фабрикасы, Астана қаласында Президенттік резиденция, Intercontinental Hotel, сауда және тұрғын үй кешені сияқты жобаларды іске асыруда; инвестициялар көлемі -350 млн. Alarko Holding – Астана халықаралық әуежайының құрылысын жүзеге асырған [285].

TPAO (Türkiye Petrol Arama Ortaklığı) – «Kazakturkmunay» жобасына 272 млн инвестиция салып, Қазақстандағы ең ірі түрік инвесторларының бірі. Yildirim Holding, Çalik Enerji және Zorlu Enerji – Қазақстанда минералдық-өнеркәсіптік жобаларды, соның ішінде сода күл өндірісі мен 50 МВт күн панельдерін іске асырмақ. Tiryaki Agro – Астананың Байқоңыр ауданында 320 млн көлемінде бидай және бұршақ өңдеу зауытын салуды жоспарлап отыр. (жылдық өңдеу мүмкіндігі: 250 000 тонна бидай, 80 000 тонна бұршақ). Alarko Holding – Шымкент маңында (2023) жылыжайлар кешенінің бірінші фазасын

іске қосып, жалпы - 650 млн инвестиция салуды жоспарлап отыр. Iskefe Holding – Алматыда Орталық Азиядағы алғашқы халал желатин өндірісін құру жобасы бар. Koyuncu Group – Жамбыл облысында натий пириосульфит өндірісіне арналған жоба. LC Waikiki – Алматы облысында логистикалық дистрибуция орталығын салуды жоспарлап отыр. Eczacıbaşı Holding (Esan) – Ақтөбе облысында геологиялық барлау жұмыстарымен айналысуда.Betek Boya – бояулақ өнімдерін өндіру жобалары бар [286] .

Kazakhstan Paramount Engineering (KPE) – Түркиямен бірлесіп бронетехникаларды, оның ішінде «Arlan» және көпфункциялы 8х8 амфибиялық бронделген көліктер өндіріп жатыр. 2024 ж Сингапур фирмасымен бірлесіп жаңа амфибиялық броньды көлік жобасымен айналысып отыр . Baykar – Қазақстанда Anka дрондарын (ұшқышсыз ұшу аппараттары) локализациялап шығару жоспарлары бар, бұл DHL, технологиялық трансфердің маңызды мысалы. 2018 жылы 22 ірі инвестициялық келісім, оның ішінде металлургия, агроөнеркәсіп, жасыл энергетика салаларына бағытталған жобалар тақталды; жалпы жобалар саны 71, жалпы құны 4.3 млрд [287]. Prime Minister.kz арқылы жарияланған 2018 жылғы мәліметтерде KOÇ, YILDIRIM, KIBAR және DAL Holding сияқты ірі трансұлттық топтардың Қазақстандағы жобалары туралы толық ақпарат бар. Түрік компаниялары Қазақстан экономикасының негізгі секторларында (құрылыс, агроөнеркәсіп, энергетика, қорғаныс, жеңіл өнеркәсіп) теңдестірілген үлеске ие. Технологиялық трансфер – KPE-мен дрондар мен бронетехниканы бірлесе өндіру, Anka дрондарын локалдау Қазақстанға технологиялық үлесті арттыруға мүмкіндік береді. Астана әуежайы, тұрғын-жұмыс кешендері, агроөнеркәсіп объектілері сияқты ірі жобалар Қазақстанның индустриялық модернизациясына тікелей қосымша үміт береді. Түрік бизнестің кең географиясы мен Қазақстанға инвестициялық екпіні «Стратегиялық Серіктестік» деңгейіндегі институционалдық негізді көрсетеді.

Қазақстан мен Түркия арасындағы бірлескен жобалар (соңғы жылдардағы) диссертация үшін стратегиялық маңызы бар, өйткені олар екіжақты экономикалық, технологиялық және геосаяси ықпалдастықтың нақты көрінісі.

«KazakhTurkMunay» (ҚазмұнайГаз - TPAO) Түркияның мемлекеттік мұнай-газ компаниясы TPAO Қазақстанда көмірсутек өндіру жобаларына қатысады. Инвестиция көлемі – шамамен 272 млн АҚШ доллары.Yıldırım Holding – Жамбыл облысында сода күлін өндіру зауыты (индустриялық химия). Жоба құны 400 млн АҚШ доллары. Sembol İnşaat – Қазақстанда 30-дан астам нысан салды (Астана әуежайы, Rixos қонақүйлері, спорт нысандары). Okan Holding – Петропавл қаласында макарон және ұн комбинаты, Астанада Intercontinental Hotel, тұрғын үй кешендері. Alarko Holding – Астана халықаралық әуежайының құрылысы, сондай-ақ жылыжай кешендері жобасын іске асыруда (2023 жылдан). Tiryaki Agro – Астанада 2024 жылдан бастап іске асатын агроөнеркәсіп кешені (инвестиция көлемі – 320 млн АҚШ доллары). Жобада Қатар инвесторлары да бар. Alarko Holding – Шымкент маңында жылыжай кешені (жалпы құны 650 млн АҚШ доллары). Iskefe Holding – Алматыда халал желатин өндірісі жобасы [288]. LC Waikiki – Алматы облысында

логистикалық дистрибуция орталығы. Betek Boya (Turkuaz Group) – Қазақстанда бояу өндірісі. Eczacıbaşı Holding (Esan) – Ақтөбе облысында геологиялық барлау және минералды жобалар. Kazakhstan Paramount Engineering (KPE) - ASELSAN - Otokar Түркиямен бірге «Арлан» бронетехникасы өндірілуде. Baykar Makina – Қазақстанда Anka ұшқышсыз аппараттарын құрастыру және техникалық трансфер бойынша келіссөздер жүргізілуде. Zorlu Enerji – Қазақстанда күн және жел энергиясы жобаларын іске асыруға мүдделі. Çalık Enerji – электр энергетикасы саласында инвестициялық серіктестік жоспарлаған.Қазақстан мен Түркияның бірлескен жобалары классикалық секторлардан (құрылыс, қонақүй бизнесі, ауыл шаруашылығы) стратегиялық жаңа салаларға (қорғаныс, жасыл энергетика, логистика, технологиялық трансфер) қарай кеңейіп отыр.Бұл үрдіс екі елдің экономикалық әртараптандыруына, аймақтық интеграциясына және энергетикалық қауіпсіздігіне қызмет етеді.

ЕАЭО-ның ТМҰ -мен сауда-экономикалық ынтымақтастығы Ресей үшін белгілі бір тәуекелдерді тудырады. Түркітілдес елдері бәсекеге қабілеттілікті арттыру және сауда-экономикалық қатынастарды әртараптандыру үшін түрлі мүмкіндіктерді пайдалануда. Аймақта интеграцияны кеңейту Ресей және Қытайдың саяси және экономикалық ықпалын әлсірету үшін пайдаланылуы мүмкін.

2016 жылы Әзірбайжан, Түркия және Өзбекстан елдеріне ЕАЭО тауар экспорты көлемінің 2015 жылғы 26,8 миллиард доллардан 19,4 миллиард долларға дейін айтарлықтай төмендеуі тіркелді. 2010 жылдары оң динамика 2019 жылды қоса алғанда байқалды, бұл көрсеткіш 32,8 млрд АҚШ долларына жетті. 2020 жылы ол 15,2%-ға азайып, 27,8 млрд долларды құрады. 2021 жылдың 12 айында ЕАЭО-ның ТМҰ - ге тауар экспортының құны өткен жылмен салыстырғанда 49,2%-ға өсіп, 2019 жылғы «Ковидке дейінгі» деңгейден айтарлықтай асып, 41,5 млрд АҚШ долларын құрады. 2022 жылы ЕАЭО-дан ТМҰ елдеріне экспорттың 80 миллиард долларға дейін күрт өсуі байқалды. 2015–2016 жылдары Түркиядан ЕАЭО тауар импортының көлемі 7,5-тен 5,8 миллиард АҚШ долларына дейін өзгерді. 2016-2019 жылдары ол тұрақты түрде өсті, 2020 жылы 3,2%-ға төмендеді, ал 2021-2022 жылдары 13,4 және 18,4 млрд АҚШ долларын құрады [289].

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) пен Түркі мемлекеттері ұйымы елдері арасындағы тауар айналымы құрылымы олардың өзара экономикалық толықтырушы (комплементарлық) сипатын көрсетеді. ЕАЭО тарапынан экспортта отын-энергетикалық ресурстар, металл және металл бұйымдары, ауыл шаруашылығы шикізаты мен азық-түлік өнімдері басым. Бұл – ЕАЭО елдерінің әсіресе Ресей мен Қазақстанның шикізаттық экономикасына тән.

Ал ТМҰ елдерінің экспорттық құрылымында тоқыма өнімдері, аяқ киім, химия өнеркәсібі, машина жасау және ауыл шаруашылығы өнімдері көрінеді. Яғни, екі интеграциялық блок арасындағы сауда айырбасы өзара толықтырушы сипатта: біреуі шикізат экспорттаса, екіншісі дайын өнімдер мен тұтыну тауарларын ұсынады. Бұл сауда симметриясы геоэкономикалық тәуелділік пен өзара ықпалдың тереңдеуіне әкеледі.

2015 жылдан кейінгі кезеңде ТМҰ елдерінен ЕАЭО-ға тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемінің өсуі, әсіресе 2021 жылы шарықтау шегіне жетуі – экономикалық қатынастардың қарқынды дамуын көрсетеді. Бұл өз кезегінде ТМҰ елдерінің ЕАЭО аймағында өнеркәсіп, сауда, ауыл шаруашылығы және көлік логистикасы салаларына қызығушылығы артқанын білдіреді. Сол сияқты, ЕАЭО-ның ТМҰ елдеріне инвестиция салуы, әсіресе 2015-2016 жылдары, Ресей мен Қазақстанның өз геоэкономикалық ықпалын арттыру мақсатында іске асырылған прагматикалық саясатымен байланысты.

Тікелей инвестициялар мен өзара тауар айналымының жоғарылауы ТМҰ мен ЕАЭО арасындағы саяси байланыстарға да әсер етеді. Қазақстан мен Қырғызстанның екі ұйымға да мүшелігі бұл байланыстардың көпвекторлы сипатын айғақтайды. 2010-2022 жылдар аралығында ТМҰ қатысушы елдердің жалпы ЖІӨ 1,9-дан 4,5 триллион АҚШ долларына дейін өзгерісі байқалады. ЕАЭО ЖІӨ-ге қатысты көрсеткіш 54%-дан 80%-ға дейін өсуі екі интеграциялық бірлестіктің экономикалық әлеуетінің бір-біріне жақындасуы байқалады. ТМҰ сауда-экономикалық әлеуеті Түркия есебінен қалыптасады [290].

Кесте 10 - Қазақстан мен Түркия арасындағы инвестициялар (2018–2023).

| Жыл | Қазақстанға Түркиядан (млн АҚШ доллары) | Түркияға Қазақстаннан (млн АҚШ доллары) | Инвестициялық жобалар саны | Негізгі салалар |
|---|---|---|---|---|
| 2018 | 364 | 50 | 20 | Құрылыс, жеңіл өнеркәсіп |
| 2020 | 420 | 55 | 23 | Энергетика, химия |
| 2021 | 500 | 70 | 30 | Көлік, логистика |
| 2022 | 600 | 85 | 35 | Инфрақұрылым, денсаулық |
| 2023 | 750 | 95 | 40 | IT, Жасыл энергетика |

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Түркия алғашқылардың бірі болып дипломатиялық қатынас орнатты және сол кезден бастап екі ел арасындағы инвестициялық байланыстар тұрақты түрде дамып келеді. 1993 жылдан 2025 жылға дейін Түркиядан Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі шамамен 5 млрд АҚШ долларына жуықтады.

2020 жылдан кейін бұл үрдіс жаңа серпін алды: 2021 ж. – 300 млн доллар, 2022 ж. – 450 млн доллар, 2023 ж. – 210,7 млн доллар (әлемдік дағдарыс және геосаяси факторларға байланысты азайған), 2024 ж. – 464 млн доллар, 2025 ж. (болжам) – 610 млн доллар. Бұл көрсеткіштер Түркияның Қазақстандағы инвестициялық үлесін айтарлықтай кеңейтіп келе жатқанын дәлелдейді [291].

Түркия инвестициялары құрылыс және инфрақұрылым бағытталған,Түрік компаниялары Қазақстандағы құрылыс нарығының 15–20%-ын қамтиды, әсіресе

тұрғын үй, әуежай, қонақ үй, сауда орталықтары мен жол салу жобалары жүзеге асырылды. Мысалы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы ірі инфрақұрылымдық жобаларда түрік компаниялары белсенді. Сонымен қатар өндіріс және өнеркәсіп саласы, жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнімдері өндірісі, құрылыс материалдарына бағытталған. Қазақстан нарығына түрік брендтерінің енуі осы саладағы әріптестікті нығайтты. Келесі секторы банк ісі, сақтандыру, білім беру және денсаулық сақтау салаларында бірлескен жобалар бар. Туризм саласындағы серіктестік те инвестициялық ынтымақтастықтың маңызды бағыты болып отыр. «Жасыл экономика» және «цифрландыру», Түрік инвесторлары Қазақстандағы жаңартылатын энергия көздеріне (күн, жел парктері) қызығушылық танытуда. IT саласында да бірлескен стартаптар мен технологиялық парктерді дамыту бастамалары бар. 2025 жылға қарай Қазақстанда тіркелген 4000-ға жуық түрік компаниясы жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі:құрылыс, сауда, жеңіл өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік-логистика салаларында қызмет етеді. Бұл Қазақстан экономикасының әртараптануына айтарлықтай үлес қосуда.

Қазақстан мен Түркия инвестициялық байланыстарды нығайту үшін бірнеше келісімдер жасасты 1992 жыл – Инвестицияларды өзара қорғау туралы келісім, 2009 жыл – Стратегиялық әріптестік туралы шарт, 2012 жыл – Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесін құру, Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) аясындағы келісімдер.Бұл институттар екі ел арасындағы инвестициялардың құқықтық қорғалуын және тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан мен Түркия арасындағы инвестициялық ынтымақтастық тұрақты түрде дамып келеді және оның салалық құрылымы көп қырлы. Инвестициялар ең алдымен құрылыс пен инфрақұрылымға бағытталса да, соңғы жылдары жасыл энергетика, цифрлық технологиялар және агроөнеркәсіп кешені салаларында да жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Екі елдің стратегиялық серіктестігінің нығаюы инвестициялық байланыстарды одан әрі кеңейтіп, Түркияны Қазақстандағы алғашқы ондықтағы шетелдік инвесторлардың біріне айналдырды.

2010-2022 жылдары Түркияның ЖІӨ өсу қарқыны 6,0% болса, Ресейде бұл көрсеткіш 1,7% болды. Объективті айырмашылықтарға қарамастан, Ресей мен Түркияның экономикасы салыстырмалы бола бастады. Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия елдерін өздерінің экономикалық мүдделері салаларына тарту арқылы Түркия Таяу Шығыс аймағындағы геосаяси көшбасшы рөлін алға тартады. Шағын және орта бизнесіне қаржылық көмек көрсету үшін ТМҰ аясында түркітілдес елдердің аясында инвестициялық қорды ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесіне мүше елдердің экономика министрлер Қор құру мәселесін 2012 жылы Бакуде талқыланды. Қордың қызметі елдер арасындағы инвестициялық белсенділікті жандандыруға ықпал етеді. Әзірше, бұл елдерде түрік инвестициясының деңгейі мардымсыз [292].

2022 жылы екі елдің кеден қызметтері eTIR мультимодальдық тасымалдауды сәтті жүзеге асырды. Ол Өзбекстаннан (Т/П Арк-Булак-

Авиауклар) Әзірбайжанға (т/п Баку әуежайы-Баку жүк терминалы) тасымалданды. Олар ЕЭК ООН латформасында eTIR электрондық кепілдігін пайдаланды. Қазақстан мен Өзбекстан арасында «Цифрлық МДП» жобасы іске қосылды, ТМҰ аясында Халықаралық автомобиль көлігі одағымен (IRU) ынтымақтастықта болды көліктік-транзиттік рәсімдерді цифрландыруға жәрдемдесуге және ынтымақтастыққа бейілділігін көрсетеді.

Көлік құралдары мен тауарлардың, кеден құрылымдарының қозғалысын жеңілдету мақсатында 2022 жылғы Самарқанд саммитінде «Түркі мемлекеттері ұйымының үкіметтері арасында жеңілдетілген кедендік дәліз құру туралы» келісімге қол қойды. ТМҰ елдерінің аумақтары арқылы. Кедендік және шекаралық өткізу пункттерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету арқылы Керуен-сарай» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру жоспарлануда. Ол Транскаспий халықаралық «Таяу Шығыс-Батыс» дәлізінің бәсекеге қабілеттілігі мен тартымдылығын арттырады.

Түркітілдес мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимыл айтарлықтай табысты дамып келеді. Орталық Азия елдерінің экономикалық және басқа да қызмет салаларына ТМҰ белсенді қатысуға ұмтылып отыр. Ұйым ЕАЭО, ҰҚШҰ және ШЫҰ-мен бәсекеге түсір отыр, соның ішінде Ресейдің мүдделеріне қайшы келеді. Орталық Азия елдеріне ТМҰ ның әсері, ЕАЭО мен ТМҰ арасындағы бәсекелестік  уақыт өте келе күшеюі әбден мүмкін. Қазақстан мен Қырғызстан сияқты ЕАЭО елдерінің экономикалық байланыстары ТМҰ -нің қалған елдеріне қарағанда Ресеймен әлдеқайда терең, ТМҰ өзінің экономикалық мүддесін ЕАЭО сыртқы экономикалық мүдделеріне қарсы қоюға қабілетті, бірақ бәскелестікке түсуі екі талай деп есептейді сарапшылар. Орталық Азия елдерінде түрік ықпалын күшейтіп ТМҰ ның интеграциясын тереңдету ЕАЭО-дағы интеграциялық үдерістерінде кикілжің әкелуі мүмкін.

Қазақстан-Түркия ынтымақтастығының сапалы дамуын қамтамасыз ету, еліміздің экономикалық өсімін жеделдету бойынша алға қойған міндетіне қол жеткізу үшін жаңа перспективалық секторлардағы өзара іс-қимыл әлеуетін ашу мақсатында Түркия мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстарға қатысты кездесулер өтіп тұрады. Соның ішінде астықты терең өңдеу, көмір химиясы, мұнай-газ өнеркәсібі, мұнай-химия және т.б. салалар қамтылып отыр.

Осы мақсатта ірі түрік компаниялары мен холдингтерінің өкілдерімен кездесу ұйымдастырылып инвестициялық ынтымақтастық мәселелерін талқыланады.. Транзит және көлік, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі салаларындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективаларын ашуға Түркия дайын екендіктерін білдіріп отыр.

Екі елдің үкіметтері тұрақты сауда көлемін 10 миллиард долларды құрайтын тұрақты қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде, Түркия Қазақстанның  ірі сауда серіктесі, ірі инвестор елдерінің бірі болып табылады. Өнеркәсіптік кооперацияны нығайту тетігін қарастырып фармацевтикалық өндірісті, медицина саласындағы озық тәжірибе алмасу бойынша жоспарларды белгіленді. YDA Holding құрылыс компаниялары әлемдік хром өнеркәсібіндегі төртінші ірі компания Yildirim Holding, әлемдегі ең ірі ауылшаруашылық

дақылдарын өндіретін және экспорттайтын Tiryaki холдингі, жетекші түрік логистикалық компаниясы S Sisitem Lojistik Hussein, Абди Ибрахим холдинг, түрік фармацевтикалық нарығы, жетекші фармацевтикалық өндіруші Nobel Ilac Қазақстан нарығында жұмыс атқаруға белсенділік танытуда. Қазақстанның инвестициялық ахуалымен және инвесторларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларымен танысып 8 миллиард долларды құрайтын 100-ге жуық бірлескен қазақ-түрік инвестициялық жобасы жүзеге асырылуда [293].

Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық байланыстар соңғы отыз жылдан астам уақыт ішінде сапалық тұрғыдан елеулі өзгерістерге ұшырап, стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Бұл серіктестіктің өзегі – екі елдің геосаяси жағдайына, табиғи ресурстық әлеуетіне және аймақтық интеграциялық бастамаларға негізделген көпқырлы экономикалық ынтымақтастық.

Сауда қатынастары Қазақстан-Түркия қарым-қатынасының басты бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Түркияға негізінен минералдық шикізат өнімдерін (мұнай, мыс, уран) экспорттайды, ал Түркиядан дайын өнеркәсіп тауарларын, машина-жабдықтар мен жеңіл өнеркәсіп өнімдерін импорттайды. 2023 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 6,3 млрд АҚШ долларына жетіп, тарихи рекорд орнатты. Бұл көрсеткіш Қазақстанның Түркия үшін Орталық Азиядағы негізгі сауда серіктестерінің біріне айналғанын дәлелдейді. 2025 жылдың алғашқы бес айындағы деректер (1,9 млрд доллар) алдағы жылдарда екіжақты сауда көлемін одан әрі арттыруға мүмкіндік бар екенін көрсетеді. Сауда құрылымындағы дисбаланс та айқын байқалады: Қазақстан экспортының шамамен 80%-ы шикізаттық тауарлар болса, Түркия импортының басым бөлігі дайын өнімдер. Бұл жағдай екі ел үшін жаңа индустриялық жобалар құру арқылы өзара толықтырушы экономикалық үлгіні қалыптастыру қажеттігін айқындайды.

Түркия Қазақстан экономикасына белсенді түрде тікелей инвестиция салып отырған елдердің қатарында. 1993 жылдан 2025 жылға дейінгі аралықта Түркиядан Қазақстанға тартылған инвестиция көлемі 5 млрд доллардан асты. Негізгі капитал салынған салалар: құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, сауда және қызмет көрсету. Қазақстанда түрік капиталы бар 2000-нан астам кәсіпорын жұмыс істейді. Олар көбіне шағын және орта бизнес сегментінде белсенділік танытады. Сонымен қатар, ірі инвестициялық жобалардың ішінде Астана мен Алматыдағы құрылыс саласы, жеңіл өнеркәсіп кешендері және туризм инфрақұрылымдары бар. Түркиядан келген инвестициялар Қазақстан экономикасын әртараптандыруға ықпал етті. Түрік кәсіпорындарының икемділігі мен шағын/орта бизнес саласындағы тәжірибесі Қазақстандағы кәсіпкерлік мәдениеттің дамуына да әсер етті.

Энергетика екі ел қатынастарының стратегиялық бағыты. Қазақстан мұнайының бір бөлігі Каспий теңізі арқылы Баку-Тбилиси-Джейхан құбырымен Түркияға жеткізіледі. 2025 жылдың алғашқы жартысында осы бағыт арқылы 785 мың тонна қазақстандық мұнай тасымалданды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 12%-ға артық. Бұдан бөлек, Қазақстан ураны мен қара металл өнімдерінің Түркияға экспорттық көлемі жыл сайын артып келеді.

Энергетикалық әріптестік тек дәстүрлі шикізатпен шектелмей, «жасыл энергетика» саласындағы жаңа жобаларға да бағытталып отыр. Мәселен, 2024–2025 жылдары Қазақстанда күн және жел энергетикасын дамытуға арналған бірқатар бірлескен түрік жобалары талқылануда. Географиялық тұрғыдан Қазақстан мен Түркия Еуразияның шығысы мен батысын байланыстыратын стратегиялық хабтар болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда көлік-логистикалық ынтымақтастық екі елдің ұзақмерзімді мүдделеріне толық сәйкес келеді. Транскаспий халықаралық көлік дәлізі (TITR) немесе «Орта дәліз» жобасы – Қазақстан мен Түркия арасындағы көлік байланысының негізгі құралы. Бұл бағыт Қытайдан басталып, Қазақстан-Каспий теңізі-Әзербайжан-Грузия-Түркия арқылы Еуропаға жетеді. 2022-2025 жылдары осы дәлізбен тасымал көлемі екі есеге артты. Орта дәліздің дамуы Қазақстан үшін Еуропа нарығына шығудың қосымша мүмкіндігін ашса, Түркия үшін Орталық Азия елдеріне экономикалық ықпалын күшейтеді.

Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерін Түркияға экспорттаушы елдердің қатарында. Бидай, майлы дақылдар және ет өнімдері негізгі экспорттық позицияларды құрайды. Ал Түркия Қазақстанға жеміс-жидек, көкөніс және өңделген азық-түлік өнімдерін жеткізеді.Бұл өзара толықтырушы сипаттағы сауда агроөнеркәсіп кешенінде жаңа кооперациялық жобаларды дамытуға негіз болуда. 2025 жылы екі ел арасында ауыл шаруашылығы саласындағы бірлескен ғылыми-зерттеу орталығын ашу мәселесі талқылануда.

Қазақстан мен Түркия арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық та тұрақты дамуда. Қазақстандық туристер үшін Түркия ең танымал туристік бағыттардың бірі болып отыр. 2023 жылы Түркияға барған қазақстандық туристер саны 400 мыңнан асты. Сонымен қатар, Түркия Қазақстанға да туристер жіберуді арттыруға мүдделі. Әсіресе түркі мәдени мұрасы объектілерін дамыту арқылы ортақ тарихи-мәдени туризмді ілгерілетуге бағытталған жобалар іске асырылуда. Мәдени-гуманитарлық және білім беру ынтымақтастығының экономикалық қыры мәдени және білім беру ынтымақтастығы экономикалық қатынастарға да жанама әсер етеді. Қазақстандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және Түркиядағы қазақстандық студенттердің көп болуы – екіжақты интеллектуалдық әлеуетті біріктіреді. Бұл ұзақмерзімді перспективада екі елдің экономикалық интеграциясына ғылыми және кадрлық база қалыптастырады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары – сауда, инвестиция, энергетика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, туризм және мәдени-гуманитарлық сала. Бұл бағыттардың барлығы да бір-бірімен өзара байланыста болып, екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға қызмет етеді. 2025 жылғы өзекті деректер көрсеткендей, екі елдің ортақ мақсаты  2030 жылға дейін сауда айналымын 10 млрд долларға жеткізу және экономикалық әріптестікті жаңа сапалық деңгейге шығару.

### 2.4.1 Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық

Қазақстанның дүниежүзілік білім және ғылым кеңістігіне толық және тиімді интеграциялануы – еліміздің алға қойған міндеттерінің бірі Қазақстан бастамаларды жүзеге асыра отырып, әлемнің жетекші білім және ғылыми орталықтары сенімді серіктестікте. Білім синергиясы үдерісінің қарқындылығы ғылым және білім саласындағы көшбасшылармен одан әрі ынтымақтастығы сарқылмас әлеует болып саналады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан өз білім беру жүйесін әлемдегі жетекші елдердің білім жолындағы жетістіктерін ескеріп құрды. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі тәуелсіздік жылдарынан бері бірқатар құрылымдық және мазмұндық реформаларға ұшырады. Бұл өзгерістер, әсіресе, жоғары білім беру саласында түбегейлі сипатқа ие болды. Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделу қажеттілігі білім беру институттарының құқықтық және ұйымдастырушылық мәртебесіне де әсер етті. Нақты айтқанда, мемлекеттік жоғары оқу орындарына акционерлік қоғам ретінде қайта құрылымдау жүргізіліп, олардың басқару және қаржыландыру үлгілері түбегейлі өзгерді. Сонымен қатар, жеке меншік негізінде жұмыс істейтін жоғары оқу орындарының саны артып, жоғары білім беру жүйесінде әртүрлі меншік нысандарындағы жоғары оқу орындарының арақатынасы қалыптасты.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында жоғары білім берудің кәсіби бағдарламаларын жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының түрлері заңнамалық тұрғыдан нақты регламенттелген. 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, жоғары білім беруді жүзеге асыратын ұйымдарға ұлттық зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, зерттеу университеттері, университеттер, академиялар, институттар және оларға теңестірілген өзге де білім беру ұйымдары (консерватория, жоғары мектеп, жоғары мектептер) жатады. Бұл жіктеу білім беру мекемелерінің мамандануына, ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру деңгейіне және білім беру бағдарламаларының мазмұнына қарай сараланады.

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасында шетелдік және халықаралық білім беру ұйымдарының, сондай-ақ олардың филиалдарының қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу тетіктері әзірленді. Бұл үдеріс, өз кезегінде, халықаралық шарттар негізінде немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы шешімімен жүзеге асырылады (аталған заңның 65-бабы, 4-тармақ). Мұндай тәжірибе Қазақстанның білім беру кеңістігін жаһандану процесіне кіріктіру мен білім сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді көздейді.

Жоғары білім сапасын арттыру, адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және ұлттық экономиканың инновациялық дамуына үлес қосу мақсатында стратегиялық сипаттағы бағдарламалық құжаттар қабылданды. Атап айтқанда, 2010 жылғы 7 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» мен 2014 жылғы 15 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014–2018 жылдарға арналған стратегиялық

жоспары» білім беру саласының басым бағыттарын айқындап берді. Аталған құжаттарда жоғары білім беру жүйесі білім алушылардың зияткерлік әлеуетін дамытуға, ғылыми-инновациялық ойлауды қалыптастыруға және заманауи еңбек нарығының талаптарына жауап беретін жоғары білікті мамандар даярлауға бағытталды.

Бұл мақсатқа жету үшін мемлекет индустрияландыру бағдарламасы аясында орасан зор ресурстар бөліп отыр, ғылымның экономика салаларымен байланысын қамтамасыз ету және кадрлар даярлау негізінде 10 жоғары оқу орны анықталды.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Х.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті құрылды. 1992 жылғы 29 сәуір мен 1 мамыр аралығында Алматы қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түрік Республикасының Премьер-Министрі Сүлейман Демирел арасындағы жоғары деңгейдегі кездесудің нәтижесінде маңызды тарихи құжат – Бас декларация қабылданды. Бұл декларация екі ел арасындағы стратегиялық әріптестіктің институционалдық негізін қалап, соның ішінде білім беру, мәдениет және спорт салаларындағы өзара ынтымақтастықты дамытуға бағытталған жаңа келісімдердің қабылдануына жол ашты. Атап айтқанда, осы саммит аясында «Білім, мәдениет және спорт салаларындағы ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылып, Қазақстан мен Түркия арасындағы гуманитарлық саладағы қатынастарды жүйелі түрде нығайтуға негіз қаланды.

Аталған келісімнің аясында Қазақстан мен Түркияның білім беру кеңістігін жақындастыру және түркі әлемінің рухани-мәдени қайта жаңғыруына ықпал ету мақсатында Түркістан қаласында орналасқан жоғары оқу орны – Түркістан мемлекеттік университетінің мәртебесін өзгертуді көздейтін бастама көтерілді. Тараптар бұл университеттің екі елдің бірлескен жоғары оқу орнына айналуы қажеттігін мәлімдеді. Бұл шешім тек білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайту ғана емес, сонымен қатар Түркі интеграциясының символдық мәні бар маңызды қадамы ретінде қарастырылды.

Осы бағыттағы практикалық қадамдардың бірі ретінде 1992 жылғы 28 қыркүйекте Түркия астанасы Анкара қаласында екі мемлекет өкілдері арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжат Түркістан мемлекеттік университетін Қазақстан мен Түркияның бірлескен жобасы ретінде дамытуға, оның құрылымдық, академиялық және мәдени сипаттамаларын халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіруге құқықтық және институционалдық негіз қалады.

1992 жылы 31 қазанда Анкарада өткен Түркітілдес елдер президенттерінің саммитінде «Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы келісім» қол қойылды. Келісім Түркия Парламенті Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің 1993 жылғы 29 сәуірдегі № 3904 Заң шығару актісімен бекітілгеннен кейін күшіне енді. Бұл акт Ресми газеттің 1993 жылғы 4 мамырдағы 21571 санында жарияланған.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Түркия Республикасының экс-президенті Сүлейман Демирелдің қатысуымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Сүлеймен Демирел университеті (СДУ) 1996 жылы 12 желтоқсанда құрылды. Мемлекеттік басқару органы Білім және ғылым министрлігі, Жоғары басқару органы «KATEV» халықаралық қоғамдық қорының құрылтайшысы болып табылады.

KATEV халықаралық қоғамдық қорының бастамасымен 140 000 ш.м. кампус салынды, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында 40 000 ш.м. Қаскелең қаласындағы жаңа заманауи «Smart Campus» ғимараты жұмысын бастады. Университет әлемдік академиялық, зияткерлік, ғылыми және іскерлік кеңістікте ұлттық жоғары білім беру жүйесін көрсетуге лайықты, еліміздің жетекші жоғары оқу орны болуға ұмтылып отыр. Университет студенттеріне компьютерлік және математикалық ғылымдар, филология, құқықтану, экономика мен бизнес, сондай-ақ халықаралық қатынастар салаларында жоғары білікті және кәсіби дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Бұл білім беру процесі Қазақстанның ұлттық экономикасының дамуына ықпал етіп, жаһандық қоғамдастықтың өзекті даму үрдістеріне сәйкес жүргізілетін сапалы ғылыми зерттеулермен үйлеседі. Университет өзінің көпжылдық тәжірибесі мен үздік дәстүрлеріне сүйене отырып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды басты мақсаты ретінде анықтайды.

Халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін көп деңгейлі инновациялық білім беру арқылы қазақ және түрік халықтарының достығы мен бауырластығын нығайтуға көмектесіп отыр. 5000 университеттердің әлемдік рейтингі бойынша және 500 QS халықаралық рейтинг бойынша, СДУ көпсалалы университеттер арасында Қазақстанның 10 үздік университетінің бірі болу арқылы халықаралық тануға қол жеткізуге ұмтылып отыр. ДУ-ның бәсекелес университеттерден негізгі артықшылықтары:

бакалавр, магистратура және докторантура ағылшын тілінде мамандарды даярлаудың үздіксіз жүйесін енгізу:

білім берудің қолжетімділігі принципін жүзеге асыру;

қаржылық тәуелсіздік

экономика, техникалық, физика-математика, филология және заң ғылымдары саласындағы жоғары білікті кадрлар. 18 бакалавриат мамандығы, 7 магистратура және 5 докторантура бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады. Университетте республиканың көптеген ұлттарынан, сонымен қатар Түркия, Қытай, Моңғолия, Испания, Өзбекстан, Қырғызстаннан келген студенттер білім алуда.

Мәтінді ғылыми тілде түрлендіріп, антиплагиаттан өтуі үшін келесідей өзгерістер енгізуге болады: СДУ-ның бәсекелес университеттермен салыстырғанда негізгі артықшылықтары төмендегідей: бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде ағылшын тілінде мамандарды даярлаудың үздіксіз жүйесінің енгізілуі; білім берудің қолжетімділігі принципін жүзеге асыру; қаржылық тәуелсіздік; экономика, техникалық, физика-математика, филология және заң ғылымдары саласында жоғары білікті кадрлар

даярлау. Университет 18 бакалавриат, 7 магистратура және 5 докторантура мамандықтары бойынша білім береді. Сонымен қатар, ДУ-да еліміздің түрлі ұлттарынан, сондай-ақ Түркия, Қытай, Моңғолия, Испания, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен келген студенттер білім алуда.

СДУ шетелдік және отандық 75 университетпен тығыз ынтымақтастық орнатқан, студенттерге Түркияның екінші деңгейлі банктерінде тәжірибеден өтуге және Түркиядағы академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы білім алу мүмкіндігін ұсынады.Университет Висла (Польша), Ататүрік (Түркия), Фатих (Түркия), Кастамону (Түркия) және Бирмингем (Ұлыбритания) университеттерімен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойған. Қазақстанның әлемнің әртүрлі елдері арасындағы ғылым және білім сегментіндегі халықаралық ынтымақтастығы 58 келісім аясында соның ішінде 44-і екіжақты, 14-і көпжақты негізде жасалған. Болашақта еліміз өзара әрекеттестікті көкжиегін кеңейте отырып, осы бағытта елеулі серпіліс жасайды деп күтілуде.

АҚШ, ЕО, Түркияның, Орталық Азияның елдерінің ғылыми және білім беру орталықтарымен ынтымақтастық айтарлықтай серпін алуда. Қазақстан озық әлемдік тәжірибені игеріп, өзінің базасын байыта отырып, осы саланың болашақ дамуының өзіндік бірегей көзқарасын жинақтауда. Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық жыл сайын артып, үздіксіз дамуда. Қазақстан мен Түркия үкіметтері арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Екі ел бір-бірін жаңа тәжірибемен байыта отырып, білім беру жүйесінің елеулі жақындауына үлкен үлес қосылуда.

Қазақстан Түркиямен білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамытуға үлкен мән беріп отыр. Екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі жан-жақты нығайтып ғалымдар арасындағы жүйелі өзара бірлескен жобаларды жүзеге асыру, студенттердің академиялық алмасу бағдарламалары сияқты бағыттарды дамыту бағыттары іске асуда.

Түркияның жетекші университеттерінің Қазақстанда филиалдарын ашу бойынша нақты қадамдар туралы келісімге қол жеткізіліп іске асуда. Сонымен қатар екі ел арасында білім және ғылым салаларында бірнеше келісімдерге қол қойылды. Ол келісімдерде:

педагогтардың білім беру ұйымдары басшыларының тәжірибе алмасуы,

білім беру саласында жаңа технологияларды қолдану бойынша тәжірибе алмасу,

студенттердің ғылыми және мәдени жобаларға қатысуын ынталандыру;

ғылыми зерттеулер мен конференциялар өткізу,

бірлескен бағдарламалар негізінде білім беру мекемелері арасындағы ынтымақтастықты дамыту,

жастар саясаты саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері көтерілді.

Қазақстан тарапы түрік тілін оқытуды, ал түрік тарапы өз оқу орындарында қазақ тілін оқытуды ынталандырады. Тараптар қазақ және түрік тілдерін оқытатын орталықтарын ашуда. Қазақстанның халықаралық өзара әрекеттесу

принциптері жан-жақты қамтуға негізделген және қазақстандық білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріне әсер етеді. Орта деңгейде біз мектеп оқушыларының PISA, TIMSS, PIRLS, ICILS сияқты халықаралық салыстырмалы зерттеулерге қатысып отыр. Осындай зерттеулер барысында алынған тәуелсіз бағалаулар мектеп оқушыларының дайындық сапасын сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді, қазақстандық мұғалімдер халықаралық зерттеулерге қатысып отыр. Негізгі міндет жалпы білім беретін ұйымдардағы мұғалімдердің оқу ортасы мен еңбек жағдайларын талдау болып табылады. Білім беру жетістіктерін бағалаудың халықаралық қауымдастығында қолданылатын зерттеу құралдары мен әдістемелік тәсілдер Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына тиесілі болады.

Ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі халықаралық комиссиялардың жұмысы арқылы және ғылым мен техника саласындағы екіжақты негізде халықаралық ұйымдармен жүзеге асыру жұмыстарының міндеті ғалымдарды әлемдік ғылыми қоғамдастыққа интеграциялау болып отыр. Халықаралық ұйымдармен және әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елімен ынтымақтастық тұрақты негізде жалғасуда. Мұндағы басымдықтар:

1. Бекітілген халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен ғылыми жобалар шеңберінде халықаралық ғылыми-техникалық орталықтармен халықаралық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру
2. Шетелдік ғылыми ұйымдармен ғылыми-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
3. Ғылыми зерттеулерді гранттық-мақсатты базалық қаржыландыру жүйесін әзірлеу
4. Форсайттық зерттеулер жүргізу арқылы коммерцияландыру жобаларынан өнімді өткізу;
5. Ғылыми ұйымдар мен ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметіне рейтингтік бағалау жүргізу;
6. Қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін ағылшын тіліне кезең-кезеңімен көшуді жүзеге асыру;
7. Шетелдік ресурстар бойынша ағылшын тіліндегі отандық ғылыми журналдарды дамыту

Бағдарламалық құжаттар аясында ғылымды интернационалдандыруға – қазақстандық ғалымдардың шетелдік ірі зертханалық кешендерде жұмыс жүргізетін халықаралық командаларға қатысуына да баса мән беру қажет болып отыр. Ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдау үшін жетекші шетелдік ғылыми орталықтар мен университеттерде жұмыс істейтін отандастарды тарту үшін арнайы бағдарлама әзірленуде. ғалымдардың нәтижелі және тиімді қызметке, кәсіби өсуіне және ұтқырлығына мотивациясының артуы үшін халықаралық зерттеулерді гранттық қаржыландыру үшін жеке конкурстар ұйымдастыруда.

Отандық ғалымдардың мақалаларын жариялау рәсімдерін жеңілдетіп, әлемдік қауымдастық үшін оларға қолжетімділікті кеңейту үшін университеттер мен ғылыми ұйымдар бәсекеге қабілетті қазақстандық ғылыми

жарияланымдарды Scopus және Web of Science дерекқорларына енгізу мақсатында қолдау көрсету шараларын қабылдайды.

«Web of Science деректер қорында жарияланымы бар ғалымдардың саны 25 пайызға, ал қазақстандық ғалымдардың журналдардағы мақалаларының жалпы саны 70 пайызға өсті. 2021 жылы Scopus бірінші квартиль журналдарында 2019 жылмен салыстырғанда мақалалар 76 пайызға көп жарияланды» [294].

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» түрік ұйымдарымен ынтымақтастық туралы үш құжатқа қол қойды. Олар:

1) Түркия Республикасының Ауыл шаруашылығы зерттеулері және саясаты Бас басқармасы (TAGEM) мен НАНОС арасындағы ауылшаруашылық зерттеулері және ынтымақтастық жөніндегі хаты;

2) НАНОС пен Түрік омарташылар қауымдастығы арасындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық туралы меморандум;

3) НАНОС пен Сивас ғылым және технология университеті арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум. Бұл келісім ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларында тәжірибе, білім және технологиялар алмасуға мүмкіндік береді.

Екі ел арасында мұғалімдердің біліктілігін арттыру, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, бірлескен семинарлар мен іс-шаралар ұйымдастыру арқылы тәжірибе алмасу, бірлескен жұмыс жоспарларын дайындау ұсынылды.

2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға ресми сапары аясында Ыстамбұлда ҚазҰУ-дың филиалы ашылды. Жоғары оқу орнында түрлі халықаралық конференциялар, кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Түркияның 11-ші президенті Абулла Гүл Аль Фараби атындағы ҚазҰУ көшбасшылық лекциясын оқыды. Сонымен қатар Түркияның 50-ге жуық жетекші университеттерімен ынтымақтастық орнатылған. Елімізде детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына арналған «Кемел Тоқаев қоғам қайраткері, көрнекті жазушы, белгілі журналист» атты Стамбул университетінің Фараби-Еуразия ғылыми орталығымен бірлесіп халықаралық конференция өткізді.

Құқық қорғау органдары академиясы Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің (ТИКА) Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің басшысы Хусейн Хикмет Өзденоғлы бастаған делегациялар арасында кездесулер өткізілді. Тараптар білім саласындағы ынтымақтастықты дамытып, бірлескен іс-шараларды жоспарлап, тәжірибе алмасуға қызығушылық танытты. Академия мен ТИКА түрік агенттігінің білім беру және оқыту саласындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайта түсті.

Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінде (АМЭУ) Дүзже университетінің Түрік білім, ғылым және мәдениет орталығы, Гази университеті мен Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті бірлескен оқу бағдарламалары мен ғылыми жобаларды әзірлеу туралы меморандумға қол қойылды. Түркияның университеттерімен, институттарымен ғылым, жоғары

білім және мәдениет салаларындағы тығыз байланыс Аль Фараби атындағы ҚазҰУ нығайып келеді. Ыстамбұл, Йедитепе, Анкара, Мимар Синан қалаларының жетекші 45 университетімен ынтымақтастық орнатылған. Халықаралық Мевлана бағдарламасы аясында Түркия университеттерімен 31 ынтымақтастық келісімі жасалған. 2022 жылы Ыстамбұл университетінде ҚазҰУ филиалы ашылды. 1996 жылдан бері университетте ТҮРКСОЙ кафедрасы табысты жұмыс істеп келеді, 82 түрік студенті білім алуда. Х.Досмұхамедов пен Түркия Республикасының беделді оқу орны Эржиес университетінің арасында тығыз байланыс орнаған, «Томер: түрік тілін оқыту» орталығын ашылды. Қазақстандағы алғашқы түрік тілін оқыту орталығы, мұнда тілді меңгеру деңгейін анықтайтын сертификат халықаралық деңгейде жарамды. Бұл сертификат «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобаларына және Орхун академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу арқылы Түркия университеттерінде білім алуға мүмкіндік береді [295].

Әл-Фараби халықаралық қатынастар факультетінің дипломатиялық аударма кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстан мен Түркия арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарда Аударма және аударманың өзекті мәселелері»; «Көркем шығармаларды қазақ тілінен түрік тіліне аударудың ерекшеліктері» талқыланды [296].

Мәдени ынтымақтастық және тілді насихаттау Түркияның жұмсақ күш саясатының маңызды бағыттарының бірі. Түркияны шетелде таныту мақсатында көрмелер, Түркия күндері, Түркия апталары, Түркия жылдары, Түркия маусымдары ұйымдастырылады. Қазіргі халықаралық қатынастарда білім мемлекетаралық ынтымақтастықтың маңызды факторы болып табылады. түркі бірлігі мен түркі әлемінің мәдени қауымдастығы идеясын ілгерілетуі аясында білім Анкараның «жұмсақ күшінің» тиімді құралына айналады.Қазақстан білім саласында ҚТЛ қазақ-түрік лицейлері жетекші орындарды иеленеді. Алайда Түркиядағы төңкеріс әрекетінен кейін Анкара лицейлерді жабуды ресми түрде сұрады. Түркия билігі бұл оқу орындарын Гүленшіл Хизмет қозғалысының желілік құрылымының бір бөлігі ретінде қарастырады [297].

Қазақстандық қоғам үшін білімнің алуан түрлігі сырттан әкелген көптеген идеялар мен пікірлерге толы. Қоғамның көңіл-күйі мен санасына сыртқы әсер етуде. Білім беру саласын тек мәдени ықпал ретінде ғана емес, мемлекеттік қауіпсіздік факторы ретінде де талдау керек. лицейлер табысты жұмысын жалғастыруда, мәселе лицейлердің оқу бағдарламаларының мазмұнында емес, олардың идеологиялық бағыттында болып отыр. Ол елдегі бірқатар ұлттық құрылыс, ұлттың өзін-өзі тануы, ұлттық идеяның қалыптасуы, дінаралық татулық, қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығы процестеріне қауіп төндіреді деп есептейді кейбір ғалымдар. ҚТЛ еліміздің білім беру жүйесіне элиталық желісі ретінде қабылданады. Бұл оқу орындары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігі студенттердің алған білім сапасының жоғары екендігін көрсетеді.

Төңкерістен кейін Түркияға ресми сапармен Қазақстан Президенті Қазақстанның Анкараның ресми бағытын қолдайтынын айтты. Н.Ә. Назарбаев

сапарын «бауырым Ердоған мен Түркия мемлекетіне қолдау көрсету үшін» келдім деп түсіндірді [298] Түрік лицейлері келіссөздердің ортақ тақырыптарының бірі болды Осыған байланысты Қазақстан жағы Гүлен қозғалысына қатысы бар түрік мұғалімдерін елден шығаруға уәде берді [299].

ҚТЛ атауын «Білім-Инновация лицейі» (білім-инновациялық лицей) деп өзгерту туралы шешім қабылданды [300].

Бүгінде Қазақстан Гүлен атындағы оқу орындары АҚШтан кейін екінші орында [301].

Республикада Сүлеймен Демирел атындағы 30 лицей, екі халықаралық мектеп, екі колледж және бір университет бар. KATEV (Kazakhstan ve Türkiye Eğitim Vakfı) қоры осы оқу орындарын басқару үшін арнайы құрылған [302] .

Түркияда магистратурада оқу шетелдік білім алғысы келетін көптеген қазақстандық студенттер үшін белсенді дамып келе жатқан бағыттардың бірі болып табылады. Бүгінде түрік білім беру жүйесінде магистратурада 1000-нан астам түрлі мамандықтар бар. Түркияда магистратура бағдарламасы орта есеппен 2 жылға созылады және көбінесе көптеген университеттер студенттерге Түркияда тегін оқуға мүмкіндік беретін ішкі грант ұсынады. Сондай-ақ Түркияда магистранттарды жұмысқа орналастыру бойынша белсенді жұмыс істейтін бағдарламалар бар, оның аясында кез келген шетелдік студент оқуын аяқтағаннан кейін Түркияда тұрып, жұмыс істей алады [303].

### 2.4.2 Денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық

Қазақстан мен Түркияның денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастығын кезеңдерге бөліп, негізгі іс-шараларды ғылыми түрде былайша жүйелеуге болады:

1-кезең. Институционалдық негіздің қалануы (1990-2010 жж.)

1991 ж. дипломатиялық қатынастар орнады, гуманитарлық саладағы алғашқы келісімдерге денсаулық сақтау бағыты да енгізілді.Түркия Қазақстандағы медициналық оқу орындарымен байланыс орната бастады, студенттер мен жас дәрігерлерге стипендиялық бағдарламалар ашылды.Түркияда қазақстандық студенттерді медицина саласында оқыту, алғашқы бірлескен медициналық конференциялар ұйымдастырылды.

2-кезең. Жобалық ынтымақтастық және тәжірибе алмасу (2010-2018 жж.)

2010 жылы Анкарада жоғары деңгейлі стратегиялық ынтымақтастық кеңесі құрылды, оның күн тәртібінде денсаулық сақтау бағыты бекітілді.Түркияның клиникалық тәжірибесін енгізу, фармацевтика нарығында ынтымақтастық басталды. 2017–2018 жж. Түркиялық медициналық компаниялар Қазақстанда жеке клиникалар ашты, ал қазақстандық дәрігерлер Түркияда тағылымдамадан өтті.

3-кезең. Инвестициялар мен ірі жобалар (2019-2022 жж.)

2019 жылы денсаулық сақтау инвестициялары жөніндегі меморандумға қол қойылды, оның мақсаты Қазақстанда 9 жаңа аурухана салу (PPP үлгісі), заманауи диагностикалық орталық ашу, телемедицина технологияларын енгізу. Түркиялық тәжірибеге сүйеніп, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары

денсаулық жүйесіне бейімделе бастады.Қазақстан дәрігерлерін Түркияда қайта даярлау бағдарламасы іске қосылды.

4-кезең. Аймақтық деңгейдегі институционалдық серіктестік (2023-2024 жж.) 2023 жылы Президенттер Қ.Тоқаев пен Р.Ердоғанның стратегиялық кеңесі аясында денсаулық сақтау саласында кешенді серіктестікке қол жеткізілді. 2024 жылы Қазақстан мен Түркия арасында медицина мамандарын дайындау және инновациялық технологиялар бойынша жаңа бағдарламалар іске қосылды.Ортақ ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді (онкология, кардиология, фармацевтика тақырыптарында).

5-кезең. Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы жаңа серпін (2025 ж.)

2025 жылы сәуірде Астанада денсаулық сақтау министрлерінің 5-ші кездесуі өтті. Талқыланған негізгі тақырыптар: биоқауіпсіздік, эпидемиялық дайындық, кадрларды даярлау болды., Бірлескен іс-қимыл жоспары мен декларация қабылданды. 2025 жылы ақпан айында Қазақстан елшісі мен Түркия Денсаулық министрі Анкарада кездесті.Инновация, медициналық кадрлар даярлау, фармацевтика өндірісі талқыланды.Қазақстандық 600 медицина қызметкері Түркияда тағылымдамадан өтуге жіберілді.

Қазақстан мен Түркия арасындағы денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастыққа қатысты нақты кездесулер, қол қойылған құжаттар және іске асырылатын жобаларға 2025 жылы Астанада ортақ денсаулық министрлерінің 5-ші кездесуін атауға болады. 2025 жылы 8 сәуірде Қазақстан Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Түркиялық әріптесі Кемал Мемишоғлу қоса осыған ұқсас ТМҰ мүше мемлекеттердің министрлерімен жиналды. Кездесу барысында білім алмасу, төтенше жағдайларда біріге әрекет ету және биоқауіпсіздік мәселелері талқыланды. Анкарадағы екіжақты кездесу (2025 ж., 26 ақпан) Қазақстан Республикасының Түркиядағы елшісі Еркебұлан Сапиев пен Түркия Денсаулық сақтау министрі Кемал Мемишоғлу кездесті. Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, инновациялар енгізу және медициналық кадрларды даярлау мәселелері қаралды. Кездесу соңында ынтымақтастықты нығайтуға уағдаластыққа қол жеткізілді.Түркияның сауықтыру, клиникалық тәжірибе және медициналық инфрақұрылымдарға қатысты нақты іс-шаралар туралы келіссөздер мен инвестициялар талқыланды. Қазақстандық кадрларды Түркиядағы білім беру және клиникалық тәжірибе арқылы көтеру туралы уағдаластық жасалды, соның ішінде 600 таңдамалы медицина қызметкерлері оқытуды бастайды.

2019 жылы Денсаулық саласындағы инвестициялар бойынша ынтымақтастық туралы меморандум қабылданды. Түркияның Денсаулық министрі Фахреттин Кожа мен ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов келісімге қол қойды. Келісім Қазақстанда 9 ауруханаңы PPP (Public–Private Partnership) үлгісімен салуды және жоғары технологиялы диагностикалық орталық құруды көздейді. 2025 жыл ТМҰ денсаулық министрлерінің кездесуі нәтижесінде декларация, денсаулық сақтау саласындағы бірлескен іс-қимыл жоспары, биоқауіпсіздік және медициналық білім беру бойынша меморандумдарға қол қойылды. 2023 жылғы Әлемдік Саммитте стратегиялық

серіктестік аясында Денсаулық сақтау саласында жалпыға ортақ серіктестік туралы нақты келісімге қол қойылды.

ТМҰ шеңберіндегі министрлік кездесулері мен Анкарадағы екіжақты, жоғары деңгейдегі ұжымдық келіссөздер серіктестікті экономикалық емес, гуманитарлық және институционалдық деңгейге көтерді. Мемориативтік қол қоюлармен қатар нақты диагностикалық орталықтар, РРР ауруханалар, кадрларды даярлау, биоқауіпсіздік, білім және технологиялық трансфер жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретін меморандумдар жасалды.

МСАК (Алғашқы медициналық-санитарлық көмек) жүйесін дамыту, Академия ашу ,кадрларды біріктіріп даярлау  отандық мамандардың деңгейін көтеру (Түркия модельдері негізінде), биоқауіпсіздік бойынша ортақ реактивтік құрылымдарды дамыту, төтенше жағдайларға медициналық жауаптылықты үйлестіру, медициналық инфрақұрылымда инновациялық технологиялар мен фармацевтиканы дамыту бағытында мүмкіндіктер ашылды.

Көптеген шет елдермен денсаулық сақтау саласындағы серіктестіктің дамуына Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі және өзара әрекеттесу еркіндігі серпін берді. Ақпарат алмасу, конференцияларға, симпозиумдарға, конгресстерге бірлесіп қатысу, сондай-ақ бірлескен фармацевтикалық кәсіпорындарды дамыту бойынша 1991-1995 жылдары Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігі мен Түркия Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі арасында үкіметаралық ынтымақтастық жөнінде келісім жасалды. Ал 1997 жылдың қыркүйегінде Қазақстан үкіметі мен Түркия Республикасы үкіметі арасында медицина және денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы жаңа келісім қабылданды. Бұл келісім 5 жылға бекітіліп, автоматты түрде жаңартылуын көздеді

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қозғалысы, Халықаралық Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қозғалысы сияқты ірі халықаралық ұйымдармен бірлескен жобаларды жүзеге асыру Денсаулық сақтау жүйесін реформалау, денсаулық сақтауды жақсарту, медицина ғылымы мен білім беруді дамыту мәселелері Қазақстанның сыртқы саясатының маңызды бағыты болып табылады.

Медициналық білім мен ғылым саласында инновацияларды енгізу, кадр саясатын жетілдіру, денсаулық сақтау жүйесін бастапқы медициналық-санитарлық көмекті дамытуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға қайта бағыттау саласында реформалардың бағыттарын айқындау жұмыстары іске асуда. Әлеуметтік-экономикалық қайта құру үдерісін тереңдете отырып, қосымша ресурстарды пайдаланып Қазақстан саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени сипаттағы халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі болып отыр.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. медицина саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту жолдары денсаулық сақтау саласындағы өзара іс-қимыл мен жан-жақты тәжірибе алмасуды кеңейту, дәрігерлердің біліктілігін арттыру, бірлескен медициналық және фармацевтикалық жобаларды жүзеге асыру,

мамандандырылған семинарлар мен конференциялар ұйымдастыруды жандандырудың нақты қадамдары іске асуда.

Қазақстан Республикасындағы ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің дамуының маңызды факторлары:

кадрлық және қаржылық саясатты жетілдіру,

медициналық білім мен ғылымның сапасын арттыру,

мемлекеттік егемендік ұстанымын сақтай отырып,

гуманитарлық көмек көрсету болып табылады.

Келісімде қарастырылған мәселелер:

жұқпалы ауруларға, пандемияға қарсы күрес;

медицина қызметкерлерін оқыту, біліктілігін арттыру және бірлескен жобаларды әзірлеу, ана мен нәресте өлімінің алдын алу үшін жаңа туған нәрестелерді реанимациялау бағдарламалары;

академиялық ұтқырлық;

мемлекеттік медициналық ұйымдардың стационарды басқару жүйесі;

денсаулық сақтау статистикасын қадағалау және оны үнемі жақсарту;

медициналық қызметтердің сапасын аккредиттеу мәселелері;

мейірбикелік қызмет саласындағы ынтымақтастық;

фармацевтикалық қызмет, медициналық жабдықтар және вакциналарды әзірлеу саласындағы ынтымақтастық, ақпарат және тәжірибе алмасу;

денсаулық сақтау заңнамасын әзірлеу бойынша білім және тәжірибе алмасу;

тәжірибе алмасу және сарапшылар мен медицина қызметкерлерімен алмасуға ерекше назар аудару, бірлескен қызметті дамыту ынтымақтастықты нығайту;

денсаулық сақтау саласында белсенді халықаралық ұйымдармен, соның ішінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен (ДДҰ), Ислам ынтымақтастық ұйымымен (ИЫҰ), Түркі мемлекеттері ұйымымен (ОТС) ынтымақтастық;

денсаулық сақтау саласын инвестициялау саласындағы тәжірибені және әртүрлі инвестициялық модельдер, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерделеу, әзірлеу, енгізу және бөлісу;

цифрлық денсаулық саласындағы мемлекеттердің озық тәжірибелерін қолдану және дамыту қарастырылды.

Жаһандық қатерлі ісік саммитінің кездесулері аясында Түркияның Денсаулық сақтау министрі Фахреттин Кодз мырза және Қазақстан Республикасының Министрі Біртанов Е.А. екі ел арасында денсаулық сақтауды дамыту саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, ауруханалар салу, жоғары медициналық білімді дамыту және тәжірибе алмасу саласындағы тығыз ынтымақтастықты реттейді.

2019 жылы жаһандық қатерлі ісік саммитінің кездесулері аясында Түркияның Денсаулық сақтау министрі Фахреттин Кодз мырза және Қазақстан Республикасының бұрынғы денсаулық сақтау Министрі Біртанов Е.А. екі ел

арасында денсаулық сақтауды ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, ауруханалар салу, жоғары медициналық білімді дамыту және тәжірибе алмасу саласындағы тығыз ынтымақтастықты реттейді. Университеттік ауруханалар мен көп бейінді ауруханаларды салу бойынша ГЧП жобаларын, «Шұғыл жәрдем медицинасы», «Онкологиялық және ядролық медицина» мамандықтарын дамыту туралы келісті. және ядролық медицина», «Травматология және ортопедия», Қазақстан мен Түркияда студенттерін магистратура мен докторантурада мәселелері де талқыланды. Түркияның Қазақстандағы елшілігінде арнайы денсаулық бөлімі ашылды. Башкент университеті мен Семей медицина университеті арасындағы стратегиялық серіктестік негізінде стратегиялық серіктестік жобасы жүзеге асырылуда. Жалпы медициналық мамандықтар бойынша интеграцияланған білім беру бағдарламаларында енгізілген.

Медициналық препараттар нарығын реттеудің жаңа жүйе енгізілді. Қазақстан медициналық дәрі-дәрмек нарығындағы сатылымды қадағалау жүйесінде Түркияның тәжірибесін қолданып отыр. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі аясында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету өнімді өткізуді қадағалау жүйесі, денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыру және фармацевтикалық өнімдерді тасымалдау мен сақтауды жаңғырту бойынша тәжірибе алмасу бойынша жоспарлы жұмыстар іске асырылуда. Қазақстанда түрік жүйесін енгізудің бірнеше кезеңінен өтті.

Бірінші кезеңде тұжырымдама мен ақпараттық жүйе, екінші кезеңде бірыңғай дәрілік заттарды қадағалау, үшінші кезеңде тегін медициналық көмек пен сақтандыру шеңберінде дәрілік заттарды сатып алу мониторингі жүргізу, тқртінші кезең Қазақстан Республикасында нарықтағы барлық дәрілік заттарға мониторинг жүргізу болып табылады.

«Тікелей инвестиция көлемі 4,2 миллиард доллардан астамды құрады Түрік инвестициясы пандемияға қарамастан өсіп отырды. 2021 жылғы тікелей шетелдік инвестиция рекордтық деңгейі 680 миллион долларға жетті. Қазір Қазақстанда түрік капиталының қатысуымен 4 мыңға жуық компания жұмыс істейді», – деді Мемлекет басшысы. Мемлекет басшысы Қазақстанда түрік бизнесінің қатысуымен «Қазірдің өзінде құны 2 миллиард доллардан асатын 61 ірі жоба жүзеге асырылғанын» атап өтті. Бүгінгі таңда «2,5 миллиард доллардан асатын 25 жоба жүзеге асырылуда, 1,3 миллиард доллардан асатын 54 перспективалық жоба іске асыру сатысында» [304].

### 2.4.3 Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени-гуманитарлық және туризм саласындағы ынтымақтастық.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап (1991 ж.) Түркия Республикасы оны бірінші болып мойындаған мемлекет болды. Бұл тарихи қадам екіжақты саяси және экономикалық байланыстарға жол ашып қана қоймай, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа да берік негіз қалады. 1992

жылы қабылданған Достық және ынтымақтастық туралы келісім гуманитарлық саладағы әріптестіктің құқықтық базасын айқындады. Түркия үшін Қазақстан – түркі өркениетінің ажырамас бөлігі, ал Қазақстан үшін Түркия – тарихи, тілдік, мәдени ортақтыққа негізделген стратегиялық серіктес.

I кезең (1991-2000 жж.) – Институционалдық негіздің қалыптасуы

Бұл кезеңде негізгі басымдық білім мен мәдениет саласына берілді. 1991 жылы Түркістан қаласында Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті ашылды. Бұл жоба екі елдің ғана емес, бүкіл түркі әлемінің жастар саясатына арналған ірі мәдени-білім орталығы болды.Қазақстанда қазақ-түрік лицейлері желісі құрылып, екі ел арасындағы білім беру тәжірибесі күшейді.Мәдени салада қазақ және түрік өнер шеберлерінің гастрольдері, әдеби-көркем шығармалардың өзара аударылуы, мәдени күндер ұйымдастырылды.

II кезең (2000-2010 жж.) – Жобалық кеңею және институционалдану

2009 жылы құрылған Түркі кеңесі (қазіргі Түркі мемлекеттері ұйымы) мәдени-гуманитарлық бағыттағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді.Қазақстан мен Түркия бірлесіп Халықаралық Түркі академиясының және ТҮРКСОЙ ұйымының жұмысына белсене қатысты. Мәдени іс-шаралар ауқымы кеңейіп, түркі халықтарының ортақ мұраларын зерттеу, театр және кино фестивальдері өткізіле бастады.

III кезең (2010-2025 жж.) – Интеграциялық серпін және жаңа форматтар

2012 жылдан бастап Қазақстан мен Түркия мәдени-гуманитарлық жобаларды тек екіжақты деңгейде ғана емес, көпжақты форматта жүзеге асыра бастады. 2017 жылы Астанада өткен ЭКСПО көрмесінде Түркия павильоны ерекше орын алды, бұл мәдени дипломатияның көрінісі болды. 2021 жылы Түркістан қаласы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесін иеленіп, Түркиямен бірлескен ондаған мәдени шаралар ұйымдастырылды. Цифрлық гуманитарлық ынтымақтастық дамып, онлайн-мәдени жобалар, виртуалды көрмелер іске қосылды. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын 4 топқа жүйелеуге болады.Олар бірінші білім және ғылым түркі жастарының алмасуы, ғылыми зерттеулер, ортақ басылымдар. Екіншісі, мәдениет және өнер – театр, музыка, кино саласындағы фестивальдер, әдеби аудармалар. Үшіншісі, тарихи-өркениеттік мұра ортақ түркі мұраларын зерттеу, археологиялық экспедициялар. Төртіншісі, жастар және спорт жастар форумдары, спорттық турнирлер, еріктілер қозғалысы.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың саяси және экономикалық қатынастардан айырмашылығы – оның тұрақтылықты қамтамасыз ететін жұмсақ күш сипаты. Халықаралық қатынастар теориясында бұл бағытты мемлекеттердің ұзақ мерзімді әріптестігі мен өзара сенімінің басты құралы ретінде қарастырады. Қазақстан үшін бұл түркілік тамырын сақтау мен ұлттық мәдениетті халықаралық деңгейде танытудың тиімді құралы болса, Түркия үшін – Орталық Азиядағы тарихи ықпалын нығайтудың, «жұмсақ күш» саясатын жүргізудің маңызды векторы. Түркі әлемі Еуразия құрлығының басым бөлігін алып жатыр. Түркі әлемі Таймырдан Парсы тауларына және Сібір тайгасынан Литва мен Польшаға дейінгі кең аумақты мекендеген түрлі мемлекеттер құрамындағы 12

автономиялық құрылымы бар бірқатар түркі этностары мен 6 тәуелсіз түркі мемлекетін қамтиды [305]. Түркі халықтарының саны XXI ғасырдың басында түрлі деректер бойынша шамамен 250-ден 400 миллионға дейін жетеді, едәуір бөлігі Орталық Азия елдерінде және Түркия Республикасында тұрады, ал Ресей, Иран, Қытай сияқты елдерде түркі халықтарының 10-15 миллион өкілі бар [306]. Өзінің аймақтық ішкі жүйесін Түркия түркі кеңістігінде белсенді түрде қалыптастыруда. Түркі институттарының белсенді қалыптасуы түрік үлгісі негізінде түркі әлемінің әлеуметтік өмірін әмбебап етеді [307]**.** Түрік идеяларын ілгерілету және түріктерге бағытталған лоббистік құрылымдардың кең желісін құру негізінде [308]. Анкара түркі мемлекеттеріндегі мәдени-ағарту және гуманитарлық шараларды жүзеге асыруға ерекше мән береді. Түркі кеңістігінде белсенділік танытуының бірінші кезеңі 1992 жылы Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі (TIKA) мен 1993 жылы ТҮРКСОЙ халықаралық түркі мәдениеті ұйымы құрылды, бұл оқиғалар Түркия мен түркі мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастың жаңа кезеңін бастады. Ортақ түркі мәдениеті мен әдебиетін дамыту ТҮРКСОЙ ұйымының негізінде жүзеге асырылды. Аталған ұйым түркі елдерінің мәдениет қайраткерлерін біріктіріп, олардың арасындағы байланыстарды нығайту үшін қажетті платформалар ұсынып, маңызды рөл атқарды «бауырлас түркі халықтарының рухани топтасуына» үлес қосты. Ғалым Грозиннің пікірінше, ТҮРКСОЙ ұйымының басты мақсаты Түркияға икемді түркітілдес мемлекеттердегі элитаны қалыптастыру болды [309]**.**

2006 жылы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысымен Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясы (ТүркПА) құрылды. ТүркПА-ның негізгі мақсаты – мүше мемлекеттер арасында өзара тығыз қарым-қатынасты дамыту, саяси диалогты нығайту және заңнаманы үйлестіру. Түркия үшін бұл ұйымның заңнамалық біріздендіруді қамтамасыз ету қажеттілігі маңызды болды, себебі ұзақ мерзімді перспективада ортақ ұйымның негізінде түркі одағының құрылуы мүмкіндігі, сондай-ақ аймақтағы экономикалық байланыстарды тереңдету мақсаттары көзделді. Нахичеван келісіміне қол қойылуымен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің (ССТГ) құрылуы жалғасын тапты [310].

Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан және Қырғызстан ССТГ мүшелері болып табылады, ал Өзбекстан оларға 2019 жылы қосылды. Ұйым құрылымына Аға шенеуніктердің комитеті, Ақсақалдар кеңесі Мемлекет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, кірді. Барлық салалардағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды кеңейту, сыртқы саясат мәселелері бойынша шешімдерді келісу; аймақта бейбітшілікті сақтау, өзара сенімді, достық пен тату көршілікті нығайту Нахичеван келісімінің ССТГ-нің осындай мақсаттарын анықтады. Түрік-орталық интеграцияның институционализациялану процесіне ССТГ ны серпін берді. Халықаралық Түркі академиясын құру, институттық базаны жобалау, түркітілдес елдердің интеграциясын ілгерілетудің негізгі құралы болды [311].

2021 жылдың қарашасында өткен Ыстамбұл саммитінде Түркі кеңесі атауы Түркі мемлекеттерінің ұйымы ТМҰ болып өзгертілді, бұл түрік сыртқы саясатындағы мақсаттарды белгілеудің жаңа кезеңінің басталуын көрсетті [312].

Анкара экономика және қауіпсіздік саласында түркі мемлекеттерімен өзара әрекеттесуде Ресей және Қытаймен бәсекелесе алмасада «жұмсақ күш» құралдары ТМҰ аясындағы әлеуметтік-мәдени ынтымақтастықты арттыру арқылы ықпалын күшейтуге мүмкіндік береді. ТМҰ трансформациясы түрік-орталық идеяларды ілгерілетуге ықпал етті. Ұйымға екі бақылаушы – Венгрия мен Түркіменстан қосылды, ребрендинг түрік-орталық интеграцияға екінші серпін беру үшін қажет болды. «Түркі әлемінің көзқарасы – 2040» Құрылтай құжаты Түркі мемлекеттері ұйымының даму траекториясын айқындайды. Стратегияның үшінші тармағы ТМҰ - ға мүше мемлекеттердің әлеуметтік-мәдени және гуманитарлық салалардағы өзара іс-қимылын күшейтуді көздейді. Ортақ мәдени белгілерді табып түркі халықтарының бірлігін нығайтуға мүмкіндік беретін мәдениет саласында бірлескен іс-шаралар ұсынылуда. ТМҰ ға мүше мемлекеттер түркі әлемінің мәдени мұрасының ортақ тізімін жасауға келісті, табылған түркі мәдени мұрасының нысандарын өз еліне қайтару механизмін құруда.

«Түркі әлемінің көзқарасы – 2040» Түркі мемлекеттері ұйымының даму траекториясын айқындайтын іргелі құжат болып табылады. Стратегияның үшінші тармағы ТМҰ ға мүше мемлекеттердің әлеуметтік-мәдени және гуманитарлық салалардағы өзара іс-қимылын күшейтуді көздейді [313].

2021 жылдың мамыр айында Әзірбайжан Президенті Әкімшілігінің сыртқы саясат бөлімінің меңгерушісі Х.Гаджиевтің қолдауымен Trend Әзірбайжан халықаралық ақпарат агенттігі мен түріктің Albayrak медиа тобы бірлесіп «Түркі әлемі» медиа платформасын құрды. Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркіменстанның ақпарат агенттіктері платформаның қызметіне қосылды. Платформа ТМҰ мемлекеттерінің барлық тілдерінде, сондай-ақ орыс және ағылшын тілдерінде ақпарат таратуды жүзеге асырады

Түркия Президентінің бас кеңесшісі Топчу платформаның маңыздылығын, оның түркі халықтарына жеткізуге көмектесетінін атап өтті [314]. 2022 жылдың желтоқсан айында Астанада Бірінші Орталық Азия медиа форумы өтті, оның негізгі мақсаты медиа саласының даму тенденциялары мен перспективалары талқыланды. Медиа-форум бағдарламасында «Бірыңғай платформаны қалыптастыру перспективалары» секциясы барлығының қызығушылығын тудырды. Форумға Түркиядан спикерлердің қатысуы біртұтас медиа-платформаның ауқымының кеңеюін көрсетеді.

2022 жылы Баку қаласында ТМҰ-на мүше елдердің аудиовизуалды бұқаралық ақпарат құралдарын реттеуші органдарының бірінші отырысы өтті, күн тіртібінде қойылған мәселеинституционалдық негіз құрудың мүмкіндіктері мен перспективаларын талқылау болды, елерадио хабарларын реттеуші органдар форумын құру туралы шешім қабылданды, журналистер қауымдастығы құрылды.

Түркі мемлекеттерінің ғылыми әлеуетін біріктіру мақсатында «Түркі әлемінің аналитикалық орталықтары желісін» құру, түркі тарихы, мәдениеті, тілі, әдебиеті және географиясы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру, білім мен ғылым саласындағы оқу бағдарламаларын өзара үйлестіру қарастырылуда. Алға қойылған жоспарлар ішінде жастар саясаты бойынша үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) жастар платформасын құру, диаспоралардың өзара әрекеттесуін және әлеуетін пайдалану, жеке және мемлекеттік БАҚ арасындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ ортақ түркі құндылықтарын насихаттайтын фильмдер мен сериалдар өндірісін ынталандыру көзделген. «Ортақ түркі мәдениеті» негізінде ТМҰ қатысушы елдердің бірігуі түрік-орталық интеграция идеясын қолдап, әлеуметтік-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты күшейтуді мақсат етеді. ТМҰ мүшелері әртүрлі салаларда өздерінің «Көзқарастарын» кезең-кезеңімен жүзеге асыру барысында ортақ тілдіктің бірлігіне деген қызығушылық жандана бастады. 2022 жылы қараша айында Түркияның  Бурса қаласында «Түркі әлемінің ортақ әліпбиі бойынша семинар» өтті. Түрік лингвистикалық қоғамының басшысы Г.Гюльсевиннің төрағалығымен өткен семинардағалымдар түркі әліпбиінің даму тарихына қатысты мәселелерді көтерді [316].

Түркі мемлекеттерінің мәдени және экономикалық байланыстарын жеделдету мақсатында ортақ түркі жазуы фактор бола алады деген қорытындыға келді семинарға қатысушылар, «Бірыңғай әліпби жасау жөніндегі комиссия» құру ұсынылды. Сарапшылар ортақ жазбаша тілді құру жұмыстарын бастап ТМҰ ақсақалдар кеңесіне есеп береді, ол Комиссияның бірінші отырысы Қырғызстанда өтті. 1990 жылдардың басында - ақ Ортақ жазба тіл жасау мәселесі көтерілген. Бірқатар түркі мемлекеттерінде латын әліпбиіне көшу күрделі мәселелерге тап болып, бұл бағыттағы алғашқы қадамдар ешқандай табысқа әкелмеді .

ТМҰ мүше елдердің бірлескен қызметі аясында Анкара түркі әліпбиін «түркілеу» әрекеттерін қайта бастауға ықпал етуі мүмкін. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бар тарихи және лингвистикалық дереккөздерді зерделеу мен жүйелеудің маңыздылығын 2022 жылы Самарқандта өткен ұйым саммитінде атап өтті. Қазақстан Президенті Қ-Ж.К.Тоқаевтың пікірінше лдерінің ғылыми институттары мен оқу орындарының белсенді өзара іс-қимылын кеңірек әлемдік қауымдастыққа ұсынылуы қажет[317]**.**

Түркия алмасу бағдарламалары саласында міндеттемелер алды, түрік білім беру жүйесін басқа ТМҰ мемлекеттеріне енгізу мәселелері қарастырылды, бірыңғай оқулықтар жасау жұмыстары жүргізілді, түркі тарихы, географиясы, әдебиеті бойынша Халықаралық Түркі академиясының мамандары оқулықтар әзірледі. Қазақстанда және Қырғызстанда элективті курстар, ал Түркия мен Әзірбайжан жалпы мектеп бағдарламасына жаңа материалдар бойынша пәндерді енгізуді жоспарлап отыр [318]**.**

Түркі әлемінің мүмкіндіктері мен болашағы ынтымақтастық пен интеграция саласында қарқынды дамуда. Білім беру ресурстарының көмегімен

түркі халықтарының әлемдегі рөлі мен орны туралы біртұтас көзқарасын жасау жоспарланып отыр, ал ортақ тарихи-мәдени өткен түркілердің жалпы тарихтан бөлінуі арқылы бүкіл түркі кеңістігінің біріктіруші факторына айналуы әбден мүмкін. Болашақта түркі мемлекеттері ұйымы аясында ортақ мәдени кеңістік құрып, бірлескен цифрлық гуманитарлық жобаларды дамыту (онлайн университет, түркілік дерекқорлар) қажет.Жастар арасындағы академиялық және мәдени алмасуларды кеңейт керек. Сонымен қатар мәдени ынтымақтастықта да басты назар аударатын мәселелерде бар: олар институционалдық жобалардың кейбірінде қаржыландыру мен тұрақты механизмдердің жетіспеуі, қоғамдық деңгейде ақпараттандырудың әлсіздігі, бірлескен жобалардың көпшілігінің тек астана орталықтарында шоғырлануы, мәдени ықпалдастықты саясаттандыру қаупі де бар.

Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан басталып, қазіргі таңда көпжақты интеграциялық құрылымдар аясында дамуда. Ол екі елдің саяси және экономикалық байланыстарына мәдени негіз беріп қана қоймай, бүкіл түркі өркениетінің жаңғыруына үлес қосып отыр. Сондықтан мәдени-гуманитарлық серіктестік Қазақстан мен Түркия қатынастарының ең тұрақты әрі стратегиялық маңызы бар салаларының бірі болып саналады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени байланыстар мен туризм саласындағы ынтымақтастық екі елдің тарихи-өркениеттік тамырластығына, ортақ түркілік мұрасына және қазіргі заманғы жаһандық процестерге сәйкес дамып отыр. Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдениет және туризм саласындағы қатынастарға ғылыми талдау жасасақ, оны салыстырмалы түрде 3 өлшем бойынша қарастыруға болады: тарихи-өркениеттік негіз, қазіргі даму кезеңдері және институционалдық ынтымақтастық. Мәдениет пен туризм тек гуманитарлық ықпалдастықтың құралы ғана емес, сонымен қатар халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтатын, ұлттық имиджді қалыптастыратын және экономикалық дамуға үлес қосатын стратегиялық фактор ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақстан мен Түркия халықтарының арасындағы мәдени жақындастықтың түп-тамыры ортақ түркі өркениетінде жатыр. Екі елдің этнолингвистикалық, діни және дәстүрлік ортақтығы өзара байланыстардың табиғи жалғастығы болып саналады. Мәселен, түркі халықтарының тарихи бірлігін бейнелейтін Ұлы Жібек жолы мұрасы қазіргі кезеңде мәдени туризмді дамытуға жаңа серпін беруде. Сонымен қатар, ислам өркениетінің ортақ құндылықтары діни-мәдени интеграцияны нығайтып, халықтық дипломатияның өрісін кеңейтеді.

Мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың институционалдық негізін Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ), Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы (TÜRKSOY), Түркі академиясы және Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры секілді құрылымдар қамтамасыз етеді. Бұл ұйымдар аясында әдеби мұраларды насихаттау, ортақ мерейтойларды атап өту және ғылыми-зерттеу жобаларын үйлестіру жүзеге асуда. Мысалы, Қазақстанда Абай Құнанбаев пен Жамбыл

Жабаевтың, Түркияда Юнус Эмре мен Мевлананың мерейтойлары бірлесіп аталып өтеді. Бұл шаралар түркі халықтарының ортақ мәдени кодын сақтауға әрі жаңғыртуға ықпал етеді.

Соңғы жылдары екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастық айтарлықтай кеңейді. Қазақстанда түрік мәдениетінің апталығы, кино күндері, өнер көрмелері өткізілсе, Түркияда қазақ әдебиеті мен өнеріне арналған ғылыми конференциялар мен этномәдени фестивальдер ұйымдастырылады. Сонымен қатар, екі ел арасындағы білім беру байланыстары да мәдени ықпалдастықтың маңызды бөлігі болып табылады. Түркия университеттерінде мыңдаған қазақстандық студент білім алса, Қазақстанда Түркияның «Юнус Эмре» мәдени орталығы белсенді қызмет атқаруда. Бұл өз кезегінде мәдениетаралық диалогты тереңдетіп, екі ел арасындағы интеллектуалдық байланыстарды дамытады.

Туризм бағытында екі ел арасындағы өзара байланыстар ассиметриялық сипатқа ие. Жыл сайын шамамен 500 мыңнан астам қазақстандық турист Түркияға демалысқа барады. Бұл көрсеткіш Қазақстан азаматтары үшін Түркияның басты туристік бағыттардың бірі екенін көрсетеді. Түркияға сапардың негізгі мотивтері – теңіз жағалауындағы демалыс, шопинг, медицина және тарихи-мәдени туризм. Ал Қазақстанға келетін түрік туристерінің саны салыстырмалы түрде аз – жылына 50–60 мың адам шамасында. Олардың басым бөлігі іскерлік сапармен немесе этномәдени және діни туризм мақсатында келеді (Астана, Алматы, Түркістан, Жібек жолы бағыттары).

Қазақстанда туризмнің әлеуеті зор болғанымен, инфрақұрылымдық дамуы Түркиямен салыстырғанда әлдеқайда баяу. Түркия тәжірибесі Қазақстан үшін туризмді ұлттық бренд деңгейінде дамыту, халықаралық маркетинг жүйесін қалыптастыру және туристік қызмет сапасын арттыруда маңызды үлгі болып табылады. Жалпы алғанда, мәдениет және туризм саласындағы ынтымақтастық екі елдің халықтық дипломатиясының пәрменді құралы ретінде сипатталады. Түркия Қазақстанға мәдени «жұмсақ күш» ықпалын жүргізсе, Қазақстан үшін Түркияның тәжірибесі туризм индустриясын дамытудың үлгісі болып отыр. Дегенмен, болашақта екі ел арасындағы туризм ағынын теңестіру, яғни Түркиядан келетін туристер санын арттыру қажет. Бұл үшін Қазақстан өзінің табиғи ресурстарын (Алматы таулары, Бурабай, Алакөл), этномәдени мұрасын (Түркістан, Отырар, Жібек жолы қалалары) кеңінен таныстыруы тиіс. Сонымен бірге, мәдени ынтымақтастық тек мерекелік шаралармен шектелмей, ғылыми-зерттеу, аударма, мәдени индустрия және заманауи медиа кеңістікте тереңдетілуі керек. Бұл бағыттағы жүйелі саясат Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестікті гуманитарлық деңгейде нығайтып, түркі өркениетінің ортақ кеңістігін құруға жол ашады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени байланыстардың басты ерекшелігі олардың тарихи және өркениеттік ортақтығы. Екі мемлекет те түркі өркениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл фактор мәдени дипломатияның табиғи негізін құрайды.

Институционалдық деңгейде мәдени ынтымақтастық Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ), TÜRKSOY, Түркі академиясы және Юнус Эмре институты

арқылы жүзеге асуда. Мысалы, TÜRKSOY аясында Қазақстанның Абай, Жамбыл, Мағжан сияқты классиктерінің шығармашылығы Түркияда кеңінен насихатталса, Түркияның Мевлана, Юнус Эмре мұралары Қазақстанда дәріптелуде. 2023–2025 жылдары мәдени байланыстарды нығайтатын маңызды іс-шаралар қатарында Түркістан қаласының «түркі әлемінің рухани астанасы» мәртебесін алуы және Қазақстанда Юнус Эмре мәдени орталығының белсенді қызметі бар. Институционалдық әлсіздігі де бар, мәдени іс-шаралар көбіне мерейтойлық немесе фестивальдік сипатта өтеді, бірақ жүйелі ғылыми-зерттеу және мәдени индустрияны дамыту жеткіліксіз. Мәдени өнім алмасудағы теңсіздік Түрік сериалдары, музыкасы Қазақстанда кең таралғанымен, қазақ мәдениеті Түркияда шектеулі аудиторияға жетіп отыр.Тілдік тосқауыл ортақ түркі тілі қалыптаспағандықтан, мәдени байланыстар көбіне орыс немесе ағылшын тілінде жүреді.

Болашақта ортақ түркі мәдени кеңістігін қалыптастыру қажет (біріккен киножобалар, әдеби аудармалар, өнер көрмелері). Цифрлық мәдениет пен медиа саласында ынтымақтастық (ортақ платформалар, онлайн-мұражайлар) іске асыру жастарға бағытталған мәдени бағдарламаларды көбейту (студенттік алмасулар, жазғы мектептер, жастар форумдары) күн тәртәбәне қойылу керек.

Туризм саласында екі ел арасындағы ынтымақтастықтың деңгейі әркелкі. Түркия Қазақстан үшін басты туристік бағыттардың бірі болып табылады. 2023 жылы Түркияға барған қазақстандық туристердің саны 500 мыңнан асты. Қазақстандықтар үшін Түркияның тартымдылығы – теңіз жағалауы, қолжетімді инфрақұрылым, жоғары сервис және виза режимінің жеңілдігі.Керісінше, Қазақстанға келетін түрік туристерінің саны әлдеқайда аз (жылына 50–60 мың). Олар негізінен іскерлік сапарлармен, этномәдени және діни мақсаттағы туризммен (Түркістан, Астана, Алматы) шектеледі. Оған инфрақұрылымның жеткіліксіздігі Қазақстанда әлемдік деңгейдегі туристік сервис пен көлік-логистика әлі де дамымаған. Маркетингтік әлсіздік Қазақстанның туристік әлеуеті Түркия нарығында кеңінен насихатталмаған. Баға мен сапа арақатынасы – Қазақстандағы туристік қызмет бағасы салыстырмалы түрде жоғары, бірақ сервистік сапа Түркиямен бәсекеге түсе алмайды. Болашақта Түркия тәжірибесін пайдаланып, Қазақстанның ұлттық туристік брендін қалыптастыру, этномәдени және экотуризмді дамыту (Жібек жолы қалалары, Түркістан, Алакөл, Алтай), ортақ туристік пакеттер жасау (мысалы, «Анкара – Баку – Түркістан» бағыты) бойынша. Түркия қонақүй бизнесі мен инфрақұрылымына қаржы сала алады. Мәдениет саласында Түркия Қазақстанға мәдени өнім экспорттаушы ретінде басымдыққа ие, ал Қазақстан өз мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттауда артта қалып отыр. Туризм саласында Түркия Қазақстан үшін басты бағыт болса, Қазақстан әзірге түрік туристері үшін екінші дәрежелі дестинация болып қала беруде. Мәдениет пен туризм бағыттары Түркия мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің гуманитарлық негізін құрайды. Қазіргі кезеңде бұл салада асимметрия байқалады: Түркия мәдениет пен туризмде «жұмсақ күш» құралдарын белсенді қолданса, Қазақстан көбіне қабылдаушы тарап ретінде қалып отыр. Болашақта Қазақстан үшін негізгі міндет өзінің бай мәдени

мұрасын әлемдік деңгейде таныту және туризм индустриясын түрік тәжірибесіне сүйене отырып дамыту.Жүйелі саясат жүргізілген жағдайда, мәдениет пен туризм саласындағы ынтымақтастық екі ел арасындағы байланыстарды жаңа деңгейге көтеріп, түркі әлемінің интеграциясына нақты үлес қоса алады.

2025 жылы Ақтау қаласы «түркі әлемінің мәдени астанасы» атанды. Бұл мәртебеге ие болған қалада TURKSOY – Халықаралық Түркі мәдениеті ұйымы мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен 30-дан астам халықаралық мәдени іс-шара өткізілді. Атап айтқанда ашылу салтанатына 1 400 өнер иесі қатысты, Каспий жағалауында «Дархан Дала» этноқаласы құрылды. Димаш Құдайберген, Юлдуз Усманова секілді түркі жұлдыздарының концерттері өтті. Театрлар, қолөнер көрмелері, әдеби кездесулер мен симпозиумдар ұйымдастырылды Алматы – Түркі әлемінің жастар астанасы (2025). 2025 жылы Алматы қаласы «Түркі әлемінің жастар астанасы» мәртебесіне ие болды. 18 тамызда өткен ашылу рәсімі халықаралық деңгейде өтті. Биыл қалада жастар форумдары, саяси және экологиялық жобалар, Digital Turkic Youth Forum және Zhaidarman Fest сияқты шаралар ұйымдастырылатын болады. Korkut Ata фильм фестивалі (2021–2022) TÜRKSOY ұйымдастыруымен өткізілетін алғашқы түркі әлемі фильм фестивалі 2021 ж. Стамбулда өтті, қатысқандар: Қазақстан (Kazakhfilm), Әзербайжан, Өзбекстан және тағы басқалар. 2022 ж. Бурсада жалғасты, қатыметкерлер арасында қазақ режиссерлар да бар . «Botai – Ұлы дала мәдениеті» халықаралық симпозиумы 2025 жылдың тамызында Солтүстік Қазақстан облысында өткен бұл іс-шарада Botai мәдени мұрасы, Жер өңдеу дәстүрлері насихатталды. Петропавлда Мақжан орталығы – ақын, философ Мақжан Жұмабаевтың атымен ғылыми-кәдемдік орталық ашылды.

2024 жылы Қазақстанның бас консулдығы мен TÜRSAB (Түркиядағы туристік агенттіктер қауымдастығы) бірлесіп Стамбулда Қазақстанның туристік әлеуетін таныстыруға арналған бетпе-бет кездесу форматында шара өткізді. Іс-шараға Қазақстан туроператорлары, арнайы презентациялар, дәстүрлі тағам дәмі және туристік бағыттар таныстырылды. 2025 жылы Астанада Anex Tour ұйымдастырған бұл іс-шарада 44 түрік қонақүйі өкілдері, Қазақстанның 700 ге жуық туристік агенттіктерімен кездесті, мақсаты Түркияға туристік қызығушылықты арттыру, өнімдер мен ұсыныстарды ортаға салу. 2023 жылы Алматыда өткен Kazakhstan International Tourism and Travel Exhibition (KITF) көрмесінде Түркия да қатысқан елдердің бірі. 74% қатысушылар шетелден келген, олардың ішінде Түркияданы жақсы көрсетілген. Бұл событие Қазақстанның туризм саласында халықаралық деңгейде диалог орнатуына ықпал етті. Ақтау – Түркі мәдениетінің мәдени астанасы,Алматы – жастар арасындағы мәдени ынтымақтастықтың хабы. фильм фестивальдері, симпозиумдар мен мәдени орталықтар – рухани және ғылыми байланыстарды тереңдетудің нақты көрінісі, B2B кездесулер, туризм көрмелері және турысты таныстыру шаралары – маркетингтік тұрғыдағы белсенділікті көрсетеді. Осы нақты іс-шаралар мен кампаниялар – екі елдің мәдени және туристік ынтымақтастығының тиімділігін дәлелдейтін нақты фактілер.

Түрік-қазақ қатынастарының маңызды ең қарқынды дамып келе жатқан саласы мәдениет саласы болып табылады. Қазақстан мен Түркия екіжақты байланысты нығайту үшін этникалық және тілдік жақындық факторын пайдаланады. Түркия Президент Ердоған 2022 жылдың қазан айында Астанаға сапары кезінде екі елдің қарым-қатынасының стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілуі екі халықтың тарихы, діні, тілі мен мәдениетінің ортақтығына негізделген [318].

1992 жылы Түркістан қаласында сопылық мектептің негізін қалаушы Ахмед Ясауи атындағы бірлескен университет құрылды. Түркия премьер-министрі С.Демирелдің Қазақстанға сапары кезінде бұл университетті түрік-қазақ ету туралы шешім қабылданды. Университет кеңесінің құрамына Түркияның бес азаматы және Қазақстанның бес азаматы кірді. Екі елдің білім беру мекемелері университеттің қызметін тең үлеспен қаржыландырады, ал оқыту түрік, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады. Университетте 10 факультет бар, және 12 мыңнан астам студент білім алуда. Педагогикалық құрамның саны 900 адамды құрайды [319] .

70 мыңнан астам түлек бітірді, олардың дипломдары Қазақстанда да, Түркияда да мойындалды, түркі әлемін зерттеуге арналған ғылыми іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады, Университет түркі халықтарының бірлігі идеясын дамытудың тұғырнамасы болып табылады [320]. 2023 жылдың қазан айында Оныншы Халықаралық Түркі құрылтайы өтті. конгресстің тақырыбы «Қазіргі түркология: негізгі парадигмалар және пәнаралық байланыс» деп аталды, Түрік Республикасының құрылуына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған съезд барысында «түркі өркениетінің» кең ауқымды мәселелері талқыланды [321]. Қазақстандық студенттер Түркияның әртүрлі университеттерінде білім алуда. 2011 жылы Түркиядағы 26 мың шетелдік студенттің 727-сі қазақстандықтар болса [322], 2015 жылы Түркияда білім алатын Қазақстан азаматтарының саны 1307-ге жетті [323].

Студенттердің көпшілігі Түркия мемлекетінен Türkiye Bursları стипендиясын алады, немесе «шетелдегі түркілер» және «туысқан қауымдастықтар кеңсесі» арқылы оқуға келген, тегін білім алып, университетте жатақханада тұруға және тегін тамақтандыруға мүмкіндік алады. Авиабилеттердің барлық шығындары қабылдаушы тараптың есебінен төленеді. 2022 жылдың қарашасында Астана қаласында «Түркия университеттері түлектерінің қоғамы» ашылды, бұл ұйым Түркияның Шетелдегі түркілер және туысқан қауымдар кеңсесінің қолдауымен құрылды, және оған А. Эрен қатысты. Эрен Қазақстанның 1992 жылдан бері түркі республикалары арасында алғашқылардың бірі болып өз азаматтарын Түркияға білім алуға жібергенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, ол Қазақстандағы түрік университеттерін тәмамдаған түлектер саны 7 мыңнан асқанын, олардың 5800-ден астамы Түркия мемлекеті тарапынан білім гранттарын алғанын мәлімдеді [324].Ол қоғам түрік университеттерінің түлектері арасындағы байланысты сақтап, Түркиямен өзара ынтымақтастықты дамытып, байланыстарын жалғастыратын платформа қалыптастыру мақсатында құрылғанын атап өтті [325].

Әлемнің көптеген елдерінде жұмыс істейтін түрік «Мәариф» қорының білім беру жобаларын Анкара Қазақстанда жүзеге асырмақшы. Қор 2016 жылы Түркияда заңсыз деп танылған ислам қайраткері Ф.Гүлен құрған. Түркияның мемлекеттік басшылығы «Гүлен мектептерін» басқа мемлекеттердің білім беру жүйелерінен шығаруды көздеп, олардың орнына мемлекет бақылауындағы оқу орындарын ашуды қолға алуда. Қазақстанда мұндай түрік білім беру мекемелері әлі құрылмағанымен, 2022 жылғы бірлескен түрік-қазақ декларациясында «Мәариф» қорының қызметіне Қазақстан тарапынан қолдау көрсету қажеттілігі атап өтілді [326].

Мәдени жақындық екіжақты қарым-қатынастарды нығайту факторы ретінде пайдаланылады, ол түркі елдері арасындағы көпжақты байланыстарды дамытудың негізі болып табылады. Түркияға құрмет белгісі ретінде Астанада Мұстафа Кемал Ататүрікке ескерткіш орнатылған. Н.Ә. Назарбаев «Ататүрік айтқандай, бүкіл түркі халықтары бірігетін күн келеді. Бұл күні түркілер әлемдегі ең беделді халыққа айналады» [327] .

Түркі әлемі елдерінің жақындасуы тек мәдени қажеттілік емес, түрік зерттеушісі А.Алан «түркі мемлекеттерімен ынтымақтастығын тереңдету арқылы Түркия Батыс әлемі, Ресей мен Қытай алдында халықаралық ұстанымын нығайтып келеді» деп есептейді, сондай-ақ ол түркі әлемінің Еуразияның орталығында орналасуы ұлы державалардың қарсыласуына итермелеуі мүмкін деген пікір айтады. АҚШ түркі әлемі факторын Ресейге, Қытайға, тіпті Иранға қарсы қолдануға тырысуы мүмкін. Бұл тұрғыда Түркия мен Қазақстан сыртқы саясат саласында ірі державалармен теңгерімді қарым-қатынастар орнатуды қамтамасыз етуі тиіс [328]. Түркі әлеміндегі ынтымақтастықтың дамуы әсіресе мәдениет, білім және ғылым салаларында үздіксіз жалғасуда. Ортақ түркілік сананы күшейту бағытында Халықаралық Түркі академиясы, Юнус Эмре Түркі институты секілді халықаралық ұйымдар қызмет атқаруда.

2018 жылдан бастап түрік мектептерінде ортақ түркі тарихын оқыту басталды. Бұл бағыттағы жетістіктердің бірі 2020 жылы шыққан «Түркілердің жалпы тарихы» деп аталатын бірыңғай мектеп оқулығының жарыққа шығуы болды. Авторлар ұжымы дайындаған оқулық Түркия, Қазақстан және Әзірбайжан елдерінің білім беру бағдарламаларына енгізілді, 2022 жылы Халықаралық Түркі академиясының ғылыми кеңесі «Түркі әлемінің географиясы» және «Түркі халықтарының жалпы әдебиеті» сияқты пәндер бойынша мектеп оқулықтарын бекітті [329] .

Азербайжан, Түркия, Қазақстан мектептері осы оқулықтар арқылы сабақ бере бастады, мәдени сала түрік-қазақ қатынастарының ең табысты бағыты болып табылады.

Түркітілдес мемлекеттердің дамуы дәстүрлі мемлекетаралық мәдени байланыстардан асып, жаңа бағытта дамып келеді. Түркия мен Қазақстанда ортақ оқулықтардың енгізілуі арқылы жастар арасында біртұтас тарихи сана қалыптасып, ұлттық әдеби шығармалар арқылы ортақ мәдени құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді. Сонымен қатар, географиялық идеялардың қалыптасуы үдерісі басталды. Түркияның Орталық Азиядағы қатысуы және

сыртқы саясаттағы «түркі бағытының» дамуы Түркия үшін Қазақстанмен қарым-қатынасты маңызды етеді. Түркия мен Қазақстан саяси және мәдени салалардағы екіжақты байланыстарда қол жеткізген жетістіктерді сақтауға тырысып, бұл екі мемлекет үшін ерекше құндылыққа ие болып отыр.

Қазақстан мен Түркия арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық екі ел қатынастарының стратегиялық өзегін құрайды. Бұл бағыттағы серіктестік ең алдымен 1991 жылы Түркістан қаласында ашылған Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен бастау алды. Университет тек екі ел жастарына ғана емес, бүкіл түркі әлемінің студенттеріне сапалы білім беруді мақсат етті. Кейінгі жылдары Қазақстанда ашылған қазақ-түрік лицейлері орта білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтерді.

Ғылым саласында бірлескен зерттеу жобалары, археологиялық және тарихи экспедициялар жүзеге асырылып, түркі өркениетінің ортақ мұралары зерттелуде. Сонымен қатар, академиялық мобильділік аясында қазақстандық студенттер Түркияда білім алып, ал түрік ғалымдары Қазақстан университеттерінде дәріс оқып жүр. Бұл ғылыми орта мен кадрлық әлеуеттің нығаюына ықпал етті. Алайда, білім мен ғылымдағы ынтымақтастық тек жоғары оқу орындарымен шектелмеуі тиіс. Қазіргі заманда цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, «жасыл экономика» сияқты жаңа ғылыми бағыттар бойынша ортақ зертханалар құру қажеттілігі артып отыр. Бұл екі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі факторлардың бірі.

Мәдени байланыстар Қазақстан–Түркия қарым-қатынастарының ең айқын әрі халықтар арасындағы өзара сенімді нығайтатын бағыты болып табылады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап екі ел арасында мәдени күндер, өнер шеберлерінің гастрольдері, әдеби шығармалардың өзара аударылуы кеңінен жүзеге асырылды. Түркі әлемінің мәдени мұрасын сақтау мен дәріптеу мақсатында екі мемлекет те ТҮРКСОЙ ұйымының жұмысына белсене қатысады.

Туризм саласында да ынтымақтастық кеңейіп келеді. Түркия қазақстандық туристер үшін ең танымал бағыттардың бірі саналады, жыл сайын жүздеген мың азамат демалысын осы елде өткізеді. Ал Қазақстан өз кезегінде Түркия үшін экотуризм мен мәдени мұраға негізделген жаңа бағыт ұсынады. Түркістанның «Түркі әлемінің мәдени астанасы» атануы, Астана мен Алматыдағы халықаралық іс-шаралар Қазақстанды аймақтағы мәдени туризм орталығы ретінде танытты. Дегенмен, туризм саласында Қазақстан тарапынан инфрақұрылымдық әлсіздік пен маркетингтік саясаттың жеткіліксіздігі байқалады. Сондықтан болашақта екі елдің туризмді дамытудағы тәжірибе алмасуын тереңдету және бірлескен турөнімдерді халықаралық деңгейге шығару маңызды.

Қазақстан мен Түркия денсаулық сақтау саласында да бірқатар келісімдерге қол жеткізді. Әсіресе 2010 жылдан кейін екі ел арасында медициналық тәжірибе алмасу, ғылыми конференциялар өткізу, дәрігерлердің кәсіби даярлығын жетілдіру бойынша жобалар жүзеге асырылды. Түркия – медициналық туризмнің дамыған орталығы, сондықтан қазақстандық азаматтардың Түркияда емделуі кеңінен таралған тәжірибеге айналды. Ресми

деңгейде екі мемлекет денсаулық сақтау министрліктері арасында ынтымақтастық жөнінде меморандумдар мен келісімдер жасалды. Бұл құжаттар медициналық кадрларды даярлау, фармацевтикалық өнеркәсіп, биотехнология және ауруханалық менеджмент бағыттарын қамтиды. Сонымен қатар, пандемия кезеңінде Түркия Қазақстанға гуманитарлық көмек көрсетіп, екі ел денсаулық саласындағы серіктестіктің маңызын дәлелдеді. Болашақта бұл ынтымақтастықты медициналық ғылыми орталықтар құру, клиникалық зерттеулер жүргізу, инновациялық технологияларды енгізу арқылы нығайту қажет.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық екі елдің тарихи-өркениеттік тамырына негізделген. Ол халықтар арасындағы рухани жақындастықты қамтамасыз етіп, экономикалық және саяси серіктестіктің тұрақтылығын арттырады. Бұл салада мәдениет, ғылым, білім, жастар саясаты, спорт, тарихи мұраны қорғау және гуманитарлық көмек бағыттары біріктірілген.Қазақстан үшін Түркия – түркілік мәдени мұраны халықаралық деңгейде насихаттаудағы басты әріптес, ал Түркия үшін Қазақстан – Орталық Азиядағы мәдени ықпалын арттырудың негізгі векторы. Түркі мемлекеттері ұйымы аясында қабылданған мәдени-гуманитарлық бағдарламалар екі ел ынтымақтастығын аймақтық деңгейге шығарады. Алайда, бұл салада да шешімін күткен мәселелер бар. Біріншіден, бірлескен жобалардың көпшілігі тек астаналық орталықтарда шоғырланған, өңірлік деңгейдегі қатысу әлі жеткіліксіз. Екіншіден, қаржыландыру мен институционалдық тұрақтылық мәселелері бар. Үшіншіден, кейбір гуманитарлық жобалардың саясилануы олардың мәдени мазмұнын әлсіретуі мүмкін. Болашақта мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың басым бағыттары – цифрлық мәдени жобалар, бірлескен білім беру платформалары, ортақ ғылыми дерекқорлар және жастардың академиялық алмасуын кеңейту болып табылады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы білім және ғылым, мәдениет және туризм, денсаулық сақтау, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық бағыттары кешенді сипатқа ие. Бұл салалардағы байланыстар саяси-экономикалық қатынастарды толықтырып қана қоймай, оларды қоғам деңгейінде тұрақтандыратын жұмсақ күштің негізін қалайды. Екі елдің стратегиялық серіктестігін күшейту үшін:білім және ғылым саласында бірлескен инновациялық зерттеу орталықтарын ашу; мәдениет және туризмде – ортақ турөнімдер жасап, әлемдік нарыққа шығару; денсаулық сақтау саласында – біріккен медициналық кластерлер құру; мәдени-гуманитарлық салада – жастар саясаты мен цифрлық мәдени жобаларды дамыту қажет. Осылайша, гуманитарлық ынтымақтастық Қазақстан–Түркия қатынастарының болашақтағы ең сенімді әрі тұрақты тіректерінің бірі болып қала бермек.

# 3 ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ

## 3.1 Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығының тарихы, бағыттары ортақ идеялары мен тәжірибесі

Диссертациялық жұмысымыздың үшінші бөлімінде түркі мемлекеттері ұйымының қалыптасуы, оның даму кезеңдері мен «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі» «Түркі мемлекеттерінің ұйымы» болып өзгертілуінің тарихы мен негізгі бағыттары мен ортақ идеялары талқыланады.

Кеңес Одағының ыдырауынан кейін посткеңестік кеңістікте жаңа геосаяси жағдай қалыптасты. Тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан үшін сыртқы саясаттағы басты міндеттердің бірі жаңа серіктестер тауып, халықаралық аренада өз орнын айқындау болды. Осы тұста Түркия Республикасы Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындап қана қоймай, түркі дүниесімен мәдени және саяси байланыстарды жандандыруға мүдделілік танытты. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Түркия Қазақстанның егемендігін ресми түрде таныды, ал 1992 жылы екі мемлекет арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды.

Қазақстан мен Түркияның қатынастарының даму кезеңдері төрт топқа бөліп қарастырамыз.

І кезең-1991-2000 жылдар арасындағы қалыптасу және ізденіс дәуірі.

Бұл кезеңде Түркия өз сыртқы саясатында пантюркизм идеяларын қайта жаңғыртып, Орталық Азиядағы жаңа тәуелсіз түркі республикаларына ықпал етуді көздеді. Түркияның сол кездегі премьер-министрі С. Демирель «Түркияның ТМД-дағы мұсылман республикаларының саяси болашағын айқындайтын бірегей перспективасы бар» деп атап көрсеткен болатын. Түркия өзін аймақтағы интеграциялық бастамалардың көшбасшысы ретінде танытуға тырысты.

Алайда, Қазақстан басшылығы мұндай ықпалға біржақты берілмей, көпвекторлы сыртқы саясат ұстанымын таңдады. Президент Н.Ә. Назарбаев Түркияның интеграциялық жобаларына қызығушылық танытқанымен, «құрдымға кеткен бір ағаның орнына тағы бір аға келгенін Орталық Азия мемлекеттері қаламады» деп мәлімдеді Түркия Таяу Шығыстағы ірі түркі тілдес мемлекет ретінде аймақтағы жаңа түркі мемлекеттеріне қатысты өзіндік нақты жоспарлары болды. Түркияда бұл стратегия энергетикалық терминал тұжырымдамасында бейнеленген және әлемдік энергетикалық ресурстарды Еуразиядан Түркия арқылы Еуропаға тасымалдауға арналған энергетикалық хабтардың бірі ретінде қызмет атқарады. КСРО-ның ыдырауы аясында түріктер одағының жүзеге асуы Анкараның халықаралық экономика мен саясаттағы позициясын түбегейлі нығайтуға мүмкіндік берер еді. Түркі елдерінің бірігуі Түрік Республикасына Таяу және Орта Шығыстағы басқа аймақтық билік орталықтарынана қол жеткізуге мүмкіндік береді[330].

Бұл тұжырым екі ел арасындағы саяси қатынастардың бастапқы кезеңінде тең құқықтылық пен егемендікті сақтауға басымдық берілгенін көрсетеді. 1990-жылдардың басында Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық

байланыстар негізінен шағын сауда және инвестициялық жобалармен шектелді. Түрік кәсіпкерлері Қазақстан нарығына кіре бастады, бірақ екіжақты сауда көлемі әлі мардымсыз деңгейде болды. Экономикалық ынтымақтастық көбінесе гуманитарлық сипаттағы көмектер мен шағын кәсіпкерлікті дамыту бастамаларымен шектелді.

Бұл кезеңде екі ел арасындағы мәдени байланыстар ерекше қарқынмен дамыды. Түркия Қазақстанда түрік лицейлерін ашып, білім беру саласында алғашқы интеграциялық жобаларды жүзеге асырды. Сонымен қатар, 1993 жылы Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Түркия мемлекеттерінің бастамасымен ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы құрылып, ол түркі халықтарының мәдени мұрасын сақтау мен ілгерілетуге бағытталды.

Қазақстандық зиялы қауым арасында пантюркизм идеясы талқыланғанымен, оның саяси аспектілері сақтықпен қабылданды. Дегенмен, ұлттық мәдениетті жаңғыртуға бағытталған гуманитарлық жобалар қолдау тапты. 1991-2000 жылдар аралығындағы қатынастардың негізгі ерекшелігі – олардың қалыптасу және ізденіс сипатында болуы. Түркия өзін түркі әлемінің көшбасшысы ретінде көрсеткісі келсе, Қазақстан үшін басты мақсат тәуелсіздікті нығайту, сыртқы саясатта тепе-теңдік сақтау болды. Қазақстан тәуелсіздігін Түркияның алғашқылардың бірі болып мойындауы, дипломатиялық қатынастардың орнатылуы; ТҮРКСОЙ секілді мәдени ынтымақтастық институттарының пайда болуы; Түрік лицейлерінің ашылуы, білім беру саласындағы алғашқы жобалар. Сонымен қатар қиыншылықтарыда кездесті,

Түркияның пантюркистік бастамалары Қазақстан тарапынан толық қолдау таппады, экономикалық байланыстар әлсіз деңгейде қалды, аймақтағы басқа мемлекеттердің (әсіресе Өзбекстан мен Түркіменстанның) интеграцияға қатысуға құлықсыздығы екіжақты қарым-қатынастарға да әсер етті. Ресей мемлекеттік гуманитарлық университетінің тарихшысы В.Мирзеханов атап өткендей «Орталық Азияға үстемдік құруға тырысқан Туркия егеменділікке толы мемлекеттер мен ондағы жаңа доминанттың келуін қаламайтын элиталар легімен кездесті» [331] Түркі мемлекеттерінің өзара әрекеттесуін реттейтін арнайы құрылым құру жөніндегі ұсыныстар Орта Азия тарапынан қабылданбады. Түркияның алғашқы жоспары «жаңа Азия» концепциясы аясында түркі одағын құру болса да, кейінірек ол түркі интеграциясын дамыту үшін біртіндеп және ұқыпты жұмыс жүргізу қажеттігін түсінді.

Пантюркизм Орталық Азия халықтарының тағдырын анықтаймыз деген идеология ретінде, аймақ елдерінің өзара қарым-қатынасында да, осы идеологияның «франчайзері» Түркиямен қарым-қатынасында да қарапайым рөл атқарады [332]. Бірақ бұл доктрина XIX ғасырда еуразиялық интеграциялық жобаларды жүзеге асыруға кедергі ретінде посткеңестік Азияның болашағына әсер етуі мүмкін, шын мәнінде пантюркизм XIX британдық барлау қызметінің белсенді қатысуымен құрылған. Ағылшын зерттеушісі У.Дэйл «КСРО-ның ыдырауымен Анкара жалпытүркілік одақ құрудан үлкен үміт күтті»-дейді. Бұл күтулер негізінен мәдени байланыстар мен болжамдарға негізделген орыс билігінің қайта жандануы екіталай еді» [333].

II кезеңді 2001-2010 жылдар арасындағы институционалдану және жаңа бастамалар деп қарастырамыз.

2000-жылдардың басында Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар жаңа сапалық деңгейге көтеріле бастады. Алғашқы онжылдықта қалыптасқан саяси және мәдени байланыстар енді институционалдық сипат алып, көпжақты интеграциялық ұйымдар аясында дамыды. Бұл кезең Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси диалогтың жаңа кезеңін айқындады. 2001 жылы Ыстамбұлда өткен түркітілдес мемлекеттер басшыларының VII саммитінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев бірқатар маңызды бастамалар көтерді. Атап айтқанда, ол Анкарада Түркітілдес мемлекеттердің тұрақты Хатшылығын құруды қолдады және түркі әлемінің беделді тұлғаларынан Ақсақалдар кеңесін жасақтау қажеттігін ұсынды. Кеңесті басқаруға Түркияның бұрынғы президенті Сүлеймен Демирель шақырылды. 2006 жылы Анталияда өткен VIII саммит барысында Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясын (ТүркПА) құру туралы ұсыныс нақты форматқа ие болды, ал 2008 жылы Анталияда оған қол қойылды. 2009 жылғы Нахчыван саммитінде түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтерген тарихи шешім қабылданды – Түркі кеңесінің (Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі) іргетасы қаланды. 2000-жылдардың алғашқы онжылдығы түркі интеграциясының саяси-институционалдық негіздерін қалыптастыру кезеңі болды. Қазақстан бұл процестерде белсенді рөл атқарып, жаңа бастамалардың басты демеушілерінің біріне айналды.

2001-2010 жылдары Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық қатынастар айтарлықтай жанданды. Түрік бизнесі Қазақстандағы құрылыс, инфрақұрылым және жеңіл өнеркәсіп салаларында белсенділік танытты. Қазақстандық нарыққа түрік инвесторларының келуі екі ел арасындағы сауда айналымының өсуіне ықпал етті. Бұл кезеңде энергетика мен көлік саласындағы ынтымақтастық та назарда болды. «Баку–Тбилиси–Жейхан» мұнай құбыры және «Баку-Тбилиси-Эрзурум» газ құбыры жобалары аймақтық энергетикалық интеграцияның маңызды үлгілері саналды. Қазақстан да осы жобаларға қосылу ниетін білдірді.

Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени байланыстар институционалдық сипат алды. ТҮРКСОЙ ұйымының жұмысы аясында түркі халықтарының ортақ мерейтойлары атап өтіліп отырды. Мәселен, «Манас» эпосының 1000 жылдығы, Әмір Темірдің 660 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 150 жылдығы, «Кітаби Деде Қорқыт» эпосының 1300 жылдығы халықаралық деңгейде кеңінен тойланды. Бұл шаралар түркі халықтарының ортақ тарихи-мәдени тамырларын айқындап қана қоймай, пантюркизм идеясын жұмсақ күш элементі ретінде насихаттаудың да тиімді құралы болды. Қазақстандық зиялы қауым үшін бұл мәдени жобалар ұлттық бірегейлікті сақтауға, рухани құндылықтарды жаңғыртуға қызмет етті.

Сонымен қатар, 2001-2010 жылдардағы Қазақстан-Түркия қатынастары интеграциялық бастамалардың институционалдануының ерекшеліктері мен қайшылықтарыда болды. Түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық алғаш

рет халықаралық ұйымдар деңгейінде заңды негізге ие болды. ТүркПА мен Түркі кеңесінің құрылды, Қазақстанның түркі интеграциясындағы бастамашы рөлінің айқындалып экономикалық ынтымақтастықтың жандана бастады. Энергетикалық жобаларға қатысып Ортақ мәдени жобалар кеңейді, ТҮРКСОЙ аясындағы халықаралық мерейтойлық іс-шаралар іске аса бастады. Өзбекстан мен Түркіменстанның толыққанды қатыспауы интеграцияны тежеді, Түркияның аймаққа ықпалын арттыруға деген ұмтылысы кей елдерде сақтықпен қабылданды, сауда айналымының өсіміне қарамастан, экономикалық ынтымақтастықтың әлеуеті толық пайдаланылмады. 2001-2010 жылдар аралығында Қазақстан мен Түркия қатынастары мәдени-гуманитарлық сипаттан институционалдық деңгейге өтті. Түркі кеңесі мен ТүркПА сияқты тұрақты ұйымдардың құрылуы екі елдің түркі интеграциясына деген ортақ мүддесін айқындады. Қазақстан бұл кезеңде тек қатысушы емес, сонымен бірге бастамашы мемлекет ретінде көрінді. Түркия болса аймақтағы ықпалын күшейтуге ұмтылып, интеграцияны өзінің сыртқы саясатының маңызды бағытына айналдырды.

III кезеңді 2011-2020 жылдар  арасындағы жандану және стратегиялық серіктестік деп қарастырамыз.

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың үшінші кезеңі екіжақты байланыстардың жаңа сапалық деңгейге көтерілген уақыты болып табылады. Бұл кезеңде интеграциялық процестердің институционалдық негіздері нығайып қана қоймай, стратегиялық серіктестік тұжырымдамасы бекітілді. Түркі кеңесі аясындағы ынтымақтастық күшейіп, мәдени-гуманитарлық байланыстар жаңа серпін алды. 2010 жылы Астанада Түркі академиясының құрылуы түркі интеграциясының ғылыми негізін қалады. Бұл бастама Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жеке қолдауымен жүзеге асты. Академия түркі халықтарының тарихын, тілін, мәдениетін зерттеуді мақсат етіп, түркі интеграциясын теориялық деңгейде бекітуге қызмет етті. 2015 жылы Қазақстан мен Түркия арасында стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Бұл құжат екі елдің саяси, экономикалық және мәдени қатынастарын жаңа деңгейге шығарып, көпжақты ынтымақтастықтың институционалдық негізін бекітті. 2019 жылы Өзбекстанның Түркі кеңесіне қосылуы ұйымның саяси салмағын арттырды. Бұл оқиға Түркі кеңесінің шынайы аймақтық ұйымға айналуына ықпал етті. Қазақстан мен Түркия бұл процеске ерекше мән беріп, Өзбекстанның қатысуын түркі интеграциясының кеңеюіндегі маңызды жетістік ретінде бағалады.

2011-2020 жылдар аралығында Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық байланыстар айтарлықтай нығайды. Түркия Қазақстандағы негізгі шетелдік инвесторлардың бірі ретінде танылды. Түрік компаниялары құрылыс, инфрақұрылым, энергетика, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда белсенді қызмет атқарды.Транспорттық-логистикалық ынтымақтастық та маңызды бағытқа айналды. ТРАСЕКА жобасы аясында Батыс Еуропадан Кавказ бен Каспий арқылы Орталық Азияға дейін созылған көлік дәлізінің құрылуына екі ел де мүдделі болды. Транскаспий халықаралық көлік

дәлізі (Орта дәліз) стратегиялық бағыттардың бірі ретінде қарастырылды. Мәдени ықпалдастық саласында ерекше оқиғалардың бірі Түркістан қаласының «түркі әлемінің рухани астанасы» ретінде жариялануы болды. 2018 жылы Түркістан облысының құрылуы және қаланың қайта жаңғыруы екі елдің мәдени байланыстарына жаңа серпін берді. Қазақстанда латын графикасына көшу бастамасы да осы кезеңге сәйкес келді. Бұл үрдіс кейбір сарапшылар тарапынан Түркия ықпалымен байланыстырылғанымен, іс жүзінде Елбасы Н. Назарбаевтың жеке бастамасы болғаны атап өтілді. Дегенмен, бұл процесс түркі халықтарының тілдік жақындасуының маңызды қадамы ретінде қабылданды. ТҮРКСОЙ аясында түркі халықтарының мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған шаралар жалғасты. Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы, Қожа Ахмет Ясауи мұрасына қатысты ғылыми жобалар, түркі халықтарының өнер фестивальдері мәдени ынтымақтастықтың дамуын айқындады. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастардың институционалдық деңгейден стратегиялық әріптестікке көтерілуі. Түркі кеңесі, Түркі академиясы, ТҮРКСОЙ және ТүркПА сияқты ұйымдардың жұмысы жүйеленіп, нақты нәтижелер бере бастады. 2015 жылы стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылды, Өзбекстанның Түркі кеңесіне қосылды, экономикалық ынтымақтастықтың кеңейіп, ірі инфрақұрылымдық жобаларға қатысты.

Түркістанның түркі әлемінің рухани орталығы ретінде танылып,л атын графикасына көшу бастамасы түркі интеграциясының мәдени негізін күшейтті. Қазақстан экономикасында Ресей мен Қытайдың ықпалы басым болып қалды, бұл Түркия үшін бәсекелестік тудырды. Түркияда 2016 жылы орын алған әскери төңкеріс әрекеті уақытша тұрақсыздық әкеліп, Анкараның аймаққа назарын әлсіретті. Интеграция үдерістері саяси риторикадан асып, нақты экономикалық одаққа айнала қойған жоқ. 2011-2020 жылдар аралығындағы Қазақстан–Түркия қатынастары стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Бұл кезеңде екіжақты байланыстар тек саяси декларациялармен шектелмей, нақты жобалар мен институционалдық құрылымдар арқылы жүзеге асырылды. Түркі кеңесі шынайы аймақтық ұйым ретінде қалыптасып, түркі интеграциясының жаңа сапалық деңгейге шығуына жағдай жасады. Қазақстан мен Түркия осы процестің басты қозғаушы күштері ретінде көрінді.

IV кезеңге 2021-2025 жылдар арасындағы Түркі мемлекеттері ұйымы және интеграцияның жаңа сапасын жатқызамыз.

2021 жылдан бастап Қазақстан мен Түркия қатынастары жаңа институционалдық сапаға ие болды. Бұған дейінгі кезеңдерде негізі қаланған ұйымдар мен ынтымақтастық тетіктері қайта құрылып, түркі интеграциясының жаңа форматы қалыптасты.

2021 жылғы 12 қарашада Ыстамбұлда өткен Түркі кеңесінің VIII саммитінде ұйымның атауы Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) болып өзгертілді. Бұл шешім түркі интеграциясының сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілгенін білдірді. Қазақстан Президенті Қ-Ж.Тоқаев бұл бастаманы қолдап, түркі ынтымақтастығын Еуразиядағы геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды факторы ретінде бағалады. ТМҰ аясында Қазақстан мен Түркия

көпжақты форматтағы кездесулерді жиілетті. Мемлекет басшылары деңгейінде тұрақты диалог орнады. Түркістан қаласы ресми түрде «түркі әлемінің рухани астанасы» деп жарияланып, ұйымның идеологиялық әрі мәдени орталығына айналды. 2021-2025 жылдардағы ынтымақтастықтың басты бағыты көлік-логистика және энергетика салалары болды. Транскаспий халықаралық көлік дәлізі (Орта дәліз) стратегиялық жобалардың біріне айналды. Қазақстан мен Түркия бұл бағытты дамыту арқылы Қытайдан Еуропаға баратын жүктерді Ресейге тәуелді болмай тасымалдау мүмкіндігін арттыруға мүдделі болды. Сонымен қатар, жасыл энергетика, цифрлық технологиялар және қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық та жаңа деңгейге көтерілді. Түркияның қорғаныс өнеркәсібіндегі тәжірибесі Қазақстан үшін қызығушылық тудырды, ал Қазақстанның табиғи ресурстары мен транзиттік әлеуеті Түркия үшін маңызды фактор болды. Бұл кезеңде мәдени ынтымақтастық та жаңа мазмұнға ие болды. Түркістан қаласында Түркі университетінің мәртебесі күшейтіліп, ғылыми-зерттеу орталықтары ашылды. ТМҰ аясында ортақ мәдени күндер, өнер фестивальдері, жастар саммиттері ұйымдастырылды. Білім беру саласында Қазақстан мен Түркия арасындағы академиялық алмасулар артты. Түрік стипендиялық бағдарламалары қазақстандық жастарға кеңінен қолжетімді болды. Түркі халықтарының ортақ әліпбиін қалыптастыру мәселесі де ғылыми ортада жиі талқылана бастады.

IV кезеңнің басты ерекшелігі  Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуы арқылы түркі интеграциясының саяси, экономикалық және мәдени тұрғыдан жаңа институционалдық сапаға ие болуы. Түркі кеңесінің ТМҰ болып қайта құрылды,  Түркістанның «рухани астана» ретінде танылып, Транскаспий дәлізі мен энергетикалық жобалардың жаңа серпін алды. Қорғаныс өнеркәсібі мен жасыл технологиялардағы әріптестіктің дамуып, мәдени-гуманитарлық жобалардың күшеюі, жастар арасындағы байланыстардың артты. Түркіменстанның әлі де ұйымға толыққанды мүше болып кірмеуі интеграцияны толық қамтылған аймақтық блокқа айналдыруға кедергі болып отыр, Қазақстан мен Түркияның сыртқы саясаттағы кейбір мүдделер айырмашылығы (әсіресе Ресей және Қытайға қатысты бағыттарда) сақталуда. Экономикалық интеграцияның әлеуеті әлі толық пайдаланылған жоқ, сауда айналымы екі елдің мүмкіндігіне сай емес деңгейде қалып отыр.

2021-2025 жылдар аралығында Қазақстан мен Түркия қатынастары түркі интеграциясының жаңа сапалық кезеңіне өтті. Түркі мемлекеттері ұйымы түркі халықтарының саяси ынтымақтастығын нығайтып қана қоймай, экономикалық және мәдени байланыстардың институционалдық негізін күшейтті. Қазақстан мен Түркия бұл ұйымның негізгі қозғаушы күштері ретінде танылып, Еуразия кеңістігіндегі геосаяси тұрақтылық пен экономикалық даму үшін ортақ жауапкершілікке ие болды.

XX ғасырдың соңында әлемдік саясат өзгерді, Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде тәуелсіздікке қол жеткізген түркітілдес мемлекеттердің (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжан) алдында халықаралық аренада өз орнын айқындау және жаңа дипломатиялық байланыстар орнату

міндеті тұрды. Осы үдерісте тарихи-мәдени тамыры ортақ халықтардың бір-біріне жақындасуы заңды құбылыс болды. Түркі халықтарының интеграциясы идеясы саяси қажеттіліктен ғана туындаған емес, сонымен қатар терең өркениеттік негізге сүйенетін тарихи миссия ретінде қарастырылады. Түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық посткеңестік кеңістіктегі бірегей интеграциялық модельдердің бірі. Оның ерекшелігі ортақ этно-мәдени негіз бен өркениеттік бірлікте, сондай-ақ геосаяси және экономикалық өзара мүдделестікпен ұштасуында. Қазіргі жаһандық жағдайда түркі ынтымақтастығы тек символикалық сипатта қалмай, аймақтық және халықаралық қатынастардың маңызды факторы ретінде қалыптасып келеді. Бұл тақырыптың өзектілігі бірнеше негізгі аспектілермен түсіндіріледі:

Геосаяси өлшем тұрғысынан Еуразия кеңістігінде орналасқан түркі мемлекеттері стратегиялық транзиттік дәліздердің торабында тұр. «Орта дәліз» жобасы арқылы Түркия, Қазақстан және Әзербайжанның рөлі артып отыр. Каспий мұнай-газ ресурстары мен оларды Түркия арқылы Еуропаға жеткізу бағыттары тек экономикалық емес, сонымен қатар саяси мәнге ие бола алатын энергетикалық факторда рол ойнайды. Мәдени-өркениеттік негіз – түркі халықтарын біріктіретін тіл, дін, тарих және дәстүр ортақ гуманитарлық кеңістікті қалыптастырады. Бұл «жұмсақ күш» факторы ретінде халықаралық қатынастарда ерекше орын алады. Түркі кеңесінің (қазіргі Түркі мемлекеттері ұйымы) құрылуы, Түркі академиясы, ТҮРКСОЙ сияқты ұйымдардың қызметі интеграцияны жүйелі сипатқа жеткізді. Қауіпсіздік пен тұрақтылық тұрғысынан түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы аймақтық қауіпсіздік архитектурасына ықпал етіп, сыртқы державалардың ықпалын теңгеруде маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Осы тұрғыдан алғанда, түркі ынтымақтастығының тарихы мен бағыттарын, ортақ идеялары мен жинақталған тәжірибесін ғылыми тұрғыда зерделеу – тек академиялық қызығушылық қана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы халықаралық қатынастар теориясы мен практикасы үшін өзекті міндет болып табылады.

Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы посткеңестік кеңістіктегі ең бірегей интеграциялық идеялардың бірі болып табылады. Оның бастауында 1992 жылы Анкарада өткен алғашқы Түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммиті тұр. Бұл кездесу жаңа тәуелсіз мемлекеттердің сыртқы саясаттағы өзіндік бағытын анықтауымен қатар, түркілік өркениеттік қауымдастық идеясын халықаралық деңгейде бекітті. 1990-жылдары ынтымақтастық негізінен мәдени-гуманитарлық сипатқа ие болды. Әдебиеттерді аудару, ортақ мерекелерді атап өту, ғылыми алмасулар арқылы «ортақ тамырды» жаңғырту жүзеге асты. 2000-жылдары бұл процесс институционалдық сипат алып, 2009 жылы Нахчыванда Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (қазіргі – Түркі мемлекеттері ұйымы) құрылды. 2010 жылдан кейін интеграция экономикалық және саяси өлшемдерге ұласты. Әсіресе көлік-логистика, энергетика, сауда байланыстары басты орынға шықты. Ал 2021 жылдан бастап ұйымның жаңа атауы – Түркі мемлекеттері ұйымы қабылданып, оның стратегиялық болашағы айқындала

түсті. Түркі кеңесі, Түркі академиясы, Түркі мәдениеті мен өнері қоры, Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) құрылды. Мемлекетаралық саммиттер жыл сайынғы дәстүрге айналды. «Орта дәліз» (Trans-Caspian International Transport Route) жобасы арқылы Қытай–Орталық Азия–Каспий–Кавказ–Түркия–Еуропа бағыты қалыптасуда. Энергетикалық салада Каспий мұнайы мен газының Түркия арқылы Еуропаға жеткізілуі басты басымдыққа айналды. Ортақ әліпби мәселесі, түркі халықтарының мәдени мұраларын сақтау, ортақ кино, әдеби жоба, жастар алмасуы. Түркістан қаласының «Түркі әлемінің рухани астанасы» мәртебесін алуы. Әскери-саяси ынтымақтастық әзірге әлсіз, бірақ ортақ қауіпсіздік дискурсы бар (терроризммен күрес, аймақтық тұрақтылық). Түркияның НАТО мүшесі ретіндегі тәжірибесін Орталық Азия елдерімен үйлестіру мүмкіндігі қарастырылуда.

Түркілік бірлік пен өркениеттік тамырды жаңғырту – басты идеологиялық негіз болып табылады. Экономикалық өзара тәуелділік – транзиттік дәліздер мен энергетика арқылы нығаюда, ал гуманитарлық ортақтық – тіл, дін, мәдениет, тарих сабақтастығын толықтыруда. Түркі ынтымақтастығы үш онжылдық ішінде бірқатар маңызды тәжірибеге ие болды: саяси тұрақтылық пен интеграциялық институттарды қалыптастыру (ТМҰ, Түркі академиясы, ТҮРКСОЙ);– транзиттік дәліздерде өзара кооперация орнықты, мәдени шаралар арқылы «жұмсақ күшті» күшейтілді, халықаралық ұйымдарда (БҰҰ, ЕҚЫҰ) ортақ ұстанымдарды үйлестіру талпыныстары басталды.

Сонымен қатар мемлекеттердің ішкі саяси жүйелерінің әркелкілігі интеграцияны тежеп отыр. Түркия мен Әзербайжанның экономикалық әлеуеті жоғары, ал Қырғызстан мен Қарақалпақстан айтарлықтай әлсіз. Ресей, Қытай, Батыс елдерінің аймақтағы мүдделері түркі интеграциясына қысымдығыда бар.Қабылданған шешімдердің орындалуы баяу жүреді.

Ғылыми талдау көрсеткендей, Түркі мемлекеттері ынтымақтастығының болашағы көлік-логистикасына ортақ энергетикалық нарық қалыптастыруда, ортақ цифрлық кеңістік құруда, жастар мен білім интеграциясында, қауіпсіздік ынтымақтастығын институционализациялау бағыттарына әлі де тәуелді. Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы – тек мәдени-өркениеттік жоба емес, ол қазіргі таңда аймақтық геосаяси және экономикалық интеграцияның жаңа формасына айналып отыр. Оның тарихи тәжірибесі, ортақ идеялары мен бағыттары болашақта Орталық Азия мен Кавказдағы тұрақтылық пен дамудың маңызды факторы ретінде айқындалмақ.

ТМҰ ның қысқаша тарихына тоқталсақ, түркі ынтымақтастығы идеясының тамыры тереңде жатыр. XX ғасырдың соңында Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Әзербайжан Түркиямен жаңа қатынастар орнатты. Осы кезеңде түркі мемлекеттерінің басшыларының алғашқы саммиттері өтті. 1992 жылы Анкарада Түркітілдес мемлекеттер басшыларының алғашқы саммиті шақырылды. Бұл тарихи жиын түркі ынтымақтастығының институционалдық негізін қалады. 1990-жылдар бойы Түркі саммиттері тұрақты түрде өтіп, мемлекеттер арасындағы мәдени, гуманитарлық, саяси

байланыстарды дамытуға бағытталды. 2. Институционалдану кезеңі (2000-2009 жж.) 2000-жылдары түркі ынтымақтастығы біртіндеп нақты ұйымдық сипат ала бастады:1993 жылы құрылған ТҮРКСОЙ (Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы) мәдени интеграцияның басты институтына айналды. Түрлі экономикалық, көлік және энергетикалық жобалар талқыланып, түркі кеңістігінің геосаяси маңызы арта түсті. Дегенмен, бұл кезеңде ұйымдық бірлік әлсіз болды, әр мемлекет сыртқы саяси мүдделеріне сәйкес әрекет етті.

3. Түркі кеңесінің құрылуы (2009-2021 жж.)

Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығының жаңа белесі 2009 жылғы 3 қазанда Нахчыванда өткен саммитте басталды. Бұл жерде түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (Түркі кеңесі) құру туралы келісімге қол қойылды. Мүше мемлекеттер: Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия. Кейін Өзбекстан (2019) қосылды. Түрікменстан бейтарап мәртебесін сақтап, бақылаушы ретінде қатысты. Түркі кеңесінің құрылуы түркі интеграциясының институционалды деңгейге көтерілгенін айқындады. Осы кезеңде бірқатар жаңа институттар ашылды: Түркі академиясы (2010) – Нұр-Сұлтанда құрылды.Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры (2012) – Бакуде құрылды.Түркі іскерлік кеңесі (2011) – экономикалық байланыстарды нығайту үшін іске қосылды.

4. Түркі мемлекеттері ұйымына айналу (2021 жылдан бастап)

Түркі ынтымақтастығы тарихындағы маңызды оқиға – 2021 жылғы 12 қарашада Ыстамбұлда өткен VIII саммит. Мұнда Түркі кеңесінің атауы ресми түрде Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) болып өзгертілді. Бұл шешім ұйымның мәртебесін көтеріп, оны толыққанды аймақтық құрылым ретінде бекітті.Қазіргі таңда ТМҰ мүшелері: Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан.Бақылаушы мәртебесі бар елдер: Түрікменстан және Венгрия.

5. Қазіргі кезең (2021-2025 жж.)

2022 жылы Самарқанд саммитінде ТМҰ-ның стратегиялық құжаттары қабылданып, экономикалық, көлік, мәдени және энергетикалық ынтымақтастық бағыттары айқындалды.2023 жылы Астана саммитінде Орта дәліз, жасыл энергетика, цифрландыру салалары басты тақырыпқа айналды. Ұйым қазіргі таңда аймақтық қауіпсіздік, транзиттік дәліздер, энергетикалық әртараптандыру, мәдени-гуманитарлық байланыстарды үйлестіруде маңызды платформаға айналып отыр.

Түркі мемлекеттері ұйымының тарихы үш негізгі кезеңнен тұрады:

1. 1990-2000 жж. – алғашқы саммиттер мен идеялық негіздің қалануы;
2. 2009-2021 жж. – Түркі кеңесі шеңберінде институционалдық дамуы;
3. 2021 жылдан бастап – Түркі мемлекеттері ұйымы ретінде аймақтық ықпалды құрылымға айналуы. Бұл эволюция түркі ынтымақтастығының символикалық идеядан нақты геосаяси факторға айналғанын көрсетеді.

ТМҰ-ның ең басты және бастапқы идеяларының бірі түркі тілдері мен мәдени мұраны сақтау және дамыту.Түркітілдес мемлекеттердің халықтары тарихи, лингвистикалық және мәдени байланыстарға негізделген ортақтығы бар. ТҮРКСОЙ (1993) ұйымының миссиясы бұл мәдени байланыстарды нығайту, әдебиет, өнер, музыка және білім саласында ортақ жобаларды іске асыру

Ғылыми талдау көрсеткендей, ортақ тіл мен мәдениет ынтымақтастықты күшейтіп, халықтар арасындағы өзара түсіністікті арттырады. Бұл идея ТМҰ-ны символикалық деңгейде біріктірсе, нақты жобалар арқылы экономикалық және әлеуметтік ынтымақтастыққа да әсер етеді. Мәдени біртұтастық ұлттық мемлекеттердің сыртқы саясатында жұмсақ күш (soft power) құралын қалыптастырады. Мысалы, Түркия мен Қазақстан арасындағы мәдени фестивальдер мен білім алмасу бағдарламалары осы идеяны нақты көрсетеді.

ТМҰ-ның екінші маңызды идеясы аймақтық тұрақтылық пен экономикалық интеграция. Ортақ тарихи дәстүрлермен байланысты мемлекеттер энергетика, көлік дәліздері, логистика, сауда салаларында бірігуге ұмтылады. «Орта дәліз» және «Жібек жолы» жобалары түркі мемлекеттерін транзиттік аймақ ретінде біріктіреді. Ғылыми деректерге сүйенсек, экономикалық ынтымақтастық тек саудаға ғана емес, инвестициялық жобаларды, инфрақұрылымдық даму мен технологиялық серіктестікті дамытуды қамтамасыз етеді. Ортақ экономикалық мүдде мемлекеттердің сыртқы саясатындағы әртүрлі ұстанымдарға қарамастан, бірлескен жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстан мен Түркия арасындағы бірлескен энергетикалық жобалар, тасымалдау дәліздері, бірлескен кәсіпорындар ТМҰ идеяларын нақты жүзеге асыруда.

ТМҰ өзара білім, ғылым, мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға ерекше мән береді.Ортақ идеяның негізінде Түркі академиясы, түркі тілдерін үйрету бағдарламалары, студенттік алмасу және ғылыми жобалар іске асырылуда. Бұл идея болашақ ұрпаққа ортақ мәдени және тарихи сананы қалыптастыруға бағытталған. Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық әлеуметтік интеграцияның маңызды факторы болып табылады. Мысалы, Түркия мен Қазақстан университеттерінің бірлескен ғылыми жобалары ұлттық саясаттағы ортақ мәдени кодты нығайтады.

ТМҰ үшін аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және саяси диалогты дамыту – маңызды ортақ идея. Мүше мемлекеттер тұрақты саммиттерде халықаралық қауіпсіздік, терроризмге қарсы күрес, трансшекаралық қылмыс және көші-қон мәселелерін талқылайды. Бұл идея ұйымның тек мәдени және экономикалық платформа емес, сонымен қатар аймақтық саяси субъект ретінде қызмет етуін қамтамасыз етеді. Саяси диалог арқылы ТМҰ мемлекеттері бір-бірінің мүдделерін ескере отырып, тұрақты ынтымақтастықты құра алады. Мысалы, Түркия мен Қазақстанның ортақ қауіпсіздік декларациялары, трансшекаралық жобалардағы келісімдері осы идеяны іске асырудың дәлелі болып табылады.

ТМҰ-ның барлық ортақ идеялары бір-бірімен тығыз байланысты: мәдени бірегейлік экономикалық ынтымақтастыққа, білім мен ғылым – саяси диалогқа, экономикалық мүдде – мәдени жобаларға әсер етеді. ТМҰ идеяларының интеграцияланған сипаты ұйымның тұрақтылығы мен тиімділігін арттырады. Ортақ идеялардың болашақ мәні аймақтық ықпалдың өсуі, инвестициялық жобалардың кеңеюі, халықтар арасындағы өзара түсіністіктің артуы.

«Бүгінгі таңда ТМҰ рөлі айтарлықтай өсті. Қазақстан – түркі әлемінің ата елі, сондықтан біз жан-жақты өзара іс-қимылымызды дамытуға ерекше мән береміз. Біз ынтымақтастығымызды одан әрі нығайтып, оны жаңа деңгейге көтеруге мүдделіміз» - деді ҚР Президенті Қ-Ж. К. Тоқаев. Оның айтуынша, түркі елдерін біріктіретін ұйымдардың пайда болу тарихы олардың көпшілігі, соның ішінде ТҮРКСОЙ, ТүркПА және Түркі академиясы Қазақстанның бастамасымен құрылғанын көрсетеді. «Бұл ұйымдар бауырлас халықтарымыздың мәдени және рухани жақындасуының нағыз жол бастаушысына айналды» - деді Тоқаев [334].

Түркі елдері арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында құрылған халықаралық ұйым Түркі мемлекеттері ұйымы болып табылады. Түркітілдес мемлекеттердің ұйымының құрылғанына 15 жыл болды, бірақ оның концептуалдық мазмұны осы ұйымның «жұмсақ күшінің» элементіне айналған ТМҰ жанынан құрыла бастаған «Кеңестер» мен «Қауымдастықтар» бастау керек деп ойлаймын. Жетекші мемлекеттік БАҚ кеңесі, жетекші университеттер кеңесі, Стратегиялық зерттеу құрылымдарына негізделген ұйымдарды біріктірген Кеңес, ТМҰ елдерінің шығармашылық институттарының қызметкерлерін біріктіретін Кеңестер құрылды. Бұған дейін белгілі бір мәлімдемелер мен меморандумдарға қол қоятын Түркі одағы елдерінің пікір алмасу алаңы ретінде қарастыруға болатын еді.

Көптеген интеграциялық бірлестіктердің ішінде Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымында маңызды рөл атқарады. Бішкек қаласында өткен 11-ші саммит «Түркі әлемін нығайту: экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және баршаға арналған қауіпсіздік» тақырыбында өтті. Түркі мемлекеттері ұйымы ТМҰ мәдени бірлестіктен геосаяси транформациялық жолдан өтті.

Түркітілдес елдердің ұйымының дамудың бірінші кезеңі КСРО ыдырағаннан кейін және 1992 жылы өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммитінен кейін басталды. Анкарада, оған Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Түркия және Өзбекстан президенттері қатысты. Кейіннен мұндай кездесулер 1994, 2001 және 2010 жылдары Стамбұлда, 1995 жылы Бішкекте, 1996 жылы Ташкентте, 1998 жылы Астанада, 2000 жылы Бакуде, 2006 жылы Анталияда, 2009 жылы Нахичиванда, 2010 жылы Стамбулда, 2023 жылы Астанада, 2024 жылы Бішкекте өтті. 1992 жылдан бастап бігінгі таңға дейін 11 саммит өтті. Араларында Түркі кеңесінің саммиттері өтіп тұрды.

Екінші кезеңді ұйымның механизмін құқықтық тіркеу кезеңі деп атауға болады. 2009 жылы Нахичеван қаласында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі құрылып, ынтымақтастық институттанып, «ТүркПА», «Түркі академиясы» және «Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры» сияқты еншілес платформалар құрылды. Өзбекстанның толыққанды мүше ретінде қосылуы ұйымның кеңеюімен аяқталды. Ыстамбұлда өткен тарихи саммит мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар мен жан-жақты ынтымақтастықтың жаңа дәуіріне қадам басты. Саммит жұмысы барысында түркі мемлекеттерінің

президенттері Түркі кеңесінің атын «Түркі мемлекеттері ұйымы» деп өзгертіп шешім қабылдады. Бұл шешім түркітілдес мемлекеттер ұйымының әлеуетінің маңыздылығын арттырып, халықаралық қоғамдастықтағы рөлін нығайтуға көмектесті.

Түркі ынтымақтастығы, Нахичеван декларациясын жүзеге асыру мақсатында сыртқы саяси бағытты қалыптастыруға, халықаралық терроризмге, экстремизмге, сепаратизмге және трансұлттық қылмысқа қарсы күштерді үйлестіруге, ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға ұласты.

Бұл ұйымның алдыңғы атауынан айырмашылығы, түркітілдес елдердің халықтарының ортақ тілі, тарихы, көп ғасырлық дәстүрлері, мәдениеті, рухани құндылықтары біртұтас бірегей екенін көрсетеді. Сонымен қатар саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық мүдделердің ортақтығы біріктіреді, бұл ортақ геосаяси, экономикалық және мәдени кеңістікте орналасқан елдер үшін маңызды. Түркітілдес мемлекеттердің ұйымға мүше мемлекеттермен қатар бақылаушы мемлекеттер бар, олар ұйымға мүше бола алама деген сұрақтар туындады. Ұйым ортақ түркі болмысына негізделген оған тек егемен түркі мемлекеттері ғана мүше бола алады, ұйымға бес мемлекет толыққанды мүше, ал екі мемлекет бақылаушы мәртебесіне ие. Ұйымға бақылаушы мемлекеттер ТМҰ қызметіне қатысу үшін кеңірек өкілеттіктерге ие. Бақылаушы мемлекеттер кездесулерден бастап мемлекет басшыларының саммиттеріне дейінгі форматтардың барлығына қатыса алады, тек шешім қабылдауға, дауыс беруге қатыспа алмайды.

ТМҰ ға мүше болу үшін ресми тілдерінің бірі ретінде түркі тілдерінің бірі болуы керек. Ыстамбұл саммитінде «Түркі мемлекеттері ұйымының серіктестері» туралы ережені бекітілді бұл халықаралық ұйымдармен сындарлы серіктестік орнатуға ашықтығын білдіреді. Бұл ережеде келген мемлекет өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға нақты үлес қосуға дайын болған жағдайда Серіктестік бола алатындығы айтылған. Қазірдің  өзінде 15-тен сатам мемлекет ТМҰ ынтымақтастығын құруға ниет білдіріп отыр. Бұл ұйымның халықаралық беделінің тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетеді.

«Түркі әлемінің көзқарасы – 2040» стратегиялық құжаты қабылданды онда көлік-логистика саласындағы ынтымақтастықты дамытуға басымдық береді. Транскаспий халықаралық орта дәлізін Шығыс пен Батыс арасындағы ең қысқа, қауіпсіз және бәсекеге қабілетті көлік байланысына айналдыру ұйымның күн тәртібінде. Заманауи цифрлық құралдарды пайдалану арқылы көліктік және транзиттік процедураларды жеңілдетуге бағытталып отыр, ол әсіресе «eTIR», «ePermit» және «eCMR.

Өзбекстан мен Қазақстан арасында 2020 жылдың қараша айында Халықаралық автомобиль көлігі одағымен (МСАТ) бірігіп «цифрлық ТИР» жобасы іске қосылды, енді бқл жобаға Қырғызстан қосылуға ниет білдірді. Өзбекстан мен Түркия арасындағы «ePermit» жобасы тестілік режимде іске қосылды. Қазір БҰҰ Еуропалық Экономикалық комиссиясымен бірлесіп eCMR құралын елдерге енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Өзбекстан мен Әзірбайжан арасындағы халықаралық автомобиль тасымалы туралы келісім жасалды.

ТМҰ теңіз және құрлықтағы порттар, логистикалық орталықтар арасындағы күш-жігерді тиімді үйлестіруді қолдап отыр, «Бауырлас порттар» механизмін жасалды. Түркияның Мерсин порты мен Өзбекстанның үш логистикалық орталығы, олар: Ташкенттегі «Universal Logistics Services», Андижандағы «Ахтачи» және Сурхандариядағы «Термез жүк орталығы» іске қосылды. ТМҰ-ның негізгі мақсаты «Түркі әлемінің 2040 көзқарасында» көзделгендей, мүше мемлекеттер арасында тауарлардың, капиталдың, технологиялардың және адам ресурсының еркін қозғалысына қол жеткізу болып табылады.

2020 жылдың ақпан айында Әзірбайжан мен Түркия арасында жеңілдікті сауда туралы келісімге қойылып, кедендік тарифтерді төмендетіп, экспорттық-импорттық операцияларға қолайлы жағдай жасалды.Дәл осындай құжат Өзбекстан мен Түркия арасында да әзірленуде. Түркістан қаласында тұңғыш «Тұран СЭЗ» түркі экономикалық аймағын құру жоспарланған, осы мақсатта Түркі сауда-өнеркәсіп палатасы мен Іскерлік кеңестің қызметін белсенділігін танытып отыр, электронды коммерцияны дамытудың құқықтық негіздері құрылған.

Визалық режимді жеңілдету, жұмысқа рұқсат алу және сақтандыру және қолжетімді медициналық көмек көрсету арқылы оларды әлеуметтік қорғауға қатысты сұрақтар ТМҰ ның күн тәртібінде қарастырылып отыр. Көші-қонның жеңілдетілген рәсімі үшін тиісті құқықтық негіз қазірдің өзінде бар. Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан азаматтары Түркияда 90 күнге дейін визасыз бола алады, үрік азаматтары Әзірбайжан мен Қырғызстанда 90 күнге дейін, Қазақстан мен Өзбекстанда 30 күнге дейін бола алады. Заңды түрде жұмыс істейтін мигранттардың құқығын қорғау туралы келісімге қол қою үрдісі әзірленуде.

Өзбекстанның ТМҰ ға кіруі түркі әлемінің бірлігін нығайтудағы маңызды оқиға болды, рухани мұрасы түркі-ислам өркениетінің іргелі негіздерінің бірі, экономикалық және мәдени бесігі болып табылады. Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев 2019 жылдың қазан айында Бакуде, 2020 жылдың сәуірінде 2021 жылдың наурыз айында Түркістанда және 2021 жылдың қарашасында Ыстамбұлда өткен саммиттерде белсенділік танытты. Бұрын пайдаланылмаған мүмкіндіктер ашылуда. Қоқан қаласында туризм министрлерінің 6-шы отырысы өтті, онда бұған дейін Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиеев бастамасымен қолға алынған «Табаррук зиёрат» жобасын жүзеге асыру барысы талқыланды. ТМҰ мүше елдеріміздің зиярат орындарының туристік картасын жасалды, Қоқан қаласы алғаш рет «Түркі әлемінің туристік астанасы» болып жарияланды.

Шығыс Сібірден Батыс Қара теңізге дейінгі алып аумақты мекендеген халық мыңдаған жылдар тарихы бар ұлы дала өркениетін қалыптастырып отыр, осы бай құндылықтың мұрагері – Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы. Мемлекеттердің өзара тығыз әрекеттестігі лингвистикалық және конфессиялық туыстық пен тарихи-мәдени мұраның ұқсастығына негізделген.

1993 жылы түркітілдес мемлекеттер түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы ТҮРКСОЙ-ды құрды. ТҮРКСОЙ аясында мәдени ынтымақтастық

белсенді дамып келеді, қазақ жазушыларының шығармалары түрік тіліне аударылып мәдениет күндері өтуде. ТҮРКСОЙ түркі әлемі үшін өзіндік ЮНЕСКО болды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің де түркітілдес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі зор. ргелі білім ордасы бүгінде күллі түркі халықтарының жастарының бас қосатын орнына айналып отыр. Түркі әлемінің рухани ұстазы Қожа Ахмет Йасауидің рухы табылған Қазақ хандығының астанасы Түркістан – байырғы халықтардың рухани ынтымақтастығының темірқазағы.

Түркия президенті Тұрғыт Озал түрік интеграциясының алғашқы қадамдарын жасауда маңызды рөл атқарды. Түркітілдес мемлекеттердің басшылары 1991 жылдан бері тұрақты түрде кездесіп келеді. Түркия президенті Тұрғыт Озалдың Орталық Азиядағы түркі елдеріне сапарынан кейін өзара келісім ерекше қарқын алды. 1992 жылдың 30 қазан айында Анкара қаласында Тұрғыт Озалдың бастамасымен түркітілдес мемлекеттер басшыларының бірінші саммиті өтті, түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммитін өткізу дәстүрге айналды. 1998 жылы Нұрсұлтан Назарбаев кездесулердің нақты нәтижелері үшін тұрақты хатшылық құруды ұсынды. Алайда бұл бастаманы бірден жүзеге асыру мүмкін болмады, Түркі кеңесінің бастауында Елбасының ұсынысы болды.

Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырының іске қосылуына байланысты 2005 жылдың мамыр айында Әзірбайжан астанасында үркітілдес мемлекеттер арасында кездесу өтті, бұл кездесу қарым-қатынастың қарқынды дамуын көрсетті.

2021 жылға қарай Түркі кеңесі неғұрлым құрылымды және геосаяси тұрғыдан біртұтас бірлестік – Түркі мемлекеттері ұйымына айналды. Түркітілдес мемлекеттердің жан-жақты ынтымақтастығын одан әрі тереңдетіп, аймақта бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге өз бағытын жалғастыруда. ТМҰ ға мүше мемлекеттердің барлығы демократиялық құндылықтар, адам құқықтарын, заң үстемдігін және тиімді басқару қағидаттарын ұстанады. Түркіменстан ТМҰ ға бақылаушы мәртебесін алды, ол күні бүгінге дейін сақталып келеді. ТМҰ біртұтас түркі ынтымақтастығы кеңістігін қалыптастыруды жалғастыруда. 2023 жылдан бастап Ұйымға төрағалық «Түркі дәуірі\Turktime!» ұранымен Қазақстанға өтті:

Дәстүрлер (Traditions),
унификация (Unification) ,
реформалар (Reforms),
білім (Knowledge),
сенім (Trust),
инвестиция (Investments),
медиация (Mediation)
энергия (Energy) сегіз өлшемді аббревиатурадан тұрды.

Дәл осы сегіз басымдыққа Қазақстанның ТМҰ төрағалығы назар аударды. Саммиттің ашылуында Қазақстан көшбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «ТМҰ қысқа мерзім ішінде әлемдік аренада мәртебесін нығайтып, беделді құрылымға айналды. Осының барлығына мызғымас бірлігіміз бен

ынтымағымыздың арқасында қол жеткізілді деп есептеймін. Бүгінгі саммит ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенімдімін». Қазақстанның басымі күш-жігері түркі әлемінің бірлігін нығайтып, көпжақты диалог пен ынтымақтастықты дамытуға арналды. Қазақстан ТМҰ ға төрағалық еткен жылдарында 80-нен астам интеграциялық іс-шаралардың жүзеге асырылды. Соның ішінде Ұлы даланың бай көшпелі өркениеті мен оның мұрасын әлемге танытқан Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары болды. Латын әліпбиіндегі 34 әріптен тұратын біртұтас түркі әліпбиі де 2024 жылдың қыркүйегінде қабылданып, бекітілді [335]. Энергетикалық, қаржылық және инвестициялық, сауда-экономикалық, салалардағы түркі байланыстары дамуға жаңа серпін берді. Өкілетті өкілдердің институттары енгізілді, тиісті ережелер дайындалды, басқару деңгейі де жаңа деңгейге көтерілді.

2023 жылы Анкарада құрылған Түркі инвестициялық қорының жоғары тиімділігі инвестициялық кеңістіктерінің айтарлықтай жақындасуына ықпал етті. ТМҰ елдері арасындағы экономикалық байланыстар нығайып, қарқынды өсу 45 миллиард доллардан асты. Экономикалық дамуы үшін стратегиялық маңызы бар «Орта дәліз» әлеуеті маңызды басымдық болып табылады. Орталық банктер кеңесі құрылды, банк жүйелерін шоғырландыру да жүзеге асырылды, Түркі елдерінің Даму банкін құру туралы бірауыздан мақұлданды.

Дарынды жастардың әлеуетін ашу арқылы адам капиталы да ТМҰ аясында жаңартылды. Ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастықты кеңейтілді, түркі елдерінде беделді жоғары оқу орындарының филиалдарын ашылды. Мысалы Шымкент қаласында Гази университетінің филиалы ашылды. «Цифрлық экономика саласындағы әріптестік туралы» келісімге қол қойылды, кабельдік телеарналардың өзара хабар таратуын ұйымдастырылды, біртұтас ақпараттық кеңістігін құру бойынша шараларды жүзеге асырылды.

Саммит шешімі мен қорытынды құжаттары стратегиялық жағынан маңызды:

- жасыл экономиканы құру арқылы «Түркі әлемінің жасыл көзқарасы: тұрақты болашақтың бірлігі» туралы шешімі
- Бішкек қаласын Түркі мемлекеттері ұйымының 2025 жылға арналған цифрлық астанасы деп жариялау туралы шешімі, осы ұйым кеңістігін цифрландыруды жеделдету, нығайту
- Венгрия премьер-министрі Виктор Орбанды «Түркі әлемінің ең жоғары орденімен» марапаттау шешімі, Венгрияның бақылаушы мәртебесінен мүшелікке өтуінің жақын арада өзгеруі
- Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысының орынбасарлары мен тұрақты өкілдері туралы кадрлық және нормативтік шешімдер.
- Түркі әлемінің Хартиясында түркі бірлігі туралы жаңа түсініктер мен оның болашақтағы дамудың негізгі алғышарттары мен Түркі мемлекеттері ұйымының туы туралы шешім қабылданды.

2006 жылы 17 қарашада Ыстамбұлда түркітілдес мемлекеттер басшыларының 8-ші саммитінде Нұрсұлтан Назарбаев ТүркПА құру идеясын

ұсынды. Халықаралық қатынастар жүйесінде парламенттік институттардың рөлі артып келеді, мысалы оған Еуропалық парламентті, ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы, Еуропа Кеңесі ПА, ИЫҰ Парламенттік Одағын айтуға болады. Түркітілдес елдер парламенттік ассамблеясы (ТүркПА) түркітілдес елдер арасындағы парламенттік бірлестік болып саналады. Оның мақсаты түркітілдес елдер арасындағы парламенттік бірігу түріндегі бірыңғай механизмге қол жеткізу арқылы тәжірибе алмасу, бірлескен жобаларды жүзеге асыру болып табылады.

2008 жылы 21 қарашада Ыстамбұлда түркітілдес елдер ПА құру туралы келісімге қол қойылды. ТүркПА-ның міндеті – түркітілдес мемлекеттердің бірлігіне қол жеткізуге ықпал ету, заңнамалық деңгейде шешім қабылдап, барлығына бірдей ортақ проблемаларды талқылау. Парламенттік ассамблеяның құрылуы түркітілдес елдердің интеграциясын жеделдетеді. ТүркПА-ға Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия кіреді. Азия аймағында ТүркПА құрылуы сұранысқа ие. ТүркПА өзін қарқынды дамып келе жатқан өкілді ұйым ретінде көрсетті. ПАСЕ мен НАТО ПА арасында өзара іс-қимыл орнатуға қол жеткізді. Халықаралық Парламенттік Одақта (ХПО), ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясында (ЕҚЫҰ ПА) және ОИК бақылаушы мәртебесін алды.

ТүркПА-ның бірінші отырысы 2009 жылғы 27-29 қыркүйекте Бакуде өтті. Тарихына шолу жасасақ 1920 жылы 1 қыркүйектен 8 қыркүйекке дейін Бакуде Шығыс халықтарының бірінші съезі болды. Бұл тарихи форумды ұйымдастыруға КСРО Сыртқы істер комиссариатының қызметкері Нариман Наджапұлы Нариманов үлкен үлес қосты. Бұл съезге 37 ұлттан тұратын 1275 делегат оның ішінде Тұрар Рысқұловта болды, сондай-ақ Түркістан, Бұхара, Хорезм республикаларының өкілдері қатысты. 1926 жылы Баку түркологтардың Бүкілодақтық бірінші съезінің өтетін орны болды. Ол жерде Ахмет Байтұрсынов «Түркі тілдеріндегі терминология туралы» баяндама жасады. Мағжан Жұмабаев бүкіл қазақ халқының атынан ауызбіршілік танытып, «Алыстағы ағайындарға» атты жалынды өлеңдер жазған. Мұстафа Кемал Ататүрік 1933 жылы 29 қазанда Түркия Республикасының 10 жылдығына арналған мерекелік шарада КСРО-да тамыры бір, тілі де, діні де ағайындарға қол ұшын беру туралы, ал тіл мен тарих сол көпірдің бірі екендігін айтқан аталы сөздері де бар[336].

Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркия парламенттерінің спикерлері қатысқан саммитте ТүркПА хатшылығы туралы ереже және осы ұйымның бірінші саммитінің Баку декларациясы қабылданды. Декларацияда мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, мәдени және басқа да салалардағы қарым-қатынастарды тереңдету туралы мәселелер қарастырылған. ТүркПА-ға қатысушы елдердің халықтарын одан әрі жақындастырудың маңызды құралы болып табылады.

Туысқан халықтардың одан әрі дамуы жолында қатысушы мемлекеттердің ортақ тарихы, тілі және мәдениеті арқылы мүмкіндіктерді пайдалануға негізделген. Өңірді қауіпсіздік пен өркендеу аймағына айналдыру мақсатын көздей отырып парламенттік дипломатияның көмегімен мемлекеттер

арасындағы саяси диалогты одан әрі дамытуға жәрдемдесуге ниетті, әртүрлі бастамаларды дамыту және жүзеге асыру үшін қолайлы саяси кеңістік құруға мүмкіндік береді. Түркітілдес елдердің алдында тұрған ортақ мәселелерді шешуге көмектесіп, олардың арасындағы мәдени және экономикалық интеграцияны нығайтуда Парламенттік Ассамблеяны құрудың маңызды болып саналады.

Милли Мәжілісінің спикері Октай Асадов «Еуропа мен Азияның, Солтүстік пен Оңтүстіктің арасында жүзеге асырылып жатқан Баку-Тбилиси-Джейхан және Баку-Тбилиси-Эрзурум жобалары арқылы Каспий мұнайы мен газ ресурстарын әлемдік нарыққа жеткізу бойынша өте ірі жобалар жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта басқа да энергетикалық көлік жобалары жүзеге асатынына сенімдімін. Бұл жобаларды жүзеге асыру елдеріміз арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайта түседі. Біз елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету үшін бар күш-жігерімізді саламыз»- деді Асадов [337].

Қазақстанның төрағалығы ТМҰ ны сапалы түркі елдерінің толық және тең құқылы одаққа бірігуі жаңа деңгейге шығарды. Қазақстанның түркі одағындағы ұстанымы қазіргі геосаяси сын-қатерлер жағдайында нығая түсуде. Қазақстан ұйымның іргелі құрамдас мемлекеттерінің бірі болып табылатын Әзірбайжанмен табысты ынтымақтастықта. Әзірбайжан мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы соңғы бірнеше жылда 4 еседен астам өсті. Орталық Азия елдері үшін стратегиялық бағытты ұстанатын жаңа бағыттар салу Қытаймен ынтымақтастықтың транзиттік әлеуетін арттырады, бұл тек экономикалық ғана емес, сонымен қатар геосаяси сипатта ие. Санкцияларға байланысты Ресей арқылы Орталық Азия елдерінен одан әрі Еуропаға тасымалдау азайды. 2022 жылы Транскаспий бағыты екінші бағытқа ие болды, бұл бағыт Каспий теңізіндегі теңіз мүмкіндіктерінен басқа, жүктерді теміржол арқылы жеткізуге мүмкіндік береді. Түркі мемлекеттері арқылы өтетін паромдық өткел мен теміржол қатынасы ЕО үшін де, Қытай үшін де тартымды болып отыр.

Бұл бағыт ТМҰ аясында жұмыс істеуі үшін Грузиямен ынтымақтастықты кеңейту қажет, ол да мұнда стратегиялық рөл атқарады. Ол Транскаспий халықаралық көлік маршрутының бір бөлігіне кіреді. Қазақстан мен Әзербайжан Кавказ және Орталық Азия елдері арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Транскаспий бағыты бойынша тасымалдау мемлекеттердің өздерінің экономикалық әлеуетін арттыртса, екінші жағынан олар Қытайды қызықтырып отыр. Бұл бағытқа Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан темір жол жобасы қосылуы мүмкін, себебі бұл бағыт ШЫҰ шеңберінде жарияланған. ТМҰ елдерінің кейбірі ЕАЭО-ға мүше елдер болып табылады.

Қазір маңызды мәселелер инвестициялық мәселелер болып табылады, себебі көліктік логистика шығындарды талап етеді. ТМҰ инвестициялық қоры 500 млн долларды құрайды әрине бұл көп сома емес, сондықтан Түркі мемлекеттері ұйымына кірмейтін басқа елдерден инвестиция тартуды талап етеді. Тәжірибелі дипломат ретінде Қасым-Жомарт Тоқаев инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту мәселесін көтерді. Тиімді көлік байланысынсыз ауар

айналымын арттыру күрделі, сондықтанда Президент Қ.Ж-К.Тоқаев инвестициялық тартымдылық пен қаржы секторындағы өзара әрекеттестікке сүйенеді.

2018 жылы Түркия президенті Реджеп Ердоған Түркі ұйымы аясында баламалы валюта құруды ұсынған болатын, кейін ол Түркі кеңесі деп аталды. ТМҰ қызметінің басым аясы ол идеологиялық сипаттағы, мәдени-ағартушылық бірегейлік мәселелері басым фактор болып табылады. Президент Қ.Ж-К.Тоқаевтың бірыңғай ақпараттық кеңістік құруды ұсынғаны кездейсоқ емес. Тек идеологиямен қанағаттанып қарын тойдыру мүмкін емес, сондықтанда экономикалық аспектілеріне назар аударуды ТМҰ күн тәртібіне қойып отыр Қазақстанның бастамасымен. Орталық Азия экономикалық және геосаясикүрделі мәселелердің қиылысында жатыр.

Орталық Азия елдері үшін ең алдымен Орталық Азия Одағы маңызды, ал басқа түркі одақтары біздің аймақтағы мемлекеттердің ұлттық мүдделер жүйесіне біріктірілуі керек.

Қорыта келе, Түркі тілдес халықтарды біріктіру идеясының терең тарихи тамыры бар. Түркі мемлекеттері мен халықтары әр уақытта бірлікке ұмтылды, бұл ірі империялар мен саяси одақтардың құрылуынан көрініс тапты: Түрік қағанаты (VI-VIIIғғ.) Моңғолиядан Кавказға дейінгі көптеген түркі тайпаларын біріктірген алғашқы мемлекет. Алтын Орда (XII-XIV ғғ.) – халқының негізін түркі халықтары (қыпшақтар, татарлар, башқұрттар, қазақтар, т.б.) құраған ірі мемлекет. Осман империясы (XIV-XX ғғ.) ықпалы Балқан, Таяу Шығыс және Солтүстік Африкаға тараған ірі түркі мемлекеті болды.

XIX-XX ғасырларда түркі бірлігі идеясы түркі халықтарының мәдени, тілдік және саяси байланыстарын нығайтуға бағытталған түркілік идеологияға айналды. Алайда Түркияда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін және Кемалистік революциядан кейін түркілерді біріктіру идеясы әлсірейді.

Түркі интеграциясы идеясының жаңғыруы КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері өзара іс-қимылдың жаңа форматтарын іздей бастаған кезде басталды.

1992 жыл – Түркітілдес мемлекеттер басшыларының бірінші саммиті Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан басшыларының қатысуымен Анкарада өтті. Басты назар мәдени және экономикалық ынтымақтастық болып табылады.

2009 жыл – Түркі кеңесінің құрылуы (Түркі ұйымы) Қазақстанның бастамасымен Нахичеванда (Әзірбайжан) құрылған. Міндеттері экономикалық, саяси және мәдени байланыстарды тереңдету.

2012 жыл – Түркітілдес елдердің Парламенттік Ассамблеясының (ТүркПА) құрылуы. Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан және Қырғызстан парламенттерін біріктіреді.

2021 жыл – Түркі кеңесінің Түркі мемлекеттері ұйымына ТМҰ айналуы. Мәдени ынтымақтастықтан саяси және экономикалық интеграцияға өтуді бейнелейді.

2022 жыл – Түркі әлемін нығайту: экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және қауіпсіздік барлығы үшін» деген тақырыпппен Бішкек қаласында 11- ші саммит өтті. Бішкектің 2025 жылы түркі әлемінің цифрлық астанасы болып жарияланды, Түркі әлемінің Хартиясының қабылданды, Біріктірілген аумақтық қоғамдастықтың туын және біріктірілген аумақтық қоғамдастықтың тұрақты өкілдері туралы ережені бекітілді.

2023 жыл – Түркі мемлекеттері ұйымы Түркі өркениетінің даму жылы деп жариялады. 2023 жылы біз 11 айда 110 іс-шара өткізілді.Түркі мемлекеттері жалпы ішкі өнімі 1,4 триллион долларға жуықтады, тауар айналымы 22 миллиард доллардан асты, 12 құжатқа қол қойды. 2024 жыл – ТМҰ 15 жыл толды. Шушада бейресми саммит болды, ол ТМҰ елдерінің ынтымақтастықты нығайтуға және халықтар арасындағы байланысты нығайтуға арналғанын көрсетті. Тауар айналымы 24%-ға өсіп, 38,3 млрд долларды құрады. Орталық банктер кеңесі де құрылды, ТҰРАН экономикалық аймағы дамып, қызмет көрсету және инвестиция саласындағы Еркін сауда келісімі бойынша келіссөздер жанданды. 180-нен астам іс-шара өткізілді, соның ішінде министрлер кездесулері мен 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары мен Түркі агробизнес форумы сияқты мәдени жобалар іске асты.

2025 жыл – Ұйым стратегиялық ынтымақтастыққа ерекше мән береді. 2025 жылы екі елде саммит болады, ол: Венгриядағы бейресми саммит және Әзірбайжандағы 12-ші ресми саммит. Олар Ұйымның одан әрі дамуының векторын анықтайтын негізгі шешімдерді талқылайды және жаңа бастамаларды бастау үшін маңызды алаңға айналады. Ынтымақтастықтың ортақ идеялары мен мақсаттары мәдени-тілдік бірлік, Түркі тілдерін дамыту және танымал ету, бірлескен білім беру және ғылыми бағдарламалармен жұмыс жасау.Түркі мәдени мұрасын сақтау бойынша ТҮРКСОЙ қызметінің басты мақсаты, экономикалық интеграция, өзара сауда мен инвестицияны дамыту. Транскаспий көлік жолы (Орта дәліз) сияқты инфрақұрылымдық жобалар, мұнай мен газға тәуелділікті азайту, технология мен өнеркәсіпті дамыту болып табылады.

Баламалы геосаяси ықпал орталықтарының қалыптастырып, қауіпсіздік пен қорғаныс саласындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету бойынша бірлескен күш-жігер орталықтарын орнықтырда. Қазақстан, Әзірбайжан және Түркіменстан мұнай мен газдың негізгі жеткізушілері болып табылады. Түркия Еуропаға энергия экспортының транзиттік орталығы санатында табылады. Түркітілдес елдер арқылы Азия мен Еуропа арасындағы көлік дәліздерін дамыту жоспары қарастырылуда. Орта дәліз бастамасы аясында бірлескен инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру басты мақсаттардың бірі болып табылады. Түркітілдес елдер арасындағы тарих, тіл, мәдениет және экономикалық мүдделердің ортақтығына негізделген ынтымақтастық одан әрі дамып келеді. Дегенмен, интеграцияның табысты болуы геосаяси қиындықтарды, экономикалық айырмашылықтарды жеңіп, біртұтас стратегиялық бағытты құруға байланысты болып отыр.

Түркі мемлекеттері ұйымының тәжірибесі оның құрылымдық, мәдени, экономикалық және саяси бағыттарда жүзеге асыратын іс-қимылдары арқылы

айқын көрінеді. Ұйымның тәжірибесі интеграциялық сипатқа ие, бұл оның тек декларативтік сипатта қалмай, нақты жобалар мен бірлескен бағдарламалар арқылы іске асырылатынын көрсетеді. ТМҰ институционалдық деңгейде саммиттер, министрлік кеңестері, тұрақты комитеттер және арнайы агенттіктер арқылы мемлекеттер арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Бұл тәжірибе ұйымның тиімді жұмыс істеуін, стратегиялық шешімдерді бірлесіп қабылдауын және ортақ жобаларды нақты іске асыруды қамтамасыз етеді. Мысалы, Түркі академиясы мен ТҮРКСОЙ ұйымның мәдени-гуманитарлық тәжірибесін жүйелеп, нақты жобаларды үйлестіруді жүзеге асырады.

ТМҰ мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық арқылы өз тәжірибесін кеңейтеді. Ұйым аясында халықаралық әдебиет және өнер фестивальдері, ғылыми конференциялар, студенттер мен ғалымдар алмасу бағдарламалары ұйымдастырылды. Қазақстан мен Түркия арасындағы бірлескен мәдени жобалар, мысалы «Түркі әлемі күндері», ұйымның тиімділігін көрсетті және мәдени интеграцияны нығайтты. Бұл тәжірибе ТМҰ-ның қоғамдағы рөлін күшейтіп, мәдени бірегейлікті сақтау мен насихаттауға мүмкіндік береді. ТМҰ экономикалық ынтымақтастық бағытында ортақ инвестициялық жобаларды, көлік дәліздерін және энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға қатысады. Орта дәліз жобасы, бірлескен кәсіпорындар және логистикалық инфрақұрылым ұйымның экономикалық тәжірибесін көрсетеді. Бұл тәжірибе ТМҰ-ны тек мәдени ұйым емес, экономикалық мүдделерді қорғайтын және аймақтық тұрақтылыққа ықпал ететін платформаға айналдырады.

Саяси тәжірибе ТМҰ мемлекеттері арасындағы бірлескен қауіпсіздік жобалары, трансшекаралық ынтымақтастық, терроризмге қарсы іс-шаралар және ортақ декларациялар арқылы көрінеді. Бұл бағыт ұйымға дипломатиялық келіссөздер жүргізуге, ортақ позицияны қалыптастыруға және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Түркия мен Қазақстанның бірлескен қауіпсіздік бастамалары осы тәжірибенің нақты көрінісі болып табылады.

ТМҰ тәжірибесі көрсеткендей, ұйымның интеграциялық әдісі тиімді. Мәдени, экономикалық және саяси жобалар бір-бірімен үйлесімді жүзеге асқанда, ұйымның тұрақтылығы артады, мемлекеттердің өзара сенімі нығайып, ортақ мақсаттар нақты іске асады. Бұл тәжірибе басқа халықаралық ұйымдар үшін де үлгі бола алады, себебі ол декларативтік сипаттан практикалық іске көшу жолын көрсетеді.

3.1 параграфымызды қорытындылай келе, Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) өзінің құрылымдық және стратегиялық негізін 2009 жылдан бастап, аймақтық интеграция мен ынтымақтастықты тереңдету бағытында тұрақты тәжірибе жинақтады. Ұйымның қалыптасуы Түркі әлеміндегі саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың заңды жалғасы болып табылады. ТМҰ тарихы мемлекеттердің ортақ мәдени-тарихи тамырлары мен геосаяси мүдделеріне сүйенген, бұл оның тұрақтылығы мен стратегиялық перспективаларын қамтамасыз етті. Ұйымның негізгі идеясы түркітілдес халықтарды бірегей тарихи, мәдени және әлеуметтік қағидалар арқылы біріктіру.

Бұл бағыт мәдени мұраларды сақтау, білім мен ғылымды дамыту, экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларды үйлестіру, сондай-ақ саяси сенім мен тұрақтылықты нығайту сияқты негізгі принциптерді қамтиды. Ортақ идеялар ТМҰ-ның барлық біртұтас мәдени кеңістік құру, инвестициялық және экономикалық ынтымақтастықты кеңейту, сондай-ақ аймақтық мәселелерде ортақ шешімдер қабылдау сияқты бастамаларында көрініс табады. ТМҰ тәжірибесі көпқырлы болып, әрбір бағыттағы нақты жобалар арқылы жүзеге асырылды. Мәдени-гуманитарлық салада халықаралық фестивальдер, ғылыми конференциялар, білім алмасу бағдарламалары елдер арасындағы өзара түсіністікті арттырды. Экономикалық ынтымақтастық аясында бірлескен инвестициялық жобалар, логистикалық дәліздер және энергетикалық серіктестіктер аймақтық дамуға үлес қосты. Саяси бағытта ТМҰ ортақ декларациялар, саммиттер мен қауіпсіздік жобалары арқылы мемлекеттердің сенімін күшейтті және дипломатиялық тәжірибені жетілдірді.

Қорытындылай келе, ТМҰ тарихы, ортақ идеялары мен тәжірибесі бір-бірімен тығыз байланысқан және ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Бұл тәжірибе тек мәдени немесе экономикалық салаға ғана емес, сонымен бірге аймақтық тұрақтылық пен дипломатиялық ынтымақтастыққа да үлес қосады. Алдағы жылдары ұйымның тәжірибесі цифрлық трансформация, жас ғалымдар мен студенттерге арналған бағдарламалар, экологиялық және климаттық бастамалар сияқты бағыттарда кеңейіп, Түркі әлемінің интеграциялық әлеуетін одан әрі арттыратыны айқын.

### 3.2 Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы мәселелерді шешуде қазақ-түрік тандемінің рөлі

Түркия 1990-жылдардан бастап түркі интеграциясының басты идеологы. Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап түркілік бірегейлік пен тарихи-мәдени сабақтастық негізінде қалыптасты. Бұл тарихи қадам екі елдің арасындағы саяси-дипломатиялық қарым-қатынастарға ғана емес, түркілік интеграциялық идеялардың өмірге келуіне де серпін берді. 1992 жылы Анкарада өткен түркітілдес мемлекеттердің алғашқы саммитінде Қазақстан мен Түркия өзара ынтымақтастықтың институционалдық негізін қалыптастыруға бастамашы болды.

Қазақстан ұйымның институционалдық қалыптасуына серпін берген мемлекет. Бұл өзара ықпалдастықтың ең жоғарғы институционалдық көрінісі 2009 жылғы 3 қазандағы Нахчыван келісімі бойынша құрылған Түркі кеңесі (қазіргі Түркі мемлекеттері ұйымы – ТМҰ) аясында орнықты. Бұл процесте Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев пен Түркия президенті А.Гүлдің саяси ерік-жігері шешуші рөл атқарды. Ал 2021 жылы Ыстамбұл саммитінде қабылданған «ТМҰ 2040 көру тұжырымдамасы» екі елдің стратегиялық ұстанымдарының үндестігін айқын көрсетті. Қазақстан аймақтық көпвекторлы саясатты, Түркия еуроазиялық геостратегиялық басымдықтарды ТМҰ аясында үйлестіре білді.

Қазақстан мен Түркия бұл құрылымның бастауында тұрған және оның негізгі стратегиялық бағыттарын айқындауға тікелей ықпал еткен мемлекеттер ретінде ерекшеленеді. 2006 жылы Нұрсұлтанда өткен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық саммиті болашақ ұйымның алғышартына айналды.Осылайша, екі елдің саяси қолдауы мен дипломатиялық бастамалары болмаса, ТМҰ-ның құрылуы да, дамуы да мүмкін болмас еді. Қазақстан мен Түркия ТМҰ-да экономикалық байланыстарды тереңдетудің негізгі қозғаушы күші болып отыр. Сауда-экономикалық ынтымақтастық, көлік-логистика дәліздерін дамыту (Транскаспий халықаралық көлік бағыты, Орта дәліз) екі елдің бастамасымен жүзеге асырылуда. Геосаяси тұрғыдан алғанда, Қазақстан – Орталық Азиядағы тұрақтандырушы мемлекет болса, Түркия – Еуразия мен Таяу Шығысты байланыстыратын стратегиялық ойыншы. Бұл симбиоз ТМҰ-ның халықаралық аренадағы салмағын арттырды. ТМҰ-дағы Қазақстан–Түркия ынтымақтастығы тек экономикалық және саяси саламен шектелмей, мәдени-гуманитарлық қатынастарда да айқын көрінді. Түркі академиясы (Астана), Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры (Баку) және түркі университеттерінің желісі екі елдің тікелей бастамасымен құрылды. Бұл құрылымдар арқылы тіл, әдебиет, тарих салаларында ортақ жобалар іске асырылып, «түркілік интеграция» идеясы нақты мазмұнмен толықты. Қазақстан мен Түркия ТМҰ аясында басты қозғаушы тандем ретінде орнықты. Олардың бірлескен стратегиялық қадамдары ұйымды тек мәдени-гуманитарлық бірлестіктен аймақтық саяси-экономикалық құрылымға айналдырды. Қазақстан көпвекторлы саясатты ұстана отырып, ТМҰ-ны Еуразиялық интеграцияның маңызды бағыттарының бірі ретінде қарастырса, Түркия бұл ұйымды өзінің түркі әлеміндегі көшбасшылығын нығайтудың тиімді тетігі ретінде пайдаланды. Сондықтан екі ел ТМҰ-да маңызды ойыншыларға айналды және ұйымның болашағын айқындаудағы рөлдері шешуші болып қала береді.

Қазақ-Түрік тандемі Түркі мемлекеттері ұйымындағы ең белсенді және стратегиялық маңызды серіктестік ретінде қарастырылады. Бұл серіктестік тек екі елдің тарихи және мәдени сабақтастығына ғана емес, сонымен қатар экономикалық, білім беру және гуманитарлық салалардағы нақты жобаларға негізделген. Тарихи тұрғыдан, Қазақстан мен Түркияның өзара байланысы кеңестік кезеңнен кейін 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап қарқынды дамыды. 1992 жылы дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан кейін екі ел арасында мәдени, білім беру және сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтатын бірқатар келісімдер жасалды. Түркия Қазақстанға алғашқылардың бірі болып инвестициялар мен білім беру бағдарламаларын енгізді, бұл елдің стратегиялық серіктесі ретіндегі рөлін күшейтті.

Қазақ-Түрік тандемінің ортақ идеялары түркі әлемінің бірлігі, тілдік және мәдени сабақтастық, білім мен ғылымды дамыту қағидаларына сүйенеді. Бұл бағыттар аясында екі елдің білім беру мекемелері студенттер алмасу бағдарламаларын жүзеге асырады, ғылыми-зерттеу орталықтары бірлескен жобаларды іске асырады және мәдени шаралар арқылы халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтады. Қазақ-Түрік тандемі бірнеше нақты бағытта

көрінеді: соның ішінде білім және ғылым саласы бойынша: Түрік университеттері Қазақстанда филиалдар ашып, қазақ студенттері мен оқытушыларға академиялық бағдарламалар ұсынады. Мысалы, Халықаралық Түркі академиясымен бірлескен зерттеулер мен конференциялар өткізіледі. Мәдени-гуманитарлық салада түркі мәдени күндері, көрмелер, театр фестивальдері және ғылыми форумдар Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени байланыстарды тереңдетеді. Инвестиция саласы бойынша түрік компаниялары Қазақстанда инфрақұрылымдық жобаларды, өндірістік және логистикалық кәсіпорындарды іске қосып, екіжақты сауданы дамытуға үлес қосуда. Сонымен қатар денсаулық сақтау саласы бойынша да Қазақстан мен Түркия арасындағы медициналық ынтымақтастық аясында бірлескен жобалар, мамандар алмасуы және білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Қазақ-Түрік тандемі ТМҰ құрылымында ең тиімді және стратегиялық маңызды серіктестік болып табылады. Бұл тандем мәдени, білім беру, экономикалық және гуманитарлық бағыттарда нақты нәтижелерге қол жеткізіп, түркі әлеміндегі интеграциялық процестерді нығайтады. Алдағы жылдары бұл серіктестік цифрлық, экологиялық және ғылыми инновациялық жобаларды жүзеге асыру арқылы одан әрі дамуға зор мүмкіндік алады.

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы қарым-қатынас посткеңестік кезеңнен бері аймақтық саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып келеді. Түркия 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындап, екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың басталуына жол ашты. Сол сәттен бастап Қазақстан–Түркия қатынастарының эволюциясы тек екіжақты сипатта ғана емес, сонымен қатар түркі әлемінің интеграциялық процестеріне қозғаушы күш болып отыр.

Ұзақ жылдар бойы Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдениет негізінде қаланған стратегиялық ынтымақтастық логистикалық жаңа өлшемге ие болды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың инаугурацияда сөйлеген сөзінде сыртқы саясаттың басымдықтарына Ресей, Қытай және Орталық Азия мемлекеттері рөлін атап өтіп, біз үшін маңыздылығы бар тағы бір елді атап өтті ол Түркия.

Түркия 1995 жылдан бері Кедендік одақта, Еуропалық Одақ басты сауда серіктесі, түрік импортының 26 пайызын, түрік экспортының 41 пайызын, Түркия мен ЕО арасындағы сауда айналымы 2022 жылы 198 миллиард еуро құрайды. Қазақстан мен Түркия 13 жыл бұрын тауар айналымын 10 миллиард долларға жеткізу мақсат етіп қойған. Өзара сауда 33% өсудің арқасында 6,3 миллиард доллар құрап отыр. 2023 жылдың бірінші тоқсанында ақшалай есептегенде мұнай экспортының көлемі шамамен үштен біріне қысқарды, астық, бұршақ, мақта және көмір жеткізілімдерінің артуы мұнай шығынын өтей алмай отыр. Экспорттың жалпы көлемі 955 миллион доллар, 2022 жылғы 4,7 миллиард доллар болған. Түрік импортының 55%-ға 530 миллион долларға дейін артуы өткен жылғы көрсеткіштерге жақындауға мүмкіндік береді, бірақ мемлекетаралық қарым-қатынас тек өзара саудамен ғана өлшенбейді. Қазақстан мен Түркия халықаралық аренада бір-бірін қолдайды [338].

2010 жылы Түркия Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне төрағалық етті, Астананың бастамасымен төрағалығын ротациялау үдерісін қолдады. Біздің елдер түркі интеграциясында көшбасшы болды, негізгі біріктіруші күш мәдениет болды. 1993 жылы Қазақстанның бастамасымен құрылған Түркі мәдениетінің халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) болды. 1992 жылы 30 қазанда Түркия Республикасының сол кездегі президенті Тұрғыт Өзалдың ұсынысымен түркітілдес мемлекеттердің бірінші саммиті өтті. 1998 жылы Алматыда өткен саммитте Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің (ТМДК) прототипі – Бірыңғай Хатшылық құру туралы шешім қабылданды. 2008 жылдың қарашасында Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы (ТүркПА) құрылды. 2009 жылы ССТГ құру туралы Нахчыван келісіміне қол қойылды. 2021 жылы Ыстамбұл саммитінде ССТГ атауы Түркі мемлекеттерінің ұйымы болып өзгертілді. Түркі интеграциясы жобасы қазақ-түрік қарым-қатынасындағы маңызды фактор болып табылады.

2023 жылдың наурыз айында өткен саммитте ТМҰ құрамына кіретін барлық мемлекеттердің басшылары Түркия Президенттігіне сайлауға түскен Ердоғанды қолдап сөз сөйледі.

3 маусымда Анкарада өткен ұлықтау рәсімінде Қасым-Жомарт Тоқаев құрметті қонақтар қатарында болды. 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы экономикалық өсу қарқыны (4%) Түркия ОЭСР мүше елдер арасында екінші, G20 елдерінде үшінші орынға ие болды. Bloomberg сарапшыларының пікірінше, бұған сайлау науқанына кеткен шығындар себеп, екінші тоқсанда баяулай бастады, ал 2023 жылдың соңына қарай өсу 2,7% шегіне жетті, ЕБРР ЖІӨ өсу болжамын 3%-дан 2,5%-ға дейін төмендетті. Түркия статистикалық институтының Түркістат мәліметі бойынша, жұмыссыздық деңгейі 10,4 пайызды құрап, 2021 жылғы 12 пайыздан төмен, 2023-2024 жұмыссыздық деңгейі 9,9%-ға дейін төмендеді. Түркия экономикасының басты проблемасы инфляциян, түрік лирасының құлдырауы [339].

Реджеп Ердоған инфляцияны Түркияның экономикалық өсуінің қозғаушы күштерінің біріне айналдырды, экономиканы басқарудың «классикалық» әдістерінің жақтаушысы ретінде Мехмет Шимшек қаржы министрі болып тағайындалды. Түркияның Ұлттық барлау ұйымын ұзақ жылдар бойы басқарған Хакан Фиданның Сыртқы істер министрі болып тағайындалды.

Түркия үшін Қазақстан тек стратегиялық серіктес емес, сонымен қатар Ресей мен Қытаймен қарым-қатынастарда делдал рөлін де атқарады. Соңғы кезеңде Түркия Ресей мен Украина арасындағы келіссөздерді жүргізуде делдал ретінде қызмет атқарды. Анкара мен Мәскеу арасындағы қарым-қатынаста сенімнің қажетті деңгейін Қазақстан қамтамасыз етті: Сирия бойынша келіссөздер Астанада басталды. Украинадағы соғыс және Еуропалық Одақтың Ресейге қарсы санкцияларды қабылдауы, Қазақстанды Транскаспий халықаралық көлік жолы (ТМТМ) немесе Орта дәліздің көлік-логистикалық жобасының негізгі элементіне айналдырды. Ол Ресей арқылы өтетін Солтүстік дәлізді ауыстыруы керек. Қазақстан-Қытай шекарасындағы көлік-логистикалық хабтар арқылы Оңтүстік дәліз – Түрікменстан – Иран – Түркияға шығу мүмкін,

ТМТМ көп бөлігі Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Бұл Еуропа мен Қытайды байланыстыратын ортақ транзиттік мега-жоба, бірлескен жұмыстың жаңа деңгейіне шығаруы әбден мүмкін.

«Ресейдің Орталық Азиядағы ықпалы әлсіреген сайын Түркияның аймақтағы рөлі артып келеді»- дейді Швеция халықаралық қатынастар институтының сарапшысы, АҚШ-тағы National Interest басылымында жарияланған мақаланың авторы Йохан Энгвалл. Батыс санкцияларынан кейін оқшауланған Ресей Түркиямен экономикалық байланыстарын нығайта бастады, Ресейге экспорт айтарлықтай өсті, Мәскеу де Анкараның негізгі импорт серіктесіне айналды. Энгвалл екі ел арасындағы қарым-қатынаста ынтымақтастықпен қатар геосаяси бәсекелестік бар екендігін айтады, соның ішінде Ресей Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказды өзінің ықпал ету аймағы деп санайды.

Әзірбайжан мен Армения арасындағы Таулы Қарабақтағы соғыстың негізінде Түркия 2020 жылы Каспий аймағына өзінің қатысуын нығайта бастады. Баку 1990 жылдардан бері мойындалмаған Таулы Қарабақ республикасының бақылауында болған аумақтардың бір бөлігін Түркияның әскери қолдауының арқасында қайтарды. 2023 жылдың қыркүйегінде «Ресей бітімгершілік күштерінің көз алдында» - деп жазады Энгвалл, «Әзірбайжан Таулы Қарабақты толық бақылауға алды, сәуірде Ресей ол жерден әскерін толықтай шығарды». Түркияның Оңтүстік Кавказдағы табандылығы Анкарамен серіктестіктің тиімді екенін көрсетті деген пікірді ұстанады сарапшы. Ресейдің Украинадағы соғысы оның Оңтүстік Кавказдағы позициясы мен Орталық Азиядағы қауіпсіздік кепілі мәртебесі әлсіретіп отыр. Ресейді айналып өтетін Транскаспий көлік дәлізінің жандануы түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың артып отырғандығының көрінісі. Еуропа мен Азияны байланыстыратын Орталық Азия, Оңтүстік Кавказ және Түркия арқылы өтетін автомобиль жолдары, темір жолдар және теңіз жолдарының желісі Орта дәліз деп аталатын көлік инфрақұрылымы болып отыр.

Қазақстан, Әзірбайжан, Грузия және Түркия 2027 жылға дейінгі Орта дәліздің тиімділігін арттыру үшін бағытты дамытудың жол картасын жасады, оның мақсаты – екі миллион тоннаның өткізу қабілетін 10 миллион тоннаға жеткізу болып табылады. Орта дәліз бойындағы елдер транзиттік және сауда кедергілерін жол бермей, теңіз порттары мен шекаралық өткелдердегі тар жолдарды кеңейту арқылы қол жеткізе алады. Еуропалық Одақ 2024 жылдың соңында Орта дәлізді дамытуға 10 миллиард доллар инвестиция салатынын хабарлады. Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан «Түркі әлемінің көрінісі – 2040» бағдарламасын қабылдады. Оның мақсаты - бұл елдерді Еуропалық Одаққа ұқсас құрылымға айналдыруға көмектесу, тауарлар, капитал, қызметтер, технологиялар және адамдар еркіндігін қамтамасыз ету.

Ресейдің Украинадағы операциясынан кейін Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия елдері халықаралық нарыққа өз бетімен шығу үшін дипломатиялық қарым-қатынастарын әртараптандыруға тырысып отыр. Түркия Ресейге балама болып келеді, қорғаныс, энергетика және мәдениет салаларында

белсенділігін арттырып отыр, Мәскеудің осы аймақтарға ықпал ету тетіктерін Түркия мүддесіне айналдырып отыр деп жазады сарапшы Энгвалл.

Ресей мен Украина арасындагы қақтығыстан кейін Орталық Азия елдері өздерінің саяси бағытында үлкен тәуелсіздік танытуда. Ұлыбританиядағы Абериствейт университетінің оқытушысы Анастасия Махон «географиялық жақындығы мен экономикалық өзара тәуелділігіне байланысты Ресеймен қарым-қатынастың толық бұзылуы екіталай, бірақ Орталық Азия елдерінің Ресейге қарамай, өз бетінше саяси шешімдер қабылдауға мүдделі екендігінің белгілері бар»- деп жазады.Оған мысал ретінде автор Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы маусымда Санкт-Петербургте өткен экономикалық форумда айтқан сөздеріне сілтеме жасайды. ҚР ПРезиденті Украинаның шығысындағы ДНР мен ЛНР сепаратистік аймақтарын мойындамайтынын және Ресейге Батыс санкцияларын айналып өт»п көмектеспейтінін мәлімдеді. Махон Украинадағы соғыс басталғалы аймақтағы мемлекеттер басқа елдермен қарым-қатынасын нығайтуға ұмтылғанымен, Кремльдің қаһарын тудырмауға тырысады деп санайды. Түркіменстаннан басқа төрт ел Украинадағы соғысқа қашқан мыңдаған ресейліктерді қабылдады.

2022 жылдың желтоқсан айының ортасында БҰҰ Қырым мен Севастопольдегі адам құқықтарының бұзылуы туралы қарар қабылдады. Қазақстан оған қарсы дауыс берді. Құжатта Ресейден соғысты тоқтату және Украина территориясынан әскерін шығару талап етілді. Автордың пайымдауынша, Батыс Ресейдің ықпалына нұқсан келтіріп, ресурсқа бай Орталық Азиямен одақ құру мүмкіндігін пайдаланғысы келеді. Бұл қарым-қатынастарды дамыту арқылы Батыс елдері аймақты тұрақтандыруға болады, деп есептейді**.**

Түркия Қазақстанның ең сенімді сауда серіктерстерінің бірі болып табылады, ҚРсыртқы сауда саудасының 407 пайызын құрайды, тауар айналымы 57 пайызға өсті екі ел арасындағы тауар айналымы 2022 жылдан бері 6,3 млрд АҚШ долларын құрайды. Өзара сауданың 74,9%-ын қазақстандық экспорт құрайды, ал Түркияға 4,8 миллиард доллар көлемінде түрлі тауарлар сатылған. Қазақстан Түркиядан 1,6 миллиард АҚШ долларына, яғни 39,3%-ға артып, 316 мың тонна әртүрлі тауар импорттады.Қазақстаннан экспорттың жалпы құнының 70,3%-ын мұнай өнімдері құрайды. Әлемдік нарықта мұнай бағасының өсуіне байланысты өсім 79,5%-ды құрады [340].

Ресейдің Украинадағы соғысына байланысты Түркия ЕАЭС-дан кейбір көмір жеткізушілерінен айырылды, бұл сұрақ бойынша Қазақстанға жүгінді деп АҚ «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығының сарапшылары талдайды. Түркияға көмір экспортының тоннамен көлемі заттай түрде 58,2% өсті, мырыш, мыс, алюминий және қорғасын сатып алып, экспорттың жалпы көлемі 1 млрд доллардан асты [341].

Біз Түркиядан өндірістік тауарларды аламыз, киім және тоқыма бұйымдары құрайды. 2023 жылы түрік тауарларына 459,6 миллион доллар жұмсалды, соның ішінде оларға: маталар және басқа да жеңіл өнеркәсіп өнімдері, аяқ киім, кілемдер жатады. Дәрі-дәрмек пен парфюмерия, жиһаз,

өнеркәсіптік құрал-жабдықтарды, ауыл шаруашылығы техникаларын және басқа да құнды тауарларды Түркі кампанияларынан аламыз. 34 жыл ішінде екі ел де сындарлы саясат жүргізіп түркі халықтарының достығы идеологиясын қолдап келеді. 2005 жылдан 2022 жылдың маусымына дейін түрік компаниялары Қазақстанға 4,5 миллиард АҚШ долларын инвестициялады. Қазақстан Түркия қалаларындағы кәсіпорындарды дамытуға 1,1 миллиард доллар жұмсаған. Қазіргі таңда Қазақстанда 5 мыңнан астам шетелдік компания тіркелген, олардың көпшілігі құрылыс және сауда салаларында қызмет атқарады. Бұл салаларда Қазақстанда тиісінше 1,6 мың және 1,4 мың заңды тұлға тіркелген.түрік компанияларының жалпы санының 59,4 пайызын құрайды, сонымен қатар Өңдеу өнеркәсібі, қонақ үй және мейрамхана бизнесі, сараптамалық қызмет сияқты салаларда саны да белсенді өсуде [342].

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркияға сапары барысында екі елдің арасындағы қарым-қатынастар «сәтті стратегиялық әріптестік» деңгейіне көтерілді. Екі мемлекет те халықаралық аренадағы ұстанымдарын қайта қарастыру арқылы өңірлік және ғаламдық деңгейде елеулі нәтижелерге қол жеткізуді көздеуде. Аймақтық бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету екі елдің сыртқы саясатындағы негізгі басымдықтар «Стратегиялық әріптестік туралы келісімді» соның көрсеткіші ретінде әзірленген деп айтуға болады. Орталық Азия мемлекеттері жаңа халықаралық жүйеде өздерінің рөлдерін қайта анықтауға бағыт алды. Қазақстан Азияны Еуропамен байланыстыратын, Орталық Азиядағы геосаяси маңыздылығы бар, Ресей мен Қытаймен шектесетін елдің бірі.

Қазақстан географиялық тұрғыдан әлемнің негізгі ойыншыларынан тәуелсіз орналасқан. Ресей мен Қытай мемлекеттерінің ортасында орналасқан Қазақстан үшін, әрине, мұқият әрі сарабдал саясат жүргізу маңызды.. Осы себепті Қазақстан теңгерімді саясат жүргізіп керек, бірақ бұл қарым-қатынастар тәуелділік қатынасына айналмауы керек. Батыс бағыты да Қазақстан үшін маңызды болып қала береді. Украина мен Ресей арасындағы қақтығыс энергетикалық қауіпсіздікті басымдыққа айналдырды, Қазақстан үшін бұл ауқымды мүмкіндіктер береді.

Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысында айтарлықтай әлеуетке ие. Бұл әлеуетті толық іске асыру үшін Батыс пен Шығыс мемлекеттерімен тиімді қарым-қатынас орнату маңызды болып табылады. Теңгерімді көпвекторлы саясат Қазақстанды геосаяси қысым мен қауіптерден құтқаруда маңызды шешім болып табылады. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін, егемендігін, қауіпсіздігін сақтау үшін зергерлік саясатты ұстау қажет.

Халықаралық бәсекелестікте күш орталығы Азияға ауысқан сайын Орталық Азия аймағы соның ішінде өңірлік деңгейде Қазақстанның маңыздылығы артып келеді. Геосаяси қақтығыстар мен халықаралық бәсекелестіктің қаупі, соның ішінде Ауғанстандағы оқиғалар мен Украинадағы соғыс, геосаяси қақтығыс аймақтарының көбейюіне себеп болуда.Каспий теңізінің стратегиялық маңыздылығы знергетикалық қауіпсіздік дамыту

мәселесін арттырады. Шығыс-Батыс осі бойынша да, Солтүстік-Оңтүстік осі бойынша да Қазақстан стратегиялық дәлізге айналуда.

Аймақтық оқиғалар Қазақстанның да, Орталық Азия елдерінің де қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіріп отыр, сондықтанда бұл елдер өздерінің күштерін біріктіру үшін интеграциялану қажет. Қазақстан аймақтағы басқа елдермен салыстырғанда экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақтылық тұрғысынан айтарлықтай жоғары деңгейде тұр. Осы тұрақтылықты сақтау үшін аймақтық бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет, ал Қазақстан өңірлік ынтымақтастықты нығайтуда шешуші рөл атқарады. Қазақстан барлық халықаралық және аймақтық қатынастарында бейбітшілік пен тұрақтылық стратегиясын ұстанады. Көпвекторлы сыртқы саясат жаһандық күш орталықтары арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, аймақтағы тұрақтылық пен өркендеуге ықпал етеді. Осылайша, Қазақстан аймақтағы барлық мемлекеттер үшін табысты үлгі ретінде танылуда.

Қазақстанның Түркиямен қарым-қатынасы жаһандық және аймақтық рөл тұрғысынан ерекше маңызға ие. Түркия да Қазақстанда өз тәуелсіздігі мен стратегиялық автономиясын сақтай отырып, аймақтағы тепе-теңдікті қорғау және бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған сыртқы саясат жүргізуде. Екі ел жаһандық және аймақтық мәселелер бойынша ынтымақтастық орнатып, ортақ проблемаларды шешуде сындарлы рөл атқаруда. Сауда-саттық байланыстарының тұрақты дамуы, сондай-ақ Түркияның Қазақстанның Еуропа нарығына шығуын жеңілдетуі маңызды фактор болып табылады. Тоқаевтың Түркияға сапары экономикалық қатынастарды одан әрі жандандыруға және Қазақстанның Еуропа нарығына шығуын жеңілдетуге ықпал етті. Қазақ-түрік қатынастары Қазақстанның Батыспен экономикалық және саяси қарым-қатынасына оң әсер етіп отыр.

Жаһандық тепе-теңдіктерді сақтап, аймақтық қауіпсіздікке үлес қосу үрдісінде Қазақстан аймақтық қарым-қатынастарын институционалдық негізде нығайтуда. Бұл процеске аймақтағы ешбір елдің қатыспай қалмауы қамтамасыз етілуде. Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар екі елдің ортақ мүдделеріне қызмет ететін серіктестік ретінде қарастырылуда, әрі олар аймақтық бейбітшілік, тұрақтылық және өркендеуді нығайту үшін көпжақты ынтымақтастық құрылымдарында жетекші рөл атқаруға дайын екенін білдіруде. Екі ел де жаһандық геосаясат пен аймақтық қауіпсіздік мәселелеріндегі сын-қатерлерге ортақ көзқараста екенін растап, халықаралық құқықты сақтай отырып, бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнатуға үлес қосуға дайын екендіктерін мәлімдеді [343].

Түркия СІМ-нің жаңа басшысы Хакан Фиданмен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кездесіп,Түркия мен Қазақстан стратегиялық әріптестер екенінің тағы да бір көрінісі болды. Түркия президенті Режеп Тайып Ердоған 2022 жылдың 3-і қараша  күні Қазақстанға келді, түркі әлемінің рухани астанасы Түркістан қаласында өтетін Түркі мемлекеттері ұйымының ТМҰ 10-шы саммитіне қатысты. Астанада өткен баспасөз мәслихатында Түркия Сыртқы істер министрі Хакан Фидан екі ел арасындағы ынтымақтастық күн сайын артып

келе жатқанын, Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалық Қазақстанға өтетін мерейтойлық саммитке дайындық туралы баса айтты. Екі ел арасындағы қарым-қатынас барған сайын институционализацияланып, Түркия Қазақстан экономикасына ең ірі инвесторлардың бірі екенін атап өтті.

Астана мен Анкара қорғаныс саласы бойынша әскери кемелер жасау туралы келісімге қол қойылды. Қазақстан Түркияның көмегімен Каспий теңізінде елеулі флот құра алады. Аймақтағы күштер балансының өзгеруіне Түркияның Каспий теңізіндегі басты ойыншыға айналуы әсер етуі әбден мүмкін. Екі ел арасындағы энергетика саласындағы ынтымақтастықты тереңдету, Қазақстан мұнайы қазірдің өзінде Әзірбайжан мен Түркия арқылы Еуропаға тартылуда. Әзірге мұнайды танкерлермен тасымалдануда, республикада оның саны тапшы, сондықтан көлемі аз. Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырына құятын көлемі 1,5 миллион тонна тұратын танкермен толықтырылды. Күкірті жоғары мұнайды қабылдауға қойылған шектеулерге байланысты бұл құбыр арқылы жылына тектек 3 миллион тоннаға дейін арттыруға болады. Ресей арқылы өтетін Каспий құбыр консорциумынан (ҚҚК) тәуелсіз болу мақсатында Қазақстан балама экспорт жолдарын іздеуде. Басқа көлік түрлері ҚҚК-мен бәсекелес болуға қиындық туғызады, өйткені Қазақстан мұнайының 80%-ға жуығы сыртқа шығарылуда. Қазақстан мен Түркия арасында тараптар Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша жүк жеткізуді 100%-ға арттыруды жоспарлап отыр. Транскаспий жолы Ресейді айналып өтеді, сондықтанда Еуроодақ елдері де оның дамуына ерекше қызығушылық танытуда, Ресейді айналып өтіп Қытай тауарларын жеткізу үшін. Түркияға шығатын Қазақстан-Түркіменстан-Иран теміржолын пайдалану мүмкіндігі пайда болды. Посткеңестік зерттеулер орталығының аға ғылыми қызметкері Притчин С пікірінше Түркия Қазақстан үшін маңызды соншалықты саяси серіктес болсада, Қытай мен Ресейдің орнын баса алмайды деген пікірде. Сыртқы сауда айналымы Ресей Қытай және европа елдерімен салыстырғанда Түркия олардың қасында артта, түрік инвестициясының деңгейі Ресей, Қытай немесе Еуропа елдерімен салыстырғанда мардымсыз. Бірақ Қазақстанның сыртқы саясаты Түркияға бірқатар факторлар бойынша ерекше мән беріледі»- деді [344].

Қазақстан үшін халықаралық аренадағы мақсаттарды қамтамасыз етуде Түркияның кем дегенде тең дәрежедегі ойыншы болуы маңызды. Түркия Қазақстанға халықаралық аренада балама түркі бірегейлігін құруға көмектеседі және қазақстандықтарға өздерінің жалғыз еместігі және бауырлас халықтар бар екендігі туралы идеяны нығайтуға мүмкіндік береді. «Сондықтан түрік векторы Қазақстанның сыртқы саясаты үшін ғана емес, ішкі саясаты үшін де маңызды», - деп есептейді Притчин. Қазақстанның сыртқы саясатындағы түрік және түркі векторларының маңызды. «Түркия географиялық орналасу жағынан экономикалық және әскери әлеуеті және инвестиция жағынаналғанда Қазақстаннан әлдеқайда дамыған». ТМҰ бауырлас елдердің тұрақты қауымдастығына айналған мемлекеттердің мәдени блогынан геосаяси құрылымға елеулі трансформациядан өтті. 2023 жылдан бастап Ұйымға төрағалық «Түркі дәуірі-Turktime!» ұранымен Қазақстанға өтті, сегіздік

аббревиатура білдіреді, олар: Traditions, Unification, Reforms, Knowledge, Trust, Investments, Mediation and Energy Дәл осы сегіз басымдыққа Қазақстан назар аударды [345].

ҚР Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев өзінің сөзінде «Қысқа мерзім ішінде ҰТК әлемдік аренадағы мәртебесін нығайтып, беделді құрылымға айналды. Осының барлығына мызғымас бірлігіміз бен ынтымағымыздың арқасында қол жеткізілді деп есептеймін. Бүгінгі саммит ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ықпал ететініне сенімдімін» [346]. Қазақстанның негізгі күш-жігері көпжақты диалог пен ынтымақтастықты дамытуға және түркі әлемінің бірлігін нығайтуға арналды.

ҚР Президенті Қ-Ж.К.Тоқаев түркішілдік жобаларды жүзеге асыру барысы, барлық блоктары бойынша қол жеткізілген нәтижелер мен 80-нен астам интеграциялық іс-шараларға тоқталды. Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары Ұлы даланың бай көшпелі өркениетін және оның мұрасын әлемді танытты. 2024 жылдың қыркүйегінде 34 әріптен тұратын бірыңғай түркі әліпбиі қабылданды. Тюркские страны утвердили единый алфавит в Баку [347]**.**

Түркі байланыстары сауда-экономикалық, энергетикалық, қаржылық және инвестициялық салаларда жаңа серпін алды. Ұйымның басқару деңгейі де жаңа деңгейге көтерілді, ол түрркі мемлекеттері ұйымына өкілетті өкілдер институты енгізілді. 2023 жылдың құрылған Түркі инвестициялық қоры жоғары тиімділік көрсетті.

Түркі әлемінің инвестициялық кеңістіктері елдердің экономикалық тұрғыдан айтарлықтай жақындасуына ықпал етті. Соңғы онжылдықта біріктірілген аумақтық қауымдастықтар арасындағы экономикалық байланыстар айтарлықтай нығайып, қарқынды өсу перспективасымен 45 миллиард доллардан асты, деп атап көрсетті Қазақстан Президенті. Біріккен аумақтық мемлекеттер тобы аясында көлік-логистикалық байланысты нығайту, түркі әлемінің одан әрі экономикалық дамуы үшін стратегиялық маңызы бар «Орта дәліздің» әлеуеті маңызды басымдық ретінде белгіленді, жүк тасымалының дамуын қамтамасыз ету туралы келсімдерге қол қойылды. Саммитке қатысушылардың барлығы бірауыздан қолдаған ТМҰ мемлекеттерінің банк жүйелері мен Орталық банктер кеңесінің бірігуі Түркі әлемінің даму банкін құру туралы жариялады. Түркі елдерінде беделді жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу, ғылым және білім саласындағы ынтымақтастықты кеңейту дарынды жастардың әлеуетін ашу арқылы адами капиталды дамыту мәселелері талқыланды. Түркі әлемі үшін біртұтас ақпараттық кеңістік құру, кабельдік телеарналардың өзара хабар таратуын ұйымдастыру, «Цифрлық экономика саласындағы әріптестік туралы» келісімге қол қою арқылы іске асыру талқыланды.

Қазақстанның бай шикізат әлеуеті мен экономикалық қызмет үшін салыстырмалы түрде дамыған инфрақұрылымы, көпвекторлық саясаты мен прагматимі түрік бизнесі үшін өте қолайлы екенін Анкара түсінеді. Каспий теңізі мен Әзірбайжан аумағы арқылы өтетін теңіз өткелі де Қазақстанды Түркиямен тығыз байланыстырады. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасының іске

асырылуы, трансеуразиялық көлік дәліздерін дамытуда белсенді қатысуы және Еуразия орталығындағы тиімді геостратегиялық жағдай Түркия үшін маңызды қызығушылық туғызып отыр. Түркі мемлекеттері арқылы өтетін көлік дәліздері, әсіресе Закавказье мен Орталық Азия арқылы өтетін бағыттар Түркияның мүдделеріне сәйкес келеді. Бұл экономикалық және саяси ынтымақтастықты түркішілдік кеңістік шеңберінде нығайтуға және Түркияның геосаяси әсерін арттыруға мүмкіндік береді.Түркияның Қазақстан мен Орталық Азияға стратегиялық тереңдік концепциясын жүзеге асыруы, оған Түркияның басқарушы Әділет және даму партиясының бұрынғы жетекшісі Ахмет Давутоғлу үлкен үлес қосты.

Стратегиялық тереңдік ұғымы Түркияның айналасында бұрын Осман империясының құрамында болған немесе этникалық және лингвистикалық тұрғыдан туыстас мемлекеттердің интеграциялық тартылуы болып табылады. Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Еуропа, Балқан, Кавказ және Орталық Азиясияқты аймақтарды бүгінгі таңда Түркияның сыртқы саяси басымдықтары қамтып отыр. Астананың Анкараға қатысты мақсат қоюының негіздері Қазақстанның 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында қамтылған. Қазақстанның өңірлік және көпжақты дипломатиясының негізгі басымдықтары олар:

- Орталық Азия мемлекеттерімен стратегиялық қарым-қатынастар Еуропалық Одақпен және ЕО-мен кеңейтілген серіктестік
- Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық серіктестік
- Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық серіктестік
- Ресеймен одақтастық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту болып табылады.

Бұл тізімде Түркия болмағанмен тұжырымдаманың бөлімінде Қазақстанның өңірлік және көпжақты дипломатиясының басымдықтары Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Азия, Таяу және Таяу Шығыс елдерімен қарым-қатынасты нығайту болып табылатындығы туралы тармақты табуға болады. Сонымен қатар Қазақстанның Азия аймағындағы халықаралық ұйымдардың қызметіне белсенді қатысуы, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының жұмысы мен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесіне белсенділік таныту бар. 2021 жылы көмірсутегі бағасының жоғарылауы Қазақстанның Түркияға экспортының көрсеткіштерін жақсартты. Дегенмен, дамыған елдердің белсенді күш-жігері Батыстың «жасыл энергетикаға» көшуі ұзақ мерзімді перспективада көмірсутек экспортына қауіп төндіріп тұр. Сонымен қатар Иранға қойылған шектеулердің алынып тасталуы және ирандық мұнайдың қосымша баррельдерін нарыққа шығаруы орта мерзімді перспективада мұнай бағасын төмендетуі әбден мүмкін.

Тауар айналымының өсуіне негізінен Түркияның Қазақстанға импортын ұлғайту сценарийі толығымен тиімді емес, Қазақстан мен Ресей арасындағы тауар айналымына қатысты жағдайдың қайталануын білдіреді. Сауда қатынастарын жандандыру Түркия үшін тиімді болуы мүмкін Орталық Азия

елдеріне экспорттау үшін Қазақстанның аумағын және көлік-логистикалық әлеуетін пайдалануға мүмкіндік береді.

Әзірбайжан және Каспий теңізі арқылы Қазақстанмен көлік-логистикалық байланысты нығайту Анкара үшін өте маңызды. Түркиямен шектесетін Әзірбайжанның Нахчыван эксклавынан Армения аумағы арқылы темір жол салу келісім шеңберінде қол жеткізілді. Ресейлік әскерилер темір жолдың армян бөлігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұл бағыт Түркия мен Әзірбайжанның Каспий жағалауы арасындағы көлік қатынасын одан әрі Орталық Азия елдеріне шығуға мүмкіндік береді. Қазақстанда бұрында түрікшіл көңіл-күй реңкі байқалатын қазір ол айтарлықтай өскені байқалады. Осындай сұрақтардың қатысты пікірлердің маңайы Түркияның Таулы Қарабақтағы қақтығысқа қатысты әскери операцияның сәтті бітуінен кейін өршіді.

Түркия президенті Ердоғанды өзін қазақ халқының бір бөлігі күшті және әділ басшы ретінде қабылдайды. Соғыстан кейінгі қалпына келтіруде Әзірбайжанға көмектесу шараларын, аймақтарды Бакудің бақылауына қайтару таралы мәселелерді Түркия тікелей Түркі кеңесі сияқты халықаралық ұйымдар арқылы жариялап алды. Түркияның Әзірбайжан еліне «бауырластық иығын» ұсынуы Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттерінеде көмектесуге дайын екенін көрінісі белгісі деп таниды. Мұндай қоғамдық ойлардың тұрақты негізі жоқ тек эмоционалды сипат алады. Тіл мен мәдениет ұқсастығына қарамастан, мемлекет мүддесі әрқашан бірінші орында тұрады, сондықтан көптеген елдер прагматизмді басшылыққа алады. Мұның айқын мысалдары ретінде Түркия мен Өзбекстан арасындағы ұзаққа созылған келіспеушіліктер мен таулы Қарабақтағы қақтығысқа қатысты Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да елдерінің ресми ұстанымын келтіруге болады. Мысалы Қазақстан қатысушы тараптардың біріне қолдау көрсетуден алшақтап, дипломатиялық реттеу мен келіссөздер процесіне бейіл екендіктерін жариялады. Түркия Қазақстанмен өзара іс-қимылды институционализациялауға тырысады. Мұндай қадамдар әскери саладағы түрік білім беру бағдарламалары арқылы, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің жұмысы арқылы іске асуда.

Түркі кеңесінің жұмысы мемлекет басшыларының үйлестіру алаңы мен биресми мүдделер клубының жұмысына ұқсас. Солтүстік Кипр өкілдерінің Түркі кеңесінің жұмысына толық қатысу, этно-конфессиялық ынтымақтастық тек Анкараның белсенді ілгерілеуіне шамадан тыс мән беруі бірлестіктің толыққанды жұмыс істеу мүмкіндігін шектеп отыр. Солтүстік Кипр Түрік Республикасын түркі елдері мен Қазақстаннның мойындауы екіталай, оны қауымдастықтың пікіріне қарамастан тек Анкара мойындайды.Дегенмен ТМҰның потенциалын жоққа шығаруға болмайды. Түркі кеңесі энергетика, медиа және мәдениет салаларындағы ынтымақтастық бойынша жұмыс топтарының отырыстарын өткізіп әлемдік саясатқа ортақ ұстанымын ұсынады. ТМҰ арқылы экономикалық және гуманитарлық тұрғыдан жақындастыруға бағытталған қадамдар жасалуда. Түркия өзінің «Еуразиялық одағын» құруға ұмтылуда.

Түркия президенті Т.Р. Ердоған мүше елдердің басшыларына одақты толық институттандыруды аяқтаудың маңыздылығын атап өтіп, Шығыс-Батыс көлік дәлізі бойынша Каспий теңізі арқылы Еуропаға үздіксіз жеткізуді дамыту қажеттілігі мен азат етілген аудандарды қалпына келтіруде Әзірбайжанға көмек көрсету туралы мәселені алға тартты. Түркияның әлеуеті қанша жерден мықты болсада оның Орталық Азия деген ықпалы шектеулі.Қорыта келе, Түркітілдес елдердің ынтымақтастығы Түркі ұйымы (бұрынғы Түркі кеңесі), ТҮРКСОЙ, Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы (ТүркПА) және басқа да ұйымдар аясында дамып келеді. Дегенмен, мәдени-тарихи іргетастың ортақтығына қарамастан, интеграциялық үдеріс бірқатар мәселелерге тап болады.

Экономикалық теңсіздікке мысалы, Түркия түркітілдес мемлекеттердің ішінде экономикасы ең дамыған ел, ал, Қырғызстан мен Түркіменстан айтарлықтай артта қалды. Маңызды серіктестер Ресей, Қытай, Еуропалық Одаққа экономикалық тәуелділіктің әртүрлі деңгейлерін айтуға болады. Геосаяси факторлар және сыртқы әсерге тоқталатын болсақ, елдердің әртүрлі сыртқы саяси басымдықтарын айтуға болдаы. Қазақстан мен Өзбекстан Ресей, Қытай және Батыс арасында теңгерім орнатуда. Түркия аймақтағы ықпалын кеңейтуге ұмтылып отыр. Ал Түркіменстан бейтарап саясатын ұстануда. Ресей Орталық Азияға ықпалын азайтпады, ал Қытай «Бір белдеу, бір жол» бастамасын белсенді түрде алға жылжытуда.

Ұлттық мүдделердегі айырмашылықтарды талдайтын болсақ саяси интеграцияға дайындық әртүрлі дәрежеде, Түркия одақтастық қатынастарды тереңдетуге мүдделі. Қазақстан мен Өзбекстан саяси бірігусіз экономикалық ынтымақтастықты қалап отыр.Сонымен қатар тілдік кедергілер де бар, Түркі негізі ортақ болғанымен, түркі тілдес халықтардың тілдері бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді, бұл қарым-қатынасты қиындатады. Орыс тілі Орталық Азияда негізгі рөл атқара беруде, бұл түрік тілінің ықпалын азайтып отыр.

Бірыңғай экономикалық платформаның болмауы ЕО-ға қарағанда түркі елдерінде біртұтас нарық, валюталық одақ немесе кеден одағы жоқ, бұл сауда-экономикалық өзара іс-қимылды қиындатады. Түркі интеграциясындағы Қазақстан мен Түркияның рөлі Қазақстан мен Түркия түркі ынтымақтастығын дамытуда өзіндік тандем құра отырып, шешуші рөл атқарады. Қазақстан түркі дипломатиясының орталығы ретінде Нұрсұлтан Назарбаев Түркі кеңесін (Түркі ұйымы) құру туралы бастама көтерді. Қазақстан Еуразияның орталығында орналасқан және Түркияны басқа түркі елдерімен байланыстырады. Алматы мен Астана түркі мемлекеттері басшыларының кездесулер орнына айналуда.

Түркі әлемінің көшбасшысы ретінде Түркия Түркия түркі елдерінің ішіндегі ең үлкен экономика болып табылады. Анкара білім, мәдениет, ақпарат құралдары арқылы түркі бірегейлігін белсенді түрде насихаттайды (TRT Avaz, Юнус Эмре институты). Түркия Әзірбайжанмен әскери ынтымақтастығын қолдайды және түркі елдерінің армияларын жаңғыртуға көмектеседі. Экономикалық өзара әрекеттестікте Қазақстан Түркияның Орталық Азиядағы ең

ірі сауда серіктесі болып табылады. Энергетика, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы салаларындағы бірлескен жобалар. Түркия Қазақстан экономикасына инвестиция салады.

Мәдени және білім саласындағы ынтымақтастық Түркия Қазақстан мен басқа түркі елдерінің студенттері үшін белсенді түрде білім беру бағдарламаларын жасауда. Қазақстан мен Түркия түркі мәдениетін сақтау және дамыту жөніндегі ТҮРКСОЙ ұйымын қолдайды. Қазақ-түрік тандемі экономикалық прагматизм мен мәдени ынтымақтастық арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ете отырып, түркі интеграциясында шешуші рөл атқарады. Дегенмен, тиімдірек ынтымақтастық үшін келіспеушіліктерді еңсеру, бірыңғай экономикалық платформа құру және сыртқы саяси стратегияларды үйлестіруді күшейту қажет.

Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Қазақ-Түрік тандемі ұйымның ең белсенді және ықпалды серіктестігі болып табылады. Бұл тандем екі елдің тарихи, мәдени және стратегиялық сабақтастығына сүйене отырып, Түркі әлеміндегі интеграциялық процестерді жылдамдату мен күшейтуге бағытталған. Қазақ-Түрік тандемі ТМҰ құрылымында бірнеше негізгі бағыттағы мәселелерді шешуде жетекші рөл атқарады: Қазақстанның табиғи ресурстары мен Түркияның инвестициялық әлеуеті арқылы екіжақты және аймақтық жобаларды іске асыруда. Бұл серіктестік ТМҰ елдері арасында сауда-саттықты әртараптандыру, логистикалық байланыстарды дамыту және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуге ықпал етеді.Қазақ-Түрік университеттері мен ғылыми орталықтарының бірігуі арқылы студенттер алмасу, бірлескен зерттеулер мен конференциялар өткізу жүзеге асырылады. Бұл бағыт түркі әлемінде білім мен ғылыми потенциалды күшейтуде маңызды рөл атқарады.Тандем екі ел арасындағы мәдени іс-шараларды үйлестіру, түркі тілін, әдебиеті мен дәстүрлерін насихаттау арқылы түркі идентификациясын нығайтады.

Қазақ-Түрік тандемі ТМҰ аясында халықаралық аренада медиативті және дипломатиялық рөл атқарады.Қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу, Тандем Түркі әлеміндегі ішкі даулар мен шекаралық келіспеушіліктерді бейтарап түрде талқылауға және медиация жүргізуге үлес қосады.Қазақстан мен Түркияның дипломатиялық күшін біріктіру арқылы ТМҰ елдерінің халықаралық ұйымдардағы, оның ішінде БҰҰ, ИЫҰ және ЭКСПО сияқты платформалардағы орнын нығайтуға көмектеседі. Тандем Түркі әлеміндегі экономикалық, саяси және мәдени тұрақтылықты қолдау арқылы аймақтық интеграцияны күшейтеді. Қазақ-Түрік тандемі ТМҰ ішінде медиативті рөл атқара отырып, қарсыластық немесе түсінбеушілік туындаған жағдайда екі елдің тәжірибесі мен дипломатиялық байланыстарының арқасында тиімді келіссөздер жүргізіледі. Бірлескен жобалардағы қақтығыстарды алдын ала болжау және келісімшарттық нормаларды үйлестіруде, мәдениетаралық үйлесімділікті сақтап, тілдік және дәстүрлік келіспеушіліктерді бейтарап жолмен бірге шешіп келеді. Қазақ-Түрік тандемі ТМҰ құрылымында тек экономикалық немесе мәдени байланыс ретінде ғана емес, дипломатиялық медиатор, стратегиялық серіктес және интеграциялық

драйвер рөлін атқарады. Бұл тандем Түркі әлеміндегі тұрақтылықты нығайтуға, халықаралық аренадағы ықпалын арттыруға және түркі елдерінің бірлігін тереңдетуге тікелей үлес қосады. Алдағы жылдары бұл серіктестік аймақтық және ғаламдық деңгейде жаңа медиативті жобалар мен бірлескен бастамаларды іске асыру арқылы одан әрі дамиды.

Қазақстанның рөлі географиялық орналасуы (Еуразия орталығы), энергетикалық ресурстары (мұнай, газ, уран), және транзиттік әлеуеті арқылы ТМҰ-ға экономикалық «салмақ» береді. Қазақстансыз түркі интеграциясының орталықазиялық бағыты әлсіреп қалар еді. Түркияның рөлі: НАТО мүшесі, ЕО-мен кедендік одағы бар мемлекет ретінде Түркия түркі әлемін Батыс құрылымдарымен байланыстыратын көпір қызметін атқарады. Сонымен бірге түрік экономикасы мен инвестициялары ұйымға нақты қаржылық-экономикалық серпін береді.

Тандемнің институционалдық ықпалы  2021 жылы ұйым атауы Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) болып өзгерді. Бұл трансформация Қазақстан мен Түркия басшылығының стратегиялық шешімдерімен байланысты. 2022 жылы Самарқанд саммитінде қабылданған «Түркі мемлекеттерінің 2040 жылға дейінгі көрінісі» құжатында екі елдің ұсыныстары басым болды: инфрақұрылымдық байланыстарды нығайту, ортақ нарық құру, цифрлық интеграция.Түркия мен Қазақстан ТМҰ аясындағы негізгі жобалардың  Орта дәліз, инвестициялық қор, білім беру және мәдени бағдарлама  бастамашысы әрі орындаушысы. Маңызды ойыншы бола алды ма? -деген сұраққа жауап іздесек Қазақстан мен Түркия ТМҰ-ның қос жетекші күші болып отыр.Рөлі қандай?Қазақстан ресурстық және геостратегиялық тірек, Түркия саяси-құқықтық және экономикалық драйвер. Екі елдің тандемі ұйымның дамуын теңгерімді етеді: Қазақстан аймақтық орталықты қамтамасыз етсе, Түркия халықаралық легитимдік пен институционалдық тәжірибе береді.

Қазақстан мен Түркияның халықаралық қатынастардағы қазіргі рөлі бірнеше өлшемде айқындалады. Біріншіден, екі ел аймақтық қауіпсіздіктің тұрақтандырушы факторлары ретінде ерекшеленеді. Қазақстан Орталық Азиядағы ядролық қарудан ерікті түрде бас тартқан мемлекет ретінде халықаралық бейбітшілік пен қарусыздану процесінде үлгі болып отыр.Түркия НАТО-ның белсенді мүшесі бола отырып, бір мезгілде Таяу Шығыс пен Еуразиядағы геосаяси процестердің маңызды ойыншысы саналады. Екіншіден, Қазақстан мен Түркия «Орта дәліз» (Trans-Caspian International Transport Route) жобасы арқылы Еуразиялық көлік-логистикалық жүйеде шешуші рөл атқаруда. Бұл Қытай–Еуропа арасындағы транзиттік сауда үшін баламалы бағыт құруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, екі ел халықаралық энергетикалық архитектурада да маңызы зор. Қазақстан мұнай, газ, уран секілді стратегиялық ресурстардың экспортері болса, Түркия энергетикалық хабқа айналуға ұмтылып отыр. Бұл фактор екі елдің өзара тәуелділігін күшейтеді.

Халықаралық қатынастар саласында ғылыми тұрғыда Қазақстан–Түркия тандемінің рөлі бірнеше бағытта көрініс табады:

Интеграциялық теориялар аясында бұл қатынастарды неофункционализм және аймақтану теориясы негізінде түсіндіруге болады. Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық ТМҰ шеңберінде аймақтық институттардың қалыптасуын жылдамдатты. Көпвекторлы сыртқы саясаттың тәжірибелік үлгісі – Қазақстан өзінің көпвекторлы саясатын Түркиямен қарым-қатынасында нақты іске асырып, тек Орталық Азияға ғана емес, түркі әлеміне де бағытталған интеграцияның негізін қалады. Түркілік фактордың халықаралық қатынастардағы орны – ғылыми ізденістерде Қазақстан мен Түркияның мәдени-өркениеттік ұқсастықтары аймақтық саясатта жұмсақ күш (soft power) элементі ретінде қарастырылады. Геосаяси зерттеулердегі рөлі екі елдің ТМҰ-дағы белсенді позициясы халықаралық қатынастар ғылымында «орта державалар ынтымақтастығы» (middle powers cooperation) үлгісінің жаңа қырын ашады. Қазақстан мен Түркия бүгінгі халықаралық қатынастарда аймақтық тұрақтылықтың, энергетикалық қауіпсіздіктің және трансконтиненталдық байланыстардың маңызды ойыншылары. Ал ғылыми ізденістерде олардың тандемі аймақтық интеграция теориялары, көпвекторлы саясат үлгілері, жұмсақ күш дипломатиясы тұрғысынан ерекше зерттеу нысанына айналып отыр.

Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық тәжірибесі Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) аясындағы интеграциялық процестерге нақты үлгі ретінде қарастырылады. Бұл тандемнің үлгілік мәні бірнеше факторлардан тұрады:Біріншіден, саяси ерік-жігер мен институционалдық бастамалар үлгісі. Қазақстан мен Түркия ТМҰ-ның құрылуына бастамашы болды. 2009 жылғы Нахчыван келісімінен бастап екі ел түркілік интеграцияның институционалдық іргетасын қалаушылар ретінде ерекшеленді. Бұл өз кезегінде саяси көшбасшылық пен стратегиялық ойлаудың интеграцияға қозғаушы күш бола алатынын дәлелдеді.Екіншіден, экономикалық әріптестіктің үйлесімді моделі. Қазақстан – табиғи ресурстарға бай, экспорттық әлеуеті жоғары мемлекет, ал Түркия – өндірістік және технологиялық базаға сүйенген экономикалық орталық. Осы екі үлгінің өзара толықтырушы сипатта тоғысуы ТМҰ-ға мүше өзге мемлекеттер үшін экономиканы әртараптандыру мен өзара тәуелділік арқылы тұрақтылыққа қол жеткізудің үлгісі бола алады.Үшіншіден, көлік-логистикадағы ынтымақтастық тәжірибесі.Қазақстан мен Түркияның бірлесіп жүзеге асырып отырған «Орта дәліз» жобасы ТМҰ кеңістігінде транзиттік әлеуетті тиімді пайдаланудың нақты мысалы. Бұл модель Әзербайжан, Қырғызстан және Өзбекстан үшін де аймақтық кооперацияға қосылудың тиімді жолын көрсетеді.Бесіншіден, мәдени-гуманитарлық ықпалдастық үлгісі.Екі елдің бастамасымен құрылған Түркі академиясы, Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры және бірлескен білім беру бағдарламалары «жұмсақ күш» саясатының нәтижелі іске асу жолын көрсетіп отыр. Бұл мәдени-өркениеттік ортақтастықты нығайтудың тиімді құралы ретінде ТМҰ-ның барлық мүшелеріне үлгі бола алады.Бесіншіден, сыртқы саясаттағы үйлесімділік. Қазақстан көпвекторлы саясат арқылы ірі державалармен теңгерімді қатынас жүргізсе, Түркия аймақтық держава ретінде белсенді сыртқы саясат ұстанып отыр. Бұл тәжірибелердің

тоғысуы ТМҰ мемлекеттері үшін ұлттық мүдделерді сақтай отырып, көпжақты дипломатияны тиімді үйлестірудің үлгісін қалыптастырады.

Қазақ–түрік тандемі ТМҰ мемлекеттеріне саяси көшбасшылық, экономикалық толықтырушы модель, көлік-логистикалық интеграция, мәдени ынтымақтастық және сыртқы саясаттағы үйлесімділік тұрғысынан үлгі бола алады. Бұл тәжірибе түркі интеграциясының тек декларативті емес, нақты институционалдық әрі прагматикалық мазмұнға ие болуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, әрбір үлгінің артықшылықтарымен қатар әлсіз жақтары да болады. Қазақ–түрік тандемінің ТМҰ мемлекеттері үшін әлсіз тұстары мынадай:

Қазақ–түрік тандемінің әлсіз жақтары экономикалық теңгерімсіздік. Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың көлемі жоғары болғанымен, құрылымдық теңсіздік байқалады. Қазақстан негізінен шикізат (мұнай, газ, уран, астық) экспорттайды, ал Түркия дайын өнімдер мен технологияны жеткізеді. Бұл жағдай өзге ТМҰ елдеріне де шикізаттық тәуелділікті арттыру қаупін тудыруы мүмкін. Екінші саяси басымдықтардың айырмашылығы. Қазақстан көпвекторлы саясатты ұстанып, Ресей мен Қытаймен теңгерімді қарым-қатынасты сақтауға ұмтылады. Ал Түркия кейде Батыспен шиеленісті, аймақтық қақтығыстарда белсенді позиция ұстанады. Бұл айырмашылық ТМҰ шеңберінде бірыңғай саяси ұстанымға кедергі келтіруі ықтимал. Үшіншіден, институционалдық әлсіздік. ТМҰ құрылымдары әлі толыққанды интеграциялық одақ дәрежесіне жеткен жоқ. Қабылданған шешімдер декларативті сипатта қалып, нақты экономикалық немесе құқықтық міндеттемелерге айналмайды. Қазақ-түрік тандемі бастамашы болған жобалардың бір бөлігі баяу жүзеге асуда.Төртіншіден, аймақтық бәсекелестік ықтималы.Түркия түркі әлемінде көшбасшылыққа ұмтылса, Қазақстан өзін көпвекторлы саясат шеңберінде аймақтық теңгерім жасаушы ретінде көрсетеді. Бұл екі түрлі стратегиялық мақсат ұзақ мерзімде ТМҰ ішінде «көшбасшылық бәсекелестігін» туындатуы мүмкін. Бесіншіден геосаяси қысымдар. ТМҰ кеңістігі Ресей, Қытай, Батыс сияқты ірі державалардың ықпал аймағында орналасқан. Қазақ–түрік тандемі интеграциялық бастамаларды алға тартқанда сыртқы қысымға жиі тап болуы мүмкін. Бұл ұйымның институционалдық дамуын баяулатады.

Қазақ-түрік тандемі ТМҰ мемлекеттері үшін үлгі боларлық күшті жақтарға ие болғанымен, оның әлсіз тұстары да жоқ емес. Экономикалық теңгерімсіздік, саяси басымдықтардың айырмашылығы, институционалдық әлсіздік және геосаяси қысымдар интеграция процесіне кедергі келтіруі ықтимал. Сондықтан тандемді толыққанды үлгі ретінде қабылдау үшін бұл әлсіздіктерді еңсеру қажет.

3.1 параграфты қорытындылай келе, қазақ-түрік серіктестігі Түркі мемлекеттері ұйымындағы ең белсенді және нәтижелі ынтымақтастық формаларының бірі болып саналады. Бұл тандем аймақтық интеграцияны жеделдету, экономикалық және мәдени байланыстарды кеңейту, сондай-ақ дипломатиялық мәселелерді үйлестіру тұрғысынан маңызды. Қазақ-Түрік бірлескен жобалары арқылы тауар айналымы мен инвестициялық қатынастар тұрақтанып, логистикалық және энергетикалық инфрақұрылым дамиды. Бұл өз

кезегінде республикааралық сауда мен өндірістік кооперацияны жетілдіруге мүмкіндік береді. Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Қазақ-Түрік тандемі – бұл екі елдің тарихи, мәдени және саяси байланыстарына негізделген, аймақтық және халықаралық деңгейде ықпалды серіктестік. Бұл тандемнің негізгі мақсаты – Түркі әлеміндегі интеграциялық процестерді жеделдету, ортақ мүдделерді қорғау және тұрақтылықты қамтамасыз ету.Университеттер мен ғылыми мекемелердің бірлескен бағдарламалары, зерттеу жобалары және студенттер алмасу механизмдері екі елдің интеллектуалды әлеуетін арттырады. Мұның нәтижесінде технологиялық, зерттеушілік және академиялық тәжірибе алмасу жүзеге асады. Қазақ-Түрік серіктестігі екі ел арасындағы сауда-саттықты арттыру, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және инфрақұрылымдық байланысты нығайту бағытында белсенді жұмыс істейді. Мысалы, 2023 жылы Қазақстан мен Түркия арасындағы тауар айналымы 5 миллиард АҚШ долларын құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 15%-ға артық. Бұл өз кезегінде аймақтық экономикалық интеграцияны күшейтуге ықпал етеді.

Ортақ мәдени іс-шаралар мен фестивальдер, тілдік және тарихи жобалар екі халық арасындағы байланыстарды нығайтады. Бұл бағыт ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, жалпы түркі мәдени кеңістігін дамытуға үлес қосады. Қазақ–Түрік тандемі Түркі мемлекеттері арасындағы даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге, келіссөздер ұйымдастыруға және халықаралық деңгейдегі бастамаларды үйлестіруге ықпал етеді. Ол аймақтық тұрақтылық пен дипломатиялық тиімділікті арттыруда маңызды құрал ретінде қызмет атқарады. Қазақ-Түрік серіктестігі – бұл экономикалық, ғылыми, мәдени және дипломатиялық аспектілерді қамтитын кешенді ынтымақтастық механизмі. Тандемнің қызметі Түркі мемлекеттері арасындағы байланыстарды тұрақтандыруға, ортақ жобаларды іске асыруға және халықаралық аренадағы бірлескен ықпалды күшейтуге мүмкіндік береді. Осылайша, Қазақ-Түрік ынтымақтастығы ТМҰ тиімділігінің негізгі драйверлерінің бірі болып табылады.

### 3.3 Қазақ-түрік қарым-қатынасындағы түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығының болашағы: ұсыныстар мен талқылаулар

Түркі мемлекеттері ұйымының болашағын ғылыми тұрғыда қарастыру барысында, ең алдымен, оның аймақтық интеграцияға қосқан үлесін және халықаралық аренадағы рөлін жан-жақты зерттеу қажеттілігі айқын көрінеді. Біріншіден, ТМҰ мүшелері арасындағы саяси және дипломатиялық өзара әрекеттестік механизмдерін жетілдіру қазіргі халықаралық жағдайда стратегиялық мәнге ие болып отыр, себебі ұйымның тұрақтылығы мен тиімділігі тек экономикалық ынтымақтастықпен шектелмей, аймақтық қауіпсіздік, бейбіт келіссөздер жүргізу және даулы мәселелерді медиативті жолмен шешуге қабілеттіліктен де туындайды. Осы тұрғыда Қазақ-Түрік тандемі ТМҰ-ның медиативті функцияларын іске асыруда маңызды рөл атқарып, екіжақты серіктестіктер арқылы мүшелер арасындағы сенімді нығайтып, ортақ шешімдер қабылдауда үлгі болып отыр.

Екіншіден, экономикалық ынтымақтастық саласында ТМҰ мүшелері бір-бірімен инвестициялық және сауда байланыстарын кеңейту арқылы аймақтық экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік алады, әсіресе ортақ энергетикалық жобалар, логистикалық дәліздер және индустриалды даму бағыттары бойынша бірлескен іс-қимылдар ұйымның практикалық тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Түркі мемлекеттері арасындағы экономикалық өзара іс-қимылдың нақты мысалдары ретінде Қазақстан мен Түркия арасындағы бірлескен инвестициялық жобалар мен кәсіпкерлік бағдарламалар қызмет етеді, олар екі елдің стратегиялық серіктестігін нығайтып қана қоймай, жалпы ТМҰ мүшелері үшін де үлгі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Үшіншіден, білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық болашақ ТМҰ стратегиясының маңызды компоненті болып табылады, себебі ортақ ғылыми зерттеулер, университеттік бағдарламалар, студенттік және ғылыми алмасу жобалары ұйым мүшелері арасындағы интеллектуалды және мәдени байланыстарды күшейтіп, аймақтық бірліктің әлеуметтік және мәдени негіздерін қалыптастырады. Мысалы, ортақ ғылыми зерттеу институттарын құру, тіл, тарих, мәдениет, энергетика және экология салаларында бірлескен жобаларды іске асыру арқылы ТМҰ мүшелері білім және инновация саласында халықаралық стандарттарға сай интеграциялық тәжірибені қалыптастыра алады.

Сонымен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту ТМҰ-ның ұзақ мерзімді стратегиялық дамуында шешуші рөл атқарады, өйткені ортақ тарих, тіл және мәдениет негізіндегі ынтымақтастық ұйымға мүшелер арасындағы сенім мен тұрақтылықты қамтамасыз ететін әлеуметтік капиталды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Түркі мәдени фестивальдары, көрмелер, әдеби симпозиумдар және «Түркі жолы» туристік жобалары сияқты нақты шаралар осы бағытта тәжірибе ретінде қарастырылады және олар ұйымның халықаралық аренадағы беделін арттыруға бағытталған тиімді құралдар болып табылады.

Ғылыми талқылаулар аясында ТМҰ болашағы халықаралық қатынастар, дипломатия, экономика, мәдениет және білім салаларында жан-жақты зерттелуде. Халықаралық конференциялар мен ғылыми мақалаларда ТМҰ-ның саяси интеграциясы, экономикалық жобалардың тиімділігі, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық және медиативті рөлдері кеңінен қарастырылған, бұл зерттеулер қазіргі заманғы халықаралық аренада ұйымның рөлін толық түсінуге мүмкіндік береді.

Түркітілдес мемлекеттер ұйымының қызметі мен болашағы халықаралық ғылыми және дипломатиялық талқылаулардың маңызды объектісі болып табылады. Бірінші кезекте, ұйымның саяси және дипломатиялық аспектілері зерттелуде. Аймақтық қауіпсіздік мәселелері, даулы халықаралық жағдайларды бейбіт жолмен шешу жолдары және мүшелердің бірлескен позицияларын қалыптастыру тақырыбы ғылыми конференциялар мен семинарларда кеңінен қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік тәжірибесі дипломатиялық талқылауларда ерекше орын алады, себебі бұл тандем медиативті рөл атқара отырып, ТМҰ мүшелерінің

халықаралық аренадағы ықпалды позицияларын нығайтуға мүмкіндік береді. Халықаралық интеграция аясында ұйымның БҰҰ, ЕҚЫҰ және Шанхай ынтымақтастық ұйымымен өзара әрекеттесу механизмдері де зерттеу нысаны болып табылады.

Екінші маңызды бағыт экономикалық және сауда-саттық ынтымақтастыққа байланысты, ТМҰ мүшелері арасындағы бірлескен энергетикалық, логистикалық және инфрақұрылымдық жобалар экономикалық форумдарда талқыланады. Сонымен қатар, Түркия компанияларының Қазақстандағы инвестициялық жобалары және олардың экономикалық тиімділігі академиялық зерттеулер мен салыстырмалы талдауларда қарастырылады. Мұндай талқылаулар ұйымның экономикалық біртұтастығын нығайтуға және аймақтық сауда көлемін арттыруға ықпал етеді.

Үшінші бағыт білім беру, ғылым және технология саласын қамтиды. ТМҰ мүшелері арасындағы университеттік және ғылыми орталықтардың бірлескен зерттеу жобалары, сондай-ақ ғылыми алмасу бағдарламалары халықаралық конференциялар мен академиялық журналдарда жүйелі түрде қарастырылады. Инновациялық технологияларды интеграциялау, білім беру стандарттарын үйлестіру және ғылыми зерттеу әдістемелерін біртектестендіру мәселелері ұйымның ортақ интеллектуалдық капиталын арттыруға бағытталған.

Төртінші бағыт мәдени-гуманитарлық ынтымақтастыққа қатысты болып, ол ортақ мәдени жобалар, фестивальдер және туризм саласындағы бірлескен іс-шаралар арқылы көрінеді. Түркітілдес халықтардың тілдік, тарихи және мәдени мұраларын сақтау мәселелері ғылыми талқылауларда ерекше маңызға ие болып, ұйымның біртұтас мәдени бірегейлігін нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мәдени және гуманитарлық жобалардың тиімділігін бағалау халықаралық симпозиумдар мен ғылыми жарияланымдарда зерттеледі. «Түркітілдес мемлекеттердің ғылыми және экономикалық ынтымақтастығы», «Түркі әлемі және жаһандық саясат» сияқты халықаралық конференциялар ұйымның саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық бағыттағы қызметін кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аймақтық қауіпсіздік, экономикалық интеграция және мәдени-гуманитарлық байланыстар тақырыптары халықаралық академиялық журналдарда жарияланып, ғылыми айналымға еніп келеді. ТМҰ қызметінің әртүрлі бағыттары бір-бірімен тығыз байланысты болып, ұйымның тұрақты дамуы мен халықаралық аренадағы рөлін күшейтуге бағытталған кешенді стратегияны көрсетеді.

Қазіргі түркі әлемі ғасырлар бойы қалыптасқан түркі халықтарының қоныс аударуына үлкен әсер етті. Егер Еуразия материгін мәдени-климаттық ерекшеліктеріне қарай бөлетін болсақ, келесі аймақтарды ажыратуға болады:мысалы Европаны алатын болсақ, көбіне христиан халықтары тығыз қоныстанған Еуразияның ылғалды батысы, ал Азияда негізінен будда және индуизм халықтары тығыз қоныстанған Еуразияның муссонды ылғалды шығысы мен оңтүстік-шығыс және оңтүстік жатады.Таяу Шығыс Жерорта теңіздік жауын-шашыны бар Еуразияның оңтүстік-батыс шеті, Орталық Еуразия – Еуропа мен Азияның ортасында орналасқан, Еуропаның да, Азияның бөліктерін

де қамтитын аймақ, кең-байтақ кеңістігі, құрлығы қатал климатымен, халқының тығыздығының төмендігімен ерекшеленеді. Негізінен бұл бөліну шартты болып табылады. Орталық Еуразия көптеген жылдар бойы түркі халықтарының негізгі қоныстанған аймағы болды, түркі халықтарының ата қонысы Ішкі Азия болып саналады, ол аймақ Оңтүстік Сібір мен Орталық Азияны қамтиды.

Түркі халықтарының моральдық құндылықтары олардың өмір сүру салт-дәстүріне баланысты дамып отырды, ғасырлар бойы түркі қоғамында өздерінің ұтқыр әскерлері болды. Түркілер мыңдаған жылдар бойы Еуропа, Азия және Таяу Шығыстың көршілес аймақтарында өз империяларын құра алды. Олар Тынық мұхиты мен Бенгал шығанағынан Орталық Еуропа мен Магрибке дейінгі кең аумақты қамтып, сол өңірлерде басқарушы рөл атқарғанын тарихтың іздері дәлелдейді.Түріктердің батыстан Шығысқа және Орталық Еуропаға ілгерілеуі толқынды кең көлемде және ұзақ бойы жүргізілді, түркі экспансиясының алғашқы толқындары Рим империясы тұсында болды. Ғұндар, аварлар, бұлғарлар және хазарлар Орталық және Шығыс Еуропада империяларын құра білген түріктердің ең атақты топтары қатарына жатады. Қазіргі Шығыс Еуропа түріктерінің қалыптасуына аталған халықтардың мұрагерлері – печенегтер мен қыпшақтар үлкен әсер етті.

XI ғасырда Қыпшақтардың Шығыс Еуропаға жылжуы және печенегтердің Балқанға ығысуы болды. Кейін Алтын Орданың сарқыншағы Мәскеу мемлекетіне қосылғаннан кейін Шығыс Еуропада қыпшақ халықтары Орта Еділ бойы, Қырым және Солтүстік Кавказдың бөлігінде мұсылмандық аймақтарын сақтап қалды. Православ дінін қабылдаған көшпелі қыпшақтар жартылай Мәскеу ақсүйектеріне қосылды, орыс және украин халықтарының құрамдас бөлігіне айналып казактарды құрады.

Ұлы Дала мен Сібір аумақтарын Ресейге қосуда казактардың ерекше рөлі болды, Ислам дінін ұстанған көшпелі қыпшақтардың ноғайлар деп аталып, Еділ, оңтүстік Украина және Солтүстік Кавказ далаларынан Осман империясы мен Орталық Азияға қуылды. Түріктердің Түркияның оңтүстік-батысына, Иранға, Әзірбайжанға, Иракқа жылжығанымен, бұл аймақты түріктердің қоныстануы XI ғасырдың екінші жартысында селжұқтардың экспансиясымен Анадолы арқылы түріктер Балқанға қарай ілгерілей бастады.

Балқанға қоныстанған түріктер де христиан державаларымен соғыста Осман империясының шегінуі кезінде қуылды. Якуттар XIV-XV ғасырларда Оңтүстік Сібірден Лена өзенінің алабына қарай ілгерілеп, сол аумаққа қоныстанды. Түркі халықтарының қазіргі қоныстануының негізгі бейнесі осылай қалыптасты. Лена ойпатынан Оңтүстік Сібірге, Орта Азия, Орта Еділ және Орал бойы, Кавказ және Қырым арқылы Загроска, Кіші Азия мен Балқанға дейін аралық түріктердің негізгі қоныстану аймағы болды. Түріктер Еуразия континентінің кең аумақтарын алып жатыр, мұқитқа шығатын жол болмасада, ішкі теңіздерге шығатын жерлері бар. Еуразиялық халықтардың олардың елеулі бөлігі әрқашан түркі халықтары болды. Еуразия аумағында құрылған, ыдыраған және қайта құрылған көптеген құрлықтық империялар осының дәлелі болып

келеді. Ертеде түркі дүниесінің өзара тығыз байланыстары, бірігуі түркі халықтарының тілі мен мәдениетінің жақындық дәрежесінен де аңғарылады.

Таяу Шығыстағы болып жатқан оқиғаларға байланысты Түркия оңтүстіктен де, солтүстіктен де Қызыл және Жерорта теңіздері арқылы жүк тасымалдауда белгілі бір қауіптер бар екенін түсініп отыр. Сондықтан Түркия үшін Транскаспий дәлізі бойынша жүк тасымалдау мүмкіндіктерін кеңейту өте маңызды. Бұл сұраққа келгенде Түркия мен түркітілдес мемлекеттердің мүдделері сәйкес келеді. Орта Азия мемлекеттерінің солтүстіктегі көршісі Ресей бар, ал олардың астында Ауғанстан ол жерде су алатын Қош-Тепа суару каналы салынып жатыр, болашақта сыртқы және ішкі тәуекелдерді тудырып, ауыл шаруашылығына әсер етуі мүмкін.

Түркия мен мен Орталық Азия сыртқы саясатта өз ұстанымдарын үйлестіруге тырысуда, ал инвестор ретінде Түркияға келетін болсақ, оның ықпалы шектеулі. Түркия өзін аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды ойыншы ретінде көрсетуге тырысуда, мысалы Ресей мен Украина арасындағы келіссөздерде делдал рөлін алып қана қоймай, сонымен қатар Таяу Шығыста белгілі бір тепе-теңдік құруға тырысуда.

Түркия өзінің ерекше геосаяси жағдайын қолдана отырып, Еуропа, Орталық Азиям, араб мемлекеттері және солтүстік көршілермен қалай қарым-қатынаста болу керектігін өте ұтымды қоланып отыр. ТМҰның ұзақ мерзімді жоспарының басым бөлігі «Түркі әлемінің 2040 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасы» құжатында бекітілген. Ол ТМҰна мүше мемлекеттер ұжымдық ресурстарын қалай пайдаланып, әлемдік аренада есептесетін күшке айналатыны туралы барлық ақпараттар сипатталған.

Қазіргі таңда ТМҰ мүше Орта Азия мемлекеттері арасында аймақ ретінде өздерінің сыртқы саясатын құру әрекеттері бар, бұдан біз түркі мемлекеттерін ұйымдастыруда қандай да бір топтастыру орын алуы әбден мүмкін екенін көреміз. Мысалы, Әзірбайжан мен Түркия тарихи жағынанда тіл жағынан да бір-біріне жақын мемлекеттер; Түркия мен Әзірбайжан бір топ болып шықты, ал Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның өзіндік көзқарасы мен ортақтығы бар. Бұл екі жүйені бір-бірімен қалай біріктіру керек бұл үлкен сұрақ.

Болашақта тұжырымдамада сипатталған сұрақтарды іске асыру болашақ екі топтың ынтымақтастық мүмкіндіктерін қаншалықты таба алатындығына байланысты болады. Қазір ТМҰ мемлекеттерінің алдында белгілі бір экономикалық перспективалар бар, бірақ саяси тұрғыдан келгенде, біріктірілген аумақтық қауымдастықтың барлық мүшелерінің өз алдына құндылықтары мен мүдделері әртүрлі. Мысалы, Әзірбайжанның Түркіменстан газын өз инфрақұрылымы арқылы өткізуіне рұқсат беру туралы қарапайым ұсынысы да келіссөздерде тоқтап қалды, себебі Түрікменстан түркімен газын еуропалық нарыққа шығаруға мүмкіндік беретін көпірлер жасауға мүдделі емес. Бұл жерде Түркіменстанның мүддесі тек газын сату үшін инфрақұрылым құру ғана емес, сонымен қатар ішкі инфрақұрылым мен жаңа кен орындарын дамыту болып табылады. Әзірбайжан мен Түркия Түркіменстанның ішкі экономикасына тарихи ойыншылар болып табылатын Қытай немесе Ресейден көп нәрсе ұсына

алмайды. 2040 жылға арналған болжамды құру үшін саяси ұстанымдар мен мүдделердің бірігуі үлкен проблема болып табылады.

Түркия сұранысқа ие әскери өнім өндіруші ретінде белгілі. Қазақстан өзара ынтымақтастықта шабуылдаушы ұшқышсыз ұшақтарды шығару жоспарын жариялады. Қазақстанның Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына мүшелігін ескерсек, бұл жоспарлар жүзеге асуы қаншалықты тиімді екенін алдағы уақыт көрсетеді. Түркия Қазақстан мен Қырғызстанда дрондарды сатып қана емес жасауға, танктерді немесе артиллериялық техниканы сату арқылы аймақ елдеріндегі өзінің қатысуын күшейтуге мүдделі болып отыр. Бұл жерде әскери инфрақұрылым мен тауарлардың 90 пайыздан астамы Ресейден келетіні ескерсек, әскери ынтымақтастық саласында Ресейдің жеткізіліміне тәуелді болып қала береді.

Орталық Азиядан Түркия арқылы еуропалық нарыққа шығатын ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын құру туралы жиі айтылады, бірақ бұл жерде Орталық Азиядағы экологиялық қауіптерді ескерілсе бұлда өте қиын мәселеге жатады.Түркітілдес халықтардың ғылым, техника, мәдениет, білім, экономика, сауда, туризм және қаржы салаларындағы ынтымақтастығы түркі әлемінің мәдени мұрасын насихаттауға, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге қатысты қазіргі жаһандану процестерін ескеріп халықтардың өміріне әсерін зерттеу бағытында бірорталықтандырылған институттар ашылуда. Түркі әлеміндегі армян-әзербайжан, Таулы Қарабақ қақтығысы, Солтүстік Кипрдің халықаралық оқшауланудан шығуы, Ирак пен Ауғанстанда тұратын түркітілдес халықтардың жағдайы, сондай-ақ бұл елдерде туындаған қиындықтарға қатысты алаңдаушылық түркітілдес мемлекеттердің күн тәртібінде талқылануда.

Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) қызмет ауқымына Әзірбайжан, Түркия, Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Моңғолия, Солтүстік Кипр Түрік Республикасы, Ресей Федерациясының республикалары – Татарстан, Башқұртстан, Алтай, Чувашия, Саха-Якутия, Хакасия, Ахыска түріктері, Қырым, Гагаузия, Иран, Ирак және Ауғанстан Германия, АҚШ, Австралия, Бельгия, Швейцария және басқа елдердегі түркі тілдес халықтардың диаспоралық ұйымдары атсалысып қатысады. Талқылаулар мен талдаулар, баяндамашылардың баяндамалары, айтылған пікірлер мен ұсыныстар бірнеше бағытта қарастырылып келеді.Соның ішінде аймақта тұрақтылықты қамтамасыз ету, түркітілдес халықтардың қауіпсіздігін, олардың халықаралық қоғамдастыққа интеграциялануын жеделдетуін жандандыру мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар түркі тілдес халықтар арасындағы бірлігін, барлық салаларда өзара ықпалдастық тенденцияларын, ТМҰ ның дүниежүзілік қауымдастықта позициясын нығайту мәселлері де кездесулерде талқылынды.

ТМҰ ның достастығын құруға қажетті ғылыми-идеологиялық, институционалдық және құқықтық негіздерді қалыптастыруды бастау үшін тиісті тұжырымдамалар ұсынылды. ТМҰның тұрақты хатшылығын құрылып ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға серпін беретініне сенім білдірді. Түркітілдес елдердің армян-әзербайжан, Таулы Қарабақ қақтығыстарды әлемдік қауымдастыққа жеткізіп, геноцид, террор және басқа да қылмыстарды

халықаралық деңгейде әшкерелеп осы бағыттағы шараларды қабылдаунды. Әзірбайжанға моральдық-психологиялық және саяси қолдауды күшейту туралы мәлімдемелер мен іс-шаралардың жоспарлары қабылданды.

Солтүстік Кипрді оқшаулаудан шығарып түркітілдес мемлекеттердің күш-жігерін біріктіру бағытында, Ирак түрікмендерінің құқықтарын қамтамасыз ету, қажетті дипломатиялық және саяси қолдау көрсету туралы ұсыныстар болды. 2007 жылғы Баку қаласында өткен саммитте Еуропадағы түркі тілдес халықтардың диаспоралық ұйымдары арасында ынтымақтастықты кеңейту туралы ұсыныстар қабылданды. Түркияның Еуропалық Одаққа кіруіне бағытталға талпынысын қолдады.

Еуразиялық саяси-экономикалық одақтың құрып оған Тәжікстан мен Грузияның кіруі туралы, месхет түріктерін Грузияға қайтаруға байланысты мәселелерді шешуге көмектесу қарастырылды. 1940 жылдары Кеңес өкіметі Грузиядан күштеп шығарған адамдарды елге қайтару туралы» Грузия парламенті қабылдаған заңның орындалуына байланысты оралман мәртебесі мен азаматтығын алу үшін месхет түріктерін Грузияға қайтару керектігін ТМҰ мемлекеттері талқылынды. Грузия әзербайжандарының грузин қоғамына интеграциясы мәселелерін шешуге қолдау көрсетуге ұсыныс жасалды.

ТМҰ мемлекеттері армян лаңкестерінің әзірбайжандықтарға қарсы жасаған Ходжалы геноцидін жаппай геноцид актісі деп тану мәселесін енгізді. Еуропалық Адам құқықтары сотына Қарабақтан қуылған түріктердің адам құқықтарын қалпына келтіру үшін талап арыз жазылды. 1915 жылғы оқиғаларға байланысты «геноцидті» әшкерелеуге бағытталған түркі мемлекеттері мен қоғамдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту керек осы оқиғаларды «геноцид» деп таныған елдермен және халықаралық ұйымдармен тиісті жұмыс жүргізу керек деген пікірге келді.

Түркі әлемі Ғылым академиясын құрылып, Түркі әлемінің ғылыми кітапханасының электронды нұсқасы жасалды, түркі халықтарының бай тарихы мен мәдениетін насихаттауда маңызды. «Түркі тарихы», «Түркі әдебиеті», «Дін мәдениеті және этика» бірыңғай оқулықтар дайындалды. Түркі халықтарының алдына интернет-еліне айналу мақсат қойып, ол үшін өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту күн тәртібіне қойылды.

Түркі атауларымен байланысты домендік атауларды беру, түркі тілінің стандарттарын тіркеу, turan және turk домендерін құру, басқа мемлекеттерді тұрып жатқан түркі халықтарына әдебиеттер мен оқулықтар шығарылды. Түркі әлемі муниципалитеттер одағының қызметін сапалы жақсарту, ТИКА үйлестіруімен басқару саласында тәжірибе алмасуды жүргізілді. Түркітілдес мемлекеттер арасында құқықтық жүйелерін өзара зерттеу және үйлестіру мақсатында құқықтық терминология жасау үшін заң сөздігін дайындалды. Тұрғын үй және еңбек құқықтары мәселелері бойынша заң шығарушы органдар арасында тәжірибе алмасу жүргізілді. Түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясын құрылды, көші-қон процестерін зерттеу және түркітілдес мемлекеттер арасында ынтымақтастық орнату туралы ұсыныстар ескерілді.

Сарапшылардың Түркі кеңесінің Түркі мемлекеттері ұйымына айналуын талқылауда біркелкі емес, кейде бір-бірімен қайшы келеді. Кейбіреулер Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесін түрік басшысының амбициясында оның қолындағы қуыршаққа айналуы мүмкін деп сенімді, ал кейбіреулері уақыт өте келе ол жаңа құрылымды нағыз геосаяси қарсы салмаққа айналдыруы әбден мүмкін деп сендіреді. Түркі мемлекеттері ұйымының бастамаларындағы ықпалдастықтың маңызды аспектілеріне тоқталып көрейік.

«Орталық Азия – Бейбітшілік аймағы» платформасын және Түркі мемлекеттерінің Сауда ынтымақтастығын зерттеу орталығын құру сауда кедергілерін жою, электрондық коммерцияны енгізу және экспорт пен импорт көлемін ұлғайту бойынша ұсыныстар әзірлеудегі басты бастамалардың бірі болып отыр. Қытайдан Еуропаға жаңа трансконтинентальдық дәліздерді құру арқылы сутегін өндіріп тасымалдауда жаңа технологияларын әзірлеу, халықаралық консорциум құру, жасыл технологияларға қатысты жобаларды іске асыру үшін жасыл капитал нарығын дамытып түркітілдес елдердің аумақтары арқылы транзиттік әлеуетті нығайту жұмыстары жүргізілуде. Тек ұсыныстар жасап қана қоймай осы идеяларды іске асыру күн тәртібінде қойылып отыр. Ең керемет» идеяны кім шығаратыны туралы көшбасшылар арасындағы бәсекелестік орны емес, ұсынылған бастамалар барлық мемлекттердің ұлттық мүдделері қайшы келмеуінде талқыланды.

Түркі кеңесінің атауы Түркі мемлекеттері ұйымы деп өзгеруі ЕАЭО немесе ЕО сияқты нағыз одаққа айналуы қаншалықты ықтимал? Деген сұрақтарда туындап отыр. Ресей мен Қытайдың аймақтағы мүдделеріне қарсы тұра ала ма? Қазақстан жалпы не ұтады?- деген сұрақтарда отандық сарапшылар мен зерттеу институттарын алаңдатады. Уразғали Селтеев Еуразиялық интеграция институтының директоры Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің Түркі мемлекеттері ұйымына айналуы оның барлық мүшелері үшін стратегиялық тиімді құндылыққа теңейді. Елдер арасын бқл теңдік одағы болу керек деген пікірде.

Түркі мемлекеттерінің ұйымы мәдени-гуманитарлық әлеуеті бар әлемдегі ең перспективалы интеграциялық жобалардың бірі ретінде қарастырылды, ал оның атауының өзгеруіің өзі қуатты идеологиялық көпжақты ынтымақтастықтың біріктіруші қағидасы ретінде бірегейлікті көрсетеді. «Біз түрікіміз» деген біртұтас парадигма ұжымдық рөлді бірлесіп түсініп тану деген мағынаны білдіреді. Қазақстан үшін көпвекторлы сыртқы саясаттың бір бөлігі болып табылады, ЕАЭО-мен қатар тең интеграциялық векторға айналуыда ықтымал. Дегенмен, интеграцияның осы екі бағытын асыра сілтеудің қажеті жоқ, жақын арада Еуропалық Одақ сияқты терең жақындасуды да қысқа мерзімде күтудің де қажеті жоқ. Бірақ қазақстан үшінде, Орталық Азия мемлекеттері үшінде Түркияның мықты болғанын қалаймыз. Сонымен бірге аналы басқару элитасы бар теңгерімді экономикалық тұрақтылығы бар Ресей қажет, одақтастармен қарым-қатынаста стратегиялық нұсқауларды басшылыққа алуы керек.

Түркия Түркі мемлекеттері ұйымының негізгі буыны, халықаралық қатынастардың көпполярлы жүйесіндегі негізгі ойыншы, экономикалық проблемалар мен түрік қоғамын исламдандырудың қайшылықты үдерісіне қарамастан мықты дамып отыр. Соңғы кездері Ресей тарапынан түркі интеграциясы үдерісіне қызғанышпен қарау байқалып отырғаны анық, ақпарат алаңында Түркия мен Әзірбайжанның теріс имиджін әдейі қалыптастыру орын алған уақыттарда бар. Біз ұлттық мүддемізді негізге ала отырып, бұндай геосаяси ойындардға қатыспаймыз, Қазақстан «Үлкен Еуразия» кеңістігінде байланыстырушы буын ретінде әрекет етеді.

Одақ ешкімге қарсы салмақ болу мақсатында емес, одақ ішіндегі және көршілес елдердегі тұрақтылықты нығайтуды күн тіртібіне қояды. ТМҰ ның міндеті – түркі елдері арасындағы қарым-қатынасты дамыту, байланыстыру жіне нығайту болып отыр. Сондықтан Ресей мен Қытай тарапынан төнетін сын-қатерлер туралы айту әлі ерте. Қазір сыртқы аренада дербес саясат жүргізіп жатыр Түркия бұл одақта жетекші рөл ойнайды. Ұйым ТМҰ мүше елдерді сыртқы саясатын үйлестіруге шақырады бұл норма Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің атауы өзгертілгенге дейін күшінде болды. Атауды өзгерту Түркі кеңесі саммиті кезінде де айтылды, осы атауға қатысты кейбір сарапшылар қарым-қатынастар атаулармен емес, іс-әрекеттермен анықталады деген пікірде, ал кейбіреулері ұйымдар, әдетте, дамудың жаңа деңгейіне жеткенде, өздерінің атын өзгертінін айтады. Мысалы, Шанхай бестігіне (ШЫҰ-ның бұрынғы атауы), ГАТТ – қазіргі Дүниежүзілік сауда ұйымына қатысты болды.

«Жол картасы» ретінде жарияланған «Түркі әлемінің көрінісі 2040» құжатының қабылдауыменде атау өзгеруін байланыстырады. «Түркі тілдес» деген сөзден бас тартып, «түркі» деген ұсыныс тек тіл мәселесі ғана емес, халықтарды жақындастыратын басқа да критерийлер бар жаңа қауымдастық қалыптасуда деген бағытты басшылыққа алады. ТМҰ ға мүше елдердің әлемдік аренадағы мәртебесін көтеруге өз үлесін қосады, ЕАЭО немесе ЕО сияқты нағыз одаққа айналуы уақыттың еншісінде, ол ұйымның жұмысының тиімділігінде. ЕАЭО әлі де болса бар кедергілер мен шектеулерге байланысты толыққанды экономикалық одақ бола алмай отыр, ішкі сауда көлемі сыртқы сауда көлемінен аз. ЕАЭО мен ЕО интеграциялық бірлестік, ал ТМҰ елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға баса назар аударады, шекараның ашықтығы, ортақ кедендік төлемдер сияқты мәселелерді талқылауға арналмаған, интеграциялық бірлестіктердің белсенді болуына ынталандырады.

ЕАЭО Түркі мемлекеттері ұйымы түріндегі экономикалық бәсеке, ал бәсекелестік тиімді дамуға әсер ететін нәрсе, қосымша экономикалық пайда алу туралы айтып отырмыз.Бұл жерде Қазақстан да, Қырғызстан да екі қауымдастыққа мүше болу артықшылықтарын пайдалана алады. Түркияның үлкен экономикалы ел бола отырсада Қазақстан үшін ең ірі инвесторлардың бестігіне кірмейді, тауар айналымыда басқа елдерден де төмен. Потенциал бар, бірақ әлі жүзеге асырылмаған. Қазақстан үшін бұл Кавказ және Түркия арқылы

теңізге шығатын балама жол, бір артықшылықтары бұл салада инфрақұрылымдық жобалардың сәтті жүзеге асырылуымен нығайып отыр.

Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуы түркі әлемін жаңғырту әрекеті болып табылады, тек инвестиция мен экономика саласында ғана емес сонымен қатар білім беру, технология алмасу, инновациялық бағыттарды дамыту саласындағы елдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту, табиғатты қорғау жобалары немесе экономиканың әртүрлі салаларында суды тұтынуды азайту қарастырылуда [348].

«Әзірбайжанның одақтасы Түркия Қарабах қақтығысынан кейін Анкараның түркі мемлекеттерімен одағын құру әрекетіне алаңдаулы, бұл алаңдаушылық Түркия Түркі мемлекеттері ұйымын құрғанда ғана күшейе түсті. Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі ретінде белгілі ұйымның елеулі ребрендингі-деп Стамбулда өткен Түркі кеңесі саммитінің қорытындылары туралы американдық Джеймстаун өзінің маөаласында көрсетеді. Пол Гобл кейбір ресейлік ғалымдардың Түркияның сыртқы саясатына қатысты көзқарастарын талдайды, Дмитрий Родионовтың цитаталарын келтіреді. Түркия президенті Режеп Тайып Ердоғанның «радикалды» көзқарасы бар, тек түркі мемлекеттерінің ғана емес, сонымен қатар Ресей территориясында өмір сүріп отырған түркі халықтарында қамтып отырғанын жазады [349].

Анкара Мәскеудің Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Өзбекстандағы ықпалын азайтқандығы, Ресей территориясында өмір сүретін түркілерге Анкараның ықпалы қауіп қатер төндіретінін тиек етеді. Родионов Мәскеу түркі мемлекеттерінің одағы тұжырымдамасын жиі сынға алды. Ресейлік ғалымның айтуынша, Р.Эрдоған өзін түркі тілдес халықтардың қамқоршысы деп есептейтінін басқа түркі емес мемлекеттерде атап өткенін талдайды. Мысалы Бакудегі сапарында түрік басшысы Ирандағы этникалық әзірбайжандардың» жағдайына алаңдаушылық білдірді. Р.Эрдоған өз мемлекеттілігі жоқ түркі халықтарына көңіл бөлетінін және түркі бірлігінің бір-бірімен байланысты екенін ұдайы аңғартады. Гоблдың пайымдауынша, Ресей Украинадан қосып алған Қырым түбегіндегі татарларға Түркияның көңіл бөлуіне көптен бері алаңдаулы.

Ресейдің қиыр шығысында орналасқан Саха Республикасына қатысты Түркияның мәлімдемесінен бірнеше алаңдаушылық туындады. Бұл аумақтық бірлік «халықаралық қоғамдастық мойындамаған мемлекеттік құрылымдардың» бірі делінген. Бұл сөздер «Ресейдегі түркі сепаратизмін» насихаттау әрекетін білдіреді депді ресейлік сарапшы Сергей Аксенов. Түркияның түркі халықтарына қатысты жүргізіп отырған саясаты Ресейдің «орыс әлемі» саясатына ұқсас деп көрсетіледі. Бұл жағдай Мәскеудің дәрменсіздігін білдіреді деп айтылады [350]. Қорыта келе, Қазақстан мен Түркия интеграцияның стратегиялық серіктесі және драйвері ретінде әрекет ете отырып, түркітілдес елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда шешуші рөл атқарады. Олардың өзара іс-қимылы экономиканы, мәдениетті, саясатты және қауіпсіздікті қамтиды, бұл түркі әлемінің одан әрі дамуына қолайлы жағдай жасайды.

Ынтымақтастықтың перспективалы бағыттары бәрәншә санатта бұл экономикалық интеграция және сауда болып табылады. Түркі мемлекеттері ұйымы ТМҰ шеңберінде өзара сауда көлемін арттыруға мүмкіндік беретін біртұтас экономикалық кеңістік құру керек. Энергетика саласындағы ынтымақтастықты тереңдетіп Қазақстан мен Түркия мұнай мен газды Транскаспий арқылы Еуропаға тасымалдауда жетекші рөл атқара алады. Логистиканы және көлікті дамытуда Кавказ және Каспий теңізі арқылы жаңа теміржол және автомобиль дәліздерін салып, «Орта дәліз» жобасын жүзеге асыру керек. Өзара инвестициялар бизнесті қолдауды күшейтіп, өңдеу өнеркәсібінде, IT секторында және ауыл шаруашылығында бірлескен кәсіпорындар құру күн тіртібінде болып отыр.

Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықта тіларалық қатынасты жеңілдету үшін түркі әліпбилерін біріздендіру мысалы, Қазақстандағы латын әліпбиіне көшуі, студенттермен, оқытушылармен және бірлескен ғылыми бағдарламалармен алмасу арқылы біртұтас білім беру кеңістігін құру, Түркітілді БАҚ-ты дамытып телеарналарды қолдау (TRT Avaz), ақпарат тарату үшін ортақ цифрлық платформаларды құру керек.

Әскери және қорғаныс саласындағы ынтымақтастыққа келетін болсақ, аймақтағы қауіпсіздікті арттыру үшін бірлескен әскери жаттығулар мен технологиялар алмасуда, дрондарды, броньды машиналарды және басқа да қару түрлерін шығарумен әскери-өнеркәсіптік кешенді дамытылуда, ақпараттық жүйелер мен маңызды инфрақұрылымды қорғау үшін киберқауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын арттыру керек.

Саяси үйлесімділік пен геосаяси үрдіске келетін болсақ, Орталық Азия мен Кавказдағы біртұтас сыртқы саяси стратегия, халықаралық аренада түркі елдерінің ықпалын күшеюде, халықаралық платформаларда (БҰҰ, ИЫҰ, ШЫҰ) бір-бірін қолдау керек. Қақтығыстарды реттеуді қоса алғанда, аймақтық қауіпсіздік мәселелерінде бір-бірімен жақындасу керек. (Қарабах, Ауғанстан).

Ынтымақтастықты тереңдету бойынша қандай ұсыныстар бере аламыз, біріншіден бірлескен инфрақұрылымдық және экономикалық жобаларды қаржыландыру үшін бірыңғай Түркі даму банкін құру керек.

Екіншіден, түрік, қазақ, өзбек және басқа түркі тілдерінде бағдарламалары бар Түркі әлемі университетін құру керек. Түркітілдес аумақта визасыз жүру жүйесін дамыту, кадрларды даярлау және технологиялармен алмасу бойынша бірлескен әскери бағдарламаларды іске қосу, бірыңғай сандық кеңістікті құру, оның ішінде ортақ төлем жүйесі мен цифрлық сәйкестендіру қажет. Ал мүмкін болатын қиындықтарыды айтатын болсақ оның қатарына негізгі ойыншылардың (Ресей, Қытай, АҚШ) геосаяси қысымы, дамыған және дамымаған түркі мемлекеттері арасындағы экономикалық теңсіздіктің болуы, тілдік кедергілер, ортақ тамырларға қарамастан, интеграцияны қиындатып отыр, демократиядан (Түркия) авторитарлық жүйеге (Түркіменстан) дейін әртүрлі басқару үлгілерінің болуын айтуға болады.

Қазақстан-түрік тандемі түркітілдес ынтымақтастықты дамытудың драйверіне айналуға қабілетті. Дегенмен, табысты интеграция үшін

экономикалық айырмашылықтарды, геосаяси тәуекелдерді ескеріп, ортақ мүддеге бағытталған ұзақ мерзімді өзара әрекеттестік тетіктерін жасау қажет.

ТМҰ болашағын зерттеу барысында аймақтық интеграция мен дипломатия саласындағы зерттеулерде ТМҰ мүшелерінің саяси механизмдерін, даулы мәселелерді шешу тәжірибесін және Қазақ–Түрік тандемінің медиативті рөлін жан-жақты талдау туралы ұсыныстарды ғылыми айналымға енгізуге болады. Ортақ энергетикалық, логистикалық және индустриалды жобалардың тәжірибесін, олардың ұйымның тұрақтылығы мен экономикалық тиімділігін арттырудағы үлесін қарастыру маңызды. Ортақ ғылыми институттар мен білім беру бағдарламаларының ТМҰ мүшелері арасындағы интеллектуалды және мәдени байланыстарға әсерін бағалау қажет. Ортақ ғылыми зерттеулер, университеттік бағдарламалар, студенттік және ғылыми алмасу жобалары ТМҰ мүшелері арасындағы интеллектуалды және мәдени байланыстарды нығайтуда шешуші рөл атқарады; осы мақсатта ортақ ғылыми институттар құру, ортақ зерттеу бағдарламаларын іске асыру және білім беру стандарттарын үйлестіру ұсынылады. Сонымен қатар, ғылыми семинарлар мен конференцияларды тұрақты түрде өткізу ұйым мүшелерінің тәжірибе алмасуына, инновациялық идеяларды таратуға және ТМҰ-ның білім саласындағы беделін арттыруға мүмкіндік береді. Ортақ мәдени жобалар, әдеби және өнер фестивальдары, туристік бағдарламалар ұйымның әлеуметтік капиталын қалыптастыруға және мүшелер арасындағы сенімді арттыруға ықпал етеді; осы бағытта ТМҰ мәдени орталықтарын, мұражайларын және тіл орталықтарын дамыту ұсынылады, сондай-ақ «Түркі жолы» сияқты туристік жобаларды кеңейту арқылы ұйымның халықаралық деңгейде танымалдығын арттыру қажет.ТМҰ болашағын ғылыми зерттеу мен практикалық ұсыныстар жасау арқылы ұйымның интеграциялық потенциалын толық ашуға, оның халықаралық аренадағы беделін күшейтуге және мүшелері арасындағы сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік туады.

ТМҰ мүшелері арасындағы дипломатиялық механизмдерді жетілдіру маңызды, себебі бұл ұйымның тұрақтылығы мен халықаралық рөлін арттыруға мүмкіндік береді; осы тұрғыда Қазақ-Түрік тандемін тиімді медиативті құрал ретінде пайдалану ұсынылады, олар даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге және ортақ шешімдер қабылдауға үлес қосуы тиіс. Сонымен қатар, ТМҰ-ның халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ сияқты құрылымдармен өзара әрекеттестігін нығайту ұсынылады, бұл ұйым мүшелерінің халықаралық аренадағы беделін көтереді және аймақтық келісімдерді қалыптастыруда тиімді дипломатиялық тәжірибе береді. ТМҰ мүшелері арасындағы сауда, инвестиция және ортақ экономикалық жобаларды күшейту ұсынылады, әсіресе энергетика, логистика, ауыл шаруашылығы және индустриалды секторларда бірлескен жобалар іске асыру тиімді. Қазақстан мен Түркия арасындағы бірлескен кәсіпорындар мен инвестициялық бағдарламалардың тәжірибесі осы бағыттағы үлгі болып табылады, және оларды ТМҰ-ның басқа мүшелеріне тарату арқылы ұйымның экономикалық интеграциялық әлеуетін арттыруға болады.

ТМҰ-ның ішкі басқару және координациялық механизмдерін жетілдіру ұсынылады, бұл ұйым мүшелерінің тиімді шешім қабылдауын, жобаларды үйлестіруін және ресурстарды тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, тұрақты мониторингтік жүйелер енгізу, экономикалық және мәдени жобалардың тиімділігін бағалау, сондай-ақ ортақ шешімдерді орындауды бақылау құрылымдарын жетілдіру маңызды болып табылады. ТМҰ болашағын ғылыми тұрғыда зерттеу үшін халықаралық ғылыми конференциялар, семинарлар мен жарияланымдарға қатысу ұсынылады; бұл ұйымның қызметін бағалау, басқа аймақтық ұйымдардың тәжірибесін талдау және ТМҰ интеграциялық стратегиясын жетілдіру үшін маңызды ғылыми айналым болып табылады.

ТМҰ-ның саяси және дипломатиялық ынтымақтастығы аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік тәжірибесі ТМҰ мүшелері арасындағы сенімді нығайтуға ықпал етеді. ТМҰ мүшелері арасындағы ортақ саяси көзқарастар мен дипломатиялық әрекеттер халықаралық аренада ұйымның ықпалын арттыруға мүмкіндік береді.

ТМҰ мүшелері арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін ортақ инфрақұрылымдық жобалар мен сауда-экономикалық байланыстарды нығайту қажет. Мысалы, Қазақстан мен Түркия арасындағы «Баку-Тбилиси-Карс» теміржол жобасы аймақтық логистиканы дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар, ТМҰ мүшелері арасындағы ортақ энергетикалық жобалар мен инвестициялық бағдарламалар ұйымның экономикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық ТМҰ мүшелері арасындағы интеллектуалдық және мәдени байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Мысалы, 2022 жылы ТМҰ университеттері арасында ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру бойынша келісімдер жасалды. Сонымен қатар, студенттер мен оқытушылар арасындағы алмасу бағдарламалары білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

ТМҰ мүшелері арасындағы ортақ мәдени мұраларды сақтау және дамыту мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың негізі болып табылады. Мысалы, 2021 жылы Ыстамбұлда өткен «Түркі әлемі мәдениеті» фестивалі ТМҰ мүшелері арасындағы мәдени байланысты нығайтуға ықпал етті. Сонымен қатар, ортақ тіл, тарих және дәстүрлерді сақтау ТМҰ мүшелері арасындағы әлеуметтік бірлікті арттыруға мүмкіндік береді.

ТМҰ болашағын ғылыми тұрғыда зерттеу үшін халықаралық ғылыми конференциялар мен форумдарға қатысу маңызды. Мысалы, 2023 жылы Алматыда өткен «Түркі әлемі және жаһандық саясат» халықаралық конференциясында ТМҰ-ның болашағы мен даму бағыттары талқыланды. Сонымен қатар, халықаралық ғылыми журналдарда ТМҰ-ның саяси, экономикалық және мәдени аспектілері бойынша мақалалар жариялануда.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл дисертациялық жұмыста Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы зерделенді. Аймақтық, субаймақтық интеграциялық процестердің теориялық және концептуалдық тұжырымдамаларына салыстырмалы талдау жасалынды. Қазіргі жаһандану жағдайында интеграцияның даму ерекшеліктерін нақтылай отырып, аймақтық интеграциялық топтамаларды құрудың экономикалық-саяси мотивтерін сараптамадан өткізілді. Тәуелсіз Қазақстан мен Түркия республикасы арасындағы қатынастардың қалыптасуы мен дамуының ынтымақтастықтың негізгі кезеңдері талқыланды. Жаһандық геосаясаттың өзгеруі жағдайында Түркия мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестік, экономикалық байланыстар, Каспий аймағы мен Орталық Азиядағы энергетикалық саясаты талданды. Екі мемлекет арасындағы мәдени-гуманитарлық, білім беру мен ғылым, мәдениет және туризм, денсаулық сақтау салаларындағы ынтымақтастық талқыланды. Түркітілдес мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың ортақ идеялары мен тәжірибесі, сондай-ақ қазақ-түрік тандемінің рөлі түркітілдес мемлекеттердің өзара ынтымақтастығы аясындағы мәселелерді шешуде айқындалды.

Ғылыми зерттеулер барысында қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің ерекшеліктері анықталып, оның құрылымы талданды. Жаңа әлемдік тәртіп туралы әдістемелік пікірталастар әлі күнге дейін жалғасып жатыр. Жаһандық саяси жағдайды терең сараптай отырып, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінің ғана емес, сонымен қатар мемлекеттердегі саяси процестердің өзгерістеріне қатысты бірнеше негізгі қорытынды жасалды.

Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың тарихи, экономикалық, саяси, мәдени және ғылыми аспектілерін кешенді талдау көрсеткендей, екіжақты қатынастардың қалыптасуы мен дамуы бірнеше маңызды бағыттар мен кезеңдерге негізделген. Алғашқы кезеңде мемлекеттік құрылымдардың саяси тұрақтылығы мен тәуелсіздік алған кезеңдегі стратегиялық мақсаттар ынтымақтастықтың алғышарттарын қалыптастырды. Бұл кезеңде Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық байланыстарды орнату, екі ел арасындағы сенім және өзара түсіністік деңгейін арттыру басты рөл атқарды.

Жаһандық геосаясаттың өзгеруі жағдайында Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестік жаңа сипат алды. Әсіресе Каспий аймағы мен Орталық Азиядағы энергетикалық ресурстарға қол жеткізу және олардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында екі елдің экономикалық байланыстары нығайды. 2023-2025 жылдары сауда-саттық көлемінің артуы, инвестициялық жобалардың іске асуы, оның ішінде бірлескен энергетикалық және логистикалық инфрақұрылымдық жобалар, екіжақты қатынастардың прагматикалық, экономикалық бағыттағы маңызды қырын көрсетті.

Білім, ғылым, мәдениет және туризм саласындағы ынтымақтастық Қазақстан мен Түркия арасындағы халықтар арасындағы гуманитарлық

байланыстарды нығайтуға, ортақ мәдени және тарихи мұраны сақтау мен дамытуға септігін тигізеді. Студенттер мен ғалымдардың алмасу бағдарламалары, мәдени фестивальдер мен көрмелер екі елдің азаматтарының өзара түсіністігі мен сенімін арттырады. Денсаулық сақтау саласындағы бірлескен жобалар мен келісімдер, сондай-ақ пандемиялық қауіптерге қарсы күрес тәжірибесі екі елдің гуманитарлық ынтымақтастығының практикалық рөлін нақты көрсетті.

Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығының тарихы, ортақ идеялары мен тәжірибесі Қазақстан мен Түркияның халықаралық аренадағы белсенділігін күшейтетін тиімді құрал болып отыр. Қазақ-түрік тандемі осы ынтымақтастық аясында халықаралық дипломатиялық мәселелерді шешуде медиативті рөл атқарады, экономикалық және саяси дауларды реттеуде делдалдық қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, мәдени-гуманитарлық жобалар мен білім беру бағдарламалары арқылы ТМҰ мүшелері арасындағы интеграцияны тереңдетуге мүмкіндік туады.

Аймақтық субъектілердің күшеюі халықаралық қатынастардағы теңгерімсіздікті туындатты, бұл көптеген мемлекеттердің сыртқы саяси басымдықтарын қайта қарастыруға себеп болды. Әлемдік саясаттың әрбір субъектісі өздерінің сыртқы саяси идеологиялары мен идеяларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Халықаралық қатынастар жүйесі түрленіп, аймақтық мемлекеттер пайда болған сайын, елдердің билігі халықаралық аренадағы өзіндік құндылыққа негізделген мінез-құлқын қайта қарай бастайды, бұл қазіргі даму кезеңінде әлемдік саясаттағы идеологиялық және құндылық факторының өсуінің тікелей салдары болып табылады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынас – түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы маңызды тетік болып табылады. Түркі интеграциясы идеясының тарихи негіздері мен өркениеттік ортақтығы екі елді тек саяси немесе экономикалық мүдде тұрғысынан ғана емес, мәдени және рухани тұтастық тұрғысынан да жақындастырады.Зерттеу барысында Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) қалыптасу тарихы, ортақ түркілік идеялар мен құндылықтар, сондай-ақ Қазақстан мен Түркияның бұл үрдістегі жетекші рөлі талданды. Екі елдің бастамалары мен тәжірибесі ТМҰ-ны институционалдық және идеологиялық тұрғыдан нығайтып, аймақтық қауіпсіздік пен даму жолындағы бірлескен ұстанымдарды бекітуде.Қазақ-түрік тандемі – түркі мемлекеттері арасындағы диалогты, консенсусты және нақты жобаларды жүзеге асыруда үйлестіруші күш ретінде көрінеді. Бұл тандем геосаяси, мәдени және экономикалық сын-қатерлерді бірлесе еңсеруге бағытталған бастамалар арқылы өз тиімділігін көрсетуде.

Сонымен қатар, болашаққа бағытталған талқылаулар мен ұсыныстар түркі интеграциясының жаңа кезеңіне өтуге мүмкіндік беретін стратегиялық негіздерді қалыптастырады. Білім, цифрлық технологиялар, жасыл экономика, қорғаныс өнеркәсібі және мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты тереңдету - алдағы жылдардың басым бағыттары болуға тиіс. Осыған байланысты, Қазақстан мен Түркияның түркітілдес мемлекеттермен өзара іс-

қимылы – тек ұлттық мүдделерге ғана емес, бүкіл түркі әлемінің ұжымдық дамуына бағытталған ұзақмерзімді геостратегиялық бағдар екенін айғақтайды.

Аймақтық интеграциялық бірлестіктерді құру экономикалық тиімділікті арттыру, энергетикалық және логистикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ саяси ықпалдылықты күшейту мақсатында жүзеге асады. Қазақстан мен Түркия үшін бұл ынтымақтастық аймақтық тұрақтылықты нығайтуға, сауда-саттық пен инвестициялық байланыстарды кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интеграциялық бірлестіктердің құрылымы мен механизмдері екі елдің халықаралық аренадағы диалогында медиативтік құрал ретінде қолданылады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстардың қалыптасуы тарихи және мәдени ұқсастықтарға негізделген. Бірлескен дипломатиялық қадамдар, халықаралық келісімдер мен меморандумдар тарихи кезеңдер бойы өзара сенім мен стратегиялық серіктестікке ықпал етті. Осы байланыстардың ерекшелігі – экономикалық, мәдени және гуманитарлық салаларда үйлестірілген тәсілдің болуы, бұл өз кезегінде екіжақты қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Жаһандық геосаясаттағы өзгерістер Қазақстан мен Түркия арасындағы серіктестіктің стратегиялық мәнін арттырды. Аймақтық қауіпсіздік, энергетикалық инфрақұрылым және халықаралық қауіп-қатерлерді басқару екі елдің бірлескен саясатында басым бағытқа айналды. Стратегиялық серіктестік тек экономикалық байланыстармен шектелмей, дипломатиялық және гуманитарлық ынтымақтастықты да қамтиды.

Каспий және Орталық Азиядағы энергетикалық ресурстарды басқаруда Қазақстан мен Түркияның өзара ынтымақтастығы экономикалық және геосаяси мүдделерді үйлестіруге бағытталған. Бірлескен энергетикалық жобалар, инфрақұрылымдық инвестициялар және логистикалық коридорлар аймақтық тұрақтылық пен экономикалық өсімге ықпал етеді. Бұл ынтымақтастық екі елдің халықаралық энергетикалық аренадағы позициясын күшейтеді.

Студенттер мен ғалымдардың алмасу бағдарламалары, бірлескен ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобалар білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты күшейтеді. Бұл өзара тәжірибе алмасуға, ғылыми әлеуетті арттыруға және ТМҰ елдері арасындағы интеграциялық процеске үлес қосуға мүмкіндік береді. Мәдени және туристік бағдарламалар екі халық арасындағы өзара түсіністікті, тарихи және мәдени мұраны сақтауды қамтамасыз етеді. Мәдени фестивальдер, көрмелер мен туристік маршруттар арқылы халықтар арасындағы гуманитарлық байланыстар нығаяды, бұл экономикалық серіктестікті де қолдайды.

Денсаулық сақтау саласындағы бірлескен жобалар мен келісімдер пандемиялық қауіптерге қарсы күресті күшейтеді, медициналық тәжірибе мен технологияларды бөлісуге мүмкіндік береді. Бұл ынтымақтастық екі елдің гуманитарлық жауапкершілігін арттырады және халықаралық денсаулық сақтау жүйесінде сенімді әріптестік рөлін қалыптастырады. Мәдени-гуманитарлық жобалар тарихи, тілдік және мәдени байланыстарды нығайтады. Бұл бағыт

халықтар арасындағы интеграцияны арттыруға, халықаралық аренада гуманитарлық келісімдер мен медиациялық рөлді іске асыруға мүмкіндік береді.

ТМҰ ынтымақтастығы тарихи тамырлар мен ортақ мәдени және тілдік негізге сүйенеді. Ортақ идеялар – экономикалық даму, мәдени интеграция және аймақтық қауіпсіздік. Тәжірибе көрсеткендей, ТМҰ мүшелері арасындағы бірлескен жобалар мен дипломатиялық келісімдер тұрақты серіктестікті қамтамасыз етеді. Қазақ-түрік тандемі ТМҰ аясындағы медиативтік рөл атқарады, экономикалық және дипломатиялық дауларды бейбіт жолмен шешуге ықпал етеді. Бұл тандем аймақтық және халықаралық деңгейде келіссөздер жүргізу, инвестициялық және гуманитарлық жобаларды үйлестіру сияқты функцияларды атқарады.

Түркия түрлі саяси, экономикалық және мәдени бағыттарда әртүрлі интеграциялық құрылымдар мен платформаларды құруда белсенді түрде жұмыс істеуде. Түркі халықтарының мүдделеріне бағытталған «жұмсақ күш» құралдары мемлекет деңгейінде ғана емес, жеке тұлғалар мен ғылыми қауымдастық тарапынан да қолданылуда. Түркология саласындағы ғылыми ықпал мен этникалық байланыстарды нығайту, сондай-ақ түркі тілдес халықтардың ортақ мәдениетін насихаттау арқылы түркіцентристік идеялар кеңінен таралуда. Әділдік, демократия және түркі мәдениетінің құндылықтары кеңейтіліп, осы құндылықтар иерархиясының қағидалары түрлі деңгейлерде қорғалуда.

ТМД аумағында түркітілдес мемлекеттермен байланыс орнатуда Түркия әсіресе ғылым, білім және мәдениет салаларында «жұмсақ күш» тәсілдерін кеңінен қолдануда. Түркияның басты мақсаты шетелде жаңа лоббистік топтар құру және өз елінің зияткерлік ресурстарын шетелдерден тарту. Мысалы, Мевлана бағдарламасы студенттер арасында алмасуды ұйымдастырып, өте танымал болды. Сонымен қатар, түркітілдес елдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында түрлі коммерциялық емес, діни, мемлекеттік және басқа да ұйымдар маңызды рөл атқарады. Мұндай ұйымдар қатарына ТҮРКСОЙ, түркі әлемін біріктіру бағытындағы білім беру жобаларын жүзеге асыратын ТİКА, аймақтық қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын Түркі Кеңесі және түрік тілін насихаттау, мәдениетаралық байланысты дамыту үшін Юнус Эмре мәдениет орталықтары жатады. Бұл құрылымдар түркі әлемі арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, әлемдік аренада Түркияның ықпалын арттыруда маңызды рөл атқарады.Бірінші тапсырмаға келетін болсақ, осы зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі жасалып, қазіргі халықаралық қатынастар мен интеграция жүйесінің трансформациясын бағалаудың негізгі тәсілдері әзірленді. Түркия мен Қазақстанның сыртқы саяси курстары мен халықаралық қатынастардың заманауи жүйесінің трансформациясын бағалауға автор әзірлеген әдістемелік тәсілдер маңызды болып табылады.

Зерттеу барысында қазіргі халықаралық қатынастардың жүйесі мен оның ерекшеліктері жан-жақты қарастырылып, мемлекеттердің сыртқы саясатының идеологиялық және құндылықтық аспектілерінің күшеюі айқындалды. Бұл үрдіс институционалдық және үлгілік тәсілдер кешенін қолдана отырып, бірқатар

маңызды өзгерістерді енгізді. Әсіресе, екі мемлекет арасындағы дипломатиялық ынтымақтастықты зерттеуде әдістемелік критерийлер ретінде сыртқы саясаттың жаңа құралдары мен концепциялары айқындалды. Бұл концепциялар арасында «жұмсақ күш», «имидж», «бренд», «ақылды қуат», «сыртқы саясат идеологиясы» сияқты ұғымдар ерекше орын алды. Олардың белсенді қолданылуы сыртқы саяси стратегиялардың тиімділігін арттыруда және екі елдің халықаралық аренадағы ықпалын күшейтуде маңызды рөл атқарады. Осылайша, қазіргі заманғы халықаралық қатынастар жүйесінде мемлекеттердің саяси және идеологиялық ұстанымдарының өзгеруі жаңа тұжырымдамалар мен амалдарды енгізумен бірге, сыртқы саясаттағы күрделі әрі жан-жақты әсер ету құралдарын қалыптастырады.

Жаңа әлемдік тәртіптің контурлары туралы әдістемелік пікірталастар әлі де жалғасуда. Дегенмен, қазіргі жаһандық саяси жағдайды қарастыру және талдау негізінде қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесін ғана емес, халықаралық қатынастардағы субъекттердегі саяси процестерді өзгертуге қатысты аймақтық интеграциялық бірлестіктерге бірнеше негізгі қорытындылар жасалды.

Қазақ-түрік байланысының қазіргі кезеңі барлық салалардағы байланыстардың жоғары қарқындылығымен сипатталады. Түркия Қазақстан Республикасын Орта Азиядағы көшбасшысы ретінде танып, Орталық Азиядағы негізгі серіктес ретінде қабылдайды, ал Қазақстан өз кезегінде Түркияны халықаралық нарыққа шығуда және өзінің көпвекторлы сыртқы саясатын нығайтуда сенімді одақтас ретінде көреді. Екі ел арасындағы қарым-қатынас мәдени дипломатия, экономикалық өзара іс-қимыл, білім беру және гуманитарлық жобалар және жоғары деңгейдегі саяси диалог арасындағы теңгерімді көрсетіп отыр. ТМҰ арқылы ынтымақтастықты нығайта отырып, Түркия мен Қазақстан екіжақты байланыстарды тек нығайтып қана емес, халықаралық қатынастар жүйесінде тәуелсіз рөл атқаруға қабілетті біртұтас түркі кеңістігінің қалыптасуына зор үлес қосуда.

Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде жаһандық және аймақтық үдерістердің күрделене түсуі мемлекеттерге өз сыртқы саясаттарын қайта қарауға, ұлттық мүдделерді сақтаумен қатар, көпвекторлы және прагматикалық бағыттарды ұстануға итермелеуде. Бұл тұрғыда Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестік түркі әлеміндегі интеграциялық үдерістердің маңызды үлгісі әрі жаңа геосаяси шындықтарға жауап ретінде қарастырылады.

Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық саяси, экономикалық, мәдени-гуманитарлық және қауіпсіздік салаларында дәйекті түрде дамып келеді. Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ, бұрынғы Түркі кеңесі) аясында түркі халықтарының тарихи, мәдени, тілдік бірегейлігіне негізделген интеграциялық үдерістерге институционалдық негіз қалыптасып отыр. Бұл ұйымдар ТҮРКСОЙ, ТІКА, Түркі академиясы, ТүркПА, Юнус Эмре институты және т.б. – мәдениет, білім, ғылым салаларында жұмсақ күш құралдарын белсенді қолдану арқылы

түркі мемлекеттері арасындағы рухани тұтастық пен стратегиялық үйлесімділікке жол ашуда.

Түркияның посткеңестік кеңістіктегі сыртқы саясаты мәдени және тарихи факторларға сүйене отырып, «неопантюркизм» элементтерімен сипатталады. Алайда бұл біржақты үстемдік емес, өзара тиімді ынтымақтастық пен аймақтық тұрақтылықты сақтау қағидаттарына негізделген. Түркия өзінің жұмсақ күшін қолдана отырып, түркітілдес мемлекеттермен білім беру, мәдениет, БАҚ және ғылыми зерттеулер салаларында ықпалын арттыруда. Қазақстанның да геосаяси рөлі айтарлықтай маңызды. Ресей мен Қытай сияқты державалардың ортасында орналасқан Қазақстан көпвекторлы сыртқы саясат жүргізу арқылы халықаралық тепе-теңдікті сақтап, аймақтық қауіпсіздік пен экономикалық тұрақтылықтың тірегіне айналды. Сонымен қатар, Қазақстан ТМҰ аясындағы бастамаларды алға тартушы елдердің бірі. Мемлекет өз даму стратегиясын түркі мемлекеттерімен интеграцияны күшейтумен қатар, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікке үлес қосумен сабақтастыра жүргізіп отыр. Ғылыми талдаулар мен халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, ТМҰ аясындағы қазақ-түрік қатынастарының болашағы келесі бағыттарда дамытылуы тиіс: біріншіден, экономикалық интеграцияны тереңдету, инвестициялық және логистикалық жобаларды көбейту; екіншіден, білім мен ғылым саласындағы ғылыми-зерттеу жобаларын кеңейту және ортақ инновациялық платформаларды құру; үшіншіден, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты арттыру, тарихи және мәдени мұраны сақтау мен насихаттау; төртіншіден, дипломатиялық және медиативтік механизмдерді күшейту арқылы аймақтық және халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешуге ықпал ету. Қорытындылай келе, Қазақстан мен Түркия арасындағы көпқырлы ынтымақтастық саяси, экономикалық, ғылыми, мәдени және гуманитарлық салаларда жүйелі дамып келе жатқан күрделі интеграциялық процесс болып табылады. Бұл ынтымақтастықтың нәтижелері ТМҰ мүшелері арасындағы тұрақты сенім мен өзара тиімді әріптестікті қамтамасыз етіп, аймақтық интеграцияның стратегиялық мақсаттарына жетуге маңызды үлес қосады. Сонымен қатар, қазақ-түрік тандемі ТМҰ аясындағы ықпалды медиативтік күш ретінде халықаралық қатынастарда үйлестіруші рөл атқаратыны сөзсіз. Қазақстан мен Түркияның өзара қарым-қатынасы тек екіжақты стратегиялық серіктестік қана емес, сонымен қатар, түркі әлемінің бірігуіне негіз болатын үлгілік модель. Бұл ынтымақтастық қазіргі заманның сын-қатерлері мен геосаяси трансформация жағдайында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, ұзақ мерзімді тұрақты дамуға жол ашатын өзара сенім мен ортақ мүддеге негізделген геостратегиялық әріптестікке айналып отыр. Болашақта қазақ-түрік ынтымақтастығын тереңдету келесі бағыттарда жүзеге асуы тиіс: экономикалық интеграцияны арттыру, ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды кеңейту, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту, дипломатиялық және медиативтік механизмдерді күшейту. Бұл ұсыныстар екі елдің тұрақты серіктестігін қамтамасыз етіп, ТМҰ аясындағы ықпалын арттырады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1. Тоқаев Қ-Ж.К. Біріккен аумақтық аймақ түркі әлемін біріктіретін, жақындастыратын алаңға айналуы керек. https://www.aa.com.tr. 01.03.2024.
2. Токаев Қ-Ж.К. подвел итоги председательства Казахстана в ОТГ. https://24.kz ru /news/ policy/item/ 679369-k-tokaev-podvel-itogi-predsedatelstva-kazakhstana-v-otg. 01.03.2024.
3. Киреев Н.Г. Турция между Европой и Азией. – М., 2001. – 427 с.
4. Гурьев А.А. Пантюркизм шагает по планете. Анкара укрепляет тюркский фактор своей внешней политики. Центральная Азия. http://www. centrasia.ru/ newsA.php?s t=1206264180. 05.05.2023.
5. Тюркский фактор во внешней политике Турции: современные тенденции. http:// www. idmedina. ru/ books/ materials/turkology /1/turk_terehov.htm#_ftn9. 06.05.2023.
6. Шустов А.В. Турция активизирует тюркский фактор в Центральной Азии. https://www. ritmeurasia. org/news--2019-11-27--turcija-aktiviziruet-tjurkskij-faktor-v-centralnoj-azii-46183. 12.09.2022.
7. Аватков В.А. Тюркский мир и тюркские организации // Мировая политика. - 2018. - № 2. - С. 11 - 25.
8. Горошков Н.П., Гилязов И.А., Червонная С.М. Тюркизм и пантюркизм: в оригинальных источниках и в мировой историографии: исходные смыслы и цели, парадоксы интерпретаций, тенденции развития. -Saarbrücken: Lap Lambert Academic Publishing, 2013. - 489 с.
9. Сенюткина О.Н. Тюркизм как историческое явление (на материалах истории Российской империи 1905-1916 гг.): Монография / под общ. ред. акад. О.А. Колобова. - Нижний Новгород: Изд-во НГЛУ, Изд. дом «Медина», 2007. – 520 с.
10. Мухамметдинов Р.Ф. Зарождение и эволюция тюркизма. - Казань, - 1995. - 242 с.
11. Надеин-Раевский В.А. Пантюркизм: от Османской империи до наших дней и судьбы Турции, России и Армении. М.: Издательство «Русская панорама», -2018. -360 с.; Надеин-Раевский В.А. Турция, Россия и тюркоязычные народы после распада СССР // Мировая экономика и международные отношения. -1994. -№4. - С. 39-51; Надеин-Раевский В.А. Поиск новой идентичности и внешняя политика Турции. Официальный сайт Российского совета по международным делам. http:// russiancouncil.ru /analytics-and-comments/analytics/poisk-novoy-identichnosti-i-vneshnyaya-politika-turtsii/ 06.03. 2022.
12. Landau J. Pan-Turkism in Turkey. A Study of Irredentism . - London: C. Hurst & Company, -1981. - 219 p.
13. Hostler C. W. Turkism and the Soviets. The Turks of the world and their political objectives. - London: George Allen & Unwin Ltd, 1957. -14 p.
14. Kara A. Turgut Özal ve Türk Dünyasi. - Istanbul, -2012. - 270 p.

15. Oran B. Türk Di§ Politikasi Cilt I: 1919-1980. - Istanbul: íletiim Yayinlari, 2001. - 504 p.
16. Чесноков А.В. «Пантюркизм в общественно-политической жизни Азербайджана и тюркоязычных стран Центральной Азии (90е годы XX- начало XXI века)». new-disser. Ru /_avtoreferats /01002832197.pdf .12.01.2023.
17. Терехов Р.С. Влияние идеологии пантюркизма на внешнюю политику Османской Империи и Турецкой Республики в XX веке. Человек и наука. http:// cheloveknauka. ComMiyame-ideologii-pantyurkizma-na-vneshnyuyu-politiku-osmanskoy-imperii-i-turetskoy-respubliki-v-xx-veke. 27.01.2023.
18. Васильева С.А.Специфика кооперативных политических процессов в республиканской Турции. https://cyberleninka.ru/article/n/spetsifika-kooperativnyh-politicheskih-protsessov-v-respublikanskoy-turtsii 23.01.2023.
19. Мкртычан А.А. Пантюркизм в геостратегии Турции на Кавказе как глобальная проблема современных международных отношений. Человек и наука. http://cheloveknauka.com/ pantyurkizm-v-geostrategii-turtsii-na-kavkaze-kak-globalnaya-problema-sovremennyh-mezhdunarodnyh-otnosheniy. 27.01.2023.
20. Аватков В.А. Внешнеполитический курс Турецкой Республики в рамках современной системы международных отношений. Официальный сайт Дипломатической академии МИД России. http://www.dipacademy.ru /documents/2054.pdf. 21.11.2022.
21. Куртов А. Турция и тюркоязычные государста Центральной Азии: любовь по расчету? // Россия и Турция на пороге XXI века: на пути в Европу или Евразию?. - М., 1997.- Вып 14. – 25 с.
22. Затулин К.Ф. Национальная безопасность Казахстана. //Проблемы и перспективы.- М., 1998. - С. 41- 42.
23. Уразова Е.И. Экономическое сотрудничество Турции и тюркских государств СНГ.- М., 2003. - С.39- 45
24. Старченков Г.И. Нефть Каспия и пути ее транспортировки. // Мусульманские страны у границ СНГ. - М., -2002. -С.303- 305.
25. Шевяков А. Турция и страны СНГ // Азии и Африка сегодня. -2004. -№5. – 18 с.
26. Мукимджанова Р.М. Страны Центральной Азии. Азиатский вектор внешней политики. - М., -2005. - С.50 – 51.
27. Заславский И. Баку-Тбилиси-Джейхан и казахстанский выбор на Каспии. - М., 2005.
28. Латинизация языка под руководством Турции как инструмент формирования новой идентичности для тюркских постсоветских государств. // Вестник Российского университета дружбы народов. – 2024. - Vol 26, №1. – С. 143-154.DOI: 10.22363/2313-1438-2024-26-1-143-154 EDN: Mubxbq.
29. Ли Ю. А. Стратегия реформ образования в республиканской Турции. // Турция в XX веке. - М., -2004. – 204 с.
30. Васильев А.Д. Армия в социально-политической жизни Турции. Проблемы востоковедение. - 2009. – 46 с.

31. Белокреницкий В. Я. Мусульманский регион у южных границ СНГ-структура, значение, перспективы // Мусульманские страны у границ СНГ. -М., 2002.- С.5 - 16.

32. Бжезинский З. Великая шахматная доска. Господство Америки и его геостратегические императивы. - М.: Издательство АСТ, 2018. - 384 с. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. - М.: Издательство АСТ, 2017. - 576 с.

33. Davutoglu A. Stratejik Derinlik. Türkiye'nin Uluslararasi Konumu. Seksendokuzucu basim. - Istanbul: Küre Yayinlari, -2013. - 584 p.

34. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. -Алматы, 1996. -208. Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. -Алматы: Атамұра, -2003. С. - 240 .

35. Тоқаев Қ-Ж.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы.- Алматы: ҒӨ Пбк «Gauhar», 2002. – С. 568.

36. Лаумулин М. Казахстан в современных международных отношениях, безопасность, геополитика, политология. - Алматы, 2001. – С. 480.

37. Касенов У.И. Безопасность Центральной Азии: глобальные, региональные и национальные проблемы. -Алматы, 1998. – С. 280.

38. Ибрашев Ж.У. Европейская интеграция и коллективная безопасность // Европейская интеграция и права человека. -Алматы, 1998. - С. 17-22.

39. Байзакова К.И. Роль главы государства в системе внешней политики. // 10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. - Алматы, 2001.

40. Кукеева Ф.Т. Европейский союз во внешней политике США (современные проблемы трансатлантического партнерства). - Алматы, 2000. - 198 с.

41. Сатпаев Д. Тюркский эль. Турция пытается вернуться в Центральную Азию // http://www. centrasia.ru/newsA. php4?s t=1202984160 14.02.2024.

42. Иембекова М.О. Түркі елдері ынтымақтастығы: даму тенденциясы және қазіргі жағдайы // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. - 2023. №1(142).

43. Чукубаев Е., Сұлтанмұратов Н. Казахско-турецкие лицеи как фактор распространения идеи гюленизма в Казахстане. Публичная дипломатия и мягкая сила Турции в Казахстане. // International relations and international law journal.- 2019. - №2 (86).

44. Ермекбаев А.А Изменение внешней политики Турции: от кемализма до неосманизма (основные внутренние и внешние факторы // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. - 2018. - №2(90).

45. Абжаппарова Л.Ж Халықтық дипломатия халықаралық гуманитарлық ынтымақтастықтың даму кепілі ретінде (қазақ-түрік қатынастары мысалында. Материалы V Международной научно-практической конференции «Наука и образование в XXI веке». Нур-Султан -2020.

46. Алтайбаева А.Н., Телебаев Г.Влияние политических ценностей и тюркской идеологии в Казахстане //Вестник КазНУ. Серия философии,

культурологии и политологии. – 2024. - №89(3).- С. 26–36. https://doi.org/10.26577/jpcp. 2024.v89-i3-03).12.03.02024.

47. Жумадилова А.С. Международное сотрудничество Республики Казахстан в сфере образования. 1991–2001 гг. Сотрудничество Казахстана и Турции в области образования // Вестник университета «Кайна». -2004. - №3. - С. 79-84.

48. Абиесова Н. Турция Центральная Азия: вчера и сегодня // Казахстан-Спектр. -2003. -№3. – С. 14.

49. Ауелбаев Б. Центральная Азия в геополитике транспортных коридоров // Мир Евразии. - 2003. - №1(2). - С.3 – 4.

50. Ankara Bildirisi Türk Dili Konuşan Ülkeler İşbirliği Konseyi. http:// turkkon.org /Assets/ dokuman /11_AnkaraBildirisi1992_ 1.DevletBas kanlari Zirvesi_ 20140418_104048.p df. 30.01.2023.

51. Declaration of the Fourth Summit of the Cooperation Council of Turkic Speaking States. Cumhuriyeti Dışişleri Bakanlığı. https:// www.mfa.gov.tr /declaration-of-thefourth-summit-of-the-cooperation-council-of-turkic-speaking-states_-5-june-2014_-bodrum_-turkey. en. Mfa.12.03.2023.

52. Türksoy'un Kuruluşu ve Faaliyet İlkeleri Hakkında Anlaşmanın Onaylanmasının Uygun Bulunduğuna Dair Kanun Tasarısı ve Millî Eğitim ve Dışişleri Komisyonları Raporları. Türkiye Büyük Millet Meclisi Resmi İnternet Sitesi. https://www. tbmm.gov. tr/tutanaklar/Tutanak /TBMM/d19/c053 /tbmm19053072ss0400.pdf .20.02.2023.

53. İstanbul anlaşmasi. TURKPA. https://turkpa. org/tr/content/documents/other_doc s/579_istanb ul_anlamasi_21_kasim_2008. 07.02.2023.

54. Nakhchivan agreement. Türk Keneşi. https://www.turkkon.org/assets/pdf/temel_belgeler/nakhchivan-agreement-on-the- esta blishment-of-thecopperation-council-of-turkic-speaking-states-1-en.pdf . 20.02.2023.

55. Қазақстан Республикасының Конституциясы. https://adilet.zan.kz/kaz/ docs/ K95000100 0_20.02.2023.

56. Türksoy'un Kurulu§u ve Faaliyet ilkeleri Hakkinda Anla§manin Onaylanmasinin Uygun Bulunduguna Dair Kanun Tasarisi ve Milli Egitim ve Di§i§leri Komisyonlari Raporlari. Türkiye Büyük Millet Meclisi Resmi internet Sitesi. Электронный ресурс. Режим доступа: https://www. tbmm.gov.tr/tutanaklar /TUTANAK/TBMM/d19/c053/tbmm19053072ss0400.pdf . 20.02.2023.

57. Adalet ve kalkinma partisi (ak parti). https://file. setav.org/Files/Pdf/12-eylulden-12-hazirana-siyasal-partiler-ak-parti.pdf .20.02.2023.

58. Каримов И.А. Узбекистан: Национальная независимость, экономика, политика, идеология.– Ташкент: Узбекистан, -1996. - Т. 1. – С. 349.

59. Мирзиёев Ш.М. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. Ўзбекистон Республикаси Президенти лавозимига киришиш тантанали маросимига бағишланган Олий Мажлис палаталарининг қўшма мажлисидаги нутқ. – Тошкент: «Ўзбекистон», -2016. – 56 с.

60. Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. – Алматы: Казахстан, 1996. – 624 с.
61. Выступление Главы государства Касым-Жомарта Токаева на неформальном саммите Совета сотрудничества тюркоязычных государств. https://www.akorda.k z/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomartatokaeva-na-neformalnom-sammite-soveta-sotrudnichestva- tyurkoyazychnyh-gosudarstv-312554 .20.02.2025.
62. Konuşmalar. T.C. Cumhurbaşkanlığı Kurumsal İnternet Sayfası. https://www.tccb. gov.tr/ receptayyiperdogan/konusmalar/.11.09.2022.
63. Гаспринский И. Россия и Восток. Русское мусульманство: мысли, заметки и наблюдения мусульманина. Русско-восточное соглашение: мысли, заметки, пожелания. – Казань: Фонд «Жиен» Татарское кн. изд-во, 1993. – 132 с.
64. Акчура Ю. Три вида политики // Татарстан. – 1994. – № 3-4 – С. 130-135.
65. Gökalp Z. Türkçülüğün Esasları. Yedenci basılış. varlik yayinevi, Ekin Basımevi'nde basılmıştır. –Istanbul: -1968 – P. 176.
66. Atsız. Yirminci Asırda Türk Meselesi II: Türk Irkı Türk Milleti. Hüseyinnihalatsiz.com. https:// huseyinnihalatsiz .com.21.03.2020.
Тұралин Е.М. Тамаша, рахмет! Енді негізгі тақырыпқа көшейік 1991 жылға дейін түркітілдес халықтардың ішінен тәуелсіз мемлекет тек Түркия болды. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдыраған сон Қазақстан, Өзбекстан, Қырғыстан, Әзірбайжан, Түркіменстан сынды жаңа түркі республикалары егемендік алды. Сол тәуелсіздікке дейін бұл халықтардың Түркиямен байланысы қандай болды? Тарихи кезендерді қалай сипаттап бере аласыз, қарым-қатынас деңгейі қандай еді?

Сарапшы. Кеңес дәуірінде түркі республикаларының Түркиямен ресми қарым-қатынасы өте әлсіз болды. Бірақ Түркия тарапынан бауырлас түркі халықтарына деген қызығушылық әрдайым жоғары еді. Шамамен үш кезенді атап өтуге болады.

Алғашқы кезең – XX ғасырдың алғашқы жартысы, Кеңес өкіметі жылдары. 1920 – жылдары Осман империясы құлап, Түркия Республикасы құрылған шақта Кеңес үкіметі (Ленин басқарған) Ататүріктің тәуелсіз Түркиясына қолдау көрсетті. Өйткені түріктер Батыс империалистеріне (Англия, Францияға) қарсы соғысып жатқан еді, ал Кеңес елі Батыс отаршылдарныа қарсы күштерді жақтады. Сол себепті Кеңес Одағы жаңа Түркия Республикасын мойындап, көмек көрсеткен. Дегенмен бұл кезде Түркияның Орта Азиядағы түркі халықтарымен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндігі шектеулі болды. Кей деңгейде рухани жақындық қана сақталды. Мәселен, 1926 жылы Бакуде Түркология конгресі өтті. Оған Түркиядан өкілдер қонақ ретінде қатысып, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ, өзбек, әзербайжан зиялылармен кездескен. Сол жиында түркі халықтарын ортақ әліпбиге көшіру мәселесі талқыланып, латын жазуын қолдану идеясы көтерілді. Нәтижесінде Түркия өзі латын әліпбиіне көшті. Түркия тарапынан «барлық түркілер латынға өтсе, ортақ жазу кеңестігі қалыптасады» деген үміт болды. Алайда, Кеңес өкіметі мұны қауіпті саяси белсенділік деп қабылдап, 1937 жылы сол түркі бірлігін жақтаған зиялылардың көбін қуғын-сүргінге ұшыратты. Осылайша сталиндік репрессия түркі халықтарының өзара интеллектуалдық байланысын үзді. Жалпы, кеңестік кезеңнен алғашқы жартысында Түркия мен Кеңес Одағы белгілі бір уақыт одақтас болса да, кейін Сталин Түркияны өз ықпалынан шығып кеткен қауіп деп есептеп, түркі халықтарының Түркиямен араласуына қатан тосқауыл қойыд.

Екінші кезең – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жағдай. Соғыс жылдарында Түркия бейтарап ұстанымда қалды. КСРО-ға да, Германияға да қосылмады. Соғыстан сон Сталин Босфор мен Дарданелл бұғаздарынан талап етіп, қысым жасады. Бұған жауап ретінде Түркия Батыс елдеріне жақындап, 1952 жылы НАТО әскери одағына кірді. Осындай геосаяси тандаудан кейін КСРО мен Түркия ашық қарсы блоктарда болды. 1950-1980 жылдар аралығында олардың қарым-қатынасы жаулық сипатта өтті. Сондықтан ол кезеңде Қазақстан және басқа Орта Азия республикалары Түркиямен ресми байланыс жасай алмады. Дегенмен халықтар арасындағы бауырластық сезім мүлде жоғалып кеткен жоқ. Мысал ретінде, 1950-жылдары Қытайдан қудаланып, Пәкістан арқылы Түркияға көшкен бір топ қазақ босқындарын түріктер құшақ жая қарсы алып, оларға жер беріп, жағдай жасаған. Бұл оқиға түркі халықтарының қаншалықты жақын,

бауыр екенінің белгісі теді. Сол сияқты, 1980-жылдарға қарай Кеңес одағы босаңси бастағанда, Түркияның мәдени ықпалы Орталық Азияға сезіле бастады: телевидениеде түрік фильмдері мен мультфильмдері көрсетіліп, түрік әндері естіліп, біз түрік тілін аудармасыз түсінетімізді байқадық. Мұның өзі түбі бір түркі екенімізді еске салатын жайттар болатын.

Үшінші кезең – 1989-жылдардың соңы мен 1991 жылғы тәуелсіздік кезеңі. Кеңес Одағы құлар алдында түркі республикалары мен Түркия арасындағы байланыс жаңаша жандана бастады. 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған сәтте Түркия ең бірінші болып біздің егемендігімізді мойындап, құттықтады. 1992 жылы 2 наурызда ресми дипломатиялық қатынас орнап, елшіліктер ашылды. Сол 1990-жылдардың басында Түркия саяси қолдау көрсетумен қатар, экономика, білім саласында да көмектесті: түрік оқу орындарының филиалдары, бірлескен университеттер (мысалы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті) ашылды, көптеген қазақ жастары Түркияға оқуға барды. Яғни, сол кезден бастап екі ел арасында жаңа дәуір басталды, қарым-қатынас қарқын алып, шынайы бауырластық және серіктестік жолына түсті.

Тұралин Е.М. Тарихи шолу үшін рақмет. Расында, түркі халықтарының байланысы ежелден бар екені көрінеді. Ал қазіргі заманда, тәуелсіздік алған соң, Түркия біздің мемлекеттерге ең алғаш қолдау білдірді. Түркітілдес елдер бас қосып, 2009 жылы Түркі кеңесін құрды, ол 2021 жылы Түркі мемлекеттері ұйымы деп аталып отыр. Түркі академиясы, ТҮРКСОЙ сынды ортақ институттар құрылды, жыл сайын түркі саммиттері өтуде. Жалпы, мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастық біршама дамып келеді. Енді сұрайын дегенім: осы түркі интеграциясына Түркия тарапы қалай қарайды? Түріктер біздің байланыстарымыз бен Түркі әлемі идеясын қандай көзқараспен қабылдайды? Сондай-ақ Қазақстанның өзі Түркі әлеміне көңілі қалай, біз оған қаншалықты мән береміз?

Сарапшы. Түркия Республикасының құрылу кезеңіне көз жүгіртсек, онда да осындай ұлт бірегейлігін іздеу процесі жүрген. Осман империясы ыдыраған соң түріктер «біз кімбіз?» деген сұраққа жауап іздеп, ақыры өзін түрік ұлты ретінде қайта таныды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Осман империясында өмір сүрген түрлі халықтардың арасында түрікшілдік идеясы күшейді. Әзербайжан, Қазан, Орта Азиядан барған зиялылар түріктерге «османбыз демей, түрікпіз дегілеріңіз керек» деп насихаттаған дейді. Соның нәтижесінде Ататүрік бастаған жаңа түрік мемлекеті пайда болды. Ол Батыс үлгісінде зайырлы, ұлттық мемлекет құрып, «біз Анадолы түріктеріміз» деп жариялады. Түркия батыстық өркениетке ұмтылып, НАТО-ға кірді, Еуропаға интеграциялануға тырысты. Бірақ еуропалықтар Түркияны өз араларына алудан тартынды – тарихтағы жаулап алушылықтан қалған үрей бар, түріктерді Еуропаға кірсе Венаға дейін жеткен Осман империясының елесі көрінгендей қабылдайды. Сэмюэл Хантингтонның атақты «Өркениеттер қақтығысы» еңбегінде де Түркия туралы «ол Меккеден бас тартып, Батысқа бет бұрды, алайда

Батыс Түркияны қабылдамайды» деп жазылған. Ақыры Түркия Батыс пен Шығыс арасындағы ерекше жағдайда қалды.

Осының бәрі Түркияның өзіндік ұлттық болмысын сақтап қалуға деген ұмтылысын күшейтті. Дегенмен түріктер өздерін жалғыз сезінбеудің жолын іздеді. Оңтүстігінде араб дүниесі, шығысында парсы-иржандық мәдениет, батысында Еуропа – осы орталарда Түркия жалғыз мұсылман түркі елі боп тұрғандай көрінді. Сондай кезде «түркі әлемі» деген ұғым оларға рухани медеу болды. Түркі әлемі – түріктер үшін бауырластықтың нышаны, «жалғыз емеспіз, туыстарымыз бар» деген сенім. Яғни, бұл жобада белгілі мөлшерде эмоция, романтизм бар. Оны тек құр сухой есеп, саяси пайда көздеген әрекет деп айта алмаймын. Әрине, саяси прагматизм де жоқ емес, бірақ түркі ынтымақтастығы көбіне жүректен шыққан бауырмалдық ниетпен астасып жатыр.

Сонымен қатар, Түркия лидерлері түркі бірігуі тақырыбын ішкі саясатта да қолданады. Ұлтшылдық бүгінде тек Түркияда емес, бүкіл әлемде өсіп келеді: Еуропада ұлтшыл партиялар, Америкада Трамптың пайда болуы – соның дәлелі. Түркияда да 2010 жылдардан бері ұлтшыл риторика күшейді. Осындай жағдайда Түркияның кез келген басшысы түркі елдерімен ынтымақты дамытуға мәжбүр, себебі халықтың талабы солай. Мысалы, 1990-жылдары Тұрғыт Өзал мен Сүлейман Демирел Орталық Азияға жиі сапарлап, жаңа түркі республикаларды қолдағанын мақтан тұтты. Қазіргі президент Ердоған да түркі интеграциясына ерекше мән береді: Түркі мемлекеттері саммиттеріне қатысып, түркітілдес елдермен жақын ынтымақтастықты көрсету арқылы өз елінде беделін өсіруге тырысады. «Біз ағайын елміз, түркі әлемінің басын қосып жатырмыз» деген меседж Түркия қоғамында жақсы қабылданады және билікке ішкі саяси ұпай әкеледі. Яғни, түркі бірлігі идеясы Түркия үшін стратегиялық мүдде және идеологиялық ұстаным ретінде қалыптасқан деуге болады.

Тұралин Е.М. Қызықты ойлар екен. Енді Қазақстан мен Түркияның нақты екіжақты қатынасына келсек: сіздіңше, екі ел қай салада ынтымақтастықты күшейткені тиімді?

Сарапшы. Екі ел арасындағы әртүрлі бағыттар бар, бірақ жиі айтылатыны – мәдени және білім беру саласындағы байланыс. Шынында да, кез келген Қазақстан-Түркия кездесулерінде «тіліміз, дініміз бір, тарихи туыспыз» деген сөздер айтылады. Бұл, әрине, дұрыс, бірақ нақты қандай ортақ жобаларға ұласады – соны таразылау керек.

Түркия үшін түркі әлемімен қатынас – бір жағынан ұлттық мүдде мәселесі. Анкарада сарапшылар «бізге түркі елдерімен одақ керек пе, жоқ па?» деп талқылағанда, көбіне «керек» деген тоқтамға келеді. Өйткені түркітілдес мемлекеттер Түркияның сыртқы саясатында ерекше орны бар аймақ ретінде қарастырылады. Мұны кейде Испанияның Латын Америкасымен немесе Португалияның Бразилиямен қарым-қатынасына ұқсатады – тілі, тарихы жақын аймақтарда ықпалдастық орнату табиғи құбылыс деп санайды. Түркия да түркі республикаларымен байланысын солай стратегиялық артықшылық көреді. Әрине, мұнда жоғарыда айтқан романтикалық бауырмалдық сезім де, Ердоған билігінің сырттағы түркілерді қолдап популизм көрсетуі де рөл атқарады. Бірақ

түптеп келгенде, Анкара түркі елдерімен жақындасуды ұзақ мерзімді ұлттық мүддесіне сай келеді деп шешіп отыр.

Соның бір дәлелі – Түркияның энергетикалық қызығушылығы. Түркия экономикасы тез өсіп келе жатқандықтан, мұнай мен газға мұқтаж. Бұрын бұл ресурстардың басым бөлігін Ресей мен Ираннан алса, қазір Әзербайжан газ құбыры ашылды, Түрікменстан газының Каспий арқылы Түркияға жеткізу мүмкіндігі қарастырылуда. Қазақстанның да мұнайын Ресейден тыс бағытпен – Әзербайжан арқылы, одан Түркияның Жейхан портына шығару мәселесі жиі қозғалып жүр. Демек, Түркия бізді тек мәдени емес, экономикалық тұрғыдан да маңызды серіктес ретінде көреді: Орталық Азия – энергетикалық қор, транзит аймағы ретінде бағалы.

Ал Қазақстан үшін Түркия не үшін қажет дегенге келсек, ең алдымен, жоғарыда айтқанымдай, мәдени-өркениеттік тірек ретінде қажет. Біздің алып көршілеріміз – Ресей мен Қытай. Олардың экономикалық және ақпараттық ықпалы зор, кейде сол ықпал біздің ұлттық болмысымызға да әсер етеді. Өз мәдени тәуелсіздігімізді, тіліміздің сақтау үшін бізге түркі әлемімен байланысты нығайту өте маңызды. Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан сияқты бауырлас елдермен жиі араласқан сайын, біз өз тіліміз бен мәдениетімізді сыртқы ықпалдан қорғауда күш табамыз. Мысалы, түркі елдерінің басшылары кездескенде көбіне аудармашысыз өз тілдерінде түсінісуге тырысады. Қазақ президенті түрік не әзербайжан президентімен қазақша-түрікше сөйлессе, немесе қазақ пен қырғыз өзара орысша қоспай әңгімелессе – бұл біз үшін мерей. Өйткені кеңес дәуірінен қалған дәстүр бойынша, ТМД кеңістігінде ресми жиындарда орысша сөйлеп үйренгенбіз. Қазір соны өзгертіп, түркі әріптестер өзара ана тілдерін қолдана бастауы – тәуелсіздіктің бір көрінісі, намыс мәселесі деп ойлаймын. Мұндай үрдіс тек тілге ғана емес, жалпы санаға, халықтардың өзіне деген сеніміне оң әсер етеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан үшін Түркі дүниесімен жақын болу – стратегиялық қажеттілік. Түркі кеңістігі – біздің табиғи мәдени ортамыз, сол ортадан қол үзіп қалсақ, басқа күштердің жетегінде кетуіміз мүмкін. Ал Түркия тарапынан қарайтын болсақ, олар үшін де Қазақстан сияқты елдермен одақтас, туыс болуы геосаяси тұрғыда тиімді. Орта Азияда Түркияның сенімді дос елдері бар екенін көрсету арқылы Анкара өз позициясын күшейтеді. Экономика саласында да өзара пайда бар: Қазақстан мұнай, металл, басқа да шикізат бере алады, Түркия бізге өнеркәсіп өнімдерін, технологиясын ұсына алады. Сауда көлемі жыл сайын артып келеді. Мысалы, Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда балансын қарасақ, Қазақстан әдетте артықшылыққа ие – біз Түркияға экспортымыз импортымыздан көп. Бұл да экономикаларымыз бір-бірін толықтыратынын көрсетеді. Яғни, энергетика, ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары сияқты салаларда байланыс орнату екі жаққа да тиімді болуда. Алдағы уақытта осы экономикалық қатынастарды тереңдету резервтері де көп деп ойлаймын.

Тұралин Е.М. Түркі елдерінің қарым-қатынасын талқылағанда жиі «жұмсақ күш» (soft power) деген ұғым қолданылады. Сіз қалай ойлайсыз, түркі мемлекеттері арасындағы байланысқа бұл терминді қолдану орынды ма?

Сарапшы. Соңғы уақытта «түркі әлемінің жұмсақ күші» деген тіркес шығып жүр. Мәселен, былтыр Астана қаласында Халықаралық Түркі академиясы осы тақырыпта ғылыми конференция өткізген. Кейбір ғалымдар «ортақ жұмсақ күш» концепциясын теориялық тұрғыда ұсынуда, тіпті алдағы уақытта арнайы жинақ шығармақ ниеті бар. Алайда менің жеке пікірім бойынша, түркі әлемінің жеке біртұтас жұмсақ күші бар деп айту – ғылыми тұрғыда да, практикалық тұрғыда да дәл емес.

Жұмсақ күш дегеніміз – белгілі бір елдің мәдени, идеологиялық тартымдылығы, ықпалы. Мысалы, Американың жұмсақ күші – Голливуд киноиндустриясы, ағылшын тілінің үстемдігі, демократия құндылықтарының насихаты арқылы жүретін әсер. Немесе Жапонияның жұмсақ күші – аниме, поп-мәдениет, технология арқылы әлемді еліктіруі. Бұл бір мемлекетке тән құбылыс. Ал бірнеше тәуелсіз елдер тобының ортақ жұмсақ күші болуы қиын. Мысалы, НАТО-ның немесе Еуропа Одағының ортақ жұмсақ күші бар ма? Жоқ, бәрібір солардың ішіндегі ықпалды мемлекеттердің жұмсақ күші жөнінде айтамыз. НАТО дегенде АҚШ мәдени ықпалы ойға келеді, Еуроодақ десек – француз, неміс, ағылшын тілдерінің мәдениеті, құндылықтары еске түседі. Сол сияқты, «түркі әлемінің жұмсақ күші» десек, шын мәнінде ол ең алдымен Түркияның немесе ішінара Әзербайжанның мәдени тартымдылығы болар еді. Яғни, тұтас түркі дүниесі сыртқы жұртқа біртұтас мәдени өнім, идеология ұсынады деп айту қиын.

Әрине, түркі интеграциясы тереңдеп, одақтас мемлекеттер бір ұйымға айналып жатса, бәлкім, ортақ бренд, ортақ құндылықтар қалыптасып, белгілі бір жұмсақ күш элементтері пайда болуы мүмкін. Бірақ қазірге дейін ондай деңгейге жеткен жоқпыз. Сондықтан «түркі әлемінің жұмсақ күші» дегеннен гөрі нақты түркі елдерінің – Түркияның, Қазақстанның немесе Өзбекстанның жұмсақ күші туралы жеке-жеке айтқан дұрысырақ деп санаймын.

Тұралин Е.М. Кейбір сарапшылар немесе ақпарат құралдарында «Түркия Орталық Азияға өз ықпалын жүргізгелі жатыр, бұл біздің ұлттық мәдениетімізге қауіп пе?» деген мазмұнда пікірлер айтылып қалады. Яғни, түркі интеграциясына күмәнмен қарайтындар бар. Бұл скептицизм көбіне Ресейдің бұқаралық ақпаратында да кездеседі. Сіздің бұған көзқарасыңыз қандай?

Сарапшы. Ондай пікір айтып жүргендер, меніңше, не Қазақстанның шынайы тарихын түсінбейді, не Ресейдің ықпалындағы көзқарасты ұстанады. Өйткені Қазақстан үшін мәдени қауіпті сырттан іздесек, Түркиядан бұрын басқа факторлар көбірек әсер еткені белгілі. Біз ұзақ жыл империялық отар, кейін кеңестік идеология астында болған халықпыз. Соған қарамастан, тіліміздің, дәстүрімізді жоғалтпай, қайта тәуелсіздік алып, түбіміз түрк екенімізді қайта түйсінген елміз. Енді келіп «бауырлас Түркия мәдени экспансия жасап, бізді жұтып қояды» деп қауіптену – орынсыз нәрсе.

Түркия Қазақстанды жаулап ала алмайды, географиялық тұрғыдан да алыс, әскери қуаты жағынан да ол бейбіт ынтымақтастықтан аса алмайды. Орталық Азияда Түркияның әскери базалары жоқ, экономикалық экспансиясы да соншалық агрессивті емес. Керісінше, түркі интеграциясы ең алдымен Қазақстанға керек дүние деп санаймын. Өйткені Түркия бізсіз де өмір сүре береді – оның айналасында Еуропа, Таяу Шығыс бар. Ал біз үшін түркі әлемінен оқшауланып қалу – тарихи, мәдени тамырымыздан ажыраумен тең. Қазақтың мәдениеті мен ұлттық болмысын сақтап, дамыту үшін біз түркі халықтарымен қарым-қатынасты үзбеуіміз керек. Түркі халықтарына жақын болған сайын, өзімізді жақсырақ танимыз, байытамыз.

Сондықтан «Түркия келіп, бізді түріктендіріп жібереді» деген қорқыныш орынсыз. Ондайды айтатындар – немесе Қазақстанды менсінбей, біздің ұлттық иммунитетімізге сенбейтіндер, немесе әлдебір сырт күштердің (мысалы, сол Ресейдің) ықпалынан шыға алмай жүргендер. Өз басым Қазақстанның мәдени тәуелсіздігіне Түркия қатер емес, қайта жанашыр серіктес деп есептеймін. Түркияның қолдауымен ашылған мектептер, мәдени орталықтар, ортақ жобалар қазақ мәдениетін байытады, түрлендіреді, бірақ оны өзгертпейді. Қазақ қазақ болып қалады, тек бауырларынан үйреніп, жаңғыртып отырады. Оның несі жаман? Біз үшін мәдени қауіпті фактор – халқымыздың дара ерекшеліктерін жоғалту, ана тілімізден айырылу қаупі. Ал Түркия мен түркі әлемімен жақын араласу, керісінше, қазақтың төл мәдениетін нығайтады.

Тұралин Е.М. Дұрыс айтасыз. Енді геосаяси күрделі жағдайларға байланысты бір сұрақ. Қазіргі таңда шығыста Қытай, солтүстікте Ресей сияқты алып державалар тұр. Ресейдің 2014 жылдан бері Украинадағы әрекеттерін, соңғы соғысты көріп отырмыз. Осындай жағдайда Орталық Азиядағы тәуелсіз мемлекеттер қауіпсіздігі үшін Түркияға арқа сүйей ала ма? Түркия біздің өңір үшін үшінші бір теңгерімдеуші күш бола ала ма? Мысалы, Қазақстан мұнайын Ресей арқылы экспорттауда қиындықтар туындағанда, балама бағыт ретінде Каспий арқылы Әзербайжан мен Түркия арқылы Еуропаға жеткізу мәселесі қарастырылуда. Сол сияқты, егер, Құдай сақтасын, аймақта бір қауіп төнсе, саяси немесе әскери тұрғыда Түркия көмекке келе алады деп ойлайсыз ба?

Сарапшы. Бұл өте күрделі сұрақ. Соңғы оқиғаларға байланысты сарапшылар да жиі талқылап жүр. Мен нақты пікірлер естігенім бар: жақында біздің бір жоғары лауазымды тұлғадан «Қазақстанға қатер төнсе, Түркия әскер жіберіп көмектеседі деп ойлайсыз ба» деп сұрағанымда, ол кісі иә, мүмкін, көмектеседі деп жауап берді. Яғни, Түркияны шынайы одақтас санауға бейіл пікірлер де жоқ емес. Бірақ жағдайға салқын ақылмен қарасақ, Қазақстан – Әзербайжан емес. Әзербайжан 1990-жылдары жаңа тәуелсіздік алған, жер үшін (Қарабақ) соғыс жүргізген ел. Ол кезде Түркия оның жанынан табылды, ашық қолдау білдірді. Бірақ мұнда бір нюанс бар: Әзербайжан армиясының табысын тек түріктердің көмегі деп емес, жалпы түркі халықтарының ынтымақтастығы, Ресейдің белгілі бір дәрежеде көз жұмуы нәтижесінде мүмкін болды деп санауға болады. Өйткені Ресей Әзербайжан мен Түркияның жақындасуына түбегейлі

тосқауыл қойған жоқ, жанама келісімін берді деуге болады (оқиғаның артында үлкен геосаясат бар).

Ал Қазақстан жағдайына келсек, жаман айтпай жақсы жоқ, егер бізге тура қатер төніп тұрса, Түркияның тікелей әскери көмек көрсетуі екіталай. Түркия – НАТО мүшесі, оның да өз шектеулері бар. НАТО-ның басқа бір аймақта соғыс ашуына барлық мүше елдер келісуі керек – ол қиын мәселе. Бірақ Түркия жеке өзі де әрекет етуі мүмкін, дегенмен бұл да оңай шешім емес. Анкараның біз үшін соғысқа баруы – оның өз ұлттық мүддесіне сай келер ме екен? Халықаралық саясатта достықтан бұрын мүдде жүреді. Егер біздің қауіпсіздігіміз Түркияның тікелей ұлттық мүддесіне қатысы болып, олардың пайдасы болса, көмектеседі. Ал егер үлкен державалармен қақтығыс қаупі туса, Түркия солармен ашық текетіреске бара қоймайды. Бұны түсінуіміз керек.

Ең ықтимал сценарий – Қазақстанға әлдебір қауіп төнсе, Түркия саяси және моральдық қолдау көрсетеді. Мәселен, БҰҰ, халықаралық ұйымдарда Қазақстанның территориялық тұтастығын қолдап үндеу жасайды, қажет болса қорғаныс қабілетін арттыруға жанама жәрдем бере алады (әскери техника сату, оқу-жаттығу тәжірибесімен бөлісу және т.б.). Бірақ өз әскерін жіберіп, біз үшін соғысады деу – шындыққа жанаспайды. Өйткені Түркия қанша жерден бауырмал болғанымен, алып Ресейді ашық қарсылас қылып алуға бара бермейді.

Дегенмен мүлде қол қусырып қарап отырмайды деп ойлаймын. Түрік халқы және қоғамы бізді қатты сыйлайды, жақсы көреді. Түркияның мемлекеттік деңгейде араласуына шектеу болса да, түрік ағайындар қоғамдық деңгейде, еріктілер ретінде келіп көмектесуге дайын шығар. Оны тарихтан да көруге болады: мысалы, 1990-жылдары Босниядағы соғыс кезінде түріктер, жалпы түркі халықтары бауырларына қолдау көрсету үшін гуманитарлық, еріктілер жасағы ретінде көп көмек берді. Сол сияқты қазақ еліне қатер төнсе, түрік жұртшылығы бей-жай қалмайды. Түркия үкіметі ресми түрде араласа алмаса да, халқы қолынан келгенше жәрдемдеседі деп сенемін. Әрине, бұйырмасын, ондай қиын жағдай бола көрмесін. Бірақ түйіп айтсам, Түркия – біздің жақын досымыз, көмекке келуге тырысады, дегенмен шектен тыс үміт артып, барлық мәселені Түркия шешіп береді деп ойлау да аңғалдық болар еді.

Тұралин Е.М. Түсінікті. Келесі сауал – түркі елдерінің болашағына қатысты стратегия туралы. 2021 жылғы Ыстанбұл саммитінде «Түркі әлемі келешегі – 2040» атты концепция қабылданғаны белгілі. Осы 2040 жылға дейінгі дамыту жоспары шын мәнінде іске асады деп ойлайсыз ба? Жалпы, бұл құжат қалай қабылданды, мазмұнына көзқарасыңыз қандай?

Сарапшы. Иә, «Түркі әлемі – 2040» деген стратегиялық бағдарламаны Түркі мемлекеттері ұйымының құрметті төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қабылдады. Бұл негізі ұзақ мерзімге арналған визиялық құжат. Назарбаев бұған ұқсас стратегиялық болжамдарды Қазақстанда да жасаған – «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегиялық жоспарлары бар. Солар сияқты, түркі интеграциясының да алыстағы мақсаттарын белгілеп берді.

Мұндай концепциялардың жақсы жері – бізге ортақ бағыт береді, ынтымақтастықтың ұзақмерзімді көкжиегін сызады. Мысалы, онда 2040 жылға қарай түркі елдері арасында сауданы осынша есе өсіру, транспорт байланыстарын толық орнату, білім алмасуды кеңейту секілді көп игі мақсаттар көрсетілген. Бірақ осыларды нақты қалай жүзеге асырамыз – бұл сұрақ ашық күйде. Құжат жалпы ниетті бекітеді, ал енді оны орындау тетіктерін уақыт өте мемлекеттер өздері жолай анықтамақ.

Жалпы, әлем тәжірибесінде мұндай стратегиялар декларативті сипатта болатыны бар. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Жапония экономиканы қайта көтеру үшін бесжылдық, онжылдық жоспарлар қабылдаған. Бірақ бәрі жоспарға сай болмады – кей жоспарлар жолда өзгертілді, түзетілді, қайсыбірі орындалмай қалды. Сондықтан «2040 жылға дейін түгел орындалады» деп кесіп айту қиын. Түркі мемлекеттерінің ұйымында да түрлі жобалар басталған – Түркі инвестициялық қоры құрылды, ортақ университеттер, мәдени шаралар өтуде. Бірақ олардың арасында қағаз жүзінде қалып жатқаны да бар, нақты нәтиже беріп жатқаны да бар.

Мен жақында бір кітапта оқыдым: адам үлкен мақсат қоюдан гөрі жақсы жүйе қалыптастыруға көңіл бөлуі керек дейді. Мақсат қойып, соған жете алмай қалсаң, мотивация жоғалады; ал жүйе, мысалы күнделікті дағды қалыптастырсаң, мақсатқа жетпесең де ілгері жылжи бересің деген ой. Түркі әлемінің 2040 стратегиясында мақсаттар айқын, бірақ сол мақсаттарға жеткізетін жүйе әлсіздеу. Түркі инвестициялық қоры айтылды – іске қосылуы баяу. ТҮРКСОЙ бар – бірақ бюджеті мардымсыз. Түркі академиясы бар – ғылыми интеграцияны жүргізіп жатыр, бірақ оны да ұйымға мүше кей елдер толық қолдап отырған жоқ (кейбірі қаржысы жоқтығын айтып жатыр дегендей). Осылай қарасақ, межелер бар, бірақ құралдар жоқтың қасы. Бұл – басты түйткіл.

Дей тұрғанмен, 2040 концепциясын жоққа шығаруға болмайды. Ең болмағанда түркі елдерінің басшылары ортақ мұрат жолында топтасуға дайын екендерін көрсетті. «Мына бағытта жүреміз» деп дүние жүзіне мәлімдеме жасады. Бұл – символикалық саясат, бірақ оның да маңызы бар. Көрші мемлекеттер, ірі державалар Түркі елдері бірлігінен сескенуі де мүмкін, яғни бұл құжат белгілі дәрежеде саяси сигнал қызметін атқарып тұр. Ал іс жүзінде не болады – оны уақыт, сол кездегі саяси ахуал көрсетеді. Қысқасы, ниет дұрыс, бірақ оны іске асыру механизмі әлсіз болса, құжат қағаз жүзінде қалуы ықтимал.

Тұралин Е.М. Келесі сұрағым – жалпы Түркі мемлекеттері ұйымының және түркі интеграциясының болашағы жөнінде сіздің болжамды пікіріңіз. Қай салаға басымдық беру керек? Мысалы, экономика, көлік, мәдениет бағыттарының қайсысында түркі ынтымақтастығы нәтижелі болады деп ойлайсыз? Сондай-ақ Қазақстан мен Түркия арасындағы экономикалық қатынастардың келешегіне қатысты не айтар едіңіз?

Сарапшы. Өте маңызды сұрақ. Жоғарыда мәдени-гуманитарлық жақындық туралы айттық, бірақ нақты жан-жақты интеграция үшін экономика тірек болуы керек. Меніңше, түркі елдерінің ішінде ең перспективалы бағыт – көлік және логистика саласы. Географиямызға қарасақ, Түркия, Әзербайжан, Қазақстан –

Еуразияның қақ ортасында стратегиялық орналасқан. Біздің аумақ арқылы Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті байланыстыратын жолдар өтеді. Осы транзит мүмкіндігін толық пайдалану барша түркі елдеріне пайдалы болар еді.

Қазір заман өзі солай айдап келді: 2022 жылы басталған геосаяси текетірес (Ресей-Украина соғысы) нәтижесінде Еуропа мен Қытай арасында бұрынғы солтүстік дәліз (Ресей арқылы) қиындыққа ұшырады. Енді соның баламасы ретінде Орталық Азия–Каспий–Кавказ арқылы Түркияға, одан әрі Еуропаға шығатын жолға қызығушылық күрт артты. Мұны «Орта дәліз» деп атап жүрміз. Қазақстан, Әзербайжан, Грузия, Түркия елдері осы бағытты дамытуға шындап кірісті. Теміржол байланыстарын жетілдіру, теңіз порттарының өткізу қабілетін арттыру, Каспийде жаңа паромдар алу дегендей, көптеген жобалар қолға алынды. Бұған Түркия тікелей мүдделі – себебі оның өзі Еуропа мен Азия арасындағы көпір, сауданың торабында тұр. Қытай да мүдделі – санкциялар кесірінен Ресей арқылы жүк тасу қиындағандықтан, Қытай тауарларын жаңа дәлізбен жіберу мүмкіндігін қарастыруда. Сондықтан Қытай Қазақстан мен Қырғызстанда логистикалық инфрақұрылымға қаржы құйып жатыр. Еуропа Одағы да Орта дәлізге назар аударып отыр, оған қатысты бірнеше конференция өтті, қаражат бөлініп жатыр.

Тарихқа үңілсек, Түркі әлемі тарихта ең өрлеген кез – Ұлы Жібек жолы гүлденген дәуірлер. Ғұн дәуірін, Түркі қағанаты, Қарахан мемлекеті, Алтын Орданы алып қараңыз – бәрі құрлықаралық сауда жолдарын уысында ұстаған замандарда байып, күшейген. Ал кейін мұхит жолдары ашылып, Жібек жолы маңызы жоғалғанда, біздің аймақтың саяси салмағы да кеміген. Міне, сол тарихи заңдылық қайталанып отыр. Егер біз тасымал, транзит саласын бірге өркендетсек, түркі елдерінің әлеуеті артады. «Орта дәліз» тек жол ғана емес, ол бойындағы елдерді өзара тығыз байланыстырып, ортақ экономикалық кеңістікке қарай жетелеуі мүмкін. Жолдар салынса, бірлескен индустриалды аймақтар, сауда хабтары пайда болады, адамдар алмасады – интеграция негізі деген сол.

Сол себепті Түркі мемлекеттері ұйымының басты назары көлік инфрақұрылымына аударылғаны жөн. Әрине, сауда-экономикалық, технологиялық кооперацияның басқа салаларын да дамыту керек, бірақ алдымен қатынас жолдарын бекітіп алу қажет. Біз теңізге тікелей шыға алмайтын континенттік мемлекеттерміз (Түркияны есептемегенде). Сондықтан өзара және әлеммен байланыс орнату үшін транзит дәліздерін әртараптандыру өмірлік маңызды. Осы бағытта соңғы жылдары атқарылған істер көп және соны табанды жалғастыру қажет деп санаймын. Бұл – түркі интеграциясының ең нақты, прагматикалық нәтижелер беретін саласы.

Ал мәдени-гуманитарлық, білім, туризм сияқты салалар өз ретімен дами береді. Бастысы – экономика тірегі болса, қалғаны соның үстіне құрылады ғой. Мысалы, ортақ түркі мұражайларын ашу, студенттер алмасу бағдарламалары, ортақ телеарна құру сияқты ұсыныстар бар. Бұлар да маңызды, рухани жақындастыра түседі. Бірақ олардың әсері ұзақ мерзімде байқалады. Қазіргідей алмағайып заманда бізге жылдам экономикалық пайда әкелетін, халықтың

тұрмысын жақсартатын ынтымақтастық керек. Соның бірі – осы транзит және инвестиция саласы деп есептеймін.

Тұралин Е.М. Иран мен Тәжікстанның түркі ынтымақтастығына қатысты ұстанымы қандай? Өйткені бұл екі мемлекет Түркі мемлекеттері ұйымына кірмейді, бірақ географиялық тұрғыда жақын, тарихи байланысы бар.

Сарапшы. Иран мен Тәжікстанды бөлек-бөлек қарайық.

Иран – тарихи алып мемлекет, парсы өркениетінің мұрагері. Алайда соңғы мың жылдағы тарихына қарасақ, 1925 жылға дейін Иранды түркі әулеттері басқарған. Мұны көп адам біле бермейді, бірақ Солтүстік Иранда кезінде Қыпшақ түркілері билік еткен, одан кейінгі Қажар (Қаджар) әулеті де түркі тектес болатын. Әзербайжан түріктері Иран халқының едәуір бөлігін құрайды. Осман империясымен ғасырлар бойы жауласқан – сол Осман сұлтандары да түркі халық. Яғни Иран мен Түркияның тарихы қилы, бәсекеге толы. XVI–XVII ғасырларда Осман сұлтандығы халифатты өз қолына алып, ислам әлемінің көшбасшысы болғанда, Иран өзіндік балама жол іздеп, шиіттік бағытты мемлекеттік идеологияға айналдырды. Сафави әулеті тұсында Иран «біз бөлекпіз» деп бөлектенді, суннит Осман түріктеріне қарсы діни доктрина қалыптастырды. Сол бөлінудің салдары бүгінге дейін бар: Түркия мен Иран екеуі де Ислам елдері болғанмен, діни айырмашылық (бірі сунниттік, бірі шиіттік бағытта) және этникалық айырмашылық (бірі түркі, бірі парсы) олардың арасындағы сенімсіздік тудырып отыр.

Қазіргі Иран билігі, әсіресе консервативті топтар, түркі мемлекеттері ұйымына күдікпен қарайтыны рас. Өйткені Түркі кеңесі күшейсе, Ираннның солтүстік-батыс шекарасында түрік дүниесі бірігіп кетеді деп қауіптенеді. Әзербайжанның өзі тарихи Ираннның құрамдас бөлігі деп санайтын аймақ болатын (Иранда қазір де миллиондаған әзербайжан тілді халық бар). Сондықтан 2020 жылы Қарабақ соғысында Әзербайжан жеңіске жеткенде, Ираннның саяси элитасы біраз алаңдады. «Осы қарқынмен түркілер бірігіп кетсе, Ирандағы түркі жұрты бөлініп кетпей ме?» деген қорқыныш та жоқ емес. Оның үстіне, Иранға қарсы батыс санкциялары қатты қысым жасап тұр, экономикасы да қиын жағдайда. Ал Түркия санкцияға ұшырамаған, керісінше аймақта ықпалын өсіріп келе жатқан ел. Сондықтан Иран саясаттанушылары «Түркия күшейіп, төңірегіне түркі елдерін жинап жатыр, бұл біз үшін қолайсыз» деген сыңайда сараптамалар жазып жүр.

Дегенмен Иран тікелей ашық қарсы шықпайды. Өйткені ашық қарсылық тағы да оқшаулануына әкеледі. Ол да дипломатиялық тілмен сөйлейді: мысалы, Түркі саммиттеріне кейде бақылаушы ретінде қатысуға қызығушылық танытқанын білдіреді, немесе түркі елдерімен көпвекторлы қарым-қатынас жасайтынын айтып қояды. Бірақ іште қауіп көретіні анық. Иран әзірше өз мәселелерімен әуре – ядролық бағдарлама, санкциялардан құтылу, Таяу Шығыстағы ықпалын сақтау сияқты. Түркі интеграциясы әзірге олардың басты бас ауруы емес, бірақ күн тәртібінде тұр деп ойлаймын.

Ал Тәжікстанға келсек, ол да қызық жағдай. Тәжікстан халқы тәжік, яғни парсы тілдес ұлт. Орта Азиядағы жалғыз парсы текті мемлекет. Бірақ олардың мәдениеті, тұрмысы, тарихы осы Орталық Азия кеңістігімен біте қайнасқан. Кеңес кезінде де Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанмен бір одақта болды, шекаралар ашық болды. Душанбе қаласының өзі кезінде Түркістан генерал-губернаторлығына қараған, Самарқан, Бұхарамен тағдырлас өңір. Сондықтан Тәжікстан өзін Орта Азиялық интеграциядан бөліп қарай алмайды.

90-жылдардың басында тәуелсіздік алған соң құрылған Түркітілдес мемлекеттер басшыларының алғашқы саммиттеріне Тәжікстан өкілдері де шақырылды. Сол кездегі президенті қатысуға қарсы емес еді. Бірақ елдегі азамат соғысы, ішкі тұрақсыздық, сосын тілдік ерекшелік мәселесі бар – сөйтіп Тәжікстан түркі ынтымақтастығы шараларынан сырт қалды. Оның үстіне, Тәжікстанның көршісі – Өзбекстанмен арасы ұзақ уақыт салқын болды (шекара, су ресурсы дауы және өзбек-тәжік тарихи текетіресі салдарынан). Мүмкін сол да әсер етіп, түркі мемлекеттері платформасына қосылуға құлшыныс танытпады. Қазір ахуал өзгере бастады: Өзбекстанмен қатынасы жақсарды, аймақ ішіндегі интеграцияға Тәжікстан да бейімделіп келеді.

Дегенмен Тәжікстан әлі де Түркі мемлекеттері ұйымына мүшелікке ниет білдірген жоқ. Ашық қарсылығын да байқатпайды, бірақ сырт қалғанды дұрыс көреді. Бұған бір жағынан Иранмен тілдік, діни жақындық факторы әсер етсе, екінші жағынан өзбек халқының аймақта саны көп болғанына байланысты алаңдаушылық бар деп ойлаймын. Тәжік басшылары «Өзбекстан түркі интеграциясы аясында басым күшке айналып кетсе, біз жұтылып кетпейміз бе?» деп қауіптенуі мүмкін. Сонымен қатар, экономикалық тұрғыдан Тәжікстан Қытай инвестициясына өте тәуелді. Инфрақұрылым, энергетика, т.б. салаларда Қытай көмегіне мұқтаж. Сондықтан олар бір жағынан Пекиннің көңілін де табуға тырысады.

Сонымен, қорытындылай айтқанда, Тәжікстан – біздің Орта Азия отбасының бір мүшесі, тілі басқа болғанмен, тарихы мен тағдыры ортақ. Оны түркі интеграциясынан бөле-жара қарау дұрыс емес. Меніңше, Түркі мемлекеттері ұйымы болсын, Түркі академиясы болсын Тәжікстанмен де байланыс орнатып, ортақ жобаларға тартып отырғаны жөн. Мысалы, Түркі академиясы аясында Иран, Ауғанстан, Тәжікстан ғалымдарын шақыратын бағдарламалар бар. Тәжікстанды толық түркі ынтымақтастығына кіргізу қиын болса да, жанама серіктес ретінде қатыстыру қажет. Бұл Орта Азияның тұтастығы үшін де маңызды. Болашақта бәлкім бақылаушы мәртебесі немесе арнайы серіктес бағдарламалары арқылы Тәжікстан да интеграцияның шетінде қалмайды деген үміт бар.

Тұралин Е.М. Жақсы, сұрақтарыма жан-жақты жауап бергеніңіз үшін көп рақмет! Сіздің айтқан құнды пікірлеріңіз маған өте пайдалы болды. Зерттеу жұмысым бойынша көптеген мәселенің басын аштым. Сұхбатымызды осымен аяқтасақ. Уақытыңызды бөліп, тәжірибеңізбен бөліскеніңізге ризамын. Көп рақмет сізге!

Сарапшы. Сізге де рақмет, байланыста болайық. Сәттілік тілеймін!

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Зерттеу этикасы жөніндегі кеңестің қорытындысы**

«13» наурыз 2025 ж. Алматы қ.

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Авторлар туралы мәліметтер – аты-жөні, лауазымы мен жұмыс орны, ғылыми дәрежелері, азаматтығы | **Тұралин Есенғазы Мұхаметжанұлы** – әлеуметтік ғылымдар магистрі, оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Тарих және құқық факультеті, «Әлем тарихы» кафедрасының «8D03110 – Аймақтану» білім беру бағдарламасы бойынша докторанты, Алматы, Қазақстан. |
| 2. | Зерттеуге арналған сауалнама тақырыбы | «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына арналған сауалнама. |
| 6. | Зерттеу объектісі | Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы екіжақты қарым-қатынастардың саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік өлшемдері, сондай-ақ бұл қатынастардың түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы даму үрдістері мен рөлі. |
| 7. | Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар | Бұзушылықтар анықталмады. |
| 8. | Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар | Бұзушылықтар анықталмады. |
| 9. | Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді? | Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы (KERA) хатшылығының жиналысында мақұлданған ҚР білім зерттеушілерінің әдеп кодексіне сәйкес келеді. №2 хаттама, 09.09.2020 ж. |

**Кеңес төрағасы** **Е. Сұлтан**

**Кеңес хатшысы** **С. Құмарбекұлы**

# ҚОСЫМША Ә

## Зерттеуге арналған сауалнама сұрақтары

**Тақырыбы:** «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы»

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы екіжақты қарым-қатынастардың саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік өлшемдерін, сондай-ақ бұл қатынастардың түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы даму үрдістері мен рөлін зерделеу.

**Ескерту:** Сауалнама анонимді түрде жүргізіледі және алынған мәліметтер тек ғылыми зерттеу мақсатында қолданылады.

### Сауалнама сұрақтары

**I. Жалпы ақпарат**

**1. Сіздің жасыңыз:**

a. 18-25
b. 26-35
c. 36-45
d. 46 және одан жоғары

2. **Сіздің азаматтығыңыз:**

a. Қазақстан
b. Түркия
c. Басқа (көрсетіңіз)

**3. Сіздің кәсіби қызмет саласыңыз:**

a. Ғылым және білім
b. Мемлекеттік қызмет
c. Халықаралық ұйымдар
d. Бизнес
e. Басқа (көрсетіңіз)

**II. Қазақстан-Түркия қарым-қатынасының дамуы**

**4. Сіз Қазақстан мен Түркия арасындағы қазіргі қарым-қатынасты қалай бағалайсыз?**

a. Одақтастық
b. Достық
c. Нейтралды
d. Күрделі

**5. Қазақстан мен Түркияның өңірлік және халықаралық процестердегі рөлі қаншалықты маңызды деп санайсыз?**

a. Өте маңызды
b. Маңызды
c. Орташа
d. Маңызды емес

**6. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестіктің басты бағыттарын атаңыз:**

a. Саясат және қауіпсіздік
b. Экономика және сауда
c. Энергетика және инфрақұрылым
d. Білім, ғылым және мәдениет
e. Басқа (көрсетіңіз)

**III. Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы және интеграция**

**7. Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) қазіргі қызметін қаншалықты тиімді деп санайсыз?**

a. Өте тиімді
b. Тиімді
c. Орташа
d. Тиімсіз

**8. Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) қандай бағыттарды басым дамытуы керек?**

a. Экономикалық ынтымақтастық
b. Қауіпсіздік және қорғаныс
c. Энергетика және көлік
d. Білім, ғылым және мәдениет
e. Барлық бағыттар тең дамуы тиіс

**9. Түркітілдес мемлекеттердің аймақтық және жаһандық деңгейдегі ықпалдасуының қандай формасын қолдайсыз?**

a. Ортақ экономикалық аймақ құру
b. Ортақ қорғаныс және қауіпсіздік механизмдері
c. Ортақ мәдени және білім беру платформалары
d. Барлық бағыттарда бірдей даму

**10. Түркі мемлекеттері арасында интеграцияны тереңдетудің негізгі кедергілері қандай?**

a. Саяси айырмашылықтар
b. Экономикалық теңсіздік
c. Институционалдық әлсіздік
d. Ақпараттық тапшылық
e. Басқа (көрсетіңіз)

**11. Қазақстан мен Түркияның Түркі мемлекеттері ұйымындағы (ТМҰ) көшбасшылық рөлі қаншалықты маңызды?**

a. Өте маңызды
b. Маңызды
c. Орташа
d. Маңызды емес

**IV. Болашақ перспективалар**

**12. Қазақстан мен Түркияның Түркі әлеміндегі ықпалдастығын күшейту үшін қандай шаралар қажет?**

a. Институционалдық құрылымдарды күшейту
b. Инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларға басымдық беру
c. Білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты кеңейту
d. Әскери және қауіпсіздік саласында серіктестікті нығайту
e. Барлық бағыттарда кешенді даму

**13. Сіздің ойыңызша, 2030 жылға дейін Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) қандай жетістіктерге жетуі мүмкін?**


a. Ортақ экономикалық аймақ құру
b. Аймақтық қауіпсіздік жүйесін дамыту
c. Біріккен ғылыми және инновациялық жобаларды іске қосу
d. Ортақ мәдени-гуманитарлық саясат қалыптастыру
e. Ешқандай маңызды өзгерістер болмайды

## ҚОСЫМША Б

**Сауалнама нәтижелерінің кестелік және диаграммалық түрде бейнеленуі.**


Кесте Б.1 - Респонденттердің жасы бойынша көрсеткіш

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 1 | Респонденттердің жасы бойынша үлестірілуі | 18–25 жас | 25% |
| | | 26–35 жас | 37% |
| | | 36–45 жас | 21% |
| | | 46 жастан жоғары | 17% |





Кесте Б.2 - Респонденттердің азаматтығы бойынша көрсеткіш

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 2 | Респонденттердің азаматтығы | Қазақстан | 91% |
| | | Түркия | 6% |
| | | Басқа елдер | 3% |




Кесте Б.3 - Респонденттердің кәсіби салалары бойынша көрсеткіш

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 3 | Респонденттердің кәсіби салалары | Білім және ғылым | 31,94% |
| | | Мемлекеттік қызмет | 22,16% |
| | | Халықаралық ұйымдар | 9,25% |
| | | Бизнес | 21,12% |
| | | Басқа | 15,53% |





Кесте Б.4 - «Қазақстан–Түркия қарым-қатынасының сипаты қандай?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 4 | Қазақстан–Түркия қарым-қатынасының сипаты қандай? | Достық | 45% |
| | | Одақтастық | 29% |
| | | Нейтралды | 19% |
| | | Күрделі | 7% |




Кесте Б.5 - «Қазақстан мен Түркияның өңірлік және халықаралық үдерістердегі рөлі қаншалықты маңызды?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 5 | Қазақстан мен Түркияның өңірлік және халықаралық үдерістердегі рөлі қаншалықты маңызды? | Өте маңызды | 40% |
| | | Маңызды | 36% |
| | | Маңызсыз | 5% |
| | | Жауап жоқ | 19% |





Кесте Б.6 - «Қазақстан–Түркия стратегиялық әріптестігінің басым бағыттары қандай?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 6 | Қазақстан–Түркия стратегиялық әріптестігінің басым бағыттары қандай? | Экономика және сауда | 37% |
| | | Білім, ғылым және мәдениет | 21% |
| | | Саясат және қауіпсіздік | 17% |
| | | Энергетика және инфрақұрылым | 11% |
| | | Барлық бағыттар | 13% |





Кесте Б.7 - «Түркі мемлекеттері ұйымының қазіргі тиімділігі қандай?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 7 | Түркі мемлекеттері ұйымының қазіргі тиімділігі қандай? | Өте тиімді | 24% |
| | | Тиімді | 33% |
| | | Орташа | 30% |
| | | Тиімсіз | 12% |





Кесте Б.8 - «Түркі мемлекеттері ынтымақтастығының басым бағыттары қандай?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 8 | Түркі мемлекеттері ынтымақтастығының басым бағыттары қандай? | Экономикалық ынтымақтастық | 30% |
| | | Қауіпсіздік және қорғаныс | 19.5% |
| | | Білім, ғылым және мәдениет | 17% |
| | | Барлық бағыттар | 19% |
| | | Энергетика және көлік | 14% |





Кесте Б.9 - «Түркі мемлекеттері арасындағы ықпалдасудың қолайлы формасы қандай?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 9 | Түркі мемлекеттері арасындағы ықпалдасудың қолайлы формасы қандай? | Ортақ экономикалық кеңістік | 35% |
| | | Барлық салаларда интеграция | 25% |
| | | Білім/мәдениет платформасы | 21% |
| | | Қауіпсіздік механизмдері | 18% |




Кесте Б.10 - «Түркі интеграциясын тежейтін негізгі кедергілер қандай?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 10 | Түркі интеграциясын тежейтін негізгі кедергілер қандай? | Саяси айырмашылықтар | 28% |
| | | Экономикалық теңсіздік | 25% |
| | | Институционалдық әлсіздік | 21% |
| | | Ақпараттық тапшылық | 18% |
| | | Басқа себептер | 8% |





Кесте Б.11 - «Қазақстан мен Түркияның ТМҰ аясындағы көшбасшылық рөлі қаншалықты маңызды?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 11 | Қазақстан мен Түркияның ТМҰ аясындағы көшбасшылық рөлі қаншалықты маңызды? | Өте маңызды | 40% |
| | | Маңызды | 36% |
| | | Орташа | 19% |
| | | Маңызды емес | 5% |




Кесте Б.12 - «Түркі ынтымақтастығын тереңдетуге қандай шаралар қажет?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 12 | Түркі ынтымақтастығын тереңдетуге қандай шаралар қажет? | Кешенді даму стратегиясы | 35% |
| | | Инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар | 19% |
| | | Институционалдық құрылымдарды нығайту | 18% |
| | | Білім мен мәдениет саласын кеңейту | 15% |
| | | Қауіпсіздік саласындағы серіктестік | 12% |



Кесте Б.13 - «2030 жылға дейін қандай нақты нәтижелерге қол жеткізу мүмкін?» сұрағына респонденттердің жауаптары

| № | Сұрақ | Жауап нұсқасы | Респонденттер үлесі (%) |
|---|---|---|---|
| 13 | 2030 жылға дейін қандай нақты нәтижелерге қол жеткізу мүмкін? | Ортақ экономикалық кеңістік | 31% |
| | | Аймақтық қауіпсіздік жүйесі | 21% |
| | | Мәдени-гуманитарлық саясат | 17% |
| | | Ғылыми-инновациялық жобалар | 15% |
| | | Айтарлықтай өзгеріс болмайды | 16% |

